

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ СПОРТ
МИНИСТРЛІГІ**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ
МУЗЕЙІ**

**«ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СӨЗДІГІ:
ЭТНОСЕМАНТИКАЛЫҚ ТАЛДАУ»**

АЛМАТЫ, 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ОРТАЛЫҚ МУЗЕЙІ

Ғылыми редакторы және жоба жетекшісі:

ф.ғ.д., профессор

Нүргелді Уәли

Құрастырушылар:

Н.Уәли, Р.Шойбеков, Н.Әлімбаев, Қ.Рысбергген, Қ.Күдерина,
А.Фазылжанова, Э.Өтебаева

Пікір жазғандар:

ф.ғ.д., профессор Ж.Манкеева

т.ғ.к. А.Кистаубаева

Қ «Қазақ тілінің лингвомәдени сөздігі: этносемантикалық талдау». –
Алматы: Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі, 2022. - 268 б.

Қазақ тілінің лингвомәдени сөздігі бұрын-соңды шыққан лексикографиялық сөздіктерде қамтылмай қалған лексика-фразеологиялық бірліктерді, паремиологизмдерді тілдік, мәдени семантикалық қырынан лексикографиялап, түсіндірме сөздік форматында жүйелеп беруді көздейді.

Мәдени-семантикалық белгіленімнің реестріне прецедентті мәтіндер арқылы қалыптасқан тек мәдени кодтан тұратын атаулардың түрлері мен типтерін іріктеп, саралап беру арқылы тілдік қоғамдастықтың (халықтың, ұлттың) сөзінде жинақталған танымдық білім ықшам, мейлінше қысқа тәсілмен көрсетілді. Халық тіліндегі лексика-фразеологиялық бірліктердің тілдік және мәдени семантикасын түсіндірме сөздікте лексикографиялау ұлттық және халықаралық деңгейде аса маңызды болып саналады.

Сөздік ғалымдарға, жоғары және орта білім беру жүйесінің мамандарына, докторанттар мен магистранттарға, студенттерге, түрлі салалардың қызметкерлеріне, сондай-ақ көпшілікке арналған құнды және қажетті еңбек болып саналады.

АЛҒЫ СӨЗ

Қазіргі тілдік жағдаят мәдени-семантикалық сөздік жасауда тек бірыңғай, жалаң тілдік семантикамен шектелудің жеткіліксіз екенін көрсетіп отыр. Олай дейтініміз тілдік субъектінің (жеке адам, әлеуметтік жіктер, халық, ұлт) санасында екі бірдей семантикалық код - тілдік және мәдени-семантикалық код бір-бірімен астасып, байланысып жатса, тілдік тұлғаның мәдени-тілдік құзіреті әлдеқайда жоғары болмақ. Бірақ, бір өкініштісі, қазіргі кезде субъектінің тілдік санасындағы мәдени семантика көмескілене бастады. Бұл жерде тілдік семантика дегеніміз, ашып айтсақ, тілдік бірліктердің сөздіктерде берілетін түсіндірмесімен сәйкес келетін тілдік ақпараттар жүйесі болып табылады. Ал мәдени семантика халықтың, ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа тіл арқылы беріліп келе жатқан дәстүрлі білімдер жүйесін құрайды. Лингвомәдени семантиканы анықтауда "адам және қоғам", "адам және табиғат", "тіл және қоғам", "тіл және мәдениет" принципі негізге алынды. Сөздікте этномәдени маркерлі лексиканың астарындағы мәдени семантиканы ашудың жолдары мен тәсілдері көрсетілді. Лексика-фразеологиялық бірліктердің **бір типінде** тілдік семантиканың ішкі құрылымында лексикалық мағынамен қоса қабат жүретін мәдени семантикалық компоненттің түрлері айқындалды. Бұлардағы кодқа салынған тілдік және мәдени ақпараттар ашық және айқын болып келеді. Мысалы, **Оң жақ.** *Бой жеткен қыздың ұзатылғанға дейін болатын туған үйі, төркіні [салт бойынша бой жетіп отырған қыздың өз үйіндегі орны оң жақта болады да, қыз осы оң жақта отырып, күйеуге кеткенше ойнап-күлу, қызықтау салтын жасайды].* Мұнда "бой жеткен қыздың ұзатылғанға дейін болатын туған үйі, төркіні" - тілдік семантикаға, ал "салт бойынша бой жетіп отырған қыздың өз үйіндегі орны оң жақта болады да, қыз осы оң жақта отырып, күйеуге кеткенше ойнап-күлу, қызықтау салтын жасайтыны" - мәдени семантикаға жатады.

Сөздіктің реестріне алынған лексика-фразеологиялық бірліктердің **екінші бір типі** - кодқа салынған тілдік ақпараттардың ашық, ал мәдени ақпараттардың жабық болып келуі. **Төрт түлік.** *Түйе, жылқы, қой, сиыр сияқты үй малдарының жиынтық аты.* **Тілдік семантика** бойынша түйе, жылқы, сиыр, қой малы жатады, ал **мәдени семантика** бойынша *жылқы үйірімен, қой отарымен, түйе келесімен, сиыр табынымен бағылатындықтан, төрт түлікке жылқыны, қойды, түйені, сиырды жатқызған.* Ал *ешкі малы жеке бағылмайтындықтан, қойға қосылып аталатын болған.* Сөздіктің реестріне прецедентті мәтіндер арқылы қалыптасқан тек мәдени кодтан тұратын атаулардың түрлері мен типтері алынды. Мысалы, **Құдай қарғаған Барсиса.** *Діндар, тақуа болып жүріп, кейіннен шайтанның азғыруына түскен адам.* Ал **Құдай ондаған Насуха.** *Діни түсінікте қарақшы, кісі өлтіруші болып жүріп, кейіннен Аллаға иман келтіріп, қаріп-қасірлерге жақсылық жасап күн кешкен адам.*

Сөздіктің реестріне **Қағынан жеріген құландай; Құландай ащы дауысты** сияқты мәдени-семантикалық аядағы зоонимдік фразеологизмдер алынып, ондағы жабық мәдени ақпараттары ықшам түрде ашылды: *құлан жақын жердегі бөтен қақтың суын ішпей, алыс болса, да, тек өзі үйренген "меншікті" қағынан гана су ішеді, құланның басқа қақтан су ішуі - тосын қылық. Өз отбасын тастап, бөтен әйелге кеткен ер адамды байырғы халық тілінде қағынан жеріген құланға теңеген.* **Құландай ащы дауысты** тіркестің тілдік семантикасы айқын болғанмен, онда кодқа салынған жабық мәдени ақпараттың түрі сөздікте былайша ашылды: *құлан атаулының бәрі ащы дауыс шығара бермейді. Құлан үйірінің жетекші айғыры*

қаққа су ішуге келген үйіріне қауіп төнгенде ащы дауыс шығарып, белгі береді; әдетте үйір жетекшісі өзі суға бас қоймай, қарауылдап тұрады.

Сөздіктің реестріне алынған лексика-фразеологиялық бірліктің **келесі бір типінде** лексикалық мағынаның аясындағы тілдік семантикамен параллель халықтың дәстүрлі білім-танымын білдіретін ақпараттар жүйесі құрылымданған. Мысалы, **БАТЫР Жаумен шайқастарда асқан ерлік жасаған, қарсыласынан ешқашан тайсалмайтын, қаймықпайтын, өз намысын, ел намысын өзгеге тапталмайтын қаһарман, ержүрек адам; жаумен шайқаста жеке ерлік жасап, даңқы шыққан, сол үшін елдің құрметіне бөленген, ел ардақтаған тұлға. БАТЫР Қолпаштау, көтермелеу, «бәрекелді» мағынасында айтылатын қаратпа сөз (Тоқта, батыр! – деп Бала би тоқтатыпты да, былай депті; – Сауғаңа жараса, не арман бар, ал батыр!).** Бұлар - тілдік ақпарат.

Байырғы мәдени-тілдік ұжымның когнитивтік санасында *батыр* - мәртебелі әлеуметтік топтың өкілі, бірақ биден мәртебесі жоғары емес (батыр биден санкция сұрайды, бата сұрайды; би батырды жорыққа жұмсайды т.б.). Батыр өзінің ғана емес, елдің намысын жоғары ұстайтын тұлға (мақал: *ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді*); батыр екі сөйлемейді; батыр қолпашты, көтермелеуді сүйеді (мәтел: *Батырды бәрекелді өлтіреді*); батыр аңғал болады (мәтел: *батыр аңғал, ер көдек*); батыр кеңеске қарусыз кірмейді; жаудан түскен олжаны бөліскенде батырдың қылышына (мылтығына, садағына, найзасына т.б.) арнайы сыбаға бөлінеді; батырдың ұстаған туы, найзасының қылы, дулығасы, кісесі, қыны т.б. атадан балаға мирас болып қалады. Мирастық жол жеті атаға дейін сақталуға тиіс, батырдың мирасқа қалған затын жеті атаға толғанша бөтен біреуге бермейді. Батырдың намыс үшін, ел үшін өлуі - құндылық болып табылады, *батыр бір өледі, қорқақ мың өледі* деуі қорқақтың өлімін құнсыздыққа жатқызады. Батыр өзіне дәреже-атағы (рангісі) теңдес қарсыласпен жекпе-жекке шығады, қарсыласының жолын сыйлап, кезегін береді; бесқарудың қайсымен жекпе-жекке шығуды қарсыласының таңдауына береді т.б. Бір кездердегі мәдени-тілдік ұжымның санасындағы батыр туралы білімдер үзiгi, мәдени ақпараттар осы іспетті ашылды.

Сөздіктің реестрінде зоонимдер, фитонимдер, космонимдер, эргонимдер, абстракттілі сандар, прецедентті есімдер, түр-түс символикасы, халықтың дәстүрлі жер-су атаулары, дәстүрлі шаруашылығына қатысты атаулар, кеңістік пен уақыт, экологиялық уақыт, тарихи уақыт, ситуациялық уақытқа, т.б. байланысты атаулар қамтылып, олардағы кодқа салынған тілдік-мәдени ақпараттарды ашудың тәсілдері көрсетілді және агионимдердің үлгілері берілді.

АБАҚ 1. Жылым деп аталатын аудың арасына бекітілетін ағаш. 2. Абақ қойылғанда жылымның арқаны оралмайтын болады.

АБДЫРА // ӘБДІРЕ 1. Киім-кешек, қымбат бағалы зат салатын үй жиһазы. 2. Абдыра ұзындығы бір құлаштай, енімен биіктігі жарты құлаштай мөлшерде кесіп алынған тақтайдан жасалады. Үстін түгел жауып тұратын қақпағы үстіне қарай ашылады. Алдыңғы бетінің қақ ортасының жоғарғы бөлігінде құлып салуға арналған кекілі (шығыршығы) болады. Абдыраның бетіне ою-өрнек салып әшекейлейді. Кейде оюлы сүйекпен, күміс шытыралармен көркемдеп жасайды.

АБЫЗДАР Ертеректе ханның алдағы жорықтарын болжап, оған сәуегейлік жасайтын ордадағы лауазымды тұлға.

АБЫЛАЙДЫҢ [АБЫЛАЙХАННЫҢ] АҚ ҮЙІ 1. Соғыста Абылайдан жеңілген елдің бітім сұрап қол астына кепілдікке жіберген ақ үй аманаты. 2. Өз аты – Әбілмансұр (1711-1781) – Орта жүз ханы, ұлы мемлекет қайраткері, батыл қолбасшы, іскер дипломат. Арғы тегі – Жошы хан, бергі бабалары Қазақ ордасының негізін салған Әз-Жәнібек, одан соң Еңсегей бойлы Ер Есім хан, Салқам Жәңгір хан. Абылай – Жәңгірханың бесінші ұрпағы.

АБЫЛАЙША 1. Шаңыраққа уықты шаншып тігіп, сыртын киізбен жабатын жеңіл қос. 2. Абылайшаның керегесі болмайды. Жорық кезінде, ұзаққа созылатын көш бойында, малшылар жиі-жиі қоныс аударып отырғанда оңай тігу үшін тек шаңырақ пен уықты пайдаланған. Кейде уық орнына ұзын, түзу сырықтар қолданылған. Аталмыш баспана түрі 18 ғасырда үш жүздің басын біріктіріп жоңғар қалмақтарымен соғысқан Абылай хан тұсындағы әскери жорықтармен байланысты қалыптасқан. Жорық кезінде уақытша пайдаланған бұндай баспананы әскербасылар мен сардарлар қолданған. Оны Абылай қос, Абылайдың қара қосы деп атаған.

АБЫСЫН // АБЫСЫН ШАЙ 1. Абысындардың бірігіп шай ішуі. 2. Ауылдың үлкендері мен ер азаматтары ауылда жоқ кезде абысындар, қолы босай қалған келіншектер күндізгі уақытта бір үйге жиналып, өзара сырласып, күнделікті тіршілік қамын ақылдасып, естіген жаңалықтарын айтысып, бір дастарқан басында шай ішкен. Абысын шайда күнделікті шаруаның қарбаластығына байланысты ұзақ отырмаған, өлең айтып сауық құрмаған.

АБЫСЫН ТАТУ БОЛСА АС КӨП, АҒАЙЫН ТАТУ БОЛСА, АТ КӨП Ауыл ішінің ынтымағы, берекесі ең алдымен абысын әйелдердің өзара татулығынан басталады. Кішігірім өкпе-қалдық, дұрдараздықты өршітпей олар бір ет, бір шаймен-ақ шешіп отырады. Олай болмаса, елеусіз өкпе-қалдық өрши түсіп, ағайынның араздығына ұласады. Аталмыш мақал

форматындағы бұл ұғым ауыл тұрмысының ынтымағын, татулығын қорғаудың шарты әйелдер болып саналады дегенді білдіреді.

АҒАЙЫН-АНЖЫ Құрамында жат тұқым ұшырасатын ағайындастық деген ұғымды білдіретін туыстық термин. Байырғы қазақ қоғамының *«Ілгеріде қазақ халқында ұзатқан қызға қызметшілер қосып ілестіріп жіберген. Олар да анжы аталған. Анжылар барған еліне сіңіп, жақындасып кеткен. Ағайын-анжы деген сөз осыны меңзейді»* («Қазақстан. Ұлттық энциклопедия»). Бұл жерде ұзатқан қызға қосып жіберетін қызметшілер *жетім* деп те аталады. Қазақтар арасында қыз жасауына қосып берген жетімді үйлендіріп және үш атадан кейін басына азаттық беретін кездер де болған. *«Батыр болдың бұлдық жоқ, үш атадан кейін құлдық жоқ»* деген мәтелден де осы жайтты аңғаруға болады. Әуелде жетім (күл) болып келгендер ендігі жерде олай аталмай, *«барған еліне сіңіп, жақындасып кеткен»* соң анжы, ағайын-анжы деген туыстық терминмен аталған.

АҒАЛАҢ з а т. 1. Таң енді-енді ағара бастайын деген шақ. 2. Сақал-шашқа түсе бастаған ақ. Сақал-шашымды ағартқан қайран заман, Таңмен талас көрінді-ау бір ағалаң. Қысқа күнде қырық айнып, қырық түзелген, Заман емес әуре ғой бір сордалаң (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 391-б.).

АҒАЛЫҚ Сақалыңның ағы бар, ағалығың тағы бар (Мәтел).

АҒАРТҚЫ 1. Күміс бұйымды тазалайтын қоспа. 2. Ағартқыны қазақ зергерлері ашудасты суға араластыру арқылы қолдан дайындаған. Онымен уақыт өте келе өңі кетіп қарайған күміс бұйымдарды тазалаған. Тазалау үшін ескірген бұйымды ағартқыға салып аздап қайнатып алып, бетіне күл себілген дымқыл киізбен ысқылаған. Сонда көне күміс бұйым жылтырап, бұрынғы қалпына келген.

АҒАШ 1. Әртүрлі тұрмыстық бұйымдар, жиһаз жасау мен құрылыста және отын ретінде қолданылатын діңі қатты жуан өсімдік. 2. Ағашты қазақтар жас ағаш және кәрі ағаш деп бөледі. Жас ағашты кесуге «көктей саласың» деп тыйым салады. Толық жетіліп болмаған ағашты тек қажетіне қарай кесіп алған. Қураған кәрі ағашты отынға пайдаланады. Өсіп жетілген ағаштардың ішінен өзегіне құрт түспеген, шірімеген ағашты ғана кәдеге жаратады. Қатты ағаштардан киіз үйдің сүйегін (шаңырақ, кереге, уық, сықырлауық (есік)), атқа салатын ер, ыдыс-аяқ т.б. жасайды. Ағаштың қабығымен жапырағынан бояу алынады. Жеміс ағаштарының жемісін (алма, өрік, жиде, шие, алмұрт ...) жейді, кептіріп қақ жасап, тосап жасайды. Жапан далада өскен жалғыз ағашты киелі санап, оны әулие ағаш деп атайды. Ондай ағашты кеспейді, сындырмайды. Өйткені ол әулиенің табаны тиген жерге өскен ағаш деп саналып, ондай ағашқа ақтық (шүберек) байлайды, басына түнеп, мал сойып, тілеу тілейді. Қураған қу шыбықпен, қабығы жоқ ағашпен мал айдамайды. Қазақтың мифтік танымында бәйтерек ғарыш ағашы ретінде символданады, үш әлемді байланыстыратын дәнекер деп саналады.

АҒАШ ЖАҒАЙЛАТТЫ Жымысқы өсек таратты. – Аққыз жатқан бөлмеге жұрт көп барады... - деп, ағаш жағайлатты (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 304-б.).

АҒАШ ЖЫҒУ 1. Ағашты қажеттілікке байланысты түбінен аралап, шауып құлату. 2. Ағашты жазда не күзде кесіп құлатады. Көктемде тиіспейді. Ағашты құлататын жағының түбінен аздап тіліп алып, қарсы жағынан көлбеулей аралап кеседі. Сонда ағаш белгіленген жаққа құлайды. Жығылған ағаштың бұтағын шауып, қабығын аталғымен сындырып, тек көлеңкеде кептіреді. Күнде қалған қабықсыз ағаш жарылып кетеді. Таулы жерде біраз ағаш қажет болып шабуға кірісер алдында жұмысты: «Биссимилла! Орманшы ата, қолдай гөр!», - деп бастайды. Ағаш шабуға сәтсіз күндері шығуға, көп шабуға, балапан ағаштарға тиісуге болмайды: олай еткен адам ағаштың пірі – Орманшы атаның қаһарына ұшырап, өзіне де, отбасына да жамандық келеді деп ырымдаған. Сейсенбі мен жұма күнді ағаш жығуға сәтсіз күн деп санаған.

АҒАШ КӨМІР 1. Отын ретінде ұсталар, зергерлер пайдаланатын шала жанған ағаш. 2. Ағаш көмірін қатты ағаштарды шала өртеу арқылы дайындайды. Ол үшін алма, өрік, ырғай, жыңғыл, сексеуіл, қарағай, емен, қайың тәрізді кесіп-кесіп, шұңқырға салып қалайды да от жағады. От барынша қызған кезде оның бетіне ағаштың жас бұтақ, жапырақтарын молынан тастап тұмшалайды. Жалын шықса, көмір дайындаушы оны балшықпен тұмшалап отырады. Ағаш ауасыз ортада бықсып жанғанда, күлге айналып кетпей, «көмірге айналады». Бұндай ағаш көмір ұсталардың тасымалдауына қолайлы болады, жиғанда да көп орын алмайды. Ағаш көмірінің ұнтағымен мал жарақаттарын, көз ауруын емдеген, оқ-дәріге қоспа дайындаған.

АҒАШ МАЙЫ 1. Дәстүрлі тәсілмен ағаштың шайырын балқыту, еріту арқылы алынған қоймалжың өнім. 2. Ағаш майымен малдағы қотыр, адамдағы теміреткі тәрізді тері ауруларын емдеген, арбаның күпшегінің ішін майлап отырған. Ағаш майы шайыры бар ағаш жаңқаларын түбі тесік ыдысқа (қазанға) салып, тесіктің астына ыдыс қойып, айналасына от жағып, ыдысты қатты қыздыру арқылы алған. Оттың қызуымен ағаштың бойындағы шайыр балқиды да, ыдыс түбіндегі тесіктен ағып, бөлек ыдысқа құйылады. Бұндай майдың қандай ағаштан алынғанына қарай қайың майы (қарамай), арша майы, қарағай майы деп аталады. Балқарағайдың жаңғағының дөнін жаншып та май алынған. Ағаш майын алу аулы және орманды аймақтарда ХІХ ғасырдың екінші жартысында кәсіпке айнала бастаған. Қазақ елінің көп өңірлерінде өсетін тобылғыдан алынған май тері ауруларын емдеуге жиі пайдаланылған.

АҒАШ ТӨСЕК 1. Демалу, жатып ұйықтау үшін ағаштан жасалған үй жиһазы. 2. Ағаш төсекті бойжеткен қыздың жатуына арнап ою-өрнекпен, күміспен, сүйекпен әшекейлетіп жасатады. Алдына шымылдық құрылады. Ағаш төсекті қызды ұзатқанда жасауына қосып береді. Қазақ тұрмысында ағаш төсектің әр аймаққа тән жергілікті түрлері мен әлеуметтік ерекшелікті көрсететін 7 түрі болған.

АҒАШ ҰСТАСЫ 1. Ағаштан тұрмыстық, шаруашылық бұйымдары мен үй жиһаздарын жасауға машықтанған шебер адам, ағаш шебері. 2. Жасаған бұйымдарының мінсіздігі мен беріктігіне, қолайлылығына,

көркемдігіне қарай ағаш ұстасын «ағаштан түйін түйеді» деп бейнелеп айтады. Ағаш шеберлері айналысатын ісіне қарай балташы (бөренеден қиюластырып үйдә бүтіндей ағаштан тұрғызу, арба-шана, есік-терезе жасау), жиһазшы (жүкаяқ, сандық, кебеже, ағаш төсек, асадал, адалбақан және т.б. жасау), ерші (бүтін ағаштан ер шабу немесе ағаш кесінділерінен ер қосу), үйші (киіз үйдің кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық тәрізді ағаш бөліктерін дайындау), қырғышы (ағашты қырып, ойып ыдыс-аяқ жасау), шаңырақшы (кентті жерлердегі базарға шығарып сату үшін шаңырақ дайындау) және т.б. деп жіктеледі. Бұл қазақ даласындағы еңбек жіктелісін, ағашқа байланысты мамандықтардың қалыптасуын, үй тұрмысы мен шаруашылыққа, әскери іске, саятшылыққа қажетті құрал-жабдықтардың бәрінің сырттан әкелінбей ағаш ұсталарының қолынан шыққанын білдіреді.

АҒАШТЫҢ БЕЗІ 1. Ағаштың діңінде немесе түбірінде пайда болған, әбден қатайып, беріш болып қалған бөлігі. 2. Ағаштың безі өте қатты болғандықтан шеберлер ағаш балғаны шоқпар, сойылды содан жасауға тырысады. Жергілікті тұрғындар мен шеберлер арасында ағаштың безін үйлі, ұрысы, тошыны деп те атайды. Ағаштың безінен жасалған бұйымның табиғи түсті өрнегі (текстурасы) уақыт өте келе ашыла түсетіндіктен саптыаяқ, тостаған сияқты ыдыстарды осыдан жасайды. Бұндай ыдыстар ою-өрнексіз де әдемі көрініп тұрады.

АҒАШТЫҢ БЕЗІ қ о л ө н е р. Бұтақ пен діңнің арасында шыныланып, қатайып қалған бөлігі. Без ағаштың көзі бүршік атпай, жарылмай бұйыққаннан пайда болады.

АҒАШТЫҢ БЕРІШІ қ о л ө н е р. Ағаштың безі, ағаштың берішінен ағаш балға, қолшоқпар, сойыл жасайды.

АҒАШТЫҢ ҰРЫСЫ қ о л ө н е р. Ағаштың діңіндегі шодырайып шыққан бөлік. Ағаштың ұрысынан, безінен жасалған бұйым уақыт өте келе қызыл қоңыр, шұбар түсті болып табиғи өрнегі (текстурасы) ашыла түседі.

АҒАШТЫҢ ҮЙЛІ қ о л ө н е р. Ағаштың түбіне кішігірім тегенедей болып, шодырайып шыққан бөлігі (Нұрқасым Қазыбекте бар, тексеру керек).

АҒА-ІНІ Бірге туған бауырлар. Қазақы дәстүрде аға мен іні бір-біріне сүйеу, бір-біріне қорғаныш болып өседі. Халық танымында аға «аттың жалы», іні – «құйрығы» делініп, аталық өрісте бір-бірінен ажырамайтын биоәлеуметтік бүтіннің бөлшегі ретінде ұғынылады. «Қыз Жібек» жырында Жібек «Төлегеннің жайып біліп кел, жал-құйрығы сай ма екен? Я болмаса, қаңғырып өскен қу бас па екен?» – деп жеңгесін жұмсайды. «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу» жырында: Алдында менің жалым жоқ, Айдап та берер малым жоқ. Артымда менің құйрық жоқ, Көңілден, сірә, жүйрік жоқ, – дейді Қарабайдың елінде Баян сұлумен жүздесе алмай шерменде болған Қозы. Аға-іні дихотомизмі аналық өрісте нағашы аға-нағашы іні, жиен іні-жиен аға; құдандалық өрісте қайын іні-жеңге түрінде семантикасы кеңейе түседі. Сонымен бұл айтылғандар қазақтың дәстүрлі ортадағы «аға-іні жолы». «Аға-іні» туыстық жолы қалайда туыстық қатынасты ыдыратпай күшейте түсу идеологиясының биоәлеуметтік даму жолы деуге болады.

АҒЫН СУ 1. Тоқтаусыз ағып жатқан, ағысты өзен, су. 2. «Ағын судың арамдығы жоқ» деп оны ішуге пайдаланған. Ағын суды ластамаған. Суды таза сақтау үшін қыстауды одан алысқа салып, жайлауда да жақын отырмаған. Ағын судың бойына су диірменін салған. Ағын суды аяғына қан түскен атты емдеуге пайдаланған. Аяғы іскен атты бірнеше күн ағын суға 2-3 сағаттан байлап қойып, ісікті қайтарған.

АҒЫТ // АҒЫТҚАН ҚОЙДАЙ ШУЛАДЫ. 1. Өрістен қайтқан кезде қозылардың саулық енелерімен табысып жамырасуы. 2. Күтпеген жерден ұшырасқандардың мәре-сәре, у-да шу болуы.

АДАЛБАҚАН 1. Киім ілетін көп ашасы бар қада ағаш, үй жиһазы. 2. Адалбақан ағаштан, темірден жасалған. Тұрмыста алтындалған, күмістелген адалбақандар да аз болмаған. Халық адалбақанды қасиетті мүлік деп санаған. Сондықтан оны қыздың жасауына қосқан, біреуге сыйламаған.

АДАМ АТА Алла Тағала топырақтан жаратып, жан берген ең алғашқы адам, күллі адамзат атаулының атасы. Діни шығармаларда араб тіліндегі одим «жер жынысы» деген мағынаны білдіретіні айтылады (Рабғузи).

АДАМ АТА-ХАУА АНА д і н и. Барша адамзат атаулының атасы мен анасы. Хауа Ана Адам Атаның сүйек етінен жаралған. Діни шығармаларда Хауа араб тілінде хәй сөзімен байланысты «тірі жан» дегенді білдіретіні айтылады.

АДЫРАСПАН Шөлде, шөлейтті жерлердің құмды жайылымындағы өсімдік. Аш болмаса, мал жемейді. Адыраспанмен уланған буаз мал іш тастайды. Адыраспанды емдік мақсатта қолданады.

АЖЫРЫҚ Жылқы түлігінің жыл бойғы жейтін шөбі. Ажырықты жерде ат өлмейді (Мақал).

АЗУ ЖАРДЫ Жылқы түлігі құнаншығар жасына жетіп толысты. Азу жармаған құнанды бапкерлердің айтуынша, бәйгеге қоспаған.

АЗУ ТІС 1. Жақтың шықшыт жағындағы бес қатар тіс. 2. Жыртқыш аңдарда күрек тістері мен шықшыт тістерінің аралығында болатын сойдақ тіс. Өзге тістерге қарағанда азу тістің жан-жануарлардағы ерекшелігі мықтылығымен байланысты этномәдени ұжымдағы таным, түсінікке орай азу тісі кере қарыс, азу тісі пышақтай, азу тісі балғадай дейтін фразеологиялық мағына қалыптасып, мәдени семантикалық өрісте күштіліктің, мықтылықтың эталонына айналған.

АЗУ ШАЛДЫ Егде тартты, жасы ұлғайды. Мал танушылар, әдетте жылқы, қой түлігінің жасын азу тісіне қарап біледі. Азу шалған малды тісі мұқалып, тұқыл болып тұратын белгісінен ажыратады.

АЙ АРАСЫ ТОЛАС БОЛДЫ х а л ы қ т. а с т р. Өткен Ай мен Жаңа туған Айдың арасы жауын-шашынсыз өтті. Ай арасы халықтық астрономияда өліара деп аталады. Өліара немесе өткен Ай мен Жаңа Айдың арасын есепшілер жауын-шашынды болады, ал Ай арасының толас болып жауын-шашынсыз өтуі жиі бола бермейтін табиғи құбылыс деп таныған.

АЙ ҚОРАЛАНЫП ТУДЫ Айдың төңірегі мұнартып, қызыл қоршауланып көрінді.

АЙ ОТЫРЫП ТУДЫ Айдың түнге қарай ел жата көрінуі.

АЙ САҢ БЕРДІ Айдың туып келе жатқан кезі.

АЙ ТОҒАМЫ Айдың Үркермен тоғысуы. Ай тоғамына байланысты байырғы кезде ел ішінде Ай тоғамында көшпе, А тоғамында алыс сапарға шықпа, Ай тоғамында қыз ұзатып, келін түсірме, Ай тоғамында баланы сүндетке отырғызба, Ай тоғамында желі тартпа, Ай тоғамында күйек шешпе т.б. ырым-тыйымдар болған.

АЙ: АЙШАЛЫҚ ТИДІ Жас балаға Ай сәулесі түіп, бастығырылып, ұйықтай алмай шошына беруі.

АЙ: ЕСКІ АЙ Айдың он алты жаңасынан әрі қарай батқанға дейінгі кезі.

АЙ: ЖАҢА АЙ Ай орағының жаңа туып келе жатқан кезінде батыс көкжиектен көрінгеннен толғанға дейінгі кезі. Айдың бір-екі жаңасы көзге шалына бермейді. Үш жаңасынан көріне бастайды.

АЙ: ТОЛҒАН АЙ *Жаңа Айдың он бес жаңасы.*

АЙБАЛТА 1. Басы жарты ай бейнелі, ұзын сапты, өткір жүзді соғыс қаруы. Айбалтаны әскери қару ретінде ХІХ ғасырдың қазақ жауынгерлері майданға ат үстінде соғысуға пайдаланды, едәуір ұзын сапты түрін хан ордасының сақшылары ұстады. Айбалта қазақ тұрмысында биліктің, киеліліктің, әскери сословиенің символы ретінде қабылданады. Өте құнды, қасиетті қару ретінде мемлекетаралық дипломатиялық қатынаста айбалта сый-сыяпаттың құрамында болды. Ежелгі мифтік наным-сенімдерге байланысты оның қаскөй күштерден, зұлым рухтардан адамды қорғайтын қасиеті бар. Сондықтан ертеректе айбалта зікір салғанда бақсылардың қолданатын ғұрыптық құралы болды. Айбалтаның басына киелі сөздер жазылып, магиялық ою-өрнектермен, алтын-күміспен әшекейледі. Олардың қорғаныстық қызметі басым болды. Орда, сарай күзершілерінің айбалтаны лауазымдық қару ретінде қолдануы осындай наным-сенімдерге байланысты орын алды. Айбалтаның адамды зұлым рухтардан қорғап жеңіске жеткізетін қасиетті қару болғаны туралы қазақ ертегілерінде айтылады. Қорғаушылық қызметіне деген сенімнен оның бейнесі айбалта сырға деп аталатын әйелдердің зергерлік бұйымына ауысты.

АЙБАЛТА 1. Ұзын сапты, өткір жүзді, жарты ай бейнесіндегі ұрыс қаруы. **2.** Бес қаруға жататын айбалтаның алмас құрыш айбалта, тарақ балта («Қамбар»), толғамалы ала балта, жалманы қарыс балта т.б. түрлері бар. Айбалтаның алтынмен әшекейлеген түрі жырда былай сипатталған: Алты қырлы ақ сүңгі Оң қолына алғанда Қындағы **алтын айбалта**, Аш беліне шалғанда (В.В.Радлов).

АЙБАНА 1. Қоғамды ұрлық-қарлықтан тыю үшін қолданылатын жаза түрлері. **2.** Айбана жазасы бойынша, мәселен, түйе ұрлаған қылмыскер бір жетім (соғыста қолға түскен құл), үш тоғыз, жылқы ұрласа – қайтарған малдың үстіне қоса тағы бір түйе, қой ұрласа, оған қоса айбанасына бір жылқы төлейді. Айбананың тағы бір түрі ұрланған малдың «мойнына қосақ, құйрығына тіркеу» деп аталған. Ұрлық жасаудың үстінде қылмыскер сойыл, пышақ сияқты қарумен ұсталса, аты тартып алынады да, оған қоса сойыл айбанасын, пышақ айбанасын төлеуге міндетті болған. Айбанаға

байланысты атап айтарлық жайт – ұрлықтың материалдық шығыны емес, «ұры пәленше рудың», «түгенше деген елдің адамы екен» деген сөздің сол әулеттің, рудың, елдің жалпақ жұртшылық алдындағы қоғамдық беделіне нұқсан тигізетіні. Сондықтан «ұры шыққан», «ұры ұстаған», «ұрысын тыймаған» деген жаманаттан аулақ болу үшін ұрыға аса ауыр жаза кесетін кездер де болған. Ондайда айбананың орнына өлім жазасы немесе құн төлеу жазасы тәрізді ең ауыр жаза кесілетін болған.

АЙҒА ТӘУ ЕТУ Исламға дейінгі наным-сеніммен байланысты Жаңа Ай алғаш көрінгенде: «Ай көрдім, аман көрдім, Баяғыдай заман көрдім. Жаңа айда жарылқа, Ескі айда есірке» деп бата жасау.

АЙҒЫР ҚОЮ 1. Үйірге салатын еркек жылқыны таңдау. 2. Жылқы қазаққа «мінсе көлік, жесе ас» қана емес, ұлан-ғайыр кең далада дәстүрлі малшаруашылығын ұйымдастырудың, жаңа жайылым жерлерді игерудің, мал-жанды ит-құстан, ұры-қарыдан, жаудан қорғаудың құралы болды. Осыған байланысты жылқы түлігін көбейтіп отыру, тұқымын асылдандырудың айрықша маңызы болды. Айғыр қоюға жылқы түлігі құлын кезінен аса жауапкершілікпен таңдалды. Айғыр қою шаруашылықт жоспарлаудың негізгі ұстанымы болды. Айғыр болатын жылқы түлігі құлын кезінен таңдалды. Ол үлкен жауапкершілікті, жылқы табиғатын терең білуді қажет ететін. Құлынды таңдауда жергілікті экологиялық ерекшеліктер ескерілді. Таңдалған құлынның киесі басылады деп жал-құйрығын кеспеді. Оның мінезіндегі ерекшеліктер, дене бітімі мен сыртқы сымбатына мән беріледі. Халық танымында құлынның тай шыққаннан-ақ саяқшыл болуы жақсы айғыр болудың белгісі. Айғырлыққа таңдалған жылқының еркегін дөненінде үйірге салады. Жас айғырға ұрғашы жас жылқылардан үйір бөліп шығарудың, айғырды үйірге салудың қалыптасқан тәжірибесі сақталып, тиісті ырым-жоралар орындалады. Айғырды өсіп-өркендеудің құты деп бағалап, оны қасиеттендірді, киелендірді. Оны жылқы түлігінің құтпаны, құтпан айғыр, садыр айғыр деп атап, оның аты айнала жұртқа тарап жатты. «Айғыр қойсаң үндіден қой, қошқар қойсаң жүндіден қой», «Айғырды неден салсаң, Атты содан аларсың», «Жақсы айғыр үйірін қорғайды, Құжмойын бұқа сом мүйізі мен сасық тұмсығын қорғайды», «Айғырды аладан салсаң, Атты аладан мінесің, Айғырды құладан салсаң, Атты құладан мінесің », «Қасқа айғырдың баласы қасқа тумаса да төбел туар», «Үйірлі жылқы үрікпес», «Айғыр **азынан** үйірінен шықпас», «Жаман айғыр енесіне тап берер» тәрізді мақал-мәтелдер жылқының тұқымқуалаушылық қасиетін жақсы білген халықтың шаруашылық жүргізу тәжірибесінен қалыптасып, кейінгіге бағыт-бағдар болды.

АЙҒЫРДЫҢ ЖАЛЫН МАЙЛАУ 1. Айғыр қоюға таңдалған құлынның кекілі мен маңдайына, жалына желі басында бата берген ақсақалдың ырымдап сарымай жағуы. 2. Айғырдың күш-қуаты мен құты, отағасының құт-берекесі айғырдың жалында болады деген түсінік бойынша оның киелілігін, құтын сақтауды білдіретін рәсім.

АЙДАР ҚОЮ 1. Шаш алғанда ер баланың төбесінде бір шоқ шаш қалдыру. 2. Ер баланың төбесіне арнайы қойылатын бір шоқ шаш айдар деп

аталады. Айдар баланың қарын шашын алғанда, кейде одан кейін де қойылады. Бұрынғы қазақ ортасында хан-сұлтандар, бай-бағландар, батырлар ұлдарына айдар қойған. Құлдың балаларына айдар қойылмаған. Сонымен бірге көп уақыт бала көрмей жүріп перзентті болғанда немесе көп қыздан кейін ұл бала туғанда ат-анасы айдар қойып әлпештеген. Бұндай отбасылар ертеден келе жатқан түсінік бойынша тіл көзден сақтау үшін қойылған айдарды сүндетке отырғызғанша немесе он үш жасқа келгенше алғызбаған. Балаға қойылған айдар оның тектілігін, отбасындағы орнын, артықшылығын білдіреді. Байырғы жырларда текті ортадан шыққан жігітті «Алтын айдар, шоқ белбеу» деп сипайттайды. Қазақ танымында ол сән-салнаты келіскен көркес жігіттің, сұлулықтың символына айналды. Айдар қою – қазақ және басқа түркі халықтарында ерте заманнан келе жатқан дәстүр. Ертеде адамның шыққан тегі, әлеуметтік жағдайы мен дәрежесі айдары арқылы ажыратылды. Ол ер адамның күш-қуатының, батырлығының символы болды.

Жауын жеңген батырларды «Айдарынан жел есті» деп дәріптейді. Қазақ ертегілерінде сақталған этнографиялық деректерге қарағанда ерте замандағы түркілерде жауға алғаш рет аттанатын баланың шашын алып, төбесіне айдар қойып, батырлық аты берілген. Қазақ тіліндегі «Ат қойып, айдар тақты» деген бейнелі сөз орамы осы көне салттан қалса керек. Қазақта айдарды өсіріп, ұзын болғанда зер жіппен, моншақпен өріп те қоятын болды. Ертеде ұзын бұрым тәрізді етіп өріп қоятын айдар түрі қазақта кежеге деп аталса керек. Тіліміздегі «кежегесі кейін тартты» («ерінді, жалқауланды, тартынды» деген мағынада) деген тұрақты тіркес құрамындағы кежеге сөзі кейбір түркі халықтарында (хакас, алтай) төбеге қойылған айдардың өріп қоятын ұзын түрін білдіреді. Айдардан айырылу оның иесінің күш-қуатынан, әлеуметтік статусынан айрылғанын, соғыста батырдың жеңілгенін білдіреді. Қазақтың батырлық туралы жырларында, аңыз әңгімелерінде «Шаш кескен бас кескеннің баламасы», «Айдарын әсем өріп алған екен», «Айдардан ұстап, басын кесіп алды», «Айдары бар шоқпардай», «Айдарынан (қанжығаға) байланған бас», «Айдарлысын құл қылды, Тұлымдысын тұл қылды» деп келетін жолдар айдар қою салтының қазақтың байырғы тұрмысында кеңінен таралғанын білдіреді.

АЙДЫ ҚОЛЫҢМЕН КӨРСЕТПЕ т ы й ы м. Айды тәңір тұтумен байланысты тыйым сөз.

АЙДЫҢ ҚАРА ТОЛЫМЫ Айдың он алты жаңасынан ары қарайғы өте бастаған кезі. Ай толығынан қайта бастаған шағы.

АЙДЫҢ ҚЫЗЫЛ ТОЛЫМЫ Туған айдың он бес жаңасына жақындай бастаған кезі.

АЙНАЛМА Сибір мен қойда кездесетін, малдың от пен судан қалып, бір жағына қарай дөңгелене айнала беретін бас-сүйек ауруы.

АЙПАРА Айдың толысқан, нұр шашып сәулеленген жүзі.

Айпарасы нұр салған (шашқан). Айдай толысқан жүз. Жер жүзін түн ішінде жарық етіп, Аспаннан нұр салып тұр айпарасы-ай (Ғ.Қараш, 159-б.).

АЙРЫЛЫСҚАЗАН 1. Көрші болып келгендер не ағайын-туыс қоныс аударар кезде жасалатын кәделі ас; жайлау өзгертіп, көшетін кезде ауыл

адамдарының бірін-бірі дәмге шақырысып, бір-біріне жақсы тілек білдіру рәсімі. 2. Айрылысқазанның бір мәні ертеде рулық қауымның демографиялық жағдайымен байланысты. Бір рудағы адамдардың, шаңырақ санының көбейіп өсуінен жайылымдық жер таршылық еткенде жеті атамнан арғы ағайын-туыстарынан бөлініп шыққанда ғұрыптық ас берілген. Ұзақ уақыт көршілес отырған екі елдің белгілі бір тарихи жағдайларға байланысты бір-бірінен бөлініп, басқа жерге амалсыздан қоныс аударғанда елмен, жермен қоштасудың соңы айрылысқазанмен аяқталған. Қазақтың кейінгі уақыттардағы айрылысқазаны көршіле отырып дәм-тұзы жарасқан береке-бірліктің символы, бір-біріне ризалықтың, татулық тілеудің белгісі.

АЙСЫРҒА 1. Сырғаның айшық сияқты, жарты ай тәрізді етіп жасалған түрі. 2. Айсырғаны күмістен құйып, беті шекіме тәсілімен өрнектеледі. Салпыншақ жасалмайды. Айсырғаны анасы қызына сыйлап, мұралыққа қалдырған. Анасының айсырғасын таққан қызы оны анасының көзіндей көріп күтіп, кейін өзі де балалы болғанда қызына сыйлаған.

АЙТҚАНЫҢ КЕЛСІН 1. Дәстүрлі ортада жағымды, жақсы хабар жеткізгенде, түзу тілек, жақсы ниет білдіргенде, көрген түсті жақсылыққа жорығанда айтылатын сөз орамы. 2. Этикет жүйесіндегі норма бойынша сөйлеуші (адресант) тарапынан жақсы хабар, жақсы сөзге «жауап» ретінде тыңдаушы (адресат) өз кезегінде аузына май, астыңа тай; айтқаның айнымай келсін; айтқаның періштенің құлағына шалынсын деп, ауызекі этикет формалармен жауап қатады. Аталмыш этикеттік формалар сөйлеуші жақ пен тыңдаушы жақтың арасындағы коммуникатив байланыстың (контактінің) мазмұнды өтуін қамтамасыз етеді.

АЙТТЫРУ 1. Құда таңдауға, қалыңдық таңдауға тоқтағанда қыздың ата-анасына сөз салып атастырып қою және оның ырым-жорасын жасау. 2. Келісімге келген соң атастырудың белгісі ретінде қызға үкі, моншақ, сырға тәрізді әшекейлердің бірі тағылады. Содан былай қарай ондай қызды айтырған қыз, үкілі қыз, сырғалы қыз дейді. Басы бос емес, айттырылған қызға басқалар құда түспейді. Айттыру дәстүрі мен оның ырым-жоралғылары – құдандалық байланыстың басталуының белгісі.

АЙТҰЯҚ 1. Жылқы малының бейнелі атауы. 2. Айтұяқ – жылқы түлігінің дәріптелген символдық бейнесі Атаудың Аймен сәйкес метафоралық образға айналуы, символдық мән алуы ат тұяғы түскен жердегі іздің жаңа туған айға ұқсатумен байланысты. Эпикалық қаһармандардың, батырлардың мінген тұлпары көбіне айтұяқ деп ерекше дәріптеледі. Жауынгерлік туларда бейнеленген айтұяқ тұлпардың символдық бейнесі деп те түсіндіріледі.

АЙТЫС 1. Суырыпсалма ақындардың шаршы топ алдындағы өлең түріндегі сөз сайысы, жыр жарысы, ертеден осы кезге дейін келе жатқан поэзиялық жанр. 2. Халық ауыз әдебиетінің жанры түрінде қалыптасқан айтыс өнері – эстетикалық шығармашылық және әлеуметтік институт. Өткені айтыс өзінің өнерге тән болмысынан басқа қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді шешуге айрықша ықпал еткен.

АЙШАЛЫҚ Кей адамдардың түнде ұйқылы көзбен төсегінен тұрып жүретін ауруы.

АЙШЫҚ 1. мешіт күмбезінің ұшар биігіне, мұсылман зиратындағы қабір басына ай орағына ұқсатып қойылатын белгі. 2. Мұсылман дінінің басты атрибуттарының бірі саналатын Айшық кейбір ауызекі діни ортадағы әңгіме-эпсаналарда рамазан айының соңғы ширегіндегі қасиетті Қадір түнімен байланысты екені айтылады. Өйткені бұл түн Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбарымызға Құран кәрім аяттарының көк жүзінен алғаш түскен кезі. Таусылар Айдың таң қараңғысындағы шығыстан батысқа қарайғы Ай орағына ұқсас бейнесі, сөйтіп, дінмұсылманшылықтың нышанына айналған дейді. Сондай-ақ, ауызекі әңгіме-эпсаналарда Айшықтың мұқажырлықпен байланысты айтылатын нұсқасы да кездеседі. Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар өз жақтастарымен Меккеден Мединеге қоныс аударуға мәжбүр болып, түн ортасы ауғаннан кейін таң қараңғысында мүшіріктерден жасырынып, Мединеге бет алады. Бұл кез ескі Айдың таусылып келе жатқан тұсы болса керек. Әдетте, ескі Айдың бітер кездегі орағы шығыстан батысқа қарап тұрады. Таусылар айдың батысқа қарайғы осы фазасы мұсылмандардың діни салт-дәстүрінде белгі ретінде алынып, бейіт басына қойылатын салтқа айналған деседі.

АЙШЫЛЫҚ ЖЕР Атпен жүргенде бір ай (30 күн) шамасында жетуге болатын қашықтықты білдіретін халықтық өлшем. Байырғы кезде халықтың кеңістік туралы түсінігінде *айшылық алыс жер, айшылық алыс жол, айлық жер* дегендер алыс қашықтықтың эталоны ретінде қолданылған. Сондай-ақ *ит өлген жер, итарқасы қиянда* деген тұрақты тіркестер субъективті қабылдаумен байланысты бірде *айшылық жер*, бірде *күндік жер* деген мағынада да қолданыла берген. *Күндік жер* атауы, шамамен, атпен жүргенде 80-90 шақырымдай болады. Атты адам таң біліне жолға шықса, орташа жүріспен түнге қарай, ел орынға отырған шақта көздеген жеріне жетеді. Ал *түстік жер* таң ата атқа қонған адамның *түс қыңбай, көлеңке бауырға кірмей* тұрған шақта жететін 35-40 шақырымдай жер. Сондай-ақ, байырғы қазақ қоғамының мәдени семантикалық кеңістігінде жылқы атаулары (*тай шаптырым жер, биесауым уақыт* т.б.) қашықтық, уақытпен байланысты ұғым-түсініктердің қалыптасуына негіз болған.

АЙЫ ОҢЫНАН ТУДЫ 1. Сәті түсіп, ісі оңғарылды, жолы болып, дегеніне жетті. 2. Аймен байланысты айың оңынан тусын, күнің солыңнан тусын дейтін сөз орамдары эпикалық шығармаларда, байырғы кездегі егде адамдардың бата-тілектерінде де кездеседі. Бұндай тұрақты сөз орамдарының түпкі мәні жаңа Айдың шалқалап тумай, тігінен тууы малға да, жанға да жайлы деген ежелгі түсінікпен байланысты. Тігінен туған Айды «оңынан туған Ай» дейді. Дәстүрлі мәдени ортада адамдардың характері, қолға алған ісі мен шаруасының оңғарылуы, сәті түсуі жаңа Айдың оңынан тууымен ассоциацияланған. Дала перзенттері аспандағы Ай мен Күннің көк күмбезіндегі жүрер жолын бағдарға алып, бетін түстікке бергенде Айдың оң жақтан туып шығысқа, Күннің сол жақтан туып батысқа «Жол тартатын»

жаратылыс заңына орайластырып, «Айың тусын оңынан, Күнің тусын солыңнан» деген.

АЙЫП 1. Қазақтың дәстүрлі құқықтық жүйесінде қасақана немесе абайсызда жасаған қылмысты ісі, я болмаса әдет-ғұрыпқа жатпайтын теріс іс-қылықтары үшін айыпкерге тағылатын кінә. 2. Дәстүрлі қазақ қоғамының ішкі бірлігі мен тұтастығын, тұрақтылығын сақтауды институционалды жолмен реттеуде айып институтының маңызы ерекше болды. Қоғам мүшелері арасындағы құқықтық қарым-қатынастың сан алуан қырларын заңмен реттеуде ата-баба дәстүрлі жолы негізге алынып отырған.

АЙЫП-ҚИЫП 1. Ел ішінде мәртебелі, сыйлы адамның бет-беделіне нұқсан келтіретіндей немесе ренжітетіндей ісі мен қылығы үшін малмен төленетін жазаның, яғни мал жазасының бір түрі. 2. Халықтық юриспруденция терминологиясында ат және тон, азусыз ат (бір қой) және астарсыз шапан (жай кездеме), азусыз ат және жиексіз тон (кездеме) деп жүйемен айтылуының себебі даушыға ат-тон (дүние) қызық емес, ата-баба жолын, намысын қорғау, аруақты ризалау, аруақтың бетін қайтармау ұстанымы мал-мүліктен жоғары тұрғанының белгісі. Мінген аты мен киген шапаның сол жерде-ақ лайықты деген адамдарға тарту ететіндігі сондықтан.

АЙЫПТЫ (КҮНӘЛІ) МАЛ Қыстан шыға алмайтын кәрі-құртаң, арық-тұрық, аурушаң мал. Еті мен қоңы төмен, шел байланбаған бұндай малды қыстан шыға алмайтындықтан, малшы ауыл қара күзден қалдырмай, көтерем болмай тұрған кезде күзгі қазан асқа сойып алатын болған.

АЙЫР ТҰЯҚ 1. Айыр өркешті түйенің інгенінен туған бота. 2. Тұяқ бітімі екі айыр болып, ашаланып келген қара малдың – түйе, қой-ешкі, сиырдың жалпы атауы. Сонымен қатар халықтың таным, түсінігінде бөкен, марал, қарақұйрық, тауешкі, құдыр, бұлан т.б. қоңыр аңдар да айыртұяқ тобына жатады. Айыр, аша атаулары лексикалық мағынасы жағынан мән-дес (синонимдес) сөздерге жататындықтан халық тілінде айыр тұяқ деп те, аша тұяқ деп те аталады. Шөп жинауда қолданылатын қол құралды кей аймақта айыр, кей жерлерде аша дейді. Алайда синонимдік қатардағылардың бәрі бірінің орнына бірі қолданыла бермейді. Мысалы, айыр түйе, айыр тау деп айтылғанмен, аша түйе, аша тау демейді. Бірін-бірі алмастыра беретін қолданыс вариант сөздерге тән болып есептеледі. Сонымен қатар, аударма әдебиетте калька жолымен жасалған жұптұяқты деген қолданыс әдеби тілдің нормасы тұрғысынан дұрыстыққа жатпайды деп танылады.

АЙЫРБАС САУДА 1. Жәрмеңкелерде малды басқа бір затқа алмастырып алу. 2. Қазақтар ертеректе «малдың ырысы кетеді» деп төрт түлікті ақшаға сатуды теріс көрген. Тұрмыстық, шаруашылық қажеттіліктерін өтеу үшін ғана малымен айырбас жасаған.

АЙЫРҒАН АЛТЫН 1. Қоспасыз таза алтын. 2. Эстетикалық мәнділігіне байланысты алтынның сапалы түрін білдіретін айырған алтын халық ауыз әдебиетінде әдеміліктің, тән сұлулығының эталоны ретінде қолданылған: Айырған алтын секілді, Нұр сәулелі жүздерің.

АЙЫРҒАН МАЙ 1. Сарымайды қайнатып, тортасынан бөлген май. 2. Тортасынан ажыратылмаған сарымай пайдаланылмай ұзақ тұрып қалса,

борсып, көгеріп, ашып, дәмі бұзылып кетеді. Сондықтан оны қазанға салып қайнатып, көбігін алып, көбігін алып, түбінде қалған қоймалжың тортасынан айырып алып пайдаланады. Оны кей жерде тұшыту деп атайды. Тортасынан май бұзылмай тұрып та ажыратып алған таза май қышқылтым дәмі болғанмен, ұзақ сақталады. Сондықтан онымен бүйенге салып бірнеше ай бойы сақтап, көктемгі көкөзек шақта пайдаланатын сөкті (қауызынан ажыратылған, ақталған тары) шылайды. Айырған майды дайындау технологиясына байланысты халық арасында күйдірген май, қайырған май деп те атайды.

АЙЫРҚОМ 1. Ат жауырын қапсамайтын, жауыр болған атқа салатын ер. 2. Жауыр атты амалсыздан пайдалануға тура келгенде қазақ шаруалары ортасы ойық тоқым (желқом) салу, желдіктің киізін қалыңдату, уақытша ерттеуге арнап жасалған айырқом салу тәрізді әртүрлі амалдар қолданған. Айырқом аталатын ердің кәдімгі ерден айырмасы: оның ердің алдыңғы қасы мен артқы қасының арасын байланыстырып тұратын белағашы (кейде оны ортанбел ағаш дейді) болмайды. Сондықтан ер салғанда жауыр аттың қыр арқасына келетін тұсы ашық тұрады да, жауырғы көп зиян тигізбейді, аттың жауыры жел қағып тұратындықтан тез жазылады.

АЙЫРМА Құлық ауруының аймақтық атауы.

АҚ АЛЫП ШЫҒУ 1. Көшіп бара жатқан ауылдың, ұзатылған қыздың көшінің алдынан шығып, қымыз, айран-сүт, дастарқандағы ет және т.б. астан дәм татқызу рәсімі. 2. Ағарған ұсыну адамға қатысты көңілдің тазалығын, ақтығын, шаруашылыққа қатысты молшылықты білдіреді. Ақ алып шығу – алаштың бөлінбеген еншісінің бір көрінісі. Ауыл-елдің әртүрлі жағдайда бірін-бірі демеу, қолдау, тілектес болу арқылы ынтымақ-берекені сақтау тетіктерінің бірі – ақ алып шығу ғұрпы болды.

АҚ БАЛТА 1. Болаттан жасалған балта. 2. Ақ түсті болат балта – ертеректе соғыс қаруы: «Толғамалы ақ балта толғап ұстар күн қайда, Алты құлаш ақ найза, ұсынып шаншар күн қайда» (Алдаспан). Күнделікті тұрмыста балталар ақ балта, қара балта деп ажыратылады. Қара балта отын жаруға, ағаш шабуға т.б. шаруашылық жұмыстарына қолданылады. Ал, ағаш өңдеуге қолданылатын ұста, зергерлердің пайдаланатын болаттан жасалған жеңіл, өткір балтасы шеберлер тілінде ақ балта деп аталады. Ақ балта – металдың сапасына байланысты қалыптасқан атау.

АҚ БЕЗ 1. Сойылған мал етінде кездесетін, ірілі-ұсақты түйін. 2. Сойылған малдың жамбас шұқырында, бүйрек айналасында, асық жіліктің айдарбасында және т.б. жерлерінде кездесетін ақшыл түсті түйіндер мен сол түсті тамырларды жеуге тыйым салынады. Жеуге болмайтын ондай бездер мен тамырларды мал сойып мүшелегенде-ақ алып тастайды. Дегенмен, қазанға салатын етті әр уақыт тексеріп салу керек. Асылған еттің безі болса, қонақты сыйламағандық болып саналады.

АҚ БЕРУ 1. Қайынатасының күйеужігітке қымыз ұсынуы. 2. Күйеужігіт қалыңдық әкесінің босағасын аттап сәлем бергеннен кейін, аман-саулық сұрасып, қайынатасы өз қолымен оған қымыз ұсынады. Бұл – қайынатаның көңілінің ақтығын, тазалығын білдіруінің белгісі.

АҚ БОЗ АТ 1. Түгінің ағы басым жылқы. 2. Ақ түсті қасиетті деп танумен байланысты ақ боз аттың ертеде ғұрыптық мәні болды. Ақ түс, негізі, күн түсіне баланған. Ертеректе ақшыл түсті жылқы Көк тәңіріне ғана бағышталып, құрбандыққа шалынатын мал ретінде ерекше қастерленген. Орта ғасырда ел басқарушылар мен лауазымы жоғары адамдар ақ боз атты мініс көлігі ретінде пайдаланған. Сөйтіп, ақ боз ат өз иесінің атақ-даңқын, лауазымын, әлеуметтік статусын айғақтайтын символдық мәнге ие болған. Байырғы қазақтардың ақ боз түсті жылқыларды қадірлеп, ерекше қасиеті бар деп түсінуін әртүрлі әдет-ғұрыптардан, жөн-жоралғылардан аңғаруға болады. Алайда, қолданыстық тұрғыдан келгенде, ақ боз жылқы алыс жолға шыдамайтын әлсіз, бәйгеге төзімсіз болғандықтан аса құнды деп бағаланбаған. Сондықтан «Жеті жарғыда» «ақ боз атта құн жоқ» деген бап болған.

АҚ БОЗ АТ ШАЛУ 1. Тәңірге жалбарынып, құрбандыққа ақшыл түсті жылқы шалу. 2. Ақ боз ат шалу, әсіресе, әлеуметтік мәртебесі аса жоғары уақиғалар кезінде жасалады. Мысалы, боз биенің сүтіне шомылдырып, ақ киізге отырғызып, ханды көтергенде, ел-жер тағдыры сынға түскен шешуші ұрыстар алдында батырларға, олардың қалың қолына ақ жол тілегенде ақ боз ат сойылады. 1726 жылы үш жүздің басы бірігіп, Әбілқайырды бас қолбасшы сайлап, жоңғарға қарсы шыққанда ақ боз ат шалу рәсімі орындалған. Сонымен бірге, екі ел арасындағы соғыс тоқтатылып, бітімге келген жағдайда, жеті атадан соң дербес ру болып бөлінген кезде, ант бергенде, жоғалып кеткен адамы жоғалып келгенде, мал өлімі тоқтамай қойғанда ақ боз ат, ала жылқы құрбандыққа шалынған. Ақ боз биені құрбандыққа шалу себебі – аруақтарды риза қылу. Сонымен бірге оны өркендеу идеясының бір ғұрыптық көрінісі деуге болады.

АҚ БОЗ АТАН 1. Байырғы қазақы ортада көбіне әсемдік сән-салтанат үшін өсірілетін түсі ақшылдау түйе түлігі. 2. Кейбір этнографиялық деректерге қарағанда жүк көтеруге әлсіз, суыққа шыдамсыз келетіндіктен қазақтар ақ түйені (атан) әдейі көп өсірмейді, ақ түйені әсемдік, салтанат үшін бірлі-жарым атақты байлар ғана пайдаланған. Ал, қазақ дәстүрінде ақ ботаның, ақ атанның культі ақ боз аттан кем түспейді.

АҚ БОРАН 1. Ақ қар түтеген, қатпаған қарды ұйтқыта соққан қатты жел. 2. Қар аралас күшті жел тұрса, әдетте, боран соқты дейді. Алайда боран деп қарды, топырақты, құмды ұйытқыта соққан қатты желді айтады. Соған орай халықтың табиғат құбылыстарын нақты ажыратып тануына байланысты ақ боран, ақ құйрық боран, ақ түтек, ақ басқын (жаяу борасын – жылқы ығып кетеді), ақ айран боран (қарлы боранның жергілікті атауы), ақбас (ұйытқымалы жаяу боран), ақ түтін (қарлы бұрқасын) деп қарлы боранды, қара боран деп қарсыз жердің топырағын, шаңын аспанға көтеріп ұйтқи соққан боранды, құм боран деп құмды суырып, ұйытқып соққан қатты желді, құмды дауылды атайды. Ақ боран атауының қалыптасуына қардың түсі негіз болған.

АҚ БОРАН Алай-түлей ұйтқи соғып бораған қарлы жауын.

АҚ БОРАН Алай-түлей ұйтқи соғып бораған қарлы жауын. Ақ боранға көктемде Ұшып өлді ол енді, Ата малы жануар, Жан сақтаған сол еді (Бабалар сөзі, 4-т., 83-б.).

АҚ ЕГІС 1. Ерте егіліп, кеш жиналатын бидай, арпа, сұлы, күріш тәрізді дақылдардың жиынтық атауы. **2.** Бидай, арпа, сұлы дақылдарының піскен кезде сабағы ақсарғыш тартып тұрады, сондықтан ақ егіс аталған. Мұндай масақты дәнді-дақылдардың ақ егіс аталуы, бір жағынан, олардың сапалылығы, мерзімділігі және басқа дақылдарға қарағанда күтімді көп қажетсінбейтіндігіне байланысты болса керек. Ақ егіске орақ түскен кезін ақсабанның мезгілі дейді, орақ науқаны аяқталып қырман қызылдағаннан кейін ақ сабанның тойын өткізген. Ақ сабанның тойы ел ішінде сабан той деп те аталады.

АҚ ЕГІС Ерте егіліп, кеш жиналатын бидай, арпа, сұлы, дақылдарының жиынтық атауы. Бидай, арпа, сұлы дақылдарының піскен кезде сабағы ақсарғыш тартып тұрады, сондықтан ақ егіс аталған. Бұндай масақты дәнді дақылдардың ақ егіс аталуы, бір жағынан, олардың сапалылығы, мерзімділігі және басқа дақылдарға қарағанда күтімді көп қажетсінбейтіндігіне байланысты болса керек. Ақ егіске орақ түскен кезін ақсабанның мезгілі дейді, орақ науқаны аяқталып, қырман қызылдағаннан кейін ақ сабанның тойын өткізген.

АҚ ЕТТІ МАЛ Жал-жаясы, қазысы бүтін жылқының семіз түрі. Халық тілінде аузынан ақ майын ағызды детін сөз орамындағы ақ май етті жылқының жал-жаясы, қазы-картасындағы май деген ұғымды білдіреді.

АҚ ЖАҢБЫР Ағыл-тегіл жауған жауын, аққан суы сай-саланы алып кететін селдеткен жауын.

АҚ ЖАУЛЫҚ 1. Әйелдердің ақ түсті орамалы. **2.** Ақ жаулық (орамал) әйелдерді бас киіміне қарап ажырататын белгі болғандықтан, ақ жаулық атауы «әйел», «жұбай», «қосақ» тәрізді ауыспалы мағынада да жұмсалады. Осыған орай «Бірінші байлық – денсаулық, Екінші байлық – ақ жаулық, Үшінші байлық – он саулық» деп келетін мақал қалыптасқан. Ақ жаулықты үнемі таза ұстап, аяқасты етпейді, біреуге сыйламайды. Өйткені баскиім – қазақ үшін қасиетті бұйым.

АҚ ЖАУЫП АРУЛАП ҚОЮ **1.** Таза жуып, ақ кебінге орап құрметпен жерлеу. **2.** Ақ түс тазалық пен пәктікті білдіретін болғандықтан мәйіт тек қана ақ түсті матамен оралады, ақпен кебінделеді. Оның мәні : қайтыс болған адам о дүниеге тазарып баруы тиіс. Сонымен бірге ақ кебін – «анықтың» ғайып болғанын, «бардың» жоққа айналуының нышаны.

АҚ КИІЗГЕ ОТЫРҒЫЗЫП ХАН КӨТЕРУ т а р и х и. Хандық дәуірде хан сайлаумен байланысты салтанатты рәсімнің аяққы шарықтау кезеңі.

АҚ КИІЗГЕ САЛЫП КӨТЕРУ 1. Сайланған ханды ақ киізге отырғызып көтеру рәсімі. **2.** Халық болып сайлаған ханды ақ боз биенің сүтіне шомылдырып, тазартып ақ тілегін білдіреді; ақ киізге отырғызып жоғары көтеріп хан тағына отырғызып ұлықтайды. Бұл рәсім – бір орталықтан басқарылатын мемлекеттіліктің символы.

АҚ КҮЮ 1. Ежелгі мифтік сенімнен туып қалыптасқан ғұрып. 2. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам жүйесінде негізгі тіршілік көзі ет пен сүт өнімдері болды. Қазақ етқоректі халыққа жатады. Сонымен бірге сүт, айран, құрт, ірімшік, шұбат, қымыз тәрізді ағарған түрлерінің маңызы өте зор болды. Сондықтан қазақ тұрмысында киелі саналды, оны төгіп-шашпады, ысырап қылмады. Қазақтың ағарғаны тазалықтың, пәктіктің, адамгершілік гуманизмнің, жақсылыққа жорудың символына айналды. Сондықтан ағарған әртүрлі ғұрыптық шараларды атқарудың құралына айналып, оның көріністері бүгінгі күнге дейін сақталып келді. Мәселен, көктем келіп күн алғаш күркірегенде шөмішті сүтке малып алып, киіз үй сыртынан айнала жүріп «сүт көп, көмір аз» деп дауыстап айтып ұрғылап шығады. Оның мәні жауын мол болып, жердің оты көп болып, малдың көп төлдеп, желінінің аман болуын тілеу. Өрт шыққанда, құйын келе жатқанда, су тасығанда алдынан ақ шашып, табиғаттағы дүлей күштің бетін қайтару амалын жасайды. Үйге кірген жыланның басына ақ құйып шығарып жіберу (өлтірмей), үйді күтпеген жерден қаптап кеткен құмырсқа үйіріне ақ тамызу қазақтың аса бір қажеттілік болмаса, қандай да бір тіршілік иесінің өмірін қиып, жанын алуға болмайды деген байырғы ұғым-түсінігіне байланысты туған, ешкімге, ешнәрсеге қылдай қиянат жасамайтынын білдіретін ғұрып болып қалыптасқан.

АҚ МАЙ 1. Сойылған мал етіндегі және күз бен қыста сауылған мал сүтінен алынатын май. 2. Ақ май ел ішінде сойылған малдың аса семіз шыққанын да білдіреді. Май – күйліліктің, молшылықтың белгісі. Май семіз, күйлі малда болады. Тіліміздегі «кенелді, не ішем, не жеймін демеді» деген мағынада қолданылатын аузынан ақ май ақты тәрізді фразеологизм осымен байланысты қалыптасқан. Сонымен бірге, халық тәжірибесіне қарағанда құрғақ шөп жеген малдың, әсіресе, сиырдың сүтінен түскен майдың түсі ақ болады. Соған орай оны да ақ май дейді. Сауын малынан ақ май күз бен қыста шөп қураған кезде алынады.

АҚ МАЛ 1. Жылқы түлігі. 2. Дәстүрлі малшаруашылығында төрт түліктің физиологиялық ерекшелігімен бағым-күтіміне қарай оларды ақ мал, қара мал деп бөледі. Қазақ шаруалары күйіс қайырмайтын малды ақ мал, күйіс қайыратын малды қара мал деп ажыратады. Төрт түліктің ішінде жылқы күйіс қайырмайды. Қыста да қорада бағылмай, ақ қар, көк мұзда алыстағы қысқы жайылымға қос шығарып бағылады. Жылқы малы қыс бойы ақ қарда тебіндеп жайыла береді. Осындай ерекшеліктеріне қарай жылқы ақ мал деп аталған (қ.қара мал).

АҚ МАЛ м а л ш ы л ы қ. Жылқы түлігі. Түліктің жайылым оты ақ от (боз от) болғандықтан, үйірлі жылқыны ақ мал деген (Қ. Ақ от). Ақ мал атауының білдіретін ұғымына малшы қауымның рационалдық таным-білімі негіз болған. Ақ мал алты ай жаз, алты ай қыс ауылдан алыс далада бағылған.

АҚ МОНШАҚ 1. Күмістен немесе түсі ақ тастардан тізілген моншақ. 2. Ақ моншақ тек сән үшін емес, тіл-көзден сақтану үшін де тағылады. Ол байырғы бақсылардың да ең мәнді атрибуттарының бірі болған.

АҚ МЫЛТЫҚТЫҢ АУЗЫН ЖАЛАСУ көне. э т н. Серт беріп, анттасу.

АҚ ОРДА 1. Еңселі, салтанатты үй. 2. Ақ ордада хан-сұлтандар келушілерді қабылдап, кеңес, мәслихат өткізген. Көп адам сиятын кең, еңселу болу үшін киіз үй он екі қанат керегеден құрастырылған. Оның жанында ханның отбасы тұратын ақ үй, қонаққа арналған боз үй болды; оған аяуырақ жерге қызметшілермен мен күтушілерге арналған қара үй тігілген. Сонымен бірге киіз үй жабынының түсі мен еңселілігіне, сән-салтанатына байланысты ертеректе байлар мен ел билеген хан-сұлтандардың отыратын еңселі, кең ақ үйін де ақ орда деп атаған.

АҚ ОТ Қамыс, мия, бидайық, жоңышқа, ажырық, көде, бетеге т.б. қыр шөптері. Жылқы мен мүйізді ірі қара ақ отпен қоректенеді.

АҚ ӨЛІМ 1. Адамның жасы жетіп, өз ажалымен қайтыс болуы. 2. Қарт кісілердің адал өмір сүріп, Алланың берген жасын жасап, жақын-жуықтарына ауыртпалығын артпай, қиналмай, айналасымен бақұлдасып, аманаты болса тиісті адамына тапсырып, имансуын ішіп, бала-шағасы мен ағайын-туыстарының алдында абыроймен дүниеден озуы «ақ өлім», «жақсы өлім» деп саналады. Қазақы түсінікте «Өзекті жанға бір өлім» дегенмен, «Қартайып өлсең қапың жоқ» деп, асарын асап, жасарын жасап, барып өмірден өту бұйырса екен дейді.

АҚ ӨТКЕЛ Арнасы ағысты, бірақ кешу беретін өткелдің түрі.

АҚ ПЕН ҚАРАНЫҢ АРАСЫ Таңның енді-енді сыз бере бастаған шағы. Бұл кезде шаруа адамы сауын малдарын өріске шығаруға қамдана бастайды. Жаз тоқсанда таң тез атады. Ақ пен қараның арасында жайылымға шыққан жылқы түлігі күн ұясынан шықпастан таңғы салқында біраз жусап алады. Байырғы қазақы ортада күйеу жігіт пен қалыңдықтың некесін ақ пен қараның арасында қияды. Өйткені діни сенім бойынша ақ пен қараның арасында көк қақпасы ашылып, періштелер жерге түсетін қасиетті мезет деп саналады. *Куә, куә, куәдірміз, Куәлікке жүрәдүрміз. Махшар таңның ақ-қарасында, Ақ куәлікке жүрәдүрміз,* - деп берілген куәлікті періштелер Алланың дарғаһына (табалдырығына) жеткізеді деседі.

АҚ ПЕН ҚЫЗЫЛДЫҢ АРАСЫ Күн ұясына кірген шақ, іңір қараңғысына дейінгі мезет. Байырғы қазақ дәстүрінде жел ұшық, жер ұшық, өкпемен қағу сияқты ем-домдарды ақ пен қызылдың арасында жасайды, іңір қараңғысына қалдырмайды. Сондай-ақ, тәуліктің бұл шағы да қасиетті саналғандықтан қылыш жүзімен серттесу, қасам ішіп, ант-су ішу, баталасу рәсімдері ақ пен қызылдың арасында жасалады деседі.

АҚ СОРПА 1. Сүзбе, құрт қосып берілетін, дәмі қышқылтым сорпа. Сүйектерді әбден қайнатып дайындаған сорпа. 2. Сүзбе, құрт қосып ұсынатын сорпа ас-тағамның жақсы сіңуі үшін беріледі. «Тарыдай ет жеп, таудай сорпа іш» бүкіл сорпа атаулыға қатысы бар. Сүйектерді ұзақ қайнатқанда пайда болған ақшыл сорпаның майын алып, кейінірек қара сабын дайындауға қолданған. Қазақ шеберлері ағаш бұйым жарылмасын деп ақ сорпаға біраз уақыт батырып қойған. Ақ сорпаны әртүрлі мақсатта пайдалану халықтың тәжірибелік білімі мен тіршілігіне негіз болған

малшаруашылығын қалдықсыз технологиямен жүргізудің ертеден-ақ жолға қойылғандығының бір көрінісі деуге болады.

АҚ ТҮЙЕНІҢ ҚАРНЫ ЖАРЫЛДЫ 1. Қуанышқа кенелді, қарық болды. 2. Байырғы қазақ ұғымында түсі ақ түйе (аруана, інген, бура) киелі, байлықтың көрсеткіші, сән-салтанаты деп саналғандықтан ақ түсті түйені құрбандыққа шалу аса қуанышты жағдайда ғана орын алды. Аталмыш фразеологизм ел үшін аса маңызды саналатын оқиғаның тілдік бейнесі.

АҚ ҮЙ 1. Ақ түсті киізбен жабылған үй. 2. Ақ үйдің киізі ақ қойдың жүнінен басылады. Ақ қойдың саны басқа түсті қойлардан аздау болған. Ақ түсті жүннен басылған киіздердің қара киізге қарағанда сирек кездесетіні сондықтан. Алайда ақ түсті болып көрінетін киіз дайындау технологиясы қазақтар арасында ертеден белгілі болды. Киізге ақ түс беру үшін оған бор (кейде ақсүйектің ұнтағын) қосып басқан. Киізінің түсіне байланысты қалыптасқан ақ үй, хан-сұлтандарда, ауқатты отбасыларында қолданылған. Ақ үйде көбінесе қонақ қабылдаған. Ақ үй – байлықтың, биліктің, сән-салтанаттың белгісі.

АҚ ШИ 1. Қабығы тазартылған шидің өзінен ғана тоқылған бұйым. 2. Көбінесе құрт, ірімшік жаюға, киіз басуға, сойылған малдың етін жаймалауға, сүзгі ретінде қолдануға арналған шиге жүн оралып, ою-өрнек тоқылмайды. Бұйымды қолданудың тұтыныстық ерекшелігі оның көркемдігін қажет етпейді. Атаудың мазмұны «таза», «құры өзі» тәрізді ұғымдармен байланысты қалыптасқан.

АҚ: АҚ ПЕН ҚАРАНЫҢ АРАСЫ Таң қараңғысы, таңның енді атар тұсы. Ақ пен қараның арасы қасиетті саналып, жас жұбайлардың некесі қиылып, құтпа оқылады.

АҚ: АҚ ПЕН ҚЫЗЫЛДЫҢ АРАСЫ Ымырт алды, Күннің әлі бата қоймаған шағы. Ақ пен қызылдың арасы қасиетті саналып, жерұшық жасау, ұшықтау сияқты ырымдар жасалады.

АҚАБА АРЫҚ 1. Іркінді суды ағызып жіберуге арналған арық. 2. Егін суарғанда арық-атыздың аяғына жеткен су жиналып, көлкіп, ақпай тұрып қалады. Ондай жағдай жер бедеріне немесе суды шамадан тыс мол жіберуге де байланысты болуы мүмкін. Егістік аяғындағы ақпай жиналып қалған суды ақаба, ақаба су дейді. Ұзақ уақыт тұрып қалған ақаба жерді саз-балшыққа айналдырады. Егінші-диқандар оны «жер азып кетті» дейді. Ондай жердің суы борсып, шыбын-шіркей, маса көбейеді. Жер азып кетпеу үшін арық-атыздардың аяғынан терең арық қазылады. Ол ақаба арық деп аталады. Ақаба арық жай арықтан терең болғандықтан оған жиналған су деңгейі төмен болғандықтан егістік жер азып-тозбайды. Ақаба арық қазақ егіншілерінің гидротехникалық білімі мен тәжірибесі айтарлықтай болғанын көрсетеді.

АҚАЙЫЛ 1. Көп мініліп, ер-тоқымның табы кетпеген мініс көлігі. 2. Басқа атпен ауыстырмай үнемі мінген аттың арқасына ер батып жауыр болған орны мен айыл-тұрман батқан бауырының түктері ақ, боз болады. Бұл мініс көлігінің ер салғаннан әбден ығыр болғанын көрсетеді. Ондай атты ұзақ уақыт бос жіберіп күтімге алса, бірте-бірте ер-тоқымның табы кетеді.

АҚАЛАҚШЫ 1. Сауда керуенінің басшысы. 2. Сауда-саттықпен айналысатын адамдар арасындағы кәсіби жіктелісті білдіретін атау. Керуеннің жүріс-тұрысы, нарықтағы өзгерістер туралы ақпараттарды ақалақшылардан алып отырған.

АҚБАЙПАҚ Мүйізді ірі қарада болатын қауіпті індеттің – мәліктің түйеге жұққандағы атауы.

АҚБАҚАЙ АТ МІНУ 1. Бақайында ақ жолағы бар атты мініс көлігі ретінде пайдалану. 2. Кейбір жылқы аяғында кездесетін ақ түсті түк. Жылқы денесінде сирек ұшырасатын бұл нышанды қазақ ерекше көріп, жақсы ырымға балаған. Ертеректе күйеу жігіттің қайынжұртына, түскен келіннің ақ бақай атқа мініп келуі сән-салтанат, мәртебе болып саналған.

АҚБАЛШЫҚПЕН АҚТАУ 1. Әктастың тұнбасын жағу, ағарту, әктеу. 2. Су құйып дайындалған әктастың құймалжын тұнбасы – ақбалшықпен үй-жайды әктеумен бірге, оны құрт-құмырсқадан сақтануға қолданады. Бау-бақша өсіретін өңірлерде жеміс ағаштарына құрт-құмырсқа түспесін деп ағаш діңінің төменгі бөлігін ақбалшықпен әктеп қояды. Оңтүстік қазақтарының тұрмысында сойылған қойдың қарнын тез әрі оңай тазалау үшін ақбалшықпен жуады. Осыдан кейін пышақпен қарынның бүрін оп-оңай тазалап алады.

АҚБАС ЖУСАН 1. Түп-түп болып өсетін жусанның бір түрі. 2. Үйге құрт-құмырсқа кірмеу үшін ақбас жусаннан жасалған сыпырғымен сыпырады, күйе түспеу үшін киіз бұйымның арасына салады, өйткені оның дәмі ащы болады. Боз жусанмен қосып қайнатып түсі сары, жүн бояйтын бояу алады. Ішекқұрттан сақтану үшін малды ара-тұра ақбас жусанды отқа жаяды. Оны әртүрлі ішек-қарын ауруларын емдеуге, қан тоқтатуға пайдаланған.

АҚБАС Мініс аттың ыстық-суыққа ұрынып, бақай, тұяқтарын, құндыздықтың бөрткен шығып, іріндеуінен болатын ауру.

АҚБОЗАТ ПЕН КӨКБОЗАТ 1. Дәстүрлі этноастрономияда айтылатын көк жүзіндегі Темірқазықты айналып жүретін екі жарық жұлдыз. 2. Қазақтың мифологиялық танымында осы екі жұлдыз Темірқазыққа арқандалған екі атқа баланады: оның ақшылдауы Ақбозат, көкшілдеуі Көкбозат аталады. Қазақтар ертеде Ақбозатты Темірқазықпен бірге бағыт-бағдар алуға жиі пайдаланған. Қазақ арасында сақталған аңызда Жетіқарақшы Ақбозат пен Көкбозатты ұстаған күні ақырзаман болады-мыс.

АҚБӨКЕН 1. Шөлге төзімді, өте жүйрік, еті адал, мүйізі мен тұяғы құнды, терісі бағалы қоңыр аң. 2. Ақбөкеннің мүйізін сусамырды, күйдірілген тұяғының күлін теміреткіні емдеуге пайдаланған.

АҚДИУАН Қарсы алар алдың тосып тарғыл шұбар, Жыландар һәрбір түрлі түстілер де. Ақдиуан сен залымды бұрылдырмас, Есіме енді бүгін түсті дерге (Ғ.Қараш, Замана, 65-б.).

АҚЖАЛАУ Қоқан хандарының бейбіт жатқан елді шабатын қосыны. XVII ғасырларда қазақ жерінің Алатау, Қаратау, Шу, Талас өңірі, Ташкент жақтағы қазақтар Қоқан хандығының билігінде болды. Қоқан билеушілері қазақтарды шала мұсылман, тіпті мұсылман емес деген желеумен қосын

шығарып малын айдап, мүлкін талан-таражға салған. Бұндай ел шабатын қосын сол кезде *ақжалау* атанып кеткен. Қосынның ақжалау атануы бастарына желпілдеген ақшалма орағандықтан болса керек. Ақжалау ат үстінде жүргенде бейбіт жатқан қазақтардың мал-мүлкін, әйел-қыздарына дейін олжалап, күндікте ұстаған немесе арғы елдерге құл қылып сатқан. Тіпті, «Қыз салық» сияқты салықтың қисынсыз түрін де шығарған (қ. «қыз салық»). Қоқан билеушілерінің ат үстінде жүрген ақжалау қосыны істеген бұндай қиян-кескі, зорлық-зомбылықтары ел есінде *«Ақжалау барда малым бар деме, Әзірейіл барда жаным бар деме»* деген мақал түрінде сақталып қалған.

АҚЖАЛБЫЗ 1. Биік болып өсетін хош иісті, жапырақтары әр буыннан екі жаққа тарала өсетін өсімдік. 2. Ақжалбызды қазақтар дәрілік өсімдік ретінде таниды. Күн тигенде асқазан, ішек ауырғанда өзін кейде басқа өсімдіктермен қосып қайнатқан суын ішіп емделген. Сол сияқты оның басқа өсімдіктермен араластырып дайындаған қоспасын аяқ-қолдың қотырын емдеуге пайдаланған.

АҚЖЕМ 1. Су сорып ағарып кеткен тері, ет. 2. Саятшылар аңға түсетін қыран құстарды бабына келтіріп, сол жарау күйінде ұстап тұру үшін ақжем деп аталатын шикі ет дайындап береді. Ақжем деп жапырақтап тураған етті инемен шабақтап алып, жылы суға бес-алты рет шайып, сығып отырып қан-сөлінен арылтқан, сондықтан да қызғылт өңі бозарып кеткен етті айтады.

АҚЖОЛ ЕМІ 1. Қазақтың ескі салты бойынша ер жігітке тиген оқты денеден шығару үшін оның үстінен әйелдерін үш мәрте аттататын әдет. 2. Егер әйел күнәсіз (өзге еркекке көзі түспеген) болса, денедегі оқ кері шығады деген ұғым болған. Ешбір дәрісіз, құралсыз тек адалдығымен шипагер болғандықтан, әйелдердің бұл емін «ақжол емі» деп атаған.

АҚЖУСАН 1. Тізеге дейін биіктеп өсетін жусан түрі. 2. Ақжусанды сиыр жемейді, басқа түліктер жей береді. Әсіресе, ақжусанға жайылған қой малы тез қонданады. Ақжусанды халық емшілері қуық қабыну, бауыр аурулары мен тұмауды емдеуге пайдаланған.

АҚЖІЛІК 1. Жілік майы толған, көкпарға, бәйгеге, ұзақ жүріске жаратуға болатын (ат). 2. Этнограф Ж.Бабалықұлы ақжілік туралы: «Қазақ тілінде жілікті, жілігі майлы, жілік майы сорғалап тұр, кемік майы сорғалап тұр, жілік майы тоқпақтай деген сөз тіркестері кездеседі. Бұл жілік майының табиғи қалыбының өзгеріске ұшырамағандығын, яғни «ақжілік» деген деген ұғымды аңғартады», - дейді. Бұған керісінше, жілігінде майы жоқ, жілік майы азайған, жілік майы қылдырықтай тәрізді сөз орамдары малдың жем-шөпке жарымағандықтан арық, күйсіз, тіпті ауру екендігін білдіреді. Ақжілікке қарама-қарсы малдың күйін қанжілік дейді. Жілік майының қандай екенін анықтау үшін үнемі бірге жүріп жайылған аттың біреуін сойып, сүйегін шағып, майын тексеріп көреді. Жілігі татымайтын күйсіз аттың қасына басқа атты қосып, екеуін бірге бағып-күтіп, кейін біреуін сойып тексереді.

Ақкіс. Орман-тоғайлы жерлерде кездесетін терісі бағалы аң. Мен оған ақкіс терісінен тігілген бөркімді жібердім (Бабырнама, 118).

АҚҚАЙЫҢ 1. Қабығы ақ, жапырағы жүрек тәрізді, бұтағы төмен салбырап өсетін ағаш. 2. Аққайыңның тозынан (қабығынан) бұрын ыдыс жасаған, күйдіріп дәрі-дәрмекке қосқан, қайнатып несеп айдауға ішкен. Буын ауырғанда жапырағын ыстық суға салып, сонымен булап емдеген. Аққайыңның сөлі де емдік, сусындық қасиетімен белгілі болған. 18 ғасырда жоңғар шапқыншылығына ұшырап, ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама болғанда ел-жұрт қайың сауып, сөлін талғажау еткен.

АҚҚАЙЫҢДЫ САУҒАНДА 1. Жеуге малы қалмаған қазақ қайыңды шауып, сөлін ішкен естен кетпес қатты жұт, ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама болғанда. 2. Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама – 1723-1729 жылдардағы жоңғар шапқыншылығына ұшырап, елінен, жерінен айырылған қазақ халқының тарихындағы ауыр кезең.

АҚҚАҢБАҚ 1. Биіктігі бір метрге дейін жететін, құмыд, шөлейтті жерлерде өсетін, шоғырланып тұратын гүлі ақ түсті қаңбақтың бір түрі. 2. Мал жемейтін, тек гүлдеген кезде ғана түйе аздап жейтін, илік, дәрілік қасиеті бар, тамырынан сабын қайнатқанда пайдаланатын өсімдік.

АҚҚАҢБАҚ Қыр оты. Гүлдену кезінде түйе түлігінің біршама жейтін маусымдық шөбі. Халықтық ветеринарияда аққаңбақтың тұнбасын жылқының бауыр ауруын емдеуге пайдаланады. Қолөнерде аққаңбақтың ұнтақталған тамырын бояуға арналған жүнді жуады.

АҚҚУ 1. Ұзын мойынды, ақ қауырсынды, өте сымбатты құс. 2. Байырғы түркі халықтарында аққудың тотемдік мәні болған, ал қазақ халқы оны киелі құс деп санайды. Оны қастерлеп, оқ дейді. Ескілікті наным бойынша оған оқ атса, аққудың киесі ұрады. Қазақта ерекше сипатағы бақсылар ғана аққудың терісін жамылып, қауырсынын қадап ойын көрсеткен. Қазақ танымында аққу – пәктіктік, сұлулықтың, адалдықтың символы. Оның бұл қасиеттері қазақ әдебиетінде көп кездеседі.

АҚҚҰЛА 1. Қырман қызылдағанда диқанның жоқ-жітікке тегін үлестіретін бөлігі. 2. Өзбектер мен тәжіктердегі сияқты қазақ танымында аққұла «Құдайдың несібесі», «Құдайдың сыбағасы», ал астық бастырған кезде мал тұяғынан жұққан, мал денесінен түскен әртүрлі ластан, кірден тазартады. Диқан аққұланы жетім-жесір, кедей-кепшік, дін жолындағы адамдарға, қайыршыларға таратып берген. Аққұла алушы адам Қырман қызылды болсын! Қыдыр дарысын, берекең тасысын деп баға беріп алған.

АҚҚҰРТ 1. Ұсақ малдың ішегінде құрт тудыратын ауру. 2. Аққұрттан алдын ала сақтану үшін шопандар қой-ешкісін ащы отқа жайып отырады. Малдың несесі мен қиынан ащы, кермек иіс шықса, оны ащы отқа тойғандықтың белгісі деп санайды. Аққұрт болған қой-ешкіні жусан, ермен, кекіре, итсигек, бұйрғын, және т.б. қыр шөбіне жаяды. Аққұрттың көбейіп кетуін шопандар «құр жайлады» дейді. Құрт жайлаған малға сарыүйек деп аталатын жыланды өлтіріп жұтқызған, сүтке апиын езіп ішкізген, жемге күшала қосып берген немесе ерітілген жылқы майын аузына құйып емдеген.

АҚМИЯ 1. Иісі өткір шөп. 2. Малшылар малдың тыныс жолдары тазарсын деп, өрістен қайтқанда ақмия өскен жерге біраз иіріп, аялдап өткен.

Ащы иісі ақмия малды түшкіртіп, тыныс жолдарын ашып, малдың бойы біраз сергіп қалған.

АҚПА ЖҰЛДЫЗ 1. Планеталар арасындағы кеңістіктен келген метеорлық дененің жер атмосферасына енуінен пайда болатын құбылыс. 2. Қазақтардың дәстүрлі космогониялық наным-сенім бойынша аспандағы әр жұлдыз – жердегі әрбір адамның жанының кепілі. Яғни аспанда қанша жұлдыз болса, жердегі адамның саны сонша болады екен. Ш.Уәлиханов бұл туралы: «Қазақтар жұлдыздардың жер бетіндегі бақытқа әсер ететініне сенеді. Енді біреулердің пікірінше, әрбір жұлдыз жердегі әрбір адамның жанымен байланысты, адам өлгенде оның аспандағы жұлдызы да ағып түседі. Аспаннан ағып түскен жұлдызды көрген қазақтар «менің жұлдызым жоғары»...

АҚСАБАННЫҢ КЕЗІ Ақ егістің, яғни бидай, арпа, сұлы дақылдарына жаппай орақ түсіп, бастырылып жатқан науқан шағы. Өзге көк егіске, мысалы, тарыға қарағанда ақ егістің сабағы ақшыл сары түсті болып ерекшеленіп тұрады. Осы белгісі аталмыш ұғымның ақсабан аталуының уәжі болған. Егіншілер арасында қарызға тұқымдық бидай алғаны, қосқа шығып, жер айдағанда күш көлік жалдағаны үшін диқандардың өзара алыс-беріс, қарыз-құрыздары болған. Егінші қауым алашық-берешіктерімен *ақсабанның кезінде*, яғни дәнді дақылдардың түсімі айқын болған кезде есептескен. Халық тілінің паремиологиялық қорында *«алашығыңды ақсабанда аларсың, не қақсағанда аларсың»* деген мәтел бар. Орақ науқаны аяқталып, қырман қызылдағаннан кейін ауыл-үй арасында ақсабанның тойын өткізетін дәстүр болған. Кей жерлерде бұл атау *сабантой* деп аталған.

Ақсабанның тойы. Егіншілік. Егінге алғаш орақ түскенде өткізілетін мереке. Егінге орақ саларда Дихан бабаға бағыштап құрбандық шалып, дастарқан жаю Диқан дарысын деп ізгі тілек айту орақ науқанын ұжымшылдықпен атқаруға ұйтқы болады. Егінші ауылдарда ұжымшылдықпен атқарылып, орақ науқаны ақсабан, ақ егістің орағы деп те айтылады. Диқандар қауымы өткен қыста тұқымға алған алыс-берісін ақ сабанның кезінде қайтарады. Алашағыңды ақсабанда аларсың, не қақсағанда аларсың деген дағдылы сөз осы орайда айтылған.

АҚСАҚАЛ 1. Жасы үлкен, құрметті ер адам, қария.

АҚСАРБАС 1. Қуанғанда, қорыққанда, қатерлі сырқаттан айыққанда, тілек тілегенде Құдайға құрбандық етіп арнайы шалынатын мал. 2. Ақсарбасқа *боз қасқа, көк қошқар* тәрізді ерекше белгісі бар мал аталады.

АҚСУ 1. Таулы, қыратты жерлердегі мұздақтардан ағатын ағыны қатты су. 2. Халықтың географиялық танымында ақсу – ағып жатқан су, оның таудан қатты екпінмен ағатын түрі – тентексу, ал қарасу – жер астынан шығып жатқан, ақпайтын су деген ұғымда қолданылады.

АҚСҰҢҚАР 1. Алғыр, қарулы жыртқыш құс. 2. Ақсұңқарды қолға үйрететін аңға салады. Қазақ әдебиетінде алғырлық, өжет қасиеті көп жырланады. Қазақта ақсұңқар – алғырлық пен тегеурінділіктің символы.

АҚСҮЙЕК 1. Ертеректегі қазақ қоғамындағы дәстүр бойынша халыққа үстемдік етуші айрықша құқықтар мен артықшылықтарға ие болған

таңдаулы әулет өкілдерінен тұратын әлеуметтік топ. 2. Әлеуметтік құрылымы жағынан дәстүрлі қазақ қоғамы экономикалық, құқықтық, саяси жағынан едәуір айырмасы бар ақсүйек және қарасүйек деп аталатын екі әлеуметтік топқа бөлінген. Ақсүйектерге қазақтың ру-тайпасының ешқайсысына жатпайтын Шыңғыс хан әулетінен шыққан төрелер және дін таратумен байланысты қазақ даласына келген қожалар мен сейіттер жатады. Төрелер хан, сұлтан болып ел биледі. Оларға құрмет айрықша болып, аттарын атамай, «тақсыр» деп тіл қатқан. Ақсүйектер қазақтан қыз алғанмен, қарасүйекке қызын бермеген. Оларға өлім жазасы кесілмеген. Ақсүйектер сауатты әлеуметтік топ болды, олардың арасынан оқымыстылар көп шықты.

АҚСҮҢГІ 1. Найзадан бөлек, сабына шыжым байлаған, бастан асыра шыр айналдыра лақтыратын ұрыс қаруы. **2.** Осы қарудың сипаты Нұрхан Ахметбекұлының дастанында айқын сипатталған: Ағаш сапты **ақ сүңгі** Өзек құлаш шыжыммен Шырлатып жауға лақтырған.

АҚТАБАН АТ Жүрісі елгезек, тызетпе жүйрік. Ақтабан ат қашаған ұстауға, саяқ қайтаруға, асау үйретуге қолайлы ат. Көшкенде жылқы айдаймын ақтабанмен, Болмайды жаман жақсы мақтағанмен,- дейтін кара өлең жолдары ақтабан аттың ерекшелігін меңзейді.

АҚТАБАН ШҰБЫРЫНДЫ [АЛҚА КӨЛ СҰЛАМА] 1. Жоңғар шапқыншылығына ұшырап (1723-1729 жж.) елінен, жерінен айырылған қазақ халқының тарихындағы ауыр кезең. **2.** Қазақ тарихындағы ел басына түскен ауыртпалық, қиыншылық, азап.

АҚТАНА 1. Күмістен жасалған дөңгелек пішінді түйменің үлкендеу түрі. **2.** Ақтана көбінесе қыз-келіншектердің киіміне тағылады. Қазақтың дәстүрлі отбасылық мәдениетінде түрлі ғұрыптық инициациялық рәсімдерді атқарудың қажетті атрибуты болды. Отбасылық – неке салтында айттырылған қалыңдық жастау болса жігіт жағы айттырылғандықтың белгісі ретінде сырғаның орнына ақтана таққан. Ақтананың эстетикалық құндылығы аса жоғары бағаланған, соған орай қыздың жәудіреген көзін «тана көзге» теңеген.

Ақтебін. Кезек-кезегімен, алдымен жылқы тебіндеп, біршама қары аршылған, соңынан сиыр, түйе, қой-ешкі жайылып, шөбі түгесілген өріс.

АҚТЫҚ Емшінің ақысына заттай берілетін сыйақы. Сыйақы қой-ешкі, көйлек-кездеме түрінде болған.

АҚТЫЛЫ: АҚТЫЛЫ ҚОЙ, АЛАЛЫ ЖЫЛҚЫ 1. Ағы аралас қой, әр түрлі түстегі топ-топ жылқы түлігі. **2.** Төрт түліктің ішіндегі қазақтың ең ардақ тұтары – қой мен жылқы. Ағы аралас мыңғырған қой, үйір-үйір жылқы – байлықтың ба, бақ-дәулеттің де символы. Ақтылы қой, алалы жылқы тәрізді фразеологизм молшылықтың, мамыражай тоқ тіршіліктің метафоралық образы. Қазақы ортада бай адамдар жылқы түлігін, әдетте, құла, торы, жирен, боз және т.б. деген тәрізді түр-түсіне қарай жеке-жеке үйірге бөліп баққан. Алалы жылқы деген сөз тіркесі осы көріністі бейнелейді. Қара көктен екі үйір, теңбіл көктен үш үйір, бір үйір боз, бес үйір құла... сияқты сөз тіркестері де байлықтың салтанаты болып табылатын жылқы үйірлерінің бейнесіне байланысты қалыптасса керек.

АҚТЫМЫҚ х а л ы қ т ы қ м е т е о р л о г и я. Теңіздегі мүлгіген тыныштық, желсіз, бұлтсыз күн. Ақтымықта балық жақсы ауланатын болғандықтан балықшылық кәсібінде «теңізшінің арманы – ақтымық» дейді.

АҚҮЙЛІ [АҚҮЙ] АМАНАТ 1. Ежелгі қыпшақ заманынан қазақ хандығы жойылғанға дейінгі дипломатиялық қатынасты білдіретін ұғым. 2. Жеңілген елдің басшысының жеңген жақтың қоластына туған ұлын үй мүлкімен кепілдікке жіберетін аманаты.

АҚША 1. Сауда-саттық кезінде күн өлшемі ретінде пайдаланылатын металл және бағалы қағаз. 2. Төлем құралы ретінде айналымға енгізілген ақша – мемлекеттің даму дәрежесін, экономикалық, әлеуметтік, саяси жағынан жоғары деңгейге дамығандығының бір белгісі.

АҚШЕЛЕК: АҚШЕЛЕКТІҢ МАЙЫНА ШАҚЫРУ 1. Түйе сойған үйдің белгілі кісілерді қонаққа шақыруы. 2. Түрікменстан қазақтары түйенің тоқпан жілігін ақшелек деп атайды. Бұл атаудың осы мағынасы көп жерлерде ұмыт болған да, «түйе ауруы» мағынасында сақталып қалған. Жалпы, ертеректе ақшелек деп түйе жілігін де, оның ішіндегі майын да, түйенің ауруын да атаса керек. Ақшелек келгір деген қарғыс түйе ауруына, ал ақшелегі түсті, ақшелегі түскендей ақтарылды фразеологизмдері сойған түйеден түскен майдың аса молдығына орай қалыптасқан. Ауру малдың етіне қазақтың қонақ шақырмасы анық. Ол түгіл арық, ақсақ-тоқсақ мал етін қонаққа ұсынбайды. Жайшылықта, қонақ келгенде де түйе сойылмайды. Ол тек соғым ретінде сойылады. Түйе сойған үйдің соғымбасына шақыруы әлі де жоғалмаған. Ақшелектің майына шақыру немесе соғымбасы деп шақыру – молшылықтың, сыйластықтың, ауызбіршіліктің белгісі.

АҚШОМ 1. Алыс жерден астық алып қайту үшін шығатын түйелі керуен. 2. Ақшом жолсыз жерлерде жүк тасымалдаудың түйемен атқарылатын түрін жолға қоюды, әлеуметтік, кәсіби жіктелудің жаңа түрінің пайда болуын білдіреді. Осы кәсіптің шығуымен байланысты ақшомшы атауы қалыптасты.

АҚЫКИМ 1. Мәйітті арулауға қатысқандарға берілетін киім. 2. Мәйітті арулауды сүйекке түсу дейді. Сүйекке түскендердің біреуі мәйіттің басын, екіншісі ортасын, үшіншісі аяқ жағын ұстап, төртінші адам құман ұстап, мәйітті бастан-аяқ тазалап жуып арулайды. Арулағанда мәйіттің басын жуғанға -баскиім, ортасына түскен адамға – белбеу, аяқ жағын ұстағанға аяқ киім және әрқайсысына сырт киім немесе оның орнына ақша қосып береді. Су құйып тұрған төртінші адамға ақ мата беріледі. Өліктің жанашыры ретінде қатысқан бесінші адамға ақыкиім берілмейді. Мәйітті арулаған сүйекшілерге ақыкиім таратылмаса, марқұм о дүниеге қарыз болып кетеді деп саналған.

АҚЫМАР Шарифат бойынша ерлі-зайыптылар ажырасқанда әйелдің пайдасына бөлінетін мал-мүлік, өзі күнделікті өмірде пайдаланған тұрмыстық заттары, яғни әйелдің еншісі. Ақымар малдай, жылжымайтын мүлік немесе ақша түрінде де берілген. Күйеу ақымарды өзінің дүние-мүлкінен басқасын халықтың алдында жазылған тізімсіз бөліп берген.

АҚЫН 1. Өлең-жыр шығарушы өнер иесі. 2. Шығармашылық дәстүрде өлеңді, жырды табан астында қиыстырып айтатын ақындарды халық сөз шеберлігінің биік шыңы деп бағалаған. Олар жыршы ақындар, өлеңші ақындар, әнші ақындар деп сараланады. Жыршы ақындар өз жанынан жыр, дастан шығарумен қатар өзінен бұрынғылардың жырлары мен дастандарын сақтаушы-жинақтаушы (кумуляция), жеткізуші (трансформация), айтып таратушы (трансляция), қайта жаңғыртушы (ретрансляция) ретінде шығармашылық қызмет атқарды. Жыршы ақындар жаңа оқиғаны ғана сөз етіп қоймай, ежелгі жырларды да бірде жаңғырта, бірде дәстүрлі түрінде жырлап, ескі мен жаңаны қатар алып өзінің жадында, репертуарында сақтап жүрді. Сақтап қана қоймай, ақындардың арасында оны өңдеп толықтырып, байытып жырлайтындары бар. Жыршы ақындар шығарған жыр, дастандардың негізгі арқауы ерлік, елдік, әлеуметтік-қоғамдық мәселелер болды. Өлеңші ақындар өмір шындығын бейнелеуде зат, нәрсе, құбылыстарды өз атымен атауды шығармашылық тәсіл ретінде қолданды. Шығармаларына тұрмыстық жайттар, күнделікті өмірдің қат-қабат қатпарлары арқау болды. Әнші ақындардың дәстүрлі қазақ қоғамындағы орны ерекше болды. Олар сөз өнері мен әншілік жанрды дамытып, жоғары деңгейге көтерді. Олардың әншілік, орындаушылық, композиторлық шығармашылығы қоғамның эстетикалық санасы мен халықтың эстетикалық талғамын қалыптастырудағы және синкретті өнерді дамытудағы ролі ерекше деп бағаланады. Жыршы, әнші, өлеңші ақындардың ішінде айтыскер ақындар да болды. Айтыскер ақындар көбіне елдің үлгі тұтар тұлғаларын, олардың жақсы қасиеттерін асқақтата айтып, сондай-ақ ел ішіндегі келеңсіздік пен өрескел қылықтарды сынады. Қазақ қоғамында дәстүрлі ақындық мектепте жыршы ақындардың шығармаларында әлеуметтік-идеологиялық сарын, өлеңші ақындардың өлеңдерінде танымдық-тәрбиелік мән, әнші ақындардың ән өлеңдерінде гедонистік сипат басым болды.

АҚЫН ДАУҒА ЖАРАМАС, ШЕШЕН ЖАУҒА ЖАРАМАС Қаншалықты атақты болғанмен, әр тұлғаның өз орны бар.

АҚЫРЕТ: АҚЫРЕТ САНДЫҚ 1. Қартайған адамның артын атқаруға қажет болатын заттар салынатын сандық. 2. «Өлім байдың малын шашады, жоқтың артын ашады» деп, қартайған адамдар өлімнің айтып келмейтінін ескеріп, шамасына қарай ақыреттік сапарына ақ түсті киіз, кебін, шымылдық, ине-жіп, сабын, құман және т.б. арулауға қажетті заттарды әзірлетіп, сандыққа салып сақтайды.

АҚІРІМШІК 1. Ыстық сүтке іріткі құйып (мәйек қосып) жасалған тағам. 2. Сүттің мол кезінде, көктемде дайындалады. Келесі көктемге дейін пайдалану үшін кептіріп алып сақтап қояды. Қыстыгүндері шайды ақірімшікпен ішеді кейде сорпаға да қатылады (қосылады).

АЛА АРҚАН 1. Ақ пен қара түсті жүннен, қылдан есілген жуан жіп. 2. Ала арқан – тоқтаусыз алмасып келіп отыратын күн мен түннің антиномиялық байланысын бейнелейтін, магиялық күші бар деп есептелетін ақ пен қара жіптен аралас етіп есілген ғұрыптық және моральдық-этикалық мәнді бұйым. Оның мәнділігі осы бұйымға байланысты қалыптасқан ұғым-

түсініктер мен ырым-тыйымдардан байқалады. Мәселен, дүниеге келетін баланың кіндігі мойнына оралып қалмасын деп аяғы ауыр әйелдің арқан есуіне, ала арқаннан аттап өтуіне тыйым салынады. Жас балалардың керулі арқанның астынан өтуіне болмайды – бойы өспей, тапал болып қалуы мүмкін деседі. Қорадағы қойды қасқырдан сақтау үшін арқан керіп қояды. Байырғы ұғым бойынша адам пайдаланған арқанның исін сезгенде қасқыр бөгеліп қалады, қораға түспейді. Жын-шайтан жоламасын деген ырыммен елсіз далаға түнеуге тура келгенде адамдар жатқан жерін арқанмен айналдыра қоршап қояды. Арқан ұрлағанның мойнына түбінде арқан түседі. Ырысы кетпесін деп қыз жасауын буып апарған арқанды кеспейді, оын қайтып алып кетуге де болмайды. Мал сатқанда, сыйлағанда басындағы арқан-жібімен беріп жібермейді, олай етсе, малдың құты қашады деп түсінген.

АЛА АРҚАН ҚИЮ 1. Билер сотындағы бір шешімге келуді, кесім жасауды бекітуді білдіретін қимылмен орындалатын рәсім. 2. Этнолог Нұрсан Әлімбаидың айтуынша, ала арқанды қию немесе ала жіп кесу рәсімі үш түрлі жағдайда орын алған: біріншіден, ала жіп кесу дауласушы екі жақтың келісімге келіп біткенін білдіреді; екіншіден, ру-қауымның демографиялық мөлшері тым артып, осыған байланысты жер (жайылым) тапшылығы айқын сезілгенде сегізінші атадан ары қарай бөлінетін келесі ру-қауымдық топ пен бөлетін ру-қауымның екі айырылуын рәсімдейтін ғұрып; үшіншісі – жас баланың жаңадан тәй-тәйләп жүре бастағанын рәсімдейтін ғұрып – сәбидің аяғына байланған жіпті кесу оның тіршілігінде жаңа кезеңнің басталғанын бейнелейді. Аталмыш рәсімдерге байланысты ала жіпті кесу, ала жіппен тұсау деп те аталады.

АЛА ЖІППЕН ТҰСАУ КЕСУ 1. Сәби қаз тұрғаннан кейін тез жүріп кетсін деген тілекпен алдын ала дайындатқан ала жіппен баланың аяғын тұсап, жүріс-тұрысы ширақ адамға қидыру. 2. Ала жіп дүние-тіршілік күн мен түннен, жақсылық пен жамандықтан, ақ пен қарадан, бұл дүние мен о дүниеден тұрады дейтін көне ұғымдардың шегарасын бейнелейді. Біреудің ала жібін аттамау (адал жүріп арамдыққа бармау, жақсылықты ұмытып жамандық жасамау, ұрлық жасамау, адамгершіліктен аттамау) деген ұғым бала тәрбиесінің негізі ұстанымы болды. «Ешкімге қастық қылмады, ештеңесін алмады, сынық бұрауына да тимеді, адал өмір сүрді» деген мағынада қолданылатын Біреудің ала жібін аттамады тәрізді бағалауыштық мәнді фразеологизм қазақтың осы тәрбиелік ұстанымына байланысты қалыптасқан. Әрине, баланың аяғын тұсауға «бай болсын» деген ырыммен қойдың жөргенделген ішегін, «шөптей қаулап өссін» деген тілекпен көк шөпті пайдаланатыны кездеседі. Кейде ішек пен ала жіпті қосып байлайтыны да бар. Ал, ала жіппен тұсау кесу – «Алым (ғалым) болу оңай, адам болу қиын деп түсінетін қазақтың адам деген ардақты атқа бала лайық болсын деген аңсары.

АЛА ЖІПТІ КЕСТІ «Айттым – бітті, кестім – үзілді» деген мағынада. Ала жіпті кесу даудың ақты-қарасын айыру, айқындау дегенге саяды.

АЛА ҚАПТЫҢ АУЗЫН АШТЫ 1. Ортаға салды, барын аямайды, бәрін төкті; сырын ашты. 2. Қуанышты күні соның белгісі ретінде үйдегі бар

азық-түлігін, тәтті-дәмдісін шығарып, мол дастарқан жаю қазақ тұрмысында жиі кездесетін жайт. Ала қаптың аузын ашу – қазақы мінез-құлықтың, дарқан көңілдің, тілектес адамдармен жақсы қатынасты жалғастырып-нығайтудың, ынтымақ-берекенің символы.

АЛАБОТА 1. Шөлейт аймақтарда, құмда, сортаң жерлерде өсетін, алабота тұқымдасна жататын біржылдық немесе көпжылдық шөптесін не шала бұта өсімдіктер туысы. 2. Алаботаны жылқы жемейді. Қой, түйе, сиыр жейді. Алаботаны кептіріп алып өртейді. Күлін суға салып қайнатып, сабын алатын сақар дайындайды. Құрғақ күлін жылқының арқасындағы жауыр болған жерге сепкен.

АЛАЖӘУКІМ 1. Майы аз ет. Алажәукімге балық еті пайдаланады. Алажәукім түлекте отырған бүркітті тез түлетеді.

АЛАҚАН ЖАЮ 1. Бата бергенде, Құран оқыған сәтте отырған адамдардың оған назар аударып, тыныштық сақтай отырып, қос қолын жайып, алақанын бір-біріне жақындатып, саусақтарын түйістіріп ұстау жосыны. 2. Бұл үрдістің мәні бата мен діни құлшылық ниеттері қабыл болсын деген мағынаны белдіреді. Аят немесе бата айтылып құптаған сәтте «әумин» дей отырып, оқылып болған соң «Аллаһу акбар!» деп бет сипайды. Қазақтардың дәстүрлі пайымы бойынша қол жайған кезде екі қолдың саусақтарының басы немесе екі алақанның арасы бір-біріне түйісіп тұрғаны абзал. Себебі, дәстүрлі наным-сенім бойынша, ырыс пен береке, жақсылық пен молшылыққа бастайтын құт сол алақанға тұрақтайды.

АЛАӨКПЕ Сиыр өкпесінің теңбілденіп қабынуы, жұқпалы індет.

АЛАПЕС х а л ы қ. м е д. Жұқпалы әрі созылмалы ауру. Халықтық медицинада алапес ем қонатын алапес, ем қонбайтын алапес деп екі түрге ажыратылады. Ем қонатын алапеске ине қадап, қан шығарады, ал ем қонбайтын алапеске ине қадаса, қан шықпайды (Рабғузи, 301). Ондай ем қонбайтын алапес адамды елсіз жерге, Барсакелмеске апарып тастаған.

АЛАСАПЫРАН х а л ы қ т ы қ м е т е о р л о г и я. Көктемнің жаңа басталған, бірде қар, бірде жаңбыр болып, тұман түскен кез.

АЛАСТАУ 1. Байырғы наным бойынша көзге көрінбейтін зиянды күштерді қуудың ырымын жасау, ауруды емдеудің бір түрі. 2. Адамның бойынан, үйден, қора-жайдан, малдан, баланың бесігінен және т.б. қас күштерді, ауруды қуып шығу, тазарту әрекеттері оттың көмегімен орындалған. Байырғы нанымға сәйкес от – ең күшті тазарту құралы. От үйдің жарылқаушысы «ошақ басы, от қасының» желеп-жебеушісі деп саналып, айрықша қастерлеген. Аластау сөзінің түбірі «алас» деген ұғымның рәсімдік іс-әрекетті білдіретін эквиваленті деуге болады. Аластау рәсімі ежелгі замандағы отқа табыну ғұрпынан бастау алған. Аластауды ауыл арасындағы беделді атқарған. Рәсімді орындау барысында «алас, алас, ауру-сырқаудан алас, тіл мен көзден алас» деген тәрізді ежелден келе жатқан магиялық мәнді сөздер айтылады. Аластауға адыраспан, арша сияқты өсімдіктер пайдаланылған; солардың бірін тұтатып, магиялық сөздерді айтып, ары-бері қозғалып жүріп аластаған.

АЛАТЕБІН Қары қалыңдау түскен тебіндік жерге жылқыны бір жайып өткендегі тебіннің түрі, жылқы тұяғымен біршама қардан аршылған жер.

АЛАШ ә с к е р и. Күллі қазақтың, сондай-ақ алты алаштың сүрен салып жауға шапқанда айтатын ұраны.

АЛАША: ҚАҚПА АЛАША Өрнексіз, жай алаша.

АЛАША: ТЕРМЕ АЛАШЫ Өрнекті, сәнді алаша.

АЛАШОҚЫР э в ф е м и з м. Қарт адамдардың жанары қайта бастаған көзінің атауы.

АЛАШОҚЫР Адам көзінің қартайған кездегі бейнелі атауы. Қарт адамдар бір-бірімен амандасқанда алашоқырың аман ба? деп амандық сұрайды.

АЛАШТЫҢ БӨЛІНБЕГЕН ЕНШІСІ 1. Кез келген қонақтың ішетін ас-ауқаты мен жататын төсек орны, мініп келген атының бағым-күтімі және т.б. бабын табуға арналған шаралар. 2. Қазақта өзі бұрылып келген қонақтың үйден ішетін тамағы, өзіне дайындалған төсегі және оның көңілін көтеретін ойын-сауықты және т.б. алаштың бөлінбеген еншісі дейді. Бұл дәстүр қазақтың барлық жеріне бұлымайтын болып орныққан, яғни қонақтың күтіп отырған ауруы жоқ және мүмкіндігі бар үйден түстеніп немесе қонып аттауына, күш-көлігін де тынықтырып алуына құқығы болған. Ондай болмаған жағдайда биге барып шағымданып, айып талап кеткен. Бұл дәстүр ұшан-теңіз кең далада өмір сүріп отырған қазақтардың руаралық байланыстарын ұйымдастыру мен нығайтудың тетіктерінің бірі болды.

АЛБАСТЫ 1. Ауыз әдебиетінде кездесетін мифтік бейне. 2. Ескілікті наным бойынша әйел бейнесінде болады. Толғақ үстіндегі әйелге, жалғыз-жарым жолаушыға үйір болса, намаз оқитын адамдардан аулақ жүреді. Дәстүрлі дүниетаным бойынша албасты көбінесе аузына әйел өкпесін тістеген түлкі, емшектері жерге тиген ешкі, басы тым үлкен мақұлақ немесе қаншық ит бейнесінде көрініп әрекет етеді екен. Толғағы ұзаққа созылып көп қиналған әйелді албасты басты деп, оған оған қарсы қу шараларын қолданған (үйге айғыр кіргізу, қошқар кіргізіп, оны сойып, жүнін үйітіп түтінмен аластау, мылтық ату және т.б.). Албасты басқыр деген қарғыс оның адамға зиян, қастандық жасайтын әрекетіне байланысты қалыптасқан.

АЛБЫТ Жылқыдағы делбе ауруының шығыс аймақтағы жергілікті атауы.

АЛҒЫС 1. Рақмет, ризашылық. 2. Алғыстың түпкі мәні – ризашылық білдіру арқылы игі іс істеген адамның жамандықтан аулақ болуын тілеу. Ол алғыс айтушы мен алғыс алушының бір-біріне деген игі ықылас-ниетін білдіреді. Байырғы наным бойынша сөздің киелі қасиеті болады. Оның сокральды сипаты «Алты алма, алғыс ал» деген мақалдан байқалады. Қазақ ұғымында алғыс алған адамның көңілі көтеріліп, ырысы артады. Тәңір жарылқап, құты көбейеді. Алғыс, әсіресе, үлкен кісілердің істеген жұмысына риза болған жастарға деген ерекше қатынасын көрсетеді. Сондықтан қазақ жастары үлкеннің алғысын алып жүруге тырысады (көмектесіп жіберу, қызмет жасау, тапсырмасын орындау және т.б.). Игі істердің рухани

қайтарылымы деуге болатын алғыс, алғыс айту қазақ ортасындағы әлеуметтік байланысты нығайтудың ертеден келе жатқан негізгі принциптерінің бірі болып саналады. «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп тұжырымдайтын қазақ қауымы оны жақсы сөзге жатқызады.

АЛМАС Оташылар қолданатын дәрулік зат.

АЛМАУЫТ ә с к е р и. Сарбаздардың жаугершілікте мінетін, жекпе-жек ұрысқа бейілді, кеудесі, белі мықты ат.

АЛМАУЫТ Омыраулы, салқы төс, жорық-жортуылға мінетін, белі мықты ат. Айғыр алмауыт болмай, атқа жарымайсың (Мақал). Жорық аттарының ойтанымдық бейнесі поэтикалық дәстүрде батырға аты, бес қаруы сай болып көркем тіл кестесімен өрнектеліп отырады: Пай-пай, емен найза сартыл қағып, Семсерлеп ұшқан оттар жарқыл қағып. Апайтөс алмауыттар омырауласып, Әуелі аспанға бір шапшып алып (Ғ.Қайырбеков, Көнсадақ). Осылайша халықтың тілдік санасында батыр, алмауыт, көк қару ерліктің үш тұғырлы бейнесі болып саналады.

АЛТЫ АЙ ЖАЗ *Екі тоқсан жаз айы.* Халықтық астрономияда Үркер кеш бата мамыр айында батыстан көкжиек асып көрінбей кететін кезден бастап, шығыстан қазан айында қас қарая туған аралықты *алты ай жаз* деген.

АЛТЫ АЙ ҚЫС 1. Жылдың суық мезгілі. **2.** Көне қазақ танымындағы Үркер жыл санауы бойынша Үркердің шығыстан көрініп, батысқа дейінгі қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз сияқты суық айлары.

АЛТЫ АЙ ҚЫС, АЛТЫ АЙ ЖАЗ 1. Жылдың суық және жылы мезгілі. **2.** Үркер жыл санауы бойынша Үркер көрінбейтін сәуір, мамыр, маусым, шілде, тамыз, қыркүйек сияқты жылы айлары мен Үркердің шығыстан көрініп, батысқа батқанға дейінгі қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз сияқты суық айлары; жыл бойы.

АЛТЫ АЛАШ т а р и х и. э т н о н и м. Қазақтың Үш Жүзі және оған тілі, салт-дәстүрі өте жақын өзге де ру-тайпалар бірлестігінен құрылған хандық мемлекет. Алты алаштың ағасымыз, Қазақ байдың баласымыз (Мақал).

АЛТЫ ҚАЗ Алты ай жаздың баламасы, символдық мағынасы, жазға салым жыл құстарының қайтып келе бастауы мен күзге қарай қайта бастауының аралығы. Халықтың эпикалық жырларында: Әуелеп ұшқан алты қаз, Өлмеген құлға шықты жаз. Қонамын деген жануар Міне, майдан, міне саз,- дейді («Қыз Жібек»).

АЛТЫ: АЛТЫ МАЛТА 1. Жорық-жортуылға шыққан адамның бір күндік тамағына жарайтын құрт, малта. **2.** Ертеректе жорық-жортуылда жүрген адам жол қазаны мен қой сүтінен жасалған малтасын алып жүрген. Қарны ашқанда тасошақ құрып жіберіп, жолқазанына (жанқазан деп те айтылады) су құйып қайнатып, малтаның алтауын салып, ыссылай езіп ішіп, бір күндік ауқат қылады. Алты малта жол үстіндегі адамның бір күндік тамағының мөлшерін білдіретін эталондық мағынаны білдіреді.

АЛТЫБАҚАН 1. Алтыбақанды жоғарыға көлденең ұстаған сырықтың екі басына үш-үштен топтап байлап, оның екі басынан бір деңгейде

жіберілген екі арқанға байланған тақтайға екі адам қарама-қарсы отырып, төмен жіберілген арқанға аяқтарын тіреп тербетілетін әткеншек. 2. Алтыбақан теуіп, ән салып өткізетін жастардың кешкі ойын сауығы. 2. Алтыбақан тебу қыз-жігіттердің жақынырақ танысуына және ашық сөйлеулеріне мүмкіндік туғызады. Алайда қыз-жігіттер әдептен озбайды. Өйткені алтыбақанға қыздарды жеке жібермей, оған жеңге, інілері еріп барады. Алтыбақан жастардың этикалық қарым-қатынасын, эстетикалық таным-талғамын қалыптастырудың құралы ретінде қызмет етті.

АЛТЫН 1. Дәстүрлі мәдениетте сан алуан мәнге ие, құны жоғары, сары түсті асыл металл. 2. Алтын металдардың ішінде өңдеуге қолайлы әрі сыртқы ортаның әсеріне аса төзімді болғандықтан одан зергерлік бұйымдар жасаумен бірге ер-тұрман, киіз үй жабдықтарын, қару-жарақ, сауыт-сайман, асыл киімдерді әшекелеуге қолданған. Алтыннан соғылған немесе әшекейленген бұйымдар байлықтың, сән-салтанаттың, биліктің, сұлулықтың символы болып саналады. Алтынның сом, кесек, құйма түрлері иесінің қазынасы болды, сый-сыяпатқа, алыс-беріске қолданылды, экономикалық қарым-қатынаста ақша орнына жүрді.

АЛТЫН ҚАБАҚ 1. Садақшы, мылтықшы мергендердің бәсеке түрінде өткізетін сайысы және сол сайысқа тігілетін жүлде. 2. Алтын қабақ дүбірлі той, ас беру сияқты Ұлы Жиындарда өткізілген. Сайыстың ерекшелігі : биік сырыққа ілінген жамбыны ат үстінде шауып бара жатып атып түсіруге тиіс. Атып түсірген мергенге алтын қабақ жүлде ретінде берілген. Осы ат үстінде шауып бара жатып, нысананы дәл көздеген мергенді нағыз қол мерген деп дәріптеген. Кейде мергендер белгіленген қашықтықта тұрып сырық басындағы алтын қабақты (алтын жамбы) атып түсіруге тиіс болды. Алыс қашықтықта тұрып нысанаға дәл тигізген мергенді көз мерген атаған. Алтын қабақ қазақ сахарасында аса кеңінен тарап, жастарды халықтық спортқа тартып, мергеншілікке тәрбиелеп, санда емес, санатқа кіретін жігіттерді дайындауға қызмет еткен сайыстардың бірі болды.

АНАР 1. Оңтүстікте өсетін бұта тәрізді ағаш және сол ағаштың қабығы қалың, қызыл түсті жемісі. 2. Анар жемісі қаны аз адамдарға пайдалы деп саналады. Оның кептіріп алған қабығын суға қайнатып ішек-қарын ауруларын, қан түкіруді емдеуге пайдаланған. Қазақ шеберлері қабығын қайнатып тері, жүн және жүннен жасалған жіптерді бояуға қолданған. Оны шеберлер тілінде нарпостау деп атайды (иран тіліндегі анар және пост (тері) сөздерінен қалыптасқан. Нарпостаған бұйым қызыл түске боялады.

АНДЫЗ 1. Өзен-көл жағалауларында, сазды жерлерде, тау беткейлерінде өсетін, хош иісті, ащылау дәмі бар өсімдік. 2. Халық емшілігінде андыз – ертеден қолданылып келе жатқан дәрілік өсімдік. «Андыз болса – ат өлмес, Айыр болса – ер өлмес» деген қазақ мақалы оның мал үшін маңызды екенін аңғартады. Кептірілген андыз тамырын ұнтақтап аттың тұмсығына сепкенде немесе суға салып ішкізгенде ауырып тұрған ат тез жазылып кетеді екен. Этнографиялық деректерге қарағанда: Ертеде Шыңғысханның бұйрығы бойынша сол кездегі ең қаһарлы күш – атты әскерді сақтап қалу үшін әрбір жауынгер өзімен бірге андыз тамырын ала

жүрген. Андыз тамырын суға тастағаннан кейін моңғолдар ондай суды тазарды деп есептеп, аттарын суарып, өздері қорықпай ішетін болған. Халық емшілері андыз тамырының түнбасын жылқыға өлі тигенде, орталық жүйке жүйесі шаршаған малды тыныштандыруға, іші өтіп ауырғанда қолданған. Андызбен ертеден-ақ бүйрек, бауыр, қуық, жүрек ауруларын емдеген. Тұмау, сүзек ауруынан сақтану үшін оның тамырын шайнап жүрген.

АНСАР Пайғамбар сахабаларының Мәдинәдан шыққан тобы. Екіншіден «көмекші» деген ұғымды береді, яғни исламның дамытушы дін басшылары.

АНТ АТТЫ 1. Құдай оңдырмады, қасиет тұтқан нәрсенің киесі ұрды, жазасын тартты. 2. Дәстүрлі қоғамда қандай бір жағдайда ант бермеуге тырысқан. Ант берген адам оны бұлжытпай орындауға тиісті болған. Антын орындамаған адам ауыр жазаға тартылып, опасыз адам ретінде елден аластатылған. Антын бұзған адам кейін бір жамандыққа кез болса, оны «ант ұрды», «ант атты» дейтін. Ал, ондай адамды антұрған (адам) деп атап, кейіннен антұрған ұғымы «залым, жаман адам» деген мағынада жұмсалатын болды.

АҢШЫДАН (МЕРГЕН) СЫРАЛҒЫ Аң аулап, құс салып қанжығасы камданып олжалы оралған аңшыдан ел шетіне келгенде алғашқы кездескен адамның кәдесый сұрау жоралғысы. Аңшылықтан келе жатқан аңшыға ел шетінде жолшыбай жолыққан адам этикет бойынша сәлем беріп, «Қанжығаң майлансын!» деп, тілек білдіреді. Сонда аңшы (мерген): «Сізге байлансын!» деп, жетек атқа артқан олжасынан түлкі, қоян немесе қаз-үйректің бірінен оның қанжығасына байлайды. Бұндағы жөн-жоралғы сыралғы деп аталған. Бұндай сыралғы «шыр» («май») деген мағынаны білдіреді. Сыралғы атауы тілдік жақтан шыр, сыр және алғы (алу) деген екі сөздің дыбыстық әрі мағыналық кірігуі (контимацияланауы) арқылы жасалған. Ал этикалық норма тұрғысынан аңшыдан сыралғы алу жоралғысы, түптеп келгенде, адамдардың руішілік, руаралық әлеуметтік қатынастар жүйесіне қатысты қырларын реттеудің өзіндік бір тетігі іспетті болған.

АҢШЫНЫҢ КЕШІККЕНІНЕ СҮЙІН «Аңшының межелі уақытта келе алмай жатқанына қуан» деген мағынаны аңғартатын тұрақты сөз орамы. Аталмыш фразеологизмнің мәдени семантикалық өрістегі астырт мағынасы тілдік семантика мағынасынан басқа наным-сенімге байланысты. Аңшылық - қиын да, қауіпті іс. Аң-құс әдетте жақын жер, ауыл маңында болмайды, сондықтан аңшы қоңыр аңның соңынан түсіп, алыс-алыс жерлерге, елсіз, құла дүзге кетеді. Қасқыр, аю, жолбарыс, барыс сияқты қауіпті жыртқыштарды да аулайды. Алайда уақыт межелі күнінен өткен сайын аңшының отбасы, үй ішінде алаңдаушылық болады. Бірақ аңшының кешіккенін ежелгі наным-сенім бойынша жамандыққа жоруға болмайды. Қауіпті сапарда жүргендіктен, ондайға тыйым салынып, аңшының қанжығасы қанды, артынып-тартынған олжасы мол, сондықтан кешуілдеп жатыр деп, жақсылыққа жориды.

АҢЫЗҒАҚ к ө н е. Егін егілетін жер, аңыз.

АПИЫН Дәрімшілердің ішек-құрты ауруларына қоланатын дәрулік зат.

АРАМ ӨЛІМ 1. Ақ өлім бұйырмаған өлім. 2. Қылмыс жасап, тәубаға келмей, күнәһар болып, иманы үйірілмей өлу мұсылман баласы үшін қорлық болып саналады. Ел мен жер үшін жанын қиып шейіт болу арам өлімге жатпайды, жақсы өлімге саналады. Сонымен бірге өзіне қол салған (у ішіп өлу, асылып өлу, құздан құлап өлу және т.б.), немесе жалғыз жүріп қайтыс болған, денесі жуылмай қалып қойған адамның өлімі арам өлімге жатады. Сол сияқты әр түрлі себеппен өліп қалған, бауыздалмаған малдың өлімін жеуге бұйырмаған арам өлім дейді. Сондықтан бауыздаусыз өлген малдың етін жемейді. Арам өлімнің қарама-қарсы ұғымы ақ өлім.

АРҒЫМАҚ 1. Сымбатты, жүрдек, асыл тұқымды жылқы. 2. Ғасырлар бойы жылқы тұқымын асылдандыру барысында түрікменнің (ақалтеке) және араб жылқысымен будандастыру арқылы алынған арғымақтар далалы аймаққа бейімделіп ұзақ шабысқа, ыстық-суыққа төзімділігі жағынан өзінің шыққан тұқымынан әлдеқайда артық болып, оны қазақ ақсүйектері мініс көлігі ретінде пайдаланды. Алайда ол ұрыс-соғысқа қол емес деп саналады. Қазақ батырлары жорық-жортуылға қазан ат, құшырлы ат тәрізді ұзақ та ауыр жолға, жекпе-жек шайқастарға бейімделген аттарды мінді.

АРДА: АРДА ЕМГЕН Қысыр қалған енесін тай кезіне дейін емген құлын. Жылқышылық кәсіпте жүйрік шығар нышаны бар құлнның енесін қолдан қысыр қалдырып, тай кезіне дейін еміздіреді.

АРҚАН КЕРУ 1. Қыз алуға келген құдалардың алдынан арқан керіп, кәде алу рәсімі. 2. Кәдесін берген соң арқан алынып, құдаларға жол ашылады. Бұл рәсім, кәденің мәні: «жаңа келген құдалардың жолы ашық болып, мақсатына жете берсін» деген ақ ниетті білдіру.

АРҚАНҒА АСЫЛУ 1. Байырғы тұрмыста жүкті әйелді жеңіл босандыруға қолданған тәсіл. 2. Босанатын әйелдің толғағы жиілегенде үйге бақан орнатып, оған Жалпақ бау байлап керегеге таңып, әйелді керілген арқанға асылдырады. Бұл тәсілді қолдану бақанмен («бақан аттаған байымады – мақал) ала арқанның киелілігі туралы ұғым-түсінікпен байланысты шықса керек. Жайшылықта арқанға асылуға тыйым салынған.

АРҚАР Еркегінің мүйізі ірі, түбі жалпақ, ұшына қарай сүйірлене, бұрала біткен, ұрғашысының мүйізі кішілеу, таулы аймақтарда мекендейтін қой тектес қоңыр аң. Арқардың еркегін құлжа, екі жасар төлін көкпек (көпек?), жаңа туған төлін қозықа деп атайды. Аңшылардың айтуынша, екі құлжа бірі үйірдің бір шетінде, екіншісі қарсы шетте болып, қарама қарсы жаққа қарап жатады. Онысы сақтықпен байланысты көрінеді.

АРҚАР ШАҚША 1. Арқар мүйізінен жасалған насыбай құты. 2. Кейбір деректерге қарағанда сирек кездесетін арқар шақшаның құны сиыр, ешкі мүйізінен жасалған шақшадан әлдеқайда жоғары болады, өйткені оны шеберлер күміспен күштеп, ою-өрнекпен безендіріп жасайды. Қазақы ортада оны сал-серілер мен бай-бағландар пайдаланған. Арқар шақшадан сән-салтанат пен әлеуметтік ерекшелік аңғарылып тұрады.

АРҚАРДЫҢ ҚҰЛЖАСЫНДАЙ п о э т. Ірі, мықты, мығым.

АРПА 1. Бидайға ұқсас қалың қауызды, бағалы дәнді дақыл. 2. Халық медицинасында арпа дәмі ертеден қолданылып келеді. Оның дәнінің қайнатындысымен адам бойындағы әлсіздікті, бүйрек, қуық ауруын емдеген. Теріде іріңді бөртпелер пайда болса, оған да шипасын тигізген.

АРПАҒАН Шөл, шөлейт далалы жердегі жайылымдық от. Күзгі жаңбыр шайған соң жемшөптік сапасы арта түседі.

АРУАҚ ҚОНЫП, НАР ШӨККЕН РУ Іргелі, белді-бекем рулы ел. ...Ешбір аруақ қонып, нар шөккен руға бой ұрмайды (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 334-б.).

АРУАНА 1. Бір өркешті, таза тұқымды ұрғашы түйенің. 2. Аруана – түйелі ауылдың негізгі сауын малы. Түйенің басқа түріне қарағанда аруананың сүті екі-үш есе артық. Қазақтың дәстүрлі түсінігінде аруана – мейірімділік пен күш-қуаттың символы. Сол себептен әулеттен күш-қуат, молшылық, ынтымақ-береке кетпесін деген ырыммен аруананы соғымға соймайды.

АРША 1. Қысы-жазы көгеріп тұратын хош иісті, бұталары сұлап жататын кейде түзу өсетін бұта немесе ағаш тәрізді өсімдік. 2. Халық емшілері аршаның жемісін несеп жүргізетін және қуықтың қабынуын басатын дәрі ретінде қолданған. Арша желгісінің ас қорыту жұмысын жақсартатын қасиеті бар. Шыбын-шіркей жоламайтын қасиетін ескеріп қазақ шеберлері қасық, шөміш, күбі тәрізді ыдыс-аяқтарды жасайды. Үйді, әртүрлі зат-бұйымдарды тіл-көзден, түрлі жаманшылықтан сақтау үшін аршаны түтетіп, соның түтінімен аластау ырымы бертінге дейін сақталып келді.

АРША Қайнатындысын өкпе ауруларын емдеуде қолданатын дәрілік өсімдік.

АС [БАТА] ҚАЙЫРДЫ 1. Тамақтан соң екі алақанын жайып дастарқанға бата беріп, алғыс айтып бетін сипады. 2. Қазақ дәстүрі бойынша үлкен ас келгенде немесе ас ішіліп болған соң дастарқан басына жиналғандардың ішіндегі жасы үлкен ер адам немесе сыйлы, елге құрметті беделді адам алақан жайып дұға қылып дастарқанға, асқа жиналғандарға, дастарқан иесіне бата-тілек айтып бет сипайды.

АС 1. Қадірлі, атақты адамның қайтыс болғанына бір жыл немесе бірнеше жыл өткен соң, ең үлкен жолын жасап өткізілетін той; ас та төк ұлы жиын. 2. Ел-жұртқа қадірлі адамның қайтыс болғанына бір жыл толған соң, я болмаса бірнеше жыл өткен соң, ең үлкен жолын жасап, сауын айтып, мол жиынға тамақ беріп, ат бәйгесі, палуан күрес, жамбы ату, айтыс т.б. қызық көрсетіп, ұлан асыр той өткізу.

АСАН: АСАН ҚЫЛ е с к і к і т. Жеңіл ет. Жәрдем бергіл біздерге Жалғыз Алла, Тұғыры жолды асан қыл барша жанға. Шарифаттан тысқары сөз сөйлетіп, Шерменде қылып дозаққа бізді салма (Бабалар сөзі, 2-т., 174-б.).

АСАР [АР. ХАШАР] Үй салу, бейіт көтеру, арық қазу, шөп шабу т.б. көпшілік қол күшімен атқарылатын бір күндік қауырт жұмыс түріндегі көмек. Асарға шақырушы қазан көтеріп, ас әзірлейді. Қайырымдылық салтына жататындықтан асар жұмыстары ақы-пұлсыз атқаратын сауапты іс деп бағаланады.

АСАР 1. Біреудің үлкен, қауырт жұмысына көпшіліктің беретін қол көмегі, жәрдемі. 2. Байырғы ауыл-елде шаруашылықты, отбасылық шаруаларды ұйымдастырушылық, реттеушілік, біріктірушілік қызмет атқарды.

АСАТУ 1. Жасы, жолы үлкен адамның алдындағы табақтағы еттен өзінен жасы кішілерге өз қолымен ұсынып дәм таттыруы. 2. Асату деп аталатын этикалық рәсім дәстүрлі қазақ қоғамында үлкендер мен кішілер арасындағы құрмет, ілтипат, сыйластық, көрінісі ретінде қауым мүшелері арасындағы ата-баба жолын ұстануға негізделген қарым-қатынасты бекіте түсудің ертеден қалыптасқан жолы болды.

АСҚАТЫҚ Сорпаға қосып отыратын қатық. Асқатық қой сүтінен алынады.

АСМАЛДЫҚ 1. Әшекейленген түйе жабуы. Әшекейлеп, сәндеп тіккен жабуды түйеге жай күндері жаппайды. Дәстүрлі қазақ тұрмысында көштің сәнін келтіру үшін жайлауға көшіп қонғанда, той-жиындарда ғана түйеге асмалдық жауып сәндеген. Асмалдық жабу – сән-салтанаттың, байлықтың көрінісі.

АСПАҚАНЫ ҚЫЛЫШ 1. Қылыштың аса таңдаулы түрі. 2. Аспақаны қылыш – қылыштың жасалған жеріне байланысты қойылған атау. 1889 жылы шыққан қазақ мақалдары жинағында «Қатын алсаң қызылбастан ал, Қылыш алсаң Аспақаннан ал, ат алсаң арабстаннан ал» деген мақал бар. Жинақты құрастырушы қызылбасты – «парсы», Аспақанды – «Дағыстан» деп көрсеткен (144-бет).

АСПАҚАНЫ ҚЫЛЫШ Қылыштың аса таңдаулы түрі. Аспақаны қылыш - қылыштың жасалған жеріне байланысты қойылған атау. 1889 жылы шыққан қазақ мақалдары жинағында «Қатын алсаң қызылбастан ал, қылыш алсаң Аспақаннан ал, ат алсаң арабстаннан ал» деген мақал бар. Бұндағы қызылбас - парсы жазбасынан, ал Аспақан - Исфахан шаһарының атауы.

АСПАЛДАҚ ЖҮК Артылатын түйелерге байланатын жалпақ тоқылған мойын аспа (жіп).

АСПАНҒА ҰШСАМ, ҚАНАТЫМ ТАЛАДЫ, ЖЕРГЕ ТҮССЕМ, ЖАЛАЙЫР ШОРА АЛАДЫ 1. Қайда барсам да құтқармайды, қолға түсіреді. 2. Шора–қыран құстың «тілін» (бабын) білген, қыран құстарды, түз бүркіттерді торға түсіріп, шырмаудың асқан шеберлігімен аты аңызға айналған құсбегі].

АСУ: МОЙНАҚ АСУ Таулы өлекелердегі түйе мойнына ұқсас биік иір асу. Бұл жолдың бойында Хайбар тауында мойнақ асу бар («Бабырнама», 155-б.).

Асфия а р а б. д і н и. Жүрек пен ұждан тазалығына қол жеткізген, кәміл иман иесі сатысындағы тақуалар.

АСЫҚТЫ ЖІЛІК 1. Малдың, жануарлардың аяғындағы ортан жіліктен төменгі сүйек, жоғарғы жағынан ортан жілікпен, төменгі жағынан жіліншікпен түйіскен асығы бар сан жілік. 2. Ғұрыптық мәні бар кәделі мүше ретінде қойдың асықты жілігі жамбаспен бірге бас табаққа және күйеу мен

жас келіннің табағына салынады. Бұл байырғы наным-сенім бойынша өсіп-өркендеу идеясымен байланысты қалыптасқан болса керек.

АСЫҚТЫ ЖІЛІК ҰСТАТУ 1. Асырап алған ұлға ұстататын жілік. 2. Бала асырап алу рәсімінде асырап алушы адам баланың қолына көпшіліктің көзінше асықты жілік береді. Кейде оған қоса баланы ашамайға мінгізеді. Асықты жілік ұстату бала асырап алуды заңдастырудың ата-баба салтымен, ғұрыптық жолымен тиянақ табуы.

АСЫЛ СОЙЛЫ Нәсілі текті, қасиетті. Асыл сойлы хандардай, аса жүйрік билері, Шаңқан ақ боз үйлері, Шалқып жатқан сулары (Ғ.Қараш, Замана, 44-б.).

АТ АРҚАСЫН СУЫТТЫ Ұзақ немесе қатты жүрістен соң аттың ертоқымын шешпей, айылын босатып, от пен суға қоймай қаңтарып, терін басып тынықтырды.

АТ БӘЙГЕСІ БАЙЛАНДЫ 1. Бәйгеге тіккен мал-мүлікті сыйлады. 2. Балуан бәйгеде, ат бәйгесінде тігілген жүлде жеңіске жеткен адамға, қалыптасқан дәстүр бойынша, тұтасымен «бұйырмаған». Олжа сыйлы ру, ел ақсақалдарына, көпшілікке беделді тұлғаларға таратылып, жеңімпазға ел-жұртына әперген абыройы мен атағы қалған. Өйткені кім болса да бәйгеге өз ру-тайпасының атынан қатысқан. Сондықтан бәйгеден мал жиып ешкім бай болмаған. Бұл дәстүр бұрынғы қазақ қоғамында ру-тайпаішілік қарым-қатынастарды реттеушілік қызмет атқарып, жеңімпаз бен оның шыққан елінің абыройын асқақтатып, өзге жұртқа танытудың жолы болды. Бәйгеге тігілген дүние-малдың бөліске түсетіні туралы этномәдени ақпарат Т.Әлімқұловтың «Тұлпарлар тағдыры» атты кітабында былайша беріледі: «Бас бәйге тоғыз-тоғыздан тігілген дүние-малдың қызығына батқан сіргелілер Біркімбайдың өкпесін дізе көрсетіп, жүре тыңдап кетті. Бірақ олжа бөлісуге келгенде ымырашылдығы бұзылып, күңкіл көбейіп, ақыры гүжілдесіп, бажылдасып барып басылды. Ат иесі Шоңбайдың өзі қарақұраны сіргелінің белді адамдарына байлап, қалған дүние-пұлды қалың дүрмекке пышақ үстінен үлестіріп бермекші болды. Соны құлағы шалған пысықтар өзгеден бұрын қимылдап, куталаңдап, Шоңбайды қоршап алды. Шоңбайдың көпшілікке таратары аты дардай болғанымен, заты шамалы еді. Ол атдорбада саудыраған күміс теңгелерді ғана үлестіріп жүр. Біреуге жиырма тиын, біреуге қырық тиын береді. Адамдар соның өзіне таласып, қырылысып қала жаздайды. Шоңбай бір шоғырмақтың ырымын жасап боп, басқа бір төбешікке шоқытып шыға келеді. Тосыннан дәме қылғандар артынан шегірткедей қаптап жөнеледі... Шоңбайдың тілегені де осы. Ертең дүйім ел осының бәрін көш құлаш аңыз ғып таратып әкетеді. Әркім көрген қызығын, жанқалтасына тәбәріктей салып кеткен тиын-тебенін аузының суы құрып айтып жүреді. Сөйтіп, жүйрік торының арқасында Шоқанның даңқы жер жаратын болады» (Т.Әлімқұлов. Тұлпарлар тағдыры. Роман, повестер мен әңгімелер. Таңдамалы. Алматы: Жазушы, 1975, 105-106 –бб.).

АТ КЕКІЛІН [ҚҰЙРЫҒЫН] КЕСТІ 1. Құныкер (кісі өлтірген) жақ пен құнталап етуші (кісі өлген) жақтың ешбір бітімге, тоқтамға келе алмауы.

2. Тұл аттың (иесі өлген аттың) кекілін кесуі арқылы кісісі өлген жақтың «соғысамын» деген белгі беруі.

АТ МІНГІЗІП ШАПАН ЖАБУ ¹. 1) Ерекше құрмет көрсету, сыйсыпат жасау; 2) Ат-шапан айыбын өтеу, айыпты болғанына ат мінгізу. 2. Ертеректе сұлтандарды, батырларды, билерді, жеңіске жеткен балуандарды, жеңімпаз ақындарды марапаттағанда астына ат мінгізіп, үстіне шапан жапқан. Ол ерекше сый-сыяпаттың символына айналған. Сонымен бірге белгілі бір себеппен айыпты болған адамдар да кінәсін мойындағанының белгісі ретінде, айыбы ретінде ат мінгізіп, шапан жабуы да кездесіп қалатын. Ат-шапан айып деген тұрақты сөз орамы осымен байланысты. Ат мінгізіп шапан жабу марапаттаудың және жазалаудың өлшемін білдіреді.

АТ ШАЛДЫРДЫ Мінген атын жол үстінде азын-аулақ оттатып, әлдендіріп алды.

АТ: ЖАҚСЫ АТТЫҢ СЫНЫ Жылқы түлігінің алыс жолға төзімділігінің, қас жүйрікке тән ерекшеліктерінің дене бітіміне тән жиынтық бейнесі. Жақсы аттың белгілерін ат сыншылар оның басы, мойны, арқасы, кеудесі, аяқ бітімі, жал-құйрығы сияқты дене бітімінен ізерлейді. Ат сыншылардың сөзімен айтқанда басы астаубас, мойны күлдіреуіштей, арқасы қоян жон, кеудесі арыстан кеуде, тазы құрсак; аяғы бура сан, бота тірсек; зіл табан; қыдыра жал, қыл құйрық тәрізді сипаттары жақсы аттың сынын айқындайтын әмбебап белгілері болып саналады. Ақан Серінің атақты Құлагері сом аяқ, быртық бақай, болат тұяқ, құлан жал деп сипатталады. Бұл айтылған белгі, нышандар этномәдени санадағы жақсы аттың тілдік бейнесіне айналған. Жақсы аттың мұндай түрлерін қазақ ат деп те атайды.

АТ: ҚАЗАН АТ Алыс жол, жорық-жортуылда мінетін ат. Этномәдени дәстүрде батырдың өзі мен аты семантикалық бір бүтін ұғымның атуымен аталатын ономастикалық композиттер фольклорлық шығармаларда, эпикалық туындыларда, тарихи жырларда жиі әрі тұрақты түрде кездеседі: Ертөстіктің Шалқұйрығы, Кендебайдың Керқұласы; эпикалық жырларда Қобыландының Бурылтайы, Алпамыстың Байшұбары, Қамбардың Қарақасқасы; тарихи жырларда Қабанбайдың Дарабозы, Райымбек батырдың Көкойнағы т.б. Халықтық ономастикадағы аталмыш композиттерді біресеппен, аттың өзін де, батырды да дәріптейтін уникалий дей отырып, қазақтың этномәдени болмысында жылқы түлігінің культқа айналуының айғағы іспетті деуге болады.

АТ: ҚАМБАРДЫҢ ҚАРАҚАСҚА АТЫ Мойны алтын таяқтай, Екі құлағы қамыстай. Төрт аяғы қазықтай, Тұяғы төңкерілген кеседей.

АТ: ҚАРАБЕКТИҢ ҚҰЛАША АТЫ Бес енені тел емген, Тайында емген, Құнанында арда емген. Бестісінде бес бедеуге салдырған. Тоғызында толған ат, Қабырғасы екі елі, Қоян шекелі Омырауы есіктей, Ойынды еті бесіктей, Танауы таудағы үңгірдей, Қиғаш қамыс құлақты, Тұяғы от орындай, Бағасы бір тайпа елдің құнындай.

АТ: ТАРҒЫННЫҢ ТАРЛАНЫ Құлында, тайда емген, Құнан жаста арда емген. Бес жаста бедеуге салады, Алты жаста ақтатады. От орнындай тұяқты, Омыртқасы отаудай. Жауырыны сыпра шапқан тақадай.

АТ: ТӨРЕХАННЫҢ ҚҰЛА АТЫ Қабыртқасы шеңберлі, Жоны тұтас тегіс-ті. Көтендігі шығыңқы Сағағы үңірейген Қос жұдырық сиятындай Құлан сауыр, құлан жал Құйрығы қанжардай, Жалы күлте жібектей. Шықшыты оралып жатқан түбектей. Құлағы құрақтай, қабақты, Бауыздауы сағақты, Екі көзі шырақтай, Омырауы бұлақтай, Сауыры зантекті кара көмірдей, Сүбелігі тас қорғандай, Жамбасы сандалдай, Қысқа бақай, тар мықын Кебеже қарын, кең құрсак, Құлжа мойын төгерек.

АТА САҚАЛ Ер адамның төменгі ернінің астын ала тебіндеп шыққан шөкімдей ғана түк. Халық тілінде ата сақал атауы ата сөзінің көпмағыналылық (семантикалық) өрісімен байланысты қалыптасқан. Мысалы, ата жұрт, ата қоныс, ата жау, атам заман деген тіркесті атаулардың құрамындағы ата «байырғы», «ежелгі», «ең алғашқы», «бұрыннан келе жатқан» деген мағыналарды білдіреді. Осы тәрізді ата сақал дегендегі ата «алғашқы, «ең бірінші» деген мағынаны білдірген. Ата сақал ер адамның кемел жасқа келген кезінде шыға бастайды. Осыған орай ата сақал ер адам кемелдігінің әлеуметтік нышаны ретінде танылады. Кемел жастағы ондай адамнан ақыл-кеңес айта алатындай парасаттылық күтеді. Ал кемел жасқа келгенше мәселенің мән-жайына, істің байыбына бара бермейтін, парасаттылық таныта бермейтін адамға қарата «ата сақалы аузына түскенше бұнысы несі», «ата сақал ауызға біткенше бұл неғылғаны» деген кейіс сөз айтылады.

АТА-БАБАЛАРЫ АТ БАЙЛАНҒАН Бір-бірімен әріден, ежелден араласқан, сыйласқан құда-жегжаттығы бар адамдар. Әрі екі жағы да ат байланған ата-бабалары болған соң бір-бірінен қашпай, ол уақыттағы әлді адамдар арасында жүріп-тұрған әдет бойынша бас жиырма қалыңмалмен құдаласпақ болыпты (Ғ.Қараш, Замана, 157-б.).

АТАЖҰРТ 1. Ру-тайпаның, халықтың өсіп-өнген ежелгі мекені, атамекен. 2. «Қазақтар өзінің іргелі ел, қабырғалы халық болып қалыптасуын ең алдымен кеңістікпен (атажұртымен), уақытпен (заманмен), көрнекті тұлғалармен байланыстырады. Сондықтан ел болып құрылған уақытын қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманға, ал байырғы жұртын алтын бесікке балайды. Атажұрттан ауғанда жер-сумен жылап қоштасу, атажұрттың өзен-суын, тау-тасын, жан-жануарларын, ел-жұртын жырға қосып айту салты болған.

АТАЛЫҚ МАЛ 1. Піштірілмеген еркек мал. 2. Төрт түліктің басын көбейтуге, будандастыруға, асылдандыруға таңдап қойылған, үйірге салатын айғырды, келеге түсетін бураны, сиырды қашыратын бұқаны, қой-ешкіні қашыратын қошқар мен текені жинақтап аталық мал дейді. Тұқымдыққа аталық малға қоятын түліктің қасиеттерін анықтауға ертеден көңіл бөлінген, ондай мал жас кезінде таңдалып қойылған. Аталық малды өскенде малдың құты, құтпан деп қастерлейді. Аталық мал өріске шыққанда алдындағы малға иелік етеді: жақсы айғырлар үйіріндегі биелерді шашау шығармай, топқа қосып, ит-құстан қорғайды, жол бастап жүреді. Бұндай қасиеттер басқа түліктерге де ортақ жайт. Аталық малдардың қасиеттері туралы деректер

ертегі, жыр, аңыздарда кездеседі, олар қиял-ғажайып ертегілерінің басты кейіпкерлерінің бірі болып келеді.

АТАН 1. Пштірілген, ақталған түйе. 2. Көшпелі тұрмыста қазақтар атанды негізгі жүк көлігі ретінде пайдаланды. Олардың шөлге төзімділігіне, күштілігіне қарап «Нар жолында жүк қалмас», «Қабырғалы қара нар Қабырғасын сөксең де бақ етпес» дейді. Ертеректегі салт бойынша мәйітті жерленетін жеріне дейін түйеге артып апарған. Ер кісінің денесін атанға, әйел затының денесін інгенге артқан. Байырғы тұрмыста ас пен тойларда ат бәйгесімен бірге атан жарыс өткізілген. Бұл түйені негізгі жүк көлігі ретінде пайдаланумен бірге мініс көлігі ретінде де қолданғандығын көрсетеді. Өте жүйрік атан нарларды (нар атан деп атайды) желмая деп атаған. Сонымен бірге арба-шанаға жегілетін жегін көлігі ретінде де атандардың өзіндік орны болды. Жүк көлігі ретінде алыстан тұз, астық, сауда керуенінде айшылық жолға арымай («түйе алпыс күн аштыққа, отыз күн шөлге шыдайды»), жүк астында қартайғанша («Атан түйе жүк астында қартайар» - мақал) қазақ шаруашылығының табыс көзі болды. Алыс жердің хабарын жеткізетін, ел мен елдің арасында сауда-экономикалық тарихи-мәдени байланыстарды дамытқан. Ұлы Жібек жолының керуендері ұзақ жолдың қиындығы мен ауыр жүкті көтеретін бірыңғай атандардан құрылған. Қазақ шаруашылығындағы орны мен жеке қасиеті, бітіміне байланысты атан халық түсінігінде зор күштің, төзімділіктің, қайсарлықтың, алып дене, іріліктің символына айналған.

АТАНТҰЯҚ: АТАНТҰЯҚ ЖАМБЫ 1. Атан тұяғына ұқсатып құйылған күміс құйма. 2. Бірсыпыра зерттеулерге қарағанда, белгілі бір пішінде құйылған құйма күмістер сауда-саттыққа байланысты басқа елдерден, атап айтқанда, Қытайдан ауысып келген. Атантұяқ жамбы алыс-беріске, сауда-саттыққа, сый-сыяпат көрсетуге қолданылған. **Атаң ұлық, атаңнан да қонақ ұлық** э т и к а. Қонақтың жолы әрдайым бәрінен үлкен.

АТБІЛЕЗІК 1. Мүсінді, жүйрік аттың аяғына салынатын күміс білезік. 2. Ертеде сал-серілер аттарының аяғын күміс білезікпен сәндеп мінген. Сал-серілердің елден ерекше киім киіну салтына сай мүсіні көз тартатын аттың аяғына күміс білезік салу сән-салтанатты асыру және тіл-көзден сақтау үшін қолданылған. Атбілезікті ат адамның қоғалдағы орнын, әлеуметтік ерекшелігінің белгісі болды.

АТЖАБУ 1. Атқа салынатын жапқыш. 2. Атжабудың материалы мен көркемделуі байлық пен кедейлікті, ат иесінің әлеуметтік дәрежесін білдіретін және тіл-көзден сақтайтын бұйымдардың бірі болды.

АТҚОНАҚ Суыққа төзімді, малдың бәрі жейтін жайылым оты. Атқонақ құрғақшылықта жөнді өспейді.

АТҚОСШЫ 1. Бұрынғы кездегі дәулетті, дәрежелі адамдардың, құрметті жолаушының қасына тұрақты еріп жүріп оның атын және өзін күтуші адам. 2. Ел-жұртқа белгілі адамдардың қасында ұзақ уақыт жүріп ел мен жердің жағдайымен жақсы таныс болуы, малдың күтімінен тәжірибе жинақтауы, сергек болуы, ұрыс-сайыстан да хабардар болуы ұйымдастыру жұмыстары мен ел басқару ісіне араласудың мектебі тәрізді болды.

АТҚҰЛАҚ 1. Таулы жерде, су бойында биік болып өсетін өсімдік. 2. Атқұлақтың жапырағы мен тамырын әртүрлі ауруларды емдеуге пайдаланады. Халық медицинасында малдың жарасы мен қотырын емдеуге атқұлақтың жапырағын іш өту, асқазан және дененің күйген жерін емдеуге тамырынан жасалған тұнбаны қолданған. Бауыры ауырғандарды атқұлақ тамырының тұнбасымен емдеген.

АТМАЙЫ 1. Біреуге уақытша пайдалануға берілген аттың ақысы. 2. Байырғы қазақ қоғамының қалыптасқан салтында бай, дәулетті адамдардың тұрмысы жұтаң, жоқ-жітік ағайын, жегжаттың, ауылдастарының әл-ауқатын көтеру мақсатымен оларға уақытша пайдалануға мал бөліп беруі қалыпты жайт болды. Осыған орай тілімізде атмайын берді, атмайы қайтты, атмайын мінді тәрізді фразеологизмдер қалыптасқан. Атмайын берді деген сөз орамы «ағайын-жегжат, жоқ-жұтаңға уақытша мал бөліп берді» және «атын уақытша пайдаланғаны үшін ақысын берді» деген екі түрлі мағынада қолданылады.

АТСҮЙЕК БЕРУ 1. Қазақ хандығы кезінде аты оққа ұшқан қанды көйлек жауынгерді немесе қолбасшыны, сардарды жау қолына түсірмей қағып әкетіп, екінші атқа отырғызу немесе өз атына отырғызу салты. 2. Жауынгерлік салт бойынша майдандас жолдасын жауға қалдыру аман шыққан сарбаз үшін өліммен тең деп саналған. Соғыс тактикасындағы бұл салт ру-тайпаның намысына сын болып, әскери доктринада берік орын алған заң болды.

АТСЫНШЫ 1. Аттың дене бітіміне, бәйге атының жарауына қарай сынап, бәйгеде алатын орнына болжам жасайтын адам. 2. Ел ішінде атсыншылар ерекше құрметке бөленген. Өйткені ол сирек кездесетін қабілет иесі. Аңыз әңгімелер мен жазба мұраларда, көркем шығармаларда атсыншылар мен олардың ерекше қасиеттері туралы деректер молынан ұшырасады. Ауызша және жазба деректерге қарағанда бәйге атын сынау үшін аттың тісін ашып көрген, сағағы мен төсіне қараған, көзін ашып көрген, көз үстіндегі шұңқырына бармаған батырып, шабына қол жүгірткен, шашасын көтеріп сіңірлігін сипап көрген және т.б. Бұның өзі мал танушылық білімі болуды қажет етеді. Сонымен бірге аттың жасы, кескін-кейпі, шыққан тегі және басқа да белгі қасиеттері ескерілген. Ел ішінде Сыр өңірінің Толыбай сыншысы, Арқаның Күреңбай сыншысы, Шөкей Шоңқаев және т.б. ат сыншылары туралы аңызға айналған әңгімелер осы уақытқа дейін сақталып келеді. Аңыздардың айтуынша атақты сыншылар хас жүйрікті құлын кезінен танып, айтқаны шындыққа айналған. Атсыншы атауы сыншылардың анатомиялық таным-түсінігі, білімі жоғары болғанын, бір шаруашылықтың өз ішінде еңбек жіктелісінің, әлеуметтік топ-жіктің, өзгеше мамандықтың қалыптасқанын байқатады.

АТТАРАҚ 1. Аттың түгін, құйрық-жалын тарап, терісіндегі кеуіп қалған сор мен шаң-тозанды тазалау үшін қолданылатын құрал. 2. Бәйге атын баптау мен күтімі көп еңбекті және кейбір құралдардың міндетті түрде болуын қажет етеді. Аттың түгін уақытылы тазалап тұруға керекті аттарақты пайдаланудың өзіндік тәртібі бар. Атбегілер бәйге атына жабу жауып желу

арқылы ащы терін шығарған соң, атты таң атқанша қаңтарып қояды. Ащы терден бөлінген тұз ат таң асырылғанда, түгі сор болып кеуіп тұрады. Осы кезде ат түгіндегі кепкен сорды аттарақпен тарап, үгіп түсіреді. Атбегі қолданатын бұл тарақтың тісінің ұзындығы басқа тарақтағыдай ұзын емес, өте қысқа, 3-5 мм шамасында болады. Аттарақты пайдалану күш-көлік жұмысын ұйымдастырудың, баптап-күтудің тәжірибеден өткен тәсілі болғанын, құралдарды арнайы мақсатпен үздіксіз жетілдіру технологиясын көрсетеді.

АТТҰМАР 1. Тіл-көзден сақтау үшін жүйрік аттың мойнына тағылатын тұмар. 2. Ерте заманнан келе жатқан наным-сенім бойынша адамнан өзге малға, қыран құсқа, үйге, төсек-орынға және т.б. адам өмірінде маңызды орын алатын жанды-жансыз заттарға тіл-көз тиіп ауруға, жамандыққа ұшырауы әбден мүмкін және оның аяғы апатқа, өлімге соқтыруы жоқ емес. Осындай сенімге байланысты арнайы жасатқан тұмарды аттың мойнына, кекілдігіне, сағалдырыққа, өмілдірікке таққан. Аттұмардың сәнді түрлері әйкел, алтын әйкел деп аталған. Тілімізде ер-тұрман, ат-тұрман тәрізді қос сөздермен бірге байырғы жырларда әйкел-тұрман атауы сақталған. Ол ат тұрманының тұмармен бірге болғанда толық болатынын аңғартады. Әсіресе хас жүйріктер тұмарсыз болмаған. Оны «Жүйрікке – тұмар» деген халық мақалы нақтылай түседі.

АТШОҚАЙ 1. Қоға тәрізді ұзын, сабақты, бүршікті, тамыржемісті өсімдік. 2. Атшоқай өзен, көл жағаларында, көктемде су мол жиналып, жазда құрғап қалатын сай-салада өседі. Жергілікті тұрғындар осы өсімдіктің тамырын да атшоқай деп атайды. Күзге қарай пісіп жетілген атшоқайды қазып алып, қазанда ысытқан құмға қуырады. Тамырдың қабығы сыпырылып түскен соң, ішіндегі собығын келіге түйіп, талқан жасайды. Дәмі тәтті талқанды сүтке салып жейді немесе оған қаймақ қосып пайдаланады. Этнографиялық деректерге қарағанда атшоқайдан быламық та, қамыр да дайындаған екен. Атшоқайды тағамға, әсіресе, қиыншылық жылдары пайдаланған. Аталмыш өсімдікті пайдалану реті халықтың ботаникалық білімін көрсетеді.

АТЫ ТЕРІС (АТТЕРІС) Дәстүрлі неке-отбасылық қатынастарда қалыптасқан әйелдердің сөйлеу мәдениетінде орын алған табудың (тыйымның) баламасы, тұспал атауы. Жасы мен жолы үлкен, көзі тірі, тіптен дүниеден өтіп кеткен ата-апаларының аттарын атамай тұспалдап айтқан. Жанама немесе телінген есімі жоқ адам туралы сөз сөйлеу, баяндау қажет.

АТЫМТАЙ ЖОМАРТ 1. Ескі аңыз, әпсаналарда айтылатын, бұл дүниеде еш теңдесі жоқ жомарт адам. 2. Халық Атымтайдың жомарттығын ниет жомарттық деп, туа бітті қасиетке балаған, өйткені Атымтайдың жомарттығы нәресте кезінен нышан берген: алдымен емшектесі тоймай, өзі емшек ембейтін болған. Арабаңыз-әпсаналарында «һатым» асқан жомарт адамның есімі, алтай сол адам шыққан тайпаның аты.

АТЫНАЙ Қазіргі кездегі үлкен оқымысты, діни ғалымның әйеліне айтылады. Хан әйелі – ханым, би әйелі – бике, бай әйелі – бәйбіше деп

аталған. Хан ұлы – ханзада, бай ұлы – байбатша, бек ұлы – бекзада, шах ұлы – шахзада деп аталған.

АУАЗ е с к і к і т. Атақ, даңқ. Егерде бермесе бұ атты, Бос екен жомарт деген ауазы. Осылайша бір дана уәзіріне, хатымды барарға бұйрық салады (Бабалар сөзі, 4-т., 91-б.).

АУЗЫҢА ТҮКІРТУ 1.Елге білгілі адамның жақсы қасиеттері дарысын деген тілекпен жас баланың аузына түкірту ырымын жасау. 2. Жасы үлкен, атағы шығып елге сыйлы болған адамнан жақсы қасиеттер өзімен кетпей, басқаға да ауыссын, сынықтан басқаның бәрі жұғатын тек ауру емес, адамдағы қасиеттер де жұғады деп түсінген жұғыстылық магиясының халық санасында сақталған көрінісі.

АУЗЫҢА ШӨП ҚЫСТЫРМА т ы й ы м. Аузыңа шөп қыстырсаң біреудің айдауында жүретін малы боласың деген мағынада.

АУЗЫҢА ШӨП ҚЫСТЫРМА! т ы й ы м с ө з. Балалардың шөп тістегенін көргенде жасы үлкендердің айтатын тыйымы. Байырғы қазақы ортада айтылатын тыйым сөздер ескілікті наным-сенімдерге байланысты болып, олардың қайсыбірінің неліктен тыйым салынатыны белгілі болып тұрады. Мысалы, босағаны керме; табалдырықта тұрма деген тыйым құн талап етумен байланысты айтылады. Құн сұрап келген адам табалдырықты аттап ішке кірмейді; босағаны керіп тұрады. Бұл – құн талап етудің семиотикалық таңбасы. Сонымен қатар ел арасында айтылатын көптеген тыйымдардың «неге?» екені белгісіз болып, арғы мәні ашылмай жатады. Мысалы, аузына шөп қыстыру (шөп тістеу) деген семиотикалық таңбаның тыйым сөзге ұшырауының себебі ұмыт болған. Дегенмен бұл тәрізді тыйымдардың түпкі мәні «Бабырнама» сияқты жазбаларда ұшырасып та қалады: «Ауғандықтар шайқаса алмайтын жағдайда аузына шөп қыстырып, «мен сенің өгізіңмін» дегендей, құлшылық етіп, жауына бас иеді». Жазбаның тағы бір жерінде: «Осы сангарды алғанымызда Кивидің Шади хан есімді бір атақты адамы аузына шөп қыстырып келіп, маған қызмет атқаруға мойынсұнды», - дейді («Бабырнама»). Мысалдың мағынасына қарағанда, аузына шөп қыстыру «мен сенің дегеніңе көніп, айдауыңа жүретін малыңмын» дегенді аңғартады. Сондықтан жасы үлкендер балаларға «аузыңа шөп қыстырма» деп бұндай қылықты «жамандыққа» жорып, тыйым салып отырған. Ал қыстырылған шөпті иттің аузынан көргенде иесіне нағыз берілген, иесінің тілеуін тілейтін ит деп жақсылыққа жорыған.

АУСЫЛ Сиырда болатын жұқпалы індет.

АУЫЗТАМЫР Тамырластықтың бір түрі. Бір-бірімен заттай алыс-берісі жоқ, бармақ ұстасқан тамыр, ауызтамырлар тамырластығын бармақ ұстасу жолымен бекітеді.

АУЫЛ АҚСАҚАЛЫ Ауыл-елдің едәуір жасқа келген басшысы, ақылшы әрі кеңесшісі. Дәстүрлі қазақ қоғамында хандық билік, билер билігі және ақсақалдар билігі деп аталатын ел басқарудың үш тармақты жүйесі болғанын мойындай отырып, солардың ішінде жергілікті биліктің тізгіні ақсақалдардың қолында болғанына ерекше мән беруге тура келеді. Билер билігінің сайланбайтыны, атадан балаға мирас болмайтыны тәрізді ақсақал

билігі де сайланбалы билікке, мұрагерлік жолмен ақсақал болмайды. Ақыл-парасатын, өмірден түйген тәжірибесін, жан-жақты білімін ел адамдары мойындай отырып, билік тізгінін оған ауыл-елінің өзі ұстатады, яғни ақсақал деп алдына келеді.

АУЫЛ Табиғи ортаны тиімді игерудің жолдары мен төрт түліктен өнім өндірудің технологиясын қалыптастырған әлеуметтік-экономикалық құрылым. Астық өнімдері де ауыл егістігінде өндіріледі. Сонымен қатар ауыл қазақы тіршіліктің қайнаған ортасы болып, ондағы жетіталық рулық қауымды ұйымдастырушы әрі реттеуші институтқа айналды. Басқаша айтқанда, аталастық - ауылдың түп қазығы болды. Алайда оның әлеуметтік сипаты бірте-бірте өзгеріске ұшырап, құрамына жегжат, жұрағат, жамағайын деп аталатын әлеуметтік категориялар кірді. Бұлар бірте-бірте ауыл ақсақалы, ауыл ағасының ұйымдастырушылығымен ынтымақтасқан әлеуметтік құрылымға айналды. Сөйтіп дәстүрлі ортадағы қандастық туыстастық принципі ендігі тұстарда шауашылық, экономикалық және рухани мүдделестігіне негізделген этномәдени әлеуметтік байланыстың жаңа ұстанымы қалыптаса түсті.

АУЫЛ ТҮБІ – БІРЛІК, ҚАУЫМ ТҮБІ – ТІРЛІК Ауыл-ел болып қауымдасу әлеуметтік өмірдің бар қажетті шарты деген ұғымды білдіреді. Қой қырқу, шөп шауып, пішен жинау, қыстау-қоныс әзірлеу, көші-қонды ұйымдастыру, мал қыстату сияқты кооперативтік-ұжымдық шаруашылықты ұйымдастыру; ас беру сияқты дүбірлі гедонистикалық шараларды өткізу ауыл ақсақалдары мен ауыл ағаларының басшылығымен ұйымдастырылып өтеді. Ел ішінде ауыл-ауыл болып атқарылатын әртүрлі шаруашылық, салттық, ғұрыптық мәдени шаралардың этносты бірегейлендіріп, ұлт етіп ұйыстыруда маңызы айтарлықтай зор болды. Сондықтан ұлттың рухани дамуының бастауында ауыл тұрды. Ауыл дәстүрлі қазақ қоғамындағы ерекше құрылым ретінде қоғамдағы мәдени-әлеуметтік, экономикалық ортаны қалыптастырудың кеңістігі болды.

АУЫЛ ТҮБІ – БІРЛІК, ҚАУЫМ ТҮБІ – ТІРЛІК Бірталық дәстүрлі ұстанымда қалып қоймай, ендігі тұста әлеуметтік жақтан қауымдасқан ауылдың тұрмыс-тіршілігі оң болады деген қоғамдық санадағы жаңа көзқарасты аңғартады. Бұл - ауылдың тұрмыс-тіршілігіне тән әлеуетін көтерудегі жаңарту болды.

АУЫЛ: КӨРШІ АУЫЛ Қазақ ауылы томаға-тұйық «жабық» құрылым емес. Белгілі бір ауылда өткізілетін әртүрлі тұрмыстық-шаруашылық шаралар, - шөп шабу, егіншілік, арық қазып, тоған жүргізу т.б., - ұжымдық жұмыстарды ауыл-ауыл болып, қауымдасып атқарысады. Әсіресе мәдени шаралар мен ғұрыптық салт-дәстүрлер көрші ауылдардың белсене араласуымен өтеді. Ас беру, дүбірлі той жасау көрші ауылдардың қатысуынсыз өтпейді. Бұндайда қажетті дейтін керек-жарақтардың бәрін көрші ауыл-ауылдар әкеліп жатады. Қазақтың ауылы аралас, қойы қоралас дейтін мақалы ауылдың, кентті елмен, салыстырғанда, томаға-тұйық жүйе емес, этномәдени жағынан интеграцияланғандығымен, әрі рухани бірлігі күшті құрылым болғандығын байқатады.

АУЫЛ: ҚОЖАЛАР АУЫЛЫ Ел ішіндегі, ауыл-аймақтағы мәртебесі әлеуметтік топқа жататындардың қоныс, мекені. Қожалар өз ішінде шейхантауір қожалар, сейіт қожалар деп аталған. Мұхаммед пайғамбардың сүйікті қызы, Әзіреті Әлидің қалаулы жары Бибі Фатимадан туылып тарағандар сейіттер деп аталған. Діни танымдағы этикалық пайымдаумен байланысты Мұхаммед пайғамбардың мұсылман баласында хақы бар, мұсылманның мұсылманда хақы бар дей отырып өз аймақтарында қожа болмаса, алыстан болса да алдырып ауыл-ел болып басына шаңырақ көтеріп, алдына мал салып берген соң өз алдына ауыл болып отырған. Қожалар ауылы діни таным білімдердің қазақ даласына кеңірек таралуына, әсіресе моральдық-этикалық ұғымдардың өрістей түсуіне ықпал етті.

АУЫЛ: ҚОҢСЫ АУЫЛ Кезінде жегжат, жұрағат болған, кейін кедейшілікке ұшырап, бай ауылды сағалап қоныс теуіп, қоңсы қонғандар. Бұл атау қоңсы ауылдың әлеуметтік мәртебесінің төмендеу екенін байқатады. Алайда бұлардың қайсыбірінің тұрмыс күйі жақсарып, ілгерілей түсіп, қоңсы екені бара-бара ұмытылып, көрші ауыл деп аталатындары да болады.

АУЫЛ: ТӨРЕЛЕР АУЫЛЫ Шыңғысханның қоңырат қызы Бөрте бәйбішесінен болған төрт ұлы, - Жошы, Жағалтай (Шағатай), Ағатай (Үкітай), Төліден, - тараған ұрпақтарының жергілікті ауыл-елдердегі қонысы. Хан-сұлтан, төрелерді халық сағымға садақ ілдірген Шыңғысханның шыбықтары деп дәріптеді. Кейбір ауыл-аймақтарда төре ауылы болмаса, оларды ауыл ел ақсақалдары төресіз ел болмайды, төбесіз жер болмайды деп, көшіріп әкеліп, алдына мал салып, ауыл етіп ұстаған. Оларды шыңғысизм идеологиясы бойынша ана құрсағына сағым болып түскендер, сағымға садақ ілдіргендер деп қасиеттендірген. Сондай-ақ төренің қазақта қақысы бар деп, құқықтық тұрғыдан төрелер ауылы ерекше құқықпен қорғалған. Алаш көсемі Әлихан Бөкейханов бұл артықшылықты қажетсіздендіріп, қазақтың төреде құқығы бар деген.

АУЫЛАҒАСЫ 1. Ауыл ішіндегі дауларды шешіп, төрелік айтатын елдің бас көтерер беделді адамы, ақсақалы. 2. Ауылағасының беделі жоғарылары ел ағасына айналады. Ауылағасы – ауылдағы әлеуметтік қатынастарды реттеп отырушы тетіктердің бірі.

АУЫЛДАС: АТАЛАСТЫҢ АТЫ ОЗҒАНША, АУЫЛДАСТЫҢ ТАЙЫ ОЗСЫН Әуелде бірталық ру аясындағы ауыл тіршілігі ендігі жерде әлеуметтік құрамы кеңейе түсті деген қоғамдық көзқараспен байланысты ұғымды білдіреді.

АУЫЛДЫҢ АЛТЫ АУЫЗЫ 1. Қонақ алдында тамақтан кейінгі отырыс көңілді, мазмұнды болсын деп ауыл-үй адамының өзі бастап ән салып беруі, «жол ашуы». Ауылдың алты ауызынан кейін кезек қонақтарға келеді. Өз кезегінде олар да ән салып, домбыра тартып береді. Ауылдың алты ауызы ойын-тойда, құдалық кезінде де айтылып, қонақ кісілерден қонаққәде сұрап, адамдар тосырқап отырмай жақындаса бастайды. Ауылдың алты ауызы қазақтар арасындағы қарым-қатынас жасаудың қазаққа тән ерекше бір технологиясы. Ауылдың алты ауызы ел ішіндегі өнерді дамытуға, әнші,

күйшілердің талантын көрсетуге, насихаттауға зор қызмет еткен коммуникациялық тәсіл болды.

АХУН Ұйғырша, оқымысты адамға айтылатын атақ. Негізі парсы тілінде хондон – оқыған сөзінен алынған. «Дан» жалғауын алып тастаса, «хон» атауы «оқу» болып шығады.

АШАМАЙ 1. Алды-арты биік қастары аша (айыр) түрінде айқастырылып жасалған, жас балаға арналған ер. 2. Жас баланы тұңғыш рет ашамайға мінгізу көшпелі тұрмыста балалардың жыныстық жіктелуін айғақтайтын ғұрыптардың бірі болды. Қазақ дәстүрінде сәбилер балалық шақтың бірінші сатына жеткенде ер бала мен қыз бала алғаш рет жыныстық жағынан жіктеледі. Қыз балаға тұлым қойылады, құлағы тесіледі, қызға киіндіріледі. Ұл баланы сүндетке отырғызып, айдар қойып, алғаш рет оны жеке атқа мінгізу рәсімін өткізеді. Баланы ашамайға отырғызып, аяғын тепкішекке салғызып, белінен алдыңғы-артқы қасқа тартып байлап, бір адам аттың басынан ұстап ары-бері жүргізіп баланың ат үстінде отыруға бойын үйретеді. Бала өміріндегі бұл ерекше оқиға әр отбасының әл-ауқатына қарай аталып өткен. Оны ашамайға мінгізу немесе ашамай той деп атаған.

АШҚЫШ з а т ж е р г. Кілт. Тіл – көңілдің ашқышы.

АШТАУ 1. Көз тиген баланы емдеу. 2. Жылы күлді кесеге толтыра салып, үстіне кішкене нан, тұз қосып, бетін орамалмен байлап, емдейтін адам кесені төңкеріп ұстап баланың басынан аяғына дейін тигізе отырып, аш-аш деп дауыстап отырады. Осы әрекетті орындап болғаннан кейін баланың бетіне қарап «тфу, тфу жаман» деп түкіру ишарасын жасайды. Балаға аш тиген болса кесеге күл шөгіп, ойылып қалады дейді.

АШЫ ОТ Қарабарқын, қарасораң, жантақ, күйреуік, жыңғыл, жиде, тораңғы, торғай оты, балықкөз, кекіре, алабота, бозбота, жалмаңқұлақ, боздыбас, көкпек, шыртылдақ, шытыр, қызғалдақ, теріскен, дүзген, ақбас, текесақал, сексеуіл т.б. шөлейт, құмды жерлерде өсетін шөптер мен бұтасындар. Ащы отты жайылым түйенің негізгі қорегі, қойдың ащылайтын жайылымы. Иреуік, қарасораң көктем кезінде түйеге зиянды. Қыстан шыққан қойды тез қондандыру үшін ащы отты жайылымға салады.

АЮ 1. Денесі үлкен, қалың жүнді, жыртқыш аң. 2. Аюды емдік қасиеті еті мен майы, еті үшін аулайды. Халық емшілігінде аюдың етін кектіріп сақтап қояды. Аюдың етінен аздап алып, суға езіп іштіріп, көкжөтел, сыздауық, жара, бөртпе, сары ауру сияқты ауруларды емдеген. Ал етін асқазан ауруларын, майын буын ауруларын емдеуге пайдаланған. Тіліміздегі аюдың етіндей тіркесі ескі наным бойынша тотемдік аңның бірі ретіндегі аюдың өтін сақтау ырымына байланысты қалыптасқан.

АЯҒЫНЫҢ ЖЕЛІ БАР Бәйгеге қосатын жүйрік жылқы. Аяғының желі бар деген жылқы баласының бәрін де шаптырып, бірсыпыра терін алып, күздің ұзақ салқын түнінде байлап таң асырып жүрген тентектер көп еді (Ғ.Қараш, 164-б.).

АЯҚ БІЛЕЗІК 1. Буыны ауыратын адамның аяғына салатын білезігі. 2. Күмістен соғылатын білезіктің тазалау (гигиеналық), емдік және тіл-көзден

сақтау қасиеті бар деген түсінікке байланысты аяқ білезікті тіл-көз тимесін деп жас баланың аяғына салған.

АЯҚ САЛҒАН КҮҢ 1. Ертеректе перзент көре алмай жүрген байдың көңіл қосқан есіктегі әйел. 2. Байдың аяқ салған күні бала тапқан соң, арнайы рәсім жасалып, байдың басқа әйелдерімен терезесі тең әлеуметтік тұлғаға айналады, яғни оның күң аты жойылады. Сирек кездесетін бұндай жағдай ауыз әдебиеті үлгілерінде сақталған: «Сол күнде құлтайының аяқ салған Тезекші таза күннен бір ұл туды (Алпамыс).

АЯҚБАУ 1. Уықты керегеге байлауға қолданылатын жіп немесе таспа. 2. Аяқбау көшіп-қонған, да уықтың аяқтарын қосып байлауға да қолданылады. «Адамның жолы кесіледі, жамандыққа ұшырайды - мыс» деген ұғымға байланысты уыққа байланған аяқбауға адамның басы тимеуі керек екен.

АЯҚКИІМ 1. Аяққа киетін киімдердің жалпы атауы. 2. Бірсыпыра ырым-тыйымдар аяқкиімді пайдалануға, күтуге байланысты қалыптасқан: Аяқкиімнің табанына қарай берген адамның көзі ұшының ауруы мүмкін дейді. Ондайда «көзім ұшынбасын, аяғым ақсамасын» деп табанға үш рет түкіреді. Аяқкиімді шашып тастауға да, төңкеріп қоюға да болмайды, шашылып жатқан аяқкиім адамның жолын кеседі. Аяқкиімді сол аяқтан бастап киюге болмайды, бөтен кісілерге қаратып шешпейді...».Әдетте аяқкиімді жастанбайды. Жаугершілікте, басып көшкен және т.б. жағдайларда иен далада жастанатын ештеңе болмаса, аяқкиімді жастанып жатуға болады. «Етік жолға бастайды, шалбар сорға бастайды» деген сөз осымен байланысты шықса керек. Өйткені шалбарды қандай жағдай болса да мүлде жастанбайды.

АЯҚҚҰР 1. Киіз үйдің сүйегін ұстап тұратын таңғыш бау. 2. Аяққұр ішкі интерьеріне сән береді, эстетикалық қызмет атқарады. Жіңішке етіп тоқылған құр уықтың аяғына қарай тағылатындықтан бұйым аяққұр деп аталған.

АЯҚТЫ МАЛ Қар тебіндеп жайылатын жылқы, қой-ешкі түліктері, түйе, сиыр түлігі қар тебіндеп жайылмайтындықтан, аяқты мал тобына жатпайды. Кей аймақтарда қыстай қора көрмей, тебінде жатып жайылатын жылқы түлігін аяқты мал дейді.

АЯТ Арабша керемет, демек, мұнда бір аят бір сөйлем. Кейде мағынасы жақын бірнеше аятты қосып, бір аятқа есептеп те жібереді. Аят пен алладан «аятолла» шығады. Аятолла араб тілінде алланың аяты, яғни керемет деген мағына береді. Бұл атау, тек қана Иран шиғаларында ғана бар. Ол діни тұрғыдағы ел басшысына, яки мемлекет қайраткеріне ғана халық атынан берілетін атақ. Бірнеше аят жинағын сүре деп атайды. Сүренің ең азы үш аяттан кем болмайды.

– Ә –

ӘДЕП 1. Жеке немесе қоғамдық қарым-қатынаста адамдардың мәнез-құлық мәдениетіне қойылатын этикалық талаптардың жалпы атауы. 2. Әдеп

белгілеріне сынық сөз (сөз этикасы), биязы мінез, жылы шырай, сыпайылық сақтау, ізет, құрмет білдіру т.б. қоғамның дәстүрлі тәрбие жолымен, ал социум мүшелерінің киім-киісі, жүріс-тұрыс мәдениеті дәстүрлі ортаның эстетикалық талғам-талаптарына сәйкес қалыптасып, ұлттық ерекшелік нышандарын айқындап тұрады. «Әдеп, әдеп-иба социум мүшелерінің қоғамдық санада ұнамды деп танылған мінез-құлық мәдениеті нормаларының стереотипке айналған көрінісі болып саналады. Сондықтан дәстүрлі мәдениетте жұртшылық қабылдаған бұндай әдеп нормалары – жеке адам, ата-әулет, ру, қауым деңгейіндегі көпсубъектілік қатынастың реттеуіш тетігі ретінде қызмет атқарған тарихи категория-мәдени деп танылады.

ӘЗ ЖӘНІБЕК 1. Әділ өкім жүргізуші ұлы мәртебелі Жәнібек. **2.** Жәнібек Әбу Сайд (15 ғ. басы– 1470 ж) – Қазақ хандығының негізін қалаған хандардың бірі. Орыс ханның ұрпағы, Барақ ханның ұрпағы. 1457–1470 жж. туысы Керейханмен бірге Қазақ хандығының негізін қалаған, Қазақ хандығының құрылу процесіне толық қатынасып басшылық еткен тарихи тұлға.

ӘЗ ТӘУКЕ 1. Әділ өкім жүргізуші ұлы мәртебелі Тәуке хан. **2.** Тәуке хан – 1680–1715 жылдары хан тағына отырып, Қазақ хандығын күшейтуге ерекше күш салған тұлға. Оның тұсында құқықтық тәртіп пен мемлекеттік құрылымның негізгі белгілерін айқындайтын «Жеті жарғы» атты әдептік құқық нормалары жасалған].

ӘЗІРЕТ ӘЛІ 1. Ұлы мәртебелі, «нағыз әулие» Әлі **2.** Әлі-Әбу-л-Хасан әл-Мұртаза (661 ж. қайтыс болды) – ислам дініндегі «әділ халифтердің» төртіншісі және соңғысы, Мұхаммед пайғамбардың немере інісі әрі күйеу баласы, қазақтардың арасында Ә з і р е т Ә л і (Ғазіреті Ғали, Әзіреті Әлі) тұлғасында аталып, үлкен құрмет білдіріледі.

ӘЗІРЕТ СҰЛТАН 1. Әулие, жарықтық сұлтан деген мағынадағы Қожа Ахмет Ясауидің теңеуі. **2.** Қожа Ахмет Ясауи – шамамен 1093 (кейбір деректерде 1103, 1041 ж.) жылы дүниеге келіп, 1166 жылы Түркістанда (Иасыда) қайтыс болған Ислам дінінің көрнекті жаршысы, ақын, «Екінші Әулие», «Түркістан пірі» атанған ғұлама Қожа Ахмет Ясауиге арнап ӘмірТемірдің Түркістан қаласында салдырған кесенесі – бүкіл түркі жұрты, мұсылман қауымның қадір тұтатын киелі орны.

ӘЗӘЗІЛ д і н и. Алла тағала мен адамдарға дұшпандық істеп, қастандық жасаушы жын. Шайтандар әзәзілдің ықпалында болады.

Әйелдердің пірі – Бибатима (Бибі Фатима). мифол. Әйелдердің, босанарда, қиындыққа душар болғанда желеп-жебеушісі.

ӘЙКЕЛТҰРМАН 1. Қымбат матаға күміс, зер шытыраларды қадап, зерлеп тігіп безендірген, ат мойнын маңдайын әшекейлейтін бұйым. **2.** Әйкелтұрман ат иесінің әлеуметтік - экономикалық жағдайының көрсеткіші, әрі көшпелі ортада қадір-қасиеті жоғары бағаланған жүйрік атқа құрмет белгісі (маркер) болып саналады.

ӘМЕҢГЕРЛІК 1. Күйеуі қайтыс болған әйелдің қайнағасына не қайнысына немесе күйеуінің басқа бір туысына некелесу салты. **2.** Халқымыздың бұрынғы салты бойынша күйеуі қайтыс болып, оның жесірі

жас болса, «Ерден кетсе де, елден кетпек жоқ» деген қағидамен әмеңгерлік жолымен күйеуінің аға-інілерінің біреуіне өзінің таңдауы бойынша тұрмысқа шығады. Әйел және оның балалары туған-туысынан бөлінбейді, ру, ел қауымдастығында тәрбие алады және өмірде, тұрмыста қағажу, қиындық көрмейді. Жесірдің елден кетуі сол елге, руға үлкен мін саналған. Егер әйел тиісті әмеңгеріне шықпай, басқа біреуге шығатын болса, бұрынғы күйеуінің мал-мүлкінен үлес ала алмайды, өз төркінінен келген мүлкімен ғана кете алады. Мұны қазақта іргеден шығару дейді. «Аға өлсе – жеңге мұра, іні өлсе – келін мұра, ат өлсе – сауыры мұра» деген нақыл сөз қазақта ер-азамат өлгенде жесірін қайнағасына не қайнысына қосатын дәстүрді білдіретін, атадан қалған этномәдени мәнді сөз.

ӘСКЕРБАСЫ 1. Әскер қосынын, жасақты басқаруға тағайындалған адам, қолбасшы. 2. Жауынгерлік ерлігімен, соғыс ісін жетік меңгеруімен, ұйымдастыру қабілетімен көзге түсіп әскербасшылыққа тағайындалған батырлар онбасы, жүзбасы, түменбасы, бас қолбасшы деп ажыратылады. Жоғары дәрежелі әскербасыларға әмір әскери лауазым мен жауынгерлік қару, ту, байрақ, дабыл сияқты дәреже белгілерін тапсырған. Олар әміршінің жарлығына сәйкес елді мекендер мен ұлыстардан түсетін алым-салықтар алу құқығына ие болған. Олар ірі меншік иелеріне айналып, кейбір елдерде оның лауазымы ағадан балаға өтіп отырды (тархандық, әмірлік, дәрежелер).

ӘКЕ БАЛАДАН КЕШТІ, ҰЛ ЖАННАН КЕШТІ д і н и. Әке де, бала да Алла Тағаланың сынағынан өтті. Мұсылман аңыздарының бірінде Ибраһим пайғамбарға түсінде ең жақсы көргенінді құрбандыққа шал деген аян келеді. Ибраһим пайғамбардың ең жақсы көретіні – ұлы Исмайыл еді. Алланың ризалығы үшін құрбандыққа шалуға әке де, бала да пейілді болады. Пышақ алқымға таянған сол кезде көктен құрбандық үшін көк қошқар түседі. Рабғузидың «Пайғамбарлар қиссасында» айтылғандай, содан құрбандыққа еркек қой шалу сүннетке айналған. Халық тілінде осы аңыздың негізінде қалыптасқан еркек тоқты құрмалдық деген фразеологизм «ел мүддесі, елдік сияқты биік мақсатты көздеп, ер азаматтың жанын пида етуі» деген қасиетті ұғымды білдіреді.

ӘКІМЗАДА к ө н е. л а у а з ы м. Ел басқарушы сұлтан.

ӘКІМЗАДА к ө н е. т и т у л. Аймақтың тағайындаумен болатын билеушісі, басқарушысы.

ӘКІМЗАДАЛЫҚ к ө н е. Дәреже, атақ. Олар ант-су ішіп: Сұлтан Ахмет бек сізді әкімзадалық дәрежеге жеткізді деді (бабырнама, 138).

ӘЛЕМ-ЖӘЛЕМ: ІШІ ӘЛЕМ-ЖӘЛЕМ БОЛДЫ. Қызғаныштан іші күйді. Патшалыққа тазды түр Тәңірім қалап, Ел тұрған жоқ адамға оны балап. Тамам жұрттан тазға кеп қонғанына, Бектердің іші болды әлем-жәлем (Бабалар сөзі, 2-т., 90-б.).

ӘМИР-АЛЬ-МҮМИНИН Муминдер, дінге сенушілердің әміршісі, басшысы. Әмір-ләшкер – әскер басы. Әмір, арабша басшы, бастық деген ұғымды береді.

ӘНСАР а р а б. д і н и. Дос, жолдас.

ӘР [ӘРБІР] ХАННЫҢ ТҰСЫНДА БІР СҰРҚЫЛТАЙ 1. Әрбір басшыда бір кеңесші. 2. Дәстүрлі қазақ қоғамында ертеректе қалыптасқан салт бойынша әрбір ханның қасында шешен, ділмар, ақындар ішінен суырылып шыққан ақыны, ақылшысы, кеңесшісі, сөзін сөйлейтін ділмары болады деген мағынада.

ӘР АЙДЫҢ ОТЫ БАСҚА Жер түгінің көгеріп шыққаннан қурағанға дейінгі мерзімдегі шөптің әр түлік үшін жұғымды болатын кезеңдері мен шақтары.

ӘР МҰСАҒА БІР ПЕРҒАУЫН 1. Ел-жұртқа танымал, қадірменді адамдар әйтеуір біреуден қысым-қудалау көреді деген мағынада. 2. Мұса – көне Мысыр елінде Алланың жолын уағыздағаны үшін перғауннан қудалау көрген пайғамбар.

ӘР ХАННЫҢ ТҰСЫНДА БІР СҰРҚЫЛТАЙ Хандық қоғамда хан қасында әрі ақын, әрі шешендігімен жұртшылыққа танымал кеңесші, ақылшысы болады. Ханның дұрыс істерін жұртшылыққа дәріптеп, ал бұрыс кеткен тұстарын бетіне айтып, сынап отырады.

Әрбар а р а б. Қайырымдылық, турашылдық, иманға беріктік жағынан озықтық, әулиеліктің алғашқы сатысындағы ізгі жандар.

Әсхаб а р а б. діни. (Қара: асхаб)

ӘУЕЛ ҚҰДАЙ ПАЙҒАМБАР НҰРЫН ҚЫЛҒАН 1. Барлығынан бұрын Мұхаммед пайғамбардың нұры жаралған. 2. Ислам аңыздары бойынша Алла тағала бүкіл ғаламды, жанды, жансыз дүниені, адам баласын жаратудан көп бұрын Жер бетіндегі соңғы пайғамбар Мұхамедтің (с.ғ.а.) нұрын жаратқан деген мағынада.

ӘУЛИЕГЕ АТ АЙТТЫ, ҚОРАСАНҒА ҚОЙ АЙТТЫ 1. Құрбандық шалды. 2. Балаға [адамға] шешек шыққан кезде боз қасқа (ат), ақсарбас (қой) атап Құдайға жалбарынды.

ӘУЛИЕГЕ АТ АЙТТЫ, ҚОРАСАНҒА ҚОЙ Құрбандық шалып, қан шығарды. Бұндағы «әулие», «қорасан» қатерлі шешек ауруының эвфемистік атауы. Байырғы қазақы ортада балаға (адамға) шешек шыққан кезде боз қасқа (ат), ақсарбас (қой) атап Құдайға жалбарынған. Кезінде шешекпен ауырып, гүлі ішінара төлімей қалған адамның бетінде қалған шұбарды қарасанның дағы деп атаған.

ӘШЕКЕЙ 1. 1) Киім-кешек, үй жиһаздары, қару-жарақтар мен тұрмыстық, шаруашылық құралдарын және т.б. көркемдеуге қолданылатын кішігірім бұйымдар, түрлі ою-өрнек; 2) Зергерлік және әртүрлі сәндік бұйым. 2. Әшекейлік бұйымдар сәндік қызмет атқарумен бірге оның иесін тіл-сұқтан сақтау қызметін атқарады. Қоғам мүшелерінің әлеуметтік мәртебесі әшекей бұйымдар арқылы анықталады (қалыңдықтың сәукелесі, хан-сұлтандардың мұрағы, бай-бағландардың ақ үйі, тектілердің алтын айдары мен шоқ белбеуі және т.б.).

БАБТАР БАБЫ АРЫСТАН БАБ 1. Ислам дінін уағыздаушы құрметті атаққа ие болған баптардың ішіндегі ең жоғарғысы Арыстан баб. **2.** Арыстан бап 7-8 ғасырларда өмір сүрген Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы, пірі болған қазақ даласына дін таратуға келген сахабалардың ішіндегі ең құрметтісі, ежелгі Отырар қаласы маңындағы қабірінің басына кесенесі салынған.

БАБТАР БАБЫ АРЫСТАН БАБ Орта Азия жерінде, Сыр өңірінде, ислам дінін уағыздаушы бабтардың ең жоғарғысы және құрметтісі. Арыстан бап VIII-IX ғасырларда өмір сүрген Қожа Ахмет Ясауидің ұстазы, пірі болған қазақ даласына дін таратуға келген сахабалардың ішіндегі ең құрметтісі, ежелгі Отырар қаласы маңындағы қабірінің басына кесенесі салынған.

БАДАЛ 1. Дәні улы, бұта тәрізді өсімдік. **2.** Бадал өскен маңға таулы елде бала-шағаның аулақ жүруін талап етеді. Уының күші мендуана, күшала, илан, күймескүл тәрізді өсімдіктердің уы сияқты. Бадалды мал жемейді. Алайда оның дәнін тек қарасайрақ деп аталатын құс құмартып жейді екен.

БАДАЛ 1. таулы жерде өсетін өсімдік. Бадал улы өсімдік болғандықтан, оған мал жаймайды, бала-шағаны да жолатпайды. **2.** Ауыз әдебиеті үлгілерінде кездесетін «Адырда өскен бадал ма, мал жаныңыз аман ба?» деген жолдар оның дәнінің мал мен жанға қатерлі болатынын меңзейді. Кейбір деректерге қарағанда, бадалдың дәнін тек қарасайрақ деп аталатын торғай ғана жейтін көрінеді.

БАДАНА¹ **1.** Жерге түйнектеп өсетін өсімдіктің пиязшығы. **2.** Бадана таулы жердің өзен бойларында, тастақты жерлерде кездеседі. Мал бағып жүрген ауыл балалары тауып алып жей береді. Оның дәмі тым ащы емес, пиязға ұқсастау болып келеді.

БАДАНА² **1.** Бақша дақылының бір түрі. **2.** Халық емшілігінде бадананың дәнін тері ауруларын, ауыз уылуын, ішек-қарын ауруларын емдеуге, ал майын алып жүйкені тыныштандыруға және т.б. қолданған.

БАДАНА³ –**1.** Тау беткейлерінде өсетін бұта және оның жаңғақ тәрізді, жеууге келетін жемісі. **2.** Бұрынғы уақытта бадананың тамырынан бояу алған.

БАЖА Иттің бажасы көп (ирония).

БАЗАР Арнайы, әрі тұрақты сауда-саттық алаңы. Сатушы мен алушының арасында әдетте «аз беріп, көп алсам», «көп алып, аз берсем» дейтін психологиялық стереотип ерекше орын алады. Аларманға алтау аз, берерменге бесеу көп деген мақал осы ақиқаттың тілдік бейнесі болып саналады. Алайда сатушы мен алушының арасындағы бәсекелестікті халық танымында нарық билейтін үйдегі бағаны базардағы нарық бұзады; арзан менен қымбаттың базар берер нарқы бар, жақсы менен жаманның адам берер нарқы бар; малдың нарқын иесі емес, базар айтар; құдығына қарай қауғасы, базарына қарай саудасы дейтін мақалдар базардағы сауданың нарықтағы ұсыныс пен сұранысқа тәуелді екенін аңғартады.

БАЗАРШЫДАН БАЗАРЛЫҚ Алыс жолдан базарлап қайтқан адамның алдынан шығып, жас-желендердің кәдесый сұрау жоралғысы.

Базардан артынып-тартынып олжалы келген жолаушы базарлық сұраған ауылдастарына қоржын қалталарынан алып, кәдесыйын үлестіреді. Ел ішінде стереотипке айналған бұл жоралғы ауыл адамдарының арасындағы сыйластық, жылы шырайға себеп болатындай этикеттік мән алған.

БАЙ¹ 1. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы дәулетті әлеуметтік жік өкілі. 2. Қазақ байлары төрт түлік мал жиған, жекеменшіктің, ауқатты шаруашылықтың иесі әрі ұйымдастырушысы ретінде айтарлықтай орын алды. Шаруашылықтың көші-қонын ұйымдастырып, жайылымдық жерлерді реттеп, ауыл көшін бастап отырды және қауымдық шаруашылыққа басшылық жасай отырып, ауылдағы өндіріс тетігін, ауыл билігінің тізгінін ұстады. Байлар қазақ даласының өзіндік элитасын, зиялы қауымын қалыптастырды. Қазақ даласындағы дәстүрлі құрылымды басқаруда ерекше рөл атқарып, қазақ даласында мектеп-медреселер ашуға, қазақ-зиялыларына «Қазақ», «Айқап» сияқты газет-журналдар шығаруға қаржылай көмек көрсетіп, демеушілік жасап отырды. Қазақтың рухани өрістеуіне зор үлес қосып, халық үшін игі істер жасады. ХХ ғ. 30-жылдарында «кеңестік қызыл қырғын» кезінде байлар жаппай қудалауға ұшырап, малынан айырылып жер аударылды, атылды. Қазақ даласындағы шаруашылықты ұйымдастыруды жетік меңгерген басшы қазақтар күшпен жойылды. Сөйтіп көшпелі шаруашылықтың дәстүрлі ырғағы түбегейлі бұзылып, шаруашылығы құлдырап, зор шығынға ұшырады. Қазақ жерінде аштық жайлауының да бір себебі осыған байланысты болды.

БАЙҒЫЗ 1. Арқасы ақшыл дақты, сарғылт, бауыры көмескі қоңыр жолақты, түнде тіршілік ететін жапалақ тәрізді құс. 2. Қазақтар байғыздың шақыруын жаман ырымға жорыған. Одан сақтану шарасы ретінде әртүрлі ырым-жоралғылар қалыптасқан. Киіз үйдің шаңырағына байғыз қонса, үйді басқа жерге апарып тіккен, шаңырақты отпен аластаған, тіпті оны қртеп жіберген. Байғыз сияқты түн құсынан сақтану әлемдегі көптеген халықтарда кездеседі. Байғыз туралы әртүрлі аңыздар қалыптасқан.

БАЙЛАНСЫН 1. Аңшылық кезінде сәлем, ізгі тілек ретінде айтылатын стереотипті сөз-формула. 2. Аңшылықта кездесетін ырым-жырымдар практикалық іс-шаралармен тығыз байланысып жатады. «Қанжығаң майлансын», «майлы шұжық айналсын» тәрізді тілектер сөз қуатына сенуден тамыр тартып, бүгінге ұласқан. Магиялық байлау әрекеттері мен байлау сөзінің байланыстылығын мамандар дәлелдеген. Бұл сөздің «киелі» қуатына сенген бүгінгі аңшылар да кездейсоқ кезіккен жолаушыға «байлансын-ақ» деп бірінші болып амандаса кетеді. Көптен күткен қансонарға шыққанда жолай кезіккен адамның тіл-көзі қолындағы бүркітке тимей аулақ болуын тілеген бүркітші басқа сөзбен емес, «байлансын-ақ» деп айқай сала амандасып, қаскөй рухтарды осы құдіретті сөзбен «матап» тастауға тырысатын. Сондай-ақ осы сөз арқылы аң да буылып, шырмалып қалады-мыс.

БАЙЛАУ 1. Адамға, малға зиянкестің жолын кесуге бағытталған арбау рәсімі. 2. Бұрынғы кездері аластау, айналу, топырақ шашу, түкіру тәрізді магиялық әрекеттердің күші қандай болса, байлаудың немесе түюдің де

куаты соншалық болады деп саналған. Бұндай магиялық әрекеттерді қас күштерден қорғану үшін тиісті арбау сөздерін айтып отырып орындаған. Зерттеушілер С.Қасқабасов, Б.Абылқасымовтың айтуынша, мәселен, қоралы қой далада түнеп қалғанда, «қасқырдың жағын байлау» рәсімін жасау үшін «Түнемедегі маңыраманы аман сақта. Құдайым, ұлымның аузын будым!» деген сөздерді айта отырып, қайшының аузын жіппен байлап, босағаның оң жақ керегесіне іліп қоятын ырым болған. Осы жерде магиялық қорғану мақсатында жіп байлау мен оның түйінін шешу арбау үрдісі кезінде орындалатын ырымдық іс-әрекетке жатады. Мұндай іс-әрекет арбаудың психологиялық әсерін күшейтуге бағытталды.

БАЙРАҚ ә с к е р и. к ө н е. Жылқының, аңның құйрығынан, жібек шашақтан жасалып найзаның басына бекітілетін әскербасылық белгі; сырық басына бекітілген, ордада тұратын нысан, белгі. Батырдан кеңес сұрасаң, байрағын айтады, шаруадан кеңес сұрасаң, тайлағын айтады, қасапшыдан кеңес сұрасаң, пышағы мен қайрағын айтады (Мақал).

БАЙРАҚ: БӨРІЛІ БАЙРАҚ Ежелгі хан ордасында алтын басты қасқыр бейнесіндегі туы. «Бұл атау Жетісу ақындарының алтын дінгегі» деп М.Әуезов айтқандай, Сүйінбай ақынның (1822-1895) өлеңдерінде сақталып қалған. Бөрі басы ұраным, Бөрім менің байрағым. Бөрілі байрақ көрінсе, Қозып кетер қайдағым.

БАЙРАҚТЫ ЖҮЙРІК Ат жарыс, палуан күрес, ақындар айтысында оза шыққандарға берілетін жүлде, тігілген бәйге. Байрақ атауының бастапқы кездегі «ерекше айырым белгі» деген әскери қоғамдық-саяси саладағы мағынасы семантикалық «жылжудың» барысында кеңейе түскен. Сөйтіп, этномәдени семантикалық кеңістікте әртүрлі жарыстарда, әсіресе ақындар айтысында оза шыққандарға берілетін «жұлде», «сыйлық» мағынасын білдірген. Мен - байрақты жерде жүгірген, *Жүйрік едім тұмарлы*, - дейді Абыл ақын немесе Сәттіғұл ақындағы: Байрағы айтайын, *Бір ат пенен бір шапан*, - дегендегі *байрақ* «жұлде» «сыйлық» мағынасын аңғартады.

БАЙТАҚ Байырғы дәуірдегі белгілі бір хандыққа қарасты этникалық- территориялық тұтастық, ел-жұрт ұғымының атауы ретіндегі қоғамдық саяси термин. Едіге жырында Тоқтамысқа қыр көрсетіп, кегімді бір алармын деп бара жатқан Едігеге Тоқтамыс ханның жұмсауымен соңынан қуып жеткен Жанбай батыр: Байтақ бөліп береді, *Патсалықты құр сана*, - деп, Тоқтамыс ханның уәдесін айтып, қайтармақ болады. Ер Тарғын жырында кездесетін *байтақ* атауы «батыр, бек-сұлтанға қарасты ауыл ел, ауыл-аймақ» деген ұғымды білдірген: Бес жүз ауыл береді, Өз алдына сұлтан боп, Сүйген жерің жайлашы, Неғыласың бір қызды!? «Алпамыс батырда»: Байсын деген өз елім *Жиделі байтақ қаламыз*, - дегендей *Байтақ* бар орталыққа қарасты этникалық-территориялық жұптастық ұғымын аңғартады. Көптеген ру-тайпадан, ел-жұрт болып құралып, бір хандыққа қараған этнотерриториялық тұтастық байтақ аталып, қоғамдық-саяси терминге айналған. Кейіннен бұл атаудың тілдік-мәдени семантикасы бірте-бірте мағыналық жылжуға түсіп, *ұлан байтақ*, *ұлан дала*, *ұлан асыр той* тәрізді поэтизммен ұласып кетті.

БАЙТАЛ: БАЙТАЛ МАТАУ м а л ш ы л ы қ. Малшы қауымның ерте көктемде қысыр байталдардың жал-құйрығын күзеп, оншақты байталға бір айғырдан қойып үйір жасақтауы. Қысырықтың үйіріне басқа айғыр кірмейді. Қысырықтың айғыры өз үйіріндегілерге бөтен айғыр жолатпайды.

БАҚАН 1. Киіз үй тіккенде шаңырақ көтеруге, үзік пен түндікті көтеріп жабуға, дауылды күндері тіреу болатын ашалы ағаш. Бақан – киіз үйдің ең қадірлі, жабдықтарының бірі. Ертедегі наным бойынша отбасының ырыс-берекесі, құты бақанға тұрақтайды екен. Осыған байланысты әртүрлі ғұрыптық шаралар басқанмен атқарылған. Алғаш отау тіккен үйдің шаңырағын үлкен үйдің бақанымен көтерген. «Бақан аттаған байымайды» деп, одан аттауға мүлде тыйым салынған, оны тек айналып өтеді. Құты кетпесін деп бақанның үстінен аттамайды, отқа жатпайды. Бақан ескіргенде оған май жағып, ақтық (шүберек) байлап жартасқа немесе бір таза жерге қояды. Екіқабат әйел баланың кіндігі оралып қалмасын деп бақаннан және арқаннан аттамаған. Бақанды тіреп, сүйеп қояды, оны жерге көлденең тастауға болмайды. Үйге бақанды ашамалы басымен кіргізіп, сыртқа аяғымен шығарады. Бақанға сүйенуге, құшақтауға болмайды. Оны жетім қалған бала ғана құшақтайды деп тыйым салған. Адамды бақанмен ұру – жаман ырым. Бақан тиген адамның періштесі қашады. Қаралы үйге бақан тіремейді, өйткені ол үйдің тірек-сүйеніші құлады деп саналады. Төлдей алмай жатқан малдың бауырынан бақан салып көтереді. Бақанды малдың әртүрлі ауруларын емдеген кезде де пайдаланады. Бақан құрттың тұрақтайтын орны болғандықтан сатылған малдың нокта –жүгенін шешіп алған соң жал-құйрығына тигізіп алады. Күйеу жігітке, құдаларға қатысты жосын-жоралғыларда да бақанды пайдалану арқылы атқарылады.

БАҚАНАТТАР 1. Қалыңдығын көруге немесе ұзатып алып кетуге келген күйеуден жол-жоралғы алу үшін істелетін ырым, салт. 2. Әдетте, жерге көлденең тастауға болмайтын бақанды қыз жеңгелері есік алдына тастайды. Ал оны аттауға мүлде болмайды. Сондықтан күйеу жігіт бақанды жерден алдыру үшін кәдесін береді. Сонан соң күйеу жігіт «бисмилла» деп айтып, табалдырықтан аттаған.

БАҚАНҒА МАЛ БАУЫЗДАУ 1. Үйде ересек ер-азамат болмаған кезде қажеттілікке байланысты әйелдің бақанға мініп тұрып бауыздауы. 2. Әдетте қазақ әйелі мал бауыздамайды. Қуғын-сүргін, соғыс кездерінде малды бауыздауға ер адам табылмаса, әйел адам бақанды мініп тұрып «бисмиллә» деп бауыздай берген. Әйелдің осылай сойылған малы адал деп танылады. Үйде еркек атаулыдан тек 4-5 жастағы ұл болса, анасы оның қолына пышақты ұстатып, оның сыртынан өзі ұстап еркек сойғанның ырымын жасап, малды бауыздауына болған. Бақанға мал бауыздау ғұрпы көне наным-сенімдерге және өсіп-өркендеу магиясы мен ер-азаматты пір тұтуға байланысты қалыптасқан.

БАҚАНҮСТАТАР 1. Күйеуге түн ортасында отаудың жабулы тұрған түндігін ашқызу дәстүрі. 2. Күйеу мен қалыңдықтың жүздесуі алдында атқарылатын рәсімдердің барлығы біткен соң, күйеу үйге кірген бетте,

колына бақан ұстатып, үйдің түндігін ашқызады. Бұл «жеке отау болдың, өз түндігінді өзің ашып, отынды жақ, отбасыңды жылыт» деген мәнді білдірген. Бұл рәсім түндікашар деп те аталады.

БАҚБАҚ 1. Жапырақсыз, сарғыш гүлді, сабағы қуыс өсімдік. 2. Жас балалар бақбақтың сабағын жұлып алып, аузына салып шайнайды. Дәмі кермек татып тұрады. Жұлып алған бақбақ сабағының басын екіге не төртке жарып, аузына салады да, «Қошқармүйіз бақ-бақ ...» деп немесе «бақ,бақ,бақ,бақ» деп бірнеше рет қайталайды. Неғұрлым «бақылдаған» сайын бақбақтың басы жарылған ұшы мүйіз тәрізді иіліп, соңында дөп-дөңгелек болып қалады. Одан кейін тағы да басқасын алып, осылай ойнап ермек етеді. Қыз балалар бақбақтың сабағын гүлімен қосып өріп, шашына байлап «сәнденеді». Халық емшілігінде бақбақтың тамырынан жасалған тұнбаны баспа (ангина) емдеу үшін ішкізген. Сондай-ақ теріскенді, бүйрек, асқазан және т.б. ауруларды емдеуге қолданған.

БАҚСЫ Бақсылар байырғы замандағы қазақ қоғамында төрелерден кейінгі адамдар есебінде болды. Бақсылар тасаттық шалған малды бауыздайтын болған. Бақсылық тұқым қуалайды деседі. Әуелде бір нәрсенің шылығы тигендей науқасқа шалдығып жүреді де бақсылық құрған соң, науқасынан арылғандай болады. Бақсылық ілеуде бір болады. Бақсылар дию, пері, жындармен байланысты делінеді. Алғашқыда есі кетіп ашу шақырады, тынышы кетіп мазасыз халде жүреді. Ауыл-ауылды қыдырып кетеді. Сөйтіп жүріп, атақты бақсыға барып батасын сұрайды.

БАҚСЫЛАРДЫҢ АЛТЫ ҚЫЛМЕН БАЛ АШУЫ Бақсының жылқы қылын түйіп, көзбайлау көрсетуі. Бақсылар аттың алты қылын алып, екі қылдан екі түйінмен байлап, қойнына салады. Жан-жақтағылар үн шығармай отырады. Шамасы, сүтпісірімге жетпес шамада қойнынан алған қылдың бәрі алты түйінмен қосылып қалады (ДУГ).

БАҚСЫЛАРДЫҢ ПІРІ Бақсылар Қорқыт әулиеге сыйынады. Қорқыттың күйін тартып, сарынын салады. Дәуірім бақсылардың ішінде Қойлыбай бақсыны олар ерекше пір тұтады. Атақты дәуірім бақсылардың бірін хан, сұлтандар өздерінің ордасында ұстайды. Бұлар сәуегей бақсы деп аталады.

БАҚСЫЛЫҚ ҚОНДЫ Бақсылық қасиетке ие болды.

БАҚСЫНЫҢ АСА ТАЯҒЫ Бақсылар асасын ағаштан, сүйегі мықты ағаштан жасайды. Асаның басына үшкір темір ұстатады, басын үкілейді.

БАҚСЫНЫҢ ЖАЙШЫЛЫҚТАҒЫ КЕЗІ Танымайтын адам жайшылықта оның бақсы екенін білмейді. Сөзі, жүріс-тұрысының жай адамдардан еш айырмасы болмайды. Бақсылар дін күтіп, мұсылмандықты ұстанады.

БАҚСЫНЫҢ КӨРСЕТЕТІН КЕРЕМЕТТЕРІ Бақсылық қойған адам өзгелердің көзін жеткізу үшін жасайтын әрекеттері қызған темірді жалайды, қақаған аязда жалаңбас, жалаңаяқ жүре береді. Осындай істерімен жұртты иландырып, көзін жеткізіп, өзін бақсымын деп жариялайды.

БАҚСЫНЫҢ ҚОБЫЗЫ Бақсының ойнайтын аспабы. Бақсының қобызға тағатын ішегі қойдан, ешкінің ішегінен болады. Қобыздың ішегін

ойнататын ысқысы тобылғыдан иіліп жасалады. Ежелгі наным-сенім бойынша тобылғының қасиеті бар дейтіні осындай түсінікке байланысты болса керек. Бақсы ысқыға тартқан аттың қылына қарағайдың шайырын жағады. Қылқобыздың бірде аққудың, бірде ат тұяғының дүбірі, бірде іңгеннің ыңқылы, бірде зарлы болып, тұла бойды шымырлататын саналуан түрлі үні ысқыдағы қыл ішекке жағылған шайырға да байланысты болуы мүмкін деседі.

БАҚСЫНЫҢ СӘУЕГЕЙЛІГІ Хан, сұлтандарға, олардың жасайтын жорықтарын бал ашып болжауы. Жорыққа айдың, күннің қай уақытында шығуды болжап немесе тоқтатуға бал ашып кеңес береді. Аспан шырақтарын, қырық бір құмалақты «сөйлетеді».

БАҚША БАЙЛЫҚ – БІР АЙЛЫҚ 1. Жаз айларында пісетін қауын, қарбыз. 2. Қауын-қарбыз ұзақ сақтауға келмейді. Бірақ өз кезінде, ыстық күнде «Қауын жесең әрі ауқат, әрі сусын» деп бағаланған. Піскен кездегі молшылық ұзаққа созылмай тез бітеді. Ел арасында «Көкше байлық – үш айлық, Үш айдан соң шошайдық» деген сөз де сақталған. Ол да бақша дақылдарының үш ай жазда таусылып бітетінін аңғартады. Қазақ диқаншылығында қауынды ұзақ сақтап, қыста жеу үшін кептіріп қауынқак, суға қайнатып алып сығымдап, күнге қайта кептіріп қауынқұрт тәрізді дәмді тағамдар дайындап алған.

БАҚЫР 1. Ертеде мыстан жасалған, асып қоюға арналған бауы бар, ас пісіруге қолданылған шағын қазан. 2. Бақыр түзде жүрген адамдар үшін қолайлы болған. Оны шағын әрі сынбайтын ыдыс болғандықтан жаугершілік заманда сарбаздар, күндерін үнемі жел өтінде, ашық аспан астында өткізетін жылқышылар, аңшылар жол-жөнекей ас дайындап ішу үшін өздерімен бірге алып жүрген. Әсіресе, жылқышылардың қосы бақырсыз болмаған. Қос басында бақырға тамақ асып, жылқышылардың ас-суын дайындайтын адамды бақыршы деп атаған.

БАҚЫРШЫ 1. Мыстан ұсақ-түйек бұйымдар жасайтын адам. 2. Бақыршылар кентті жерлерде болған. Олар майда-шүйде тауарларын базарға шығарып сатып отырған. Бақыршылар – ұста, зергерлерден шеберлік деңгейі төмен кәсіп иелері.

БАҚЫРШЫ к ө н е з а т. Жылқышы қосында ас әзірлеуші.

БАЛА САТЫП АЛУ 1. Туғанда баласы шетінеп кете берген адамның баласын сатып, қайтадан өзі сатып алу ғұрпы. 2. Бұл рәсімнің мақсаты – өлімді адастыру. Бұл ғұрыпты ел ішінде есік ауыстыру деп те атайды.

БАЛАҒА АТ ҚОЮ 1. Дүниеге келген нәрестеге есім беру. 2. Балаға ат қоюға ерекше көңіл бөледі. Өйткені баланың алдағы тағдыры оның есіміне байланысты болады дейді. Сондықтан ырым етіп балаға батырлардың, елге белгілі, атақты адамдардың аттарын қойса, баласы тұрмай, шетіней беретін адамдар ырымдап Тұрсын, Тоқтасын, Өлмесхан, Адамбек тәрізді есімдерді немесе елеусіздеу, тіпті анайылау естілетін Көтібар, Бокбасар, Елеусіз, Итемген сияқты аттарды қойған. Ұлбер, Ұлжалғас, Жаңылсын, Ұлтуған тәрізді есімдер – ылғи қыз туған отбасында кездеседі. Қал, Мең сияқты

ерекшеліктері бар балаға ырымдап Меңтай, Қалдыгүл, Қалдыбек деп ат қойса, қалдың өсуі тоқтайды деген сенім болған.

БАЛА-ШАҒА, БАУ-ШАРБАҚ АМАН-ЕСЕН БЕ? а й м а қ т ы қ.
Амандық-есендік сұрасуда қолданылатын этикет сөз. Ертеректе Жетісу, Сыр бойы, Қаратау өңірі қазақтарының сөз этикетіндегі бау-шарбақ атауы аймақтық тілде «төрт бақ» дегенді білдіреді (шар «төрт»). Жетісу, Қаратау, Сыр бойы аймақтарында алма, жүзімдік, өрік, шие сияқты бақтың арнайы жеке-жеке түрлерін өсіру кәсібі болғанға ұқсайды. Сондай-ақ Алмалы, Алматау, Шиелі, Өрікті т.б. жер-су атаулары өңірлердегі бау-бақша, жеміс-жидек өсіру мәдениетімен байланысты деуге болады.

БАЛҒЕР Адамдардың тағдырын, алдағы уақытта не болатынын, қалай болатынын құмалақ ашып, жауырынға қарап, кітап көтеріп бал ашушы, болжаушы. Ескілікті кездегі ел ішінде құмалақпен бал ашатын Балгерді құмалақшы, жауырынмен бал ашатын балгерді жауырыншы, кітап ашып (кітап көтеріп) бал ашатын балгерді жұлдызшы деп атаған. Айтқан болжамы айнымай келетін балгерлерді ел арасында сәуегей, әулие атандырған, бірақ сәуегей, әулиелердің, ішінара болмаса, бәрі бірдей балгер болмаған. Сондай-ақ кейбір тәуіптердің (халық емшілерінің) ішінде де балгерлер болған. Балгер, бал, бал ашушыны Сыр бойы, Оңтүстік аймақтарда пал, палшы, пал ашушы деп атайды. Ел кезіп бал ашатындарды кей аймақтарда ақши деп атаған. Құмалақ салудың, жауырынға қарап сөйлеудің техникасын, кітап ашудың жолын үйреніп алғанмен, жай адам балгер бола алмайды, себебі ежелгі түсінік бойынша, балгерлер ерекше қасиетке ие, «кітапты», «құмалақты», «жауырынды» ақ сөйлете алатын рухы айрықша таза жандар деп есептелген.

БАЛЖУРАН 1. Таулы жерде өсетін өсімдік. Балжуранның тамырын кептіріп алып, тері бояуға қолданған. Кейбір жерлерде балжуранның тамыры шүкір деп аталады.

БАЛИҒАТҚА ЖЕТУ 1. Ұлдың ер жетіп, қыздың бой жетуі; кәмелеттік жасқа жету. 2. Дәстүрлі ортада қыз бала он үш жаста, ұл бала он төрт-он бес жаста балиғатқа толады деп есептелген. Байырғы тұрмыста он үш жасқа толған қыз балаға «Он үште отау иесі» деп бойжеткен ретінде қараған. Содан былай қарай қызды атастырылған жеріне ұзату қамына кірісе бастаған. Қазақ арасында балиғатқа толмаған жастардың қазасына жаназа шығарылмайды, дәуір айналдырылмайды, ысқат түсірілмейді.

БАЛҚАЙМАҚ 1. Шикі қаймаққа қант, бал, ұн қосып қайнатқан дәмді тағам, ұлттық ас. 2. Балқаймақ – ұзақ уақытқа шыдайтын нәрлі азық. Сондықтан оны алыс сапарға шыққанда жолазық ретінде алып жүрген. Сонымен бірге ол асқазан, өкпесі ауыратындарға пайдалы тағам ретінде қолданылады.

БАЛҚАРАҒАЙ 1. Жапырағы таспа тәрізді, сүрегі қатты, биік болып өсетін қылқанды қарағай. 2. Балқарағай суда оңайлықпен шірімейді. Сондықтан оның діңін көпір салуға, оған тіреу қоюға, құдық қабырғасын бекітуге қолданады. Балқарағайда тері илейтін илік заттар, бояу алынады.

БАЛҚАШ м а л ш ы л ы қ. Өзен-көл жағалауларындағы шалғынды, қопалы жайылымдық жерлер.

БАЛТА 1. Ағаш шабуға, жарып бөлшектеуге, өңдеуге қолданылатын өткір жүзді, ағаш сапты құрал. 2. Балтаның басын күн қатты ыстықта суға батырып қояды. Балға сабы босап кетпеу үшін күнге қалдырмай, көлеңкелі жерге қояды және кез келген жерген тастай салуға болмайды. Ырым бойынша балтаны баспайды. «Бақан аттаған байымайды, Балта басқан жарымайды» деп оны басуға тыйым салынады.

БАЛЫҚ 1. Суда тіршілік ететін, желбезекпен дем алатын су жануары. 2. Балық еті мен сорпасы азық ретінде, жеңсік ас ретінде ерте замандардан пайдаланылып келеді. Алайда, келген қонаққа балық асып бермейді. Асылған немесе қуырылған балықтың үстінен түскен мейманның алдына балықты қойғанмен, «алыңыз, балық жеңіз» деп айтпайды. Абайсызда қонақ қылтанаққа қақалып қалса, обалына қаламыз деп ырымдайды. Балық жеген соң ағарған ішпейді. Олай етсе, алапес ауруына ұшырайды-мыс.

БАЛЫҚ МАЙЫ 1. Балықтың ішінен алынатын немесе сорпа бетіне шыққан май. 2. Балық майын дәстүрлі ортада адамның, малдың ауруларын, сүйек сынығын емдеуге қолданған. Көкжөтел болған адамға майын ішкізіп, сынық пен жараға майын жағып емдеген. Қойдағы көнтек, сиырдың бұзауғаз, түйенің қысаға тәрізді ауруларын емдеуге балық майының әсері жақсы болған. Мешел болған балаға балық майын жалатып, денесін сылайды.

БАЛЫҚ СОРПАСЫ 1. Балықты қайнатып дайындайтын сұйық тамақ. 2. Халық тәжірибесі бойынша, балық сорпасы қалжыраған адамға әл-қуат береді, сүйекті бекітеді. Аяқ-қолдың буын-буыны сырқырағанда, құрқұлақ болып ауырған адамға шорттанның сорпасын ем ретінде ішкізген. «Құданың құдасы – балықтың сорпасы» деген сөз орамы балық сорпасы ем ретінде қолданылатын жеңіл тағам екенін, мал етінің сорпасынан кенеуі аз болатынына меңзейді. Сөз орамындағы *құданың құдасы* деген сөз алыс туыстықты білдіреді. Құданың құдасы қаншалықты алыс туыс болса, балықтың сорпасы да қазақ үшін күнделікті тіршілік қамында зәру тамақ емес дегенді білдіреді.

БАЛЫҚ ШЫРЫШЫ 1. Балықтың жылп-жылып еткен тықыр терісі. 2. Діни ұстаным бойынша шырышы бар балық жеуге жарамды, адал деп саналады. Шырышсыз балықты шаян, бақа тектес екен, арамға жатқызады. Сондықтан ондай балықтың етін жемейді.

БАЛЫҚКӨЗ 1. Шөлді аймақта балықтың көзі тәрізді түйме-түйме болып өсетін шөп. 2. Балықкөз – түйенің сүйсініп жейтін таптырмас азығы. Адамның басына шыққан жараны балықкөз бен күшаланы қымызға қосып емге пайдаланған.

БАЛЫҚТА БАТА ЖОҚ, ИТТЕ АТА ЖОҚ 1. Балыққа бата сұрамайды деген мағынада. Бұлай дейтіні бата ыстық қан шығарып, пышақ қандаған малға беріледі деген ұғыммен байланысты. 2. Итте ата жоқ дейтіні «күшіктер ұялас болғанмен, зәузаты бөлек» дегенді аңғартады.

БАРАТ ТҮНІ Құран Кәрімнің Ләухул Мағфуздан дүниенің көгіне түсірілген қасиетті түні, Шағбан айының он бесінші түні. Қасиетті бұл түнде

адамның бір жылдық өміріндегі риздығы есептеліп, күнәсына кешірім жасалады. Тозақтағы жандардың азабы жеңілдетіледі. Қол жайып тілек тілеген мұсылман баласының алақанын Алла Тағаланың нұры шалады. *Күллі пайғамбарлардың тәжі мен мөрі Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбар Барат түні туралы*: «Шағбанның он бесінші түні келген кезде түнді ғибадатпен, күндізді оразамен өткіз. Сол түні күн батқаннан кейін Алла Тағала дүниенің көгіне көрініс беріп «Кешірілгісі келген адам жоқ па? Кешірейін. Ризық қалайтын адам жоқ па? Ризық берейін. Басына қиындық келген адам жоқ па? Дереву саулық пен амандық берейін», - дейді. *Дінтанушылардың айтуынша, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Қадір түнінен кейінгі көп тоқталған түні - Барат түні (қ. Қадір түні).*

Барға – шүкір, жоққа – сабыр. Жігіт айтты: ей патша, асылзадам, Сізге айтайын сырымның бәрін тамам. Барға – шүкір, жоққа – сабыр қылатұғын, Жолықса алар едім ізгі адам (Бабалар сөзі, 2-т., 113-б.).

БАРЫМТА 1. Бір-бірімен өштескен рулы елдің біріне-бірі шапқыншылық жасап, малын айдап кетуі. 2. Барымта қарақшылық, ел тонаушылық шапқынға жатпайды, байырғы қазақ қоғамында заңмен тыйым салынбаған әрекет. Барымта өздігінен жасалмайды, бидің санкциясымен жасалады: жер дауы, жесір дауы, құн дауы сияқты т.б. дауда кінәлы жақ билер сотының шешімімен кесілген тиісті құнды төлеуден бұлтарса, не созып жүрсе, қарсы жақтан барымта жасалуы мүмкін. Барымтада мерт болған адамның жарты құнын барымтаға жұмсаушы төлейді т.б. Барымтамен алынған мал барымташылардың ғана иелігі болып қалмайды, мысалы, барымтаны малға санама деген мақал бар. Барымта түнде емес, күндіз жасалуға тиіс, түнде жасалған барымта қарақшылық шапқынға жатады. Барымта желеуімен алынған артық мал белгілі болса билер сотының шешімімен мал иесіне қайтарылады, ал білінбегені сіңіп кетеді. Оны сырымта дейді.

БАС 1. Малдың үйітілген, асылған етпен бірге пісірілген мүшесі. 2. Қазақ тұрмысында сойылған малдың жағы айырылып тіс қағылған, үйітіліп пісірілген басы – ең қадірлі мүше. Оны қадірлі қонаққа ең кәделі сыбаға ретінде тартады. Жылқы, түйе, сиыр түліктерінің қонаққа бүтін күйінде емес, оның шекесі тартылады. Ал жағынан айырылған қойдың басы қонақтың табағына бүтін салынады.

БАС АРҚАН 1. Киіз үйдің кереге бастары шалқайып кетпей шеңбер пішінді қалпын сол қалпында сақтап тұруы үшін басқұр келетін тұстан тартылатын қыл арқан. 2. Арқан басқұр келетін тұстан тартылатын болғандықтан *басқұрарқан* деп те аталады. Тұрмыста бас арқанның жібектен есілген түрі де қолданылды. Дәулетті адамдар қолданған бұндай арқан сән-салтанаттың, байлықтың, биліктің белгісі болды. Оны үлкен ордаға, отау үйлерге ғана пайдаланды.

БАС АТ 1. Еншіге берілген малдың ішіндегі асыл тұқымды жылқы. 2. Бас ат үй иесінің тума, қолбала малы болуы керек. Біреуден сыйға алған немесе сатып алған асыл тұқымды жылқы бас атқа саналмайды. Бас ат деп атау төлтума малға ғана қолданылады.

БАС ЖАРЫЛСА, БӨРІК ІШІНДЕ, ҚОЛ СЫНСА, ЖЕҢ ІШІНДЕ Дәстүрлі ағайын, туыс арасындағы ұрыс-керіс т.б. жанжалды өршітпей, сыртқа білдірмей, өз ішінде ынтымақты, ауызбірлікті болу жөніндегі руішілік ұстаным, ақсақалдық, ағалық жолмен реттеліп отырған.

БАС ИЮ 1. Басты ию арқылы жасалатын ишара. 2. Бас ию мақұлдау, кешірім сұрап мойындау, жеңілу, тізе бүгуді тұспалдайды.

БАСАЛҚА Жиналыстың жұртшылық сайлайтын төралқасы. Тоғыз адамнан басалқа сайланғасын сөз Әбенге берілді (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 219-б.).

БАСЖАҚСЫ 1. Сәукелеге тағатын зергерлік, сәндік әшекейлердің жинықтық атауы. 2. Қалыңдықтың салтанатты күнде киетін сәукелесінің әшекейлері мол болады. Сондықтан сәукелені дайындау өте қымбатқа түседі. Осыған байланысты ертеде күйеу жағы қалыңмалдан бөлек сәукеленің құнын төлеген. Ол жөнінде халық Ы. Алтынсарин: « Орта дәулетті қазақтар уақ малдарын, мысалы, құлынын, бұзауын, тағы басқаларын қосқанда, 37 қара береді. Оның үстіне, қалыңмалмен қабат, басжақсы туралы да келіседі. Басжақсыны қалыңдығының сәукелесіне арнап, күйеу беруге тиіс...» -деген болатын.

БАСКИІМ 1. Адамның басына арнап тіккен, тоқыған жазғы, қысқы киімдердің жалпы атауы. 2. Байырғы қазақтың дәстүрлі мәдениетінде бас киім адамның жас және жыныстық ерекшелігін, әлеуметтік жағдайын, кәсібін білдіретін және киім үлгісінің аймақтық ерекшелігін айқындайтын зат ретінде танылады. Баскиім қасиетті деп саналады. Оны айырбастауға, аяқасты етуге тыйым салынады. Оны орындамаған адамның басындағы бағы кетеді. Өзінің басындағы баскиімін уақытша біреуге беруге, сатуға, сыйлауға болмайды. Сыйлағанда тек жаңасын береді. Баскиімді себепсіз жерге ұрмайды. Жерге «Тымақ ұру» тек кешірім сұрағанда қолданылатын әдет. Кешірім сұрап, бітімге шақырғанда ғана осылай істеген. Баскиімнің абайсызда жерге түсіп қалуы жаман ырымға саналады және т.б.

БАСҚҰР 1. Киіз үйдің керегесі мен уығының түйіскен тұсынан сыртын орай тартылатын жалпақ құр. 2. Басқұр әртарапты қызмет атқарады. Уық аяғы мен кереге басының қалыпты пішінде қозғалмай тұруын сақтайды. Туырлықтың қажалып тозбауына сеп болады. Басқұрды ою-өрнек салып тоқиды, сондықтан ол үйге сән беріп, эстетикалық қызмет атқарады. Тоқылу әдісіне қарай ақ басқұр және ала басқұр деп бөлінеді. Ас басқұрды ақ түсті жүн жіптен түк салып тоқиды, ал ала басқұрды ою-өрнегін түксіз етіп алаша тәрізді біркелкі тоқиды. Сондықтан оны ел ішінде басқұр алаша деп те атайды, яғни оны «алашадан жасалған басқұр» деуге болады. Ақ басқұр киіз үйдің ішкі сәнді жабдығы, барлық бау-шудың төресі болғандықтан оны ала басқұрдың жоғарғы жағынан өз алдына бөлек тартып байлайды. Ол дәулетті адамдардың үйінде кездеседі. Киіз үйдің сәнді басқұрларын кілемге теңестіріп кілембасқұр, термебасқұр деп әспеттейді. Сондықтан басқұрына қарап сол отбасының тұрмыс деңгейін аңғаруға болатын.

БАСПАҚ 1. Тұз сақтауға арналған тері ыдыс, дорба. 2. Баспақ жылқының, кейбір өңірде түйенің бітеу сойып алынған бас терісінен тігіліп,

аузы бүрмеленеді. Кейбіреуінің аузына ағаштан қақпақ орнатылады. Ол көшпелі тұрмысқа бейімделіп жасалған бұйымдардың бірі болды. Баспақты сиырдың бас терісінен тіккені туралы деректер де кездеседі. *Баспақ* деп аталатын тұздорба қазақ аулындағы шеберлердің қалдықсыз технологиямен жұмыс істегенін, жалпы күнделікті тұрмыста қазақтардың ысырапқа жол бермегенін көрсетеді, яғни малдың дене мүшелерінің әрбір бөлігі ысырап болмай кәдеге асқан.

БАСПАНА 1. Жер үй, киіз үй, ағаш үй, пәтер т.б. сияқты адам тұратын үй-жай. 2. Ежелгі замандарда қалқа түрінде жасалған баспана адамның қажеттілігіне орай көлемі мен құрылымдық үлгілері өзгеріп, дамып, қоғамның әлеуметтік жіктелуіне сәйкес алуан түрлері қалыптасты. Әлеуметтік сипатына байланысты орда, ақ орда, ақ боз үй, үлкен үй, қара шаңырақ, отау, отау үй, қара үй, қараша үй, қос, жаппа, итарқа тәрізді көшпелі тұрмысқа бейімделген киіз үйлер қазақтардың алты ай жазда малмен бірге жайылым қуып көшіп-қонғанда тұратын негізгі баспанасы болды. Қыста тұрақтап отыратын тас, ағаш, кірпіш, саманнан тұрғызылған, жанында қора-қопсысы бар жылы үйлерде тұрды. Қыста тұрақтап, қыстап шығатын мекен-жайды қыстау дейді. Жаздық, қыстық баспананың қай түрі болса да, географиялық аймақтың табиғатымен үйлесім тауып отырды. Мәселен, орталық аймақтарда жел қатты тұратындықтан, киіз үйдің күмбездері жалпақ пішінді, ал Жетісуда жауын-шашын жиі болатындықтан шошақ төбелі, биік болып келеді...

БАСТАБАҚ Тойға келген қонақтардың әлеуметтік мәртебесі, қоғамдағы орны мен жолына қарай сойыс малының сыйлы мүшелерінен жасалған табақ. Бастабаққа қойдың басы, ірі қараның шекесі, жамбас, жая, жал, асық жілік, ортан жілік салынады. Осы аталған сойыс малының сыйлы мүшелерінің бәрі бір табактан табылуы шарт емес. Табақ сайын аталмыш мүшелердің бірі болып, оның жанында басқа да еттер болады. Бастабаққа сирақ, мойын омыртқа, ішек-қарын салынбайды.

БАСТАҢҒЫ 1. Үлкендер жол жүріп кеткенде ауыл үйде қалған қыз-келіншектердің бас қосып, тамақ әзірлеп, ойын-сауық құруы. 2. Бастаңғыны негізінде бойжетіп келе жатқан қыздар жасаған. Әдетте, қыз-келіншектердің басқосуы үлкендердің келісімінсіз жасамайды. Бастаңғыға шақырылған қыздар, келіншектер жалғыз бармайды. Жеңгесімен, інісімен, сіңлісімен бірге барады. Белгілі бір үлкен әйелдің қадағалауымен өтетін бастаңғы бой жетіп келе жатқан қыздарды ас-су дайындауға, дастарқан жаюға, қонақ күтуге, құрбы-құрдастарымен жақынырақ танысуына, томаға-тұйық болып қалмай, қалыпты субъектаралық коммуникацияны қалыптастыруға айтарлықтай себін тигізеді. Осындай ерекшелігіне байланысты бастаңғы жастардың тіршілік келесі кезеңіне дайындық мектебі тәрізді болды. Бастаңғы – байырғы көшпелі ортадағы үлкендер мен кішілердің, қатар құрбылардың, ер адамдар мен әйел адамдардың арасындағы қатынасты ұйымдастыратын және реттейтін ертеден орныққан әлеуметтік институт.

БАСТЫ БАЛТА, ЖЫЛҚЫНЫ МАҢҚА БҰЗАР 1. Әдетте жылқының, ірі қараның басын балтамен бұзады. Қазанға салғанда бұзылған

басты шеке деп атайды. Шеке сыйтабаққа салынып, құрметті қонаққа салынатын кәделі мүше. **2.** Жылқыда болатын жұқпалы ауру. Бұл жерде «небір жүйріктің, асылдың қадірін жасық кетіреді» деген тұспалды аңғартады.

БАСЫНАН ҚҰС АСЫРМАЙТЫН АСУ 1. Шымкент пен Тараздың бел ортасындағы тау, Шақпақ асуы. 2. Шақпақтың желі өте қатты болады, секундына 30-40 метрге дейін жетеді. Желдің күштілігі сонша, атты кісіні аударып тастайды. Көктемде келген құсқа да, күзде қайтқан құсқа да осы жер үлкен кедергі жасайды. Осы асуға келгенде бүкіл құс атаулы өте төмендеп ұшады екен, тіпті қарғалардың жерге қонып, осы асудан қазандай басып асып бара жатқанын көргендер де болған. Қазақ орнитологтары құстардың жолына тор құрып, сақина салуға ең қолайлы жер деп Шақпақ асуын таңдаған. Асудың аузына биіктігі метрдей, ені 35-40 метрдей, ұзындығы 100 метрдей тор құрылады. Шаршап келе жатқан құстар торға келіп түседі де, құстар сақиналанады. Бұл асудың ерекшелігі туралы ел аузында мынадай өлең қалған: Ауылым Машат асар, Шақпақ қонып, Тиеді Шақпақ желі тоқпақ болып. Асудан құс аспаған мен асамын, Мекенін қалқатайдың таппақ болып.

БАТА 1. Маңызды іс бастарда, бастаған іс нәтижелі аяқталғанда және т.б. өзіндік шартымен, рәсімімен орындалатын тілек айтудың ерекше формасы ретіндегі қазақ халқының ұлттық этикетінің көрнісі, салт-дәстүрінің бірі бата бергенде дәм-тұздың болуы шарт. **2.** Батаны әдетте ел-жұртқа сыйлы, ағайын арасында беделді, жолы үлкен адам береді. Құранның бірінші сүресі – Фатиханың өзгеріске ұшыраған атымен аталатын, өзіндік рәсімі бар Аллаға құлшылық етудің бір түрі. Құран сүрелері, дұға оқылған соң екі қолдың алақанын жайып тілек сөздерден кейін алақанымен бет сипау қимылдарын орындау түрінде рәсімделеді. Өлген адамға бағышталып оқылатын Құран сүрелері, дұғадан кейін айтылатын тілек рәсімі. Некелесуші жақтар туыстар арасындағы құдалықты растайтын тиісті рәсіммен бекітілген бәтуаластық келісім.

БАТА МАЛЫ Марқұмның рухына (аруағына) бағыштап құран оқытуға батаоқыршылардың әкелген малы. «Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» деп мақалда айтылғандай, бар ауыртпалық, қиындық өлік шыққан үйге түседі. Қазақтың ежелгі салт-дәстүрі бойынша марқұмның алыс-жақын ағайын-туыстары, құда-жегжат, дос-тамырлары, көңілжетер сыйлас, қадірлес адамдары батаоқырға деп, хал-ахуалына қарай бір тоғыздан үш тоғызға дейін, кейбірі бір жылқы, сойысқа деп қой; ең аяғы кездеме түрінде мата, қант-шай, өрік-мейіз салып, қоржын әкеледі. Бұлардың бәрін, жанды, жансыз болса да бата малы дейді. Бата малына ешкі, сиырды қоспайды. Сөйтіп, марқұмның жанашырлары азалы үйдің көңілін жұбатып қана қоймай, шыққан шығындарының орнын толтыруға да жәрдемдеседі. Бата малының этномәдени семантикалық мазмұны, түптеп келгенде, жанашыр жандардың «бір өлімде де, бір тіріде де біргеміз» дегендей мәнге саяды.

БАТААЯҚ¹ 1. Жасы үлкен құрметті, сыйлы, батагөй адамнан игі тілек, батасын алу үшін жасалатын кәде, жоралғы. **2.** Халықтың дәстүрлі

түсінігінде батаның иландырғыштық (суггестивті) күші ерекше болғандықтан жасы, жолы үлкен адамнан бата алу дәстүріне айрықша мән берген.

БАТААЯҚ² 1. Құда түсе келген жігіттің әкесі жіберген сый мал. 2. Уағдаластықты, арадағы құдалықты батамен бекіте түсу үшін батааяқ беріледі, әдетте батааяққа бір жылқы не бір түйе немесе түлікті қосымша жансыздан (шапан, кездеме, т.б.) қосымша ретінде бір тоғызға толтырып береді.

БАТАОҚЫР Қайтыс болған адамға Құран бағыштап, дұға оқу рәсімі. Әдетте бата оқу рәсімі марқұмның жамбасы жерге тиген соң өткізіледі. Марқұмның құдалары, жекжат-жұрат, дос-жарандары жүздесіп көңіл айтуға келгенде, азаға салғаным, батаоқырға деп мал-мүлкін ала келеді. Ел ішіндегі байырғы деректерге қарағанда әлеуметтік жағынан елдің игі жақсылары санатындағы марқұмның әл-ауқаты аса жоғары құдалары, сыйлы жекжат-жұрат, дос-жарандары киіт киітте қайтады, сыйыт сыйытта қайтады деген қазақы жолмен батаоқырға деп үйірімен жылқы айдатып әкеледі, батаоқырға деген кесек жамбы, жағалы тон сияқты қымбат мүліктері болады. Батаоқыр рәсіміне қатысушыларды батаоқыршылар дейді. Марқұммен қоштасуға, жақындарымен жүз көрісіп, көңіл айтуға әлдеқандай себептермен келе алмағандар, марқұмның жылы өткенше қалайда бір келіп батаоқыр рәсімін жасайды. Батаоқырға деген ол-пұлын да ала келеді. Батаоқыр рәсімі, түптеп келгенде, ел ішіндегі бірегейлікке ықпалын тигізеді.

БАТЫР 1. Жаумен шайқастарда асқан ерлік жасаған, қарсыласынан ешқашан тайсалмайтын, қаймықпайтын, өз намысын, ел намысын өзгеге таптатпайтын қаһарман, ержүрек адам; жаумен шайқаста жеке ерлік жасап, даңқы шыққан, сол үшін елдің құрметіне бөленген, ел ардақтаған тұлға. 2. Мәртебелі әлеуметтік топтың өкілі, бірақ биден мәртебесі жоғары емес, батыр биден санкция сұрайды, бата сұрайды; би батырды жорыққа жұмсайды т.б.; батыр өзінің ғана емес, елдің намысын жоғары ұстайтын тұлға (мақал: Ерді намыс өлтіреді, қоянды қамыс өлтіреді); батыр екі сөйлемейді; батыр қолпашты, көтермелеуді сүйеді (мәтел: Батырды бәрекелді өлтіреді); батыр аңғал болады (мәтел: батыр аңғал, ер көдек); батыр кеңеске қарусыз кірмейді; жаудан түскен олжаны бөліскенде батырдың қылышына (мылтығына, садағына, найзасына т.б.) арнайы сыбаға бөлінеді; батырдың ұстаған туы, найзасының қылы, дулығасы, кісесі, қыны т.б. атадан балаға мирас болып қалады. Мирастық жол жеті атаға дейін сақталуға тиіс, батырдың мирасқа қалған затын жеті атаға толғанша бөтен біреуге бермейді; батыр өзіне дәреже-атағы (рангісі) теңдес қарсыласпен жекпе-жекке шығады, қарсыласының жолын сыйлап, кезегін береді; бесқарудың қайсымен жекпе-жекке шығуды қарсыласының таңдауына береді, батырдың намыс үшін, ел үшін өлуі - құндылық болып табылады, батыр бір өледі, қорқақ мың өледі деуі қорқақтың өлімін құнсыздыққа жатқызады, батырға қолпаш керек, үнем батырды көтермелеп "бәрекелді" деп отырады, т.б.

БАТЫРДАН САУҒА Батырдан бас амандық сұрады, тіледі. Жекпе-жек айқаста жеңіліп тізе бүккен қарсыласы «Іілген басты қылыш кеспейді» деген

ұстаным бойынша батырдан «Сауға, батыр! Жанымды ки» деп бас амандық сұрайтын сәттері де болады. Бұндағы сауға атауының әуелдегі мағынасы «сыйлық» дегенді білдірген. Олай болатыны сауға, сауқат, сәлем-сауқат мағыналық жақтан семантикалық бір өріске жатады. Иран тілдерінде сауға (тәжікше савға), сауқат (тәжікше савғат) мағыналары бірдей вариант сөздер, алыс жолдан әкелген «сыйлық» деген ұғымды білдіреді. Алыс жол, ұзақ жорықтан олжалы батыр рулы елдің жол-жоралғысы бойынша олжасын өзі ғана иемденбеген, оны ауыл-елдің қадірменді ақсақалының алдына салатын болған. Олжадан батырдың өзіне тиісті үлесі, өзге де руластарына берілетін үлес рубасы ақсақалдың ұйғаруымен таратылатын болған. Сөйтіп, батырдың ортаға салған олжасынан ауылдастарының сыйлық дәмеленуі рушілік қатынастың этикалық нормасына айналған. Батыр тіпті «бәрекелдіге» де риза болатын көрінеді. Батырдың олжасынан сауға (сыйлық) алу, сайып келгенде, рулы елдің бірегейлігіне оң ықпал етудің, ондағы әлеуметтік қатынастар жүйесіне қатысты қырларын реттеудің өзіндік тетігі іспетті болған.

БАТЫРДАН САУҒА, МЕРГЕННЕН СЫРАЛҒЫ 1. Батырдан араша, мергеннен олжа сұра. **2.** Дәстүрлі мәдени этикалық қатынаста иілген басты кылыш кеспейді деп батырдан басараша сұрайды.

БАУ ЖІП / БАУ-БАСҚҰР 1. Арқан-жіп, бау-басқұр. Киіз үйдің бау-шуының категорияланған жиынтық атауы. **2.** Ескі дәстүр бойынша тұңғыш құда түсуге барған адамға арнайы сойылған малға байланысты шыққан атау.

БАУТАҒАР 1. Олжасын байлаған аңшыға берілетін сый. **2.** Бұрынғы дәстүр бойынша аңшыдан сыралғы алған адам оған тек алығыс айтып қоймай, өзінің бойында жүретін тәуір бұйымын берген. Баутағар бермесе оның малынан шығын болады деп ырымдаған, «Ағайынның қызығы – алығыс-беріс, Жекжаттың қызығы – барыс-келіс», «сыйластық екі жаққа бәрдей» деп, қазақ қауымы сараңдыққа қарсы, бір-бірінің көңілін аулауға ерекше мән берген. Соның арқасында кәсіп иесі мен басқа адамдардың арасындағы сыйластық қарым-қатынас жалғасын таба береді. Баутағар бермеген адамға келесі жылы олжа байланбаған.

БАУУАБ Арабша қақпақшы, есікші, демек қақпа күзетшісі. Парсыша қақпашыны – дарабозабон деп атайды, ал күзетшіні – посбон дейді.

БАУШИ е г і н ш і л і к. Орылған астықты (бидайды) баулау үшін жас шиден есіп дайындалған бау.

БАУЫЗДАУ 1. Мал мен қоңыр аңды, құсты азық ету үшін алқымының астынан пышақпен орып кесіп қанын ағызу. **2.** Бауыздалмаған, қан шығарылмаған мал, аң-құс арамға саналады. Арам нәрсені жеуге болмайды. Бауыздау – тек ер адамға жүктелетін міндет. Өте сирек жағдайда ғана үйде ер адам жоқ болса, әйел адамның бақанға мініп немесе жас балаға пышақтың сабынан ұстатып барып бауыздауға рұқсат етілген. Мал бауыздауға байланысты бұл дәстүр әр жыныс өкілінің күнделікті шаруаны атқарудағы міндеттері мен құқықтарына меңзейді.

БАУЫЗДАУ ҚҰДА 1. Қыз айттыруға ең алғашқы құда болып барған адам;

БАУЫРДАҚ 1. Жалғыз ат жегілгенде арба-шананың немесе арысы (жетекағашы, тәртесі) көтеріліп кетпеу үшін көліктің бауырынан алып тартатын жалпақ қайыс тартпа, төсайыл. 2. Бауырдақ жалғыз жегін көлігі ретінде пайдаланудың өзіндік технологиясын, көлік құралдарын жұмыс барысында сақтай білудің тиімді жолын көрсетеді.

БАУЫРКИІЗ 1. Түйенің төсіне батпау үшін бауыржіпке кигізіп қоятын жеңсе тәрізді күш-көлік жабдығы. Бауыркіізді пайдалану шаруа адамының жегін көлігіне гуманистік қатынасын, ұқыптылық пен күтіп-сақтаудың бір тәсілі ретінде көрінеді.

БАУЫРКӨПPE 1. Ағаш зерен, тостаған, кесе тәрізді шұңғыл ыдысқа дәнді дақылдарды бетімен бірдей етіп салып мөлшерлейтін өлшемі. 2. Қазіргі кезде ұмытыла бастаған бұл дәл өлшем бұрын ауылды жерлерде дәнді дақылдардан тамақ дайындауда қолданылған. Бауыркөппе тәртібімен өлшеп салу бордақыланатын малға жем бергенде ыдысты ауыстырмай отырса, таразысыз да «дәл мөлшерлейтін» өлшем болған.

БАУЫРЫННА САЛУ 1. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы бала асырап алудың бір түрі. 2. Ата-әженің тұңғыш немересін қолына алып, асырап бағып, тәрбиелеп өсіруінен басқа да бауырына салудың өзіндік себептері болған. Жалғыз баласы бар адам серік болсын деп жақын туысқанының баласын бауырына салып асырап, өз баласынан кем қылмай өсіреді. Сонымен бірге баласы тұрмай жүрген кейбір адамның «ақжолтай» болсын деп ырым қылып, туысының баласын бауырына салатыны да болған. Нәсіп қылып, кейін оның артынан еретін өз балалары болса, «баламның алды, тұңғышым» деп бауырына салған балаға ерекше назар аударып, қатарының алды қылып ұстайды. Бауырына салу – дәстүрлі ортада ағайын-туыстар арасында ғана емес, ру-қауым деңгейіндегі әлеуметтік байланыстарды нығайтатын институционалдық мәнді ғұрып.

БАЯЛЫШ Құмды, шағылды аймақтарда өсетін жайылымдық от, түйенің жылбойғы азығы. Оны жаздың бас кезінде және күзде қой-ешкі жейді, ал жылқы малы күзде, қысқа қарай жейді. Баялыш терістік аймақтарда кездесе бермейді.

БӘДЕЛ ЖЕРЛЕУ 1. Соғыста шейіт болған адамға байланысты орындалатын ғұрып. 2. Шайқаста шейіт болған адамның сүйегін еліне әкеліп қоюға мүмкіндік болмағанда немесе марқұмның денесі жау қолында қалатындай күн туғанда оның бір бармаған кесіп әкеліп, туған жеріне жерлеген.

БӘДІК 1. Байырғы кездегі дінмұсылманшылыққа дейінгі көпқұдайлық (политеизмдік) түсінік бойынша малға келетін аурулардың иесі (құдайы). 2. Мифтік таным бойынша малға келген Бәдікті сөз магиясымен басқа бір затқа (объектіге) көшіру жолымен емдейтін ғұрып болған. Бәдікті көшіруге көпшілік болып жиналған, оған көрші ауыл-үйдің жандары да түгелге дерлік қатысқан. Жиналғандар Көш Бәдік! Көш Бәдік! Көш Бәдік! деп бірауыздан одағайлау, улап-шулап, сонымен қатар өлең сөзді екпіндетіп хормен айту тәсілдері сөздің сиқырлы (магиялық) күшін күшейте түседі деген ерекше наным болған. Алайда дінмұсылманшылықтың қазақ елінде ірге теуіп,

орныға түсуімен байланысты Бәдікті көшіру ғұрпы өзінің көпқұдайлық мазмұнынан айырылып, сахна түріндегі күлдіргі ойын-сауыққа айналып кеткен. Бәдіктің мазмұн межесі гедонистік мән алып, ал тұрпат межесі жағынан ғана дәстүр бойынша ХХ ғ. басына дейін ел ішінде сақталып қалған.

БӘЙБІШЕ 1. Байырғы отбасылық дәстүрде қалыптасқан жұбайлық мәртебе, бірнеше әйел алған ер адамның бірінші әйелі. 2. Бәйбішеден кейінгі әйелдер жалпы атаумен тоқал, ретіне қарай үлкен тоқал, кіші тоқал деп аталады. Бәйбішесі қайтыс болып, ер адам екінші рет үйленсе де алғашқы әйелі бәйбіше қалпында аталады. Қазақ отбасында бәйбішенің әлеуметтік орны тоқалға қарағанда жоғары әрі салмақтырақ болған. Отбасының ұйытқысы болатын бәйбіше үй шаруашылығын өз қолында ұстап, үй-ішілік мәселелерді ер адамсыз-ақ шешіп отырған. Бәйбішенің отырған үйі үлкен үй аталып, сырттан келер адам бірінші сол үйге түсетін болған. Дәстүрлі қарым-қатынас этикасы бойынша тоқал бәйбішенің атын тура атамай, «шешей» деп атап, бәйбішенің нұсқауымен болатын шаруаларды атқарған. Тоқал үйі бөлек тігілген. Дәстүрлі ортаның тәлімін бойына сіңірген, тағылымды, кемеңгер бәйбішелер ел билігіне арласып, түйінді мәселелерді шешуге де араласқан. Үлкен ер адам жоқта ретіне қарай малға, асқа да бата жасай берген. Түз адамы – ердің қамын, бабын табуды мақсат етуші ақылды бәйбіше үшін өз ерінен өрбіген балалардың, тоқалдан туған болса да, жаттығы жоқ. Тоқалдың балалары бәйбішені «шеше» деп атап, өз шешелеріне көбінесе «жеңеше» деген. Зерттеушілер бәйбіше атауының қалыптасуы туралы «үй иесі, әйелдің күйеуі, бастаушы, рубасы, отбасы» дегенді білдіретін «бай» сөзі мен «әйел адам, қатын, бикеш» ұғымын білдіретін «бише» сөздерінің бірігіп, дыбыстық өзгеріске түсіп, «бас, басқарушы әйел» деген мағынаға ие болған деп тұжырымдайды. Осылайша байырғы қазақ отбасында некелік туыстықпен байланысты этикалық қарым-қатынастың ерекше императивті нормалары қалыптасқан.

БӘЙГЕ АТ ЖАРАТУ Жүйрікті арнайы баптап, ащы терісіне дейін алып бәйгеге қосу. Аты келіскенмен бабы келіспесе, ондай жүйріктің бағы жанбай, обалына қалады. Жүйрікті бәйгеге баптау үш немесе алты айдай уақытты керек етеді. Дүбірлі ас беру, аста-төк той өткізу салтында төрт-бес ай, бес-алты ай бұрын ел-жұртқа сауын айтып, хабар жіберетіні де сондықтан.

БӘЙГЕ АТЫН АРУЛАУ Бәйге аты әбден қартайған соңғы шағында арам өлмесін деп, пышақ ұрып бауыздайды да басын кесіп алып, денесін көмеді, үстіне тас үйеді. Бас терісі алынған жүйріктің басын ақ матаға орап, әлгі үйген тастың үстіне қояды. Халықтық ономастикада бұндай орындарды Тасоба, Үйгентас, Торатбасы деп атайды. Ондай атаулардың кейбірі «Көрінген сонадайдан Торатбасы, Жаманды жаратқанша жаратпашы» дегендей халықтың қара өлеңдерінде де ұшырасады. Қазақтың ежелгі жерлерінде Тасоба, Үйгентас атаулары аз кездеспейді. Осындай үйген тастарда мүк, қына басқан жылқы басының тұрғаны жайында деректер де бар. Көрнекті этнограф жазушы Сапарғали Бегалиннің деректі

этнографиялық әңгімесінде Арқалықтың Босаға деген биігіндегі тасобада атақты бәйге аты Суанқөктің басы тұрғаны туралы айтылады.

БӘЙГЕ АТЫН ҚАСИЕТТЕНДІРУ Жүздеген жүйрік жүгіртіп, небір атақты тұлғаларға рулы ел болып ас бергені туралы әртүрлі деректер аз кездеспейді. Бәйге аттарының санына ондай аста шектеу қойылмаған. Өйткені жер жаңғыртқан ат тұяғының дүбірі аруақтың (рухтың) ризашылығын туғызады деген байырғы мифтік-діни түсінікпен байланысты ас иелері неғұрлым бәйге аттарының көп болуын қалаған. Ел аузында мұндай асты дүбірлі ас деп атаған. Бәйге аты сөреге жақындағанда келешілер, атшабарлар өз руының ұранын айтып, аруақ шақыруы ат бәйгесі атауының семантикалық құрылымда діни-мифологиялық компоненттің ерекше орын алатынын байқатады. Сонымен бірге бәйге атына жал-құйрығын күземейтіні, бәйге атын кермеде ұстайтыны, бәйге атына шідер салмайтыны т.б. ырым-тыйымдар да этнос санасындағы ерекше мифологиялық таным-түсініктермен байланысты болып келеді.

БӘЙГЕ АТЫНА ТІГІЛЕТІН ЖҮЛДЕ Кейбір деректерде айтылғандай, үш жүз жүйрік шапқан атақты ас-тойда бас тоғызға «күн», «өлі отау», «бесік жамбы» тігіледі. Ат бәйгенің ортасын ала келген топтың басындағыларына, соңғы топтың алдыңғыларына тігілетін арнайы жүлделері болады. Ас-той иелері жүлде тимеген ат иелерін құралақан қайтармай, аттың теріне деп шапан жауып, атшабарға кездеме беріп, қой өңгертіп қайтарады. Сыпыра озып, жүлде алмаса да, жарыста ат қарасын көбейтіп, соңындағылармен келсе де, ондай ат ас-тойдан бәрібір бәйге аты деген мәртебемен қайтады.

БӘЙГЕ АТЫНЫҢ ДАУЫ Мал дауының қиындығы әсіресе бәйге атына байланысты болып келеді. Дау-дамайдың аяғы рулы елдің қамшы тістескен төбелесіне де айналып кетеді. Өйткені бәйге атының иесі жеке адам болғанымен, оның атағы, мақтанышы аруақ шақырған рудың намысы іспетті болып саналады. Қазақтың арғы-бергі тарихында өткен Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің билігімен дау мұраты бітіп отырған. Аста-төк бір тойда бәйге атына талас болады.

БӘЙГЕ АТЫНЫҢ МӘРТЕБЕСІ Бәйгеге ат қосқандардың «өлсе, терісін аламын, өлмей тірі жетсе, бәйгесін аламын» деп, атын сертпен қосатын сенімділері де, «жүйріктің бағын сынап байқау» үшін үмітпен қосатындар да, бәйгеге «ат қосыпты» деген атақ үшін қосатындар да болады. Бәйге аты мәртебесі болмаса, небір жел жетпес жүйріктердің құны құқықтық жақтан барымта-сырымта, жылқы ұрысы сияқты ел ішіндегі дау-дамайда мал иесі қай биге барса да, «сырты түк, іші бок» жай ғана қылқұйрықтың құнымен теңестіріледі.

БӘЙГЕ: БӘЙГЕ АТЫ Бәйгеге қосатын, жаратылған ат. Бәйге атын жаз маусымында тоғайлы, ойпаң сазды, шыбын-шіркейлі жерге аттатпайды, ондай жерлерде, әсіресе бөгелек жиі ұшырасады, сондықтан халық тіліндегі мақалда Жылқының жауы бөгелек, жыланнның жауы дегелек дейді. Бәйгеге жарату кезінде бойындағы ыстығын алады деп сұлымен жемдейді, сондай-ақ 1,5-2 литрдей сиыр сүтін ішкізеді дейтін деректер де кездеседі. Бәйгеге

қосатын жылқының денесі шымыр болу үшін бапкерлер мамыр айындағы жоңышқаның гүлді орымына оттатады.

БӘЙГЕГЕ АТ ҚОСУ Бәйге атының ұйысып қалмасын деп жалқұйрығын сүзеді; көзіне түсіп кедергі болмас үшін кекілін түйеді. Тіл-көз тимесін деп, төбесіне бұлғақтатып үкі тағады. Алдын ала бәйгенің өтетін орындары белгіленіп, бәйге аттары дүбірлі аста кем дегенде күндік, күнжарымдық қашықтыққа айдалады. Бәйге аттарының басын жіберетін межелі орыны мен сөреге жетер жерлері, бәйгешілерді күтушілердің орны; көтермешілердің (келешілердің) жанамалай қосылып, жүйрікке дем беретін тұстары анықталып, алдын ала келісіледі.

БӘЙТЕРЕК 1. Діңі жуан, биік болып өсетін ағаштың бір түрі. Бұл атау Ақтерек деп те айтылады. **2.** Дүние жаратылысы жөніндегі мифологиялық бұл модель «шаман ағашы», «өмір ағашы» деп те аталады. Қазақтарда «өмір ағашы» дегенге бәйтерек сөзі сәйкес келеді. «Бәйтеректе» символикалық мәні бар, «Алтын сақа» ертегісінде жалмауыздан қашқан балаға бәйтерек пана болады. Байырғы кездегі жоқтау, естірту өлеңдерінде асқар тауым құлады, бәйтерегім сұлады, терек түптен жығылды деген образды тізбектер жиі кездеседі. Бәйтерек мифтік аңыздарда көктөбе мифологемасымен байланысты да айтылады. Бәйтерек жер ортасы көктөбеде болады. Көктөбеде көк тіреген бәйтерек өсіп тұрады да жер асты әлемін, бәйтеректің тамыры жер асты әлемінде болады, жер үсті әлемімен, ұшар басы көк әлемімен байланыстырады.

Бәсеке сауда Белгілі бір құнды затты жиналған алушыларға тастама бағаға салатын сауда тәсілі.

БӘСІРЕ 1. Сүндет тойының алдында ұл балаға тай немесе құлын атау рәсімі. **2.** Бәсіре малға ен салып, оны үнемі қадағалап жүреді. Бәсіре малдың ақсап қалуы, ауруы, тау-тастан құлауы тәрізді кездейсоқ ұшыраған жағдайларына қарап баланың болашағын жорамалдаған, ырым еткен. Дәстүрлі наным-сенім бойынша ендігі болашағы оның бәсіре тайымен тығыз байланысты. Сондықтан оны мінбейді, жекпейді, соймайды, сатпайды. Қайта баламен бірге бұла етіп өсіреді. Өзінің меншікті малымен бірге өскен бала еркін болып, кішкентайынан мал қадірін біліп, шаруаға икемді келеді. Қазақ салтында алғаш келген жиеніне нағашылары да бәсіре атаған. Бала нағашысынан бәсіресін алмаса, кейін оны өсімімен қоса алуға құқылы болған.

БЕДЕ: АҚ БЕДЕ Сулы, орманды алқаптарда өсетін өсімдік. Құрғақшылыққа, суыққа төзімді ақ от.

БЕДЕК к ө н е. Жылқы саудасы (аймақтық сөз қолданыс).

БЕДЕКШІ к ө н е. Жылқы саудасымен айналысатын делдал.

БЕК 1. Алтай тауында өсетін айыр жапырақты, тамыры жеуге жарамды өсімдік. **2.** Жеңік ас ретінде де пайдаланған азық еткен бектің кенеуі күшті болатынын жергілікті тұрғындар ертеректе жақсы білген. Сондықтан оны айлап үйде болмай, қысқы мал азығын дайындайтын пішеншілер өздерімен бірге кептіріп ала жүрген. Кептірілген бекті жылы суға салып қойса, алғашқы қалпына келеді. Содан кейін бекті сорпа суға,

сүтке қайнатып, қуырдаққа қосып пайдаланған. Соның арқасына ауыр жұмыста болған пішеншілер арып-тозбай, күйлі қайтады екен. Бекті қазып алғанда аударылған шымды орнына салып кететін болған, өйткені бек ол жерге қайтып өспей қояды екен. Бұл таулы өлке тұрғындарының өсімдіктерді қорғап келгендігін, экологиялық білімінің жеткілікті болғанын көрсетеді. «Сарана теріп, бек жесек те өлмейміз» деген сөз ертеректе аталмыш өсімдікті кедей-кепшіктердің көбірек пайдаланғанын, аштықта өзегін жалғағанын аңғартады.

БЕКІРЕОЙНАҚ Күз мезгілі?

БЕЛ Адам арқасының орта тұсы; ат арқасының ер салатын жері. Бұл – ақиқаттағы заттың тілдік атауы. Ал аталмыш атаудың мәдени семантикалық өрістегі мазмұны әлдеқайда кең. Атап айтқанда бел атауы халықтың ойтанымындағы ұғымның, когнитивтік түзілімдердің референтіне айналады: Бала атаның белінен, ананың мейірімінен жаралған (Рабғузи); бел бала «өзінен туған бала», бел құда «ата белінің ана құрсағына түскен шағындағы құдалық», белі кетті «күш-қуаты азайды», «қартайды», «еркектік қабілетінен ада болды»; белдің күші, беттің қызылы барда «әл-қуаты, бет-беделі, өңі таймаған шағында» осы тәрізді т.б. тұрақты сөз орамдары «күш», «әл-қуат» деген концептілік түзілімнің тілдік матрицасы болып саналады. Халық тілінде айтылатын Белі жуан бесті айғыр; күдері бел, күпшек сан деген фразеологизмдердегі кодқа салынған этнотанымдық ақпарат жылқының ұзақ жолға төзімді, күштілігі оның белімен байланысты екенін аңғартады. Әсіресе кәнігі жылқышылар қылқұйрықтың мықтылығын да, осалдығын да беліне қарап таниды. Табиғаттағы құбылыстармен байланысты айтылатын қыстың бел ортасы дегендегі бел «қыстың нағыз күшіне мінген шағын, ал жаздың бел ортасындағы бел осы тәрізді жаздың ең күшіне енген шағын» білдіретін халықтық метеорологиядағы таным білімін байқататын ақпарат. Ал жаздың, қыстың бел ортасын мезгілдің орта тұсы деп қана ұқсақ, үстіртін болады.

БЕЛ ТАРТУ 1. Байырғы кездегі толғағы келген әйелді босандыру тәсілі. **2.** Қарулы әйелдерге немесе қайын інілерінің біріне босана қоймаған әйелдің белінен қаусара құшақтап төмен қарай сылай тартқызатын халық тәжірибесіндегі баланың тууын жеңілдетіп, тездететін халық медицинасындағы тәсіл.

БЕЛАСАР п о э т. Ел тарихындағы айтулы өткен кезең. Патсаға қарсы көтеріліс қазақ елінің биік бір беласары емес пе еді? (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 107-б.).

БЕЛБЕУ 1. Киім сыртынан буыну үшін жасалған ұзын шүберек, ілмегі бар таспа тәрізді бұйым. **2.** Әлеуметтік ерекшелікті (күміс белбеу, кемер белбеу, кісе белбеу), билікті (хандар, ру-тайпа көсемдері таққан белбеулер, датқалық белбеу, алтын белбеу), ер азаматтың күш-қайратын білдіретін зат.

БЕЛДЕУАРҚАН 1. Киіз үй туырлығының сыртынан айналдыра буатын қыл арқан. **2.** Киіз үйді айналдыра орап шығуға еркін жететін ұзын арқан туырлықтың олпы-солпы болмай орнықты тұруын, керегенің жайылып кетпеуін, желден қозғалып, көтеріліп кетпеуін қамтамасыз етеді әрі белдеуарқанға жолаушылардың аты байланады. Белдеуарқанға байланған ат

біреуді жазым қылса, оған күн төлейтін болған. «Баспа-бас қызға бергісіз» жүйріктерді иесі көзден таса қылмай, белбеуарқанға байлап сақтанған.

БЕЛКӨТЕРЕР 1. Біреуге арнайы дайындап апаратын тағам. 2. Белкөтерер – аурудан жаңа тұрған адамдарға, сол сияқты «Наурыз», «Айт» күндері үлкендерге әдейі тартылатын жұмсақ әрі дәмді, әрі мал қазы, сары май, жент, қымыз, ақ ірімшік, бал және т.б. сияқты тамақтардан әзірленетін тағам. Бұл дәстүр – жанашарлық, ізгілік қарым-қатынастың, қуанышты бөлісудің («қуанышты бөліссең көбейеді, қайғыны бөліссең азаяды») бивербалды көрінісі, ұжымдасу тетіктерінің бірі.

БЕРЕКЕ 1. Қазаға көңіл айта барғандардың ақшалай, малдай беретін көмегінің жергілікті атауы. 2. Марқұмның қаралы болып отырған үйге туған-туыстарының қосатын мал-мүлкі береке деп есептелмейді. Қазақы дүниетанымда ажал айтады екен: «Бардың байлығын шашам, жоқтың артын ашам», – деп. Сондықтан, өлім, қаза кезіндегі ауыртпалықты ел-жұрт болып көтеріп, адамынан айырылған үйге салмақ түсірмейді. Береке соған байланысты қалыптасқан, дәстүрлі ортадағы әлеуметтену үрдісіндегі ғұрып.

БЕРЕКЕ Қоғамдағы ауызбірлік, ынтымақтастық, татулық т.б. этикалық ұғымдардың жиынтық атауы. Береке, халықтың пайымдауында молшылық, игілік, ырыс т.б. материалдық дүниеліктердің ұйтқысы, қоғамды бірегейлендірудің бірден бір тетігі болып саналады. Бетеге кетсе, бел қалар, бектер кетсе, ел қалар, береке кетсе, нең қалар (Мақал).

БЕРІКӘЛІ 1. Мұхаммед пайғамбардың Бадра шайқасында жаудан түсірген қылышы – Зұлпықардың халық тіліндегі бір атауы. 2. Ол кейіннен Әзіреті Әліге мирас болған. Берікәлі атауы байырғы ақын Досжан Сексенбайұлының мына бір өлең жолдарында кездеседі: Дүниенің білдім жалғанын, Көтердім басқа салғанын. Сол болды жалғыз арманым. Берікәліні шалмадым. Мұндағы берікәлі сөзінің берік және Әлі сөздерінен бірігуінен жасалғандығын байқауға болады. Сонымен, берікәлі – «Әліге мирас болған зұлпықардың» (бұл сөздің дыбыстық өзгеріске ұшыраған нұсқасы-зұлперін) баламасы. Осындай фольклорлық тәсілдерді І.Жансүгіровтің образды сөз өрнегінен ұшыратамыз: Шалғыны шыңғырлатып жанып-жанып, Жоңқабай жоңышқаға қалды салып Әлінің кеуір қырған зұлперіндей, Үйіріп қырып-жойып кетті жарып.

Бес бойдақ, бес киім э т н к ө н е. Жалданған қойшыға берілетін орташа еңбекақы: бес еркек қой, бес сырт киім.

БЕС ЕШКІНІҢ СУЫҒЫ Сәуірдің аяғы мен мамырдың басындағы бес күнде өтетін салқын, ызғар (Қара: **Бесқонақ**).

БЕС ЖАҚСЫ 1. Байырғы кездегі тоғыз беру салтының құрамына кіретін бес тәуір зат. 2. Үш тоғыздың ішінде бес жақсы болуы шарт. Сол бес жақсыға жанды тоғыздан қара нар, емшегі тұтам бие (не қазанат), жансызда қалы кілем, алмас қылыш (не түзу мылтық), тәуір киім (қымбат ішік, жібек шапан т.б.) жатады. Егер бес жақсы құл мен күң бастаған тоғыз болса, оның бес жақсысы 1) күл мен күң, 2) боталы түйе, 3) қазан от, 4) қалы кілем, 5) құндыз ішек болады; ал бас бақсы боталы түйе болса, оның бес жақсысы 1)

боталы түйе, 2) құлынды бие, 3) қалы кілем 4) астарлы шапан, 5) тұзу мылтық (алмас қылыш) болады.

Бес жиырма. Әл-ауқаты жоғары адамдардың арасындағы құдалықтағы «жансызда» бес жақсыдан, «жандыда» таңдаулы жиырма жылқыдан тұратын қалыңмалдың түрі.

БЕС ҚАРУ 1. Батырдың жаумен шайқаста қолданатын қару-жарағы. **2.** Оған садақ, найза, қылыш, шоқпар, айбалта, семсер, мылтық, алдаспан тәрізді қарулар жатады. «Ер қаруы – бес қару» дейді халық мақалында. Бес қару тіркесі ертегі жырларда жиі кездеседі. Берік сауыт кигізді, Садағын сала байланып. Ер қаруы – бес қару Бесеуін тамам ілгізді («Құбығұл»). Бес қарудың ел арасында айтылатын әртүрлі нұсқалары бар. 1899 жылы Орынбордан шыққан «Сборник киргизских пословиц» деп аталатын жинақта «ер жолдасы – бес қару» деген мақалды келтіре отырып, оған жинақ авторы 1. пышақ. 2. найза. 3. қылыш. 4. садақ. 5. мылтық тәрізділерді жатқызады (106-бет). Осы аталған кітапта бес қарудың тағы бір нұсқасының берілуі өте қызық. Бұл нұсқа бойынша бес қаруға. 1. пышақ. 2. таяқ. 3. біз. 4. шақпақ. 5. жіп тәрізді тұрмыстық заттарды (бес аспапты) жатқызады (94-бет). Тегінде, бұл нұсқаның көне дәуірдегі аңшылық кәсібіне байланысты айтылуы мүмкін. Бес қарудың ішінде мылтық пен қылышқа, әсіресе, қылышқа сыбаға қылу салтының болғандығын аңыз-әңгіме, байырғы жырлардан кездестіріп отырмыз. Қылышын мадақтап, оның суарылу мен тойтарылуын айтып, «бір сыбаға қылғаны» туралы аса көркем жыр жолдары бар: Тойтаруына шыдамай, Тоқсан шәкірт мойыған. Суаруына шыдамай, Айдын көлдер құрыған (Ш.Уәлиханов). Батыр қылышын: «Айдынына шыдамай, ай бұлтқа сынған, көруіне шыдамай, күн бұлтқа сынған» деген бейнелі сөзбен дәріптейді. Кей жырларда батыр қылышын дұшпанына айбарлы көрсету үшін селебе, қылышын таптауы мен егеуіне дейін мадақ (ода) айтады: Егеуіне келгенде, Елу ұста жиналған Таптауына келгенде, Тамам ұста жиналған («Әлібек» ертегісі). Қылыш, алдаспан, сапы селебенің жетім құрыш қылыш («Сүйінбай Аронұлы»), бүктемелі семсер (Нұрхан Ахметбекұлы), сағасы алтын нар болат («Орақ жыры»), алмас тая («Қамбар»), қынабын алтын қырқар («Қыз Жібек») тәрізді тұрақты баламалары мен атаулары халық әдебиеті мұраларында, ақын жырларында аса көп ұшырайды.

БЕС ҚАРУДЫҢ СҰЛТАНЫ 1. Ер құралы – бес қарудың ішіндегі ең құрметтісі, қымбаттысы. **2.** Шығыс ертегілерінде бес қарудың сұлтаны қылыш деп айтылады: «Сұлтаны бес қарудың қылыш депті, Қылыштың сабақ бауын күмістетті. Шаһитпін дін ислам жолында өлсем Ғадауат мұсылманға ұлы іс депті» (Е.Раушанов, Құстар біздің досымыз. Алматы: Жазушы, 2017, 167-б.).

БЕС УАҚЫТ НАМАЗ 1. Күніне бес рет оқылатын, мұсылманның бес парызының бірі саналатын намаз. **2.** Мұсылмандықтың бес парызының бірі, бес уақыт оқылатын намаз – таң намазы (памдат), бесін намазы, екінті намазы, ақшам намазы, құптан намазы.

БЕСҚАҚТЫ ЖҮЗІК 1. Бетіне бес жерден көз орнатылған үлкен жүзік.
2. Отбасы-некелік салтында құдалықта тарту орнында жүретін құдағи жүзік тәрізді ерекше этномәдени мәні бар зергерлік бұйым.

БЕСҚОНАҚ Байырғы қазақ күнтізбесінде жыл айларынан қалыс қалатын бес тәулік. Есепшілердің (халық астрономдарының) Үркер күнтізбесі бойынша бір жылда 12 ай, әр айда 30 күннен 360 күн болады. Алайда Үркердің батқанынан (10 мамыр), келесі жылғы батқанына дейін (10 мамырға дейін) 365 күн екенін де жақсы білген. Осындағы бес тәулікті есепшілер не ескі жылдың, не жаңа жылдың есебіне қоспай қалыс қалдырып отырған. Осы аралықта болатын суықты; жаңбырлы, қарлы суық күндерді бесқонақтың суығы, кей жерлерде киіктің жаппай төлдейтін бұл күндердегі суықты құралайдың салқыны, кейбір аймақта бес ешкінің суығы деп те атаған. Халықтың табиғат құбылыстарымен байланысты мифологиялық танымы бойынша, батып бара жатқан Үркер жер бетіндегі қыстан қалған ызғар мен суықтың бәрін сыпыра жиып, өзімен бірге ала кететін көрінеді.

БЕСІК ДАЙЫНДАУ 1. Нағашы жұрттың тұңғыш жиеніне бесік жасатуы. 2. Ұзатылған қыздың тұңғыш рет босанғанда, оның шешесі балаға түгел жабдықталған бесік, қызына кимешек т.б. сыйлықтарымен арнайы келген. Кейбір аймақта нағашы әжесі бесік әкелгенге дейін баланы бесікке салмаған. Бұл көне замандардағы аналық дәуірден бері жоғалып кетпей, бүгінгі күнге дейін келіп жеткен салт тәрізді.

БЕСІК ЖАМБЫ 1. Құйма күміс түрі. 2. Қазақ тұрмысында күмістер көлемі мен пішініне қарай атбас жамбы, қойтұяқ, тайтұяқ, бесік жамбы және т.б. деп аталған. Қытайдың қазақ тіліне бейімделіп айтылатын жамбы деп аталатын құйма күмістер сауда-саттықпен байланысты қазақ даласына таралып, сый-сыяпат, кәде ретінде қолданылды.

БЕСІККЕРТПЕ 1. Бесікті аластау ырымы. 2. Бесіктегі бала шошынып ұйықтай алмаған кезде я болмаса жаңа бесікке баланы бөлемей тұрып арқалығын қыздырған темірмен бірнеше жерден күйдіретін, қаритын ырым. Бесіккертті күйеу - бесікте жатқанда атастырылған күйеу.

БЕСІКТЕГІ БАЛА БЕС ТҮЛЕЙДІ Бесік жасындағы баланың дамуында бес түрлі кез болады деген мағынаны білдіретін тұрақты сөз орамы. Қазақы тұрмыста нәрестенің бес жасқа дейінгі кезеңін бесік жасы дейді. Көшпелі тұрмыста баланы беске дейін бесіктен шығармайды. Өйткені буыны бекімеген нәрестені көшпенді тұрмыста құндақтаулы күйде ат-көлікте алып жүру қауіпті. Ал бесікте таңулы баланы көш бойы алып жүру сақтықтың кепілі, яғни сақтық шараларының бірі. Ал отырықшылық тұрмыспен байланысты баланы бесіктен үш жастан-ақ шығара береді. Осы санды таратып айтсақ, бірінші түлекте бесіктегі нәресте *мойны қатып бір түлейді*, түлегенде мойны қатқан нәресте басын ұстайтындай күйде болады. Одан кейін түлегенде отырады, еңбектейді, азу тісін жарады, нәресте қаз басып жүре бастайды. Нәрестенің әр түлеуі (физиологиялық өзгеріс) уақытымен, тіпті уақытынан ертелеу болып жатса, *анасының сүті жеңіл* болғаны деп біледі.

БЕТАЙҒАҚ 1. Қылмыскерді ұстаған адамға берілетін сүйінші. 2. Бұрынғы билер кеңесінің тәртібі бойынша, бетайғақ жасаған адамға қылмыскердің іс-әрекетін айғақты заттармен, куәлермен дәлелдеп берген жағдайда малдың, мүліктің, ақшаның бестен бірі беріледі. Шешім сол сәтте орындалады.

БЕТАШАР 1. Жаңа түскен келіннің қайын жұртына сәлем жасатып, таныстыру үшін орындалатын салт. **2.** Жырау не ақын шаңыраққа жаңа түскен келінге ата-енесін, үй-ішін, қайын жұртын таныстырып, олардың беделін, қадыр-қасиетін термелеп айтып, әрқайсысына сәлем жасататын, аттары аталған адамдар мал-мүлік, ақшалай заттай сыйлық беретін қазақ халқының ұлттық салт рәсімі. Дәстүр бойынша жаңа түскен келіншектің бетін ашқанда айтылатын мазмұны қайын жұртпен таныстыру, сәлем салдыру, үлкендерден көрімдік сұрау, келінге насихат айту желілерінен тұратын өлең.

БЕТЕГЕ м а л ш ы л ы қ. Жылқы оты, жылқының аса сүйсініп жейтін қыр оты.

БЕТЕГЕ: БОЗ БЕТЕГЕ Көктемгі шақтағы кезі малға аса жұғымды от.

БЕТЕГЕ: СУ БЕТЕГЕ Малға жұғымды жемшөп.

БЕТЕГЕЛІ: БЕТЕГЕЛІ БЕЛ Бетеге қалың шыққан жайылымдық қырқалы жер. Жылқы түлегі Бетегелі белге бітем, найза ұстаған ерге бітем дейді. Бұл – халықтың байырғы түсінігіне «жылқының серті» деп аталатын танымдық ойды аңғартады.

БЕТЖҮЗДІК 1. Темір бетіне қақталған жұқа күміс. 2. Белгілі бір қымбат материалды үнемдеу, үнемдей отырып бұйымды сәндеу, материалдардың қасиетін жеткілікті игеріп, іс-тәжірибеде қолдану.

БЕТЖҮЗДІК: БЕТЖҮЗДІК АТ Байырғы құдалық салтта күйеу жақтың қыз әкесіне мінгізетін, үйірден таңдалған тәуір ат.

БЕТЖҮЗДІК: БЕТЖҮЗДІК АТ Құдаға мінгізетін таңдаулы ат. Бетжүздік ат дейтіні құдадан мінген атын көріп, оған ауыл ағайындары «бет көрсе, жүз ұялмайтындай екен» деп баға береді, құда жағын «шығымды» екен дейді. Сөйтір ол жақтың әлеуметтік ахуалынан хабардарлық танытады.

БЕТЖҮЗДІК: БЕТЖҮЗДІК КИІМ Құда-құдағиға кигізетін жағалы киімнің таңдаулысы. Бетжүздік киім дейтіні ауылдағы абысын-ажындары көріп, «бет көрсе, жүз ұялмайтындай екен» деп баға береді.

БЕТЖҮЗДІК: БЕТЖҮЗДІК шапан қазақы ортадағы құдадық салтта күйеу жақтың қыз әкесіне жабатын бағалы шапаны.

БЕТКЕ КҮЙЕ ЖАҒУ 1. Ғұрыптық жаза түрі. 2. Байырғы ортада кінәлі жандарға істеген ісінің ауыр-жеңілдігіне қарай жаза тағайындаған. Ондай жазаның бірі бетіне күйе жағып, мойнына құрым киіз іліп, есекке немесе өгізге теріс мінгізіп, ел аралатып қорлау болған. Арына тиіп, ел-жұртқа масқара болардай жазаға ұшыраған адамның сол елде қалуына мүмкіндігі де болмайды. Дәстүрлі ортада кейде билер шешімімен қылмыстының бетіне күйе жағылып, керегеге таңып, елді жиып, бетіне түкіртіп те жазалаған. Осындай масқаралап жазалаудың бір көрінісі «Қыз Жібек» фильмінде кездеседі.

Бетқұда Бет-бедел иесі санатындағы құдалар.

Бетқұдалық Ежелден таныс-біліс, өзара бет-беделді адамдардың қыз алысып, қыз беріскен құдаластығы.

БЕТМОНШАҚ 1. Сәукеленің, қасаба, кимешектің сән үшін тағылған моншақтары. 2. Бетмоншақ ретінде тағылатын моншақ қыз әкесінің дәулетін көрсетеді, аса байдың қызының бетмоншағында моншақ саны көп болады. Бетмоншақ – әлеуметтік ерекшеліктің, әйел өмірі кезеңдерінің, жас ерекшеліктің белгісі. Бетмоншақ иесінің ұқыпты, құнтты болуын қажет етеді. «Бетмоншағы үзілді», «Бетмоншағы түсті» тәрізді фразеологизмдер құнтсыздықтан болған қолайсыз жағдайдың эксплициттенуі.

БЕТІН ТЫРНАДЫ 1. Әйел адам жақынының өлімін қаза тұтты. 2. Көне дәуірдегі әдет бойынша күйеуі немесе жақын туысы қайтыс болған әйел шашын жайып, бетін тырнағымен осып, қайғысын көрсетіп, жоқтау айтып, марқұмды аза тұтқан].

БИ 1. Қазақ қоғамындағы бұрын-соңды қалыптасқан әдет-ғұрып, саясат-сананы өте жетік білетін, сөзге шешен, өзі заңгер, өзі істің ақ-қарасын айқындап үкімін шығаратын сот (судья). 2. Бір кездегі мәдени-тілдік ұжымның қоғамдық санасында би мәртебелі тұлға. Тілдік ұжымның санасында би туралы деректер дәстүрлі білімге айналған. Мысалы: би елге – құт; би дегенің ақсары ілеуде бір болатын; қайғылы қара би; би – елдің тұтқасы; шөгел табан би т.б. Міне, мұндай ақпараттарға қарағанда би – әлеуметтік мәртебесі байдан да, батырдан да жоғары тұратын тұлға. Бұл жерде би – елге құт, би – елдің тұтқасы деген сөздердің мағына-мазмұны түсінікті, ал қайғылы қара би, шөгел табан би, байшөгел би тұрақты тіркестері қазіргі оқырманға онша түсінікті емес. Аталмыш таңбалардың тілдік кодын былайша ашуға болады: шөгел табан би «кесіп айтатын, сөзінің бедері мықты, тарлан би»; қайғылы қара би «күллі ел-жұрттың қамын ойлайтын, бүтіндігі мен тұтастығын, болашағын болжап, уайым жейтін би». Сондай-ақ төбе би «төрелікті бекітетін би», ара би «дауласушы екі жаққа да бейтарап би», сөз ұстайтын би «дауласушы жақтың сөзін сөйлейтін би» деген мағынаны білдіреді. Тіпті кей жағдайда ел сұраған (билеген) сұлтаннан да, ел қорғаған батырдан да ел құраған бидің әлеуметтік мәртебесі, қоғамдық беделі жоғары тұрады. Өйткені би – тағайындалу жолымен емес, халықтың өз қалауымен таныған тұлғасы, билікке демократиялық жолмен келген қоғам қайраткері, батыс өркениетіндегі адвокаттар тәрізді.

БИ Байырғы қазақ қоғамының дәстүрлі мәдениетіндегі әдет-ғұрып, салт-сананы өте жетік білетін, сөзге шешен, істің ақ-қарасын айқындап шешім шығаратын мәртебелі тұлға. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде би сайланбайды, білімі, аса терең, ар-ұяты жоғары, турашыл адамды жұртшылықтың өзі танып алдына барып, би атандырады. Би мұрагерлік жолмен би атанбайды. Сондықтан да би халыққа, халық биге жақын болады.

Би: тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ. Би еш уақытта туғандарына, жақын-жамбарлары мен тамыр-таныстарына тартпайды, әділдіктен таймайды деген ұғымды білдіреді. Бұл – қазақ билерінің негізгі моральдық-этикалық ұстанымы әрі құқықтық кодексінің басты қағидаты.

БИДАЙ: ТӘЛІМІ БИДАЙ Сусыз, шөлейт жерлердегі бидайдың қатты, бағалы түрі. Тәлімі бидаймен жемделген ат жылқышы танымында шымыр, мықты болады.

БИДАЙЫҚ Малдың барлық түрі жейтін жайылым оты.

БИДАЙЫҚ: ЖАТАҒАН БИДАЙЫҚ Құрғақшылыққа төзімді жепшөптік от.

БИДАЙЫҚ: ҮЙ БИДАЙЫҚ Малдың барлық түрі жейтін жайылымдық от.

БИЕБАУ Ауыл маңындағы сауын биелер жайылатын бидайық, бетегелі ақ отты жерлер.

БИЛІК: АҚСАҚАЛДАР БИЛІГІ Ауыл, ауыл ел деңгейіндегі ауыл үлкендері атқаратын жергілікті жерлердегі басшылық. Ата-баба дәстүрінде ауыл ақсақалы, ауыл ағасы аталған тұлғалар дала мәдениетінде «сайланып» немесе «тағайындалып» қойылмайды. Олардың ақсақалдық, ағалыққа тән таным-білімін жұртшылықтың өзі мойындап алдына баратын болған. Бұл жайт жергілікті ақсақалдар билігінің демократиялық сипаттағы нышанын байқатады. Ал кентті, шаһарлы елде бұндай жергілікті билікке тән лауазым тағайындалып, болмаса сайланып қоятыны мәлім. Ауылдың өзіне тән бүтіндігін әкімрандық тәсілмен емес, этикалық контентке лайық жүйемен ұжымдастырып, бір шаңырақ астында ұстау жергілікті ақсақалдық биліктің негізгі ұстанымына жатады.

БИЛІК: БИЛЕР БИЛІГІ Хандық мемлекеттіліктің шегі биліктің тізгіні ханның қолында болғанмен, шылбыры билер билігінде болды. Билер билігі елдің бірегейлігімен, ғұрыптық құқықтық ережелерімен, салт-дәстүрлерімен байланысты болғаны мәлім. Ел ішіндегі алуан түрлі құқықтық қатынасты реттеу мен жүзеге асыру, қылмыстық істердің етек алуына жол бермеу, соған сәйкес шешім шығару, сол шешімнің негізінде үкім, кесім айтып, жаза қолдану билер билігімен жүзеге асатын болған. Елдің арқасүйері атанған Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды әйгілі, атақты билердің дауды шешуде өнегелі сөзбен, шешендік тілмен, тапқырлықпен шығарған үкімдері мен кесімдері әр кез кеңінен тарап, заңдық күшіне еніп отырған. Сонымен, билердің билік дәстүріндегі шешім, үкім-кесімдердің Ұлы Дала өркениетіндегі орны, бет-бейнесі халықтық сипатта болғанын Қ.И.Сәтбаевтың «Хан мен би екі бөлініп, таразының екі басына түсе қалса, ел ниеті қашанда бидің жағына ауып отырғандығы көрінеді» деген парасатты пайымдауы айқын аңғартады.

БИЛІК: ҮКІМРАНДЫҚ БИЛІК Патшалық мемлекеттіліктің басқару жүйесіндегі биліктің дара түрі. Хандық мемлекеттіліктің басқару жүйесі қостармақты болса, биліктің патшалық түрі дара билікке арқа сүйейді: ордада тұрақты әскер ұстайды, тақ мұрагерін өзі тағайындайды. Кезінде Тоқтамыс хан билер билігін жоққа шығарып, хан қашып, би қуған; би қашып, хан қуған алмағайып заман, бүліншілік болған. Өзбек ұлысында Әбілхайыр хан билер билігін мойындағысы келмей, патшалық жүйеге тән үкімрандық билікке бет бұрды. Бұған қарсы болған билердің қолдауымен Жәнібек, Керей сұлтандар

Ордадан бөлініп, қазақ шықты да билер билігіне арқа сүйеген Қазақ хандығы мемлекеттік құрды.

БИЛІК: ХАНДЫҚ БИЛІК Хандық мемлекеті басқару жүйесінің ең жоғары тармағы. Мемлекетті басқару жүйесінде әскери стратегиялық істер, сыртқы саясат пен елдің қауіпсіздігі, тәуелсіздігі, Жер мен суын қорғау, көрші мемлекеттермен дипломатиялық қатынас т.б. саладағы биліктің тізгіні хан қолында болды. «...Хандықпен қатар қырағы билік те бір жерге бас қосса, ондай ханды ел де сүйеді, ұмытпайды, шежіресінде атын қалдырады» дей келіп, Қ.И.Сәтбаев «Ер Едіге» атты 1927 жылы Мәскеуден шыққан тарихы жырдағы алғы сөзінде: Ескі жолды Есім хан, Қасқа жолды Қасым хан, Тура жолды Тәуекел хан, Жеті жарғылы Әз Тәуке хандардың арқа сүйеуі билер билігі болған» дейді. Сонымен, қазақтың хандық мемлекеттілігінің басқару жүйесінде биліктің үйлесімді екі тармағының бірі хандық билік болса, екіншісі билер билігі деп аталған.

БИТҚОТЫР а у р у. Биттен болатын қотыр. Жаныңа ойыншы етіп арам жиып, Дәулетің артып сомен мал болар ма?! Атаңның балаларынан бақыт тайып, Битқотыр болар деген қор боларда (Ғ.Қараш, Замана, 66-б.).

БОҒЖАМА 1. Жүк салуға арнап ою-өрнектеп тоқыған тең. 2. Көші-қонға қажетті бұйым, көштің де, үйдің де сәні. Ұзатылған қыз жасауының бірі.

БОДАУ 1. Біреудің затын, нәрсесін уақытша пайдаланғаны үшін оның иесіне алушы жақтың өтеуі ретінде берілетін заттай төлемінің түрі. 2. Егіншілікпен байланысты науқан кезінде егінші мал иесімен келісе отырып, оның күш-көлігін уақытша пайдаланғаны үшін малды иесіне қайтарған кезде бодауына өздері белгілеген мөлшерде бидай, арпа немесе тары берген. Сол сияқты жайылымдық жерді пайдаланғаны үшін өзара келіскен мөлшерде мал берген. Шаруашылық саласындағы экономикалық қатынастың субъектілері арасындағы бұндай сипаттағы байланыс екі жаққа да тиімді болған. Ат майын беру, мойынсерік тәрізді субъектілер арасындағы экономикалық-шаруашылық байланыс тең серіктестік қатынаста болса, ал бодау (бодауын беру, бодауға алу) өзара еркін сипаттағы шаруашылық қарым-қатынас түріне жатады.

БОДАУ Біреудің затын, нәрсесін уақытша пайдаланғаны үшін алушы жақ оның иесіне өтеуі ретінде берілетін заттай төлемінің түрі. Мысалы, шаруашылық саласында, әсіресе жер жырту, егін егу, астық бастыру тәрізді науқаншылық кезінде туатын қажеттілікпен байланысты егінші мал иесімен өзара келісе отырып, оның күш көлігін уақытша пайдалана алуы мүмкін. Алған малын иесіне қайтара отырып, пайдаланған күш көлігінің бодауына екеуара белгіленген мөлшерде бидай, арпа немесе тары беретін болған. Сондай-ақ белгілі бір рудың жайылымдық жерін немесе қора-жайын, суатын уақытша пайдаланғаны үшін өзара келісілген мөлшерде бодауына мал беретін болған. Шаруашылық саласындағы экономикалық қатынастың субъектілері («алушы» мен «беруші» жақтардан) арасындағы бұндай сипаттағы байланыс екі жаққа да тиімді болған. Ат майын беру, мойынсерік немесе жалға беру тәрізді субъектілер арасындағы экономикалық-

шаруашылық байланыс тең серіктестік қатынаста болса, ал бодау бодауын беру, бодауға алу өзара еркін көмектестік сипаттағы шаруашылық қарым-қатынас түріне жатады.

БОЗ ЖАҢБЫР 1. Ұзаққа созылатын толассыз жауын, ақжаңбырдың халық тіліндегі атауы. 2. Жаңбырдың бұл түрінің түр-түске ешқандай қатысы жоқ. Ол ақ сөзінің тоқтамай ағу, сорғалау, құйылу ұғымдарымен байланысты қалыптасқан ақжаңбыр сөзінің синонимі (салыстырыңыз: ақ үй – ақ боз үй).

БОЗ ӨКПЕ 1. Үрлеп, аязға тоңазытқан мал өкпесі. 2. Боз өкпе құнарсыз жем болғандықтан, тойынып аң аулауға зауқы болмай кеткен құсқа беріледі. Қойдың өкпесін тұтастай бөлектеп алып, кеңірдегі арқылы үрлеп үлкейтіп, ішіне суды толтыра құйып суық жерге іліп қояды. Біраздан кейін өкпенің ішіндегі қаны суға шайылып, сыртына шығып тамшылап ағып бозарған құр сірнесі қалады. Мұны қолаба дейді. Қолабаны бүркітке жемаяққа турап, көлкілдетіп мол берсе, іш майы таусылып, қарнын ашырады.

БОЗ: САДАҚ БОЗ Көктемде жапырағын малдың бәрі жейтін маусымдық жайылым оты. Гүлдеген кезде оны мал жемейді.

БОЗҒАНАҚ Қыр оты. Қой түлігінің сүйсініп жейтін көктеудегі жұғымды шөбі. Қойым жайып келемін бозғанаққа, Өзім тойып келемін қағанаққа (Қойшы өлеңі. Фольклор).

БОЗДАҚ 1. Ботаның жақ жүні немесе түйе түлеген соң шығатын жұмсақ, ұлпа жүн. 2. Тізесі, буыны ауырған адамдар емшінің кеңесімен боздақ жүнді тұзды суға салып аяғына сорботқа тартқан. Боздақ жүннен ағима шекпен деп аталатын шекпен тоқылған.

БОЗҚАСҚА АТАУ 1. Садақа атау. 2. Қатты қиыншылыққа тап болып аман қалғанда құрбандық шалуға бозқасқа деп айтса, боз түсті жылқы сойылады. Ақсарбас деп атаса, қой сойылған.

БОЗОТ 1. Астық тұқымдас бетеге, бидайық, тарлау, бозселеу және т.б. шөптерден тұратын табиғи жайылымы. 2. Бозот – жылқының оты, қара от – қой мен түйенің оты. Халықтық білім бойынша «Бозды жерде жылқы семіреді». Төрт түлікті жердің отына қарай жайып бағу – ғасырлар бойы қалыптасқан таным-білімінің көрінісі.

БОЙ ЖЕТТІ х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. Қыз бала кәмелетке жетті, толды. Қыз баланың бой(ға) жеткенін киіз үйдің керегесінің көгімен өлшейді, мөлшерлейді. Керегенің көгін төменнен бастап санайды. Сырт адамдар құда түсуге байланысты айтады. Керегенің үш көгі қалған екен деп қыздың жас мөлшерін шамалайды. Қалыңмалына баталасып, құда түседі.

БОЙБАЛАУ е т. Бой тарту, қиындықтан қашу. Ойладым бір әңгіме бастайын деп, Бойбалап бастар жерден қашпайын деп. Халықта болып тұрған жайды сөйлеп, Шежіре шешендейін қақсайын деп (Ғ.Қараш, Замана, 61-б.).

БОЙДАНА Құмды, шөлейт, шөлді аймақтарда өсетін жайылымдық ащы от. Көк кезінде улы болатындықтан, суық ұрған соң қой жейді.

БОЙЖЕТТІ Қыз тұрмысқа шығар шаққа келді. Қызды бойжетті дейтін атау киіз үй керегесінің көгімен байланысты айтылған. Қыздың бойы кереге көгінің ең жоғарғысына жеткен шағын «бойы жетті», яғни бойжетті деген. Қыз бұдан былай бойжеткен деп атала бастаған.

БОЙСЫН: БОЙСЫН БОЙЛЫ. Бойшаң, сұңғақ бойлы. Болыпты бұрынғыда бір бай патша, Бек әділ, есімі оның Көркін патша. Нәсілі Қиян руы, өзі көркем, Жүзі гүл, бойсын бойлы ағзи патша (Бабалар сөзі, 5-т., 9-б.).

БОЙТҰМАР 1. Тіл-көзден, бәле-жаладан қорғайтын дұға жазылған қағазды сақтайтын құты, қалта. 2. Тұмардың бұл түрі ислам дінінің таралуымен байланысты қалыптасып, құран аяттары жазылған қағазды салып қоятын әртүрлі пішіндегі металл қорап, мата немесе тері қалта түрінде жасалып, ою-өрнекпен нақышталады.

БОРАН : АҚ БОРАН 1. Қарлы, қар ұйтқып түтеген боран. 2. Жерде ақ қар барда, қарлы жерде, қар жауып тұрғанда қар аралас ұйытқып соққан қатты жел ақ боран, ақтүтек боранға жатады. Қар жоқ, қары кеткен немесе қар жаумаған кездегі құм мен топырақты суырған боран – қара боран.

БОРСЫҚ 1. Жұмыр денелі, майы шипалы жырқыш аң. 2. Буын ауырғанда, іші кепкенде сол тұсқа терісін қыздырып байлап, борсық майымен сылап емдеген, көкжөтелге майды ерітіп ішкізген. Жылқының бақай-тұяқ аурқларын борсықтың терісін таңып емдеген.

БОРСЫҚТЫҢ ШЕЛДІ ТЕРІСІ Жылқыдағы бақай-тұяқ ауруын емдеуде қолданылатын дәрулік зат.

БОСАҒА КҮЗЕТТІРУ 1. Ұрыға бір жылға дейін билік айтпай күттіріп қою. 2. Мәшһүр Жүсіптің айтуынша : «Аттың құйрығын кескен ұрыға бір жылға шейін билік айтпайды екен, босаға күзеттіреді екен. Босаға күзеттіргеннің мәнісі – сол атының құйрығы кесілген үйден бір жылға дейін кісі өлсе, ат құйрығын кескен ұрыға кісі құнын тарттырады екен». (Кітапта: Абылай хан, Алматы: Жазушы, 1993, 316-б.). Аттың құйрығын себепсіз кесу – жаман ырым. Ол, біріншіден, қарым-қатынасты үзуді, араздасуды білдірсе, екінші жағынан, тұлданған аттың жал-құйрығы кесіледі. Жаман ырымды бастаған ұрының өзі болғандықтан, ат иесінің үйінен қайтыс болған адамның құнын сол ұрыға төлеткен. Босаға күзеттіру әлеуметтік қатынастарды құқықтық жолмен реттеушілік қызмет атқарды.

БОСАҒА: БОСАҒА МАЙЛАУ 1. Босағаға ырымдап май жағу. 2. Қазақы түсінікте май – молшылықтың, тоқшылықтың белгісі. Жігіт туыстарының бір келіп отау үйдің босағасын майлауы отбасына береке-бірлік тілеп, бай, қуатты болуын ырымдағаны.

БОСАҒА: БОСАҒАҒА ОТЫРМА 1. Босағаға отыруға тыйым салатын сөз. 2. Байырғы ырым бойынша, босағаға отырған қыз тұрмысқа шықпай қалады, отырып қалған қыз, кәрі қыз атанады.

БОСАҒА: БОСАҒАҒА СОҒЫЛМА 1. Босағаға қағылмай-соғылмай өту керек. 2. Жана түскен келін алғаш табалдырықтан аттағанда босағаға соғылып қалмауы керек; соғылып қалса, үйдің берекесі кетеді, бақыты баянды болмайды деп ырымдалады.

БОСАҒА: БОСАҒАНЫ КЕРМЕ 1. Босағаны екі қолымен керуге болмайды.

БОСАҒАҒА ІЛУ 1. Ұзату тойынан кейін күйеудің еліне аттанар алдында қайынатасының босағасына шапан іліп кетуі. 2. Күйеудің

қайынатасының үйінен қол үзбейтінін, олар да өзінің ата-анасы сияқты болатынын меңзегені.

БОТА Итте ата жоқ, балықта бота жоқ (Мақал).

БОТАСЫН ШАЙНАП ӨЛТІРУ 1. Аруананың ботасын тістеп өлтіруі. 2. Аруананың керемет жершілдігін сипаттағанда Төлеген Айбергенов былай деп жазады: «Аруана жаудың қолына түссе, ботасын шайнап өлтіріп, Қаралы мойнын қайтадан артқа бұрмастай халге келтіріп, Жеріне тартып отырады екен моншақтап жасы боздаумен, Көкірегін шерге толтырып». Аруананың жаңа жерге қоныс аударуға көндіге алмай туған жеріне қашып кететіні туралы деректер аз кездеспейді.

БӨГЕН Жылқы ауруы: тері ауруына ұқсас болғанмен, тік ішектегі қоздырғыштың (жыбырлақтың) мал құйрығының түбіне шауып қышытуынан болатын.

БӨЛТІРІК 1. Далалы, жазық жерлерде өсетін, биіктігі 15-20 см-дей улы шөп. 2. Қой-ешкі, сиыр бөлтірік жеп қойса, іші кеуіп, уланып өліп қалады. Ондай жерден малды аулақ ұстайды, жайылымды ауыстырады. Бөлтіріктің уыты қазанның қара суығында кетеді. Қазанның қара суығынан бастап бөлтірікті жерге мал жіберіледі.

БӨЛТІРІК МАЙТАБАНЫН СУҒА СОРҒЫЗУ 1. Бөлтіріктерді суық суға ұзақ тұрғызып қойып, табандарын майдан арылту. 2. Арлан мен қаншықтың еекі жақтап қадағалап бөлтіріктерін суық суға күні бойы тұрғызып қоюы жазалау емес, жарату болып саналады. Өйткені жаз бойы тамаққа тойған ашқарақ бөлтіріктер тез өседі әрі семіреді. Семіріп кеткендіктен балпаңдап, екі жағына ырғала жүреді, аяқтарын ауыр алады. Бұндай күйдегі бөлтіріктер дұрыстап жүгіре алмайды. Ал қасқырға жүгіру ғана емес, ұзаққа шаба білу керек. Семірген бөлтіріктердің табанын май басқандықтан, жүгіргенде табаны тез алынып, шаба алмай қалады. Ал, қасқырды аяғы асырайды. Сондықтан қасқырлар бөлтіріктерін мұздай суға сағаттап тұрғызып қойып, аяушылық көрсетпей, табандарының майын суға сорғызады. Судан шыққаннан кейін бөлтіріктерді ары-бері жүргізеді, жүгіртеді. Бұл – қасқырлар үшін бұлжытпай орындайтын «заң». Табиғаттың заңы қатал. Оны орындамаса, қасқырлар өмір сүре алмайды, өйткені «Ер азығы мен бөрі азығы жолда». Жүгіруге, қуып жетуге, аң-құс пен малға шабуға жеткілікті дайындықтан өтпесе, ыстық-суыққа шынықтырылмаса, қасқырға өмір сүру қиын.

БӨРТПЕ 1. Етті тәулік бойы суға бөрттіріп, сөл, майынан арылтып, құнары азайтылған ет түрі. 2. Бөртпе құстың іш майын арылтып, қара етін толтырады.

БӨРІ 1. Халықтың дәстүрлі дүниетанымында айрықша этномәдени мәнге ие қасқырдың эфемистік атауы. 2. Қазақтарда бөрінің киелі саналуы ғұндар мен ежелгі түркілерден бастау алады. Ежелгі түркілердің аңызы бойынша бөрінің қаншығы түркілердің анасы болған. Сондықтан да олар бөрі бейнесін байрағына рәміз етіп, алтын бөрі басты ту көтеріп, көкбөрі деп ұран шақырған.

БӨРІСЫРҒАҚ 1. Ақпан айының ортасы ауа өтетін амал. 2. Ақпан айының ортасы ауа боранды күндер жиілеп, ауа ылғалданып ызғырық күшейген тұста қар жерге сырғақ болып түседі, яғни мұз қиыршықтанып түседі. Бұндай кезде қасқырдың арланы мен өлекшіні (қаншығы) жұптасады. Сондықтан осы мезгілде өтетін амалды есепшілер бөрісырғақ деп атаған.

БӨРІСЫРҒАҚ Қасқырдың ұйлығар кезіндегі борасын?

БҰЗАУ ТҰЛЫП 1. Бұзаудың терісінен ішіне сабан тығып, тіккен тұлып. 2. Бұзауы өлген сауын сиырдың алдына тұлыпты тосып, идіріп сауып алған. «Тұлыпқа мөңіреген сиырдай» (үмітсіздікке қатысты айтылады) деген сөз тіркесі шаруашылықта қолданылған осы тәсілге орай қалыптасса керек.

БҰЗАУ ТІС 1.Өзегіне темір салған, жуан, он екі өрімді қамшы. 2. Жанжал, ұрыс-төбелесте, барымтада қару ретінде жұмсалған.

БҰЗУШЫ: БҰЗУШЫ АЙҒЫР Айғырдан жаңа тоқтаған биеге шауып бұзатын айғыр. Биеқұмар айғырдың үйірге кірмеуін жылқышы қатты қадағалайды.

БҰЗЫЛА КӨШТІ Ел жайлауға жаппай, көтеріле көшті.

БҰЙРА ЖАПЫРАҚ 1. Жетісу өңіріндегі тау етектерінде өсетін, жапырақтары бұйра-бұйра өсімдік. 2. Бұйра жапырақ – түйенің сүйсініп жейтін шөбі. Адамдар аузына салып, тісін үйкелеп тазалауға қолданған.

БҰЙЫРҒЫН Сортаң, сор топырақты жерлерде өсетін бұл шөп Үстіртте кең тараған. Түйешілердің танымы бойынша, күзгі бұйырғында жайылымда түйе тез қоң жинайды. Түйешілердің танымы бойынша бұйырғынның тұзы өзге қара оттай емес, тез шайылып кетпей ұзақ сақталады.

БҰЙЫРҒЫН Сортаң, сор топырақты жерлерде өсетін шала бұта. Бұйырғын Үстіртте кең тараған. Түйенің күзгі жайылымда сүйіп жейтін оты. Бұйырғынды жайылымда түйе тез қоң жинайды; қой-ешкі, жылқы ерте көктемгі және күзгі жайылымда жейді; сиыр түлігі жемейді. Бұйырғын құрғақшылыққа төзімді, құрамында тұз жақсы сақталады.

БҰҚАРЖА 1. садақтың айрықша бір түрі. 2. Кезінде Бұқара – қолөнер шеберлерімен даңқы шыққан шаһарлардың бірі болған. Садақтың бұқаржа аталуы осы шаһармен байланысты екендігі күмән тудырмайды. Халық ауыз әдебиеті тілінде көбіне саржа деп аталатын садақтың түрі жиі кездеседі. (Л.Будаговтың сөздігі, 427-бет).

БҰЛАН 1. Бұғы тектес шөпқоректі ірі аң. 2. Бұрынғы қазақтардың түсінігінде : «Бұланнан үлкен аң болмас, Бұланайдан үлкен тау болмас» . Қазақ ұғымында бұлан – ең ірі жануардың, ал Бұланай ең биік таудың эталоны болған. Бұланай деп ертеде қазақтар Гималай тауын атаған. Бұлан денесінің ірілігі бұлан мойын, бұлан сан; қой-қозысы құландай, Ешкісі бөрте бұландай тәрізді теңеу сөздердің қалыптасуына негіз болған. Жорық кезінде жауынгерлерді азықпен қамтамасыз ету үшін бұлан аулап, ішек-қарнын алып тастап, егін мүшелеп жатпай-ақ, оттың табына үйітіп, қақтап пісірген. Ол туралы Шалкиіз жырауда «Бұз үстіне от жаққан, Бұздай бұлан пісірген » тәрізді жолдар кездеседі. Бұланның терісі мықты болады. Одан қамшының бүлдегесін жасаған.

БҰРМА 1. Биіктігі бір құлаштай болып өсетін арша тәрізді өсімдік. 2. Кейбір аймақта құдықтың кенересі бұрмашөппен шегенделген.

БҰРМАШӨП 1. Түп-түп болып құмды жерге шығатын боз түсті шөп. 2. Малшылар бұрмашөпті жерге қой мен түйені жаяды. Үй тұрмысында бұрмашөптің тамырын ұнтақтап, қазанға қайнатып сары бояу алып, онымен тері бояған.

БҰРТАШ Мүйізкөк ауруының бір атауы.

БҰРШАҚ х а л ы қ т. м е т е о р л о г и я. Жазғысалым кезінде домалақ мұз түйіршек түрінде сабалап жауып өтетін жауын-шашын. Бұршақтың ірі болып түскен жерлері бас алып келе жатқан егіндікті жайпап кетеді, өрістегі малға да жайсыз тиеді. Бұршақ ұрған егістік қалпына келмей қалады. Халық тілінде бұндай табиғи өткінші сипаттағы апатты бұршақ ұрды, бұршақ соқты дейді.

БҰРШАҚ: КӨГЕННІҢ БҰРШАҒЫ Көгендегі әр бұршақтың арасы 3-4 қарыстай болады.

БҰРЫМ 1. Әйел затының шаш өру тәсілі. 2. Бұрымды ешқашан кеспейді, қырықпайды. Ұзын әрі жуан бұрым – сұлулықтың символы. Қазақ салтында өрілген бұрымның саны әлеуметтік ерекшелікті білдіреді. Қазақ қызы бұрымды бір бұрым немесе көп бұрым етіп өреді. Келіншектің, одан үлкен әйелдердің ғана шашы қос бұрым болып өріледі.

БҮЙРЕК 1. Батыс аймақта қырманда астық қызылдаушылардың, соғым сойған үйдің басқа үйлерге, көршілер мен тұрмысы төмен адамдарға сұратып та (кеусен сұрау), сұратпай да беретін сыбағасы. 2. Бұрынғы уақытта астық тазаланып жатқан қырман басына барып бидау сұрау әбестік болмайтын, молдалар да құшыр деп аталатын үлес сұрайтын. Сондай кезде асыраушы баласы жоқ кемпір-шалдарға 1-2 қап бүйрек беріп, олардың жағдайына қарасатын. Жетім-жесірлер ұмыт қалмай, астық та, ет те молшылық болып тұрғанда иелері айналасындағы үйлермен бөлісіп жейтін. Материалдық көмек көрсетіп, жұрттың көңілін аулауға байланысты бүйрек беру, бүйрек алу салты ағайын-жұрттың ынтымағын арттырып, қазақ қоғамын біріктіруші қызмет атқарды. Бұл салтты ел ішінде бүйрек-сирақ деп те атаған.

БҮЙІ: БҮЙІ ТИЮ 1. Бүйі (қарақұрт) шағу. 2. Бүйінің уы түйе мен адамға өауіпті болғандықтан, одан сақтану шараларын жасайды. Бүйінің шаққаны қойға еш әсер етпейді, оның қой жүрген жерге жоламайтыны, оны жеген қойдың семіз болатыны шаруашылық тәжірибесінен ертеден белгілі болған. Сондықтан далада түнегенде қой жүнінен жасалған киіз, ішпек тәрізді бұймдарды пайдаланған. Басқа уақытта бүйісі көп-ау деген жерге аялдағанда, тұрақтап отырғанда киіз үйдің іргесіне қой жүні мен жаңа сойылған, әлі кеспеген қой терісін айналдыра жайып қойған. Емшілер бүйі шаққанда түйеге қой жүнін иіскеткен, адамның шаққан жерін қойға жалатқан, пышақпен тіліп, уын шығарған соң шокпен күйдірген. Арбаушыға дұға оқытқан.

БҮКПЕЛІ ТОҒЫЗ Қалың малға берілетін тоғыз ірі қара. Бүкпелі тоғызда ішті, буаз мал болса, екі тұяққа есептеледі.

БҮЛДІРГЕН ТЕРУ 1. Жер бауырлап өсетін бүлдірген сабағындағы тәтті, жеуге жарамды жемісін, жидегін жинау. 2. Бүлдіргеннің сиыр бүлдірген, қарақат, қой бүлдірген, таңқурай тәрізді түрлері жеңсік ас ретінде ғана емес, халық емшілігінде суық тиіп ауырғанда (жемісі мен жапырағынан дайындалған шай арқылы) тиімді нәтиже беретіндігімен белгілі болған.

БҮРГЕ БАСУ 1. Қансорғыш, секіргіш, паразит жәндіктер қаптап кету. 2. Бүрге басқан мал тез арықтап кетеді. Мал қышынып, мазасыздана береді, арық малдың өліп қалуы да мүмкін. Бүрге қаптаған қоралы қойды суға тоғытады. Улы өсімдіктерден жасалған тұнбаны қолданады (итсигек, жусан, қылша тәрізді). Қой қораның қиын уақытында ойып, жиі-жиі тазалап тұрады.

БҮРГЕТІКЕН 1. Пішіні түйін-түйін болып келетін қозының құмалағы тәрізді, онтүстік өңірде өсетін тікенді өсімдік. 2. Ертеректе бүргетікенді түйіп, аздап су қосып езіп, жарақаттанған жерге тамызып қанды тоқтатуға қолданған.

БҮРКІТ КИЕСІМЕН ЕМДЕУ 1. Бүркітті ауырған адамның үйіне әкеліп байлау. 2. Қазақ бүркіт жүрген үйге пәле-жала жуымайды деп сенген. «Үйіне бүркіт саңғымаған» деген сөз киесі жоқ, пәле үйірсек үй дегені. Шошымалы болып ауырған немесе аяғы ауыр әйел бар үйге бүркітті әкеліп байлайды. Сонда жын-шайтан жоламайды деп түсінеді.

БҮРКІТ ҚҰНЫ 1. Қыран бүркіттің, затқа шаққандағы бағасы. 2. «Жеті Жарғыда» қазақтың аңшылығына ерекше ден қойылып, оны бұзғандарды жазаға тарту туралы арнайы бап енгізілген. «Жеті Жарғыда» аңға салатын итті, құсты (бүркітті) өлтірген адамнан олардың иесіне бір құл немесе бір күң беріледі деген. Жақсы бапталған қыран бүркіт Шу мен Сырдарияда 5-6 түйеге, қаршыға мен сұңқар 1-2 түйеге бағаланған. Біреудің қыран құсына көзі түсіп, көңілі ауса, оны қалап сұрап алады. Оның қарымтасына беретін кәдені тұғыр жабар деп атайды. Оның көлемі ХІХ ғ.-дың соңында өте қымбат болған: бүркіттің сайыпқырандығына қарай, аталық түйе бастатқан тоғыздан бастап, 5-6 түйеге дейін берілген. Қазақтың әдеттік құқығында бүркітке қатысты арнайы ережелер болған. Алтай қазақтарының «Төрт би ереже заңдарында» ол туралы былай делінеді: бүркіт ұясы кімнің жерінде болса, балапан соныкі. Оған ешкім қол сұқпайды. Ережеге сәйкес бүркітшінің елге әйгілі қыран бүркітін біреу қастықпен өлтірсе, құны бір атан түйе болып құн төленген.

БҮРКІТТІ «ТІРІГЕ» БАУЛУ 1. Бүркіті тірі аңды ұстауға баулу. 2. Бүркітті тірі аңға түсуге баулу түлкіні ұстап алып, оның тірсегін кесіп жібере салады, тірсегі кесілген түлкі шоңқайып жүгіре алмайды, осы кезде бала бүркіт те түлкіге келіп түседі. Түлкіні өлтіртпей, біраз алысқаннан кейін ажыратып алады да, қызыл ет береді. Қызыл ет жеп дәнiккен бүркіт түлкіге түседі. Баулудың тағы бір амалы түлкінің аузына iнге кіре алмайтын етiп көлденең ағаш қояды. Қашқан түлкі iнге кіре алмай әуреленеді. Сол кезде бүркіт те келіп түлкіге түседі. Кейде түлкінің аузына тұмылдырықтап, аяғын өрелеп қоя беріп, төбелі жерден бүркірттің томағасын сыпырып ұшырғанда, тірі жеп дәнiккен бүркіт түлкіге бірден ұшады. Атпен тез жетіп, алған түлкі

етінен тояттата жегізеді. Осылайша екі рет тіріленген бала бүркітті аңға шығаруға, қайыруға келді деп есептейді.

БҮРКІТТІ АРУЛАУ 1. Құсбегілердің қыран бүркітті жерлеу салты. 2. Қазақ құсбегілері бүркіті өлгенде қанат-құйрығына май жағып, ақ матаға орап, биік тау құздарына немесе адам аяғы баспайтын жерге арулап жерлейтін болған. Бүркіт иесі «Ат өлсе, ертоқым үйіледі, құс өлсе, тұғыры күйінеді» деген осы екен-ау деп қайғырады.

БҮРКІТТІ ЖОҚТАУ 1. Қазақ құсбегілерінің қыран құсы өлгенде жоқтау айтып, қайғыру ғұрпы. 2. Қазақ құсбегілері қолындағы қыран құсы өлгенде дауыс шығарып жылап, жоқтау айтып қайғысын білдірген. Өйткені бүркіт қазақ қоғамында қауымның бір жанды мүшесіне айналып кеткен. Қапелімде мерт болған немесе ауылда өлген бүркітке «ат өледі, бүркіт қашады; екі қанат бір құйрық табылар; ажалы жетсе бәрі өледі» деп көңіл айтып, иесін сабырлыққа шақырған.

БҮРКІТТІ ҚҰЙРЫҒЫН МАЙЛАУ 1. Қазақ құсбегілерінің қыран құсты ұстағанда немесе сатып, қалап алғанда бүркіттің құйрық қауырсынына, қанатына май жағып, иығына шоқ үкі тағып жасайтын жоралғы. 2. Қазақ үйге қыран құс келгенде «Қызыр Бабаның ерекше сыйлығы» деп, сонымен қатар «үйге бақ-береке келді» деп шын жүректен қуанып, жақсылыққа жорыған. Сондай-ақ қазақтарда бөгде біреу бүркітімен ауылға келсе, құсының иығына үкі тағатын немесе ақ шүберектен ақтық тағатын архаикалық ғұрып бар.

БҮРКІТТІҢ ПІРІ 1. Қыран бүркіттің желеп-жебеушісі. 2. Байырғы түпқазақ этномәдени ұжымның мифтік санасында төрт түліктің пірлері Жылқышыата (жылқының пірі), Ойсылқара (түйенің пірі), Шопаната (қойдың пірі), Шекшеката (ешкінің пірі), Зеңгібаба (сиырдың пірі) болса, қоңыр аңдардың пірі немесе желеп-жебеушісі Кербұғы, Кертөке, (Ортеке) деп аталған. Ал, қыран құстардың, бүркіттің пірі Шегірбаян екені айтылады. Баян деп аталған бұл атау атақты айтыскер Ұлбике (XIX ғ. бас кезі) мен Серәлі ақынның айтысында кездеседі: Ұлбике жақын отыр, бері таман, Тәңірдің жаратқаны маған аян. Кемақыл сен білмесің, мен айтайын, Құс атасы болады Шегірбаян. Шегірбаян атауы – қазақ тілінің сөз қоймасында жатқан көнеліктің бірі. Бір-бірімен іргелес, аралас-құралас отырған туыстарынан ерте кезде ірге көтеріп (шамамен XIII ғасырдан бұрын), солтүстік шығыс аймаққа қоныс аударған сахалар (якуттар) тілінде аңшы (саятшы), балықшылардың желеп-жебеуші пірі бауянау деп аталады. Азды-көпті дыбыс өзгерісіне ұшырап, мағыналарының тарылуы немесе кеңеюі туыстас тілдердегі ортақ сөздерде бола беретін құбылыс. Шегірбаян атауының құрамындағы баян сөзі бауянаудың дыбыстық жақтан ықшамдалған түрі деп жорамалдауға болады. Қазақ тіліндегі құс атасы Баян мен саха тіліндегі бауянау сөздерінің түп-төркіні бір. Қазақ саятшылары қыран құстың алғаш ілгенін тырнақалды десе, оның тұңғыш саятқа шығып, ауыздануын бауашар деп атайды. Осындағы бау сөзі баудай түсірді деген тұрақты сөз орамындағы баумен өзара төркіндес. Әдетте мифологиялық атаулардың қазақ тілінде көбінде тұрақты эпитеті болады. Баянның тұрақты

эпитеті – шегір. Құсбегілер қыран құсты көз алмасының түсіне қарай ақ шегір, сары шегір, кер шегір, сондай-ақ сыртқы түріне байланысты көк шегір, құм шегір, ақ шегір атайтыны жиі ұшырасады.

БҮРКІТШІ 1. Бүркітті қолға үйретіп, аң қағуға баулитын, әрі баптайтын, сондай-ақ бүркітпен аң аулайтын аңшы. 2. Бүркітші болу – жан-жақты дайындықты қажет ететін аса күрделі кәсіптің түрі. Яғни, бір жағынан, қыран бүркіттің табиғи болмысын, мінез-құлқын, тіпті биологиялық ерекшелігін терең білетін, екінші жағынан, аңшылықтың дәстүрлі қыр-сырына мейлінше сыралғы, үшінші жағынан, бүркітшіліктің ең негізгі шарттарының бірі саят атының бапкері сияқты қасиеттерді терең меңгерген тұлға болуы шарт. Оның үстіне қазақы ортадағы бүркітші атану дәстүрлі метеорология, ветеринария, астрономия және халықтық медицина сияқты салаларды да терең білуді қажет етеді. ... Бүркітшілерді туа бітті эколог деуге болады. Өйткені қартайып, алымы қайтқан қолбала қыранын қараусыз тастамай, тұғырына қондырып, мәпелеп бағып отырған, ал жасы келген түз бүркітін ырымдап, еркіндікке қоя беретін болған, өлсе арулап көмеді. Бүркіттің ұясын бұзғызбай, бөгде біреулерден қоритын болған.

БҮРКІТШІНІҢ ПІРІ 1. Бүркіттің желеп-жебеушісі. 2. Құсбегі өнерінің ең бірегей өкілі көзі тірісінде әулие атанған Жалайыр Шораны қазақ құсбегілері бүркітші пірі деп санайды. Ол – ортағасырлық тарихи хроникаларда, мысалы атақты Бабырнамада жиі аталатын, сол кезеңдегі саяси оқиғаларда айрықша рөл атқарған атақты құсбегі Жалайыр Хасанның тікелей ұрпағы. Бүркіт ұстар алдында Әулие Шора Атаның аруағына сыйынады. Аңызға бойынша, Жалайыр Шора құс атаулының «тілін», қырандардың мекені мен шабытты өрісін, қоналқы ұясын, шабыттанып нені алатынын білген екен деседі. Тіптен төбеде ұшып өткен құстың жасын, қырандығын ажырата алған. Құс атаулы «Ұша берсем қанатым талады, Жерге түссем Жалайыр Шора алады» деп зар қағады екен деген аңыз бар ел аузында.

БЫҚПЫРТ з а т. Индеттің ең ауыр түрі.

БІЛ / Білем деген бүледі. Өзім білем, мен ғана білем деу бүлдіреді, іріткі салады (билік жүйесінде пікір алуандығын мойындамау туралы).

БІЛЕЗІК 1. Әйелдердің білекке сән үшін тағатын бұйымы. 2. Сәндік қызметінен басқа білезіктің түрлері мен қолданудың алуан түрлі мән-маңынасы болған. Мәселен, қарала білезікті көбінесе орта жастағы және егде тартқан әйелдер салған. Құрамына жезі бар жұмыр білезіктерді бастың сақинасы ұстаған кезде көмегі тиеді деп санаған. Кәделікке жүрген. Баланы бесікке салған әйелдерге, тойда өлең айтқандарға сыйлық ретінде берілген. Асыл бұйымдардың бірі ретінде қыз жасауының құрамына енген. Көне наным-сенім бойынша баласы тұрмай жүрген ата-аналар баласының қолына және аяғына «Темірдей мықты болсын» деп күміс білезік салғаны туралы этнографиялық деректер кездеседі. Сал-серілер атының аяғына күміс білезік салған. Бұрынғы тұрмыста білезіктер сәндік, кәделік, тұрмыстық, тұмарлық қызмет атқарып, адамның әлеуметтік, экономикалық дәрежесін аңғартып тұратын зергерлік бұйым болды.

БІЛТЕТАРТҚЫШ қ о л ө н е р. Көнге әшекей сызық түсіруге арналған ешкі мүйізінен жасалған құрал.

БІР АРҒАМШЫ с а н м а л ш а р. Ат арқандайтын арқанның ұзындығындай аралық, қашықтық. Бір арғамшы биіктегі жартастан сарқырап аққан судың бір диірменнің тасын айналдырардай шамасы бар екен («Бабырнама», 394).

БІР ДЕП БІЛЕКТЕРІНЕН, ЕКІ ДЕП ЕТЕКТЕРІНЕН ҰСТАДЫ. Қолына іліккен жерден қармады, шап берді.

БІР ҚАБАТЫН БЕРУ 1. Ұзатылған қыздың артынан жыл уақыты шамасында апарылатын «төсек орын апарудың» тағы бір атауы. 2. Жасауын беріп ұзатқан соң жылға таман уақытта қыздың тағы да бір қабат төсек орнын апарарды. Бұл аталған заттар бұған дейін де қыз жасауының құрамында болған, алайда жылға жуық мерзімде, сәбилі болуға таяған мезгілде берілетін тағы бір қабат жасау-жабдығы болып табылады. Яғни бір қабатын беру өсіп-өну, көбеюге қатысты атқарылатын екі қабат ұғымына тікелей қатысы бар ғұрыптық шаралардың қатарына жатады.

БІР ҚОНАТЫН БҰЛАҚ 1. Көші-қон кезінде басына бір күн ғана еру болатын бұлақ. 2. Жаз жайлауға шығарда, күзекке түсерде мал-жанымен көшкен жұрт жердің аты мен суына қарай бір күннен бірнеше күнге дейін қонып, аялдап алатын. Бұлақ көрсе көзін ашып, тазалап қоюға дағдыланған көшпелі жұрт онсыз да су аз бұлақ басын ластамауды ескеріп, ол жерге бір қонып өткен.

БІР ҚҰЛАҚ ҚҰРҒАН АУ к ә с і б и. б а л ы қ ш ы л ы қ. ө л ш е м. Аз, аса мол емес, шағын ау. Бір құлақ құрған ау балыққа жарытпайды (Мақал).

БІРДИРМЕН СУ к ө н е. м ө л ш е р. Су диірменнің пәресін айналдыратын тоған суының мөлшері.

БІРДИРМЕН СУ с а н м а л ш а р. е г і н ш і л і к. Диірмен тасын айналдыратындай бұлақ суы. Бақтың ортасында бір диірмен жүргізетін бұлақ ағып жатады («Бабырнама», 162-б.). Бір арғамшы биіктегі жартастан сарқырап аққан судың бір диірменнің тасын айналдырардай шамасы бар екен («Бабырнама», 394).

БІРМОЙЫН: БІРМОЙЫН ОЗЫҚ х а л ы қ т ы қ с п о р т. Ат бәйгесінде қатарлас келе жатқан жүйріктің бірінің бір мойындай алға озық шығуы. Ат бәйгесінде бірмойын озық шыққан атқа жүлде тағайындалады.

БІТЕУЖАРА Шынжараның тағы бір атауы.

ГҮЛТАСУ 1. Сыр бойындағы су тасқынының бір түрі. 2. Жиде гүлдеген шақта өткен су тасуын көнекөз қариялар гүлтасу деп атаған. Жергілікті тұрғындар гүлтасу өтсе жаз шықты деп санаған.

ГҮЛІСТАН п о э т. Көрікті, бау-шарбақты жер; гүлденген ел-жұрт. Сүй деп келіп қолынан тұтты дейді, Шаһзаданың көңілі де кетті дейді. Ғажайып неше түрлі мұнақышты, Бір гүлістан сарайға елітті дейді (Бабалар сөзі, 4-т, 169-б.)

Гүлістандай с ы н. Гүлістан сияқты, гүлістан тәрізді. Үйі-дүр перзенттінің гүлістандай, Перзентсіздің мекені шірістандай. Тұяқсыз мен

падиша болғанымша, Жасымда жатсам еді көрістандай (Бабалар сөзі, 4-т., 28-б.).

ҒАЗАУАТ Арабша ғазат сөзінің көпше түрі. Дін үшін, Отан үшін жаугершілікте жүрген әскерді (жауынгерді) ғазат, ғази дейді.

ҒАРИП-МІСКІН Жоқ-жітік, кедей-кепшік. Ат жетерде қалмады келмеген жан, Бір-бірін танымайды сонша адам. Ғаріп-міскін теңелді үлкен байға, Қайырды сонша көріп падишадан (Бабалар сөзі, 4-т., 30-б.).

ҒАШЫҚТАРДЫҢ ПІРІ – ЛӘЙЛІ-МӘЖНҮН м и ф о л. Бір-бірімен табыса алмай жүрген ғашықтардың желеп жебеушілері.

ҒАШЫҚТАРДЫҢ СӘРУАРЫ – ЗЛИХА-ЖҮСІП д і н и. м и ф о л. Қиындық көріп табыса алмай жүрген ғашық жандарды қолдаушы(лар).

ҒАШЫҚТЫҚТЫҢ САУДАСЫ. Ғашықтық сезімнің дерті. Басы ма менің түсіп тұр, Ғашықтықтың саудасы (Қыз Жібек).

ҒӘБДІЛБАШАР к ө н е. Байырғы ақын-жыршылардың сиынар желеп-жебеуші рухы. Өлеңімнің басы еді Ғабділбашар, Құдайым қуат берсе, жолымды ашар. Қарабайдың елдері көшкенінде, Қозы Көрпеш бала еді жалғыз жасар («Қозы Көрпеш-Баян сұлу»).

ДАМОЛЛА Үлкен молда деген ұғымды береді. «Да» қытайша «үлкен» деген ұғымды береді. Демек, бала оқытатын ауыл молдасы «дамолла» деп те аталады.

ДАСТАРҚАН 1. Үсітен тағам қойылатын, ас ішілетін ұлттық мүлік. **2.** Қазақ ұғымындағы отбасының береке-бірлігін, құтты, киелі қонақжайлықты, үй иесінің абыройын, ризық-несібесін білдіретін үнемі барынша мол жайылуы иесінің пейілін көрсетеді деп саналатын қастерлі ұлттық мүлік. Дастарқандас болды - қазақтың салт-дәстүрі бойынша бір дастарқаннан ас ішіп дәмдес болу арқылы жақындасты, бір-бірімен таныстық, достық, адалниетті қатынасқа кірді, дәмдес, табақтас болды. Дастарқанның киесі - дастарқанның қасиеті бар деген мағынада. Дастарқаны мол [кең] - пейілі кең, қолы ашық, қонақжай деген мағынада.

ДӘРМЕК Әртүрлі өсімдіктерден жасалған, тамақпен бірге ішетін емдік қасиетке ие қоспа.

ДӘСМИЯ е с к і к і т. Байлық, дүние-мүлік. Айнаға дүкендегі бетін карап, Бипаздап сақал-мұртын сұлу тарап. Түгендеп төрт жүз теңге, дәсмиясын, Жөнін де қалыңмалдың алды санап (Бабалар сөзі, 4-т., 64-б.).

ДӘУІТ Ұзындығы, шамамен сұққолдай, басы ұзынша қозғалмалы келген алдыңғы екі аяғы ұзын шегіртке тәрізді жәндік. Дәуіт жаз шыға жасыл, жаз ортасына таман сары, күзге қарай қоңыр түсті болып өзгеріп отырады. Дәуіт өзінің алдыңғы ұзын екі аяғымен жыланның көзін ағызып жіберетін көрінеді. Дәуіттің осы қасиетін білгендіктен, қарлығаштар дәуітті балапан басып шығарғанда ұясына әкеліп, қылмен байлап қояды. Өрмелеп, ұяға жақындағанда, көзін ойып түсірген жылан сылқ етіп жерге түседі. Академик Ә.Т.Қайдаров «*Үйіңе дәуіт кірсе, береке орнайды*» деген сөз орамының былай айтылу себебін «*Халық оны адамға жақын тегінде бекзадалық қасиет бар, адамды да, жан-жануарларды да қорғауға бейім (мәселен, қарлығаштың балапанын жыланнан қорғайтын әдеті бар) жәндік*

деп санайды, адам тұрған жерге келуін жақсылыққа жоруы да осыдан болса керек» деп пайымдайды.

Дәуіттің қоржыны. діни. Дәуіт пайғамбардың тамақ үзілмейтін кереметке ие қоржыны.

ДЕГЕЛЕК Жылқының жауы – бөгелек, жыланның жауы – дегелек (Мақал).

ДЕГЕЛЕК Сирағы мен тұмсығы ұзын су құсы. Ұясын ағаштың басына салады. Дегелек - жыл құсы. Дегелек келді - жаз болды деп, түстік өңірдің қазақтары жаздың шыққанын белгі ретінде дегелекпен байланыстырып айтады. Алайда бұл себеп-салдарлық байланыс емес, шартты байланыс. Өйткені дегелек келмесе де жаздың шығатыны қазақ үшін белгілі жайт. Қазақы пайымдауда дегелек адал құсқа жатпайды. Бұндағы «адал» ұғымы «арам»-ның бинарлық оппозитив сынары емес. Халықтың когнитивтік танымында құстар «адал» және «басқа да құстар» делініп екі топқа бөлінеді. Адал құстарға мырық орып қоректенетін, яғни өзен-көл жағалауындағы ұяң шөппен қоректенетін үйрек-қаз сияқты су құстары, шөп бұтасындардың дәні, бүрімен қоректенетін құр, кекілік, ұлар, қырғауыл сияқты қыр құстары жатады. Бұлардың еті аса дәмді болады. Ал бақа-шаян, балық, жылан, кесіртке, құрт, тышқан сияқты жәндіктермен азықтанатындар «басқа да құстар» оппозитивіне жатады. Сондықтан бұл топтағы су, қыр құстарының еті дәмсіз, жеуге жарамсыз болады. Дегелектің де еті сондай дәмсіз болады. Қашаған жыраудың: Отпен таудың басында, Дегелек деген бір құс бар. Әуеде жүріп ысқырса, Мың орда жылан басылған, - деген жыр жолдарынан, сондай-ақ Жылқының жауы бөгелек, жыланның жауы дегелек деген мақалдан да дегелек қорегінің бірі жылан екені байқалады. Балалардың ойынында өтірікші, мақтаншақ баланы «ойдөйт, ойдөйт, деген екен, дегелектің етін жеген екен» деп мазақтайды. Халықтың қарапайым таным-түсінігінде дегелек - аса «балажан» құс: сәл суық болса, ұядағы балапандарын бауырына басып, қанатының астына алады. Ал күн қатты ысығанда жемсауын суға толтырып, әлсін-әлсін балапандарының үстіне құятын көрінеді.

ДЕЛБЕ Жылқы малының бас-сүйек ауруларының ауыр түрі.

ДЕЛДАЛ Сатушы мен алушыны келістіріп, сауда-саттықты жүзеге асыруға дәнекер болушы базар ісінің маманы. Халықтың этномәдени танымында делдал ұғымы базармен байланысты айтылады. Делдалды базарда көр, молданы базарда көр; мақал сөздің ажарын келтірер, делдал сауданың базарын келтірер (мақал) деген мақалдар делдалдың сауда-саттық пен нарық кеңістігіндегі белсенді тұлға екенін танытады. Аймақтық тілде жылқы саудасын бедек, жылқы саудасымен айналысатын делдалды бедекші деп атайды деген де дерек бар.

ДЕЛДАЛ Сауда-саттықта сатып алушы мен сатушының арасында делдалдық қызмет көрсетуші, базар нарқына маманданған адам. Делдалдар кентті жерлердегі аса ірі базарларда сатушының сұраған бағасы мен алушының берген бағасын үйлестіріп отырған. Делдалдар базар нарқын жақсы білген және сұранысқа қарай базар нарқына ықпал еткен және

делдалдық қызметі үшін тиісті ақысын алған (қ. Делдалдық). Бұрынғы кездегі мал саудасында базарға кіргізілген әр түліктің сатылатын орны мен алаңдары бөлек-бөлек болып, оған маманданған делдалдар иелік еткен. Делдалдың өзі меншіктеген алаңындағы жерге қазық қағылып, арқан керіледі, сол керілген арқандағы жіпке сатылатын малды байлап қоятын болған. Мал базарында ірі қараның (түйе, сиыр), ақ малдың (жылқы), уақ малдың (қой-ешкі) саудасына «маманданған» делдалдары болған. Олар малдың күйін, жасын жақсы таныған. Сонымен қатар сатушының «неғұрлым жоғары бағаға сатсам», ал алушының «неғұрлым төмен бағаға алсам» дейтін психологиялық күйін де аңғарғыш келеді. Қалайда екі ойлы болып тұрған екі жақ делдалдың айтқан бағасына тоқтайтын сыңайлы болады. Бұндайда делдал сатушымен жеделдете қол алысып, қол сілкісіп, Бар береке! Бар береке! деп дауыстайды. Әрине, делдалдардың екі жақтың біріне бұра тартатын кездері де болады. Олар қол қысысып, қол сілкіскенде жең ішінен саусақтарымен белгі береді, көз қысысып ым-ишара жасайды. Бұндайды халық тілінде «ым-жымы бір болды», «бармақ басты көз қысты жасады», «жең ұшынан жалғасты» дейді.

Делдалбасы. з а т. Делдалдыққа басшылық жасаушы. Делдалбасы бір биік жерге шықты, Шыққан соң қол көтеріп дұға қыпты. Біразда қалған дұға тамам болды, Жиылған жанның бәрі «әумин» деді (Бабалар сөзі, 4-т., 141-б.).

ДЕЛДАЛДЫҚ Сатып алушы мен сатушының саудасына дәнекер болушылық. Байырғы кезде шығыс базары түріндегі тұрақты сауда орталықтары қазақ жерінің оңтүстік аймақтарындағы кенттерде аз болмаған. Малшы, егінші ауылдар өз өнімдерін таяудағы базарға шығарып, одан керек-жарақтарын сатып алатын болған. Алайда, үйдегі көңілді базардағы нарық бұзады дегендей, сұраныс пен ұсыныстың базар нарқында тұрақты болмайтыны белгілі. Бұндайда алушы мен сатушының арасында базар нарқына жетік делдалдар жүрген (қ. Делдал). Олар алушы мен сатушы белгілеген бағаға екі жақты (сатушы мен алушыны) келістіреді. Сөйтіп, делдал қызметі үшін тиісті ақысын алған. Әсіресе, советтік дәуірде делдалдық, алыпсатарлық, саудагерлік тәрізді социалистік меншікке қарама-қайшы жеке меншікке қатысты ұғымдар және олардың білдіретін атаулары жағымсыз мағыналық сипат алды. Сонымен бірге, бармақ басты, көз қысты; жең ұшынан жалғасты; ым-жымы бір деген фразеологизмдер сауда-саттық аясынан шығып, қоғамдағы жемқорлық, парақорлық, алаяқтық сияқты келеңсіздікке байланысты айтылатын жағымсыз мағынадағы сөзге айналды.

ДЕМУІРІН Игі жақсы ақсақалдардың ұйымдастыруымен малы жоқ немесе малы аз кедейлерге көрсетілетін көмек. Бұндайда кедей байдың жұмыс малын тегін пайдаланады, сауып іш деп, малынан бір-екі сауын малын береді. Кедейдің еркек малын уақытша пайдаланатын болса, мал сідігі деп, ақтығы деп заттай нәрсе береді.

ДЕМІКПЕ Малдың тыныс жолдарының ақкөбіктеніп, бітеліп кептелуінен болатын ауру.

ДИУАНА/ДУАНА Ел ардақтап, зікір айтып, қол жайып дұға қылып жүретін елкезбе. Диуана көбіне әлем-жәлем киініп, қолына сылдырмағы бар

аса таяқ ұстап жүреді. Жүрген жерінде былайғы жұрт түсіне бермейтін сөздерді айтып, арасында маңайындағыларды қауіп-қатерден сақтандырып, дұға оқиды. Үй иесі оны құр жібермей, қайыр-садақа беріп қайтарады.

ДИУАНАНЫҢ СЫЙЫНАТЫН ПІРІ Шайқы-Бұрқы әулие деп аталады. Шайқы-Бұрқы әулие шамасы, бұл дүниенің қызығын тәркі еткен әулиелер мектебінің негізін қалаушы деп есептеледі (ДУГ, 344).

ДОЛЫ Түйе терісінен жасалатын ыдыс. Құдық қазғанда, аршып, тазалағанда топырақ, балшықты сыртқа тартып шығарғанда қолданылатын сыйымдылығы 50-70 кг ыдыс.

ДОЛЫ Түйе терісінен тұтастай жасалған көншелек.

ДОҢҒАЛ, ДӨҢЕС Таудың онша биік емес көтеріңкі тұсы.

ДОҢЫЗ ӨЛЕҢ х а л ы қ. б о т. Жаз шыға суы тартылған көлдердің табанына шығатын құрақ шөптің бір түрі. Доңыз өлеңнің арасында сирек те болса бидайық сияқты шөптер де болады. Шаруашылық адамы доңыз өлең сияқты көл құрағын жазда орын, баулап, қысқы мал азығы етіп дайындайды.

ДУАДАҚ: ДУАДАҚТЫ АЙДАП ӘКЕЛГЕН 1. Ойда жоқта дуадақты оңай қолға түсірген деген мағынада. 2. Адал құс саналатын дуадақтың етінің дәмді екенін қазақтар ертеден-ақ білген. Оны аңшылар атып алып немесе атпен қуып жетіп қамшымен соғып алған. Өйткені дуадақтың денесі тоқтының көлеміндей (халық тілінде дуадақ тоқтыбалық деп те аталады), салмағы 20 кг шамасында болғандықтан жерден баяу көтеріледі және ұзаққа ұша алмайды, жерге жиі-жиі қонады. Оны тіпті жаңбырлы күндерде таяқпен де соғып алған. Аңшылардың орнитологиялық, экологиялық біліміне қарағанда жаңбырлы күні дуадақтың суланған қанаты, жүні денесіне жабысып қалады да, оның ұшуы былай тұрсын жүруі де қиындайды. Сол кезде оларды таяқпен соғып алған, тіпті ауылға жақын маңда болса, қойша айдап әкелген деген деректер кездеседі. Алайда обалына қалмау үшін артық атуға, ұстап, соғып алуға қазақтың обал-сауап, адал-арам туралы таным-түсінігі жібермеген. Аталмыш сөз тіркесі сирек кездесетін оқиғаға байланысты қалыптасқан және ол халықтың экологиялық мәдениетінен хабар береді.

ДУАНА КІРСЕ ЕСІКТЕН, ШАЙТАН ҚАШАР ТЕСІКТЕН Диуананың үйреншікті сарнауы.

ЕБЕЛЕК. Жылқы түлігінің күз, қысқа қарай жейтін маусымдық оты. Өзге түлік ебелекті жемейтін көрінеді.

ЕБЕЛЕК: ҚАЛТАЛЫ ЕБЕЛЕК Оңтүстік аймақтардағы шөлді, құмды, сортаң жерлердегі жайылым оты. Әсіресе жылқы малының сүйсініп жейтін шөбі. Ебелек отқа тез семіреді. Басқа түлік ебелек отқа көп тоқтамайды.

ЕГДЕР: егдерген шақ. Егде тартып, қартая бастаған шақ. Қазіргі уақытта ауқатты адамдар көп әйел алады. Егдерген шағында халі келмей, бірін-бірі басқара алмайды (Ғ.Қараш, 213-б.).

ЕГЕЙ АТ І Т І Л Д І К К О Д. Қайтыс болған адамның тірі кезінде жақсы көретін мініс ат. **І М Ә Д Е Н И К О Д.** Мұндай мал марқұмның жылы өткенше мінілмей, бос жіберіліп, жылы немесе асы болғанда сойылады

ЕГУ Күл, кебенек т.б. қатерлі жұқпалы індетті тоқтату үшін сау малға жұқтыру.

ЕЖЕТ ар. Араб жазулы сөзді ежелеп оқу әдісі. Бұған жалғас осы күн, Ежік, ежет қалдырмай Оқытады балаға (Ғ.Қараш, Замана, 110-б.).

ЕЖІК Жазудағы әріптерден буын құрап оқып үйрену әдісі. Бұған жалғас осы күн, Ежік, ежет қалдырмай Оқытады балаға (Ғ.Қараш, Замана, 110-б.).

ЕКІ КЕШТІҢ АРАСЫНДА Беймезгіл уақытта. Кеш «түн баласы» деген мағынаны білдіреді. Түннің бірінші жартысы ел орынға отырған кез «қой-ешкі, сиыр сауылып болады; сауын бие ағытылып, мал жайланып, шаруа ыңғайланады; шаруа адамдары ас-суын ішіп, біршама тыным алады. Түннің екінші жартысын ел ұйқыға жатты дейді. Осы екі аралықта, жатар орында жүрген адамды екі кештің арасында, беймезгіл неғып жүрсің, бір жағдай болып қалды ма?- дейді.

Ел жайлауға бұзыла көшті. Ел-жұрт жаз жайлауға көтеріле, жаппай көтеріле көшті.

ЕЛБЕГІ к ө н е; т а р и х и. Қараша санатына жататын аймақтағы лауазымды тұлға.

ЕМСЕК Мал емшісі, халықтық ветеринары.

Емізiктi қара саба. Алқалы жиын, аста-төк тойда ұсталған, ернеуі емізiктелген, қасиеттi танылатын ыдыс. Сапырулы сары қымыз, Салқын үйде құрылған. Алқалаған кең мәжіліс, Бір сын еді сол күні Емізiктi қара сабаға (Ғ.Қараш, Замана, 44-б.).

ЕПІРШІК/ЕПІРІК Шұбаттың көпіршігі. Епіршікті ем-домға ішеді.

ЕР ЖЕТТІ х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. Ұл бала кәмелетке толды. Бойы ерттеулі атқа мінетіндей болды. Қазақы дәстүрде қыз баланың бой жеткенін киіз үйдің кереге көгімен мөлшерлеп өлшеген (Қ. Қыз бой жетті).

Ер күткен мен мейман күткеннің сауабы бір. Артық нан қалдырғаным соның үшін, Мейманды күтер болсаң Құдай үшін. Мейман мен ер күткен қанша сауап, Сауап қылсаң жанына өзің үшін (Бабалар сөзі, 2-т., 119-б.).

Ергенек. зат. Байырғы қазақ тұрмысында кездесетін сырт киіз, ішкі жағы шиден жасалған есік.

ЕРДІ ШАЛҚАСЫНАН ТАСТАМА 1. Ерді шалқасынан тастауға тыйым салатын сөз. 2.Ерді шалқасынан тастау жаманшылық шақырады. Бұрынғы дәстүрде өлген адамның ерін шалқасынан қойған.

ЕРЕН 1. Улы өсімдік. 2. Еренге мал жібермейді, улылығы сондай тиіп кеткен қолды күлдіретіп жібереді, сондықтан адамдар да оған жоламауға тырысып аулақ жүреді. Ал жаракат алса, ол жуықта жазыла қоймадйы. Кейде оны еренгүл деп те атайды.

ЕРЖЕТТІ Есейді, кәмелетке келді. Ер баланың тізгін ұстаған қолы аттың еріне жеткен кезін ерге жетті, яғни «ер жетті, ержеткен» деп атаған. Қыз бойжетті деп, үй тұрмысымен, «үй адамы» ұғымымен айтылса, ұл «түз» адамы деген ұғыммен байланыста айтылған.

ЕРКЕК КІНДІК [ЕРКЕК ТОҚТЫ, ЕР] ҚҰРБАНДЫҚ I т і л д і к к о д. Ел мүддесі, елдік сияқты биік, асқақ мақсатқа жету жолында ер азаматтың жаны пида, жаны садақа . **II м ә д е н и к о д.** Мұсылман аңыздары бойынша Ыбрайым пайғамбар Алланың аянын орындау үшін баласы Ысмайылды құрбандыққа шалмақшы болып, Ысмайыл да Құдай жолында жанын пида қылмақшы болып тұрғанда, Алланың рақымы түсіп, Құрбандық ретінде көктен қошқар түседі; осыған байланысты еркек тоқты, еркек кіндік құрбандық деген сөзқолданыс қалыптасқан.

ЕРМЕН Ішекқұртқа шалдыққан малды емдеуде қолданатын дәрулік өсімдік.

ЕСЕКАҒАШ қ о л ө н е р. Қырықтықтың жақтауларының түпкі қонағы киілетін ағаш.

ЕСЕКҚЫРҒАНДЫ ШОЛПАН ДЕП I т і л д і к к о д. Беймезгіл у да шу, дүркірей жөнелу мағынасында айтылады. **II м ә д е н и к о д.** Түн ортасы ауа шығыс жақтан туатын жарық жұлдыз Есекқырғанды Шолпан деп ерте көшкен керуен барлық көлігін – есегін қырып алыпты-мыс. Содан ол жұлдыздың аты ескі аңыз бойынша Есекқырған аталыпты].

ЕСІГІНЕН ШЫҒАРДЫ 1. Жалшылықтан босатты. 2. Жалшылықтан босатқан адам жалшы – малшының бірнеше жылғы ақысын малмен өтеуге тиісті болған. Алайда ақысын дұрыс бермеген байлар туралы да сақталған деректер кездеседі. Кейбір жігіттер ондайда байдың жылқысынан таңдағанын ұрлап мініп, алыс жерге қашып кетіп, ел ішін паналаған, беделді бір тұлғаны сағалаған. Сөйтіп барған жеріне сіңіп кеткен. Ал, өмірі біреудің есігінде жалшылықпен өткен адам туралы «есігінде өлді» деген.

ЕСІМ-СОЙЫ БЕЛГІСІЗ Ата-тегі, аты-жөні мәлім емес.

ЕСІМХАННЫҢ ЕСКІ ЖОЛЫ I т і л д і к к о д. Есімханның тұсында жаңартылып XX ғасырдың ортасына дейін қолданылған тұрмыстық, азаматтық, қылмыстық істерді қарауда, әскери-отбасылық қарым-қатынастарды реттеуде “ата-баба жолын” басшылыққа алған дәстүрлі қазақ қоғамындағы әдет-ғұрып заңдарының жиынтығы. **II м ә д е н и к о д.** Есім хан – Еңсегей бойлы ер Есім (туған жылы белгісіз – 1645) – 1598-1645 жылдарда Қазақ хандығының ханы, Шығай сұлтанның ұлы.

ЕШКІ ҚЫРЫЛҒАН Жер атауы. Халықтық ономастикада ешкі індетімен байланысты қойылған атау.

ЕШКІ ТӨЛІ Ешкінің жүздің жартысынан астамы егіз табады; жүздің 5-10-дайы үштен лақ та табады. Малшы танымындағы бұл дерекке байланысты айырбаста «екі ешкіге бір қой» делінеді.

ЕШКІ: ЕКІ ЕШКІГЕ БІР ҚОЙ Ешкі мен қой түлігі айырбасында қолданылатын өлшем, мөлшер.

ЕШКІҚЫРЫЛҒАН Халықтық ономастикада ешкі індеті жайлаған жердің атауы.

ЖАБАЙ м а л ш ы л ы қ. Бірқатар жыл мал тұяғын тигізбей сақтаған жайылымдық жер. Бұндай жерлердің оты бірте-бірте табиғи жолмен түзіліп, жылқының сүйсініп жейтін бетегелі, бидайықты шалғынға айналады.

ЖАБЫ Жал-құйрығы қалың, денесі шымыр, тұрқы ұзындау, мойны мен аяқтары қысқалау, жатаған жылқы түлігі. Жабы шабан, месқарын болғандықтан, шаруаның, қойшының қойторысы деп те атайды. Жабы ыстық-суыққа төзімді еталғыш, тез арымайтын, сүтті түлік. Қазақ тұрмысында жабы – азық-түліктік мал. Жабыны бәйге жаратпайды, жабының жорға шығатындары да болады, бірақ жорғасынан жаңыла беретіндіктен жабының жол бұзатын жорғасындай деген теңеу осыны аңғартады. «Жал-құйрығы қаба деп, жабыдан айғыр салмаңыз» (Бұхаржырау) деген сөз орамы оны қазан атпен салыстырғандағы бағалауыш сөз. Жабының жатағандау, жаурыны жалпақ келген түрі фольклор деректерінде керік деп те аталады. Эпикалық жырларда керікке біткен жауырын, бірге туған бауырым деп жалпақ жауырын балуан, батырларды да айтқан.

ЖАДУАЛ: ЖАДУАЛ АДАМ. Есте ұстауға дағдыланған, жадысы мықты жан.

ЖАЙЛАУ Малдың жаз бойғы жайылатын алыс жерлердегі жайылымы, малды ауылдың жазғы қонысы. Малшы ауылдар қоныс теуіп отыратын жаз жайлауға Үркер көтеріле, шөп сүттене барады. Малшының тәжірибеден жинақтаған танымы бойынша шөп сүттенген соң, мал шелдене бастайды. Шөп сүттенбей, мал шелденбейді, мал шелді болмай, төлді болмайды, шелді қой – төлді қой деген сөз орамдары малшы таным-біліміне байланысты ұғымдардың тілдегі бейнесі. Жайлаудың мәдени-семантикалық кеңістікте қанжайлау, ойжайлау, төржайлау, кержайлау, саржайлау деп аталатын түрлері бар.

ЖАЙЛАУ: ҚАН ЖАЙЛАУ *Көктеуден шыққаннан кейінгі жан-жақтағы рулы елдің жиналып біршама қоныс теуіп, мал өрістеткен шағы.* Той-думан, ас-су, қонақкәде, құда түсу, ат жарыс, өнер жарыс т.б. гедоникалық шаралардың өтетін шағы болғандықтан бұл қызулы қызыл шақты қан жайлау деп атаған.

ЖАЙЛАУ: ОЙ ЖАЙЛАУ *Тау етегінде, бөктерге таяу жердегі жайлау.* Бұндағы өріске жайлаудың жайылым отын тиімді пайдаланудың жолдары бойынша алдымен жылқы түлігі, онан кейін қара мал (түйе, сиыр, қой-ешкі) жіберіледі.

ЖАЙЛАУ: САРЫ ЖАЙЛАУ *Жаздың шығар аяғы, күздің кірер басы шөптің әбден пісіп, қуаты бойына шыққан, малдың да шелденген кезі.* Малшы ауыл төрт түлігін өрістете жая, Сүмбіленің туғанын барлай жүре, тау бөктерлей түсіп, күздеуге бет алады.

ЖАЙЛАУ: ТӨР ЖАЙЛАУ *Ой жайлаудан жоғары жердегі жайлау.* Бұл кезде шығыстан таң қараңғысында қырық күн жерде жатқан Үркер туады (24 маусым). Үркер туа, малшы танымы бойынша, шөп сүттенеді, мал шелдене бастайды, қозының етіне дәм кіріп, кәрі саулықтың сорпасы ұйымайды. *Жайлау: кер жайлау. Жетісу, Алтай қазақтарында жайлаудың тау биігіндегі, шеті ақ қар, көк мұзға жақындау тұсындағы жайлау.* Бұл жерде негізінен жылқышылар жайлайды. Салқын самал, сонысы бас? шалғынды жылқы ұзақ оттап, күйі жақсарады. Төр жайлау мен кер жайлаудың сарыкүйік сияқты шөбіне жайылған жылқының қымызы аса

дәмді келеді. Қымызды жайлау отына қарап ажырататындар болады. *Сарыкүйіктің* отына жайылған жылқының сары қымызы тіл үйіреді: *Биікте бітед шөптен сарыкүйік, Тістеніп жатыр жұлып, малы сүйіп. Қымызын сарыкүйіктің ішеміз деп, Албандар қоныстайды құстай биік* (І.Жансүгіров). Кер жайлау отының, қымызының мәдени семантикалық кеңістігіндегі ақын айтқан тілдік бейнесі, міне, осындай.

ЖАЙЫЛЫМ *Мал жайылатын жер.* Жайылым – халық түсінігінде табиғаттың сыйы. Сонымен қатар бұл атау жайылымды тиімді пайдаланудың тиімді жолдары жөнінде малшы қауымның өмір тәжірибесінен жинақталған таным-білімдермен байланысты ұғымдар мен ойтанымдық түзілімдердің тілдік референциясы болып табылады. Жайылым, түптеп келгенде, табиғатпен тіл табысу, экологиялық, әлеуметтік, ұлттық мәселелерді қамтитын ұғымдармен байланысты дала малшылығы мәдениетінің таным-білімдер жүйесі болып табылады.

ЖАЙЫЛЫМ ОТЫ *Мал жайылымдық жердің шөбі, түгі.* Кейбір деректерде айтылғандай, жайылым отының қуаты ондағы шөптің буын-бунағына қарай анықталады: бас буын «жаңа көктеу шыққан жайылым шөбі, түгі», екі-үш бунақты, орта буын – бес-жеті бунақты жазғы жайылымның шөбі; аяқ буын тоғыз-он екі бунақты күздің оты. Жайылым отының қуаты малшының таным-білімінде шөптің буын-бунақ санымен байланысты жыл мезгіліне сәйкес анықталатын болған. Малдан алынатын өнімнің сапасын да жайылым отының буын-бунағымен айқындаған. Малшылардың кәсіби тәжірибесінен жинақтаған танымы жайылымдық шөптердің фотосинтез арқылы күннен алатын энергиясы бар, ал оны жеген мал қорыту, күйіс қайыру жолымен ағзасына тарайды деген ғылыми біліммен де ұштасып жатады.

ЖАЙЫЛЫМ: АҚ ОТТЫ ЖАЙЫЛЫМ *Бетеге, бидайық, ебелек, тарау т.б. тұщы шөптер өскен жайылымдық жер.* Ақ отты жайылымда жылқы түлігі әрі оттап, әрі жусап жайылатын болса, өзге түліктер ақ отқа аса көп тоқтамай, жүре жайылып, өте шығады.

ЖАЙЫЛЫМ: ЖАЙЛАУДАҒЫ ЖАЙЫЛЫМ *Төрт түліктің жаз мезгіліндегі жайылатын өрістік жері.* Жаз ортасына таман жайылым оты көтеріліп, күн көзінен қуат ала бастауы. Малшы қауым Үркердің жазғы көтерілуімен ұштастыра, табиғи байланыста қарап, *Үркер туды – сорпа ас болды; қозы пісті, ісек істі* дейді. Малшының танымдық білімінде тіке түскен күн көзінен жер түгінің алатын қуаты арта түсіп, *шөп кіндікті малға беріледі.* Ал малдың еті мен сүті *еткіндікті адамға* қуат береді деп бір-бірімен байланыстыра ұғынған.

ЖАЙЫЛЫМ: КӨКТЕУДЕГІ ЖАЙЫЛЫМ *Төрт түліктің жазғытұрым жайылатын өрістік жері.* Көктеудегі жайылым түлік үшін әл жинайтын нәр болғанмен, қуаты шамалы ғана болады. Әйтсе де қарны шығыңқы болып денесі күпсііп көбең тартып тұрады. *Көбеңді көр де қой* дейтін мақал малдың, мысалы жылқының не сойысқа, не мініске жарамды бола бермейтінін аңғартады. Қой түлігі үшін көктеудегі жайылымның нәрі

болғанымен, қуаты шамалы екенін «қозы піскен жоқ, ісек іскен жоқ» деп пайымдаған.

ЖАЙЫЛЫМ: ҚАРА ОТТЫ ЖАЙЫЛЫМ *Қара отқа жататын жусан, көкпек, баялыш, кекіре, сораң, текесақал т.б. ащы шөп өскен жайылымдық жер.* Қара отты жайылымда түйе, қой-ешкі түліктері әрі оттап, әрі жусап жайылады. Жылқы, сиыр түлігі бұндай қара отты жайылымға аса көп тоқтамай жүре жайылады.

ЖАЙЫЛЫМ: ҚОЙ ЖАЙЫЛЫМЫ *Қой түлігі жайылатын өрістік жер.* Тәжірибелі малшы шопан қой жайылымының жұғымдылығын, сапасын қойдың құмалағына қарап та дәл айқындаған. Қой құмалағы *тоқ құмалақ*, яғни ылғалды болса ондай жайылымның оты мен суы түлік үшін жайлы, ал қой құмалағы *қу құмалақ* болса, жайылымның шөбі мен суы жұғымсыз деп білген. Сондай-ақ жайылымның жайлылығын қой түлігінің жайылым отына оттауына қарап та байқаған. Қой таскенедей жабысып жайылса, *қойдың қазбауырлап тоқтауын, әр жұлғаны бір май болып жатыр* деп пайымдаған.

ЖАЙЫЛЫМ: ТАҚЫРДАҒЫ ЖАЙЫЛЫМ *Шөлді, шөлейт далалардағы малдың жайылымдық жері.* Ұзындығы атшаптырымдай жерлерді алып жататын шөл даладағы тамырларда бұйырғын, татыр, жусан т.б. қара отты өскіндер дала малшылығында түйе, қой түлігінің жайылымдық жері маусымсыз өріс ретінде пайдаланылған.

ЖАҚСЫ АДАМ БА ЕДІ?! д і н и. *Қазақтың өлік жөнелту салтында марқұмның жаназасын шығарғанда молданың жамағатқа қарата қоятын сұрауы. Оған жаназаға тұрғандар «жақсы» деп үш қайтара айтады.*

ЖАҚСЫ: ЖАҚСЫ СӨЗ х а л ы қ т ы қ э т и к а. *Адамгершілікке, ізгілікке тән қасиет.* Ердің атын екі нәрсе шығарады: жақсы сөз бен қайырымды іс (шешендік сөз).

Жақсылық жақсылыққа тәліп болар. *Жақсылық жасау өнеге, үлгі болады* (Бабалар сөзі, 5-т., 279-б.).

ЖАЛАҚ *Аттың жауырынындағы ісіктің беті қайтқандағысы.*

Жалғыздыгер. *Жалғыз туганым.* Айналайын жігерім, Өзім жалғыздыгерім. Сіздің үшін дүниеден, Көп қасірет шегерім (Бабалар сөзі, 2-т., 101-б.).

ЖАЛҒЫЗДЫҚ БІР ҚҰДАЙ ТАҒАЛАҒА ЖАРАСҚАН д і н и. Халықтың дінісламдық түсінік-танымы бойынша Алла Тағалаға серік қоспау дегенмен байланысты іргелі ұғымды аңғартады. Сонымен қатар Мұхаммед (с.а.с.) пайғамбар хадистерінде айтылғандай, «үйленіндер, бала сүйіндер» деп өзінің үмбетінің көп болғанын қалаған дейді. Сондай-ақ қазақтың *дүниеде не жаман – жалғыздық жаман, жаяулық жаман* деген сөз орамының мазмұны мәдени семантикалық бір кеңістіктегі ойтүзілімге жатады.

ЖАЛ-ҚҰЙРЫҒЫ САЙ (ТҮГЕЛ) МА? Алдында ағасы, артында інісі бар ма деген ұғымды білдіретін тұрақты сөз орамы. Бұл жерде жал - «жылқының жалы», ал құйрық - «жылқының құйрығы». Мәдени-тілдік өрісте, әдетте, жал, бас «алдыңғы жақ», ал құйрық, аяқ «артқы жақ» деген екі түрлі семантикалық топқа жатады. Аталмыш тұрақты сөз орамының мағыналық құрылымында кодқа салынған зооморфтық ақпарат екі түрлі субъектіні

білдіреді: біріншісі - «аға» (жал), екіншісі «іні» (құйрық). Ал үшінші редуцияланған субъект үйленбекші болып, жар таңдап жүрген (мысалы, Төлеген) немесе атастырған қалыңдығын іздеп жүрген жігіт (мысалы, Қозы-Көрпеш). Қыз Жібек жырында Жібек «Төлегеннің жайын біліп кел, жал-құйрығы сай ма екен? Я болмаса, қаңғырып өскен қу бас па екен?» - деп жеңгесін жұмсайды. *Алдымда менің жалым жоқ, Айдап та берер малым жоқ. Артымда менің құйрық жоқ, Көңілден, сірә, жүйрік жоқ,* - дейді Қарабайдың елінде Баян сұлумен жүздесе алмай, шерменде болған Қозы. *Сонымен, бірінші субъект жал (аға), екінші субъект құйрық (іні) болса, әрине, ортадағы субъект арқа болып, когнитивтік санадағы зооморфтық ақпарат түгелденіп, бір бүтінге айналады.*

ЖАЛМАН *Жылқының жеген шөбін жұтпастан аузынан шығарып тастайтын кеселдің бір түрі.*

ЖАЛЫ БҮТІН *Жылқы тұлғаның қоңды, күйлі әрі мықтылығын білдіретін ұғымның атауы.* Жал – жылқының желкесімен жымдаса біткен майы, оның күйлі, мықтылығын немесе күйі кеткен жылқының жалы кетер деп, мақалда айтылғандай, қоңы түскенін жалына қарап біледі. Кәнігі адамдар әдетте ат жалының қаншалық бүтіндігін, жалды, жалсызын көзтанымнан гөрі қолтаныммен жалынан ұстап ажыратады. Жалдың «майдан» басқа тағы бір омонимдік мағынасы «жылқының құлақ тұсынан шоқтығына дейін бойлай өскен қалың ұзынша қыл» дегенді білдіреді. «Май» мағынасындағы *жал* мен «қыл» мағынасындағы *жалдың* арасында семантикалық байланыс бар екені аңғарылады. Жылқының, малтанушылардың айтуынша, жалы көтеріңкі, қылдары тікірейіңкі қайраттылау келсе, оның қоңды, мықты, майының бүтін екенін байқатады. Бұндай жылқыны *күдіре жал; күдіре жал, күпшек сан* дейді. Сондай-ақ белі бөкенжондылау жүйрікті *күдіре бел күпшек сан* деп атаған: Түнеріпті түсіміз, Түн ұйқыны бөлгендей. *Күдіре бел, күпшек сан* Үдете жортып желгендей (М.Әуезов). Сонымен, *жалы бүтін, күдіре жал; күдіре жал, күпшек сан; күдіре бел, күпшек сан* деген фразеологиялық бірліктер этнотілдік ұжымның иппологиялық танымындағы концептілік түзілімдердің тілдік бейнесі болып саналады.

ЖАМАҒАН ИЗЕН *Құмды, құмайт аймақтардағы жайылымдық от. Құрғақшылыққа, ыстыққа өте төзімді. Сабақтарында ылғал қоры болады. Қойдың ет алуына әсері айрықша.*

ЖАМАНДАТ *Жылқыда болатын қатерлі індет.*

ЖАМАНДАТҚЫР! *қ а р ғ ы с. Кейігенде айтылады.*

ЖАМАНДАТТЫҢ СЫРТҚЫ ТҮРІ *Ем қолдануға келетіні.*

ЖАМАНДАТТЫҢ ІШКІ ТҮРІ *Індеттің ауыры.*

ЖАМБЫЛ *Қала, кент сыртын қоршаған қамал, бекініс. Жамбыл атауы байырғы тарихи жырларда кездеседі: Табармын шыбын жаным аман тұрса, Қуатым кірер ханша мойын бұрса. Жамбыл бұзып бармасам, атым құрсын, Темір үйден құтылар күнім туса* («Батырлар жыры», 2-т., Алматы, 1961).

ЖАМИҒ *Жұма намазына арналып салынған мешіт.*

ЖАНАТ Терісі берік, әрі жылы, жүні ұзын жұмсақ қылшықты аң. Жанат терісі беріктігімен қатар, жеңіл, түбіт жүні қоңырқай, қылшық жүні жылтыр қара түсті болып келеді. Жанат терісі аса бағалы аңдардың қатарында саналып, одан көбіне ішік тігіледі. Ішіктің сырты қымбат қалыңдау тыстық маталармен тысталады. Ондай ішіктің жағасына жанат, құндыз терісін ұстайды. Жанат ішікті: *Жанат ішік жауыпсың иығыма, Құн жетпейтін бармақтай қиығына* - дейді байырғы өлеңдерде. Жанат, бұлғын, сусар, құндыз, тиін, алтайы түлкі, қасқыр, аю терілерін тек киім ғана емес, киіз үйдің салтанаты мен сәнін келтіріп, ұлттың ажарлы бұйымы ретінде тұтынғанын халық ақыны Кенен Әзірбаев: *Бұлғын, жанат, сусар мен құндыз тиін, Алтай түлкі, қасқыр мен асыл киім. Қазақстан жерінде барлық аңдар, Сән-салтанат қымбатты үйге бұйым,* - деп жырға қосқан.

ЖАНАТ ТОН **I** т і л д і к к о д. Құны тектес жанаттың асыл терісінен беттестіріп тігілген қымбат тон. **II** м ә д е н и к о д. Жанаттың терісін илеп, асыл пұлдармен астарлап ішік тіксе, терісін беттестіріп тон істеген. Оны тек ауқатты, бай адамдар ғана киген.

ЖАНТАҚ х а л ы қ. б о т. *Жартылай бұталы, бұтағы тікенді қыр оты.* Жантақ әсіресе түйе түлігінің сүйсініп жейтін оты. Жар басында жантақты жаннан кешкен нар жейді (Мақал).

ЖАНТАҚ *Шөлді, құмды аймақтарда өсетін ащы от.* Түйе, қой-ешкі жақсы жейді. «Жар басындағы жантақты жаннан қашқан нар жейді» деген мақал ащылаған түйенің күйіне байланысты айтылған.

ЖАҢА АЙДА ЖАРЫЛҚА, ЕСКІ АЙДА ЕСІРКЕ **I** т і л д і к к о д. Ескі наным бойынша, жаңа ай туғанда айға тәу етіп айтылатын тілек. **II** м ә д е н и к о д. Ай туғаннан бастап толғанға дейінгі кезеңде, яғни жаңа айда да, ай толғаннан бастап туғанға дейінгі кезеңде, яғни ескі айда да жақсылыққа кенелтіп, желеп-жебей көр деген мағынадағы тілеу].

ЖАҢЫШПА 1. Сүйегімен бірге жаныштап дайындалған ет. 2. Жаңышпа жеген бүркіттің қоңы көтеріледі.

ЖАСАУ: ЖАСАУДЫ АЛТЫ ЖАСТАН ЖИНАСАҢ АСАДЫ, ЖЕТІ ЖАСТАН ЖИНАСАҢ ЖЕТЕДІ 1. Қыз жасауын ерте бастан дайындай беру керек деген мағынада. 2. Киіз үйдің жаңа түскен келіншектің үйіндей жайнатып жіберетін сырмағының сәнді, берік болып сырылуы ұзақ уақыт пен ерінбей еңбек етуді, шеберлікті қажет етеді. Байырғы тұрмыста әрбір қазақ отбасында ер бала мен қыз баланың жыныстық, физиологиялық ерекшелігіне орай бірін болашақ түз адамы деп дала өміріне, түз еңбегіне, екіншісін үй іші кәсібіне, үй шаруасын ұйымдастыра білуге жастайынан баулуға мән берілді. Айталық, ер баланы 3-4 жасынан бастап арнайы ашамай жасатып, атқа мінгізіп үйреткен ер балалар 9-10 жастарында аттың жалында ойнап бәйгеге шапты, 13-14 жасында батырлықты армандап аңшылықта өзінің алғашқы батылдығын, ептілігін, ержүректілігін көрсетіп санатқа кіре бастады, өсе келе 20-25 жасында ел қорғаған, елі үшін жанын қиған хас жауынгер, батырларға айналды... Қыз жасауының құрамындағы сырмақ бір үйден басқа үйге көшетін бұйым ғана емес, ол қызды жас кезінен үй тұрмысына, үй кәсіпшілігіне баулудың құралы болды. «Жасауды алты

жастан жинасаң асады, Жеті жастан жинасаң жетеді» деген мақалда атананың қыздың болашақ тұрмысына ерте бастан қамданғаны ғана емес, 6-7 жасынан қыздың үй ішіне, анасы мен жеңгесіне көмектесе жүріп іске бейімделуін білдіретін этномәдени ақпарат сақталған. Қазақтың дәстүрлі этномәдени жүйесінде «Қалыңсыз күйеу болса да, Жасаусыз қыз болмайды». Жастайынан отбасылық жұмыстарға көмектесіп, сырмақтың алдын ала сызып алынатын ою-өрнегін көзбен көріп, қолмен ұстап, тігіс түрлерін тігіп үйрене келе қазақ қызы ұзатылар жасқа жеткенше балдағы алтын қайшы ұстайын шебер қыз болып қалыптасатын. «Он үште отау иесі» деп отбасылық шаруаны дөңгелетіп әкете алатын осындай «дайындық мектебінен» өткен қыздарды атаса керек. Ал дайындығы жоқ, анасы мен жеңгесінен қол ісін үйреніп жарытпаған қыздарға қатысты «Өз үйінде ою оймаған кісі үйінде сызу сыза алмас» деген мақал қалыптасқан. Қазақтың дәстүрлі мәдениетінде жаздың гүлді кезінде кұлпырып тұратын сырмақтар қолдасныстық қызметінен бірге эстетикалық, этикалық, әлеуметтік қатынастарды реттеушілік қызмет атқарып, әрбір отбасының экономикалық жағдайының көрсеткіші болды.

ЖАУҒА БАРСА, АТ ОЙНАТҚАН, ҮЙГЕ КЕЛСЕ, ҚҰРТ ҚАЙНАТҚАН *Батыр үй тұрмысында қарнайым, қатардағы жан, ерлігі жауға шапқанда көрінеді деген мағынада.* Батырдың тұрмыстағы тұлғасын танытатын сөз орамдарының бірінде: Түзде батырмын, Үйде қатынмын. Әйел ауру, бала жас, Тары түйіп жатырмын, - дейді. Батыр жайшылықта өзін батырмын деп санамаған.

ЖАУЫР *Мініс атын жайсыз ерттеуден болатын иық, қыр арқа, қапталда болатын ісік, жара.*

Жауырыншыны жау алды, есепшіні жұт алды. *Жауырыншының да, есепшінің де айтқан болжамы қырын кетті.*

ЖӘКЕ байырғы кезде жасы үлкен, сыйлы ер адамға қарата айтылатын ізет нышанды этикеттік қаратпа атауыш. *Жәке* атауының Жетісу өңірлерінде кең тарағаны «Қазақ тілінің аймақтық сөздігінде» көрсетілген. Халықтық этикет бойынша жасы кішілер жасы үлкен ер адамның туыс немесе туыс емес, таныс немесе бейтаныс болса да **Жәке** деп ізет көрсете сөйлейді. Әсіресе келіндер қазақы тұрмыста *жәке* сөзін аттергеу салты бойынша жанама атымен *Меңлібай Жәкем (Қалдыбай* демейді), немесе *Сұлумұрт Жәкем, Нағашыбайды Тағай Жәкем* дейді. *Жәке* атауының шығу төркіні (этимологиясы) айқындалмаған. Дегенмен, біздің, байқауымызша, бұл атаудың шығу төркіні байырғы *ажә* сөзімен байланысты. *Ажә* сөзі «*ай дер ажә, қой дер қожә жоқ*» деген тұрақты тіркестің құрамында сақталып қалған. Бұндайғы *ажә* әулеттегі «жасы үлкен, ақылшы, әлеуметтік мәртебесі жоғары адам» деген мағынаны білдіреді. Әуелде *ажә+еке* деген екі сөз тіркесе келіп, дыбыстық жақтан ықшамдалған. Бұндағы фонетикалық өзгерісті былайша көрсетуге болады: *ажә+еке>ажәке>жәке*. *Әке* сөзі де әуелде *ага+еке* деген сөздің ықшамдалуынан пайда болған қаратпа атауыш.

Жәудір. *Кедей, кедей-кепшік, жоқ-жітік.* Базардан сауда қылып мата алды, Көрген жан танымады *жәудір* шалды. Базарда бір жұмыртқа бір пұл болса, Не үшін ол жөйт маған көп пұл берді (Бабалар сөзі, 5-т., 274-б.).

ЖӘУІТТЕУ ет. *Өз айтқанын басқалардан артық....*

ЖЕБЕ І тілдік код. Садақ оғының ұшы; садақтың оғы. **І м ә д е н и к о д.** Ауыз әдебиеті үлгілерінде *саржаның, бұқаржаның, санайдың* т.б. садақтың жебесі мен оғына қатысты әр алуан тұрақты сөз тіркестері кездеседі: *қозы жауырын көктеме оқ* («Шынтасұлы Төрехан»), *қармаулы қабыл жебе* («Қыз Жібек»), *«Қарға жүнді қасалақ оқ* («Қозы-Көрпеш») *«Қарға жүнді қамыс оқ», «Күшіген жүнді қамыс оқ», «Тазқараның тайлақ жүнімен жүндеген оқ».* Осылардың қатарында *тоқал оқ* тәрізді атаулар да ұшырайды. Мысалы, *Тоқал оқ* – қорамсақтағы жебені сындыру үшін қолданылатын *оқ*. Бұл атау «Ер Тарғын» жырының Радлов нұсқасында кездеседі. Ауыз әдебиеті мұраларында садақ жебелерін «қатарлап кетпен қойып сынап көру» туралы деректердің кейбір үлгілері мына тәрізді. *«Төстік Садақ тартып үйренді. Тартқан садағын тоғыз қабат кетпеннен өткізеді»* («Ер Төстік»). *Қатарлап он кетпенді оқ салалық, Қатарлап он кетпенді алып кепті Өңшең батыр сауықшыл бәрі епті. Біссімлә деп Ер Қозы тартып еді, Он кетпеннен қол оғын безеулетті* («Қозы Көрпеш»). Тап осылайша жебе сынау тәсілі қазақтар арасынан К.Чермак жазып алған «Қызыл Кеніш» атты аңызда да бар. *«Бақташы бала садағына салып атқан жебесі қатар кетпеншотты тесіп өтеді».*

ЖЕБЕ ЖЕТЕР ЖЕР. ЖЕБЕ ТАРТАР ЖЕР к ө н е; ә с к е р и; *Садақтың оғы жетер қашықтық.* Қашықтық өлшемін білдіретін бұл тіркесті атау *садақ атым* жер деп те аталады. Байырғы дәстүрде қашықтықтың өшемін алыс емес түрін қадаммен өлшеген. Кейбір деректерге қарағанда бір қадам төрт табан, қазіргіше айтқанда 90 см. Сонда *садақ атым; жебе жетер жер* «сегіз жүз қадым» шамасы делінеді. Ал садақтың жебесінің, яғни оғының ұзындығы кезбен өлшенеді. Екі қолды көлденең кере созғандағы жартысы бір кезге тең делінеді. «Қобыланды» жырында: *Қарағай садақ қырық кез оқ, Күмбезі алтын, белге тоқ,* - дейді. Өлеңдегі әсіре поэтикалық әсірелеуді «батырдың қорамсасында әрқайсысының ұзындығы бір кезден қырық оқ бар» деп те ұғынуға болады. Сонымен, қорыта айтқанда, байырғы әскери саладағы *жебе тартар жер, садақ атым жер* дегендегі қадаммен өлшенетін қашықтық, сондай-ақ оқтың кезбен айтылып, жарты құлашпен өлшенетін ұзындығы мәдени тілдік семантикада ең жуық шаманы білдіретін халықтық эталондық мағына болып саналады.

ЖЕБЕ ҰШАР АРАЛЫҚ ә с к е р и. к ө н е. *Жебежетер қашықтық өлшем.*

ЖЕБЕЖЕТЕР ЖЕР к ө н е. ә с к е р и. *Садақтың оғы жетер қашықтық өлшем.* Кейбір деректерге қарағанда бір қадам – төрт табан, қазіргіше айтқанда 90 см. *Жебежетер жер* «сегіз жүз қадам» шамасы делінеді.

ЖЕБЕТАРТАР ЖЕР ә с к е р и. к ө н е. *Шамамен сегіз жүз қадамдай қашықтық.*

Жебеушар: *Жебеушар аралық* сан-мөлшер. *Садақ озы жетерлік қашықтық.* Бхараға таяу *жебеушар аралықты* кешіп өту мүмкін емес-ті, адамдар малтып өтіп жатты («Бабырнама», 262).

ЖЕЗАЙЫР **І** тілдік код. Ұзын, ауыр мылтық. **П** мәдени код. Ұзындығы бір сажын, түйемен алып жүретін «ауыр мылтық» (Будагов, 436-б). «Ер Шобан» жырында: *Он екі құрсау жезайыр, Қара мылтық жұмсаған, – дейді.*

ЖЕЛГЕ СУАРУ 1. Өткір қылыш дайындаудың бір тәсілі. 2. Қылыш соққан ұста қылышты төске салып таптап, қайта-қайта суға салып шынықтырумен бірге, атқа міне салып, қылышты көтере ұстап қатты шауып, жүзін «желге шайқау», «желге сүйдіру» өткірлей түсудің әдіс-тәсілдерінің бірі болғанын халық ақыны Нұрхан Ахметбеков былайша сипаттайды: «Ақбандар дамыл таппай ұрды балға, Найза ұштап, қылыш таптап тартты шарға. Суарып сұр болатты желге шайқап, Көгертіп, быжылдатып басты парға» (Амангелді, 95-б.). Желге суару қару-жарақ соғу технологиясының жетілгендігін білдіреді.

Желдену. *Еттенген жылқының бағымына қарай еті тартылып, әрі ширақ, әрі сергек болуы.*

Желдету. *Жылқы үйірлерін ойлы-қырлы жерлермен қуалай өрлете, құлата жаю.*

ЖЕЛКЕЛІ *Ойы тұрақтамайтын адам.* Желкем жетпіс ойлы (Мақал).

ЖЕЛКЕСІ ҚИЫЛДЫ 1. Өлді; қырғынға ұшырады, көзі жойылды. 2. Саятшылардың орнитологиялық біліміне қарағанда ақсұңқар мен тұйғын тәрізді аңшы құстар аулайтын құсының төбесінен таспен ұрғандай сорғалап келіп желкесін үзіп (қиып) жібереді екен. «Желкең қиылғыр!», «Желкең үзілсін!», «Жетпей желкең үзілсін» тәрізді қарғыс мәнді сөздер де халықтық орнитологияға байланысты қалыптасса керек.

ЖЕЛОЙНАҚ *Деміл-деміл ұйтқи, үйіріле соғатын жел.* Осы ауылдың *желойнақ*, қыраң шетінде, нағыз желдің өтінде, әлімсақтан бері шешек шығып жатқандай оңаша тұрған жер үйге, жер үй емес-ау, көп балшықтан үйе салған қара сарттың моласына келейік..., бірақ кірмейік!.. (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 116-б.).

ЖЕЛІ: ЖЕЛІДЕГІ ҚҰЛЫН *Құлынның желіге байланған кезі.* Ат сыншылар, сейістер жүйрік шығатын құлынды желідегі кезінен танып, қандай болатынын дәлме-дәл сипаттап береді. Омар Шораяқтың: *Ер белгісі құнында, Зер белгісі пұлында. Шын сейістер ат қояр Желіде тұрған құлынға,* - дейтін жыр жолдары құлыннан жүйрік шығатынын екінің бірі емес, кәсіби білімін жұрт мойындаған білікті сыншылар ғана дәл танитынын аңғартады.

ЖЕЛІМАЙЛАУ **з а т. э т н.** Мал сүтті болсын деп жасалатын ырым. **П** мәдени код. Сауын малдың төлі байланатын желі алғаш қазық қағылып, арқан тартылғанда «ақ көп, мал сүтті болсын» деген тілекпен желі арқанына айран құйып, қазығын майлау рәсімі.

ЖЕЛІНСАУ *Қозысынан жеріген саулықтарда кездесетін желіндегі ісік ауруы.*

ЖЕМ ТҮСУ *Мініс атын қатты жүрістен кейін от пен суға қоюдан болатын бақайсүйек ауруы.*

Жеңіс=е т. *Бірін-бірі жеңе алмады.* Қылышпен бір-біріне шапты дейді, Бір-біріне тигізбей, қақты дейді. Екеуі күн қатқанша *жеңіспеді*, Кеш болыпты жай-жайына жатты дейді (Бабалар сөзі, 2-т., 286-б.).

Жер қарлаған, шиыр шарлаған. *Талай ел-жерді көрген, кәнігі. Тәшен жер қарлаған, шиыр шарлаған антұрған ғой, тез-ақ есін жиып алды (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 24-б.).*

ЖЕР ОРТАСЫ – КӨКТӨБЕ; ЖЕР ОРТАСЫ – ЖЕКЕН **І т і л д і к** к о д. Мифтік таным бойынша Жердің кіндігі деген мағынаны білдіреді. **І м ә д е н и к о д.** Ортасы – Көктөбеде үш әлемді, – жер асты, жер үсті, көк әлемін, – байланыстыратын алып Жекен ағашы өседі: *Жігіттер кісіге сөз кеп етелі, Жер ортасы – жекенді сөз етелі. Жақсының аруағы қалмай ма екен, Қозы-Көрпеш-Баянды тербетелі* («Қозы Көрпеш-Баян сұлу»). *Жекен –* қамыстың бір түрі. Жекеннің Көктөбенің ортасында болуының өзіндік мәні бар, өйткені байырғы қазақтың *«жандыда балық үлкен, жансызда қамыс үлкен»* дейтін байырғы кездегі түсінігіне байланысты айтылса керек.

ЖЕРАУЫС: жерауыста жүрді. *Жер айдауда, жер аударуда болды. Сол жерауыста жүргенде бір көзінен айырылып, асау мойынға ауыр қамыт, тақыр басқа тар ноқта киген соң, бұл жүн болып кеткен адам (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 124-б.).*

ЖЕРҚОРҚАҚТЫҚ *Батылы, тәуекелі жоқтық.* Ең үлкен қиыншылық ұлы іске ұрынып көрмеген жұрттың *жерқорқақтығы* болып отыр (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 196-б.).

ЖЕРТАМЫР тарихи. көне. *Байырғы кезде казак орыстар қазақтармен тамыр болып, жайылымдық жерінің бір бөлігін жалға алу дәстүрі.*

ЖЕРТАМЫРЛАСТЫҚ тарихи. көне. *Тамырластық жолмен жерді жалға алушылық. Жертамырластық қазақ ауқаттылары мен казак орыстар (казактар) арасында болған.*

ЖЕРТАМЫРЛЫҚ қ о ғ. ә л е у м. *Тамырластықтың бір түрі.* Байырғы кезде казак орыстар қазақтармен тамырласып, бос жатқан жерлерін уақытша жалға алған. Алайда тамырластық бұзылып, арада дау-дамай туса, жертамырлық салауатқа жатқызылмайды.

ЖЕРҰШЫҚ *Ұшынғаннан болатын ауру.*

ЖЕРҰШЫҚ: ЖЕРҰШЫҚ ЖАСАУ *Ұшынған адамды аластау.* Жерұшық жасауда *«Қара Жер! Сырқауын ала гөр! Тәнін сейілт! Жанын сергіт! Соққан желмен кет! Аққан сумен кет! Батқан күнмен кет!»* деген дағдылы сөздер айтылады. Эзотериялық наным-сенім бойынша соққан *жел кері қайтпайды; аққан су кері қайтпайды; батқан күн кері қайтпайды.* Аурудың бойындағы сырқауды өздерімен ала кетеді. Жерұшық әдетте ақ пен қызылдың арасында, - күн ұясына қонған шақта, - жасалады.

ЖЕРШЕНЕУІШ *Көшті ұйымдастыру, көш жолдарын белгілеу жұмыстарымен шұғылданатын, жер-су жағдайын, өткел, асуларды жақсы білетін маман.*

ЖЕСІР ДАУЫ. I т і л д і к к о д. Ертеде жесірге, жайлау-қыстауға байланысты ел арасында туған талас-тартыс. **II м ә д е н и к о д.** Дәстүрлі қазақ қоғамындағы құда түсіп, қалыңмалы төленген қалыңдықтың, не күйеуі өлген жесір әйелдің әмеңгерлік жолмен баратын жеріне разы болмай, түрлі себеппен басқа жаққа күйеуге тиіп кетуі салдарынан туатын дау. Құда түсіп, қалыңмалы төленген қалыңдықтың не күйеуі өлген жесірдің әмеңгерлік жолмен бармай, бата бұзып басқа күйеуге тиіп кетуіне байланысты таласу, тартысу.

Жесір. Ескі кіт. *Иесіз ел, басшысыз қалған ел-жұрт. Жесір* боп қалған ел екен, Патшасы өліп жанада. Бақ құсты халық ұшырып, Жиналған екен далаға (Бабабал сөзі, 5-т., 242-б.).

ЖЕСІРЛІК АТ *Бәйгенің алдын бермейтін қас жүйрік.* Ұлы Даланың биоэкологиялық табиғатына сай келетін, жүз шақырымнан астам жерді болдырмай алатын, шапқан сайын үдей беретін, кең тынысты, белі берік, ыстық-суыққа аса төзімді, қазақтың қазанаты. Қазанаттың бұндай таңдаулы жүзден жүйрік шыққандарын халық тілінде *жесірлік ат* деген. Халықтық осы атау Ғабит Мүсіреповтің жиырмасыншы жылдардағы шығармаларында кездеседі. Ақан серінің «*Баспа-бас, қызға бермес жануарым*» дегендегі Құлагері – жесірлік ат. Бұл жерде *жесір* атауы «күйеуі өлген әйел» деген мағынада емес. *Жесір* сөзі «баталасқан қалыңның жартысынан астамы берілсе, қалыңдық күйеу жақтың жесірі» аталады, яғни қыздың бас еркі болмайды.

Жесірлік бие құны. *Қыз қалыңмалына татитын жүйрік ат.* Қайт, ойбай», үйіне барма, астындағы *жесірлік бие* үшін тұқымыңмен айдатып жібереді (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 61-б.).

ЖЕТІ АМАЛ I т і л д і к к о д. Күн қайыруға қатысты табиғат құбылыстарының атауы. **II м ә д е н и к о д.** Қазақтың байырғы күн қайыруындағы (күнтізбесіндегі) күннің тоқырауы, қарашаның қайтуы, Үркердің батуы, мұздың қатуы, киіктің матауы, айдың тоғамы, тоқсанның кіруі деген табиғат құбылыстарының жалпы атауы.

ЖЕТІ АМАЛ I т і л д і к к о д. Қазақтың байырғы экологиялық түсінігінде жыл мезгілдерінде тұрақты қайталанып отыратын табиғаттағы ерекше құбылыстардың жиынтық атауы. **II м ә д е н и к о д.** «Жеті амал жаман өткен жоқ, қыс, сірә, жайлы болар» дейді есепшілер (халық астрономдары). Олар табиғаттың саналуан құбылыстарын алдын-ала болжай білген. Ы. Алтынсарин келтірген дерекке қарағанда, есепшілер жұттың болатынын алдын ала біліп, елді сақтандырған (Ы. Алтынсарин. «Жұт туралы» ондай болжамдардың шаруа адамына тигізер көмегі аз болмаған. Қыстың қатты не жұмсақ болатындығын, көктем мен жаздың қалай өтетіндігін, жауын-шашын мөлшерін шаруа адамы есепшілерден сұрап-біліп отырған. Ерте кезде есепшілер жеті амалға табиғаттың мынадай құбылыстарын жатқызады: *Күннің тоқырауы қарашаның қайтуы, Үркердің батуы, мұздың қатуы, киіктің матауы, айдың тоғамы, тоқсанның кіруі.*

ЖЕТІ АТА I т і л д і к к о д. Баланың өзінен бастап есептегендегі әкесі, атасы, бабасы, арғы атасы және т.б. жетінші буыны, сегізінші атаға

дейінгі аталары, тұқым-тұқияны; туыстықтың тоқталған шегі. **И м ә д е н и к о д.** Жеті буынға дейінгі ұрпақ өздерін жақын, туысқан, бір атаның балалары санайтын, қыз алыспайтын, қазақ халқының этнобиологиялық, этномәдени, жалпы рухани тұтастығын табиғи түрде қамтамасыз ететін қағида.

ЖЕТІ ҒАЛАМ, ЖЕТІ ДҮНИЕ **І т і л д і к к о д.** «Дүниежүзі», «бүкіл әлем». *«Жеті жұрттың тілін біл, жеті түрлі білім біл»* дейді қазақ мақалында. **И м ә д е н и к о д.** Тұрақты тіркестегі жетіде сандық мән жоқ. Байырғы кезде бұл термин халықтың әлем туралы өте ерте кездегі мифологиялық түсінігін бейнелеген. Бұл түсінік бойынша жеті саны негізгі жеті бағытты білдірген. Олар – дүниенің төрт бұрышы: күншығысы, күнбатыс, түстік, терістік; аспан – жоғарғы ғалам, жер – орта ғалам, жер асты – төменгі ғалам. «Жер бетінде тұратын адамдар белбеуін беліне ораса, жер астында тұратындар аяғына, ал көктегілер мойнына орайды екен» дейтін аңыз немесе «Ер Төстік» ертегісінде Төстіктің жерасты патшалығына сапар шегуі тәрізді ғажайып сюжеттер халықтың байырғы дәуіріндегі жеті ғалам (жұрт) туралы мифологиялық танымына байланысты туған деуге болады. Кемпіркосақ жайында ертегі де осы тәрізді. «Көк жүзінде мыстан кемпір тұрады екен. Жаңбырдан кейін ол қызыл, жасыл қойларын қосақтап сауады екен» дейді ертегіде.

ЖЕТІ ҒАШЫҚ **І т і л д і к к о д.** Халық аузында, оның өлең-жырлары мен ертегі эпостарында кездесетін жеті ғашықтың жиынтық атауы. **И м ә д е н и к о д.** Байырғы әдеби мұраларда ежелден айтылып келе жатқан *жеті ғашық* сөзінің түп-төркіні шығыс елдеріне аңыз, дастан болып көп тараған ғашықтық хикаяларымен сабақтас. Бұл фразеологизм қазақ ақындарының шығыс әдебиетімен ежелден келе жатқан үрдісі үзілмеген байланысын аңғартатын тілдік дерек. Өзге де шығыс шайырлары тәрізді қазақтың ақындары жеті ғашықтың бірін жырға қосып, дастан жазған. Оларды тыңдаушылары жаттап, кейде жазып алып, елден-елге таратып отырған. Қазақтың жыршылары мен ақындардың шығармаларында кездесетін жеті ғашыққа мыналар жатады: а) *Ләйлі-Мәжнүн, Жүсіп-Зылиқа, Фархад-Шырын, Таһир-Зухра, Арзу-Қамбар, Уәлик-Ғәрра, Уәки-Күлшаһ,* ә) *Ләйлі-Мәжнүн, Жүсіп-Зылиқа, Фархад-Шырын, Бәһрам-Күләнда, Сейіп-Мәлік, Бәдігүл-Жамал, Бозжігіт-Ануаз кей нұсқаларда Қарашаш, Зияда-Хорлы («Зияда-Хорлы, Ғайын»).* Қазақ жыршылары кейде *Қозы-Көрпеш-Баян* сұлуды да жеті ғашықтың бірі деп есептейді: *Ақ сарайда жазған хатты көрді. Қозыке мен Баянның атын көрді. Жаратқан жеті ғашықтың бірі екен деп Құдайдан тілейік деп кеңес қылды («Қозы Көрпеш-Баян Сұлу»).* Әйгілі шығыстанушы В.В. Радлов жинаған қазақтың ауыз әдебиеті мұраларында: Қайтқан бір келген жыл құсы Келіннің шайпау тілдісі. Зылиқа, Зәуре екі қыз. Апаңның салған үлгісі, – деп келетін өлең жолдары *ғашық болып, жар сүю Зылиқа салған жол дегенге меззейді. Жеті ғашықтың халық ұғымында бірін-бірі қайталамайтындай өзді-өзіне тән сипаты бар. Жүсіп-Зылиқа ғашықтардың асқан төзімділігін көрсетсе, Қозы мен Баянның бір-біріне ғашықтығы – балдай татулықтың белгісі. Ал Фархадтың Шырынға деген махаббаты оған айрықша күш бітіріп, жігер отын жазады. Ол Керманшах*

пен Хамаданның арасындағы Бихустун тауын тесіп, Шырынға баратын жол салады. Ежелгі парсы аңызында «Бихустун тауын қопарған – ғашықтық, ал даңқы Фархадқа қалды» деген қанатты сөз бар. Тағы бір аңызда I Дарии патша жайындағы Бихустун жартасындағы жазу мен барельефті Фархад қашап жазыпты дейді. Аңыз бойынша Ләйлі асқан сұлу болмаса керек. Бидай өңді, арықша келген қарапайым ғана қыз екен. «Ләйләға Мәжнүннің көзімен қарау керек» деген қанатты сөз де осы орайда айтылған. Бұл сөз қазақтың «Сұлу – сұлу емес, сүйген – сұлу» дейтін мақалымен мазмұндас. «Екі жасты қосқанның сауабы бар, екі жасты айырғанның обалы бар» дейді халық мақалы. Халық ұғымында Арзу мен Қамбар – бір-бірімен қосылмай, арманда өткен ғашықтар. Айырсаң екі бала арманда өтер Бұрынғы Арзу менен Қамбарға ұқсап, – дейді «Таһир-Зухра» дастанында.

ЖЕТІ ЕРДІҢ ҚҰНЫ 1. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы құн кесудің бір түрі. 2. Соғыста шейіт болған белгілі батырларға жеті ердің құны (ердің құны – жүз жылқы...) алынған. Қалмақпен соғыста қаза тапқан Жауғаш батырға осындай жеті ердің құнын төлеткен екен... Бұл өлшем дәстүрлі қазақ қоғамында құқықтық негіздермен байланысты қалыптасқан.

ЖЕТІ ЖАРҒЫ т а р и х и-қ ұ қ ы қ т а н у. *Әз тәуке ханның (...)* шығартқан заңы. Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би сынды әйгілі жеті бидің тікелей қатысуымен жасалғандықтан аталмыш заң Жеті Жарғы аталған.

ЖЕТІ ЖОҚ Белгілі бір ойды санмен топтап нақыл түрінде айтудың шешендік тілде кездесетін сөз үлгілерінің дәстүрлі бір түрі. Ақиқат дүниедегі зат, құбылыс, уақиғаларды, ой-санадағы белгілі бір ұғымдарды санмен өрнектеп айту әдетте тақ сандармен келетін сөз орамдарында кездесіп отырады. Атап айтқанда, *жеті жоқ* фразеологизмінің ерекше бір нұсқасы академик жазушы Ғабит Мүсіреповтің «Күнделік» дәптерінде мына нұсқада берілген: Құста сүт жоқ. Жылқыда өт жоқ. Таста тамыр жоқ. Тілде тиек жоқ. Сүлікте сүйек жоқ. Аспанда тіреу жоқ. Әділ биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ. Бұл жерде тұрақты сөз орамының мақсаты «жоқтарды» түгелдеп шығу емес, белгілі бір ақиқаттың мәнін ашып көрсетуге саяды. Мысалы, аталмыш «жеті жоқта» айтылмақ ойдың негізгі қисыны әділ би, туғанына, ағайын-туыс, руласына бұра тартпайды, олай болмаса, ондай би ар-ұят, иманнан жұрдай болады дегенге саяды. Ал қалған «жетілер» негізгі ойды күшейте түседі.

ЖЕТІ ЖҰРТ І т і л д і к к о д. Байырғы мәдени түсінік бойынша жеті ықылымдағы ел-жұрттың атауы. ІІ м ә д е н и к о д. Қазақ паремиология қорында *жеті жұрттың тілін біл* деген мақал бар. Бұл атау халықтың фольклорлық мұраларында, жыр-дастандарында, аңыз-әңгімелерінде кездеседі. Олар: Ұрым (Византия) “*Ұлы Ұрымға, қызы Қырымға кетті*”; *Үрімі мылтық өзі атып, өзі түзейді*; Шын (Солтүстік Қытай) *шыны, шынаяқ. шыны ыдыс* сөздері Шын елімен байланысты қалыптасқан атаулар. *Машын* (Оңтүстік Қытай); *Бұлғар* (Бұлғар-Хазар) *Былғары етік*; *Бұлғар садақ*; *Мысыр* (Египет) *Әркімнің туған елі өзіне Мысыр* (мақал); *Ғараб* (Арабстан) *Арабы ат*; *Арабы тазы*; *Ажам* (Иран).

ЖЕТІ ЖҰТ **І т і л д і к к о д.** Бір-бірінен туындайтын табиғи апатпен байланысты қиындық. **ІІ м ә д е н и к о д.** Бұл тіркестегі жеті де жұмбақ санға айналып бара жатқан тұрақты тіркес. Халық арасындағы қария сөзде «Жұт жеті ағайынды, содырмен сегіз, салақпен тоғыз, олақпен он» дей отырып, қария кісілер «ағайынды жетіге» мыналарды жатқызады: *жұт, қуаңшылық, індет (көлденең кесел), зілзала, сел, өрт, соғыс.* Бұл тұрақты тіркес себеп-салдарлық қатынасқа құрылған. Халықтың байырғы кезде бұларды «ағайындағы жеті» деп атауы тегін болмаса керек. «Елге ел қосылса – құт, селге жел қосылса – жұт» дейді мақалда. Ақ қар, көк мұз жұтының аяғы да қауіпті, тасқын болып сел жүреді. Оны *қайталаманың ақ бораны* дейді. *Ақ қар, көк мұздың жұты (ақ жұт)* тәрізді тігерге тұяқ қалдырмай, ел ішін күйзелтіп, шығындатып кететін табиғи апаттың арты індетке де айналуы ықтимал. Кезқұйрық, құзғын, сақалтай, тазқара тәрізді тазалықшы (санитар) құстар жұтқа ұшыраған малдың өлексесінен даланы «арылтып» үлгере алмаса керек. Кейбір жылнамаларда келтірілген дерекке қарағанда, біздің жыл санауымызға дейінгі 68-жылы болған жұтта хундар 60% малынан айырылған. Мұның салдарынан халықтың тең жартысы қырылған. Жұттан титықтап шыққан жұртқа соғысқұмар көршілерінің көз алартар кезі де осы тұс. Қар мүлде аз түсіп, қатқан болатын *қара жұттың* аяғы құрғақшылыққа айналып, өрт жиі шығады. Ы. Алтынсарин «Жұт туралы» жазбасында қар түспеген жұттан кейін Торғай өлкесінде қуаңшылық болып, өрттің көп шыққанын айтқан.

ЖЕТІ ҚАЗЫНА **І т і л д і к к о д.** Жеті қазынаның ел аузында айтылып жүрген негізгі нұсқасына: *жүйрік ат, қаққыш тазы, алғыр қыран, тұзу мылтық, қара қақпан, алмас кездік, қыл тұзақ* (немесе жылым, ау, тұзақ) жатады. **ІІ м ә д е н и к о д.** Жеті қазынаның бұлайша топтастырылуы себеп-салдар қатынаспен байланысты. Мұндағы жеті қазынаға жататын заттар бір үйлі жан ғана емес, ауыл үйге де «олжа» әкелетін «өндіргіш құралдар» іспетті болған.

ЖЕТІ ҚАТ КӨК, ТОҒЫЗ ҚАТ КӨК **І т і л д і к к о д.** Шырқау биік, шексіз аспан түсінеміз. Бұл жерде жеті – сандық мәнінен айырылған сөз. **ІІ м ә д е н и к о д.** Жеті қат көк – байырғы шығыс астрономдарының кеңінен қолданған термині. Мұндағы жеті саны «жеті планетаға» сәйкес келеді. *Ай, Меркурий, Шолпан, Күн, Қызыл жұлдыз (Марс), Мүштәри (Юпитер), Сатурн.* Осы жеті жарық шығыс астрономиясында жеті қат (қабат) көк деп аталады. Ортағасырлық дәстүрлі түсінік бойынша әлемнің кіндігі – жер, одан кейін жеті қат көк, ал бұдан әргі тоғызыншы қабат – *ғарыш* деп аталған. Дүние жаратылысы туралы бұл модельді Жүсіп Баласағұн, Әлішер Науаи тәрізді шығыс авторлары өз шығармаларында сөз ету дәстүрін берік ұстанған. Қазақтың ескіше оқыған ақын-жыраулары кейде осы дәстүр бойынша өз жырларында *жеті қат көк, жеті галам, тоғыз қат көк* деген сөз орамын қолданып отырған: *Жеті галам астында Дауысың кетті алысқа Өзіннен өрнек жайылды. Жақыңға туган қалысқа* (XVIII-XIX ғ. Қазақ ақындары). Қазақтың байырғы жырларында кездесетін *ғарыш* сөзі әуелде «көктің тоғызыншы қаты» деген мағынаны білдірген: *Патшасысың құдая,*

Он сегіз мың ғаламның Ғарыш пенен Күрсінің Лауық пенен Қаламның Жаратқан Алла жар болып, Бақытын аиқыл баламның («Қыз Жібек»). Бұл жырдағы күрсінің мағынасы – «мінбер», «тақ», «тоғызыншы аспан», ал лауық сөзі «жазу тақтасы», немесе «тағдырдың жазуы жазылатын тақта» деген діни нанымды аңғартады. Байырғы жыр мұраларда күрсімен қосарлана арсы сөзі де қолданылған: *Арсы менен Күрсіні айт, Лаухы менен Кәлемді айт Құдіретімен жаратқан Он сегіз мың ғаламды айт* (Бұқар). Мұндағы *арсы* «ғарыш» сөзінің дыбыстық варианты.

ЖЕТІ МҮНИЯТ **І т і л д і к к о д.** Әтрүрлі бағалы қасиеттер жиынтығы. **ІІ м ә д е н и к о д.** Батырлық, сұлулық, білімділік, шешендік сияқты ерекше қасиеттердің жиынтық атауы.

ЖЕТІ МҮШЕ **І т і л д і к к о д.** Он екі мүшенің жұбы барларын қосақтап айту. **ІІ м ә д е н и к о д.** Бұл тіркестегі жеті саны, әрине, дерексіз ұғымда емес. Төрт мүше (екі аяқ, екі қол), алпыс екі тамыр (алпыс екі мүшеге тараған тамыр) деп, ағзаларды санмен топтастыра айту халық тіліндегі дәстүрлі құбылыс. Бір назар аударатын нәрсе, *жеті мүше* атауы «Құтадғу білік» (XII ғасыр) тәрізді түркі халықтарының байырғы әдебиетінде де кездеседі. Бұл – қазақ тіліндегі жеті мүше атауының із-соқпағының әріде жатқандығын көрсетеді. Шығыс шайырларының шығармаларындағы жеті мүшені санамалаудың мынадай екі нұсқасы көрсетіліп жүр: а) бас, екі қол, екі аяқ, кеуде, іш; ә) бас, екі қол, екі аяқ және дененің төрт жағы, кеуде жақ, арқа жақ, оң және сол бүйір. Біздіңше, бұлай деп санамалау – дұрыс емес. Қазақ тіліндегі жеті мүше он екі мүшенің бір нұсқасы. Ол былайша таратылады: 1. Бас (біреу), 2. Омыртқа (тұтас отыртқа біреу), 3. Жамбас (екеу), 4. Жауырын (екеу), 5. Тоқпан жілік (екеу), 6. Асық жілік (екеу), 7. Қары жілік (екеу). Барлығы жеті (он екі).

ЖЕТІ НАН [шелпек] **І т і л д і к к о д.** Құдайға, аруаққа сыйынып дөңгелек етіп, ортасын теспей пісірілген, көрші-қолаңға, жарлы-жақыбайға таратып беретін; үйде не мешітке апарып құран бағыштаған жеті, не тоғыз шелпек. **ІІ м ә д е н и к о д.** Жеті әулие (пірге) бағышталып берілетін шелпек. Жеті пір немесе Жеті әулие этномәдени ұжымның санасында ертеден, исламға дейінгі дәуірден келе жатқан наным-сенімдердің бірі болғанға ұқсайды. Ал жәрдем тілеп, қысылған жанға Жеті пір (әулие) Алланың қалауымен көмек бере алады деген түсінік байырғы наным-сенімді дін мұсылмандықпен үйлестіруге байланысты пайда болуы мүмкін. Қазақтың байырғы наным-сенімінде *жеті нан*, *жеті шелпек тарату* және оның санының жетеу болуы осы жеті әулие, Жеті пірмен байланысты екені байқалады. Ырым бойынша жеті нанның (шелпектің) саны әдетте сегіз болады, себебі біреуін итке береді, кейбір түсінікте біреуін шайтан алып кетіп, жеті пірге жетпей қалмас үшін сегіз етіп пісіреді.

ЖЕТІ ПІР **І т і л д і к к о д.** Басына іс түсіп қысылған жанға көмекке келіп, жәрдем беретін, үнемі көзге түсе бермейтін сырт күш. **ІІ м ә д е н и к о д.** “Алпамыс” жырында Жеті әулие [пір] анық сипатталады. Байбөрі бай мен Жантілес бәйбішенің көз жасы қабыл болып, бәйбіше бір ұл бір қыз туады. Құбыла жақтан ғайыптан пайда болған Жеті пір ұлдың атын Алпамыс,

қыздың атын Қарлығаш деп қойып, бастарына қиын іс түсіп, шақырса қолдайтын, жәрдем беретін кәміл пір екенін айтады. Ғайыптан пайда болған Жеті пір (әулие) қалендар кейпінде көрінеді. Олардың басында *күләсі*, иінінде *жәндесі*, үстінде *мелдесі* болады.

ЖЕТИ САУЛЫҚ, БІР ҚОШҚАР І т і л д і к к о д. Малдан берілген енші. **П м ә д е н и к о д.** Діни аңыз бойынша, жұмақтан жер бетіне қуылған Адам ата пайғамбар мен оның әйелі Хауа анаға Алла тағаланың малдан берген еншісі.

ЖЕТИ ТОЗАҚ І т і л д і к к о д. Күнәлі адамдардың о дүниедегі азап көретін орны. **П м ә д е н и к о д.** Жеті тозақтың атауы: *Ажуа* – ораза-намазсыздың орны; *Шақыт* – ұрымен зинақордың орны; *Нақбыр* – әкешешесін ренжіткеннің орны; *Расым* – ғайбатшылық айтқанның орны; *Лазит* – бақсы мен жамандардың орны; *Катим* – еріншек бейнамаздың орны; *Жаһаннам* – санасыздардың, кәпірлердің орны.

ЖЕТИ ТҮН. ЖЕТИ ҚАРАҢҒЫ ТҮН *Жеті Қарақшы жұлдызының кеш қараңғысынан көрініп, таңға астасып кеткенге дейінгі шағы.* Мезгілсіз жүрген адамға «Жеті түнде неғып жүрсің» дейді.

ЖЕТИ ҰЙЫҚТАУШЫ І т і л д і к к о д. Алты мүбәрак, мумин жан және бір ит. **П м ә д е н и к о д.** Алты мүбәрак, мумин жан Рим әміршісінен қашып үңгірге тығылған, қастарында бір ит болған. 300 жыл ұйықтап оянған, Аллаһ Тағала оның хақ пайғамбарына иман еткен. Аталмыш үңгір Түркия жұмһүриятының оңтүстігіндегі Тарсус қаласының оңтүстігінде (М.Бұлытай). Иттің аты *Қытымыр қызыл ит* деп аталады.

ЖЕТИАЙЛЫҚ: ЖЕТИАЙЛЫҚ БАЛА *Ана құрсағынан тоғыз айға толмай туған бала.* Шала туған бұндай баланың күтімі ерекше қиындау болады. Ондайларды аталарының түлкі тымағына бөлеп өсіреді. Сондай-ақ ай-күні толмай шала туғандарды *бала кіске* бөлеп өсіретіні байырғы тарихи жырларда ұшырасады: *Сен туғанда Нұралын Қара кіске бөлеттім. Алқара кіс батад деп, Бала кіске бөлеттім* («Едіге» жыры). Бұндағы *кіс* бұлғынның жергілікті атауы.

ЖЕТИМ-ЖЕСІР Халық тілінде «құл» деген мағынаны білдіретін көне атау. Ш.Уәлихановтың көрсетуінше бұрынғы қазақ қоғамында құлдың екі түрі болған: соғыста қолға түскен құлды жесір, ал сатып алған немесе өзге жолмен келген құлды жетім деп атаған. Сондай-ақ ат бәйгесі, палуан күрес, ақындар айтысы өтетін дүбірлі ас- жиындарда жесір, жетімдер бас бәйгеге тігілетін болған. Құлдың пұлы, шамамен, үш түйеге пара-пар саналған. *Қазақ қоғамында құлға, яғни жетім, жесірлерге үш атадан кейін азаттық беріп, үй қылып шығаратын болған.* «Батыр болдың бұлдық жоқ, үш атадан кейін құлдық жоқ» *дейтін ереже іспетті сөз орамының мазмұны осыны аңғартады. Қоғамның әлеуметтену барысында бұларды анжымыз, ағайын-анжымыз дейтін болған.*

ЖЕТИСУ І т і л д і к к о д. Тарихи, мәдени маңызы аса жоғары өңірдің атауы. **П м ә д е н и к о д.** Жетісу атауындағы *су* сөзі «өзен» деген мағына білдіреді. Осындағы тілдік-тарихи кодты ашуда зерттеушілер *жеті өзенді* өздерінше жорамалдайды. Бұл өңірдің Жетісу аталуына негіз болған «жеті

өзен» туралы әртүрлі пайымдаулар бар. Құрбанғали Халидтің айтуынша жеті өзенге *Іле, Көксу, Қаратал, Ақсу, Басқан, Сарқан, Лепсі* сулары жатады, ал Аягөзді Арқаның өзені деп, Жетісуға қоспайды. А.Валанғали Жетісудың жеті өзеніне Аягөз, Лепсі, Ақсу, Бүйен, Қаратал, Көксу, Іле суларын, ал Жетісу өңірінің тарихи очеркін жазған акад. В.В.Бартольд жеті өзенге *Лепсі, Басқан, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу* суларын жатқызады. Бұндай пайымдаулар негізінен, аталмыш жеті өзеннің *Балқаш теңізіне* (ғылыми географиялық *көліне*) құюына сүйенеді. Бірақ, шынында, Балқаш теңізіне құятын өзен *Лепсі, Ақсу, Қаратал, Іле*, ал қалғандары тікелей Балқашқа құймайды, мысалы Көксу Қараталға Басқан Лепсіге, Бүйен Ақсуға құятын өзендер. В.В.Бартольд әуелде Жетісудың *Лепсі, Басқын, Ақсу, Бүйен, Қызылағаш, Қаратал, Көксу* алабын қамтитынын, бірақ кейіннен бұл санатқа Шу-Талас алабының кіргенін атап айтады. Ал, біздің пайымдауымызша, *жеті* сөзі өзінің тура мағынасындағы сандық мәнді білдірмейді, «өзен-суы, бастау-бұлақтары көп жер» деген халықтық географиялық танымына байланысты қойылған. Мұндағы *жетіні* тура мағынасында деп түсінуге болмайды. Мысалы, *жерден жеті қоян тапқандай; жеті рет өлшеп бір рет кес; алып алты, жеп жеті болмайсың* дегендегі «жеті» дәл сандық мағынада емес, «көп, бірнеше» деген абстракты мәнді білдіреді.

ЖОЙДАСЫЗ: ЖОЙДАСЫЗ ТАЛАП *Орынсыз, жәнсіз, ерепейсіз жүктелген міндет.*

Жол болсын! этикет. *Жол үстінде жолыққан жолаушыға айтылатын ізгі тілек.* Дәстүрлі сөз әдебі бойынша жолаушыдан «қайда барасың?» - деп сұрамайды. Оған жолаушы – «Жолдамақ Сізден болсын!»- деп, қайда бара жатқанын айтады.

ЖОЛДАС ҚАР. ЖОЛДАС ҚАР ТҮСТІ х а л ы қ т ы қ м е т е о р л о г и я. *Жауа салып еріп кеткен, қыс бойы жататын қардың басы.* Бұл кезде ел іші қысқы соғымын әзірлеп, соя бастайды.

ЖОМАРТ: АТЫМТАЙ ЖОМАРТ *Шығыстың фольклорлық дәстүрінің басты образдарының бірі, асқан жомарттықтың символы.* Қазақ фольклорындағы хикаяларда А.Ж.-тың кеңдігін, зейінділігін, жомарттығын, қайырымдылығын т.б. тұлғалық қасиеттерін суреттейтін дастандар бар (қ. *Дастан; Жомарт; Қасымжомарт*). А.Ж. қазақтың ескі аңыз, әпсаналарында бұл дүниеде еш теңдесі жоқ жомарт адам бейнесінде айтылады: *Атымтайдың жомарттығын ниет жомарттық* деп туа бітті қасиетке балаған. Өйткені оның жомарттығы емшектегі нәресте кезден нышан берген. Ол алдымен емшектесі тоймай, өзі емшек ембейтін болған. Қазақтардың байырғы түсінігінде жомарттық Атымтайдан қалған деседі: Қыз бала сізге айтатын, Жұрт жинап, қызық той еткен, Атымтай жомарт салған жол, Бақыт пен дәулет қонған жол, - дейді Ақтамберді жырау. Қазақтардың түсінігінде адамдардың бәрі пайғамбар, әулие, хакім бола алмайды, ал кез келген адам пейілі, ниеті түзу болса, жомарт бола алады.

ЖОМАРТ: ҚАСЫМ-ЖОМАРТ *Жомарттықтың бір түрі, мырза жомарттық.* *Қасымжомарттар* қолындағы байлығын сұраған жанға іркілмей, молынан беретін, дүниенің бетіне қарамайтын мырза адамдар.

Халық танымында жомарттықты *пейіл жомарт, дүние жомарт* деп бөліп айтқан. Қазақ фольклорындағы Қасым жомарт туралы хикая-дастан дүние жомарттықтың символына айналған. Қиссада Қасым деген кедей жігітке қыз жер астындағы белгісіз сарайда тыққан есепсіз алтын-күмістердің, қымбат мүліктердің бар екенін айтады. Сол таусылмайтын қазынаны Қасым сұраған жандардың бәріне беріп, үлестіріп жомарт аталған. Қазақтың дәстүрлі дүниетанымында Атымтай Жомарт, Қасым-Жомарт бір жағынан, мәрттіктің және жомарттықтың символы, эталоны ретінде орнықты. Екінші жағынан, этикалық категория ретінде әлеуметтік қатынастар жүйесінің принципіне айналды.

ЖОРАМИПА СӨЗ к ө н е. *Байырғы кездерде хан-сұлтандардың жар салып, Бұхар шатырын тігіп елдің игі жақсыларын шақырып жасайтын тойы.*

ЖУАНМӘРТ зат. діни. *Кемел адам [ар, инсани камил]. Ішкі жан-дүниесі ағарып, рухани қасиеті артқан толық адам.*

Жуанмәртке таласты. *Сырт көзге жуанмәрт сопы болып көрінуге бәсекелесу (шала діндарлар туралы). Жүзін сүзе жер құшар Сақалдары сапсыып. Жуанмәртке талсып, Бір-бірімен соғысар (Ғ.Қараш, Замана, 112-б.).*

ЖУСАН *Бозғылт, көкиіл түсті, дәмі ащы, аңқыған өткір иісті, қой түлігі сүйсініп жейтін қыр оты.* Қазақ жерінде жусанның көк жусан, бөрте жусан, боз жусан т.б. түрлері қыр-қыраттың төмендей жерінде өсетін, ащылығы бәсеңдеу, тұщылау болса, *қарашығыр, арқар жусан, қара жусан* т.б. деп аталатындары қыр-қыраттың жоғарылау жерінде өсетін ащылығы басым болып келеді. Малшы танымындағы бұл білімге сәйкес шопан қой жайған тәжірибесінде өріс ауыстырып отырады. Халықтық ветеринарияда жусанның гүлі кенені өлтіреді деп малдың үстіне себеді. Малшы қауым малдың ішек құртын түсіреді, қотырын кетіреді, қой жөтелін жазады деп, оны емдік қасиеті бар өсімдіктердің қатарына жатқызады.

ЖУСАН ҚАЙНАТЫНДЫСЫ *Емшілердің мал емдеуде қолданатын, жусаннан жасайтын дәрулік заты.*

ЖУСАН ТОСАБЫ *Жусан қайнатындысы, малдың ішекқұрт ауруларына қарсы қолданылатын дәрулік.*

ЖУСАН ТОСАБЫ *Қой-ешкі малындағы құрт түскен жараларға қолданатын дәрулік.*

ЖУСАН х а л ы қ. б о т. *Қара малдың сүйсініп жейтін ащы қыр шөбі.* Әсіресе қой-ешкі жусан, изен тәрізді ащы отынан бас көтермей жайылады.

ЖУСАН Шөлейт, *шөлді аймақтардағы жайылым оты.* Қой түлігі жусанды ерте көктемде, күзде, қыста сүйсініп жейді. Жылқы, түйе түлігі жусанды жайылымға аса көп тоқтамайды. Көктеудегі, күздеудегі, қыстаудағы жайылымда қой-ешкі, түйе, жылқының азығы саналады. Балқаш өңіріндегі жаздық жайылымда мал оттай береді.

ЖУСАН: ЖУСАН ИСІ *Байырғы кездердегі қыр адамының айрықша көріп аңсайтын жусанды жердің ауасы. Ермен исі емдеп жазады, жусан исі жұбатады* деген мақал жусанның санадағы тілдік бейнесі болып саналады.

Жусан исі халықтың танымында ұлы даланың символдық мағынасына айналған.

ЖУСАН: ҚАРА ЖУСАН *Сорлы, сортаң жерлердің оты. Қой мен жылқының күздік жайылымы үшін бағалы саналады.*

ЖУСАН: МАЙҚАРА ЖУСАН *Қой мен жылқы малының күздік жайылымы үшін аса бағалы шала бұта. Майқараға жайылған мал қоңданып, суықты жақсы көтереді.*

ЖҰМЫРҚҰРТ *Кенже туған қозының күзге қарай тамағы ісіп, ұлтабарына қызыл құрт толып кетуден болатын ауру.*

ЖҰПАР АТА м и ф. *Жылқы түлігінің пірі. Ел аузындағы,- Потанин Г.Н. жазып алған аңызда, - маған шөп берсе, мен адамның мінсе, көлігі, сатса, малы боламын» деген екен. Жылқы түлігінің пірі әртүрлі аңыз, әңгімелерде *Жылқышы Ата, Қамбар Ата* деп те аталады.*

ЖҰПАР ҚОРЫҒЫ. ЖҰПАР АНА ҚОРЫҒЫ *Жұпар Ана туралы аңызбен байланысты аталған қорықтық жердің атауы. Аңызда айтылатын Жұпар ана әйгілі Асан Қайғының жеңгесі делінеді. Шөбі шүйгін, бастау-бұлағы мол қорық ақыл-парасатымен рулы елдің ынтымағын, хан мен қарашаларды жарастырған Жұпар Ананың атымен аталған деседі.*

ЖҰРТШЫЛЫҚ ЖАСАУ қ ұ қ ы қ т ы қ. *Ата-баба жолы бойынша тосын апатты жағдайға ұшыраған адамдарға, әулетке, руға, көршілес ел-жұртқа материалдық көмек көрсету. Өрт алып, суға кеткен, жұтқа ұшырағандарға көмек көрсетіп, қатарға қосу дәстүр бойынша міндетті саналған. Сондай-ақ зардап шеккендер де айналасындағылардың жұртшылық жасауын талап етуге құқылы болған.*

Жұртшылық жасау. саяси-әлеум. *Ата-баба жолы бойынша тосын, апатты жағдайға ұшыраған ел-жұртқа көмек көрсету.*

ЖҰРТШЫЛЫҚ тарихи. көне. *Шығынға ұшырап қарызға батқан ауылдасын ауыл-аймақтағы жекжат-жұрат, ағайын туыстарының ел қатарына қосу үшін беретін көмегі.*

ЖҰРТШЫЛЫҚ *Шығынға ұшырап, қарызға батқан танымал адамның жұрттан көмек сұрауы. Көмек сұрайтын адам ру басыларын, ақсақал, ел ағаларын қонаққа шақырып, сәтсіздікке ұшыраған жағдайын айтады. Дәстүр бойынша, жұртшылық сұрау мәселесі «қасықтап су алғанмен көл таусылмас, бергенмен мүсәпірге ел таусылмас; бір түкірсе, бір болар, көп түкірсе, көл болар» деп мақалда айтылғандай, ата-бабалар жолымен шешіледі.*

ЖҰТ: КІШІ ҚОЯН ЖҰТЫ *Деректерде 1891/92 жылдары болғаны айтылған.*

ЖҰТ: ҚОЯН ЖҰТЫ *Деректерде 1867/68 ж.ж. болғаны айтылады.*

ЖҰТ: ТАҚЫР ҚОЯННЫҢ ЖҰТЫ НЕМЕСЕ АҚ ҚОЯННЫҢ ЖҰТЫ *1915/16 жылдары болғаны айтылған.*

ЖҰТ: ҰЛЫ ҚОЯН ЖҰТЫ *Деректерде 1879/80 ж.ж. болғаны айтылған.*

Жүгірік. ескікіт. *Жүйрік, ұшқыр, жылдам шабатын (ат).* Осындай тым жақсы жүгірік еді, Суға кірсе, балықтай жүзер еді. Кісінесе білерсің көк күркірей, Осындай бір дана айғыр еді (Бабалар сөзі, 4-т., 90-б.).

Жүнделек. сын. *Жүн басқан қалың (сақал).* Төсенсем төсек болады, *Жүнделек* қалың сақалың. Аузыңа сүйсең сиямын, Даласындай апанның (Бабалар сөзі, 5-т., 116-б.).

Жүрдек жарыс. спорт.

ЖҮРЕКТІ: АТ ЖҮРЕКТІСІ *Қуғанда да, қашқанда да от пен судан, бөгетті қиын жерлерден тайсалмай иесін алып шығатын жүйрік.* *Ер жүректісінен ат жүректісі жақсы* деген паремиологизм халықтың иппологиялық біліміндегі шын жүйріктің тайсалмайтын тағы бір қырын танытады. Бұл, атап айтқанда, кентті, шаһарлы елдің қорадағы қолбала жылқысы емес, далалы жерде, қора көрмей өскен қазақы жылқыға тән қасиет.

Жүсіптің сұлулығы. діни. Риуаяттарда айтылғандай, Алла Тағала сұлулықты мыңға бөледі. Соның тоғыз жүз тоқсан тоғызын Жүсіпке, бір бөлігін барша адамға береді. Жүсіп пайғамбар үйден шыққан уақытта ай мен күннің нұры көрінбей қалады дейді.

ЖЫБЫРЛАҚ Қойда болатын ішек аурулары.

ЖЫЛАНҚАБЫҚ: ЖЫЛАНҚАБЫҚ ҚАМШЫ *Қамшының жылан түріне ұқсас өрімі.* Бұндай өрім қамшының сұсын күшейтеді.

ЖЫЛБАСЫ *Жылдың бас айы, халықтық күнтізбе бойынша ескі жылдың аяқталып, жаңа жылдың басталар, кірер айы.* Қазақтың дәстүрлі халықтық күнтізбесінде жылбасының астрономиялық белгісі ретінде Ай мен Үркердің тоғысуы негізге алынады. Есепшілердің есебінде Ай мен Үркер он үш мәрте тоғысады. Әр айда 4 апта, 28 күн болады: $13 \times 28 = 364$. Есепшілердің тоғыс есебі бойынша туар айдың бір жаңасында Айдың Үркермен тоғысуы жылбасы деп есептеледі. Бұл тоғыс бірде сәуірдің аяғындағы күндерге, бірде мамырдың басындағы күндердің біріне келеді.

ЖЫЛДАНА: жылдана жатқан. *Жылдап жатқан, неше жыл бойы мал тұяғы баспаған.* Тұяқшайыр болмаған, Ақырған жеді түскенше. Байлар баса қонбаған, *Жылдана жатқан* ту болар (Ғ.Қараш, 107-б.).

ЖЫЛДЫҢ ЖЕРГЕ ТҮСКЕН КЕЗІ *Халықтық күнтізбе бойынша Күн мен Түннің теңеліп, жыл басының басталған шағы; наурыз айының жиырма екі-жиырма төрттері.* Халық жазушысы С.Мұқанов өзінің өмірбаяндық деректерінде былай дейді: *Наурыздамада жұрт қысқа соғымның шекесін асып, бір-бірін қонаққа шақырып, қарындағы майды бастайтын.* Үлкендер «жылдың жерге түскен кезі осы уақ» дейтін (С.Мұқанов, Өмір мектебі). Шындығында, үлкендер айтса, біліп айтады. Бірақ кәрі құлақ, кәрі ауыздар неге бұлай айты екен? Жыл 365 күннен немесе он екі айдан тұратын уақыт екені белгілі. Олай болса, «жылдың» «жерге» түскені қалай? Бұл орайда этномәдени ұжымның танымындағы тасаланған ақпараттарды ашуға тура келеді. Атап айтқанда, жылдың когнитивтік санадағы бейнесі (картинасы) «12 ай бойы жол кезіп, діттеген кезінде аттан түскен жолаушыны меңзейді. «Жұлдыз ағасы» Үркердің де жерге түсуі соған

ұқсас. Шығыстан қарашаның ортасын ала көз байлана көрінген Үркер алты ай бойы батысты бетке алып, мамырдың ондарында жерге түседі. Яғни «аттан» түседі. Бұл да «жылдың жерге түскені» сияқты Үркердің мифтік санадағы тілдік бейнесі.

ЖЫЛҚЫ БЕЗІ 1. Жылқы сойғанда ет арасынан шығатын без. 2. Кез келген малдың бездерін асқа пайдаланбағанмен, халық тәжірибесінде оны әртүрлі жайдайларда қолданған. Жылқы безін қымызға қосып ашытып, саят құсын түлету үшін аузына құйғанда құс бір-екі аптада түлей бастаған. Бұл қазақ саятшыларының қыран құстарды баптауда қалыптасқан тәжірибелік білімі мен күтілген нәтижелерін білдіреді.

ЖЫЛҚЫ БІР ЖЫЛДА ҮШ ТҮЛЕЙДІ Жылқы баласы құлын кезінде сүт еміп бір түлейді, шөптің уыз балауса кезінде тойып, екі түлейді, шөптің буыны қатып, дәні толғанда қуат алып үш жасайды. Қыс пен шілде есепке жатпайды (Т.Әлімқұлов).

ЖЫЛҚЫ ЖАЮ *Жылқыны жайылымға шығару.* Жылқышы үйірлі жылқыны таң атар-атпастан қуалата жаяды; өрістен суатқа құлата айдайды. Әсіресе жылқы түлігін еңістен өрге салып айдай жаюы жылқы малының қарны тартылып, ширай түсуіне, ыстық-суыққа көнпіс болып көндігуіне ықпал етеді. С.Толыбеков халықтық білімге тән ақпараттарды осылайша аша түскен.

ЖЫЛҚЫ КҮЗЕУ *Дала малышылығында тайдың, құнажын байталдың құйрық, жалын, күзейді, ал құнанның жалын ғана күзейді; төрт жастағы жылқыны күзеген; қысыр биенің жасына қарамай, құйрық-жалын күзеген.*

ЖЫЛҚЫ: ЖЫЛҚЫ БАҒУ м а л ш а р у а ш. *Жылқыны үйір-үйірімен қос шығарып бағу.* Шаруашылық ұйымдастыруда мыңдаған, жүздеген жылқы табыны ауыл маңынан күншілес алыс аймақтағы кең өрісте бағылады. Әсіресе алты ай қыстағы бораннан, қақаған аяздан, ит-құстан жылқы табынын шығындатпай алып шығу жылқышыға ерекше сын болған. *Қыста жылқыны ердің ері бағады, жазда кез келген сері бағады* дейтін мақалдың аксиологиялық мазмұны осыны аңғартады.

ЖЫЛУ *Өрт болғанда, тасқын апатында, аштыққа ұшырағанда, жау шауып кеткенде т.б. төтенше жағдайда халықтан жиналатын көмек.* Жылу беру міндетке жатады. Жылуға қатыспаған адам руда шеттетіледі.

ЖЫЛУҚАН *Шығынға ұшыраған адамға алыс-жақын руластары қатарға қосылу үшін ағайын-туыс, жекжат-жұрағаттардың беретін материалдық көмегі. Жылуқан кей жерлерде немеурін деп те аталады.* Жылуқан – қоғамның әлеуметтену үрдісін танытатын дәстүр.

ЖЫРТҚЫ з а т. *Шүберек, қағаз жыртындысы.* Мұрындыққа хан киімін, хан белгілерін кигізуден бұрын әуелі өз киімдерін шешіндіріп, басты киімдерін *мырзашалар* бөлісіп алып, ішкі киімдерін жұртқа жыртық етеді (Ғ.Мүсірепов, Күнделік, 32-б.).

ЗАМАН: ҚИЛЫ ЗАМАН Қоғамның дағдарыстан шыға алмай, бағыт-бағдары айқындалмай дүрбелеңге түскен шағы, заманның бұндай бейнесі М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтің көркем шығармаларында сипатталған.

ЗАМАН: ҚОЙ ҮСТІНЕ БОЗТОРҒАЙ ЖҰМЫРТҚАЛАҒАН
ЗАМАН Қоғамның әртүрлі хаостан арылып, жүйесі реттелген, үйлесімді құрылымға түскен уақыты, кезеңі. Аталмыш мифопоэтизмнің бір-бірімен бірлікте құрылымданған негізгі төрт түрлі мағыналық ішкі элементтерден тұратыны байқалады: 1. Молшылық. 2. Мамыражай тыныштық. 3. Дау-дамайсыздық. 4. Береке-бірлікпен өткен уақыт. Бұлар - халықтың тарихи санасындағы дискретті менталды бірліктер. Мифопоэтизмнің мағыналық мазмұнын құрайтын құрылымдық бұл ішкі бірліктер бір-бірімен қисынды байланыс түзеді: яғни аста төк молшылық болған елде ұры-қары болмайды, ұры-қары жоқ елде дау-дамай болмайды, сондықтан ел-жұрт мамыражай тыныштықта, береке-бірлікпен өмір кешеді. Мифопоэтикалық заманның халық жадындағы идеалды бейнесі (образы), түптеп келгенде, осыларға саяды.

ЗАМАН: Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған кез Мамыражай тыныштық деген мағынаны білдіретін мифопоэтизм. Фразеологизм, әрине, оның құрамындағы сөздердің тура мағынасында ұғынылмайды. Фразеологиялық мағына «бозторғай» да, «қой» да туралы емес. Бұл жерде қой да, бозторғай да мифопоэтикалық фразеологизм жасаудың тілдік механизмі ғана, мән-мағына «ас та төк молшылық, мамыражай тыныш заман» жөнінде. Қазақы ұғымда *қой* - жуастықтың эталоны. Жуас адамды «*қой екеш, қой аузынан шөп алмас*» дейді. Басқа түлікте ондай мінез жоқ, тіпті олар еш дәрмені жоқ бозторғай екеш бозторғайдың өзін маңайлатпайды. Фразеологизм құрамында *бозторғай* мен *қойдың* қатарласа айтылуынан табиғи-экологиялық байланысты аңғаруға болады. Әдетте, бозторғай қойдың сүйсіне жейтін *жусан, көде* тәрізді қыр отын паналап, шөптің түйіршегін жейді, түбіндегі шұқанаққа ұя салады. Әсіресе қойдың жайылған жеріндегі қурай, бұтасын, сояуға ілініп қалған жүнін ұясына төсейді. Жайылып жатқан қойдың айналасында қойшының күн ұзаққа серігі болып, бозторғай шырылдап, ұшып жүретіні де қалыпты көрініс. Өйткені бозторғай қойдың тастаған құмалағының маңайындағы қаптаған шыбын-шіркейді қағып, қоректенеді. «Тыныштық», «мамыражайлық» тәрізді абстракті дерексіз ұғымды деректендіру үшін қазақтың «бозторғай» мен «қой» туралы санадағы осындай танымдық ақпараттарды «өңдеп», мифопоэтикалық фразеологизм жасау себебін осылай түсінуге болады.

ЗАМАНАҚЫР/АҚЫРЗАМАН Барша адамзат баласының, күллі ғаламның соңғы шағы, апаталды кезі. Адамзат қоғамында зұлмат пен зұлымдықтың етек алуы, табиғатта апатты жағдайлардың көбейе түсуі ақырзаманның белгілері деп танылады. Ақырзаманның тілдік бейнесі Шортанбай жырауда ең алдымен адамның, қоғамдағы қатынастардың материалдық дүниеліктермен байланысты айтылған: *Мынау ақыр заманда Алуан-алуан жан шықты. Арам, арық жан шықты. Қайыры жоқ бай шықты. Сауып ішер сүті жоқ Ақша деген мал шықты.*

ЗАРЗАМАН АҚЫНДАРЫ Зарзаман кезінде ғұмыр кешіп, отарлық езгіге түскен қазақ халқының тағдырын, мұң-зарын жырлаған ақын-жыраулар. Зарзаман ақындарының көрнекті өкілдерінің бірі Шортанбай

Қанайұлының «Зарзаман» атты толғау өлеңі дағдарысқа түскен заманның атауына айналды.

ЗАРЗАМАН т а р и х и. Қоғамның дәстүрлі хандық билікке негізделген жүйесі бұзылып, тығырыққа ұшыраған кезі. Қазақ хандығының тәуелсіздігінен айырылып, елдің рухани дағдарысқа түскен тарихи кезі зарзаман атауымен аталған.

Зербарак: зербарак тон. *Құдалық салтта күйеу жақтың қыз әкесіне кигізетін зерлі, қымбат жағалы киім.*

ЗЕРЕН ЖҮЗДІ. Тостағандай дөңгелек бетті. **Зерен шапан.** Алтын, күмісті тезден өткен сымдары қосылып тоқылған матадан тігілген әшекейлі, сәнді шапан.

ЗЕРЕН¹ з а т. э т н. Ағаштан жасалған, шұбат, қымыз құятын сәнді ыдыс, аяқ.

ЗЕРЕН² з а т. з о о л. Жұптұяқтылар отряды бұғы тұқымдасына жататын арқар туысы.

ЗЕРЕН³ з а т. к ө н е. с ө й л. **Зере** (мұрынга тағатын сырға).

ЗЕРЕН⁴ з а т. э т н. Алтын, күмістің тезден өткен сымдары қосылып тоқылған матадан тігілген әшекейлі, сәнді киім.

ЗЕРЕН⁵ з а т. ө с. ж е р г. Қандағаш.

ЗЕРЕНДІК з а т. **1.** Ө с. Құмды жерге шығатын бояу шөп. **2.** Өсімдіктен алынған бояу. Қостанай, Орал өңірлерінде құмды жерге шығатын, бояу алатын шөп. Ертеректе зерендікпен тон бояған. Бояудың өзі де зерендік деп аталған. Кей жерде оны *зерен* деп те атаған. Жергілікті тұрғындар *зерен* деп қызғылт тамыры бар, бояуға пайдаланатын шөпті айтқан. Оның тамырын езіп, қыз-келіншектер бетін бояуға қолданған.

ЗИРЕ – з а т. ө с. **1.** Шатыр- шаділер тұқымдасына жататын екі немесе көпжылдық шөптесін өсімдік. **2.** Халық емшілігінде және ас-тағамды дәмдеуге пайдаланылатын емдік шөп.

ЗИЯРАТ ЕТУ / ЗИЯРАТ –**1.** Басына қонып, құрбандық шалу, сол арқылы Алладан сұраған тілегін қабыл енуін сұрау, жақсылық тілеп жалбарыну.

ЗИЯРАТ ҚЫЛДЫ діни. **1.** Әулиелі жерлерге барып, Аллаға кулшылық етті, аруаққа қуран бағыштады.

ЗИЯРАТҚА ТҮНЕТУ **1.** Әулиелердің моласының басына қондыру, Аллаға жалбарыну.

ЗУЗА з а т. к ө н е. **1.** Екі найза арасын шылбыр арқанмен торлап, үстіне шапан-шақыт төсеп жұмсақтаған көтерме төсекше. **2.** Түрлі жағдайларға байланысты өздігінен жүруге шамасы жоқ адамдарды жүк көлігінің көмегімен тасымалдаудың қазақ арасында қалыптасқан тәсілдерінің ортақ атауы.

ЗУЗАЛАУ **1.** Зуза сөзінен жасалған.

ЗУЪРА **1.** Қазақ арасында айтылатын Шолпан жұлдызы атауының бір нұсқасы. Ол араб тілінен аударғанда «жарқыраған», «жылтыраған» деген мағынаны білдіреді.

ЗҰЛМАТ з а т. з о о л. **1.** Суда тіршілік ететін зиян кес улы жондік. **Зұлматтан сақтады.** Пәле-жаладан қорғады.

ЗҰЛМАТ² 1. Түрлі табиғи апаттар (зілзала, топан су, өрт, жұт) мен төтенше саяси-әлеуметтік қиыншылықтарды білдіретін ұғым. 2. Жеке адамның басына, әлеуметтік топқа немесе бүкіл қоғамға төнген саяси, экономикалық және әлеуметтік жойқын апаттардың жиынтығы. 3. Қою қараңғылық, көзге түртсе көргісіз түнек. 4. а у ы с. Жауыздық, зұлымдық, зорлық, езгі.

ЗҰЛПЫҚАР І т і л д і к к о д. Көктен түскен төрт қылыштың бірі. П м ә д е н и к о д. Көктен түскен төрт қылышты *хәмкам, сәмсам, зұлқажса, зұлпықар* деп атаған. *Зұлпықарды омыртқа кесер* деп те айтқан. *Жеті қат жерден өткен зұлпықардай, Қашауым қара тасты кетті іріп,* – дейді Шашубай ақын. Төрт қылыштың бірі – *зұлпықар*. От ауызды, орақ тілді Қашаған жырау Күржіманұлы «домбыраны қу ағаш» деп тіл тигізген молданы уәжді сөзбен тұқырта келіп: *Бұрынғы өткен заманда Болған екен көп ұрыс. Көп ұрыстың кезінде Жәбірейіл жәннеттен Алып келген төрт қылыш Төрт қылыштың атын атайын: Біреуінің аты – Хәмкам, Біреуінің аты – Сәмсам, Біреуінің аты – Зұлқажса, Біреуінің аты – Зұлпықар. Қынабына солардың Қап та болған бұл ағаш! – дейді.*

ЗҰЛЫМДЫҚ – з а т. 1. Сұрқиялық, жауыздық. 2. Кесірлік, зиян тигізушілік, жамандық. 3. діни. Имансыздық, қиянат жасау, кісі ақысын жеу, қастық іс-әрекет. 4. қ ы л м ы с. Жеке адамға, адамдар тобына немесе бүкіл адамзатқа қарсы жасалған қастық әрекет. 2. Тіршілік иелері үшін жасалынған қаскөйлік, жауыздық, сұрқиялық әрекет.

ЗЫМЫРЫҚ қ ұ с. 1. Ұшқыр, зуылдап, тез ұшатын құс. 2. Ертегі мен аңыздарда кездесетін мифологиялық образ. *Зымырық құс, зымырық тас* түрінде суреттеледі. Зымырық тасқа не тілегінді айтсаң бәрі орындалады, ертеkte оны бай аузына салып жатады, кедейдің ит пен мысығы ақылдасып ұрлап кетеді, нәтижеде жарлы кенет байығаны айтылады. Зымырық құс туралы ұғымның желісі *самұрық* және *шыңғырлау* сияқты мифтік құстарға байланысты мифологиялық қисындармен бірдей болып келеді.

ЗЫМЫСТАН к ө н е. Қыс. 1. Бұрынғы қазақтар қыстыв зымыстан деп атаған. Қатты адам төзгісіз. 2. а у ы с. Қорлық, азап, пәле, қиындық. Мифопоэтикалық этномәдени ортада қыстың тұлғаланған мифологиялық образы. Дәстүрлі қазақы ұғым бойынша, жыл мезгілдері алты ай жазбен, алты ай қыстан тұрады. Осындай ұзақ та, қытымыр қыстан ығыр болған халықтың санасында жылдың осы мезгілі тұлғаланған зымыстан бейнесінде көрініс берді. Яғни, катал да, озбыр образ. Зымыстанның поэтикалық образын ақын Н.Ахметбеков төмендегіше сипаттайды:

ЗЫНДАН 1. Шығыс халықтары арасында ертеде кең тараған, адамдарды қамау үшін терең қазылып жасалынған түрменің немесе абақтының ерекше түрі. Ертеде ауыр қылмыскерлер мен тұтқынға түскен адамдарды белгілі бір мерзімге уақытша қамау үшін зындан пайдаланылған. Зындан түрлі тереңдікте қазылып, оған саты немесе баспалдақ арқылы түскен. Зындан қабырғасы таспен шегенделіп, еденіне сабан төсейтін болған. Зынданның аузы қақпақпен жабылып, ауа кіретін саңылау қалдыратын болған. Сондай-ақ, кейде табиғи үңгірлерді де

ыңғайлап зындан ретінде пайдаланған.

ЗЫНДАНБАСЫ көне. *Зындан ісін басқаушы лауазым иесі.* Мәлікаждар зынданда жатады енді, Қыз атасы жанына қайтады енді. *Зынданбасы* төреге қыз тапсырып, «Тамағын аш қылма» деп айтты енді (Бабалар сөзі, 2-т., 267-б.).

Зынданбасы. лауазым. көне. *Зынданды күзетушілердің, зынданға қараушылардың басшысы.* Мәлікаждар зынданда жатады енді, Қыз атасы жанына қайтады енді. *Зынданбасы* төреге қыз тапсырып, «Тамағын аш қылма» деп айтты енді (Бабалар сөзі, 2-т., 267-б.).

ЗІКІР АЙТТЫ д і н и. Аллаға мадақ айтып, есімдерін қайталап, оны еске алды.

ЗІКІР АЙТУ Ғибадаттың, құлшылықтың бір түрі ретіндегі Алланың есімдерін әртүрлі дұғалар, Құран сүрелерінің іштей немесе сырттай айту арқылы Алланы еске алу.

ЗІКІР з а т. д і н и. **1.** Аллатағаланы еске алу, оны ұмытпай, үнемі ойлау. **2.** Ауру адамдарды емдеу үшін бақсылар айтатын діни сарын.

ИГІ ЖАҚСЫЛАР **Игі жақсы.** а) к ө н е. Елдің, халықтың беделді адамдары. ә) Маңдайалды, ізгі ниетті адамдар. **Игі жұмыс.** Жақсы іс, пайдалы әрекет. **Игі мұрат [тілек].** Жақсы тілек; қасиетті мүдде. **Игі [ізгі] ниет.** Таза ой, оймақсат, дұрыс діт. Дәстүрлі ортада өнегелі істерімен және кісілік қасиетімен айырықша беделге ие болған көрнекті тұлғалар. Олардың әлеуметтік құрамы әртүрлі болды.

ИҒТИҚАТ ар. кітаби; ескі жазба тіл. Надандық себепті халқымыз арасында жайылмақта болған қата *изтиқат* уә зарарлы ғадеттер бек көп (Ғ.Қараш, Замана, 181-б.).

ИЕ – 1. Дәстүрлі орта наным-сенімі бойынша кісі бойына туа сала немесе уақыт өте келе бітетін әрі көрінбейтін тылсым қуатты күш. 2. Қазақта бойына ерекше қасиет қонған адамды «*иесі бар*», «*аруақ қонған адам*» деп атау ежелден қалыптасқан. Мұндай «құдірет» генетикалық жолмен беріліп отырады деп есептелінеді. Ие кез келген жай адамға қона бермей, тек тұқымында *молдалық, бақсылық, тәуіптік, көріпкелдік* қасиеті бар ерекше адамдар арқылы, яғни атадан балаға, оның өзінде ішінде осы киені көтере алатын мықтысына жыныс таңдамай дарып отырады.

ИЗЕН з а т. ө с. 1. Таулы, құмды, сортаңды жерлерде өсетін, жіңішке жапырақты, солғын жасыл гүлді малазықтық өсімдік. 2. Алабота тұқымдасына жататын бір немесе көпжылдық боташық өсімдік. Дәстүрлі шаруашылықта өзіндік маңызы бар боз отқа жататын шөп түрі. Жапырақтары жіңішке, сабағы қызғылт, гүлдері солғын жасыл түсті болып келеді. Изен негізінен құмды, құмдауыт немесе сортаңды жерлерде өседі. Изенді мал, әсіресе, қой күз, қыс айларында құныға жейді. Енесінен жеріген қозыны теліген кезде айтылатын төйгелеу жырында изен саулық малдың желініне сүт мол жиналуына, сөйтіп жақсы июіне септігін тигізетін шөп екендігі айтылады. Изен жесең иіп бер, Жусан жесең жуып бер.

ИЗЕН х а л ы қ. б о т. *Қара отқа жататын, көбіне түйе, қой-ешкі жейтін қыр шөбі.* Изен көбінесе қырқа-қыратты, таулы, сортаңды жерлерде өседі. Қара малдың жайылымдық оты.

Илхам араб. діни. *Аллаһ тарапынан келген мазмұнды ойды жүрекпен сезініп қабылдау.*

ИМАМ Арабша жолбасшы, намаз басын оқитын кісі. Имам – хатиб – уағыз айтуға ерікті имам. Имамның орынбасары – ғайб.

ИМАМ д і н и. *Дін басшысы, рухани дүниесі жоғары тұлға; мешітте жамағатпен намазға жығылғанда алда тұратын жетекші.* Діни түсінікте Ибраһим пайғамбар – халықтың имамы, ал Мұхаммед пайғамбар – пайғамбарлардың имамы аталады (Рабғузи, 364-б.).

ИМАН 1. Дінмұсылмандықта бірнеше этикалық сапаларды бойына жинақтаған, қасиетті бес парыздың біріншісі. Иман бес уақыт намаз, ораза тұту, зекет беру, қажылыққа бару сияқты елімізге ислам дінінің таралуына байланысты ауысып орныққан іргелі, жалпы концептуалды, көп қызметті, көп құрылымды моральдік ұғым.

ИМАН АЙТУ / ИМАН ҮЙІРУ 1. Дінмұсылмандықта пенденің өлер шағында Жаратушыдан бес күн жалғанда жасаған күнәлары мен пендешіліктері, борыш-міндеттері, атқармаған амалдары болса кешіруін сұрап, тілін кәлимаға келтіруі. 2. Осы дүниемен қош айтысуды білдіретін, қайғылы өмірмәнділік маңызы бар, бұл діни салттың жоралары бойынша орындалатын және тұрмыстық-әлеуметтік мағынада іске асырылатын екі түрлі қыры бар. Үшінші қыры деп айтуға болатын мазмұн адамның жеке басының өлім қайғысына қайғыруы, қарсыласуы, тайталасып көруі, қабылдауы, өлімді күтуі. Кісінің жасы ұлғайып, дәм-тұзы таусылып бара жатқанда, сырқатынан айыға алмай, дүниеден озатындығы белгілі болған кезде туған-туысқандарымен қоштасып, өмірдегі қателіктері үшін кешірім сұрап, арыз-арманын, тілегін, өсиетін, аманатын айту – иманын үйірудің тұрмыстық-әлеуметтік мағынасы болып табылады. Дәстүрлі қазақы орта арасында Иман айту қайтыс болған адамға о дүниеде «иманы жолдас болсын» деп тірі отырған қауымның тілек тілеуімен ұштасады.

ИМАН Арабша сену. Қазақта иманды болсын деу – құдайына сенсін, жаратқанына сыйынсын деген ұғымды береді.

ИМАНСУ 1. Қал үстінде жатқан адамға көз жұмар алдында шартты түрде берілетін дұға оқылған су. 2. Науқас немесе кәрілік жеткен адамның о дүниеге аттанары белгілі болғанда молда немесе аузында иманы бар адам шақырылып, *иман айту, имансу беру* сияқты ғұрпы атқарылады. Имансу ішсе қал үстінде жатқан адамның қиналысы бәсеңсіп, жеңілдеп, о дүниеге көп қиналмай аттануына септігін тигізеді деп сенген.

ИНАНУШАҢ *Иланғыш.* Надан адам жоқ, бар қасиеттерге *инанушаң* болады (Ғ.Қараш, 186-б.).

ИРАН БАҚ / БАҒИРАН 1. Мұсылман ұлыстарының көбінің діни-мифтік түсінігі бойынша бейіштегі жәннат бағына ұқсас, оның баламасы тәрізді, жер бетіндегі таңғажайып бақ. Асан Қайғының Жерұйығы тәрізді утопизмнің көне бір түрі.

Иса пайғамбардың демі. діни. *Риуаяттарда Иса пайғамбардың демінен көрдегі адам тірілетіні айтылады.*

ИСІ ҚАЗАҚ 1. Дәстүрлі ортада бүкіл қазақ халқы, қазақ жұрты

дегенді білдіретін ұғым. 2. Қазақта исі сөзі барлық, бүкіл, түгел, тұтас, күллі сөздерінің баламасы ретінде қолданылады. Осыған сәйкес Исі қазақ деген ұғым түгел, бүтіндей, бүкіл қазақ, қазақ атаулы деген мағынаны білдіреді. Әсіресе, бөгде ортада, өзге ұлттармен байланысқа түскен кезде тұтас қазақты білдіру үшін жиі қолданылады.

ИСІНУ 1. Халық түсінігіндегі сауын малдарының сүтін бойына тартып алуы салдарынан сүттің уақытша қайтып кетуі, яғни сауған кезде сүт шықпай қоюы. 2. Түрлі себептермен сүт шықпай қалатын малды *исіншек*, *исінгіш* мал деп атайды. Ондай кезде сауын малының мінез-құлқында марғаю, мелшию, өгейсу, кеждену, кіділену, қодырандау, селкілдеу, қикалақтау сияқты қылықтар байқалады. Тіпті, *шыыршық атуы*, *тартынуы*, *шамырқануы* да мүмкін. Егер мұндай исінген малды идірмесе сүті тартылуы, яғни сүт шықпай қоюы да мүмкін. Ондай сауын малы түрлі желін ауруларына шалдыққыш болып кетеді. Сонымен қатар, кейде ел арасында малдың июін, мейірленуін де исіну деп айту кездеседі.

ИТ БАСЫНА ІРКІТ ТӨГІЛГЕН 1. Малдың жаппай төлдеп, ақтың аста-төк молшылығы деген мағынадағы сөз орамы. 2. Іркіт – май алып, құрт қайнату үшін сабаға, күбіге арнайы жиналған сүт. Қойдың, сиырдың, кейде түйенің де сүтін жинап іркіт алады. Пісуге болатындай мөлшерге жеткенде сабадағы жиналған іркітті әбден пісіп, майын алады. Сондай-ақ іркітті қазанға қайнатып, құрт жасайды. Аста-төк мол болғанда іркіттің жуындыларын төге салмай итке құйған. Ит басына құйылатын, яғни іркіт жуындыларынан әр иттің итаяғы бос болмаса керек. Осымен байланысты аста-төк молшылықты *ит басына іркіт төгілген* деп атаған. Аталмыш сөз орамы ақ молшылығының эталонына айналған. Алайда байырғы наным-сенім бойынша ақты төгуге, яғни рәсуалауға болмайды. Ақты рәсуалауды кесірлік деп ұғады. Төгілген ақты адамның аяғы басса, сауын малдың желіні іседі деген. Ақты қорлаған адамды төрт түліктің киесі ұрады, ондай адамның ішіне ақ жақпайды, тіпті қорасына мал құтаймайды деген обалмен байланысты түсінік болған. Сондықтан іркіттің қалдығы, жуындысына дейін жерге төге салмай итаяққа құйған. Ит тиген ас-суды төгуге болады, ол обалға жатпайды. Себебі ит тиген ас-су харамға есептеледі.

ИТ БАСЫНА ІРКІТ ТӨГІЛГЕН Малдың жаппай төлдеп, ақтың аста-төк молшылығы деген мағынадағы сөз орамы. Іркіт - май алып, құрт қайнату үшін сабаға, күбіге, арнайы жиналған сүт. Қойдың, сиырдың, кейде түйенің де сүтін жинап іркіт алады. Пісуге болатындай мөлшерге жеткенде сабадағы жиналған іркітті әбден пісіп, майын алады. Сондай-ақ іркітті қазанға қайнатып, құрт жасайды. Аста-төк мол болған іркітті, шамасы, итке де құйған. Ит екеш әр иттің итаяғы іркіттен бос болмаса керек. Осымен байланысты аста-төк молшылықты *ит басына іркіт төгілген* деп атаған. Аталмыш сөз орамы ақ молшылығының эталонына айналған. Байырғы наным-сенім бойынша ақты төгуге, яғни рәсуалауға болмайды. Ақты рәсуалауды кесірлік деп ұғады. Төгілген ақты адамның аяғы басса, сауын малдың желіні ісінеді деген. Ақты қорлаған адамды төрт түліктің киесі ұрады, ондай адамның ішіне ақ жақпайды, тіпті қорасына мал құтаймайды деген түсінік болған. Сондықтан

артық-ауыс іркітті итаяққа құйған. Ит тиген ас-суды төгуге болады, обалға жатпайды. Себебі ит тиген ас-су харамға есептеледі.

ИТ ЖЫЛЫ 1. Халық күнтізбесі бойынша мүшел есебіндегі он екі жылдың он біріншісінің атауы. 2. Көшпелі ортада Ит жылы аста-төк молшылық болады, олқылықтың орны толады, мамыражай шақ келеді деп жорамалдайды. Олай дейтін себебі халықтың танымдық санасында ит туралы «Иттің өз ырысы бар», «Итті теппес болар, ырысың кетеді», «Иттің жаманы ырыс әкеледі», «Ит өз иесінің тілеуін тілейді», «Ит өз иесімен қиналсын» т.б. тәрізді жағымды түсінікпен байланысты мақал-мәтелдер, тұрақты сөз орамдары жиі кездеседі.

ИТ ӨЛІМ 1. Қадірсіз, құнсыз, азапты өлім. 2. Ата-баба жолын аттаған тым ауыр күнәсі үшін елден аластатылған адамның өлімі қадірсіз, құнсыз делінеді. Бұралқы иттей қаңғып жүріп өлгендіктен күнәһардың сүйегі көмусіз қалып, ит пен құсқа жем болады. Құдайға күнәһар, аруаққа шет болған ондай жанның денесін ешкім ақ жауып, арулап қоймайды, ешкім оны аза тұтпайды, сондықтан қадірсіз делінеді. Бұндай өлімнің итпен шендестірілуі (ассосақиялануы), әдетте, «ит тойған жеріне» немесе «бұралқы ит қаңғып жүріп өледі» деген халық түсінігімен байланысты.

ИТАЛАҚАЗ/САРЫАЛАҚАЗ 1. Қазақ фольклорының іргелі образдарының біріне айналған қазға ұқсас келген үйрек. Мифтік образдың қалыптасуына негіз болған басқа суда жүзетін құстарға қарағандағы италақаздың інде ұя салатын ерекшелігімен байланысты болса керек. 2. Италақаз көне мифтерде аспан әлемінде, жер бетінде және жер астында да бірдей өмір сүретіндігі оның үш әлемді байланыстыратын медиатор ретінде тылсым күштермен байланысты ерекше образ ретінде баяндалады. Бұл мифтік образ өте ерте қалыптасып, уақыт өте, қазақы ортада өзгере келіп құмай күшік туатын ерекше киелі құс бейнесіне айналды.

ИТАРБА 1. бала ең алғаш аяғын апыл-тапыл басқан кезде оны жүруге үйрету үшін қолданылатын үш дөңгелекті кішкене қоларба. 2. Итарбаның биіктігін баланың қолымен итеріп жүруіне және бұруға ыңғайлы етіп үшбұрыш бітімде жасайды. Арбаны бұлайша атау *иткөйлек*, *итжейде* ұғымдары сияқты баланың итжанды болып өсуін ырымдағаны болса керек.

ИТАЯҒЫНА САЛУ – 1. Қазақтың неке-отбасылық салтында орын алған байырғы ғұрып, жаңа түскен келінге отқа шақырушылар тарапынан берілетін сыйлық атауы. 2. Жаңадан түскен жас келін қайын жұртының әрбір шаңырағына арнайы шақырылып, сый-сияпат көрсету жорасында жас келінге сол шаңырақтағы абысыны тарапынан «*итаяғыңа саларсың*» деп сый - сияпат беретін болған. Мұндай сый-кәде негізінен түрлі әшекей бұйымдардан – *жүзік*, *сақина* және т.б. болады.

ИТАЯҚ 1. Итті тамақтандыруға арналған ыдыс. 2. Дәстүрлі дүниетанымда өзіндік ғұрыптық мәні бар бұйымдардың қатарына жатады. Этностың тіршілік циклінде атқарылатын сан алуан салттар, ғұрыптар, наным-сенімдер, ырымдар мен тыйымдар жүйесінде *байлық*, *молшылық*, *береке* сияқты өркендеу идеясының негізгі категориялармен өзара

символикалық байланыста болып келеді. Пішіні шұңғыл табақ түрінде ағаштан жонып жасалып, сабына бүлдірге тағылатын болған.

ИТБАЛЫҚ Терісі қалың, түгі қысқа шел майы салалы суда тіршілік ететін аңның бір түрі. Итбалықтың баласын күшік, ал оның балалауын күшіктеу дейді. Итбалық топтанып, жатақ құрып күшіктейді. *Жаман сөздің шатағы болады, балықтың жатағы болады* дейтін балықшы қауымның мақалы итбалыққа да қатысты. Итбалық күшіктерінің жүні алғашқы айда үлпілдек әрі ақ болады. Оны *ақ күшік* дейді. Итбалық күшігі екі-үш айда тез семіреді екен. Осы кезін теңіз тұрғындары *май күшік* деп атайды. Майкүшіктің терісі сұрғылттау болып келеді, ал бір жастағыларынікі түгі қара және сиректеу болады. Итбалықтың бұл кездегі күшігін *қара күшік* дейді. Сөйтіп, итбалық күшігі бір жаста үш түлейді. Итбалықтың ақ күшік кездегі және май күшік кездегі терісі қымбат бағаланады. Әсіресе әйелдердің ішігі итбалықтың ақ күшік, май күшік кезіндегі терісінен тігіледі. Жергілікті халық итбалықтың майын тұздап, өкпе, қолқа т.б. ауру түрлерін емдеуге пайдаланады. Итбалық майын сабын жасауда қолданады. Итбалықтың бұлай аталу себебі, біздің пайымдауымызша, етін асып жеуге жарамсыз деп білгендіктен болу керек. Этнос танымында ит сөзімен келетін итжүзім, *итбүлдірген, итқауын* т.б. өсімдік атауларының этномәдени семантикасы жеуге жарамсыздықты білдіреді. *Италақаз, итбалық* дегендер де осындай мәдени семантикалық топқа жатады. Наурыз айының екінші жартысында соғатын суық желді Түркменстандағы қазақтар *итбалықтың қатырмасы* деп атаған.

ИТЖЕККЕН 1. Зерттеулерде, соның ішінде қазақ әдебиеті тілінің сөздігінде қылмысты деп табылып, жер аударуға кесілгендерді жіберетін Ресей империясының ең алыс солтүстік бөлігінің қазақы атауы деген анықтама берілген. 2. Дәстүрлі қазақы ортада Ресей сотының үкім кесімімен қиыр солтүстікке жер аударылғандарды итжеккенге айдалды немесе Сібірге жер аударылды деп те атайтын. Дәстүрлі қазақы ортада қазақ азаматтарының аталмыш аймақтарға жер аударылуын *«итжеккенге айдау»* деп атаған. Итжеккеннің қатал табиғаты мен адам төзгісіз тәртібіне шыдамаған бас бостандығынан айырылғандардың көбісі қазаға ұшырап отырды. Көшпелі ортада Итжеккенге айдалудың барсақелмеске теңелгендігі сондықтан.

ИТЖЕРІК 1. Екіқабат әйелдің жерік болған асын жесе де жерігінің басылмауы, қанбауы. 2. Әдетте, мұндайда ерекше бала туады деп ырымдайды. Мұндайда егер итжерік әйел кексе болса абысын-ажындары табаққа *жамбас*, жас болса *асық жілік, төс, ұлтабар* салып үстіне пышақ, кездік қойып немесе тағы басқа түрлі дәм пісіріп апарып, *«жерік асын табуға»* тырысады.

ИТЖҮЗІМ Биіктігі 2-4 метр, тамыры жуан, түйнекті, сабағы шырмалып өсетін көп бұталы өсімдік. Итжүзімнің тамырында улы заттар бар, жемісі жеуге келмейді. Халық емшілері дәрі-дәрмекке пайдаланады. Жеуге жарамсыз өсімдіктер халық тілінде ит сөзінен келеді: итжуа, итбүлдірген, иттүйнек (қауынның өспей қалған түйнесі), *итжүзім* т.б.

ИТЖЫҒЫС 1. Күрескен немесе аңдысқан адамдардың бірін-бірі анық жеңе алмай тартысуының немесе алма-кезек жеңуінің сондай-ақ, тең түсуінің нәтижесін білдіреді. Бірақ қалыптасқан дәстүр бойынша балуандар бірі жеңгенге дейін күресті жалғастыра беруге тиісті. Алайда қазіргі қазақша күресте қабылданған ережеге сәйкес белдесу итжығыспен аяқталмайды. Мұндайда қарсыластардың әрқайсысы екі айыпқа кесіледі.

ИТИ / ИТИЮ / МАЙМАҚ 1. Малдың төлдерінде кездесетін ауру атауы. 2. Қазақта жүдеп, енесіне ере алмай қалған төлді «*итиіп қалды*» дейді. Қырғыз тілінде «*итий*» баланың мешел ауруын білдіреді. Итиген төлдің сирақтары көбінесе тізеден майысып тұрады. Өйткені мұндай күйге ұшыраған төл аяқтарын ауырсынып басады немесе *жаталақши* береді. Сирақтың жіліншік тұсы мен тізесін қолмен ұстаса да ауырсынады. Ондайда қазақтар сирақтың қисайған тұстарын киізбен орап, жіппен шан- дып 10-15 күн бойы таңып қояды. Итиіп ауырған құлынға қасқырдың қара бауырын немесе өтін қайнатып ішкізеді. Төлді емдеу үшін бағым-күтімін жақсартып – сүтке, уызға, көк шөпке жақсылап тойғызады, сүйекті өртеп күлін жемге араластырып береді.

ИТКӨЙЛЕК / ИТЖЕЙДЕ 1. Жаңа туған нәрестеге арнап тігілген қырқынан шыққанша киетін ғұрыптық көйлек. 2. Иткөйлек бала денесіне жұмсақ болу үшін *сиса, шыт, бәтес, бөз* сияқты жұқа ақ бәтестен тігіледі. Иткөйлектің жеңі мен бойын тұтас кебенекше тәрізді пішіп, жағасын ойып, алдыңғы өңіріне баланың басы сиятындай етіп тік тілікжасайды.

ИТҚОНАҚ *Қыр отына жататын шөп.* Малшылардың кейбір дерегінде итқонағы бар жерді қойды тез семірту үшін қорық қылып, бөтен малды түсірмей пайдаланған.

ИТМҰРЫН 1. Емшілікте кеңінен қолданылатын, Қазақстанның барлық аймақтарында өсетін бұта өсімдік. 2. Сабақтары қалың тікен басқан қоңырқай қызыл, жемісі қызыл түсті, түрлі пішінді болады. Жапырақтары құс қауырсыны тәрізді бес немесе жеті жұп жапырақшалы.

ИТОШАҒАН 1. Өзен, көлдердің жағалауында, сазды, құмды, топырақты жерлерде өсетін шөптесін өсімдік. Тұқымында қылтақтары болады. 2. Мал жемейді, сондықтан итошаған аталған. Халық түсінігінде жеуге азығына жарамсыз өсімдіктер көбіне *ит* сөзімен тіркесіп келеді: *итошаған, иттүйнек, итбүлдірген, итжүзім, иттүйнек* т.б.

ИТОШАҒАН Өзен, көлдердің жағалауында, сазды, құмды, топырақты жерлерде өсетін шөптесін өсімдік. Тұқымында қылтақтары болады. Мал жемейді, сондықтан итошаған аталған. Халық түсінігінде жеуге, азығына жарамсыз өсімдіктер көбіне *ит* сөзімен тіркесіп келеді: *итошаған, иттүйнек, итбүлдірген, итжүзім* т.б.

ИТСИГЕК 1. Емшілікте пайдаланылатын өте улы, жапырақсыз бұта өсімдік. Сортаң сексеуіл арасында, жерасты суы жақын құмдарда өседі. Осыған байланысты оңтүстік шөлейт өңірлерде жергілікті халық итсигек қалың өскен жерден құдық қазылып су шығарылатын. Жидек тәрізді жемісі болады. Өте улы өсімдік болғандықтан итсигек өскен жерге жайылған мал улануы жиі кездеседі.

ИТСИГЕК *Сорлы жерлерде, тақырларда өсетін улы шөп.* Итсигекпен уланған мал 12-24 сағатқа жетпей өліп кетеді.

ИТСИГЕН *Қыршаңқы тері ауруына қолданылатын итсиген өсімдігінен арнайы дайындалған дәрулік.*

ИТТИҢ ТОЙЫНА БАРАМЫН 1. Дәстүрлі наным-сенімге байланысты адамның шашын түн мезгілінде жууға тыйым салынуды «айналып өту» қажеттілігіне байланысты атқарылатын вербальды әрекет. 2. Эвфемистік мағынада қолданылады. Өйткені, «тура жолмен» ежелден орныққан тыйымды бұзса, үйге де, отбасыға да жамандық келеді деп есептелінген. Сондықтан әлгі тыйымды бұзуға, яғни шаш жууға тура келген жағдайда үйге жамандық келмесін деген ырыммен *«иттің тойына барамын»* деп айтуы тиіс.

ИТЫРЫЛДАР **І т і л д і к к о д.** Қалыңдығына алғаш келген күйеу жігіттің киіз үй есігінің аузындағы кемпірге беретін кәдесі. **ІІ м ә д е н и к о д.** Киіз үйге кірер кезде есік аузында отырған кемпір күйеу жігіттің көйлегінен, киімінен тістеп немесе ұстап сый алмай жібермейді].

ИТЫРЫЛДАТАР 1. Күйеу жігіттің ұрын келу кезінде атқарылатын ғұрыптық жосындардың біреуінің атауы. Ит тәрізді ырылдау, үру арқылы адамды бөгеп, тек кәдесін алғаннан кейін ғана жолын босататын ғұрып. 2. Ертеде ұрын келген күйеуді қалыңдықтың жеңгелері түрлі ғұрыптар атқарып, кәде-сыйлықтарын алғаннан кейін ғана жолықтыратын болған. Мұндай кезде қалыңдығы отырған үйге беттеген күйеу жігіттің алдына бір әйел жүресінен отырып итке ұқсап ырылдап жолын бөгейді. *«Ырылдап»* жатқан әйелге жолын босату үшін тиісті кәдесі – итырылдатарды берген соң ғана күйеу үйге қарай өте алатын болған. Кейбір аймақта итырылдатар ғұрпы үйге кіргеннен кейін орындалады.

ИЫҚ 1. Адам денесінің мойыннан бастап, қол жіліктің басына дейінгі бөлігі. Кейде *иін* деп те аталады. 2. Халық арасында иыққа байланысты көптеген түсініктер бар. Әсіресе, иыққа қатысты аңыздар халықтық педагогикада ерекше мәнге ие. Адамның екі иығына байланысты халық арасында кең тараған аңыздың мазмұны төмендегідей: «адамның сол жақ иығында шайтан, оң жақ иығында періште отырады. Сол иығындағы шайтан адамның әрбір кемшіліктерін, теріс істерін есепке алып отырса, оң иықтағы періште жақсы істерін, адамның жақсы жақтарын байқап отырады. О дүниеде «адам рухынан жауап алғанда» осы екеуі куәгер болады».

ИЫҚ ТАЮ *Малдағы жауырын мен тоқпан жіліктің астасқан буынының шығып, ойнамалы болуы.*

ИІС 1. Дәстүрлі қазақы ортада адамның қайтыс болуына байланысты атқарылатын ғұрыптардың бірі. 2. Қайтыс болған кісінің тіршілігінде тұтынған киім, айыл-тұрман, мылтық, қыран құс сияқты бұйымдар да осылай аталады. Мұндай бұйымдар марқұмның жақындарына естелік ретінде таратылды. Иіс атауы осы жайтқа байланысты қалыптасты. Қазақы ортада марқұмның көзі тірісінде тұтынған осындай бұйымдары оны жиі еске түсіріп, Құран бағыштап отыруға себеп болады деп есептеген. Ұзақ жасаған, беделді, қадір-қасиеті зор адамдардан тиген иісті қадірлі бұйым ретінде сақтаған. Мұндай

адамдардың қадір-қасиеті иіс арқылы жұғысты болады, қолдап-қорғап, оң ықпалын тигізеді деп санаған.

ИІС АЛМАС 1. Еш нәрсеге қызықпайтын әрі істің мән- жайын жете түсіне бермейтін надан адамды білдіретін ұғым. Ондай адамға *«ешбір істің иісі мұрнына бармайтын адам»* деп мүсіркей қараған. Істі ойланып жасай алмайтындығына байланысты иіс алмас адамға қауымда жауапты, маңызды істерді тапсырмай, көбінесе қарапайым істерге ғана жұмсаған. Ондай адамның оғаш қылықтарымен іс-әрекеті шектен шықпаса кешіріммен қараған.

ИІС НАН / ЖЕТІ Шелпек (Иіс шығару) 1. Құрамы ұн, су, тұз және майдан тұратын түркі халықтарының ұлттық тағамдарының бір түрі. 2. Жергілікті аймақтардың ерекшеліктеріне қарай кейде ашытылып, кейде ашытылмай пісірілетін дөңгелек пішінді бұл тағамды ел арасында *«жеті шелпек»*, *«жеті нан»* деп те атай береді. Иіс нан жөн-жосықсыз кез-келген сәтте дайындала бермейді. Көбіне діни мейрамдар мен рәсімдер атқарылғанда, бейсенбі, жұма күндері пісіріледі.

ИІСІН АЛУ 1. Сауын малы иесінің иісін сезді, таныды. 2. Кейбір сауын малы күнде сауып жүрген адамынан басқаға сауғызбай қояды. Өйткені мал бөтен иісті жатырқайды. Әсіресе, ауылды жерлерде малын күнде өзі сауып жүрген әйел бір жаққа қыдырып кеткенде, жалпы үйінде болмаған кезде көрші әйел оның киімін киіп алып барып жақындаса, сауын сиыр тыныш тұрып сауғызатыны кездесіп тұрады.

КӘДЕ 1. Әдет-ғұрып, жосын-жоралғылардың дағдылы, дәстүрлі жолмен атқарылуын білдіретін ұғым. 2. Осы салттар барысында жасалатын сый-сияпат, алыс-беріс, ақы түрлерінің де жалпы атауы. Кәдені күнделікті және әлеуметтік қарым-қатынастар кезінде ескерілетін әдеттік нормалар ретінде қарастыруға болады. *Қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды*, – деген мақал кәденің міндетті түрде орындалу тиіс үрдіс екендігін айғақтайды.

КӘДЕ: Ата өлсе де, кәде өлмейді. *Ата-баба салтында қолданылатын сый-сияпат, жол-жоралар атадан балаға мирас.* Дәстүрлі мәдениетте қарым-қатынастың ұйтқысы саналатын ілу, жыртқыс, атбайлар, көнек шайқар, көнекке салар сияқты т.б. құдалық салттағы кәделердің орындалуына ерекше көңіл бөлінеді. *Ата өлсе де, кәде өлмейді*; қалыңсыз қыз болса да, кәдесіз күйеу болмайды дейтін сөз орамдары халықтың дәстүрлі ортадағы этикалық таныммен байланысты ұстанымын аңғартады.

КӘДЕЛІ АС 1. Қонақ күту кезінде адамдардың жасына, мәртебесіне қарай сойылатын мал, сыбағаланып тартылатын ет мүшелері немесе арнайы жасалған тағам түрлері. 2. Кәделі ас – малдан алынатын өнімдер ішіндегі же-келеген түрлерінің, әсіресе, ет мүшелерінің нәрлі, дәмді әрі құнарлылық деңгейін ескере отырып, әрбір қоғам мүшесіне тиесілі немесе керісінше болуы керектігін белгілеген бөлініс. Танымал би-шешен, төре, сұлтан-дар сынды сыйлы қонақ келіп қалғанда, оларды тай, жабағы сойып сыйлайтын болса, жасы, мәртебесі мен дәрежесі одан төмен адамдарға марқа қозы, қой сойып күтеді. Кейбір түстеніп аттанатын қонақтарға *бір жилік* ет асып беру түрінде де жасалады. Сондай-ақ, тамақ үстіне келіп қалған адам отбасы

мүшелерімен сол тамақты бірге жесе де, соңында ол қонаққа тиесілі сыбағалы тамағын асып, яғни кәделі асын беру шарт.

КӘДЕЛІ МҮШЕЛЕР / КӘДЕЛІ СЫБАҒА 1. Адамдардың әлеуметтік, жас, жыныстық, туыстық - жақындық ерекшелігіне байланысты ұсынылатын немесе сақталатын жіліктелген мал етінің семантикалық аса мәнді бөліктері. Ол қоғам мүшелерінің мәртебесіне және туыстық қатынастарға негізделген дәстүрлі қағидаға байланысты әркелкі болып келеді. 2. Ет мүшелері туралы наным-сенім, таным-түсінікке байланысты асылған мал еті мен мүшелерін дұрыс үлестіру, сыбағалы табақ тарту аса жауапкершілікті қажет етеді. Онда мал анатомиясының ерекшеліктері негізге алынады.

КӘЛАМ-ШӘРІП / КӘЛАМ ШАРИФ 1. Күллі мұсылмандардың қасиетті кітабы Құран атауларының бірі. Кәлам-шәріп сөз тіркесі араб тілінен аударғанда «*асыл сөз*», «*шын сөз*» деген мағыналарды білдіреді. 2. Алланың түсірген діні Ислам әуелі Мұхаммед пайғамбарға (с.ғ.с.) Жәбірейіл (ғ.с.) арқылы ауызша жеткендігі белгілі. Сондықтан алғашында Құран да ауызша тарайды. Мұхаммед пайғамбар (с.ғ.с.) бақилық болғаннан кейін Әбубәкір халифа Құранды жатқа білетін қарилерді жинап, дін ғұламаларының арнайы қатысуымен ағаш, сүйек, тері сияқты т.б. заттарға жазылған нұсқаларды біріктіріп хатқа түсіреді. Нәтижесінде Китәб мұсхаф дүниеге келеді. Отыз үш мың сахаба бір түйінге келіп, киелі қолжазба Құранның хақтығына, әрбір әрпінің дұрыстығына кепілдік береді. Ал Османның тұсында бұл игі іс жалғасын тауып, Құранның алты нұсқасы көшіріліп, олар Бахрейн, Шам, Мысыр, Бағдад, Иемен, Мекке және Мәдина шаһарларына таратылады. Бүгінгі күні әлемдегі Құран кітаптардың барлығы осы алты нұсқадан тараған болып есептеледі.

КӘЛИМА АЙТУ / КӘЛИМАҒА ТІЛІН КЕЛТІРУ 1. Дін исламда өзін мұсылман санайтын әрбір пенденің ең бірінші білуге, өле-өлгенше жүрегінде сақтауға тиісті куәгерлік сөзі. 2. Араб тілінде «*сөз*», «*нақыл сөз*» деген ұғымдарды білдіретін кәлиманың дінде алты түрі бар: 1. кәлима таиба, 2. кәлима шаһада, 3. кәлима тәмжид, 4. кәлима таухид, 5. кәлима истиғфар, 6. кәлима радди-л-куфр. Осы алтауы мұсылмандыққа қатысты әртүрлі жағдайларға байланысты айтылады және қолданылады.

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛУ 1. Жасөспірімнің белгілі бір жасқа жетіп, қоғам алдында өз ісіне жауап бере алатын, қоғамдық өмірге араласа алатын шағы. 2. Ұл мен қыздың бойы өсіп, бұғанасы қатқан, ақыл-ойы мен рухани - моральдік жағынан жетілген, өз ақылымен шешім қабылдап өмір сүретін, өзінің іс-әрекетіне, жасаған қылмысына толық жауап бере алатын, заңды некеге тұруға жеткен шағын *кәмелеттік жас*, *кәмелеттік шақ* деп атайды.

КӘМПЕСКЕ 1. XX ғ.-дың 20-30 жылдарында «советтік қызыл империяның» қазақ қоғамында «*ірі, жартылай феодал-байлардың шаруашылығы мен мүлкін тәркілеу*» мақсатында жүргізген саяси науқаны.

КӘМШАТ Суда, су маңайында тіршілік ететін терісі аса бағалы жыртқыш аң. Кәмшат балығы мол өзен-көлдердің маңайын мекендейді. Терісі жұмсақ, қылшығы жылтыр, жон арқа жағы қара-қоңыр, төс жағы қоңырқай, бауыры ақшылдау болып келеді. Сусар, күзен, бұлғын терілерімен

салыстырғанда кәмшат терісі мықты делінеді. Кәмшат терісінен қыздар киетін бөрік тігіледі. Кәмшат бөрікке үкі тағылады. Кәмшат бөрікті қазақ үкісіз елестете алмайды. Басында кәмшат бөрік теңге таққан, Бөрігін қырын киіп, айна баққан. Алтыннан құлағында қос сырғасы, Көрінген сәукелесі шартараптан, - дейді кәмшатты қыз жарастығы мен сұлулығына балаған байырғы ақындар өлеңдерінде. Кәмшаттың, құндыздың терісін сәукеленің маңдайшасына, мильығына қондырған, шұғадан тігілген бағалы сырт киімге кәмшат терісінен жаға салған. Бұл жайт кәмшат, құндыз, сусар тәрізді қымбат бағалы аң терілерінің байырғы қазақтардың эстетикалық танымында ерекше орын алғанын байқатады.

КӘПІР – 1. Құдайды түбегейлі мойындамайтын, дінмұсылмандықтың қағидалары мен үкімдерін жоққа шығаратын атеист адамға немесе кейде басқа дін өкілдеріне қарата айтылатын жағымсыз мәндегі атау. 2. Араб тілінен аударғанда кәпір сөзі «бұзық», «құдайсыз», «теріс жолдағы», «қайырымсыз» деген мағыналарды білдіреді. Бұл сөз, әсіресе, пұтқа табынушыларға қарсы көбірек айтылады. Кейде «Мұсылман-Кәпір» деген бір-біріне қарама-қарсы қойылатын қайшы ұғымдарды да айқындайды.

КӘРІ ЖІЛІК / ҚАРЫ ЖІЛІК – 1. Жабыса біткен жанама сүйегі бар, қолдың қарында болатын сүйек. Жанама біткен сүйегін кіртің **қамшысы, құрығы, ілдіргесі** (ілімек біздің ұшында жіп іліп алуға қолайлы кәрі жіліктің ілімегі болады, оны *ілдіргі* деп атайды. Ілдірге **қармақ, қадамыш, шаншар, шәңгек, шөп суырғыш** сияқты құрал-саймандарда да кездеседі) деп атайды. 2. Кәрі жілік – мал етіндегі жіліктің басты бөлігі. Қазанға ет салғанда алдымен «*бісмиллә*» деп кәрі жіліктен бастап салады. Себебі кәрі жілік қасиетті болғандықтан, еттің бәрін ұстап тұрады деп есептеген.

КӘРІ ЖІЛІК **І т і л д і к к о д.** Кәделі мүше. **ІІ м ә д е н и к о д.** Қазақ халқының кәделі дәстүрінде асылған еттің ішінен қыз балаға жеуге болмайтын, дастарқан басындағылардың үлкені жейтін, мүжитін ет, сүйек.

КӘРІ ЖІЛІК МАЛ ҚАЙТАРАДЫ мифол. *Кәрі жілік мал басын сақтайды деген мағынада.* Байырғы наным-сенім бойынша малдың еті асылып алынған кәрі жілігін тастамай, қораға, маңайдағы ағаштың бұтағына іліп қоятын болған. Ондағысы түн жамылып жүрген ұры-қары, қарақшыға, итқұсқа кәрі жілік құрық ұстаған жылқышы, қарулы күзетші болып көрінеді деп түсінген. *Кәрі жілік* дегендегі *кәрі* – «қары»-ның жіңішкерген дыбыстық варианты. Кәрі жілік, салыстыра келгенде, *қолдың қары, қолқар(ы) асық* деген атаулармен түбірлес: қолдың «білек пен иықтың аралығы» *қолдың қары* деп аталады. Қолдың *әскер, қарулы күш* деген мағыналары мәдени семантикалық өрісте мифтік танымға айналып, *кәрі жілік мал қайтарады* деген фразеологиялық мағынаға негіз болған. Тілдік семантикада «бүтіннің» орнына «бөлшек», кейде «бөлшектің орнына «бүтін» қолданыла береді. Мысалы, *қолым талды* дегендегі *қол* «бөлшектің» орнына, яғни *қарының* орнына жұмсалған «бүтін» болса, *қарына тартты* дегендегі *қары* «бүтіннің», яғни «қолдың» орнына жұмсалған «бөлшек» деуге болады. «Кім

де болса, жақын-жамбарын қолмен баурына тартады» деген ақиқаттағы әрекеттің ой түзіліміндегі тілдік бейнесі.

КӘРІҚҰЛАҚ 1. Өмірде көрген-білгендерін, естігендерін жадында жақсы сақтап, басқаларға сол қалпында жеткізе білетін көне көз қария. 2. Ел ішінде мұндай адамдарды кәріқұлақ қарт, кәріқұлақ қария дейді. Ел аузында «Ауылыңда төбе болса, ерттеп қойған атпен тең, ауылыңда қария болса жазып қойған хатпен тең» немесе «Жақсы адам қартайса, қазына болар, Жаман адам қартайса қазымыр болар» деген мақал осындай көп білетін, көпті көрген қарияларға қарата айтылған.

КӘРІҚЫЗ 1. Сопақ пішінді, гүлдерінің сырты тікенекті, киімге, жылқының құйрығына, жалына, қой жүніне жабысқыш келетін көпжылдық өсімдік. Кәріқыз бау - бақшада, далада, сортаң жерлерде, сай-жыралар мен жол жиектерінде өсе береді. 2. Кәріқыздың ел арасына тараған емдік қасиеті өте көп. Айталық, оның тамырының тұнбасы мен жапырақтарының қайнатпасы – асқазан, бүйрек, құяң ауруларының бірден-бір емі. Ертеде кәріқызды безгек ауруына қарсы ем ретінде қолданған. Кәріқыздың тамырының қайнатпасына шүберекті малып, теміреткі, ұшыққа жағады. Кәріқыз жапырағынан алынатын шырын терінің қатерлі ісік ауруын емдеуге қолданылады. Шық кеппей К.-ды мал жесе іші кеуіп, тіптен өліп қалуы мүмкін. Кәріқыз – түйенің сүйіп жейтін өсімдіктерінің біріне жатады.

КӘРІҚЫЗ *Кей жерлердегі жайылымда кездесетін, түйе ғана жейтін шөп.* Қой жүніне жабысқыш келгендіктен, «кәріқыз» атанған.

КӘРІЛІК 1. Күш-қайраты қайтқан адамның қартайған шағы, адамның өмір тәжірибесі молайып, көзқарасы әбден қалыптасып, өткен-кеткеніне ой тара-зысынан өткізіп, өзіне-өзі не бітірдім деп есеп беретін кезі. 2. Дәстүрлі қазақы ортада Кәрілікке жеткен адамды «өрі кетіп, еңісі қалған» жан деп ерекше құрмет тұтады. Көбінесе, кәрілік адам ғұмырының әлжуаз кезеңі болып табылады.

КӘТЕК ж е р г. *Автомашина жылжып кетпес үшін доңғалағына қойылатын тіреуіш (башмақ).*

КӘУСАР 1. Исламдық діндегі түсінік бойынша жан-натта болатын қасиетті судың атауы. 2. Діни ұғым бойынша «махшар күні ыстықтан шөлдеген Алланың сүйікті құлдары жаннатқа кірер алдында осы судан ішіп шөлін қандырады да ешқашан шөлдемейтін болады». Кәусардың дәмі балдай, түсі сүттен ақ деп сипатталады. Осыған орай қазақ ұғымында мөлдір, таза, тұнық, елге нәр берген суды, әсіресе, бұлақ суларын К.-ға теңеу қалыптасқан. Сонымен қатар, Кәусар әдеби шығармаларда көңілдің, сөздің таза, мөлдір, кіршіксіздігінің баламасы ретінде қолданылады. Қазақ түсінігінде *зәмзәм, әбілхаят* деп аталатын қасиетті сулар да кездеседі.

КЕБЕК 1. Астықтың келіге түйгеннен (ақтағаннан) немесе диірменге тартқаннан кейін бөлініп шыққан қауызы. 2. Дәнді дақылдарды диірменге тартқан соң *елекпен* елеу арқылы *ұннан* кебекті бөліп алады. Сөйтіп, дәнді *келіге* салып, *ақтағаннан* кейін бөлініп шыққан қауызды желге *ұшырып*, кебегін бөлек жинайды. Кебекті бордақыланатын малға суға шылап, *күнжараға* ара-ластырып берсе тез семіртетін қасиеті бар. Сонымен қатар

элжуаз немесе буаз малдарға нәр беру үшін *сабан топанына* кебек қосып беретін. Кебекті ыстық суға бөктіріп, атала жасап, суыған соң итке береді. Мұндайда «*құлағы естімей қалады*» деген сенімге байланысты итке кебекті ыстық күйінде беруге тыйым салынған.

КЕБЕНЕК 1. Сулық ретінде киетін, киізден жасалған сырт киім. 2. Кебенек арнайы тәсілмен жұқалау, бірақ тығыз етіп басылған киізден тігілген. Неғұрлым сапалы болуы үшін кебенекке қажетті киізді арнайы дайындайтын. Ол үшін жуылып-шайылған таза жүннен сыртына қаратылатын бетіне жүнді бір бағытқа жатқыза салып басқан. Боялмайтындықтан жүннің реңі сақталып, түсі ақ, қара болып келеді. Кебенекті жалпақ киізден тұтас пішіп тігетіндіктен мұндай тәсіл «*кебенекше пішу*» деп аталып кеткен.

КЕБЕНЕК *Ешкіде болатын індет, өкпеден ұстайтын қатерлі жұқпалы ауру.*

КЕБЕНЕК КЕЛГІР қ а р ғ ы с.

КЕБІН 1. Дінмұсылмандық-халықтық ғұрыпта марқұмды жерлер алдында оның денесін орайтын бұл дүниедегі ең соңғы киімі есебіндегі ешқандай өрнектелмеген, әшекейленбеген таза ақ мата. Араб тіліндегі «*каффанә – орау, бүркеу*» етістігінен туындаған «*каффан*» зат есімі қазақша «*кебін*» деген мағынаны білдіреді. Кебінге жаңа немесе жуылған таза жұқа кездеме, дәке ғана пайдаланылады. Кебінді кейде *ақырет* деп те атайды және қайтыс болған адамды кебін киді деп те сипаттайды.

КЕЗІК *Ұзаққа созылатын ауру.* Кедейліктен бұрын тума қорлық-зомбылық, ауру-науқас, бұлар да біздің қазақ ішінен мекен тепті: шума, *кезік* сықылды аурулар қазақ ішін жайлады (Ғ.Қараш, 211-б.).

КЕЙУАНА 1. Ауыл-аймаққа сыйлы, құрметті, әулет-тің анасы атанған әйел. 2. Дәстүрлі ортада көп балалы, ауыл арасына құрметті ананы күйеуі жағынан жалпы ру сыйлаған. Ру ішіндегі екі отбасы арасында түсінбеушілік болған жағдайда, осындай кейуаналардың айтқан сөзіне тоқтап, келісімге келіп, татуласқан. Мұндай Кейуаналар ағайын-туыс арасындағы той-мерекелерде салт-дәстүрдің толық сақталуын қадағалап, рет-ретімен айтып отырған. Ұрпақтан-ұрпаққа салт-дәстүріміздің қалтқысыз сақталып жетуінде Кейуаналардың атқаратын қызметі өте зор.

КЕК АЛУ 1. Жәбір көрген адамның жәбірлеушіден немесе оның ағайын-туыстарынан (намысын қорлағаны немесе ауыр жарақаттанғаны, өлтіргені үшін) қарымтасын қайтаруы. 2. Қазақ тарихында руаралық жауласу, барымта, малын қуып кету сияқты қақтығыстар үнемі болып отырған. Мұндай қақтығыста адамның мертігуі немесе қазаға ұшырауы болып тұратын. Оның арты қарсы жауап қайтару, яғни кек алу сияқты шараларға жиі ұласқан. Кек алу көбінесе соққыға жығу, жарақаттау, материалдық шығын әкелу, абыройын төгу, қазаға ұшырату сияқты әрекеттерге қарсы жауап ретінде орындалған. Бұл дәстүр барлық халықтарда болған.

КЕКЕК 1. Қалың бұтақты, сырты боз, түкті шөп. Кекек жоңышқаға ұқсайды, бірақ оның жапырақтары ірілеу келеді. Жылқышылар арасында *кекекті жерге жылқы өспейді* деген сөз тіркесі бар. 2. Өзен жағасында

өсетін кекек – улы шөп. Кекек жеген жылқы кегжендеп, басын шұлғи береді. Жылқылар кекекті шамадан тыс көп жеп, артынан су ішсе жүруге шамасы келмей, аузынан сілекей ағып, жығылады. Кейбір деректерде кекекті көп жеген жылқының жүнінің түсі өзгеріп кететіндігі айтылады. Сондықтан қулығын асырған ұрылар ұрланған жылқыға кекек береді екен. Мұндай жылқының түсі өзгеріп, жүні қырылып түсіп қалатындықтан, кекекті кей өңірлерде **жай оты**, оны жеген жылқыға байланысты «*жай отын жеген*» деп атаған.

КЕКІЛ 1. Бастың төбесі мен маңдайдың жоғары бөлігі арасына қойылатын бір шоқ шаш. 2. Кекіл қою адам жаны бастағы шашта да ұялап тұрады деген көне наным-сенімге байланысты қалыптасқан ғұрып. Яғни, ежелгі наным-сенімге байланысты кекіл бала жанының қорғап-сақтаушысы ретінде функция атқарады. Осы ырым бойынша бір шоқ кекілден басқа *айдар*, *тұлым* да қалдырылады. Қарын шаштың қарғысы қатты болады деген ырым бойынша, қазақ қарын шашын қалдырмай, түгел алып тастайтын. Ол – маңдайы жарқыраған, маңдайы жарық болу сынды ырымға сай басты қадірлеуден туындайтын ырым-жоралардың бірі.

КЕЛЕ¹ 1. Ингендер табыны, бураның үйірі. 2. Бір келеде 10-20-ға дейін інген болады. Ингендерді күтіп-бағу үшін үйірлеп топтауды, әсіресе, бурамен шағылысатын ұрғашы түйелерді бірыңғай шығарып, бураның немесе үлектің күш-қуатына қарай 20-30-дан топ-топқа бөліп күтімге алуды *келелеу* дейді. Қазақ малшылары қолдан шөгеріп қайытуды қора жағдайында, ал келеге бөліп қайытуды жайылым жағдайында қолданады.

КЕЛЕ² 1. Бәйге қосылған аттарды тосып алып, жанамалап қосылып оларды кеу-кеулеп дем беретін жер. Мұндай жер алдын ала көптің келісімімен белгіленетін. Келеге келгенде шаршап келе жатқан аттың шылбырынан алып, алға ұмтылуға дем беретін адамды *келеші* дейді.

КЕЛЕПАН 1. Қозыны басқа төлден ажырату мақсатында оның әдейі қырқылмай қалдырылған ғұрыптық мәнді шоқымдай жүні. 2. Көгенбасы ретінде таңдалған қозыны қырыққан кезде оның жон тұсынан бір уыс шоқталған жүнді келепан ретінде әдейі қалдырады. Ол аталған төлдің ерекшелігін белгісі ретінде жүреді. **К е й д е ж а с т ө л г е** суық тиігізіп алмау үшін қозы құйрығының басына қалдырылған **ш о қ ж ү н** арасында қойларда да кездеседі. **С е м і р г е н** қойдың бөсірмесі базданбау үшін де Келепанды қолданады. Ондай кезде малдың арқа жүніне Келепанды жіп арқылы жалғап, мықтап байлап қояды. Сонда қойдың құйрығы тым төмен салбырап тұрмайды.

КЕЛТЕ ҚЫСТАУ 1. Күзеуде малды бораннан сақтау үшін соғылатын, төбесі ашық қоралар мен аласа баспанасы бар уақытша қыстау түрі.

КЕЛТЕ ХАНДАР БИЛІГІ т а р и х и. *Үлкен ордадан бөлініп, әр аймақта жеке-жеке ұсақ хандық құрған сұлтан-төрелердің билігі.*

КЕЛТЕК. *Шоқпардың жең ішіне тығып ұстайтын бір түрі.* Тентекке – *келтек* (Мақал).

КЕЛТЕСОНАР / ҚЫРБЫҚСОНАР 1. Қыстың басындағы аңшылық маусымы басталған кездегі таңға жақын жауған азғана түскен қырбық қардан соң шығу. Қар қалың болмағандықтан мал мен аңның ізі түспегенімен саят құруға

аса қолайлы болмайды. 2. Қазақ аңшыларының тағатсыздана күтетін кезі қар қалың түсіп, айнала түгеләк түске оранған кез – *қансонар*. Ондайда саятта мол олжаға кенелу мүмкіндігі жоғары. Дегенмен, келтесонарда құсын қайырып, тазы иттерін баптап жүрген аңшылар ауылдан тым ұзамай жақын аумаққа сонарға шығады. Соған байланысты оны «*келте*» қайырған тәрізді саяттың қызығы мен олжасы оншалықты болмайды деседі.

КЕЛІН 1. Туыскандары үшін інісінің әйелі. Тұрмысқа шыққан жас әйел күйеуінің ата-анасы мен бірге туған ағаларына аталас, рулас, жасы үлкен ағайындары мен олардың әйелдеріне, ұзатылып кеткен апаларына *келін* болып саналады. 2. Жаңадан тұрмысқа шыққан жалпы жас әйелді, келіншекті де *келін* дейді. Жасы үлкен қариялар баласы мен немересінің, өзінен көп жас кіші інісінің әйелін ағалары *келін бала* деп те атайды. Байырғы салт-дәстүр бойынша белгіленген уақытта атастырылған қызды жа- сауымен ұзатып әкелуді *келін түсіру* дейді. Келін түсірудің қалыптасқан салт-дәстүрі мен іс-шаралары, ырымдары бар. Олар *келіншек көшін қарсы алу, қыз киімін ауыстыру, шымылдық құру, атасының үйіне кіргізу, отқа май қ отқа май құю, үйлену тойын өткізу, келіннің бетін ашқызу* т.б. дәстүрлі шараларды қамтиды.

КЕЛІНШАЙ 1. Жаңа түскен келіннің ауылдағы енелеріне, жасы үлкен сыйлы абысындарына арнайы жайылған дастарқанда шай құйып, қызмет көрсету рәсімі. 2. Этномәдени ұжымның когнитивтік санасындағы бұл рәсім фрейм түрінде құрылымданған. Ал фрейм, сценарий, схема тәрізді санадағы форматтар, әдетте, сенсомоторлық қабылдауға негізделеді.

КЕЛІНШЕК КЕЛІН 1. Жаңа түскен келін, келіннің жас кезіндегі атауы. 2. Ең алғаш *келіншек* деген атау қалыңдықтың ұзатылып келе жатқан көшіне байланысты айтылады. Ұзатылып келе жатқан қыз көшін күйеу жігіттің ауылына жақындағанда *келіншек көші* дейді. Келінді қарсы алғанда да *келін келді* деп айтумен бірге *келіншек келді* деп те қолданады. Беташарда да *келін, келіншек* сөздері қатар жұмсала береді.

КЕЛІНШЕКБАС з а т. ө с. ж е р г. 1. Мал сүйсініп жей қоймайтын, биіктігі 20-25 см-дей шөп.

КЕЛІНШЕКБОЗ з а т. ө с. 1. Қырда өсетін шөп; боз.

КЕЛІНШЕКТАЛ з а т. б о т. 1. Жікішке бұтақшалары салбырап тұратын тал түрі, мәжнүн тал.

КЕЛІНШЕКТАС з а т. э т н. 1. Әдет-ғұрып, діни сенімдерге байланысты тастан мүсінделген адам пішіні, балбал тастардық бір түрі. 2. Қазақ даласында ежелгі түркі дәуірінен келе жатқан, адам пішінін тастан қашап жасаған тас ескерткіштің бір түрі. Адам бейнесі қашалған мұндай тас ескерткіштерді балбал, бәдіз, кемпіртас деп те атайды. Бұлар – ертеден келе жатқан түркі сөзі. Осындай тас ескерткіштердің ішінде келіншектастың негізгі белгісі – тастан қашап түсірілген адам пішініне қоса тастың басында кимешек, күндік тәрізді әйел киімінің бейнелеуі. Мұндай тастар түркілердің қайтыс болған әйел адамдардың басына да ескерткіш қойғанын айғақтайды.

КЕЛІНШЕКШӨП з а т. ө с. 1. Қорғасыншөп тұқымдасына жататын капжылдық шөптесін асімдік.

КЕЛІСОҚ з а т. э т н. т а м а қ. 1. Майға немесе қаймаққа тары салып жаныштап дайындаған тағам.

КЕМ с ы н. 1. Аз, жетпеген, толмаған. 2. Төмен, осал, нашар. 3. Ақауы, кемістігі, мүкісі бар. **Кем болды.** а) Таршылық, жоқтық көрді. ә) Сапасы төмен, нашар, осал болды. **Кем емес.** Тек, пара-пар, бірдей. **Кем көрді [тұтты].** Төмен санады, өзіне тең деп білмеді. **Кем кісі.** Балаға зәру, балашагасы аз. **Кем қанағат.** Шыдамсыз, қанағаты аз. **Кем несібелілік.** к ө н е. Аузының салуы жоқтық; “Құдайдың” о баста еседен қагаберіс жаратқан адамы. **Кем соқпады.** Олқы тқспеді, кемімеді. **Кем талап.** Талабы жоқ, ықыласы кем. **Кем тимеді.** Асып түспесе, кем түскен жоқ, тең болды. **Кем түспеді.** Артық болмаса, кем емес деген мағынада.

КЕМБАҒАЛ с ы н. 1. Мүгедек, жарымжан. 2. Кедей, жарлы.

КЕМЕ² з а т. ж е р г. Жер ошақ.

КЕМЕЛ АДАМ д і н и. 1. Кісілікке жат қылықтардан әбден арылып тазарған, ішкі жан дуниесі ағарып, рухани қасиеті артқан, мултіксіздіктің қалыбы мен негізіне мейлінше жақындаған асыл адам.

КЕМЕЛ с ы н. 1. Толық жетілген, жеріне жеткен. 2. Дана, данышпан, аузы дуалы.

КЕМЕЛГЕ [КЕМЕЛІНЕ] ЖЕТТІ [КЕЛДІ]. Күшіне енді, толды; ер жетті, дегеніне жетті.

КЕМЕЛЕК / КЕБЕНЕК 1. Ертеректегі көшпелі мал шаруашылығында ешкі түлігін жаппай қырып салатын ең қатерлі жұқпалы індеттердің бірі. 2. Әдетте, кемелекке шалдыққан ешкінің мазасы кетіп, жөтеле береді. Жөтелген сайын мойны созылып, арқасы бүкшиеді. Мұрнынан жалқақ, екі езуінен көпіршіген сілекей ағады, булығып ентігеді. Қатты қиналып, бақырып - шақырады. Кезінде кемелекпен ауырып өлген ешкіні сойып қараған Торғайда істейтін мал дәрігерлері оның өкпесінің күреңденіп, талаурап кететіндігін анықтаған.

КЕМЕЛЕК з а т. ж е р г. **Кебенек** (ешкіде болатын жұқпалы ауру).

КЕМЕЛЕК КЕЛГІР. қарғ.

КЕМЕҢГЕР с ы н. Ақылды, дана, данышпан.

КЕМЕҢГЕРЛІК з а т. Ақылдылық, даналық, данышпандық

КЕМЕР БЕКІТУ ҚҰРЫЛЫСТАРЫ 1. Өзеннің, бөгеннің, теңіздің жағалауларын, бөгеттер мен каналдардың құлама қабаттарын толқындардың, судың қатты ағысының және мұз көшкінінің т.б. бұлдіруінен қорғау үшін салынатын құрылыстар.

КЕМЕР БЕЛБЕУ / КЕМЕР БЕЛДІК- КЕМЕР² з а т. э т н. **КЕМЕР БЕЛБЕУ.** 1. Бетіне алтын, күміс шытыра, жапсырмалар бекітілген, топсалы қапсырмалары бар, жалпақ, сәнді бағалы былғары белбеу тон, шапан тәрізді сырткіімнің сыртынан буып, босанған әйелдер аяқ-қолын бауырына жылдам алып, тез қалпына келсін, салт атпен алыс жол жүргенде ішкі ағзалар солқылдамасын, белге, бүйрекке күш туспесін, жарық (грыжа) ауруына ұшырамасын деп тағады. 2. **Кемер белдік.** э т н. **Кемер белбеу** бетіне алтын, күміс шытыра, жапсырмалар бекітілген жалпақ, сәнді, бағалы былғары белбеу. Кей өңірлерде *кәмәр белбеу, қамар белбеу* деп те аталады. К. б.-лердің

екі ұшында жалпақ, топсалы қапсырмасы болады. Кемер белбеуді тон, шапан тәрізді киімнің сырты- нан, бел тұсынан буынады. Жас босанған әйелдерге аяқ-қолын бауырына жылдам жинап, созылған ішкі ағзалары тез қалпына келсін деп кемер белбеутақтырады. Сол сияқты салт атпен алыс жолға жүргенде де кемер белбеуді тақса ішкі ағзалар солқылдамайды, белге, бүйрекке күш түспейді, жарық (грыжа) ауруына ұшырамайды деп санайды. «Кемер белбеу белге сән, кемерлі ер елге сән» дейді халық мақалы.

КЕМЕР¹ з а т. Өзен, көл, су арнасының жағалауы, жиегі.

КЕМЕРСУ з а т. г е о г р. 1. Өзеннің (бөгеннің) мұздан арылуы алдында пайда болатын жағалаудағы мұздан бос, ашық су жолағы.

КЕМПІР БЕТ. Беті кемпірдің бетіндей мыж-тыж. **Кемпірдің жағын байлау. Кемпір қойын қосақтап тұр.** жерг. этн. Кемпірқосақ шықты. **Кемпір келсін.** қ а р ғ. Сиыр малына айтылатын қарғыс, мәлік келсін.

КЕМПІР МЕН ШАЛ 1. Ұлттық ойынның түрі. 2. «Кемпір мен Шал» осы кезде ұмытылып кеткен ойындардың бірі. Ойынның мазмұны Н.А. Мелкова мақаласының мазмұны бойынша беріліп отыр. Ойын қыс мезгілінде бір бөлмеде ойналады. 16-18 жас аралығындағы бірнеше жастар өз араларынан «хан» (хан ретінде онша пысық емес адам таңдалады) сайлап алады. «Хан-мен» қоса екі «уәзір», екі «жасақ» және бір «хатшы» сайланады. Олар ойынға қатысатындардың алдына отырады. Тағы біреуі «кемпір», ал біреуі «шал» болады. «Шал» мен «кемпір» болмашы бір нәрсеге дауласып, белгілі бір келісімге келе алмайды. Содан «шал» «ханға» «кемпірін» айтып шағымдануға келеді. «Хан» болса «кемпірді» алып келуге екі «жасағын» жібереді. «Кемпір» болса өте жылы киініп, яғни бірнеше киімді қабаттап киіп, болмаса киімінің ішінен мақта немесе жұмсақ бір заттарды тығып, басына жаулық орап келеді. Жаулығы да қалың болуы керек. Жаулығының ішіне бір ыдысқа көрінбейтіндей су құйып алып «ханға» келеді. «Хан» екі «уәзіріне» «кемпірді» жазалауды тапсырады. «Уәзірлері» «ханның» бұйрығын әділ деп таппаса, онда халыққа жар салады. Халық «ханды» қайтадан сайлайды. Егер де әділ деп тапса, онда «ханның» бұйрығын орындауға кіріседі. Сол кезде «кемпір» жылап, «ханға» Өз отауына апарып отырғызған қалыңдыққа күйеу шақыру рәсімі атқарылып, қалыңдығына қарай бет алған күйеу жігіттің жолына кәде алу мақсатында өлген адамға ұқсап кемпір жатып алады. Күйеу жігіт берген кәдені алған «өлген кемпір» тұрып, күйеуге жол береді.

КЕМПІР ӨЛДІ І т і л д і к к о д. Жаңа үйленген жастарға айтылатын эзіл белгі. **ІІ м ә д е н и к о д.** Ескі салт бойынша, жаңа үйленген жастарға «өзгелер ұйықтады, жата берулеріңе болады» деп беретін эзіл белгі (Мұны хабарлаған әйел сыйлық алатын болған).

КЕМПІР ӨЛДІ э т н. 1. Ескі салт бойынша, жаңа үйленген жастарға «өзгелер ұйықтады, жата берулеріңе болады» деп беретін эзіл белгі (мұны хабарлаған әйел сыйлық алатын болған).

КЕМПІР¹ 1. Қартайған әйел. Халықтың қарапайым сөйлеу тілінде көбіне едәуір жасқа келген, әлеуметтік мәртебесі төмендеу отбасындағы әйелді айтады. Сондай- ақ біраз жасқа келген ерлі-зайыптылар бірін-бірі

шалым, кемпірім деп айта береді. К. атауы тұрмыстық қатынаста бейресми жағдайда ғана қолданылады. Сөз этикетінің нормасы бойынша ресми жағдайда бұлай айту әдепке жатпайды. Әулеттің сыйлы, беделді адамын К. демей *кейуана* деп атайды.

КЕМПІР¹ з а т. 1. э к с п р. Жасы келген, қартайған әйелдік төменшіктету мағынасындағы атауы. 2. Шал кісінің жасы келген әйелі.

КЕМПІР² / МӘЛІК 1. Сиыр малында кездесетін індеттің жергілікті жердегі тұспал атауы (эвфемизм). 2. Кемпірдің ел арасында *мәлік* деген тағы бір атауы бар. Бұл ауыруды жұқтырған сиырдың іші өтіп, ішегі түйіледі, бойы ауырлайды. Сиыр малына кейіген кезде *кемпір келсін* немесе *мәлік келсін* деп қарғыс айту осы аурудың түріне байланысты қалыптасса керек.

КЕМПІР² з а т. ж е р г. Сиыр малында болатын жұқпалы ауру.

КЕМПІРАҚСАҚ з а т. қ о й ш а р. 1. Сыз жерге жайғандықтан болатын, қойда, әсіресе жас төлінде кездесетін буын ауруының жергілікті атауы.

КЕМПІРАУЫЗ / ЕБЕЙАУЫЗ / ТІСТЕУІК з а т. 1. Шеге суыратын құрал; тістеуік, атауыз.

КЕМПІРДІҢ ЖАҒЫН БАЙЛАУ э т н. 1. Қой қырқып, жун сабап, киіз басқан кезде жел тұргызбау үшін орындалатын ырым [желден сақтану мақсатында «сөйлемендер, сөйлесендер жел соғып, жүн ұшады» деп әйелдер ескерту жасап, кемпірдің жағын байлау ырымы жасалады: бір бала екі тал шиді немесе өсіп тұрған шиді құшақтап, жүнмен байлап, «кемпірдің жағын байладым» деп айқайлайды. Сонда халық түсінігі бойынша жел баяулап, тоқтайды. Осыдан кейін киіз басу әдеттегідей жалғаса береді].

КЕМПІРЖҮЗІК з а т. з е р г. 1. Өте қарапайым жасалып, қас салынбайтын, көбіне тазалық үшін кемпірлер тағатын күміс жүзік.

КЕМПІРКЕ з а т. ж е р г. 1. Шай демдеген шайнекті қою үшін самауырынның оттығына кигізетін бөлігі.

КЕМПІР-КЕМЕШ з а т. э к с п р. 1. ж а ғ ы м с ы з. Қартайған жасының беделіне қарамастан, ел ішінде үлкендікке, еланасына лайықты сый- құрметі, қадірі жоқ кәрі әйелдер. 2. з а т. Кәрі-құртаң әйел атауы.

КЕМПІРҚАУЫН 1. Дәмі бұзылмай ұзаққа шыдайтын қауын түрі. Кемпірқауынның қабығы қалың болады, әрі сырты торланып тұрады. Тамыз айында кемпірқауынды жинап алып пішеннің, маялаған шөптің арасына, яки, жертөлеге орналастырып қысқа дейін сақтайтын болған. Дәмі бұзылмай ұзаққа шыдайтын қабығы торланған, қалың болатын қауын түрі.

КЕМПІРҚОСАҚ 1. Бірнеше жолақтан тұратын ою - өрнектің түрі. Мұндай жолақтар кесте тігу өнерінде рет-ретімен орналасады. 2. Дәстүрлі ортада бұл түстердің өзара нышандық мәні бар. Айталық, ақ түс – қуаныштың, ақиқаттың белгісі болса, қызыл түс – оттың, күннің, сары түс – ақыл-ой, уайым-қайғының, жасыл түс – жастық шақ, көктемнің, көк түс – ашық аспан, бейбітшіліктің белгісі болып табылады.

КЕМПІРҚОСАҚ¹ з а т. 1. Аспанда жанбырдан кейін пайда болатын доға тәріздес ор түсті жолақ. Қазақ тілінде кемпірқосақ атауының мифтік санамен байланысты пайда болған ең көне атау деп пайымдауға болады. Олай

дейтініміз, бұл атаудың ізі сонау кездегі мифтік ертегі - аңызға апарарды.

КЕМПІРҚОСАҚ² з а т. қ о л ө н е р. 1. Кесте тігу өнерінде рет-ретімен орналасатын үурлі түсті бірнеше жолақтан тұратын ою-өрнектің түрі.

КЕМПІРЛІК з а т. Кемпір болғандық, қппайааддық

КЕМПІР-САМПЫР з а т. э т н. 1. Онша ұнатпай айтылатын кәрі-құртаң әйелдер деген мағынадағы сөз.

КЕМПІР-СЕМПІР з а т. 1. Кәрі-құртаң әйелдер.

КЕМПІРТАС з а т. э т н. 1. Әдет-ғұрып, діни сенімдерге байланысты тастан. мүсінделген адам пішіні, балбал тас.

КЕМПІР-ШАЛ з а т. 1. Онша ұнатпай айтылатын жасы келген, қартайған әйелдер мен еркектер деген мағынадағы сөз.

КЕМПІРШАШ з а т. ө с . 1. Тарам-тарам болып шөлді жерде шығатын, биіктігі 20-30 сантиметрдей қой жейтін шөп.

КЕМПІРШӨП з а т. ө с . 1. Қоргасыншөп тұқымдасына жататын аласа бұталы не бұташықты өсімдік.

КЕМПІРШУАҚ з а т. ж е р г. 1. Жазғытұрғы кеш, күз кезіндегі күн сәулесі. 2. Қыс ызғары қайтып, күн енді-енді жылына бастаған кездегі күннің шуағы. Күн төбеге көтеріліп, шуағы молырақ түсіп, табиғаттың жандана бастаған кезінде жаңа туған қозы-лақты өріске шығарып, көктетеді. Үйдегі қыс бойы күн көрмеген тұрмыстық бұйымдардың барлығын, төсеніш түрлерін, киім - кешек т.б. заттарды күн көзіне қақтап, кептіреді. Бұл кездің кемпіршуақ деп аталуы үлкендердің де күн көзіне шығып, қыздырынып, бойларын жылытуына байланысты қалыптасса керек.

КЕМІК ЖІЛІК 1. Жетісу өңіріндегі тоқпан жiлiктiң бiр атауы. Тоқпан жiлiктiң халық арасында **қолағаш жiлiк, тоқпан жiлiк, тоқатай жiлiк, күн жiлiк, келiншек жiлiк** тәрізді аттары кездеседі.

КЕНДІР 1. Талшықтарынан мата, арқан, жіп өндіретін көпжылдық жабайы шөптесін өсімдік.

КЕНЕЗЕ з а т. 1. Жердің устіңгі қабаты, цыртысы. 2. Тері, қыртыс.

КЕНЕЗЕСІ КЕПТІ 1. Қатты шолдеді; аузы цургады, сусады.

КЕНЕЙ / КЕНТАЙ 1. Ойынға тігілетін кішігірім қой, ешкі асығы. 2. Кеней көлемі шағын ғана болғандықтан, жеңіл келеді. Сондықтан кенейге қорғасын құйылмайды, ол тек ірі қой, арқар сияқты жануарлардың үлкендеу асықтарына құйылып, сол асықтар салмақты сақа ретінде қолданылады. Осы сақамен ойын барысында кенейге асықтарды атады. Бұл асықтарды ойын ба-рысында бір жерге тігіп қоюды *кеней тігу* дейді.

КЕНЕЙ¹ з а т. о й ы н . 1. Асық ойынында ұпайға тігілетін кішігірім асық.

КЕНЕЙ²: КЕНЕЙ ДОМБЫРА. 1. Ертеден келе жатқан, ежелден пайдаланылып келе жатқан домбыра. **Кенейі түгел.** Бәрі де орнында, ешбір олшылығы жоқ, кемшіліксіз.

КЕНЕП 1. Талшықтары ірі және зығыр, кендір талшықтарынан да қатты болатын біржылдық өсімдік. 2. Кенеп XX ғ.-дың 30-40 жылдарына дейін Оңтүстік Қазақстанда техникалық дақыл ретінде өсірілді. Әбден кепкен кенеп талшықтарынан өндіріске арналған әртүрлі қаптар, қанарлар,

мақта қаптайтын теңдер және шаруашылыққа өте қажетті мықты жіп жіптер алынады. Пайдаланылған өсімдік түріне қарамастан (мақта, зығыр, кендір) айталық, березенттің барлық түрін кенеп деп атау қалыптасқан. Кенеп емдік қасиетімен де ерекшеленеді. Айталық, ішек, тері ауруымен ауырған және өкпе ауруын асқындырған науқастар Кенептің кепкен жапырақтарының ыстық суда демделген тұндырмасын ішеді. Ертеде мұндай науқастар, кенептің балғын жапырақтарын тамаққа қосып та пайдаланған.

КЕНЕРЕ 1. Ғимарат, ескерткіш, үй қабырғасының жоғарғы жақ ернеуі, жиегі. 2. Қабырға бойынан шығып тұратын Кенерені кірпіштерді бір-бірінен сәл асыра қалау арқылы жасайды. Кенере жауын-шашыннан қорғау қызметін атқарады, әрі құрылысқа сән беріп тұрады. Кенере деп кілем, алаша, текемет, басқұр т.б. қолөнерзаттарының жиегін де атаған.

КЕНЖЕ с ы н. 1. Ең соңынан туған (бала). 2. Жасы кіші, кейінгі, соңғы ұл, қыз. Кейіндеп, кештеп, соңынан. **КЕНЖЕ ЖЕТІМ БОТА.** Мерзімінен кеш туған, әрі жетім қалған бота. **КЕНЖЕ ҚАЛДЫ.** Қатардан кейін, артта қалды, кешеуілдеді. **КЕНЖЕ ТАЙЫНША БҰҚА.** Піштірілмеген еркек бұзаудың бір жасқа жетпегені. **КЕНЖЕ ТОҚТЫ** э т н. Ұрғашы қозының қошқарға кеш шағылысып, бір жасында (май айының аяғында не маусым, шілде айларының ішінде) төлдегені және кенже туған қозының алты айдан асқаны.

КЕНЖЕ ТОҚТЫ. I т і л д і к к о д. Кеш туған қозы. **II м ә д е н и к о д.** Ұрғашы қозының қошқарға кеш шағылысып, бір жасында (май айының аяғында не маусым, шілде айларының ішінде) төлдегені және кенже туған қозының алты айдан асқаны.

КЕҢЕС ШАЙ 1. Байырғы қазақы ортада ас беру, үйлену тойы, басқа да дүбірлі жиынды өткізу шараларын ақылдасып, кеңесуге жиналғандарға берілетін шай дастарқаны. 2. Аталмыш атау *кеңес шай* делінгенмен, ақыл-кеңеске жиналғандар құрауыз шаймен қайтпаған. Кәделі мүшелер салынған еттабақ тартылып, шай дастарқанына өрік-мейіз, науат, құрт, ірімшік молынан қойылатын болған. Келелі кеңес шайдың соңына ала басталған.

КЕҢЕС ШАЙ Байырғы қазақы ортада ас беру, үйлену тойы, басқа да дүбірлі жиынды өткізу шараларын ақылдасып, кеңесуге жиналғандарға берілетін шай дастарқаны. Аталмыш атау кеңес шай делінгенімен, ақыл-кеңеске жиналғандар құрауыз шаймен қайтпаған. Кәделі мүшелер салынған еттабақ тартылып, шай дастарқанына өрік-мейіз, науат, құрт, ірімшік молынан қойылатын болған. Келелі кеңес шайдың соңына ала басталған. Тойды өткізудің мерзім-мезгілі, кімдер шақырылатыны, сауын айтуға кімдер баратыны, ат бәйгесі қай жерде өтетіні, мәресі мен сөресі қай тұста болатыны, қанша үй тігілетіні, оларға қызмет ететіндер т.б. осы кеңес шай дастарқанында айқындалып, нақтыланатын болған. Ақылман қариялар, жауапты адамдар ара-тұра кеңес шайға жиналып дайындықтың барысын білісіп отырған.

КЕПИЕТ 1. Ерекше қасиет, кие, тылсым күш. Қазақтың байырғы нанымы бойынша бір сыпыра заттардың, соның ішінде ас-ауқаттың кепиеті (киесі) бар. 2. Халық тілінде киесі ұрды деп айтудың орнына кепиет атты деп

те қолдана береді. Кепиет атпау үшін адам кесір, кесапат, қияңқы, кесіркердең болмауы керек. Әсіресе, үлкендер ас-тағамның орынсыз ысырап болмауына көңіл бөліп, оның қасиетін бағалай білмесе, құрметпен қарамаса астың, нанның кепиеті атады деп ескертіп отырады. Мұндай ұғым-түсініктер мифтік, діни таныммен байланысты қалыптасқан.

Кепкен торсықтың айранын ішкен. *Ішіп-жемі, әлі-ауқаты төмен.* Осы елдікі емес екенім де рас, бірақ күні кеше кепкен торсықтың айранын ішіп отырған батырақпын (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 29-б.).

КЕРЕГЕ ЖАЛ *Таулы жердің ат жалындай созылып жатқан, керегеге ұқсас тіктеу бөлігі.*

КЕРЕГЕНІҢ КӨГІ *Киіз үйдің керегесін көктейтін, кереге ағаштарын бір-бірімен байланыстыру үшін қолданылатын иікі қайыстан тілініп алынатын таспа.*

КЕРЕГЕНІҢ ҮШ КӨЗІ ө л ш е м. *Қыздың жас мөлшерін білдіретін мөлшер, атау.* Қазақы дәстүрде киіз үй керегесінің ең жоғары бірінші көгіне бойы жеткен кезді қыз бойжетті дейді. Бұдан былай ол бойжеткен аталады. Ал кереге көзінің үш көгіне жеткен шақтан-ақ құда түсіп, қалыңмалға баталасып, оң жақтағы кереге көгіне үкі тағып кетеді. Күйеу жақ үкілі қыз бойжеткенге дейін қалың малын беріп бітеді де, қалыңдықты өз еліне алып қайтады.

КЕРШЕЗ *Мініс аттарында ыстық-суықтан болатын ішек ауруының түрі.*

КЕРІК *Жабының жатағандау жаурыны жалпақ келген түрі.* Фольклорлық деректерде, эпикалық жырларда *Ақ маңдайлы тұлымым, бірге туған құлыным, Керікке біткен жауырын, бірге туған бауырым* («Қобыланды») деп жалпақ жауырын балуан, денелі батырларды да айтқан.

КЕРІМСАЛ х а л ы қ т ы қ м е т е о р л о г и я. *Шілде айында тынымсыз соғатын аңызға, ыстық жел.* Үздіксіз, ұзаққа соғатын керімсал шөпті құлатып, жерді қуаңшылыққа ұшырататын апатты жел. «Қобыланды батыр» жырында *керімсал* ұғымы басқа түскен, ұзаққа созылған қиындықты табиғатпен орайластырып, *«Кімге келмес керімсал, назбедеу атқа бітер жал»* деп, бірақ оның да өтіп, толастап тоқтайтын кезі болады дегенді меңзейді. Халық есепшілері өз тәжірибе танымында «шілденің керімсал ыстығы жайсыз өтсе, қақаған қаңтардың үскірігі солай өтеді» деп болжайды.

Керіске. *Туырлық киіз; киіз үйдің туырлық, үзіктерінің жалпы атауы.* Керіске ширақ, шымыр басылғандықтан жауын-шашын, борасындарға төзімді саналады, жай оғын өткізбейді. Борай да борай қар жауса, Боз керіске киіз мырза ұлым. Борасындай оқ келсе, Болаттан қалқа болған мырза ұлым («Едіге жыр»).

КЕРІСКЕ/КЕРІСКЕН *Киіз үйге туырлық жасау үшін арнайы басылған сапалы киіз. Керіскені пішіп, туырлық жасаған. Қарлы боран, елсіз даладағы жорық жолдарында құрылғы жасап, керіскеден баспана жасаған сыңайлы. Керіске/керіскен* атауы кейінгі кезде мүлде ұмыт болып, қандай мағына білдіретіні белгісіз болып қалған. Соның салдарынан Махамбет Өтемісұлының жорық жырларында *керіскендей кербезім* деп Исатай батырға

айтқан теңеуін кітапты бастырушылар *керіскендей* атауын «ұрысқандай» деп мүлде қате түсіндірген. Халық тілінің фразеологиялық қорында *керіскедей/керіскендей жігіт екен* деген бағалаушылық мәнді тұрақты теңеу бар. Мағынасы «келісті, керме иық жігіт» дегенді білдіреді. *Керіскенің/керіскеннің* туырлық жасауға арналып көлемді, сапалы басылған киіз екенін «Едіге» жырының ең бір көркем нұсқасының бірінен кездестірдік. Онда былай делінген: *Борай да борай қар жауса, Боз керіске киіз мырза ұлым. Борасындап оқ келсе Болаттан қалқа болған мырза ұлым.* Жырда осылайша мырза ұлы бораған қарда пана болатын боз керіске киізге, бораған суықтан сақтайтын болат қалқаға теңелген.

Керіскедей. поэт. *Керіске сынды, керіске тәрізді мықты.* Кермиығым, кербезім, *Керіскедей* шандозым. Құландай ащы дауыстым, Құлжадай айбар мүйіздім (Махамбет).

КЕСКЕК *Итті киіз үйге кіргізбеуге арналған ит кеудесіне көлденең керіп байлаған ағаш.*

КЕТПЕНҰШЫҚ 1. Науқастың бетіне су бүркіп емдеу тәсілі. 2. Ертеректе бақсылық қасиеті бар адамдар қобыз тарту, зікір салу, қылышпен кесу, қамшымен сабау, мылтық ату, кетпенмен ұшықтау т.б. емдеу тәсілдерін қолданған. Қазақтың кейбір емшілері науқасты емдегенде алдымен *шоққа* қыздырып алған кетпенге, содан кейін науқастың бетіне ыстық су бүркіп те емдеген. Егіншілік кәсібі жақсы дамыған өңірде диқандардың негізгі құралы болған кетпенді бақсылар да өз емінде негізгі құрал ретінде пайдаланған.

КЕТІК АЯҚ СЫНДЫРУ (ЛАҚТЫРУ) 1. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз келгенде ескірген киімдерді өртеп, кетік аяқтарды сындырып, жанаруға ырым ету. Ертеректе табақ, кесе, шайнек сияқты ыдыстардың ернеуінің, шүмегінің бір шеті сынып кертілген жағдайда оларды мыспен, жезбен құрсаулап пайдаланған. Осындай кетік ыдыстарды амалсыздан уақытша пайдаланғанмен, онымен қонақ кісіге шай, тамақ ұсынбаған. 2. Дәстүрлі ортада кетік аяқпен ас ішкен адамның ырысы қашады деп, оны көп тұтынбайды. Оны пайдаланған күнде де Ұлыстың ұлы күні – Наурыз келгенде кетік аяқ, кетік шөмішті сындырады. Сөйтіпескі-құсқы заттардан арылып, жаңа жылды жақсы.

КЕУДЕ ҚАҒАР ШЫБЫҚ 1. Егіннің бітік шығуын анықтаудың дәстүрлі ырымы. Ол үшін егістіктің жанындағы құмырсқаның илеуіне ұзындығы әртүрлі үш шыбық қадайды. Шыбықтың біреуі адамның кеудесінен келетін ұзын болады. Ол кеуде қағар шыбық деп аталады. Екіншісі орташа кіндік тұстан келсе, үшіншісі – қысқалау, тізеден келеді. Егер құмырсқа кеуде қағар шыбықтың басына көп шықса, онда бидай бітік шығып, өнім мол болады деп есептеген. Ал ортаңғы шыбыққа шықса – өнім орташа, қысқа шыбыққа шықса егіннің шығуы да аз болады деп топшылаған.

КЕУІЛ (СОРТИКЕН) *Тамыр ұнтағының қайнатпасын қатпа ауруына шалдыққан түйені емдеуде қолданылатын қыр оты.*

КИЕ 1. Халықтық ұғымдағы жанды, жансыз заттарда болатын ерекше тылсым күш, қасиет. 2. Дәстүрлі наным- сенімде қасиетті адамдарды (пайғамбар, әулие, көріпкел), аң мен құсты (қасқыр, марал, аққу), жер-суды

(киелі орындар, кесенелер, өзен-көлдер), ғарыштық денелерді (көк, ай, күн, жұлдыз), адамның кәсібі мен есімдерін *киелі* деп санап, оларға сиыну үрдістері болған. Халық дүниетанымында киелі заттарды құрметтеу береке-бірлікті арттырып, құт әкеледі десе, керісінше жағдайда *киесі ұрады* деп есептеледі. Сондықтан киелі саналатын адамдарға тіл тигізбейді, жан-жануарларға зұлымдық жасамайды, киелі дүниелерге зор құрметпен қарайды.

КИЕҢКІ *Қарақаптал ауруының салдарынан жылқының үстіңгі ернінің бір жағына қарай қисая тартылып кететін ауруы.*

КИРЕҢ *Жылқы, түйе малында кездесетін қарақаптал ауруының бір түрі.*

КИІЗ КІТАП 1. Байырғы дәуірде жазу-сызу, таңба - белгілер басылған жұқа киіз. Өз дәуірінде қазақтың байырғы ру-тайпалары сол кездегі дәстүрге лайық, жазу материалы ретінде сүйек (жауырын), тері (ала қойдың терісі), сондай-ақ, жұқа етіп басылған киізді жазу-сызу, белгі-таңбаларды түсіретін материал ретінде пайдаланған деген болжам бар. Осылардың ішінде *киіз кітап* атауы халықтың тілдік санасында сақталып қалған. Киізді, сүйекті, теріні жазу-сызу материалы ретінде абыз, балшы, жұлдызшы, есепшілер пайдалануы мүмкін. 2. Ислам дінінің қазақ даласында таралуымен байланысты, байырғы мәдениеттің бұндай өкілдері қоғамдық-мәдени өмірден бірте-бірте шеттетіліп, олардың жазу-сызу дәстүрін басқа жүйедегі жазу-сызу ығыстырды. Қоғамдық өмірде діни сананың өзгеруі, идеологиялық құндылықтардың ауысуымен байланысты *киіз кітап* атауы жағымсыз мәнді реңк алды. Біреудің айтқанына сенбесе, «*қай киіз кітабыңнан оқыдың*» деген фразеологизм мысқал мәнде жұмсалып та келді.

КИІКТІҢ МОЙЫН ЖУАРЫ 1. Кейбір өңірлерде **киіктің белбасары**, **киіктің бықсымасы** деп аталатын амал. 2. Дерек берушілердің айтуынша, желтоқсанның он төрті мен қаңтар арасында келетін амалды осылай атайды. Бұл кезде киіктер үйірге түсіп болған соң, текелері «жуынып, тазаланады», әйтпесе көзі көрмей өледі екен. Осы кезде жел тұрып, қар түспесе, текелер қырылып қалады дейді. Мәселен, 1984 жылы киіктің матауы кезінде жауын болмай, олар қырылып қалған. Оның дәлелі ретінде келер жылы далада киік текелерінің басы (мүйізді басы) далада қаптап кеткен.

КИІМШЕҢ БАЛА 1. Шешесімен бірге еріп келген бала. Әмеңгерлік салты бойынша, күйеуі өлген жесір әйел бір жыл өткен соң қайнысына немесе қайын ағаларының біріне әмеңгерлікпен тимей, сыртқа бөтен біреуге кеткен жағдайда шешесімен бірге еріп келген баланы киімшең бала деп атаған. Бұл ортамызда тумаған, яғни, иткөйлегі басқа деген мағынаны білдіреді. Алайда, ол бала барған ортада ержеткен соң, басқа балалардай еншіге құқылы болды.

КӨБІК ҚАРДА БІР ТОЙДЫМ, КӨКШЕ ҚАРДА БІР ТОЙДЫМ Қыс түсерде бір тоя жедім, қыс шыққанда бір тоя жедім деген мағынаны білдіретін тұрақты сөз орамы. Бұл көрсетілген мағына аталмыш сөз орамының тілдік, яғни фразеологиялық мағынасы, басқаша айтқанда тілдік семантика деңгейіндегі үстірт мағына. Сөз орамының этномәдени сментика деңгейіндегі астырт мағынасы да бар. Алайда, екі деңгейдегі - тілдік және мәдени

семантикалық деңгейдегі мағыналар өзара бір-бірімен тығыз байланысты. Әдетте көптеген сөз орамының, басқа да тілдік бірліктердің тілдік семантика деңгейіндегі мағыналары тіл мамандарына белгілі болғанымен, оның астырттығы, яғни мәдени семантика деңгейіндегі мағыналары көмескі немесе мүлде белгісіз болуы мүмкін. Халық тілінің лексика-фразеологиялық қорындағы *көбік қарда бір тойдым, көкше қарда бір тойдым* деген фразеологизмнің этномәдени деңгейдегі мағынасын дәлме-дәл айқындау оңай емес. Бұл ретте аталмыш сөз орамының мәдени-семантикалық өрістегі астырт мағынасындағы кодқа салынған ақпараттарды ашу арқылы айқындау тәсілін ұсынамыз. Алдымен, тұрақты сөз орамындағы *көбік қардың* лексикалық (тілдік) мағынасын айқындауға тура келеді.

Көген басы. *Тұңғышы ұл, әкесінің тұңғышы.*

Көген түбі. *Кенже ұл, әкесінің кенжесі.*

КӨГЕНГЕ АСЫЛУ 1. Жүкті әйел толғатқанда керегеге керулі арқанға кеудесімен асылып осанудың екінші атауы. Көгенге асылу атауы жас төлге қолданатын бұйым – көгенге байланысты қалыптасты деп айтуға болады. Өйткені, көген дәстүрлі қазақы ортада көбею, өркендеу идеясын білдіреді. Көген киелі саналғандықтан жайшылықта жас балаларды оның маңына көп жолатпаған. *«Көгенге асылатын көзің қарауытып тұр ма?»* – деген ырым-тыйымның болуы осының айғағы.

КӨГЕНТҮБІ, ТӨЛБАСЫ поэт. *Ескі кезеңнің аяғы, жаңа кезеңнің басы.* Мен XIX ғасырдың *көгентүбі*, жиырмамыншы ғасырдың *төлбасымын*. Әкем кедей, шешем сауыншы екен (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 52-б.).

КӨГЕНТҮП / КӨГЕНДІК 1. Дәстүр бойынша нағашы жұрттың алғаш төркіндеп келген қызға немесе жиенге ырымдап сыйға берген малдың төлі. Қазақы ортада бұл ғұрып жиеннің нағашы жұртына алғаш келгені үшін *бәсіре*, мал атау дәстүрі *жиенқұрық* деп аталатын ғұрыпқа ұқсас. Малдың төлі қашанда береке-байлықтың бастауы саналатындықтан, көгентүп беру ырымының ғұрыптық мәні ерекше. 2. Көгентүп беру – туған-туыс арасындағы татулықты сақтайтын, бір-біріне деген құрметті, ізеттілікті арттыратын тәрбиелік астары бар қазақы ортада ежелден орныққан жосын. Малды ауылдарда аталмыш дәстүр әлі күнге дейін сақталып келе жатыр.

КӨГЕНТҮП з а т. э т н. 1. Қозыға ен салған күні үлкен үйдің отауларға, балаларға беретін қозысы.

КӨГЕНШАР 1. Жиеннен тараған бала. Қазақтың дәстүрлі туыстық атауларының ішінде *«жиеншарға»* ұқсас *«көгеншар»* деген бар. Бұл нағашы жұртына қатысты қолданылатын атау. Ұзатылған қыздан туғандар *«жиен»*, одан *«жиеншар»*, жиеншардан *«дегеншар»*, осы дегеншардан туғанды *«көгеншар»* деп атаған. Көгеншардың нағашы жұрт ортасында алатын орны ерекше, яғни, жиен, жиеншар сияқты ерекше құрметке бөленді.

КӨДЕ: САДАҚ КӨДЕ *Қыр оты.* Көктемде мал жейді. Гүлдеген кезде садақ көде өскен жайылымға мал жаймайды.

КӨЗАҚЫ 1. Қандай бір жақсыны алғаш көрген адамның басқаларға көрсеткені үшін алатын кәдесі. Дәстүрлі ортада келінді алғаш рет көргені үшін де жақын-туыстарынан Көзақы алатын болған. Көзақы жүйрік ат, жаңа

киім, жаңа бұйымдарға беріледі. Кәде ақшалай да, заттай да берілген. Ел арасында «*көргеннен көз ақы аламын, естігенімнен сөзақы аламын*» деген сөз осыдан қалса керек.

КӨЗЖАМБОЗ ә с к е р и. *Көз шалғанын бірден қағып түсіретін ат үстіндегі мергендік.* Көзжамбоз көздеп тұрмайды, атқанын күр жібермейді.

Көзшалым. *Көзге көрінер (жер).* Балалар *көзшалымнан* ұзаған соң, Зарлана бар даусымен айқай салды (Бабалар сөзі, 5-т., 293-б.).

КӨК АЙҒЫРДЫҢ КІСІНЕУІ 1. Көктем мезгілінде күннің алғаш күркіреуі. 2. Күннің күркіреуін ертедегі қазақтардың шамандық түсінігі бойынша періштенің айқайы, ал найзағайды оның оғы деп түсінген. Табиғаттың бұл құбылысы, шайтандарды қуып жүріп атқан дейді. Күннің алғаш күркіреуі қазақтар үшін жақсылықтың басы, яғни, жаңғырудың нышаны деп санаған. Ертедегі деректерде мұндай құбылыс кезінде ерекше ғұрыптық шара өткізілгендігі айтылады. Алғаш күн күркірегенде отағасы далаға шығып «*көк айғыр кісінеді*» деп дауыстайды. Ал, әйелдер қолына шөмішті ала салып, киіз үйді айнала жүгіріп сабалап «*сүт мол, көмір аз*» деп дауыстайды. Үйге қайтып кірген соң, шөмішті керегеге қыстырып қояды. Ал кейбір деректерде күн күркірегенде босағаға сүт құяды дейді. Осы атқарылатын жоралар молшылық болсын деген игі ниеттен туған болса керек. Яғни, өркендеу идеясын білдіреді.

КӨК ЕГІС **І т і л д і к к о д.** Ерте жиналатын дәнді дақылдың жиынтық атауы. **ІІ м ә д е н и к о д.** Кеш егіліп, ерте жиналатын тары дақылы. Сондай-ақ кейінгі кезде бұл ұғымға *жүгері, үнілмәлік* тәрізді дақылдарда жатады.

КӨК ЕСЕКПЕН САУДА ЖОҚ **І т і л д і к к о д.** Ертеңімен ісі жоқ. **ІІ м ә д е н и к о д.** «Ертеңгі сауда – сауда, кешкі сауда – қауға», «.. көк есектің саудасы ертеңгі сауда сияқты фразалар: өмір – сауда, оның ертесі жақсы, – дегенді меңзейді. Ал ақын бұл арада көк есек саудасындай тірлік саудасынан қалған көңілді айтып отыр).

КӨК ЖАҒЫН 1. Егіншілік ғұрыптар санатындағы құрбандық шараларының бірі. Егістегі дән қылтиып, қауыз жара бастаған кезде өткізіледі. 2. Көк жағын шарасы жаңа өсіп келе жатқан дәнге тіл-көз тимеуін және алуан түрлі пәле-жала жабысудан сақтайды деп есептеледі. Сондай-ақ, түрлі қатер мен апаттардың алдын алу үшін маңызды дейді. Деректерге қарағанда, көк жағын көбінесе, жұма күні егіс басына ауылдың ақсақалдары мен диқандар жиналып, құрбандыққа мал шалады. Малдың қанын суға араластырып егіс алқабына шашады. Қалыптасқан үрдіс бойынша, құрбан малының терісі мен бас сүйегін егістік басына іліп қойса, зиянды күштерді егіс алқабынан жоламайды деп сенген.

КӨК ҚАРУ 1. Құрыштан дырылған болаттан жасалған жауынгерлік қару-жарақтардың ортақ атауы. Мысалы, халық ауыз әдебиетінде кездесетін сүңгінің бір түрін көк сүңгі деп атаған. Бірақ, бұл сүңгінің жеке түрінің атауы емес, тек оның жасалған материалының құрыш темірден жасалғандығын білдіреді. Мұндай сөз қолданысы, халық ауыз әдебиет үлгілеріндегі поэтикалық көркем тәсілге тән.

КӨК ҚОШҚАР I т і л д і к к о д. Құрбандыққа шалынатын еркек қой.
II м ә д е н и к о д. Құран кәрімдегі аңыз бойынша Ыбырайым пайғамбарға түсінде ұлы Ысмайылды Алла тағала құрбандыққа шал деген аян береді, Ысмайыл бұған әзір еді.

КӨК ӨГІЗ 1. Аңыздар мен мифтерде кездесетін жа-нуар, мифтік бейне. Көк өгіз жер-жаһанның жаратылуы туралы аңыздарда айтылады. Жер бетіндегі зілзаланы және ақырзаманды онымен тікелей байланыстырады. Ертедегі аңыз бойынша Жердің сілкінудің себебін былай деп түсіндіреді: «*Жеті қат Жер мен жеті қат*».

КӨК САУЫР ЕТІК [КЕБІС] I т і л д і к к о д. Сауыр терісінен өңделген былғарыны көк түске бояп, жылтыратып тігілген қонышты аяқкиім.
II м ә д е н и к о д. Әдетте байырғы қазақ қоғамында көк түсті киім, оның ішінде көк етік иесінің дәулетті, текті әулеттен екенінің белгісі болып саналған].

КӨК ТӘҢІРІ 1. Түркі елдерінің, оның ішінде қазақ халқының дәстүрлі тәңіршілдік дініндегі шексіз аспанның иесі немесе өзі – Құдай, Жаратушы. Тәңірі сөзіне көк сөзін қосып атау, кейде көктің тәңірісі, күллі әлемнің жаратушысы әрі бірден-бір әміршісі дегенді білдірсе керек. Өйткені, *көк – түпсіз, шетсіз тұңғиық аспан әлемі, әуе, тіпті, күллі әлем әрі барлық игіліктің бастауы, галамды билеуші Жаратқанның төрі, тұрағы, яғни, жоғарғы әлем* дегенді де білдіреді.

КӨКАЛА ҮЙРЕК 1. Дәстүрлі қазақы дүниетаным жүйесінде адамның жанының символы ретінде орнықты. Фольклорлық дәстүрде ақын мен жыраудың шығармашылық рухының бейнесі, кейде жебеушісі ретінде де әспеттелінеді. Көшпелі ортада адамның түсінде Көкала үйректің жоғары шарықтауалда болуы мүмкін жаманшылықтың нышаны деп жорыды.

КӨКАЛЫМ 1. Жайылымды пайдаланғандығы үшін патшалық әкімшілікке төлейтін салық атауы. Қазақстанның Шығыс және солтүстіктің кейбір өңіріндегі жергілікті қазақтардың арасында ғана XIX ғ.-дың екінші жартысында кең тараған. Мысалы, Павлодар уезіндегі жергілікті қазақтар мал азығын қамтамассыз ету мақсатында қазақ жерлеріндегі жайылым үшін бір шаруашылық ауыл мал басының санына қарай 30 тиыннан 4-5 сомға дейін көкалым салығын төлеген. Көкалымды төлеуді ұйымдастыру ауылнайдан (старшын) бастап, аға сұлтанға дейінгі орыс билігінің келісімімен сайланған ресми лауазымды адамдарға жүктелеген.

КӨКБҰЙРА э в ф е м и з м. *Насыбай. Қызылдаттып қыранын, Өзі де басып құмарын Көкбұйраны атқаны* (Мадияр, 425).

Көкектен басқа құсы жоқ, көкпектен басқа шөбі жоқ. *Асан Қайғы айтқан жердің сыны. Шаһар салып қоныс тебуге қолайлы емес дегенді меңзейді.* Сөз орамы көкек (бәбісек) пен көкпектің арасындағы табиғи байланысқа орай айтылған. Көкек (бәбісек) әдетте ұя баспайды, жұмыртқасын көкпектің түбіне көміп кетеді. көкпектің түбіне көмген жұмыртқасынан балапан шығады.

КӨКЖОРҒА *Түйе малында кездесетін аяқ-буын аурулары.*

КӨКҚАРҒА *Көгілдір реңкті құс.* Байырғы кезде емшілер *көкқарғаның* қауырсындарын қайнатып, көкжөтел тиген балаға ішкізген. Діни әпсаналарда жұмақтан қуылған Адам Атаға *көкқарға* Меккеге баратын жолын көрсетіп жолбасшы болғаны айтылады.

КӨКҚҰТАН *Қамысты таяз суларды мекендейтін көк түсті ұзын сирақ жыл құсы.* *Көкқұтанның* қанатынан сұлтандар баскиім тіктіріп киген.

Көкқұтанның қанаты. Көкқұтанның қанатынан сұлтандар баскиім тіктіреді («Бабырнама», 168).

КӨКПЕК **І т і л д і к к о д.** Аласалау ғана келген, аса биік емес, тамыры жуандау таралып өсетін өсімдіктің атауы. **І м ә д е н и к о д.** жергілікті қазақтар кезінде көкпекті қазып, тамырын отынға пайдаланған. Көкпек өсетін жақта тал-ағашқа тимеген. Ауылдың қадірлі қариялары тал-теректі берекесіз пайдалануға рұқсат етпеген. Халықтың экологиялық танымы бойынша көкпек өсімтал, ал ағаштың өсіп жетілуі үшін ондаған жылдар керек. Сондықтан ағашты отын ретінде оңды-солды бұтауға, ысырапқа жол бермей, көкпекті отын ретінде пайдаланған. Отарлаушылық кезеңде қазақ жеріне келген казактар әскери бекіністерін сала бастаған кезде, олар жергілікті тұрғындарды жалдап, көкпекті қаздыртып, отынға пайдаланған. Қазақ сахарасында ойлы-қырлы, саз-балшықты, сорлы-сортаңды жерлер де кездесіп отырады. Жер танымаған жолаушының көлігі сорлы-сортаңға ұрынып, жол азабын шегеді. Қазақ жерін аралауға келген саяхатшыларға жергілікті тұрғындар жол ыңғайын көрсетіп, сор-сортаңға ұрынбас үшін көкпекті жерлермен алып жүрген. Өйткені көкпекті жер қатқыл көліктің жүруіне қолайлы болған.

КӨКПЕК *Қабығы сұрғылт қоңыр түсті, жапырағы қалыңдау, дәні жалпақ, дөңгелекше келген, биіктігі тізеге жететіндей шалабұтаға жататын ащы қыр оты.* Көкпек далалы, шөлейт аймақтарда, тау етегінің жазық тұстарында, сондай-ақ ойпақ бопыр топырақты жерлерде, өзен-су аңғарларында көбірек кездеседі. Жас кезінде көкпек улы болып, малдың (қой, түйенің) жеуіне жарамайды. Халық тілінде «*көкпек жеген түйедей дөңбекшиді*» деген сөз орамы осыны аңғартады. Түйе мен қой көкпекті қара күзге таман қазанның суығы ұрып, жаңбыр шайғаннан кейін сүйсініп жейді. «*Көкектен басқа құсы жоқ, көкпектен басқа шөбі жоқ*» деп Асан Қайғы айтыпты деген сөзден *көкпек пен көкектің* (сасық көкектің) арасында себеп-салдарлық табиғи байланыс барлығы аңғарылады. Өйткені ұя баспайтын *сасық көкек* (бәбісек) жұмыртқасын көкпек түбіндегі ыстық бопыр топырақты жерге көміп, балапан өрбітетін көрінеді.

КӨКПЕК *Малдың күзден көктемге дейін жейтін маусымдық қара оты.*

КӨКПЕК **х а л ы қ . б о т.** *Түздің ұлы шөбі.* Көкпек қазанның суығы ұрғаннан кейін қара малдың (түйе, қой-ешкінің) жеуіне жарамды болады. Көкпекті жасаң кезінде жеген түйе уланып қалады. *Көкпек жеген түйедей дөңбекшиді* деген сөз орамы осыны аңғартады.

КӨКСАМЫРСЫН (пихта) *Емсектердің уа болған жылқыны емдеуде қолданатын дәрулік.*

КӨКТЕН ТҮСКЕН КӨК ҚОШҚАР д і н и. Ибраһим пайғамбарға түсінде «ең жақсы көретініңді құрбандыққа шал» деген аян келіп, сүйікті ұлы Исмайылды хақ жолында құрбандыққа шалмақ болғанда, «ұлың аман калсын» деп, Хақтағала көктен көк қошқар түсірген дейді. Содан қой пейіштің малы деп, құрбандыққа шалып қан шығаратын болған деседі.

КӨКТЕН ТҮСКЕН ТӨРТ КІТАП І т і л д і к к о д. *Тәурат, Зәбур, Інжіл, Құран кәрім.* П м ә д е н и к о д. Діни ұғымда *Тәурат* Мұса пайғамбарға, *Зәбур* Дәуіт пайғамбарға, *Инжіл* Иса пайғамбарға, ал *Құран кәрім* Мұхаммед пайғамбарға Алла тағаланың жіберген кітабы. Көктен түскен төрт кітап халық тілінде *шар кітап* деп те айтылады.

КӨКТЕУ *Көктемде мал жайылатын жер, мал төлдейтін орын. Малды ауылдың көктемгі, қыстауға жақын қонысы.* *Көктеу* тақырлы, қара сулы күнгеілі жерлер болып келеді. Бұндай жерлердегі қар тез еріп, шөбі ерте көктейді. Көктеудің оты раң, бақбақ, қызғалдақ, сарғалдақ, көк жусан, боз, бетегелі болып келеді. Малдың аузы раңға тиісімен, раң етін алады, тез әлденеді. Малдың аузы көкке тойып, елдің аузы аққа кенеле бастайды. Алайда көктеудің оты маусымдық, күн ыси түсіп, көктеудің оты кете бастайды. Ел жайлауға көшуге дайындық жасайды. Ел жайлаудан көшіп келгенше от тыңайып күздеуге айналады.

КӨКІЛТАШ з а т. к ө н е. э т н. 1. Хан-сұлтандардың мұрагерін тәрбиелеуші.

КӨКІРЕК МАҢҚА *Маңқа ауруының бір түрі.*

КӨЛ¹ 1. Үлкен ағынсыз, су алмасуы өте баяу, тұйық, су айдындарының атауы. Көлдер су құрамына қарай ащы, тұщы болып келеді. Көл суы, Көлдің маңы, бағзы заманнан мал шаруашылығымен айналысқан қазақтарға жылдың қай мезгілінде болсын ыңғайлы қоныс орны болып келді. Осыған орай қазақ жеріндегі көлге байланысты атаулардың бәрі судың, маңайындағы жерінің сипаттамасын берумен қоса, позитивтік мағынаға толы болып келеді.

КӨЛБҰҚА 1. Су құсы – әуілдектің халық тіліндегі бір атауы. 2. Әуілдек түнде өгіздің өкіргеніндей қорқынышты үн шығарады. Атауға өкірген бұқаның даусы негіз болған.

КӨЛТАУЫСАР / КӨЛЖҰТАР 1. Қиял-ғажайып ертегілердегі көл суын ұрттап тауысатын мифтік кейіпкердің атауы. Ол теңіз суын бірақ ұрттап, құрғатып тауысатын үлкен әлеуетке ие деп суреттеледі. «*Ер Төстік*» ертегісінде көлтауысар жер асты әлеміндегі кереметтерді жасай алатын *саққұлақ, мерген, желаяқ* бірге бас кейіпкерді қолдап-қолпаштап, оның жер бетіне аман-есен, олжалы қайтуына көмектеседі. Фольклортанушы В.Я. Проптың пайымдауынша, бұл кейіпкерлер табиғаттың дүлей күштерінің кейіптелген бейнесі.

КӨЛІК МАЙЫ / КӨЛІК АҚЫСЫ 1. Дәстүрлі ортада мініс және жүк тасымалдау үшін пайдаланған мал мен жегін құралдарын пайдалану үшін төленетін ақы. 2. Ертеде қазақ арасында мінерге атты, көшерге көлігі болмаған жағдайда бір-біріне қол ұшын беріп көмектескен. Шаруашылық жұмыстарға немесе мініске жарамды малы болмаған жағдайда өзгелерден

уақытша мерзімге пайдалану үшін туыстарынан көлік малдарын алып пайдаланған. Көлікті иесіне қайтарғанда жақын ағайын-туыс арасында тек алғыс айтумен шектелген. Алыс туыстарға ырымын жасап көлік майы депсый түрінде азын-аулақ заттай кәде берген.

КӨМБЕ¹ 1. Жер астына арнайы көмілген құнды бұйымдардың қоймасы. 2. Ертеректе ауқатты адамдар басы артық әшекей бұйымдарын, алтын-күміс сияқты қазыналарын сақтау үшін жерге көміп, оны құпия сақтайтын болған. Көмбеге негізінен алтыннан, күмістен, асыл тастардан жасалған бүлінбейтін бұйымдар көмілетін болған. Көмбе үшін өзге адамдардың көзіне тез түсе қоймайтындай, су шайып бүлдірмейтіндей жерлер таңдалған. Қазақта «*көмілген алтын-күмістер жердің астына батып кетеді*», деген түсінікке байланысты ондай бұйымдарды киізге орап немесе қыш құмыраға, сандықшаға салып көметін. Қазына көмілген көмбелерді қазынаның иесі мен тиісті адамдары ғана білгендіктен, көп уақыттан кейін ұмытылатын. Қазан төңкерісіне дейінгі орыс тарихнамасында қазақ даласындағы Көмбелерді іздестіретін адамдар, соның ішінде, қазақтар жөнінде арақидік болса да, мәліметтер кездесіп қалады. Олардың арасында төмендегідей сөз орамдары қалыптасып, бүгінгі күнге дейін жетіп отыр: «көмбені не көмген алады, не көрген алады» немесе «көмбенің иесі екеу: біреуі көмген, біреуі көрген» және т.б.

КӨМБЕ² 1. Азық-түлік, дүние мүлікті уақытша сақтау үшін жерден арнайы қазып жасалған орын. Мұндай орындар кейде *ұра*, *қойма* деп те аталады.

КӨМБЕ³ / **МӘРЕ** 1. Ат жарысында сәйгүліктердің жіберілетін және тосып алатын орын және ат шауып өтетін қашықтықтың екі шетін белгілейтін атау, ең шеткі межелер. 2. Қазақы ортадағы тілдік қолданыста ат жарысының басталатын және аяқталатын жеріне қатысты көмбе ұғымымен бірге *мәре*, *меже*, *сөре*, *қарақшы* сияқты атаулар да қолданылады. Тілдік және этнографиялық мәліметтерге ден қойсақ, бұл атаулар бір-бірінің орнына қолданыла беретіндігі байқалады және оның өзіндік себептері де бар. Ат жарысында кездесетін көмбеге жақын келесі бір межені *келе* деп атайды. Қазақ арасында қалыптасқан ат жарысының ережесі бойынша *келеге* жеткен бәйге атына *көтермелеу* мүмкіндігі беріледі. Келе мен көтермешілер әр жарыстың алдында келісіліммен анықталады.

КӨМБЕ⁴ 1. Етті қазылған шұңқырдағы қоламтаға көміп, өз сөліне бұқтырып пісіру тәсілі.

КӨМБЕ⁵ 1. Отты неғұрлым ұзақ сақтау үшін шоққа көмілген тамызық түрінің атауы. 2. Ертеде көшпелі ортада отты қайта тұтату үшін шоқты сақтауға тырысқан. Ол үшін кеппеген жас тезек, ылғал сіңген көң немесе сексеуіл, көкпек сияқты отындық ағаштарды қоламтаның астына көміп қояды. Мұндай тамызық түрі біршама ұзақ уақыт қозданып жатады. Қажет болғанда осы көмбені күлден аршып алып, құрғақ шырпы, шөпшек тастау арқылы от тұтатқан. Мұндай көмбені әйел адамдар жиі-жиі су ысытып, тамақ жасау керек болғанда және ұсталар көрік жағуға жиі пайдаланған. Қазақта кездесетін отқа су құйып өшірмей, топырақпен, күлмен көміп қою да

қиындықсыз от тұтатып алу дан туындаған салт болса керек.

КӨМГЕН БАСЫМ БАР 1. Қойған белгім бар деген мағынада. 2. Ертеректе жаңа жайылым, қонысқа басқалардан бұрын келіп, сол жердің ендігі иесі екендігін білдіру үшін сол жерге малдың басын көміп қоятын әдет болған. Кейбір аймақта «шөптің басын буу» деп атаған.

КӨМЕК / КӨМЕКТЕСУ / КӨМЕК БЕРУ 1. Қазақ қоғамындағы қауымдық, ұжымдық өмірдің басты қағидасы, адамдардың бір-біріне қолдау, жәрдем, демеу көрсетуі. 2. Ертедегі қазақ қоғамын көмексіз көзге елестету мүмкін емес. Өйткені қазақы ортада әрбір әулетке, тіпті жекелеген адамға қатысты жағдайлар, жақсылық - жамандықтың барлығы руға ортақ саналған. Сондықтан, қуаныш пен қиыншылықтарға және шаруашылық қарекетінде туындаған қажеттілікке жақын туыстардың, тіпті рудың жұмыла көмек жасауы бұлжымас міндетке айналған. Кез-келген адам қажет болғанда туыстарынан, руластарынан көмек сұрай алған. Сонымен қатар, көптеген жағдайларда жақындарының көмекті ешбір сұраусыз жасауы міндетті болып, нәтижесінде сан алуан салт- дәстүрлер қалыптасқан.

КӨМЕКЕЙ ҚҰРТ *Түйе малында кездесетін өкпе ауруы.*

КӨНЕК ¹ з а т. э т н. 1. Ірі қара малдың бас не мойын терісінен жасалған, бие саууға не құдықтан су алуға арналған шүмегі бар ыдыс.

КӨНЕК ² з а т. э т н. 1. Той-томалақта құдаларға табак тартқанда алынатын кәденің түрі.

КӨНЕНІҢ КӨЗІ / ЕСКІНІҢ КӨЗІ 1. Өткен өмірдің куәгері саналатын қарт адамдар мен ескі бұйымдарды білдіретін ортақ ұғым. Көнненің көзі қатарында ертерек заманда қолданыста болған, өзінің пошымы, сымбаты, түр-түсі мен жасалу ерекшелігі өзгеден айырықша заттар жатады. Ата-бабадан сақталып жеткен Көнненің көзі деп саналатын жәдігер қатарына көбінесе киім-кешек, қару-жарақ, ер- тұрман, музыка аспаптары, ыдыс-аяқ, әшекейлік және басқа да түрлі бұйымдар жатады. Әсіресе, халқына беделді жандардың, сондай-ақ, батырлар мен ұзақ жасаған адамдардың тұтынған заттары айрықша қасиетті деп саналған.

КӨНҚОТЫР *Мал терісінде кездесетін ауру.*

КӨНТЕК *Малда кездесетін тері ауруы.*

КӨНШЕЛЕК *Малдың тұтас сыпырылған терісінен жасалатын ыдыс (Қара: Көнқауға.)*

КӨНШЕЛЕК *Тұтас мал терісінен жасалған төменнен су тартатын ыдыс.*

КӨҢІЛ АЙТУ / ЖАҚСЫ СӨЗ АЙТУ / ЖҰБАТУ/ ҚАЙЫРЛЫ БОЛСЫН АЙТУ 1. Қайғы-қасіретке душар болған жандардың қайғысына ортақ екендігін білдіріп, *жақсы сөз* айтып, көңілін аулау дәстүрі. 2. Ата - баба жолының бұлжымас қағидасына айналған бұл үрдіс бойынша қайтыс болған адамның жақындарына барлық өзге таныстары көңіл айтуға міндетті саналады. Көңіл айтудан бұрын қаза туралы естімеген жағдайда алдымен марқұмның жақындарына *естірту* салты атқарылады. Естірту үшін елге сыйлы, ата-баба жолын жақсы білетін бір адамды ертіп келіп, қазаны тұспалдап жеткізеді. Естіртудің соңы тоқтам мен сабырға шақыруға және көңіл

айтуға жалғасады.

КӨНІЛ СҰРАУ / АУРУДЫҢ КӨНІЛІН СҰРАУ 1. Дәстүрлі ортада қалыптасқан этикалық нормалардың бірі. 2. Науқастанып жатқан адамның жай-күйін білу, көңілін аулап, рухани дем беру жорасы. Қалыптасқан үрдіс бойынша, науқас адамның көңілін сұрау оны құрметтеу, сыйлаудың белгісіне саналады. Сондықтан, көңіл сұрау науқастың жақындары мен көңіл жетер сыйлас адамдары, ел-жұрты алыс болса да арнайы жол жүріп жетеді. Көңіл сұрай келген адам үйінің дәмін (тағамын) немесе сыбағалы кәдесін я болмаса жеңсік ас ала келеді. Мерттіккен адам жеті үйдің дәмінен ауып тисе, ауруынан тез айығады деп саналады. Ауруға шипа боларлық емін білсе оған қажетті затты ала келуге тырысады.

Көңілді сөз көтереді (Бабалар сөзі, 4-т., 54-б.).

КӨНІЛШАЙ 1. Жақыны қайтыс болған адамдарды арнайы үйге шақырып, қонақ етіп, сый-сияпат көрсету салты. 2. Көңілшайға қаралы отбасының мүшелері мен оның жақын ағайындары және өзге де жақын адамдар шақырылады. Мұндай дәмге шақыру – олардың қайғысын жеңілдету жолының бірі деуге болады. Қайғылы жандардың көңілін марқайтып, санасын серпілтетін, көңілді әңгімелер айтады. Марқұмға арнап дұға бағыштап, кейбір жағдайда пара құран аудартып, қатым түсіру де кездеседі. Көңілі мен дәулетіне қарай, қайғылы жандарға тарту-таралғы, кәде жасау да ұшырасады.

КӨП ЖАСА 1. Үлкен кісілердің жасы кішілерге ризашылығын білдіру мақсатында айтылатын алғысы. Оның негізгі мәні ұзақ ғұмыр тілеу болып табылады. Ол үлкен адамның қолына су құйған балаға, атқа демеп мінгізген адамға, сәлем берген келінге және т.б. жағдайларда жиі айтылады.

КӨПЕЙ / КӨРПЕШ / КӨРПЕЛДЕС 1. Мезгілінен кеш, кенже туған төлдерді білдіретін атау. 2. Малдар төлдеп болғаннан кейін өзгелерінен кешірек туған көпей өзгелерге қарағанда кішілеу болады. Ол, көбінесе қой-ешкі төліне қатысты айтылады (*көпей қозы, көпей лақ*). Көшпелі шаруашылық жағдайында кеш туған мал төлі қыста аязға дейін денесі толысып, қоң жинап үлгермейтіндіктен шығынға ұшырау жағдайы жиі кездеседі. Сондай-ақ, бағу және көшу кезінде К. қиыншылықтар тудыруы мүмкін.

Көпті көрген дана (болады), қартая келе бала (болады). *Ұзақ жасаған жандардың кейбір мінез-қылықтары балаға ұқсап кетеді.*

КӨПШІК ҚЫСТЫРАП 1. Дәстүрлі неке салтындағы кәде атауы. 2. Құдандалықта келісілген қалыңмал мөлшерінің белгілі бір бөлігі берілген соң күйеу жігіттің қалыңдығының ауылына баруына рұқсат етіледі. Оған ауылдан аулақ жерге *күйеу шатыры* тігіледі. Сонда аялдаған күйеу жігіт жолдастарына атын жетектетіп жібереді. Ауылдың қыз-келіншектері қалыңдықты күйеу жігітке кездестіруге ертіп келеді. Күйеу жігіттің атына мінген қыздың жеңгесінің бірі аткөрпенің астына әдейі бастырылған К. қ. деп аталатын кәдесін алады. Ол үлкен кәде емес, көбінесе, көйлектік мата шамасында болады. Сонымен қатар, күйеу жігіт тарапынан *шатыр байғазы* және т.б. кәделер беріледі.

КӨР АҚЫСЫ 1. Көр қазғаны үшін берілетін ақы, кәде. Өлікке жасалатын сауаптың бірі – қабір қазу. Сондықтан, қабір қазушылардың еңбегі зор деп бағалап, көр ақысы беріледі. Көр ақысына көбінесе көйлек, орамал, ақша беріледі. Үлкен қалаларда көр қазушылар маманданған кәсіби адамдар болды.

КӨР БӘЙГЕ 1. Марқұмның жерлеуінен кейін ұйымдастырылатын бәйге түрі. 2. Бәйгенің бұл түрін дәстүрлі қазақы ортада көбінесе жасы үлкен елге сыйлы, ауқатты, атақты, батыр адамдарды жерлегенде ұйымдастыратын болған. Қазақ этнографиясы туралы Ресейлік көрмеге арнап көлемді мақала (1872) жазған башқұрт оқымыстысы И.И. Ибрагимов еңбегінде жерлеу рәсімі аяқталғаннан кейін К.б. ұйымдастырылатындығы туралы айтады. Құрбанғали Халидтің жазуына қарағанда, марқұмның жылдығына дейін шағын ас беріп, ат шаптыру ұшырасқан және ондай бәйгені «*бел басы*» деп атаған.

КӨР ТОПЫРАҚ БАССЫН 1. Ауыр қарғыс түрі. 2. «Көзіңе көр топырақ кіргір» деген қарғыс та кездеседі. Алайда қарғыстың бұл түрін дәстүрлі ортада көп қолдана бермеген. Ол тек қатты ренжіп, ашуланғанда лажы болмай, шектен шыққан дәстүрлі норма мен принциптерді орындамаған адамға қаратыла айтылады. Қарғыстың түпкі мәні қазақы ортадағы тіршілік пен қыямат-қайым, өлімнен кейінгі «өмір» туралы дәстүрлі түсінікке байланысты ғана айтылған. Аталмыш қарғыс *көр азабын көр, көр азабын тарт* деп келетін қарғыс сөздерімен мәндес – өмірің таусылсын, өлім бұйырсын дегенді білдіреді.

КӨРГЕНДІ / КӨРГЕНДІЛІК 1. Лексеманың тілдік семантика деңгейіндегі мағынасы көріп білгені, көңілге түйгені көп (адам) дегенді білдіреді. Аталмыш атаудың мәдени семантика деңгейіндегі мағынасы жастары үлгілі, өнегелі жерде өскен, көргенін көңіліне тоқып өскен адам дегенді меңзейді.

КӨРГЕНДІ, КӨРЕГЕНДІЛІК Атаудың тілдік семантика деңгейіндегі мағынасы «көріп білгені, көңілге түйгені көп (адам)» дегенді білдіреді. Аталмыш атаудың мәдени семантика деңгейіндегі мағынасы қазақ тұрмысындағы ерекшелігіне байланысты қалыптасқан отбасы дәстүрі бойынша ер бала ат жалын тартып мініп, мінісімен оны әкесі (көбіне атасы) өзімен ілестіріп жүреді. Келген қонақтарды қарсы алу, оны күту, олармен әңгіме-дүкен құру, сый-сияпат көрсету, аттандыру, үлгілі, өнегелі сөздерді тыңдауға баласын бейімдей бастайды. Ойын баласы ойнай жүріп, осыларды көңіліне тоқып та жүреді. Дәстүрлі тәрбиеде бала ат жалын тартып мінгеннен бастап, әкесі (көбіне атасы) ел арасына өзімен бірге ала жүреді. «Атаң барда ел таны еріп жүріп, атың барда жер таны желіп жүріп» деген мақалдың мазмұны осыны аңғартады. «Олай істеме, бұлай істе» деп, императив түрде ақыл айтпайды. Бала жүрген жерінде көріп-білгенін көңілге түйіп отыруға тиіс. Ел ішінде көрген үлгі-өнегесі, білгені оның санасында орныға бастайды. «Көргені жақсы көш бастар» деген мәтел осыны меңзейді. *Бала әкесіне үйде жүріп, әртүрлі мазмұнда сұрау қоя білуі баланың көрген-білгенін қорытып, көңіліне түйгенінің нышаны болып табылады. Сөйтіп, бала есейгенде көргенді тұлға болып қалыптасады.*

КӨРКЕБІН 1. Ертеде дәстүрлі ортада түрлі жағдайда, абайсызда өлген адамға оған себепкер болған адам тарапынан төленетін айып атауы. Аң аулау кезінде немесе түрлі ойын кезінде бір адамның кінәсінен екінші адамның мертігуі орын алуы мүмкін. 2. Әдеттік құқықта мұндай жағдайда құн төленбейді. Атақты Сакқұлақ бидіңбаласы Ералыға өсиеттеген қолжазбасында (29-бап) Көркебін туралы былай деп нақты айтылған: «*Ойын не аң аулау кезінде абайсызда өлген адамға құн төленбейді. Тек ас-атау, көр-кебін беріледі*». Яғни, құн немесе сүйек құны туралы мәселе көтерілмеген.

КӨРПЕ ҚИМЫЛДАТАР з а т. э т н. к ө н е. 1. Ескі дәстүр бойынша күйеу жігіттің қалыңдығымен алғаш кездесуінде қыз жеңгелеріне беретін ырымы, жоралғысы. Күйеужігіт қалыңдығына ұрын барғанда берілетін кәделердің бірі. Кеш батысымен ел жатқасын қалыңдықтың жеңгелері күйеуді отауға алып келеді. Артынан қалыңдықты ертіп әкеліп, күйеужігіттің қасына отырғызады. Осы кезде қыздың бір жеңгесі көрпенің шетін көтеріп, жабайын деген сыңай танытып. Бұл – *көрпе қимылдатар* кәдесін алады. Күйеу жігіт қыздың жеңгесіне кәде ретінде мата, шыт орамал т.б. береді.

КӨРПЕКӨК 1. Шілде және тамыз айларында қурап қалған тақыр мен қыр отының күздің ақ жаңбыры мен жылы шуақты күндерінде қайта көктеп шыққан кездегі атауы. Мұндай көрпекөк қалың, бітік шыққан жылы қыс жайлы болады деп болжам айтылатын болған. Күзде малдың қонданар шағында жер әбден қызғанша түске дейін көрпекөкке жайса, түстен соң жусан, кекіре, мия сияқты ащышөптерге ауыстырып жаяды.

КӨРСҰҒЫМ 1. Астық бауларынан жасалған, іші қуыс үлкен шөмеле атауы. Егіс біркелкі піспеген жағдайда, егін орғанда астық бауларын жинаудың тәсілдерінің бірі. Егін біркелкі піспегендіктен оны орғаннан соң қырманға тасуға мүмкін болмайтындықтан тәсілі қолданылады. Орғанын баулаған орақшы, оны *жадағай сұғым* етіп тастайды.

КӨРШІ 1. Дәстүрлі қазақы орта үшін моральді- этикалық мәні айырықша ұғым. Оны атқаратын реттеушілік функциясына байланысты институт ретінде де қарастыруға болады. 2. Көшпелі ортада көршінің үш түрі болды: біріншісі – үйлері іргелес отбасылар. Оны сыбай қонған Көршілер деп атаған; екіншісі – арасында бір-екі үй ғана аралайтын отбасылар; үшіншісі – іргелес қоныстанған ауылдар. Мұндай ауылдар бір- бірін көрші ауыл деп атады. Бір ауылдың ішіндегі көршілердің (басқа ауылдастардың да) ара қатынасы жақын ағайын деп аталатын туыстыққа байланыстың ежелден орныққан ұғымдары мен нормалары арқылы ұйымдастырылып және реттелініп отырылды ата, әже, әке, шеше, аға, іні, әкпе, сіңілі, қарындас, келін, абысын және т.б.

КӨРШІ ҚАҚЫСЫ 1. Дәстүрлі ортада көршілік қарым-қатынасты реттеуде қолданылатын қағида, этикалық ұстаным. 2. Көрші қақысы ұғымы көршісіне қиянат жасамау; қиын-қыстау жағдайда жәрдемдесу; той-томалағында қызмет көрсетіп қонағын күту; қазан-ошақ, аяқ-табақ, ас-су араластығы тәрізді адамгершілік, моральдық - этикалық қатынастарды қамтиды. Көршінің әдетте, көршісінен қазақ тұрмысында қалыптасқан қағида бойынша жоғарыда аталғандай ізгілікті істерді күтуі, талап етуі орынды

саналады.

КӨРШІ-КӨРШІ з а т. э т н. 1. Бір жігіт, бір қыз болып жұп құрап ойнайтын ұлттық ойын. 2. Қазақтың ұлттық ойындарын алғашқы жүйелі зерттеген Б.Төтенаевтың еңбегінде жігіт пен қыз жұп құрып ойнайтын ойын деген анықтама берілген. Төменде осы ғалымның аталмыш ойынның жүргізілу реті беріліп отыр: ойын той-томалақта, сауық кештерінде ойналады. Ол үшін қыз-жігіттер жұптасып, бір-біріне көрші болады. Ойынды сөзге шебер, әзілқой жігіт бастайды. Ол жұптарды ара- лап, ішінен бір жұптың қасына тоқтап «Көршіңмен татусың ба, аразсың ба?», – деп сұрайды. Сұраққа тек жігіт қана жауап қайтарады. Ол татулығын айтса, бастаушы талабын жариялап «ендеше татулығыңды дәлелде», – дейді. Сонда әлгі жігіт көршісінің шашынан сипап, маңдайынан сүюі керек. Одан кейін бастаушы тағы біреуден сұрайды. Ол араз екенін айтса, талап қояды «ендеше кіммен тату тұра аласың?» – дейді. Әлгі ойыншы өзі қалаған қыздың атын атауға тиіс. Енді қыздың көршісінен сұрайды. Ол бермейтінін айтса, сұраған ойыншының жұмбағын көршісі екеуі шешеді. Жұмбақты шеше алмай, жаңылтпашты айта алмай қалса, көршіліктен бөлінеді де, орындарын ауыстырады. Бәрі мүлтіксіз орындалса, көршіні сұраған ойыншының өзі өнер көрсетеді. Оған ән айт, би биле, болмаса білетін өнерінді көрсет деп талап қояды. Осылайша ойын жалғаса береді. Аталмыш ғалым бұл ойын балаларды тапқырлыққа, ұтқырлыққа тәрбиелейді деп есептейді.

КӨШ: ЕРУЛЕП КӨШУ *Түйенің қомын алып, бірер күн аялдап көшу.* Көш жолдарында өзен-су, бастау-бұлақтың арасы шалғай болмай, жері шүйгінді болса жайлау көші ерулеп, біраз күн қона жатып, малын өрістете жайып отырады. Көш жолындағы ерулеген ауыл бірін-бірі ерулікке шақырысады. Бұл – ұжымдық бірегейлік, татулықтың нышаны болып саналады.

КӨШ: ЖАЙЛАУ КӨШІ. СӘНДІ КӨШ *Байырғы қазақы тұрмыс-салтта думанды, сән-салтанаты жарасқан көш.* Ауыл ересектері тәуір деген киімдерін, жастар қызылды-жасылды киініп, жақсы ат мініп, жорғасын тайпалтады. Әсем сырмақ, түкті кілеммен жабылған түйедегі мойын аспалдақ, артылған жүк, тоғанақталған тең, кебеже, сандық өз жарасымымен көз тартады. Түйенің бас тұрманы – ноқтаның өзі де, бауы да кілем тәрізді құрдан жасалып, құндызбен көмкеріледі. Міне, бұл айтылғандар жайлау көшінің эстетикалық танымымен байланысты тілдік бейнесі болып саналады.

КӨШ: КӨШ ЖОЛЫ *Жайлау көшінің алдын-алда белгіленген жолдары.* Жайлау көшінің бірнеше күн созылатын уақыты ұзақ болғандықтан жершенеуіш қай жолмен жүру, қай тұстан үдере көшу, қай жерлерде ерулеп отыру сияқты көш ұйымдастыруда алдын-ала көш жолын белгілеп отырады.

КӨШ: ҚАРҚАРАЛЫ КӨШ *Көш басындағы шаңырақ артқан түйенің басына қарқара құсының қауырсынын қадаған көш.* Киіз үйдің шаңырағы және отбасының ырыздығы – ас-тағам салынған кебеже артылған түйе көштің басында болады. Көш керуенін тіл-көзден сақтасын деп, шаңырақ түйенің бас тұрманы болып санайлатын ноқтасына қарқара

қауырсынын қадап қояды. Әуелде мифологиялық наным-сеніммен байланысты дәстүрге енген бұл ғұрып, бара-бара көш бейнесіне тән эстетикалық танымға айналған.

КӨШ: ҮДЕРЕ КӨШУ Көш кезінде түйенің қомын алмай көшу. Бастау-бұлақ, өзен-сулардың арасы шалғай жерлерден жайлау көші таң сәріде үдере көшіп отырады. Өйткені ондай жерлердің жайылым оты мардымсыз болады.

КӨШЕ БЕРСЕ МАЛ СЕМІЗ, КӨШПЕСЕ ҚАТЫН СЕМІЗ 1. *Жайылым өрісі көш барысында жаңарған сайын мал күйлі болады.* 2. *Көшкеннің бейнетін ер адамнан гәрі әйел көбірек көреді.* «Шаңырақты еркектер көтеріп бергенмен, үйді әйелдер тігеді. Шидің ішін, үй жиһазын түгел әйелдер жинастырады (Ғ.Мүсірепов). Әйелдің аса ет-женді болмайтыны содан деген ұғымды аңғартады.

КҮЗДЕУ (КҮЗЕУ) *Малшы ауылдың жайлаудан көшкеннен кейінгі мал өрістететін жері, қыстауға дейін өздерінің қонысы.* Жазғытұрымғы көктеу деп аталатын қонысты күзге салым күздеу дейді. Көктем шыға көктеуде қурап қалған тамырдың шөбі жазғы жаңбырдан кейін күздеуде ел жайлаудан келгенше қайта көктейді. Жусан, кекіре, мия сияқты ащы отты жерлер көбейіп, күздеудегі мал бірде тұщы, бірде ащы шөпке жайылып, шел мен қоң еті беки түседі. Малшы танымында ондай түлік қыстан шығуға жарамды деп танылады.

КҮЙЕК МАЙЫ 1. Қошқарды күйекке салғаны үшін иесіне берілетін азын-аулық ақы. 2. Биесін қашырғаны үшін айғырдың иесіне беретін ақы, кәденің шығыс аймақтағы қазақтар тіліндегі атауы. Бұл кәде мал басын өсірдің технологиясына байланысты қалыптасқан.

КҮЙЕУ КӘДЕЛЕРІ *Күйеу жігіттің қайын жұртына ірге көре алғаш барғанда беретін міндетті кәде-сыйлары.* Әдетте баталасқан қалың малдың жарым-жартыдай бөлігі берілгеннен кейін екі жақтың, – жігіт әкесі мен қыз әкесінің, – келісімімен күйеу жігіт қайын жұртына бес-алты жолдасымен ұрын баруға ерікті болады. Күйеу жақтың апаратын кәделері үлкен және ұсақ кәделер деп екі топқа бөлінеді. Үлкен кәде-сыйға *ата күші, ана сүті (сұтақы, ілу)* деп аталатын кәделер және *той малы, шатыр байғазы* сый кәделері жатады. Ал кіші кәделері күйеудің жезде ретінде балдыздарына; қыз жеңгелеріне қалтасынан беретін *ат ұстатар, төсек салар, шаш сипатар, ит ырылдаатар* т.б. толып жатқан кәделер жатады. Ұсақ кәделердің кесімі болмайды, ал үлкен кәделердің кесімі мен мөлшері болады. Күйеукәде күйеу жақтың «беруі» – қыз жақтың «алуы» ғана емес, сыйластық, ізет, жарасымды әзіл, ән, өлең, домбырашылық, айтыс өнері араласқан ерекше рухани ортаға айналады, яғни күйеукәде ғұрыптық салттық гедонистік қырын танытады. Күйеукәдемен байланысты ғұрыптық салт субъектілері арасындағы қатынастың этникалық, этикеттік, эстетикалық қырлары болмаса, жай ғана артефактілік ортаға айналар еді. Сонымен, «*Ағайын-туысқа керегі – барыс-келіс, құда-жегжатқа керегі – алыс-беріс*» дейтін ереже бойынша күйеукәде жол-жоралғысы әрбасқа рулы елдің араларын жақындастыруға, бірін-бірі танып білуіне, олардың – «*мыңжылдық*» құдалар, «*жүзжылдық*» күйеулер –

жұртының әрі қарайғы қарым-қатынасының үзілмей жалғаса беруіне дәнекер болған әлеуметтік мәні ерекше ғұрыптық салттың бірі деуге болады.

КҮЙЕУ КӘДЕЛЕРІ *Күйеудің алғаш барғанда қалыңдық жаққа беретін кесімді, кесімі жоқ кәделері.*

КҮЙЕУКӘДЕ: АНА СҮТІ *Кесімді мөлшер бойынша күйеу жақтың қыз анасына сұтақы, ілу деп беретін сый кәдесі. Ілуге қоса келеден тандап кілем жабуымен түйе береді.*

КҮЙЕУКӘДЕ: АТА КҮШІ *Кесімді мөлшер бойынша қыз әкесіне күйеу жақтың үйірден таңдап, күміс ер-тұрманымен ерттелген бетжүздік жақсы ат, бетжүздік зербарақ жағалы тон.*

КҮЙЕУКӘДЕ: ТОЙ МАЛЫ *Күйеу жақтың қалыңдық жағына кесімді мөлшер бойынша тойға деп апаратын малы. Той малының кесімді мөлшері шамамен?*

КҮЙЕУКӘДЕ: ШАТЫР БАЙҒАЗЫ *Қыздың ағайын-туыстарының бірі ірге көруге келген күйеу жігітке деп, арнайы тіккен киіз үйге беретін көрімдік сыйы. Дәстүр бойынша күйеу жігіт жағы шатыр байғазысы деп үй иесіне жақсы ат мінгізеді.*

КҮЙЕУҚАЗЫҚ *Қатты жел, дауыл тұрғанда киіз үйдің үстін айналдыра бастырып, арқан байлайтын қазықтың сырт жақтағысы. Күйеуқазық деп аталатыны – күйеу жігіт салт-дәстүрдегі әдеп бойынша үйдің сырт жағынан келеді. Күйеуқазық атауы күйеу жігіттің салт-дәстүрдегі тілдік бейнесі болып саналады.*

КҮЙРЕУІК *Ащы отқа жататын құм шөбі. Күйреуікті қазан ұрғаннан кейін мал жейді, қойдың қоңы көтеріледі.*

КҮЙРЕУІК *Қой мен түйенің сүйсініп жейтін ащы оты. Жылқы мен сиыр күзгі жаңбыр жауып, ащы исі азайған соң жейді.*

КҮКІРТ *Малдың ішекқұрт ауруында қоздырғышты улату үшін емсектердің қолданатын дәрулік заты.*

КҮЛ *Қойда кездесетін жұқпалы, қатерлі ауру.*

КҮЛ ТӨККЕН ЖЕР *Ата-бабалардан келе жатқан қоныс.*

КҮЛ: КҮЛ ТӨККЕН ЖЕР *Қасиетті қоныс, ежелден бергі атамекен, атажұрт.*

КҮЛЖҰҚТЫРУ *Ауру қойдың жатқан жеріне түнеген малға жұғатын жұғымтал кесел.*

КҮЛТӨБЕНІҢ БАСЫНДА КҮНДЕ КЕҢЕС *Қазақтың дала заңы аталған атақты «Жеті жарғының» жасалған жері, тарихи жер атауы. Кезінде Қазақ хандығының билігінде болған Ташкент жанындағы атақты Күлтөбе, жалпақ жатқан Үш жүздің қырық саңлағының басы біріккен жер. «Жеті жарғының» тарау-тармақтарын талдау, саралау аз күнге созылмаса керек. Күлтөбенің басында күнде кеңес деген сөз орамы әуелді осы орайда айтылып, кейіннен «бір шешімге келе алмай, бірнеше күнге созылған дау-дамайды «таң асырған» жиын» деген мағынаны білдіретін мәтелге айналып, халық тілінің паремиологиялық қорына енген.*

КҮҢ *Олжадан түскен не сатып алған, бас еркі жоқ әйел.*

КҮНҒЕ АЯҚ САЛДЫ *Перзент көре алмай жүрген байдың есікте жүрген күңімен көңіл қосуы.*

КҮРДЕК *Ауыл-үй маңындағы аш-арық, ақсақ-тоқсақ малдың жасайлатын жері.*

КҮТІР: күтір бақты. *Бес-алты үй болып, жан бақты.* Еділ барсақ та, Жайық барсақ та жер үйде күтір бағып отырған қазақ баласын көресің, қазақ ішінде мұндай қорлықта жүрген шет жұртты көрмейсің (Ғ.Қараш, 212-б.).

КҮШАЛА *Қайнатпасын түйеде болатын өкпеқұрт ауруын емдеуде қолданылатын дәрулік.*

КҮШІККҮЙЕУ *Ел тұрмысында сирек те болса кездесетін үйленудің бір түрі – жігіттің қайын ата қолына күшкүйеу болып кіруі. Қызға беретін қалыңмалын бере алмайтындықтан, кедей, жоқ-жітік жігіт қыз әкесінің қолына кіріп, сол үйдің шаруасын істеп, қызына үйленетін болған.*

КІЛТЕ *жерг. Қалтарысы көп, бұлтарысты жерлер. Суаттан жауып айдаған, Шыңғыртып құлын байлаған. Сыдыртып құрық сілтеген, Қайырып шыққан кілмеден, жарастықты іс еді Жас көңілді балаға (Ғ.Қараш, Замана, 45-б.).*

КІНДІККЕСЕР: ИТБАЛЫҚТЫҢ КІНДІККЕСЕРІ

КІС з а т. *Орман, тоғайлы жерлерде кездесетін, терісі бағалы аң. Қалған екен Қозыкем сағынысып, Бір жатыпты қара кіс жамылысып. Ақ жұмыртқа болысып, жерден шығып, Жер жүзінде ойнайды шағылысып («Қозы Көрпеш-Баян сұлу»).* Сондай-ақ жыр-дастандарда *алқара кіс, бала кіс* атаулары да кездеседі: Сен туғанда, Нұралын, Қара кіске бөлеттім. *Алқара кіс* батад деп, *Бала кіске* бөлеттім («Едіге жыр»). Дәстүрлі мәдениетте бала кіске бөленген тұмақтағы жетіайлық нәрестені әр күн өткен сайын кереге басын аралатып іліп отырған.

КІСІЛІК *Дәстүрлі мәдени ортадағы белгілі бір тұлғада көрінетін адамдық қасиет. Халық тіліндегі кісілікті кісі (адам), кісі ақысына қиянат қылмайды; кісі алдына барды; кісі елінде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол (Мақал); кісі болар баланың кісіменен ісі бар, т.б. сөз орамдары этномәдени құндылықтармен байланысты этикалық танымның тілдегі референциясы болып саналады.*

ҚАБАНҚҰЛАҚ: ҚАБАНҚҰЛАҚ АТ *Күшті, алыс жолға төзімді жылқы түлігі. Қабанқұлақ аттың құлақ бітімі қиған қамыстай тік болуы малшы танымындағы «мықтылықтың» белгісі іспетті саналады.*

ҚАБАШАПАН *Қалың тысты, астарына жүн салынған шапан; жүннен тоқылған шапанның түрі.*

ҚАҒУЖЕЛ х а л ы қ т ы қ м е т е о р л о г и я. *Салқын жел.*

ҚАҒЫЛ І т і л д і к к о д. Жел үрлеп қаудыраған қардың түрі. П м ә д е н и к о д. Жел үрлеген қағылды қарлы жер жылқының, қойдың, тебіндеп, ал сиырдың «аршып» жайылуына қолайлы болып келеді. *Үлкен қағыл, Орта қағыл, Кіші қағыл* деп аталатын топоним малшы қауымның халықтық географияға тән дәстүрлі білімі, шаруа адамының ой санасындағы өмір тәжірбиесінен түйген танымы.

ҚАҒЫЛ м а л ш ы л ы қ. *Қыратты, қырқа, адырлы жерлердегі қысқы жайылым.* Қарды түгелдей кетірмесе де, кеулей соққан жел қарды қабыршақтандырып жұқарта түседі. Ондай қағыл жер жылқы, қойтебінге қолайлы болып келеді.

ҚАҒЫНАН ЖЕРІГЕН ҚҰЛАНДАЙ. **І т і л д і к к о д.** Өз отбасын тастап, бөтен әйелге кеткен ер адам деген мағынада. **ІІ м ә д е н и к о д.** Құлан жақын жердегі бөтен қақтың суын ішпей, алыс болса, да, тек өзі үйренген "меншікті" қағынан ғана су ішеді, құланның басқа қақтан су ішуі - тосын қылық.

ҚАДІР ТҮНІ **І т і л д і к к о д.** Рамазан айының 27-де Мұхаммед пайғамбарға көктен Құран Кәрім аяттары түскен қасиетті түн. **ІІ м ә д е н и к о д.** Бұл түнде Алла тағала адамдардың біржылдық тағдырын белгілейді деп есептеген, Құран бойынша мың айдан да қымбат бұл түнді мұсылмандар Алла тағалаға ғибадат етумен көз ілмей өткізеді].

ҚАЗ МОЙЫН: ҚАЗ МОЙЫН, ТЫРНА СИРАҚ *Ұзаққа, алысқа шаба алмайтын жүйрік.* Атпаздар бұндай жүйріктер сегіз-оннан аспайтын қысқа шақырым жерлерде жүлдеалғыш болады дейді.

Қаза құру.

Қаза тоқу. *Қаза тоқудан* әлдеқашан алақаным жауыр болып қалған бала емеспін бе, бейнеттен босануға асығып отырмын (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 110-б.).

ҚАЗАҚ ҚАЙЫҢ САУҒАНДА, ҚЫРҒЫЗ ҒИССАР АУҒАНДА **І т і л д і к к о д.** Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұламада, ерте замандағы ел басына күн туған қиын қыстауда. **ІІ м ә д е н и к о д.** XVII-XVIII ғасырлардағы жоңғар шапқыншылығы кезінде елінен, жерінен ауып, қуғын көріп ашыққан «Ақтабан шұбырынды, Алқа көл сұлама» деген қасіретті атпен енген нәубетте, қазақтар қайың қабығын сорған, қырғыздардың тәжік тауларын паналап, Ғиссар қаласына қарай ауған.

ҚАЗАҚБАЙДЫҢ БАЛАСЫМЫЗ, АЛТЫ АЛАШТЫҢ АҒАСЫМЫЗ х а л ы қ т ы қ э т и к а; қ ұ қ ы қ т ы қ т а н ы м. *Дәстүрлі қазақ қоғамындағы азаматтың құқықтық мәртебеге ие екенін білдіретін этикалық құқықтық ұғым.*

ҚАЗАҚБАЙДЫҢ МАЛЫ ОРТАҚ *Халықтық этикалық стереотип.* Жол үстіндегі жолаушы кез келген үйге түсіп, ас-ауқатын тегін ішіп аттануға құқылы екенін білдіретін ұғым, ойтанымдық түзілім.

ҚАЗАН б а л ы қ ш ы л ы қ. к ә с і б и. *Судың қыста қатпайтын, балықтың көбірек кездесетін тереңдеу жері.*

ҚАЗАН: ОН ЕКІ ҚАРЫС ҚАЗАН Ас-тойларда асылатын қазанның ең үлкені. «*Он екі қарыс қазандай Мықтылығы жерінің Тамаша қылды ел көріп*» - дейтін байырғы өлең-жырлардағы *он екі қарыс қазан* мықтылықтың, күштіліктің символдық мағынасына айналған.

ҚАЗАНАС *Күзде соғым айынан бұрын сойылатын мал.* Қазанастың малы көбіне қыстан шыға алмайтын арық-тұрық, бірақ сорпалығы бар, көтерем болмай тұрған кезде сойылады. Қазанасқа іріктеуде малшы ауыл қой қораның аузына көлденең сырық байлап, қоралы қойды содан айдап өткізеді.

Секіріп өте алмағандарын тағы бірер мәрте қайта айдап, қазанасқа іріктеп алады. Қазанас малын кей аймақта *айыпты мал* деп те атайды (Қара: Айыпты мал).

ҚАЗАНАС *Қазан айында арық-тұрық малды қысқа қалдырмай сойып, ас-ауқатқа жарату.* Қара күзге дейін шыр бітпей, қонданбаған мал қаншалықты күтімін жасағанмен, одан сайын арықтай беріп, қыстан шыға алмайды. Аздап та болса, сорпалығы бар кезінде ондай *айыпты малды* сойып, ас-ауқатқа жаратады. Халық тілінің әр аймағында бұл атау *қазанас, күздік ас, күздік сою, қазан асы* деп, әртүрлі нұсқада (вариантта) айтылады (**қ. Айыпты мал, қазанас, күздік, күздік сою**).

ҚАЗАНАСАР: ҚАЗАНАСАР САЛЫҒЫ *Біреудің қаражатына мал-жананымен қонғанда берілетін салымның түрі.*

ҚАЗАННЫҢ ҚАРА СУЫҒЫ 1. Қазан айында өтетін 5-7 күндік амал, жел тұрып, күн суытатын кез. 2. «Қазан айының екінші жартысы мен қараша айының алғашқы жартысы қара күз деп аталады. Есепшілер Таразы жұлдызының қазақн айының ортасы ауа кешпен таласа көрінуін қара күздің басталу белгісі етіп алған. Осы кезді қазақнның қара дауылы, қазанның қара суығы дейді. Қазанның қара дауылы, қазанның қара суығы дегендегі қара сөзі «қарсыз» деген ұғымды білдіреді».

ҚАЗАНҮЙ *Ас жабдықтары тұратын, ас тағам асылатын киіз үй.*

ҚАЗИ *Діни сот.*

ҚАЗИ-ӘЛЬ-ҚҰЗАТ *Мемлекеттік қазі, яғни қазилар басшысы.*

ҚАЗЫ-ҚАРТА, ЖАЛ-ЖАЯ *Жылқы етінің аса шұрайлы, әрі дәмдісі.* Шұрайлы, дәмді болғанмен, қазы-қарта, жал-жая кәделі сый табаққа жатпайды. Сондықтан тұрмыс-салттағы ас-тағам мәдениетінде қонаққа қазы-қарта, жал-жаядан өз алдына сыйтабақ жасалмайды. Сондықтан бас, жамбас, жілік тәрізді кәделі мүшеге қоса салынып, қонаққа *кәделі сый табақ* тартылады.

ҚАЙДА БАРСА ДА, ҚОРҚЫТТЫҢ КӨРІ **І т і л д і к к о д.** Қайда барсаң да, құтылмас бір бәле (сары уайымға түсіп, қиындықты төндірген кісі туралы айтылады). **ІІ м ә д е н и к о д.** Қорқыт – ел аузына таралған аңыздар бойынша өлмейтін, мәңгі жасайтын өмір іздеуші. Аңызда Қорқыт желмаяға мініп алып, өлмейтін жер іздеу үшін дүниенің төрт бұрышын түгел аралайды. Ол қайда барса да көр қазып жатқандарға кездеседі. Қорқыт өлімге қарсы ем іздеуге әрекеттенеді, бірақ ол еңбегінен де ештеңе шықпады. Соңында «Өлмейтін нәрсе жоқ деген» қорытынды жасап, өмірінің кейінгі кезін қобыз үнінен іздейді.]

ҚАЙДАҚТАР **к ө н е.** *Хан ордасында қызметте жүретін отбасын құрмаған бойдақ ер адам. Қазаны жоқ қайдақ, қатыны жоқ бойдақ* (Мақал). Қазақтың эпикалық жыры «Қобыландыда»: *Ханның ұлы қарауыл, Бектің ұлы бекауыл, Хан жігіті жасауыл, Хан қасында қайдақтар Қатыны жоқ бойдақтар,* - деген жолдар бар. Шыңғыс хан мұрагерлерінің ордасында ханға жақын, оған қызмет етушілер қайдақтар деп аталған. Қайдақтарды хан ордасына ата жұрты моңғол жерінен ілесе келген этникалық топ деуге болады. Әулие Челебидің «Саяхатнамасындағы» тілдік деректерге сүйеніп

В.В.Бартольд ондағы 41 сөздің 16-сы моңғол тіліне тән, қалғаны түркілік сөздер деп көрсеткен және зерттеуші қайдақтарды ислам дінін қабылдаған моңғол нәсілділер болған дейді.

ҚАЙЫЗ х а л ы қ т. г е о г р а ф и я. *Теңіз бен көлдің сулары шайып, құм-батпақты жерге айналған жағалау, жиіектері.* Құм-қайыр дегендегі қайыр атауы қайыз сөзімен тарихи р>з дыбыстарының алмасуына жатады. *Шаш қайызгағы* дегендегі қайызгақ табиғаттағы қайыз, қайыр атауларымен өзара төркіндес, этномәдени танымдағы метафораланған лексикалық бірлікке жатады.

ҚАЙЫҢ САУҒАН ЖҰТ [ҚАЙЫҢ САУҒАН] I т і л д і к к о д. Ауырлығы мен ауыртпашылығының қатты болғаны соншалық, елдің есінде талай ғасыр ұмытылмай сақталып қалған жұт. II м ә д е н и к о д. Малынан айырылған халық аштан қырылмас үшін қайың сауып - қайыңның қабығын сорып, безін немесе діңін шауып, шырынын ағызып, жинап ішіп жан сақтаған].

ҚАЙЫҢ САУҒАН ЖҰТ *Аса ауыр жұт.* Бұндай жұтқа ұшыраған ел қайыңның діңінен ағызып алған шырынын ішіп жан сақтаған.

ҚАЙЫҢ САУУ I т і л д і к к о д. Қайың сөлін алу тәсілі. II м ә д е н и к о д. Көктемде қайыңның бүрленген шағында қабыршық сызаттары арасынан шымшымдап шығып тұратын шырынын алу үшін өткір пышақ, тескіш қуысқұлақ және шүмек тәрізді екі жағы тесік жілік қажет. Қайыңның адам бойы жететін тұсын бала алақанындай көлемде тереңдігі 3-4 елі тесіп оған шүмек жілікті көлбеу орналастырып, шүмек арқылы ыдысқа жиналады].

ҚАЙЫҢ САУУ *Көктемде қайыңның бүрленген шағында шырынын ағызып алу.* Пышақпен кескен қабыршақ сызат арасынан шүмек жілікті орналастырып, сол шүмектен аққан шырынды жинап алатын болған.

ҚАЙЫҢ: ҚАЙЫҢНЫҢ ҮЙІЛІ *Қайың ағашының түп жағындағы шоры.* Қайыңның үйілі, шоры, безі мықты болатындықтан, қолөнерде қайыңның үйілінен, шорынан ағаш шеберлері *саптыаяқ, тегене, ожау,* қайыңның безінен *қасық, ожау* сияқты асүй тұрмандарын жасаған.

ҚАЙЫР. ҚАЙЫРЫМ *Ізгі ниеттен, адамгершілік қасиеттен туындайтын іс-әрекет, әлеуметтік шаралардың бірі.* Жақсы ниеттен туындайтын бұндай іс-әрекет қоғамның біртұтас биоәлеуметтік организм ретінде бірі «бас», бірі «қол» болып, үйлесімді қызмет етуіне айрықша ықпал еткен. Дәстүрлі рушілік қатынаста әл-ауқаты тым төмендеп кеткендерге ағайын-туыстарының бірлесіп, алдына азын-аулақ тұяқ салып беруін *ел қатарына қосу* деген. Ал балалы-шағалы, әлеуметтік жағынан жәрдемге аса мұқтаж отбасына бақуатты ағайындарының қарайласып берген сауын малы төлдеп, екі-үш жылда малдың басы қарайып қалатын болған. Сонымен, ізгілік ниеттен туындайтын *қайыр, қайырымдылық* шаралары ел ішін ыдыратпай, ұжымның бірегейлігін, ынтымағын сақтауда әлеуметтік мәнінің айрықша болғанын байқатады.

ҚАЙЫРИЯТ *Мәдени-әлеуметтік санада жақсылық, қайырым жасаушылық.* Жеке тұлғалардың, ауқатты топтардың қоғамдағы мәдени-әлеуметтік шараларға атсалысып, дүниауи жаңа бағытта білім беретін

мектептер ашуға, газет-журналдар шығаруға, шет елдерде қазақ жастарының білім алуына көмек беру т.б. игілікті істер, қайырымдылық акциясы *қайырият* атауымен аталған.

ҚАЛАМА МАТА *Бөз санатындағы арзанқол матаның бір түрі.* Бұл атау байырғы жыр-өлеңдерде кездеседі. Қамқа бірдей бола ма? *Қалама мата* бөзбенен (Дулат Бабатайұлы).

ҚАЛАМПЫР *Қалампыр өсімдігінен алынатын хош иісті зат.* Қазақтың байырғы тұрмыс-салт мәдениетінде бойжеткен қыздар шашын қалампырлап өреді, ал сал-серілердің қалталары қалампырдан үзілмейді; насыбай ататындарында қалампыр қосылған бұйра насыбайлары болады. Қалампыр қосылған хош иісті шай қонаққа жайылған дастарқанның әрі саналады.

ҚАЛАМПЫР ө с. *Хош иісті, алуан-түсті гүлі бар, әсемдік үшін өсірілетін өсімдік.* Діни әпсанада *қалампыр* жұмақтан қуылған Хауа Ананың көз жасы тамған жерден өскені айтылады.

ҚАЛЖА *Жаңа босанған әйелге әл жинау үшін сойылған қой.* Қатын қалжадан дәмелі, жігіт олжадан дәмелі (Мақал)

ҚАЛПЕ д і н и. *Имам Ағзам Әбу Ханифа мазһабындағы хазкеттен кейінгі діни атақтардың бірі.*

ҚАЛПЕ ж е р г. *Ит жүгіртіп, қақпан құрып аң алатын, құс салатын кәсіби аңшы.*

ҚАЛТАР *Күміс қылышты, терісі бағалы түлкі.*

ҚАЛША БАЛА х а л ы қ т ы қ с п о р т. *Атжарыста бәйге атына мініп шабатын бала.* Қалша бала жүйрікті бәйгеге баптау кезінен мініп, атқа икемделген, атбегінің айтқандарын тәлім тұтқан бәйгеші. Қалшаның да бәйгеге берілген жүлдеден алатын өзінің үлес, сыбағасы болады.

Қам сүт емген адамзат (Бабалар сөзі, 5-т., 42-б.).

Қам сүт. *Емшек сүті.* Бір шикі өкпе көре алмай, Сенің де емес көңілің шат. Не көрмейді дүниеде *Қам сүт* емген адамзат (Бабалар сөзі, 5-т., 42-б.).

ҚАМАР *Қаракөл елтірісінің сиректеу ұшырасатын алтын түсті бағалы түрі.* Ұлттық киім дәстүрінде *қамар бөрік, қамар белбеу* деп аталатын атаулар кездеседі. Кейбір деректерде *қамар* атауы *қамбар* деп те аталады.

ҚАМБАР *Қаракөл елтірісінің бағалы түрі.* Әуелде *қаммар** түріндегі бұл кірме атау *қамбар>қамар* нұсқасында айтылған (Қара: **Қамар**).

ҚАМШЫ І т і л д і к к о д. Қазақ халқының байырғы кездегі шаруашылық, мәдени өмірінде аса кең тараған ат, көлік айдауыш құралдардың бірі. **І м ә д е н и к о д.** Шаруа адамы жүген, өмілдірік, құйысқан тәрізді ер әбзелдерін күтімелдеп, ара-тұра майлап ұстаған. Алайда «*жүген майласа – ырыс, қамшы майласа – ұрыс*» деп, қамшы майлағанды жақсы ырымға баламаған. Бұдан мифологиялық ұғыммен байланысты мәдени семантикалық ақпаратты байқаймыз. Сондай-ақ ежелгі қазақ салтында жас бала түнде оянып, мазасы кетіп жылай берсе, алыс сапарда жүрген әкесінің (әжесі атасы, ағасының) «қамшысы тиді, жақын арада келіп қалар» деп жориды. Жаңа түскен келіннің бетін үкілі, қоңыраулы қамшымен

ашады. Қамшымен бетін ашқан келін ағайын-жұртқа әділ болады «ал одан туған ұл ел билейді, әділ билік иесі болады», ел-жұртқа беделді болады деп ырымдайды. Бұл жерде қамшыны биліктің символы деп түсінуге болады. Үкілі қамшы мифологиялық сана бойынша әуелде көзге көрінбейтін зиянды күштерден сақтайды. Қамшыға тағылатын үкі, қоңырау бір жағынан, көркемдік эстетикалық ақпаратқа жатса, екінші жағынан, келіннің әлеуметтік мәртебесінің жоғары болуын, түзу билік айтатын бедел иесі болуы керек дегенге мегзейді. Беташар кезінде қолданылатын үкілі қамшының таңбалық семантикасы көпмәнді болып келеді:

ҚАМШЫ ҚАНЫ к ө н е; қ ұ қ ы қ т ы қ с а л т. Талас-тартыста, алыс-жұлыста хан баласына қараның қамшысы тисе, соның кегі үшін қарашаның бірін «Ханға қарсылық – Құдайға қарсылық» деп, өлім жазасына кесетін болған.

ҚАМШЫСЫ ТИДІ П м ә д е н и к о д. Бала әлсін-әлсін ояна берді. П м ә д е н и к о д. Атасы не көкесі ұзақ жолға кеткенде бала әлсін-әлсін ояна бергенде, «Көкесінің не атасының қ а м ш ы с ы т и д і» деп ырымға жориды].

ҚАН ТҮСУ *Мініс атты қатты жүрістен кейін суытпай жемге қоюдан болатын бақай ауруы.*

ҚАН: Қаны бірге. Халық деген қауымың, қаны бірге бауырың (нақыл) (Ғ.Қараш, Замана, 86-б.).

ҚАНАТ: ЕР ҚАНАТЫ т р о п е и з м. *Алыс аймақ, қиыр шетке тез жеткізетін ат жүйрігі. Ат – ер қанаты* (Мақал). Омар Шораяқтың: *Мінген атың болдырмай, Мәрелі жерге жеткізсе, Қанат емей немене?! –* дейтін метафоралық сөз саптамы халықтың дәстүрлі таным-біліміндегі ат жүйрігінің алатын орнын айқындай түседі.

ҚАНЖЫҒА ЖОЛДАС *Жорық-жортуылда, сондай-ақ аңшылықта үзеңгі қағысып бірге жүретін, қанжығаға байлар олжа-сыбағаға ортақтас қанжығаластар.*

Қанжыға жолдас. *Жорық-жортуылда, аңшылықта бірге жүретін, серіктес адам.* Молда Хайдардың ұлы Момын Самарқандағы қанжыға жолдастары [...] тағы бірнеше адамды үйіне шақырды («Бабырнама», 119).

ҚАНСОҚТА 1. Мал немесе аңның қаны сорғалаған жылы еті. 2. Түлек және саят кезінде бүркітке әл беретін қуаты мал жем ретінде беріледі.

Қапанақ зат. *Жауын-шашында қолданатын жамылғы.* Бұл күні де нөсер жаңбыр құйды, капанақпен жүрсең де, қапанақсыз жүрсең де, бәрібір, малмандай су боласың («Бабырнама», 266-б.).

Қар тебін. *Жылқы, қой түлігінің тебіндеп жайылатын қыстық өрісі.*

ҚАР: ЖОЛДАС ҚАР ТҮСТІ Қыс бойы жататын қар, қардың басы басталды. *Желтоқсан айының басынан бекіп, наурыздың орта шендеріне дейін мызғымай жататын қыс бойғы жолдас қар бес тоғыстың аяқ тұсында бұзыла бастайды.* Бес тоғыста қар кетпейді, үш тоғысқа қар жетпейді дейтін есепшілердің сөзі жолдас қар туралы айтылған.

ҚАР: КӨБІК ҚАР Ең алғашқы түскен қар. Көбік қар алайда ұзақ жатпайды: жауа салып, еріп кететін кезі, екі-үш күндей алашабыр болып

жататын шағы да болады. Көбік қар - шаруа адамы үшін қыр астындағы қыстың белгісі. Ал, көбік қардан кейініректе жер бетін тұтаса жауып, бекіп қалатын, қыс жататын қардың басын жолдас қар дейді. Халықтың табиғаттағы атмосфералық бұл екі құбылысты ажырата қарауының өзіндік себебі шаруашылық тұрмыспен байланысты деуге болады. Шаруа адамы қара күздің ортасы ауа бастағанда, көбік қар түсе бастаған шамада қыстан шығуы қиын арық-тұрық, кәрі-құртаң малын сойып, қыстық соғым сойылғанша азық етеді. Тоқты тоймас, шөміш кетпес деп, жиі-жиі қазан көтереді. Қазақтың көбік қарда бір тойдым дейтіні осы.

ҚАР: КӨКШЕ ҚАР Жолдас қар кетісімен оқта-текте қар түсіп, шамалы уақыттан соң еріп жататын қар. Бұл кезде жауған қармен таласыш күнгейлі жерлердің көгі көрініп, тұтаса бастайды. Қырда төл төгіліп, ойда сиыр бұзаулап, елдің аузы аққа тиеді. Осы кезді жауған қармен, көріне бастаған көкпен, төлдеген малмен орайластырып, көкше қарда бір тойдым десе, кей аймақта көктемеде бір тойдым дейді.

ҚАРА ЕТТІ МАЛ *Қазысы, жаясы бітеу болмаса да жалы жұмыр бәйге атының сипаты.* Бәйге аттары қара еттіге жатады.

ҚАРА ИТ ТЕ ПАЙҒАМБАРҒА АБАЛАДЫ **II м ә д е н и к о д.** Надан адам надандығын көрсетпей тұрмады. **II м ә д е н и к о д.** Ежелгі аңыз бойынша Мұхаммед пайғамбарға абалап үрген итке «бұл пайғамбар емес пе» дегенде, ит «өзім де білем, бірақ ит атым ұмтылмас үшін үріп тұрмын деп жауап берген екен].

ҚАРА ҚАЗАН Өз руын, ата-тегін білмейін немесе туыстығы алыстан қосылатын жалшы болып жүрген, құқығы жоқ жат адам. Бұларды *жалшы-жақыбай* деп те атайды.

ҚАРА ҚАЗАН САРЫ БАЛА ҚАМЫ **II м ә д е н и к о д.** Ел-жұрттың амандығы, игілігі, тыныштығы. **II м ә д е н и к о д.** Қара қазан шаңырақтың құты, ризығының, молшылық, тоқшылықтың символы, сары бала ұрпақ жалғастығының, артта қалған тұяқтың амандығының символы ретіндегі қазақ халқының құндылықтары ел қамын ойлағанда жоғары бағаланғанын білдіреді].

ҚАРА ҚАРҒАНЫҢ АДАСТЫРМАСЫ *Қарғаның күзге қарай балапанын топ қарғаға қосып, араласуы.* Қанаттылардың ішінде қарғаның ұшса да, қонса да қалбалақтап енесінің соңынан қалмайтын балапандарын ерсілі-қарсылы сапырылысқан топ қарғаға қосып адастыратын көрінеді. Енесінен көз жазып қалған балапан қарға басқа қарға атаулыны енесіндей көріп топтасып ұшып жүреді деседі. Ел аузында айтылған бұл сөз *қарға қарғаның көзін шұқымайды; қарға тамырлы қазақ; қазақ жөн сұраса келе қарын бөле шығады* деген тұрақты сөз орамдарындағы ойтүзілімді аңғартады.

Қара қарғаның адастырмасы *Ұясынан алғаш ұшқан қарғаның топты қарғаға қосылып, сіңісіп кетуі.* Қара қарға,- сауысқан сияқты емес,- үйірімен ұшып, үйірімен қонатын қанаттылар. Салған жұмыртқаларынан жарып шыққан балапандарын ұшар кезінде ұядан құлатып олармен бірге бірер айналып ұшып, топ қарғаның ішіне қосып жібереді. Әрі қарай сол қарғаға

топты қарғаның еш бөтендігі болмайды, үйірімен ұшып, үйірімен қонады. Бұл айтылғандар қазақтың табиғат аясынан танып білгендері. Осы білім әрі қарай ойтанымдық жаңа деңгейде адамдардың да қоғамдасып, ұжымдасып өмір кешетінін меңзейді. Бала да ержеткен соң қоғамның, ұжымдастықтың субъектісі ретінде өмір кешеді.

ҚАРА МАЛ *Күйіс қайыратын, қыс күндері қоражайда бағылатын түйе, сиыр, қой-ешкі түліктерінің жиынтық атауы.* Малшылық танымда *қара мал* өз ішінде ірі қара, уақ мал деп бөлінеді. Ірі қараға түйе, сиыр; қой-ешкі, уақ малға жатады.

ҚАРА МАЛ м а л ш ы л ы қ. *Түйе, қой түлігі.* Аталмыш түліктердің жайылымы қырдың *қара оты* (Қ. Қара от) болғандықтан қара мал атанған. Қара мал ұғымына малшы қауымның рационалды таным білімі негіз болғаны байқалады. Қара малдың өрісі, ауылға жақын жерлерде, қысқы қоражай, қоршауы ауыл ішінде болған. Қолда бағылатындықтан, қоражайда ұстайтындықтан, әрі түйе, қой-ешкі түліктері тәрізді күйіс малы болғандықтан сиыр да *қара мал*, оның ішінде *ірі қара* деп аталған (Қ. Ірі қара).

ҚАРА МЫЛТЫҚ І т і л д і к к о д. Деген тіркес білтелі мылтықтың бір түрі. ІІ м ә д е н и к о д. Қырғыз тілінде қара мылтық «пистонсыз атылатын мылтық» дегенді білдіреді.

ҚАРА ӨТКЕЛ *Арнасы кең, ағысы баяу өткелдің түрі.*

Қара пар. егіншілік. *Күзде айдалып, жыртылған егістік жер.* Былтыр айырып тастаған бірталай *қара парымыз* бар (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 26-б.).

ҚАРА САБЫН *Қотырдың түрлерін емдеуде қолданатын арнайы дайындалған дәрулік.*

ҚАРА САНАЙ І т і л д і к к о д. Садақтың қазақтың халық тіліндегі тағы бір атауы. ІІ м ә д е н и к о д. *Көлторғай адыра қалғыр, көрген жерім, Бұлағай ойран, әлек салған жерім, Көк найза, қара санай атылса да. Қайтармай қайтқаным жоқ аттын терін,* – дейді Шәңгерей Бөкейұлы. Осындағы *санай (қара санай)* – бұлай дегеніміз Л. Будагов тобыл татарларында кездесетін санай сөзін «садақ» деп көрсеткен (169-бет)

ҚАРА ТАРЫ е г і н ш. *Ақ тарыдан кеш пісетін, бірақ қуаты күшті тарының түрі.*

ҚАРА ТУ/ҚАРАЛЫ ТУ с е м и о т и к а л ы қ т а ң б а. *Иесі өлген үйге жылын немесе асын бергенше тігілетін символдық айрықша белгі.* Көшкен кезде марқұмның жесірі не туған қызы тұл атты жетекке алып, *қара туды* қолына ұстап жүретін болған. Қара ту «ақ» түсті болса, пайғамбар жасынан, 63 өткен ақсақал, ас «қызыл» түсті болса ол жасқа жетпегенін білдірген.

ҚАРА ТІКТИ І т і л д і к к о д. Кісісі өлген қаралы үйдің оң жақ белдеуіне найзаға марқұмның тегі мен жасына қарай ақ, көк, қара, қылыр, ала ту байлады. ІІ м ә д е н и к о д. Марқұм төреден шыққан болса, ақ, көк, ала, т.б. өзді-өзі тұқымының туын тігеді, ал қарадан шықса, жасына қарай жас

кісіге – қызыл, кәрісіне – ақ, орта жастағы кісіге – бір жағы ақ, бір жағы қызыл ту тіккен.

ҚАРААҒАШ *Ағаштың құрғақшылыққа аса төзімді, өсімтал әрі ұзақ жыл жасайтын түрі.* Қараағаш жер таңдамай, ойлы-қырлы жерлерде өсе береді. Сулы жерлерде өскен қараағаш қырдағыға қарағанда діңі жуан, бұтақтары ірі, жапырақтары жалпақтау болады. Ешкі түлігі қараағаштың жапырақ, жас бұтағын жеуге үйірсек келеді. Жылқының жейтін оты мен азығы таусылған қиыншылықта қараағашты, тұт ағашын амалдап күн көргені жөнінде Бабырдың: «Жылқының жем-шөбі таусылғандықтан, ағаштың жапырағымен азықтандырдық. Сол кездегі тәжірибеге қарағанда жылқыға басқа ағаштан гөрі тұт пен қараағаштың жапырағы жақсы азық болады екен. Кейбіреулер кебу ағашты кесіп, жаңқасын суға жібітіп атына берді», - дегені ден қоярлық ерекше дерек деуге болады.

ҚАРААНДЫЗ *Қыршаңқы болған жылқыны емдеуде қолданатын қараандыз өсімдігінен жасалатын дәрулік.*

ҚАРААНДЫЗ *Малдың өкпе қабынуына қарса қолданылатын емдік шөп.*

ҚАРАБАРАҚ *х а л ы қ. б о т. Жасаң кезінде малдың жеуіне жарамсыз, тек күздің қазан ұрған суығынан кейін қой мен түйе түлігі ащылайтын қырдың ащы оты.*

ҚАРАБАРҚЫН *х а л ы қ. б о т. Сорлы, сортаң жерлерде өсетін, қара мал ащылайтын тұздің бұтасын оты.*

ҚАРАБАУЫР *Жел қардан аршыған беткейдегі қой жайылымы.*

ҚАРАБАУЫР *Қой түлігінің қыстау маңайындағы қары жоқ жайылымдық жері.*

ҚАРАБЕЗ *Түйеде болатын қатерлі ісік.*

ҚАРАҒАЙ ШАЙЫРЫ (САҒЫЗЫ) Қарағай денесіне шығатын шайыр. Оны ауызға салып шайнағанда сағызша созылады. Сондықтан балалар үнемі шайнайды. Тісті, оның қызыл етін қатайып, әрі тазартуға пайдасы зор.

ҚАРАҒАЙЛЫ ОРМАН *І т і л д і к к о д.* Көбіне құрғақ құмды жерде өсетін қалың тоғай. **ІІ м ә д е н и к о д.** Тек қарағай өссе – қараорман, қайың; шырша, жөке, арша, шетен аралас өссе – аралас орман деп аталады].

ҚАРАҒАНДЫ *І т і л д і к к о д.* Қараған өсімдігі қалың өскен жер. **ІІ м ә д е н и к о д.** Шаруашылық адамдарының өмір тәжірбиесінен алынған дәстүрлі білімі бойынша, *қарағанды* жерге бидай бітік өседі.

ҚАРАҚҰЛАҚ *м и ф о л.* *Қасқырдың қорқатын аңы.* Қарақұлақ – қасқырдың шамы (Мақал). Аталмыш мақал байырғы кезде «Қарақұлақ! Қарақұлақ!» деп айғайласаң, қасқыр қашады деген түсінік болғанын аңғартады.

ҚАРАҚҰЛАҚ: ҚАРАҚҰЛАҚ ҚҰЛЫН *м а л ш ы л ы қ.* *Құлынның бие бауырынан шығып отыға бастаған кезі.* Бұл кезді қарақұлақ дейтіні төлдің құлақ іші түгінің қарая бастауымен байланысты.

ҚАРАЛДЫ зат. *Қарайып, қарауытып көрінген нәрсе.* Бар буындары босап, аяғын азар-азар басып, екі-үш дүркін тізесі бүгіле-бүгіле алдында қарауытқан бір *қаралдыға* жетіп келіпті (Ғұмар Қараш, Замана, 159-б.).

ҚАРАЛЫ ТУ **І т і л д і к к о д.** Кісісі өлген қаралы үйдің оң жақ белдеуіне найзаға марқұымның тегі мен жасына қарай ақ, көк, қара, қызыл, ала түсті болып байланатын ту. **ІІ м ә д е н и к о д.** Марқұм төреден шыққан болса, ақ, көк, ала, т.б. өзді-өзі тұқымының туын тігеді, ал қарадан шықса, жасына қарай жас кісіге – қызыл, кәрісіне – ақ, орта жастағы кісіге – бір жағы ақ, бір жағы қызыл ту тіккен].

ҚАРАМАЙ 1. Тау жыныстарының арасынан шығатын, дәрілік қасиеті бар май, табиғи қоспа; мумия. 2. Ағыз бойынша, қазіргі күнде мумия деп аталып жүрген емдік қасиеті бар майдың табылуына ұлар себеп болған екен. Аңыз әңгіменің айтуынша, қарамай сыныққа дауа екен. Оны адамдар ұлардың аяғын сындырып алған соң өз балапанының сынған жеріне жағып, ішкізіп емдегенінен үйреніпті. Аңызда Ұлданай деген әйелдің қарамайды көп іздеп тауып алғаны, онымен емдеп жазу тәсілі былай аяқталады: - Менің атым Ұлданай, Күнім батар кезінде Жалаң аяқ жар кештім, Қызыл аяқ қыр кештім. Көзім жасы құрғамай. Жалғызымның мертігін, Қол-аяғы сынғаны-ай! Ол бебеулеп жатқанша Мен өлсемші, мұндар-ай. Ұлар, ұлар, ұларым, Етіңді бер демейін, Сүйегің бер демейін, Қимайыңды қисаң ғой, Жалғызымның жолында Болайыншы құрбан-ай, - деп жылаған Ұлданай қарамайды түйір қалдырмай теріп алып, етегіне салып үйіне келеді де, Ұларбектің сынған қолы мен аяғын орап тастайды. Ұлы сол түні тыныш ұйықтайды. Ертеңіне қимайды шайға езіп ішкізеді. «Үш күн іш – ұшына жет, жеті күн іш – жетіп құла, сегіз күн іш – секіріп тұр, тоғыз күн іш – тойға тұр», - деп дем салып, тағы ішкізеді. Ұзамай Ұларбектің қол-аяғының сынығы орнына түсіп, құлан-таза жазылып кетеді.

Қараның хандығы – құда, күйеу болғаны.

ҚАРАӨКПЕ *Жылқы мен түйеде кездесетін жұқпалы ауру; өкпенің қарайып қабынуы.*

ҚАРАСАН *Сиыр малында кездесетін ауыр індет.*

ҚАРАТАЛАҚ *Сиырда болатын ауру, індеттің ішігі іштен келетін түрі.*

ҚАРАТҮЙНЕК *Түйілген қой ішегінің қарайып кетуінен болатын ауру.*

ҚАРАШ **м а л ш ы л ы қ.** *Тау жайылымы, тау жоталарының қардан аршылған түстіктегі жері, сондағы жайылым.*

ҚАРАША ТАУДЫ ҚАР АЛДЫ, АЛАШОҚЫРДЫ СУ АЛДЫ *Бастағы шаш азарды, көз жасаурай береді деген мағынадағы сөз (Қ. Алашоқыр).*

ҚАРАШАНЫҢ ҚАРА ШАЙЫР ҚАРЫ 1. Қараша айының ортасынан ауа өтетін амал. 2. «Бұл кезде әр жерде ғана ағараңдап аздаған қырбақ қар жатады. Бұл мезгілді есепшілер қарашаның басында шығатын, көз байланакөрінген сүмбілет жұлдызымен белгілейді. Сүмбіле жұлдызы туысымен есепшілер қарашаға дейінгі және қарашада өтетін табиғи,

атмосфералық құбылыстардың ерекшеліктерін жинақтап, топтастыра келіп, қыстың жайлы/жайсыз немесе ұзақ/қысқа болатынын пайымдайды».

ҚАРДЫҢ БАСЫН ҚАР АЛАР, ХАННЫҢ БАСЫН ХАН АЛАР 1. Табиғатта сірі болып жатып қалған қарды жаңа жауған қар кетіреді. 2. Ауыс мағынада. Жаугершілік соғыста қарсы жақтың қолға түскен ханын қарашаның өлтіруіне, жазалауына құқықтық таным бойынша қатаң тыйым салынған. Бұндай құқықтық артықшылық қоғамдағы төре, хан-сұлтан, қожалар сияқты ақ сүйек санатындағылардың әлеуметтік мәртебесінің жоғары, ал қара сүйек, қарашаларға жататындардың әлеуметтік мәртебесі олардан төмен болғанын көрсетеді.

ҚАРИ Арабша оқушы, әдетте құран оқыған кісіні айтады.

ҚАРЛЫҒАШТЫҢ ҚАНАТЫНДАЙ 1. Ұшы сүйірленіп, қиыла біткен әдемі қас туралы. 2. Қарлығаш – сұлулықтың символы. Қазақтың қара өлеңінде «Қасың бар қанатындай қарлығаштың Болсайшы бәрі сендей қарцындастың», - деген жолдар кездеседі. Халық тілінде «қарлығаштың қанатындай иілген, әдемі қас» мағынасында қарлығаш қас атауы да қолданылады.

ҚАРМАҚШЫ АТА 1. Балықшылардың желеп-жебеушісі, пірі. 2. Аңыздың айтуынша, шын есімі Жүсіп деген әулие кісі ертеде Сыр өзенінің жағасынан жертөле қазып алып сонда тұрыпты. Ол қармақпен балық аулап, сол төңіректегі елді балықпен асыраған. Аш-жалаңаштарға, жолаушыларға өте қайырымды болған. Ел оны әулие тұтып, *Қармақшы ата* деп атап кеткен, оны балықшылардың пірі деп санайды. Қармақшы атаның бір ерекшелігі: ол тек өзі аулаған балық етімен қоректенген. Қармақшы атаның шапағатына бөленген Қызылорда облысындағы елді мекен әулие кісінің лақап атымен Қармақшы ауданы деп аталады. Сыр бойының балықшылары белгі тұрғызылған Қармақшы ата қабірінің басына барып тәу етеді.

ҚАРСАҚЖОН: ҚАРСАҚЖОН СОРПА *Тағамның түрі.*

ҚАРСЫ ҚҰДАЛЫҚ *Бір-бірімен қыз берісіп, қыз алысқан құдалық.*

ҚАРТАБАН *Қыстағы қар астындағы мал жайылымдық жер.* Қазақтың қыр жылқысы мен қой-ешкі тұқымы – кентті жерлердің малындай емес, - қарлы жерлердегі жайылымда қар теуіп, қар қауып жайыла береді.

ҚАРША *Қара тамақ шымшық.*

ҚАРШАДАЙ ҚЫЗ т ұ р а қ т ы т е н е у. Кішкене қыз баланы тұрақты теңеумен *қаршадай, қаршадай қыз* деп атаған.

Қарынбайды Жер жұтқан. діни. мифол. Қарынбай – Мұса пайғамбар заманындағы мыңғырған бай, ешкімге қайыры жоқ, пітір, садақа бермейтін сараңдығынан жер тартып, ажал құшқан бай. Этикалық таныммен байланысты адамгершілік пен сыйыспайтын қатыгездік, сараңдық, қайырымсыздық сияқты жат қылықтардан сақтандыру қазақ ақын, шайырларының шығармаларында ерекше мәнге ие болып, нақыл сөзге айналған: Ақылы көп ерлердің бір нышаны, Кеткенге дүниесі тарынбайды. Намұртты бір шыбынға өлтіргізді, Жұтқызды Жерге әмір қып Қарынбайды (Майлықожа).

ҚАРЫННАН ҚАЗАН ҚАЙНАТУ 1. Қазан орнына сойылған қойдың қарнын пайдаланып тамақ әзірлеу. 2. Ертеде елден алыста, түзде жүрген адамдар шұңқыр қазып от жағып, соның қоламтасына сойылған қой еті салынған қарынды көміп, үстін тағы да құм, топырақпен жауып, қайтадан от жағып, соның қызуымен ет пісірген. Қарыннан бу шығып тұру үшін қамыс түтік қойған. Қазан жоқта осындай әдіспен тамақ пісіруді түзде жүрген малшылар кейде аңшылар мен жорықты жүргендер қолданған. Бұны қарынкөмбе, көбінесе қарынға қой етін салуға байланысты қойкөмбе, сонымен бірге жолқазан, жерқазан деп атаған. Қазан орнына қарынды пайдалану түз адамының өмір мектебінен өткендігін, тіршілікке бейімділігін көрсетеді.

ҚАСАЛАҚ ОҚ *Ту сырттан ұрланып келіп атқан оқ.* Әдетте батырлар бетпе-бет атысады, сайысып, шабысады, ал ұрланып келіп қару жұмсау қас батырға тән емес. «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында Қозының қасалақ оқтан мерт болғаны айтылады.

ҚАСҚА ТОҒЫЗ *Қалыңмалға берілетін ірі тоғыз жылқы.*

ҚАСҚАЛДАҚ І Т І Л Д І К К О Д. Тұмсығының үсті қызыл, тамағының асты ақ, дене пішімі үйректерден әлдеқайда кіші үйректің түрі. **І М Ә Д Е Н И К О Д.** Қасқалдақ қамысты, қалың, қоғалы көлдерде мекендейді, еті кез келген құстарға қарағанда аса дәмді болады, көктемде ұшып келіп, күзде ұшып кететін жыл құсына жатады. Қасқалдақ халықтың тілдік санасында үйректің ең әдемісі. Халықтың қара өлеңінде: «*Көпірдің солқылдайды басқан жағы Үйректің әдемісі қасқалдағы*» – дейді.

ҚАСҚЫРДЫҢ ӨТІ *Емсектердің делбе болған жылқыны емдеуде қолданатын дәрулік.*

ҚАСТАУЫШ *Байырғы кезде қыз-келіншектердің қасы-көздерін әдемілеу үшін жағатын қаракөк түсті әрлеуіш.* Халықтық косметикадағы әрлеуіш заттық бояудың бұл түрі егін арасында ұшырасатын арам өскіндерден, егіннің қарайып кеткен дәндерінен алынатын болған. Қазақ тілінің аймақтық тіл ерекшеліктерінде *қастауыш* атауы «қаракүйе», «егіннің қаракүйеге шалдығуы, егін дәніне «қаракүйе түсуі» т.б. мағыналарда қолданылады. Байырғы кезде қыз-келіншектердің әрлеуіш ретінде қас-көздеріне қастауыш жаққаны эпикалық жырларда айтылады: *Қолаң шапты, қой көзді, Қастауыш қасты Ақжүніс, Айттым сені Құдай жолына* (Ер Тарғын). Ертеректе қыз-келіншектердің табиғи өсімдіктерден өңдеп жасаған *қастауыш, иісмай, иіссу, она-далап* тәрізді бетәрлеуіштері әйел затының эстетикалық талғамын танытып, бет ажарын аша түскен.

ҚАСЫМ ЖОМАРТ І Т І Л Д І К К О Д. Байырғы қисса дастанда айтылатын қолы ашық асқан мырза адам. **І М Ә Д Е Н И К О Д.** Қасым қолындағы байлығын сұраған жанға іркілмей, молынан беретін, дүниенің бетіне қарамайтын мырза адам болған. Қазақ халқында Атымтайдың жомарттығын ниет жомарттық десе, Қасым жомарттың мырзалығын дүние жомарт деп бағалаған, бөліп айтқан].

ҚАТИБ Арабша жазушы, көбінесе секретарь-хатшы есебінде айтылады.

ҚАТПА *Түйе малының от пен суы бойына жұқпай, білтеленіп қатып-семіп аяқ-бауырын ісік шалып ауруы.*

ҚАШАҚ *Ұрғашы малдың еркек малға тоқтамай қысыр қалуы.*

ҚАШАУТІС *Азу тістің бірінің аққұла шығуы: малды ашықтырып, жүдеу күйге түсіреді.*

ҚӘЛИМА Арабша сөз, яғни иман айтуды «кәлима айту», болмаса «кәлима қайтару» деп атайды.

ҚИМАЙЫ *Малдағы қотырдың түр-түрін емдерде емсектер қолданатын дәрулік.*

ҚИМАЙЫ х а л ы қ т ы қ в е т е р и н а р и я. *Малдың қотырын, басқа да тері ауруларын емдеуде қолданылатын ем-домдық зат.* Сыр өңірінің батысында қойдың жиналған құмалағын қаңылтыр ыдысқа салып, астына от жағып, майын ағызып алады. Осындай техникалық тәсілмен алған майды тері ауруларына шалдыққан малды емдеуде қолданылады.

ҚИМАЙЫ: ҚИМАЙЫ ШЫҒЫП КЕТТІ *Кірлеп иістеніп кетті.*

ҚИЯҚ: АЙҒЫР ҚИЯҚ *Құмды жердегі жайылым оты.* Жылқы түлігі жақсы жейді. Сиыр да жейді, қой онша сүйсініп жемейді. Айғыр қияқ өскен жерлерден құдық қазады, бірер құлаш тереңдікте су көзі болады.

ҚИЯҚ: ҚИЯҚ ӨЛЕҢ *Малазықтық сапасы біршама жайылым оты, құмды жақсы ұстайды.*

ҚОЗЫ ТЕЛУ АМАЛДАРЫ *Төл төгіні кезінде қозы тәрбиешілерінің істейтін әртүрлі амалдары бар.* Қозысынан жерімес үшін енесінің бір шоқ жүнін қозысына байлап қоятын көрінеді. Тағы бір амалда қозысының құйрығына тұз жағып қояды. Желі толмай қоздаған аш-арық саулықтар қозысын аққа жарытпайды. *Ақсыз туатын бұндай саулықтардың қозыларын сүтті саулықтарға жағызып теліді (Х.Арғынбаев).*

ҚОЗЫСЫБАЙ. *Енесін еміп қоймас үшін қозыларды саулықтан бөліп бөтен отардағы қойға, ал бөтен отардағы қозларды жаңағы отардың қойына қосып бағу тәсілі.*

ҚОЗЫСЫБАЙ. ҚОЗЫСЫБАЙЛАСТЫҚ *Еміп қоймас үшін қозыны саулықтан бөліп бөтен отардағы қойға, ал бөтен отардың қозысын жаңағы отардың қойына қосып бағу.* Саулық қой бөтен қозыны бауырына алмайды, осымен байланысты малшы ауыл қой бағуда қозысыбай түрін қолданып та отырған.

ҚОЙ БАЛАСЫ ҚОЗЫДАН Қой – төлшіл түлік, түлігімен көбейеді, қойдан берекелі түлік жоқ, төрт түлікте егіз туатындар тек қой-ешкі. Ал басқа түліктерден өте сирек болса да егіз болса, оны жаман ырымға балап, төлін суға ағызып жібереді. Мұхаммед расул Аллахтың хадисіндегі «*Бір қой – бір береке, екі қой – екі береке, үш қой – қазына*» деген сөзі байырғы қазақы ортаға кең тараған.

ҚОЙ МЕН ҚЫЗДЫҢ БАРМАЙТЫН ЖЕРІ ЖОҚ Қой – күйеу тарапынан қалыңдық жаққа өлтірі деп міндетті түрде берілетін кәделік мал. Аталмыш сөз орамы қан шығарып, құрбандыққа шалынатын өлтірінің, басқа мал емес, пейіштің қоңыр малы қой ғана болады деген ойтанымдық түзілімді аңғартады.

ҚОЙ ПЕЙІШТІҢ МАЛЫ д і н и.

ҚОЙ ТҮЛІГІН ҚАБЫРҒАҒА ЖАЮ Тау жоталарында қойды бөктерлете отырып, бірде оң жақ, бірде сол жақ қабырғаға салмақ түсіре жаю. Бұндай қойды сүбелі қой дейді.

ҚОЙ ТҮЛІГІН ҚҰЙРЫҚҚА ЖАЮ Қойды бөктерге тік өрмелетіп, құйрыққа салмақ түсіре жаю. Бұндай қойды құйрықты қойды келепан құйрық деп атайды.

ҚОЙ ТҮЛІГІН МОЙЫНҒА ЖАЮ Қойды бөктерден тік құлата, мойынға салмақ түсіре жаю. Бұндай қойды шүйделі қой деп атайды. Малшы қауымның деректеріне сүйене келіп, Т.Өмірзақов халықтық білімге тән ақпараттардың көзін осылайша аша түскен.

ҚОЙ. САЛПЫ ҚҰЙРЫҚ ҚОЙ Ет пен майын бөксесіне жинаған қой түлігі.

ҚОЙ. ТАҢҚЫ ҚҰЙРЫҚ ҚОЙ Еті мен майын төсіне жинаған қой түлігі.

ҚОЙ: БОЙДАҚ ҚОЙ. Бөлек бағылатын, піштірілген еркек қой.

ҚОЙ: ЕРКЕК ҚОЙ АУДАРУ Еркек қойды ұрғашы қойға ауыстыру. Еркек қой аудару мал басын көбейту мақсатында жүзеге асырылады.

ҚОЙ: ЕРКЕК ҚОЙ Бойдақ қой, екі жастан асқанын құнан қой, төрттегісін дөнен қой, одан кейінгісін бесті қой, бестен асқанын ақауыз қой дейді. Еркек қойдың терісі малшылық танымында ұрғашы қойдың терісінен мықты, берік келеді.

ҚОЙ: ЕРКЕК ҚОЙ Көбіне соғымға сойылатын қой.

ҚОЙ: ҚАСҚЫР ТАМАҚТАҒАН ҚОЙ Қасқыр тамақтан ауыз салған қой.

ҚОЙ: ҚАСҚЫР ТАРТҚАН ҚОЙ Қасқыр құйрықтан ауыз салған қой.

ҚОЙ: ҚОЙ МЕН ҚЫЗДЫҢ ЖҮРМЕЙТІН ЖЕРІ ЖОҚ Ұзатылған қызға күйеу жақтың өлтіріге беретін қойы.

ҚОЙ: ҚҰРТТАҒАН ҚОЙ Құрт түскен қойды тотияйынмен, жусанның, қызылмияның жапырағымен емдеген.

ҚОЙ: САУЛЫҚ ҚОЙ Екі жастан асқан ұрғашы қой, сауылатын қой. Байырғы малшы бай ауылда мыңнан астам сауын қойы болады.

ҚОЙ: ТУ ҚОЙ Соғымға сойылатын семіз қой.

ҚОЙБӨЛІК Қойдың қыстау маңайындағы қары жұқа күнге беттегі қыстық жайылымы.

ҚОЙБӨЛІК Қыстау маңайындағы қойға арналған арнаулы жайылым. Қойбөлікті қыстың қиындау шағында пайдаланады.

Қойға күрек ашу. Қой бөліктегі қыстық жайылымның қарын күрекпен ашу. ...Дайыр деген ағам Орымбай байдың қойына күрек ашып, тамақ асырайтын (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 53-б.).

ҚОЙДЫҢ ҚЫРЫҚ ҚАЙТАРУЫ БАР Қой бағудың қыр-сыры көп.

ҚОЙКЕНЕ х а л ы қ т ы қ в е т е р и н а р и я. Қойдың денесіне жабысып, қанын соратын кененің бір түрі. Қойкене кей жылдары қаптап кетеді. Оны «қойкене жауды» дейді. Қойкене жабысқан қозыларды қарасуға айдап түсіреді, ал бірлі-жарым болса, ондай қозыны қолмен теріп тазартады.

ҚОЙҚОРЫҚ *Қыстың қиын шақтарында пайдаланатын күнгей, қарабауыр жайылым.*

ҚОЙНАУ. ҚОЙНАУ-ҚОЛАТ *Малдың қысқы жел өтінен таса ықтасын жердегі жайылымы. «Қыста қойнауды же, жазда жайлауды же» (Мақал) дейтін сөз орамы жайылымдық жерді тиімді пайдаланумен байланысты малшылықтағы таным-білімді аңғартады.*

ҚОЙСЫЗ ҮЙДІҢ ҚҰТЫ ЖОҚ, ҚЫЗСЫЗ ҮЙДІҢ СӘНІ ЖОҚ 1. *Қой үйдің құты, берекесі. 2. Қыз үйдің, ауылдың көркі мен ажары. «Қыздың жиған жүгіндей» (Жамбыл) деп айтатыны қыз тумысында үйдің сәнін, әрін келтіріп ұстайтын талғамы ерекше жан болса, ұлдың екі көзі болмысында далада, малда болады.*

ҚОЙШЫҒА КӨШКЕН ДЕ КӨШ, ЕРУ ДЕ КӨШ, ҚОЙШЫҒА ОНАНДАҒЫ ӨЛГЕН ТЫНЫШ *Қойшының қай кезде босла бейнеті көп, қойшының тыным табатын кезі жоқ деген мағынада.*

ҚОҚИҚАЗ I. Тілдік семантика - денесі жұмыр, аяқтары жіңішке және ұзын, мойыны иректелген ерекше ұзын, қауырсындары қызғылт қысқалау келген балшықты, сазды көлдерде жүретін құс. II. Мәдени семантика - тұмсығы дөңестеліп, қоқиып тұратындықтан қоқиқаз аталған, жергілікті тұрғындар (Қорғалжын жерінде) қанатындағы қызылға қарап, қызылқаз деп атайды. Қоқиқаз негізінен ұлу, сушабақтармен, өсімдік шабақтарымен қоректенеді. Сондықтан еті дәмсіз болады. Етін жеуге жарамсыз болғандықтан халық түсінігінде адал құстардың қатарына жатқызбайды.

ҚОЛБАЛА БҮРКІТТІ ШЫРҒАҒА ҮЙРЕТУ 1. Бүркітті аң алуға үйрете бастау. 2. Қолбала бүркітті аңға түсуге үйретер алдында шырғаға жіп байлап сүйретеді. Шырға өлі, тірі болуы да мүмкін. Бүркір шырғаға түскен кезде одан ет жұлдыртып алып жегізіп дәнiктіреді. Бүркітшілер «бүркіттің шырғаға түскені – аңға түскені» дейді.

Қолқабысар= *Қолғабыс тигізер, көмек көрсетер.* Ертеде бір шал болған Түркістанда, Бейшара қасiретпен өткен онда. Екі ұлы *қолқабысар* жас еді әлі, Күн кешіп жарлықпенен болған кем да (Бабалар сөзі, 5-т., 272-б.).

ҚОЛҚАУҒА *Ірі малдың тұтас сыпырылған бас терісінен жасалған ыдыс, құдықтан су тартатын қауға.*

ҚОЛҚАУҒА *Ірі малдың тұтас сыпырылған бас терісінен жасалған ыдыс.*

Қолқауға. *Мал терісінен жасалған қауғаның шағындау түрі.*

ҚОНАҚ КӘДЕ *Ауылдың алты ауызы.* Қазақтың қонақ күту салтына көңіл көтеру (гедонистік шаралармен) мен кәделер жатады. Алдымен қонақ күтушілер тарапынан әнші, домбырашы-өнерпаздары ауылдың алтыауызы кәдесін, ал қонақтар өз тарапынан өз еліндегі әндерін айтып, күйлерін тартады. Қонақтың қолқаласа, әу демейтіні болмайды, сөйтіп *қонақ кәдесін* жасайды. Қонақ өзге жердің ән-күйін өз еліне, өз еліндегі ән-күйін өзге жерге «тасымалдаушылық қызметін» де атқарады.

ҚОНАҚ КҮТУ *Шақырусыз не болмаса арнайы шақырылған қонақты аттандыру салты. Қонақ күту – аса күрделі ұғым. Өйткені қонақ күту дәстүрі халықтың: діни-мифологиялық түсінігімен байланысты наным-*

сенімдерін; қалыптасқан ғұрыптық салттарын; атқарылуға тиіс түрлі рәсімдерді; ізет, әдеп, қайырымдылық т.б. тәрізді адамгершілікке байланысты моральдық-этикалық, этикеттік нормаларды; құқықтық нормаларды; сонымен қатар көңіл көтеру, ойын-сауық, т.б. гедонистік шараларды қамтиды. Қонақ күтудің ел ішіндегі дәстүрлі жүйесі шақырусыз *жалғыз-жарым бейтаныс қонақтың* түрлерін де, арнайы шақырумен келген *топты қонақтың* түрлерін де қамтиды.

ҚОНАҚ: ҚҰДАЙЫ ҚОНАҚ Қонақ күтудің байырғы мифтік-діни наным-сеніммен байланысты түсініктері «қонақ кім?» деген сұрақтың жауабынан табылады: **қонақ** – *құдайдың жібергені; қырықтың бірі – Қыдыр; қонақ – құт, қонақтың ризашылығы – Құдайдың ризашылығы; қонақты дәм-тұз айдап келеді* тәрізді т.б. тұрақты сөз орамдары – қазақы қоғамның когнитивтік санасындағы ұғым, түсініктердің тілдік матрицасы. Бұл айтылғандар қазақы ортаның қонақ күтудегі негізгі ұстанымдары. Үй иесі өзі жемесе де барын қонағының аузына тосады.

ҚОНАҚ: ТОПТЫ ҚОНАҚ КҮТУ *Қазақтың дәстүрлі қонақ күтуі ата-бабалар жолы бойынша әртүрлі ғұрыптар мен салтпен, рәсімдермен, ізет-әдеппен өзара матаса байланысқан кешенді салт.* Ас болатыны жайында жан-жақтағы рулы елге 2-3 ай бұрын сауын айтып, хабаршы жіберіледі. Хабар тиісімен олардың атбегілері бәйге атын баптайды, айтыс ақындары, әнші өнерпаздары да, палуандары да даярлана бастайды. Жеке бір үй, ауыл ғана емес, әсіресе *аста-төк ас беру, қыз ұзату, келін түсіру* т.б. тәрізді рулы ел шақырылатын дүбірлі тойларға келетін *топты қонақ күтудің* қиындығы да аса көп болған. Дүбірлі той-жиындарға 200-300-дей үй тігіледі, үш-төрт үйге бір жылқы, әр үйге 3-4 қой сойылады. Әр үй сайын ошақ қазылып, тайжүзген қазан асылады; жүздеген жүйрік қатысатын ат бәйгесі, жамбы ату, палуан күрес тәрізді халықтық спорт сайыстары, ақындар айтысы сияқты тойдың қызулы қызығының топты қонақ күту дәстүріндегі орны ерекше болған.

ҚОНАҚЖАЙЛЫЛЫҚ *Ұлы даланың көсілген кеңістігін жайлаған, аралары жүздеген шақырым жерлердегі ел-жұрттың бірін-бірі ұлан-асыр тойға шақырып, қонақ күту дәстүрі, түптеп келгенде, рулы елдің бір-бірінен қол үзбей, ынтымақты қарым-қатынаста болуын қамтамасыз етудегі ата-бабалар салған жолдың бірі.* Той өткізіп, қонақ күту бір рудың жан-жақтағы рулармен аралас-құралас қарым-қатынаста болуына, қауым, қоғамдастық мүшелерінің ұжымшылдығына, елдің бірлігі мен бірегейлігіне ұйытқы болатын кешенді мәдени-әлеуметтік шаралардың бірі іспетті. Халықтың той өткізіп, қонақ күту дәстүрі жүйесіндегі *салт, ғұрып, рәсім, кәде, көңіл көтеру* сияқты құрылымдық элементтерді дәстүрдің қоғамдастықтағы, қауымдастықтағы алатын орнын әлеуметтік қырдан айқындауда ерекше маңызды болып табылады. Сонымен қатар қоғамдастықтың өзін біртұтас *биоәлеуметтік организм*, ал оның қонақ күту дәстүрін сол организм (қауымдастық) мүшелерінің бірімен-бірі байланысты өзара үйлесімді іс-қимылының нәтижесі деп қарау мәселені тереңірек пайымдауға мүмкіндік береді.

Қонақты қуа берсең, құт кетеді. *Жолаушылап келе жатып, үйге түскен қонақты қондырмасаң, құт-берекеден айрыласың деген мәдени этикалық таныммен байланысты ұғымның нақыл сөз нұсқасы.* Әдетте құдайы қонақ қақысын бұзған үй билер билігімен жазаланып, айып төлейді.

ҚОНАҚТЫҢ БӨЛІНБЕГЕН ЕНШІСІ *Қонақ күтудің ғұрыптық салтымен байланысты негізгі ұстанымдарының бірі – Алаша ханның данышпандық өсиетімен байланысты қонақтың бөлінбеген еншісі.* Үй иесі, ауыл-елі ешбір ақысыз-пұлсыз қонақты күтіп (шай-суы өз алдына) қой сойып қонақасысын беруге тиіс. Қонақ күтудің бұл аталған ғұрыптық жағы құқықтық жолмен қорғалады. Қонағын ата жолы ғұрпымен күтпеген, ат-көлігін аш қалдырған үй иесіне билер билігі тарапынан айыппұл салынады. Сонымен бірге қонағы ауыл-аймағынан алыстап, қыр асқанша оның ат-көлігі, ер-тұрманы, киім-бұйымының ұрланбауына үй иесі, ауыл-жанымен әсіре жауапты болады.

ҚОНАҚТЫҢ БӨЛІНБЕГЕН ЕНШІСІ *Қонақасы, Құдайы қонаққа арнап сойылған малдың етінен асылған тамақ.* Қонаққа қонақасы беру қазақтың тұрмыс-салтында ерекше орын алатыны этностың Алаша хан туралы тарихи танымымен байланысты. Халықтың Алаша хан туралы тарихи таным-білімдері аңыз-әңгіме, мақал-мәтел, нақлият форматында сақталып келген. Соларда айтылғандай, данышпан Алаша хан қартайған шағында дүние-мүлкін төртке бөліп, үш үлесін Үш жүздің баласына еншіге берген, ал төртіншісін ортақ игілік деп, өсиет қалдырған. Осы аталған ортақ игілік қонақтың бөлінбеген еншісі болып саналады. Үш Атаның баласы қайда жүрсе де, қай елге барса да Алаша ханның өсиеті бойынша шақырылған қонақтай құрметтеледі. Қонаққа ас беру, ат-көлігін де баптау ауыл-үй иелерінің мойнында болған. Қонақ аш босла, ат-көлігі қараусыз аштан қалса, ауыл-үй иелері бидің қатаң жазасына ұшырайтын болған. Ел ішіндегі бұндай дәстүр қоғамдық қатынаста ізгілік, қайырымдылықтың орнығып, қалыптасуына айтарлықтай ықпал еткен.

ҚОҢЫРБАС ШАЛҒЫН *Ылғалды жерде өсетін, малдың барлық түрі жейтін жайылым оты.*

ҚОҢЫРБАС: ЖУАШЫҚТЫ ҚОҢЫРБАС *Құрғақ, құмды жерлерде, тау етектерінде кездесетін жайылмдық шөп.* Ерте көктемде жуашықты қоңырбасты малдың бәрі жақсы жейді. Бірақ жаздың ыстық кезінде сапасы төмендейді.

ҚОРАМАТАУ *Қой түлігінің күйін көтеретін қыр оты.* Осыған орай малшы қауым аталмыш оттың жұғымдылығы мен құнарлылығын қораматау жесе, тоқты қашар деп пайымдаған.

ҚОРЖЫН: ҚҰДАҒИ ҚОРЖЫН *Күйеу жігіт анасының қыз берген жаққа қоржынға салып апаратын сыйы.* Әуел бұндай қоржын ауылдағы абысын-ажындармен кеңесе отырып жасалады. Қоржынның екі басына қыз анасына, жеңгелеріне, құдашаларға делініп, беткеұстар шапан, камзол, қымбат маталардан бірнеше кездеме, жібек орамалдың түр-түрі, шаршы мата т.б. салынады. Соған қоса қоржында жүзік, білезік, шолпы, сақина т.б. бұйымдар болады. Бұлардың бәрі қатталып, буылып-түйіледі. Қоржында

тойға деген құрт, ірімшік, өрік-мейіз, қант-шай тәрізді дастарқан мәзірлері болады. Қоржын аузына көйлектік мата қойылады, оны қоржын аузын сөккен бабасал әйел алады. Сонымен, құдағи қоржынды құда-жегжаттық қарым-катынастағы алыс-берістің дәнекері іспетті деуге болады.

ҚОРЖЫНШАЙ Қыз анасы қоржын ашуға ауыл әйелдерін шақырып, қазан асып, *қоржыншай* береді. Шақырылғандар құдағи қоржынын көріп-біліп, дәмнен ауыз тиіп, өздеріне тиісті сыйларын алады. Разы болса, *құдағидың қоржыны тоқ екен* деп баға береді. Ал қыз анасы өз кезегінде қоржынды бос қайтармайды және құдағиының қолына алтынмен апталып, күміспен күптелген қос бауырдақты *құдағи жүзік* деп аталатын жүзік салады.

ҚОСАҒЫҢМЕН ҚОСА АҒАР *Үйленіп, тұрмыс құрған жас жұбайларға «жұптарың жазылмай, ұзақ жасаңдар» деген мағынада үлкендердің айтатын, амал, ізгі тілегі.*

ҚОСАТТАУ ет. *Алыс қолға қос ат мініп жүру.* Қадалған жел бетінде ықтырмадай, Ығына келіп жұрты паналар ма?! *Қосаттап* күн-түн қатып іздесе де, Біздің ел мұндай аға таба алар ма?! (Ғ.Қараш, Замана, 61-б.).

ҚОСЕТЕКТЕНУ ет. *Бірінің үстіне бірі қосылып, көбею.* Әңгіме *қосетектеніп*, қаңқу ұлғая берді (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 195-б.).

ҚОСКІНДІК *Жас мал төлінің жыныс мүшесінде болатын ауру; кіндіктен қуыққа қарай созылған ақтамырдың төл қуығын буып, зәрі несеп жолымен шықпай қалуынан болатын ауру.*

ҚОСТАБАН *Қойдың ескі тұяғының астынан жаңа тұяқ өсе бастауынан болатын ауру.*

ҚОТАН *Жаз жайлаудағы қойлы ауыл.*

ҚОТАН *Жазғы ауыл.* Жайлаудағы жазғы ауылдың қотан деп аталатыны қой қотаны жататын жердің айналасына киіз үйлер қоршай тігіледі.

ҚОТЫР *Малда кездесетін тері ауруы.*

Қояндай қорқып, қойдай үрікті. *Жұртты үрей биледі, ел-жұрт қорқынышта болды.* Екінші асқар – жұрт солдаттан қояндай қорқып, қойдай үріккелі тұр (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 159-б.).

ҚОЯНДАЙ *Қоян сияқты.*

ҚОЯНЖЫН х а л ы қ. б о т. *Қара отқа жататын түздің алабұта тектес ащы шөбі. Қара малдың жайылымдық оты.*

Қоянның тепкісі. *Қоян жылының қатаң қысы.* Малшы қауым қоян жылының малға да, шаруаға да ес жидырмастай тым қатаң тиетінін қоянның тепкісіне балап айтуы әуелде қоянның табиғи болмысына байланысты деуге болады. Аңшы қауымның айтуынша, қоян көжегін бір мәрте ғана емізеді де, соңынан ілестірмес үшін қос аяғымен мықтап бір теуіп, есін жиғанша адастырып кете барады. Көжекті басқа бір аналық қоян бір мәрте болса да емізіп кете беретін көрінеді. Қыс қаһарын қоянның табиғи болмысындағы ерекшелікпен ұштастыра түсу халықтың этнотілдік танымындағы концепті форматындағы ойтүзілім болып саналады.

ҚОЯНСҮЙЕК х а л ы қ. б от. Құмды жерлерде өсетін бұта, құмқараған деп те аталады.

ҚУЖАУРЫН Жылқының екі жауырынының бірдей семіп, бұғана сүйекке жабысуынан болатын ауру.

ҚУҚҰМАЛАҚ Құрғақ шөп жеп, суды жарытымды ішпеген жылқыда кездесетін ауру; нәжістің қаталап жүрмей қалуы.

ҚУМА ҚҰДАЛЫҚ Қыз алыс-қыз берісі үзілмей жалғаса берген құдалық.

ҚУТҰЯҚ Мініс атының тұяқ көбесінде кездесетін ісік ауру.

ҚҰБАҒАН сын. Аса үлкен де емес, аса кіші де емес, еш артық-кемі жоқ, жарасымды. Алма мойын, аршын төс, Құбаған мұрын, қиғаш қас. Мойыл көзді, тоқ жүзді, Сүйкімді сұлу жарменен Көңіл ашып күлген күн (Ғ.Қараш, Замана, 46-б.).

Құда барған жері райын балаларынан шамалайды (Мақал) (Ғ.Қараш, 163-б.).

ҚҰДА ТҮСУ Әкесі баланы үйлендірмек болып, біреудің қызын ұлына айттыра баруы. Ұлын үйлендіруді ойлаған әке ауылдағы ағайындарымен ақылдаса келіп, жөн-жосыққа жетік бір адамды құдаласу ниетін білдіру үшін қыз әкесіне жаушылыққа жібереді. Жіберген адамы оң хабар алып келген соң және қыз әкесінің сұраған қалың малын шама-шарқын байқағаннан кейін құда түсуге ауыл елінің бет-беделді үш-бес немесе оншақты адамы құда түсуге аттанады. Қыз әкесі құда түсе келгендерге арнайы үй тіктіріп, мал сойып, күтімін жасайды. Аттанарда ат мінгізіп, киіт кигізіп қайтарады.

ҚҰДА: БАУЫЗДАУ ҚҰДА Алғаш құда түсуге барғандардың ішінде арнайы сойылған қойдың бауыздау қанына қол тигізіп баталасатын жолы үлкені.

ҚҰДА: БЕЛ ҚҰДА Әйелдері екіқабат кездерінде бірі ұл, бірі қыз туса деген ниетпен құдаласқандар.

ҚҰДА: БЕСІК КЕРТТІ ҚҰДА Балалары бесіктегі кезінде ниет етіп, жол-жоралғысын жасаған құда. Жасаған жол-жоралғысы деп ат мінгізіп, бесікке белгі салады.

ҚҰДА: БЕСІК ҚҰДА Балалары бесіктегі кезінде ниет етіп, құдаласқандар.

ҚҰДА: ҚҰДАЙ ҚОСҚАН ҚҰДА Өздері танысып, өз қалауымен сүйіп қосылған күйеу мен қалыңдықтың ата-аналары.

ҚҰДА: ҚЫЗЫЛ ҚҰДА. ҚЫЗЫЛДАЙ ҚҰДА Құдаласудың ең ежелгі түрі, өзара жақын, сыйластығын үзбей жалғастыру ниетімен бірінің әйелі қыз, бірінің әйелі ұл туса, ниет білдіріп құда болысады. Құдаласудың ең ежелгі бұл түрі фольклорлық материалдарда ұшырасады. Екі бай осы сөзбен тарқап кетті, Олжасыз тарқамайтын құрған епті. Қызылдай құда болып жүргенінде Арада бір, екі-үш жыл өтіп кетті («Қозы Көрпеш-Баян сұлу»).

ҚҰДАЙ ҚАРҒАҒАН БАРСИСА Діни аңыз-әпсанада сұпы, тақуа бола жүріп шайтанның азғыруына түсіп, Құдайдың қарғысына ұшыраған адам. Өзі тақуа бола жүріп, құдайы қонақты хош алмаған үй иесіне әйгілі Қашаған жырау: Ақылы бар милы адам, Азамат ерге тек дей ме?! Қонағына келген кет

дей ме?! Тәубам көп деп мақтансаң, Барсисаны да Құдай қарғаған, - деп, оны (үй иесін) жиналған топ алдында шайтан азғырған Барсисамен шендестіреді. Діни түсінік бойынша иман келтіре жүріп, түзу жолдан тайған күнәһардың күнәсі кешірілмей, тозақ отына өртенеді делінеді.

Құдай қосқан құда. *Өздері танысып, өз қалауларымен сүйіп қосылған қалыңдық пен күйеу жігіттің ата-аналары.*

ҚҰДАЙ ОҢДАҒАН НАСУХА Діни әпсанада әуелде кісі өлтіріп, қарақшылық жасаған, кейіннен Алла Тағалаға иман келтіріп, түзу жолға түскен адам. Діни әпсаналардың бірінде қарақшылықпен күн кешіп, тоқсан тоғыз адамның жанын қазаға ұшыратқан бір қарақшы күндердің күнінде қатты опынып, Алланың рақымынан, кеңшілігінен үміт үзбей, «қайткенде күнәмді жеңілдетіп, азайтсам деп молданың алдына барады. Сонда молда: «он сегіз мың ғаламға жақсылық жасай берсең, күнәң азая береді. Мына қу *бұтақты апар да жерге шаншы, егер қу бұтақ көктесе, күнәңнің кешірілгені*» дейді. Сонымен кезінде қарақшы болған әлгі адам ниет етіп шөл дала, айдала, алыс жолдың бойына қарбыз егеді. Шөлден аңқасы кеуіп келе жатқандардың, өткен-кеткен талай-талай жолаушылардың шөлін қандырып, сауабын алады. Діни аңыз кейіпкері Құдай оңдаған Насуха Қашаған жыраудың тағылым-тәрбиеге толы жыр жолдарында айтылған: *Бізді күнәсі көп деп боқтасаң, Жүз кісіні өлтірген, Жанына қаза келтірген Насуханы да Құдай оңдаған. Діни түсінікте кәпір болып, күнә істеп жүргендер Аллаға иман келтіріп, Хақ жолымен жүрсе, Жаратқан иенің рақымына тиеді делінеді. «Құдай оңдаған Насуха» осындай түсінікке орай ел арасына тараған тағылымдық аңыздардың бірі.*

ҚҰДАЙДЫҢ ЕРКЕСІ **І т і л д і к к о д.** Мұса пайғамдардың ел арасындағы бір сипаты. **І м ә д е н и к о д.** Құран Кәрімдегі аңыз бойынша бағынбай кеткен үмметін Алла жолына салу үшін Мұса пайғамбар бірнеше рет Алладан өз үмметінің сұрауымен оның бар екеніне сендіретін амалдар көрсетуді өтініп, соңында тіпті Құдіретті Құдайдың көрінуін де жалбарынып сұраған, пайғамбардың бар талап-сұрауын Алла орындаған, сондай-ақ оның бала кезіндегі абайсыз кісі өлтіретінінде кешірген. Осымен байланысты ел арасында Мұсаны Құдайдың еркесі деп атаған.

ҚҰДАЛАСТЫҚТАҒЫ БАТА МАЛЫ Құда түсуге келгендер алдымен қыз әкесі жақпен, біріншіден, қалың малдың қай түріне келісіп, тоқталуды шешеді. Екіншіден, тоқталған қалың малдың құрамын нақтылап анықтайды. Өйткені қалың малдың қазақ тұрмысындағы үйлену салтында *жақсылы қырық жеті* (қалыңмалдың ең жоғарғы түрі), *қырық жетінің қалыңы* (орташа түрі), *дөңгелек қалың* (төменірегі) дейтін кесімді түрлері болады. Құдаласушылар осы аталған қалыңмалдың бір түріне келісіп тоқталады. Соған бата жасалады. Бұны *бата малы* дейді. Баталасқан малды еш бұзуға болмайды.

ҚҰДАЛЫҚ *Қызы бар үйге құда түсушілік; қызы бармен құда болушылық.* Құда түсумен басталған жол, түптеп келгенде, рулы елдің арасындағы қарым-қатынастың әрі қарайғы жалғастығына айналған. Бұның

өзі этностың салт-дәстүрі, этикалық нормалары, тіл және рухани бірегейлігін қалыптастырудағы әлеуметтік факторлардың бірі болған деуге болады.

ҚҰДАЛЫҚ: БЕТҚҰДАЛЫҚ *Ауқаттылардың, өзара таныс-біліс адамдардың арасындағы құдаластық.*

ҚҰДАЛЫҚ: ҚАРСЫ ҚҰДАЛЫҚ *Екі жағы қарама-қарсы қыз беріп, қыз алысқан құдаластық.*

ҚҰДАЛЫҚ: ҚУМА ҚҰДАЛЫҚ *Үш-төрт адамның бір-біріне бір кезде қыз беріп, қыз алысатын құдаластық.*

ҚҰДАЛЫҚ: ҚҰРМАЛАСҚАН ҚҰДАЛЫҚ *Құдалықтары үзілмей жалғасып келе жатқан құдаластық.*

ҚҰДАЛЫҚТЫҚ САЛТЫНДАҒЫ КӘДЕЛЕР Қазақтың құдаласу салты сый-кәдесіз болмайды. Бата малы, оның құрамы шешілгеннен кейін қыз әкесі құдаларын өз үйіне шақырады. Ауыл әйелдері құдалардың алдынан арқан керіп, кәделерін алады. «Құда-құда десісіп, құйрық-бауыр жесіседі». Әйелдер жағы құдалардың бетіне құдалықтың белгісі деп майға шылап ұн жағады. Оны *қытайдың ақ мөрі* дейді (Ә.Қоңыратбаевтың дерегінде). Бұдан кейін *томалақ той* жасайды. Дастархан үстінде құдаларға *шаңырақтан көнек түсіреді*. Көнектің ішінде кәделі сүйектері бар ет, өрік-мейізі болады. Құдалар жағы шаңырақ көнегіне күміс ақша, бағалы зат салып қайтарады (Ә.Диваевтың дерегінде). Құдаларға өлең айтуды, өнер көрсетуді талап етеді. Ондай өнері жоқ құда әйелдерге тиісті кәделерін беріп құтылады. Той үстінде әзіл-оспақ сөздер айтылады. Әсіресе қыз берген жақ әйелдерінің аузы ерікті болады. Бірақ, дегенмен, әдептен асып кете бермейді.

ҚҰДЫҚ *Жердің су шығатын қабатына дейін қазылған жерасты су көздерінің бірі.* Халық тілінде құдықтың түрлері оны қазу әдісіне, жер бедерінің ерекшелігін қарай жарма құдық, өрме құдық, қима құдық, шыңырау құдық, орпа құдық, шұбар құдық, қос құдық, шеген құдық т.б. деп аталады. Шұбар құдық тал, қайың, терек, бұтасын өскен жердердің, шыңырау үстіртті аймақтың, шеген құдық сусыма құмды жерлердің құдықтары сексеуіл, ши, селеу өскен жерлердің құдық суы аса тереңде болмайды. Қос құдық деп жерасты су көздерінің бір-бірімен жалғасып жатқан жерлерде қазылғандарын айтады. Құдықшылардың айтуынша, үстірттің шыңырау құдығының суы жер қыртыстарынан сүзіліп шыққандықтан суы ең тұщы суға жатады, ал сазды, батпақты, сорлы жерлердің құдық суының тұщылығы тым төмен, алайда қара малдың ішуіне жарамды. Міне бұндай мәдени танымдық атаулар құдықшы мамандардың кәсіби тәжірибесінен туындаған гидротехникалық білімдердің тілдік референттері болып саналады.

ҚҰДЫҚ Шилеуіт, құрақ, сексеуіл өскен жерлерде қазылатын су көзі.

ҚҰЙРЫҒЫН ТАСТАЙ ҚАШУ 1. Құйрығынан ұстала берген қырғауылдың құтылып кетуі туралы. 2. Аңшыға балапаны бар жерде ұшырасып қалған қырғауыл дәмелендіріп, бір ұшқан болып, біресе жерге қонып безектеп, алдаусыратамын деп жүріп құйрығынан тұтылып қалған жағдайда құйрығын құйрығын тастап ұша жөнеледі екен. Демек, құйрығын тастап қашу тек кесірткеге емес, қырғауылға да тән екендігі халықтың аңшылық, орнитологиялық тәжірибесін айғақтайды. Құйрығын тастай қашу

қырғауылдың – аңшыны алысқа әкетіп, балапандарын қорғау үшін қолданатын айла-тәсілі.

ҚҰЙРЫҚ БОТҚА **І т і л д і к к о д.** Бала бес-алты айға толып, отыруға айналған кезде жасалатын ғұрып. **ІІ м ә д е н и к о д.** Баланы құйрығын басып отыра бастаған кезде үстіне таза ақ шүберек жауып табакқа салынған ботқаға отырғызған болып ырымын жасайды].

ҚҰЙРЫҚ: АТҚҰЙРЫҚ ТІСТЕСЕ КЕЛДІ *Бәйгеге шыққан екі жүйрік мәреге ара салмай келді.*

ҚҰЛАДЫНҒА ҚУ ІЛДІРГЕН тұспал сөз. *Ел аузында ханның жақсы-жаманды ажырата білмеген теріс қылықтары мен бұрыс істері жайында Асан Қайғы айтыпты деген жорымал сөз.* Құладың баулып аққу ілдіргенін мақтан көрген Жәнібек ханға, Асан Қайғы абыз «Құладың – құстың құлы, аққу – құстың төресі. Құладың тамағы үшін іледі, нағыз қыран иесі үшін іледі. Енді мұнан кейінгі заманда ханның басын қара алады екен деп жориды.

ҚҰЛАҚ: АТ ҚҰЛАҒЫ ТЕҢЕСТІ **х а л ы қ т ы қ с п о р т.** *Бәйге аты мәреге қатарласа келді.*

ҚҰЛАҚҚА ҚҰЛАҚ, ТҰЯҚҚА ТҰЯҚ **І т і л д і к к о д.** Жоқ малдың орны толу мағынасында. **ІІ м ә д е н и к о д.** Ескі заманда барымта, т.б. түрде қолды болған мал орнына мал алу, санын түгелдей алу салтынан келіп шыққан].

Құлақшалым жер. *Құлақ естір арақашықтық.*

Құлақшалым. псих. лингв. *Тіл дыбыстарының сезімдік қабылдануы, перцептивтілігі. Құлақ естір.*

ҚҰЛАНДАЙ АЩЫ ДАУЫСТЫ **І т і л д і к к о д.** Дауысы қатты шығатын. **ІІ м ә д е н и к о д.** Құлан атаулының бәрі ащы дауыс шығара бермейді. Құлан үйірінің жетекші айғыры қаққа су ішуге келген үйіріне қауіп төнгенде ащы дауыс шығарып, белгі береді; әдетте үйір жетекшісі өзі суға бас қоймай қарауылдап тұрады.

ҚҰЛИЯ сын. *Қисынсыз, жәнсіз.* Түні бойы жаңбырда малмандай болып қой күзетіп жүрдім... *Құлия жала жабады екенсіз ((Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 26-б.).*

ҚҰЛЫҚ *Қой тұяғында ұшырасатын бақайдың қабынуынан болатын ауру.*

ҚҰЛЫНДАҒЫ САҚАУЫН, ҚҰНАНДАҒЫ ТІСЕУІН АЙТТЫ *Дәнеңе қалдырмай, бар кінәні артып, үйіп-төкті.* Сақау құлын тілінің асты бөртіп, алқымы ісіп кететін ауру.

ҚҰМЕРКЕК *Құмды жерлерде өсетін құрғақшылыққа төзімді жайылым оты, еркек шөптің бір түрі.*

ҚҰМҚАТА *Құмды жердегі шөпте көп жайылғандықтан жылқының нәжіс жолының нашарлауы.*

ҚҰМЫР *Бөгелектің жұмыртқасынан өнетін құрттың танау, кеңсірік, одан өкпеге шабуынан болатын кесел.*

ҚҰМЫРСҚАНЫҢ ИЛЕУІ 1. Құмырсқаның ұясы. 2. Ертеректе биті бар киімді құмырсқаның илеуіне көміп, таңертең алғанда биттің сіркесіне дейін түк қалмай тап-таза болып шығады екен. Ал киімде қалған

құмырсаңаның ащы қышқылы денеде пайда болған ешкікөтыр ауруын жазған. Құмырсаңаның илеуін пайдалану халықтың бұрынғы тұрмысында тиісті гигиеналық таным-білімінің болғанын көрсетеді.

ҚҰМЫТЫ *Қанатты құмырсаңның майдалау қара түсті түрі.* Құмыты күннің ыстық тымырсық, бүк кезінде ауаны шарлап тым көбейе түседі. Жел тұрса, желмен ығып кетеді. Құмыты көң, қордалы, шаң-тозаңды жерлерде болады. Малдың иіс қоңысына жиналады. Мал мамандарының айтуынша, қой-ешкі, әсіресе түйе түлігінің кеңсірік, кеуілжірлеріне кіріп салған дернәсілдерінен құрттар өсіп шығып, көбейе келе малдың өкпесіне шауып, асқындырады. Түйе түлігі ұшыраған бұндай аурудың түрі халықтық ветеринарияда *құмыр* деп аталады. Құмыты қаптап кетсе, малшылар кешке қарай күн жауардың белгісі деп те айтады.

ҚҰН т а р и х и; қ ұ қ ы қ т ы қ. Дәстүрлі құқықтық жүйеде қылмысты деп танылған адамға билер тарапынан кесілетін айып. Кісі өлтірген үшін байырғы қазақ қоғамында «*жанға – жан, қанға – қан*» дейтін кек қайтару ережесі күшін жойып, қылмысты жаққа салынатын айып *құн* деп аталатын заттық (материалдық) құндылықтармен ауыстырылған. Құқықтық жүйедегі бұндай ұстаным «берген жанын Алла Тағаланың өзі алады» деген діни ұғыммен де байланысты. Құқықтық жүйеде құнның *қара құн, сүйек құны, өнер құны* деп аталатын түрлері болған. Құнның бұндай түрлерін рулы ел болып көтерген. Оның түп мәні тұтас ел болып ұрлық, кісі өлімі сияқты қылмыстың жолын кесуге саяды, қылмысты істерде рулы елдің жауапкершілігін күшейтеді.

ҚҰН: ҚАРА ҚҰН *Жандыда жүз жылқы, жансызда он екі жақсы.*

ҚҰН: ӨНЕР ҚҰНЫ Ақын, әнші, палуан сынды өнерлі жандарды өлтіргені үшін *қара құнның* үстіне қоса салынатын тоғыз жақсы. Мәшһүр Жүсіп айтқан деректе *қара құнға* қоса Қаратау елінде атақты айтыс ақыны Ұлбикені, Арқа жерінде әйгілі Көтеш ақынды өлтіргені үшін айыпты жақ *өнер құнын* төлеген.

ҚҰН: СҮЙЕК ҚҰНЫ *Қара құнға* қоса айыпты жаққа сүйекті қорлағаны үшін төлететін жандыда елу жылқы, жансызда алты жақсы (қалы кілем, тұзу мылтық, қымбат шапан т.б.). Мәйітті айдалада қалдырып, ит пен құсқа жем қылғанын *сүйекті қорлау* дейді.

Құнайым зат. 1. *Бала, бөбек.* 2. *Баланы жұбатқанда, еркелеткенде айтылатын қаратпа атауыш.*

ҚҰНАР 1. Саятшылық кезінде бүркітке берілетін алдын ала дайындалған кепкен ет. 2. Аң кезікпей, ала алмай зеріккенде, ашыққанда әлдендіру үшін немесе қиқар мінез танытып, аулаққа ұшқанда шақырып алу үшін беріледі.

ҚҰНДЫЗ ҚАЙЫРЫ Құндыздың құйрық безінен алынатын хош иісті зат. Құндыз қайыры туралы алғашқы дерек Махмұт Қашқаридың «Дивани лұғат ат түрік» атты салыстырмалы сөздігінде *gunduz qajizi* деп берілген. Белгілі биолог ғалым «Г.Потанин 1863-1864 жылдары қыс мезгілінде Зайсан көліне жасалған арнайы саяхаты туралы жазған еңбегінде Қаба өзенінде құндыздың көптеп ауланатынын және жергілікті тұрғындардан

(қазақтардың) құндыз қайыр деген сөздерді естігенін жазып келтірген. Құндыз қайырын әсіресе, сал-серілер парфюмерлік зат ретінде кеңінен қолданған. Бұрынғы кезде, сондай-ақ қарт адамдар көзінің тірісінде ақырет сандығына ақыреттік дүниелерімен (ақырет матасы, ине-жіп, сабын, иіс су т.б.) бірге құндыз қайырын қоса салдыртып қоятын болған. *Құндыз қайыры бұзылып кетпес үшін тұздап қояды екен. Құндыз қайырының әртүрлі ауруға шипалық қасиеті болғандықтан, құндыздың өз терісінен үш-төрт есе қымбат бағаланған.*

ҚҰНДЫЗДЫҢ ҚҰНАЙЫ Құнай - құндыздың баласы. Құндыздың балалауын құнайлау деп те атайды. Құндыз жылына бір-ақ рет құнайлайды дейді. Құнайлар 2,5-3 жаста жыныстық жағынан жетіліп, жұп құра бастайтын көрінеді. Кішкене құнайлар су ішінде бір-бірімен еркелесіп ойнағанды тәуір көреді екен. Иса Байзақов (...) мына бір өлең жолдарында: *Кірпігінен секілді құндыз атқан Жіңішке қара қасы тура тартқан. Қалың шашы қиылған арқасында Су еркесі құнайдай құндыз тапқан, -* деп құндыз кірпік, қолаң шашты қыз сұлулығының бір сипатын су еркесі құнайға теңейді. *Маңдайдағы жұлдызым, Судағы құнай, құндызым, Алдымдағы шамшырақ, Жарығым, айым, күндізім, - деп, қара өлеңмен ана бауырындағы баласын жұбатады. Бұндайларды табиғат көрінісінен алынған визуалды теңеулер десе болады.*

ҚҰНДЫЗДЫҢ ҚЫЗ ҰЗАТУЫ Құндыз құнайларының жыныстық жағынан жетіліп, басқа «семьядағы» құнайлармен жұптастық құруы. Құндыздың қыз ұзатуы жөнінде ел аузындағы бұл мифопоэтизм бойынша бір қоныстағы құндыздың құнайлары өсіп-жетіліп, басқа қоныстағы құнаймен жұптастық құрарда «қыз ұзатушы» құндыздар бірінің соңынан бірі шұбап, өздерінің қыз құнайын жаңа қонысқа ұзатып салып, бір-бірлерімен қимай, сыңсып қоштасады екен. Құндыздың «қыз ұзатуы» ай отырып туған кездегі, айлы жарық түнде өтетін көрінеді. Халықтың құндыздар тіршілігімен байланысты бұл аңызға ерекше назар аудара келіп, белгілі педагог, биолог ғалым Р.Сәтімбеков халық танымы мен ғылыми танымның сәйкес түсіп жататынын атап көрсетеді. Зерттеуші құндыз семьяларының өзді-өзінің қоныс шекарасы болатынын, оны құндыз қайыры арқылы белгілеп қоятынын, ол үшін ағаш жапырақтарынан аз ғана үйінді жасап, сол жерге құйрық майындағы жұпар безінен шығатын қайырын төгетінін, ал оның исі ұзақ сақталатынын, басқа құндыздар «бұл жердің бос еместігін» бірден сезетінін айта келіп, жаңа «семья» құрған құндыздар басқа жерге қоныстануына тура келеді, - дейді. Бір семьяда өскен құндыз құнайлары еш уақытта бір-бірімен жұп құрып, семьяға бірікпейтінін ғалымдардың бақылау жұмыстары анықтап отыр. ...Құнайлар семьядан бөлінген кезде баланың жылағанындай, кейде қыздың сыңсығанындай дыбыс шығарады. Осы жағдай аңызға арқау болса керек.

ҚҰРАЛАЙДЫҢ САЛҚЫНЫ Сәуірдің аяғы мен мамырдың басындағы бес күнде өтетін ызғарлы суық (Қара: **Бесқонак**). Қыр адамдарының байқауынша, осы кез киіктердің жаппай төлдейтін және төлдің ызғарлы суықта кіндігі тез қатып, аяқтанып кететін шағы болса керек.

ҚҰРАН Мұсылмандардың қасиетті кітабы, арабша «оқу» деген сөздің мағынасын береді. Құран 114 сүре мен 6666 аяттан тұрады. Бағдаттықтар, куфа мен басралықтар 6666 аятқа жетпейді деп есептейді.

ҚҰРБАН АЙТ **І** т і л д і к к о д. Зұлхиджа айының 10 күні басталып, 3-4 күнге созылатын, Меккеге қажыға бару аяқталар күні қажылық етушілердің Мина алқабында құрбандық шалу рәсімімен ерекшеленетін мұсылмандардың Аллаға құлшылық етіп мал соятын басты мейрамының бірі. **І** м ә д е н и к о д. Бұл күні әрбір мұсылман құрбандық шалып, Алладан Құбылаға қарап құрбандықты қабыл алуды өтінеді. Діни ант бойынша шалынған құрбандықтың барлық еті кембағалдарға, пақырларға үлестіріледі, көп жағдайда еттің үштен бірі асылады, Құрбан айт мейрамында арнаулы мерекелік намаз оқылады].

ҚҰРБАН ШАЛУ д і н и. *Құлшылық етудің ізгі бір амалы ретінде Алланың ризашылығына бағыштап мал бауыздап, қан шығару.*

ҚҰРБАНДЫҚТЫҢ БҰРЫНҒЫ КЕЗДЕ ХАРАМ БОЛУЫ Ибраһим пайғамбардың ұстанған ханафи деп аталатын сенімінде ханафилер құрбандыққа мал шалып, бірақ оның етін харам деп жемей өртеген. Шалған құрбандық отқа жанып кетсе, құрбандық қабыл болды деп қуанатын болған. Жаратушы ие құрбандықты отпен сынап көруді жойды, құрбандық халал деп саналды. Сондай-ақ дұшпаннан түскен олжа халалдар қатарына жатқызылып, шариғат бойынша харам деп есептелмейтін болған (Рабғузи, 373-б.).

ҚҰРБАНДЫҚТЫҢ ХАЛАЛ БОЛУЫ д і н и. *Шариғат бойынша құрбандықтың харамның қатарынан шығарылуы.* Жаратушы ие құрбандықты отпен сынап көруді жойып, Мұхаммед пайғамбар үмбетінің құрбандықтарын халал етті. Құрбандыққа шалынған малдың еті халалдар санатына жатқызылды.

ҚҰРҚЫЛТАЙДЫҢ ҰЯСЫНДАЙ 1. Өте тар, кішкентай, шағын. 2. Шөп-шаламнан сілекейлеп тоқитын құрқылтайдың ұясы су үстіндегі ағаш бұтағына байланып тұрады. Қазақ түсінігінде құрқылтай – киелі құс. Бір аңызда құрқылтацды атқан бір байдың түйелері шетінен іш тастап, ағарғансыз қалғаны туралы айтылады. Құрқылтайдың ұясын ерте кездерден қазақтар қуық байлану, бел, буын ауруларын емдеуге пайдаланған. Сүйегі мерткікен адамға құрқылтайдың еті мен сорпасын беріп емдеген дейтін деректер кездеседі. Этнографиялық деректерге қарағанда кейбір елдерде құрқылтайдың ұясын емдік тағам, жеңсік ас ретінде пайдаланады. Ұяның емдік қасиеті түрлі шөп пен құс сілекейіне байланысты болуы мүмкін.

ҚҰРМАЛАСҚАН ҚҰДАЛЫҚ *Ежелден қыз алысып, қыз беріскен құдалық.*

ҚҰРТҚАШАШ *Ащы отқа жататын құм шөбі.* Сәуір айының орта шенінен бастап көктейді. Құртқашашты қазан ұрғаннан кейін мал жейді. Малшылардың таным-тәжірибесінде құртқашаш жеген қой күйлі болып, қыстан оңды шығады.

ҚҰРЫҚБАУ *Жылқышылардың қосына келген адамдардың қостағыларға беретін кәде сыйы.* Бұл кәде сый от жаққан орынды кастерлейтін ең ежелгі мифологиялық таныммен байланысты деуге болады.

ҚҰШЫРЛЫ АТ ә с к е р и. *Жекпе-жек айқасқа бейімделген ат.* Эпикалық жырларда *құшырлы ат, қалың қалқан* деп қатар айтылады.

ҚЫЗ – ҚОНАҚ *Қазақтың тұрмыс салтында отбасы дәстүрінде қызды қонақты құрметтегендей құрметтеу.* Байырғы ата-аналар ұлдарына «бауырларым деп төркіндеп келгенде қыздың атын байлап, қолына су құясындар; сендер қыздың атбайларысындар, қатындарың оны сексенге келіп селкілдеп отырса да «қыз-ау» дейтін болсын дейді. Бұл байырғы ата-аналарымыздың жазылмаған жарғысы, отбасының әдет-ғұрыптық ұстанымы.

ҚЫЗ АЛЫСАТЫН ЖЕРГЕ ЖЕТТІК *Жеті атаға толдық, рулы ел болдық деген мағынада.* Дәстүрлі қазақ салтында негізінен тоғыз атадан кейін құда болысып, қыз алысып, қыз беріседі. «Жеті атаға толысқан, жеке ел болысқан» рудың жер, сумен байланысты меншігі болады, сондай-ақ бұндай ру ел ішінде биі, ел ағасы, батыры сынды тұлғалармен танылып, әлеуметтік сипат алады.

ҚЫЗ ӘУЛИЕ: АСТЫҢ ДӘМІН КЕЛТІРГЕН ТҰЗ ӘУЛИЕ, ЕКІ ЕЛДІ ТУЫСТЫРҒАН ҚЫЗ ӘУЛИЕ *Бүгінгі қыз ертеңгі ана болып, барған елі мен төркін жұртын туыстыратын қасиетті жан деген ойнатымдық түзілімді білдіреді.*

ҚЫЗ БОЙ ЖЕТТІ х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. *Қыз бала кәмелетке толды, бойы керегенің ең жоғарғы көгіне жетті.* Этикалық норма бойынша қазақта қыздың жасын сұрамайды, керегенің көгіне қарап мөлшерлейді. Байырғы қазақы дәстүрде ұлдың әкесі жүрген-тұрған жерлерінде құдалықты ниет етіп, барған үйінің қызын керегенің көгімен айқындап, үш көгіне жеткен қыз болса, осы бастан қалың малын ойластыра бастайды.

ҚЫЗ БОЙ ЖЕТТІ х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. *Қыз бала кәмелетке толды, бойы керегенің ең жоғарғы көгіне жетті.* Этикалық норма бойынша қазақта қыздың жасын сұрамайды, керегенің көгіне қарап мөлшерлейді. Байырғы қазақы дәстүрде ұлдың әкесі жүрген-тұрған жерлерінде құдалықты ниет етіп, барған үйінің қызын керегенің көгімен айқындап, үш көгіне жеткен қыз болса, осы бастан қалың малын ойластыра бастайды.

ҚЫЗ ЖАСАУЫ *Ұзатылатын қызға берілетін киім-кешек, қажетті жиһаз-мүлік.* Қыз жасауы ең аз дегенде қалыңмалдың жартысынан кем болмайды. Қызды алып қашқан жағдайда қыз әкесі жасау бермейді. Берген қалыңмалға қыз жасауы сәйкес болса, мал сілекейі қайтыпты дейді.

ҚЫЗ ЖАТЖҰРТТЫҚ *Қыз болашақ ана, табиғаттың заңы бойынша оған ешқандай күш қарсы тұра алмайды, от жағып, күл төккен жерінің барған елінің адамы болып қала береді деген ойтанымдық ұғымды білдіреді.* Алайда қыз жат болып кетпейді, оны «Тұз десе түйе түтпейді, төркін десе қыз түтпейді» деген мақалдың мазмұнынан аңғаруға болады. Бірақ ол барған елінің адамы болып, сүйегі түбінде барған жерінде қалады.

ҚЫЗ КӨРУ *Күйеу жігіттің қалың беріп, атастырып қойған қалыңдығына келу салты.* Жігіттің болашақ қалыңдығын өзі іздеу салты *қыз таңдау* деп аталады. Бірақ ата-аналары баталасып, қалың беріп қойған ұл-қызда бастары байланып қойғандықтан ондай ерік болмайды.

ҚЫЗ КӨШІ *Ұзатылып бара жатқан қыздың жасау-жабдықты салтанатты көші.* Қыз көші күйеу жұртына жақындаған кезде келіншек көші деп аталады.

ҚЫЗ ҚЫРЫҚ ШЫРАҚТЫ *Қыз бала өмірде қанша қиындық көрсе де, бірде болмаса, бірде бағы жанады деген ұғымды білдіретін тұспал сөз.*

Қыз мінезді төре затты адам. *Кісі бетіне қарсы келмейтін сыпайы, әдепті жан.* Үлкен кісілердің алдында шарифатқа шалыс келетін бірауыз сөз айтпайды да, сондықтан ауыл ақсақалдары оны «қыз мінезді, төре затты адам» дейді де, мұғалімді «бүлдіргіш» дейді (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 106-б.).

ҚЫЗ САЛЫҒЫ Қоқан билеушілерінің қазақ руларынан сылтауратып «Қызды қалың малға сатады» деген желеумен қызы бар үйлерге салатын салық түрі. Қоқан басшыларының бірі Мырзаби Ордабасына шатырын тігіп, бұл мекенді өзінің орталығына айналдырыпты. Халыққа жасаған зорлығы шектен шығып, қазақ руларының мал салығы былай тұрсын, қыз салығы - «қырық үйден зекет» ала бастайды. Ел намысын ту еткен ерлердің басы Мұсабек батыр болып, әрі ақын, әрі батыр Мәделі қожа, Құлшығаш Жаманқара батырлар бас қосып, қарулы шайқасқа шығуына себеп болады.

ҚЫЗ ТАҢДАУ *Байырғы қазақ қоғамында ауқатты, бай-мырза ұлдарының құда түсердің алдында ел ішінен қыз қарап, қыз іздеу салты.* Байырғы қазақ қоғамында үйленуге байланысты қыз таңдау салтының айшықты бір көрінісі «Қыз Жібек» жырында кездеседі. Үш әйелден жалғыз ұл көріп, сол ұлдарына оба тиіп, бір күнде айрылған Базарбай сексендерде көрген Төлегені мен Сансызбайына «тірі жүрсе, өздері де алар бір қыз» деп, қыз айттырып, қалың бермейді. Қыз таңдауды ұлдарының өз еркіне салады. Жырда: *Төлеген сонда он екі жасқа келді, Қыз іздеп, аралады тамам елді. Он алты жасқа дейін қыз жаратпай, Ат жетер жерді арылтып тамам қылды,* – дейді. Сонымен, әл-ауқаты төменірек жікте ұл-қыздарын көбіне әдеттегідей белқұда, бесікқұда салтымен үйлендіретін болса, әлеуметтік жағдайы аса жоғары бай-бағылан ұл-қыздарының үйленіп, тұрмыс құруы қыз таңдау салтына орай өз еріктерінде болады.

ҚЫЗ: ТҮЗ ДЕСЕ, ТҮЙЕ ТҮТПЕЙДІ, ТӨРКІН ДЕСЕ ҚЫЗ ТҮТПЕЙДІ *Тұрмысқа шығып, әйел атанғанмен, қыз қашанда төркіншіл болып қала береді деген ұғымды білдіреді.* Қазақы дәстүр мәдениетінде қыз төркіншілдігін түйе тұзды қалай көрсе, қыз да төркін десе аңсары ауып тұратын әйел затына тән табиғи ерекшелік деп таныған.

ҚЫЗБАЛЫҚТАЙ: қызбалықтай күн. Алма мойын, аршын төс, Құбаған мұрын, қиғаш қас. Мойыл көзді, тоқ жүзді, Сүйкімді сұлу жарменен Көңіл ашып күлген күн. Бір ұсаса, сол ұсар Кешегі со қазақтың *Қызбалықтай күніне* (Ғ.Қараш, Замана, 46-б.).

ҚЫЗҒА ҚЫРЫҚ ҮЙДЕН ТЫЮ, ҚАЛА БЕРДІ ҚАРА КҮҢНЕН ТЫЮ *Ауыл-үйдің ортасында еркін жүрген қыз әрдайым қамқорлықпен айтылатын ұят, ұят болады деген дағдылы тәрбие сөзін естіп, есте тұтып өседі деген ойтанымдық ұғымды білдіреді.* Қыз анасы, әпке-апалары, жанашыр жеңгелерінен еститін ұят, ұят болады деген сөздің қыз

тәрбиесіндегі этикалық мәні кентті елдегі никап, хиджаптарға карағанда әлдеқайда тиімді болған.

ҚЫЗҒАЛДАҚ: ҚЫЗҒАЛДАҚ МАЙЫ *Жазғытұрым қызғалдақ қалың шыққан жылдары қызғалдақты өрісте жайылған қой-ешкінің сүтінен алынатын өнім. Қызғалдақ жемеген қозы арманда, қыз құшпаған жігіт арманда (Мақал). Қызғалдақ қалың шыққан жылдары кей өңірлердегі жұрт дастарқан жайып, бірін-бірі қызғалдақ майына шақырысатын дәстүрді қызғалдақ майына шақыру деп атаған.*

ҚЫЗДАН ТУҒАН ҚИЫҚСЫЗ *Қыздың баласы жат, бөтен емес, туғаныңдай.*

ҚЫЗДЫҢ ЖИҒАН ЖҮГІНДЕЙ *Қыз баланың істеген ісі әрқашан әдемілік, тиянақтылық, тазалықты пен жинақылықты танытады деген ойтанымдық ұғымды білдіреді. Бұндай қасиет қазақ қызына ең алдымен анасынан жұғысты болады, сондықтан анасын көріп қызын ал, аяғын көріп асын іш дейді.*

ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ ЖІҢШКЕ *Әйел заты ер адамның істегенін істей бермейді, мүмкіндігі шектеулі деген ойтанымдық ұғымды аңғартады.*

ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ ҚОЖАДАН ҮЛКЕН *Қазақ тұрмысындағы дәстүрде қыз ешуақта есік жақта отырмайды, төркіндеп келген қыздың сұрағанын, айтқандарын төркіндері екі етпейді. «Қазақ қызы ұзатылғанша негізінде екі-ақ түрлі жұмыс істейді: көлден су әкеледі, шай құяды. Жұмыстың басқа түріне қайын ененің қолында жаттығады» (Ғ.Мүсірепов).*

ҚЫЗДЫҢ ҚЫЛЫҒЫ, СУДЫҢ ТҰНЫҒЫ *Әдетте жас қыздарға тән жарасымды, назды, әдептен шықпайтын ойнақы мінез, сүйкімді қимыл-әрекет.*

ҚЫЗҚАШАР *Ұрын тойдың аяғын ала атқарылатын сауық ойыны. Түн ортасы ауа тойдың ең бір тартысты қызықты шағы – қызқашар ойыны басталады. «Осы кеш сол ауылда бір үй әзірленеді. Оның қожасына күйеу ат мінгізуге, не шапан жабуға тиіс, бұл кәде «қызқашар» деп аталады. Осы үйде жұрт екі топқа бөлінеді. Оның бірі кәдеге жалданылып алынған, күйеу жағын жақтайтын топ та, екіншісі қалыңдық жағын жақтайтын топ. Соңғы топ қалыңдықты жасырып қояды. Күйеу жағы оны іздеп тауып алған кезде тартыс басталады. Бұл тартыстағы қалыңдық жағының мақсаты қалыңдықты қорғап, бермей қалу да, күйеу жақ топтың мақсаты қалыңдықты тартып алу болады. Ақырында біреулерінің қолы жараланып, біреулерінің бет-аузы даладай қан болып, киімдері жыртылғаннан кейін, әдетте, әрқашан күйеу жағы жеңеді, олар қызды тартып алып, оны жеңгелерінің қолына береді, жеңгелері қызды күйеуге алып барады» (Ы.Алтынсарин). Тойға қатысушы «қыз жағы» – «күйеу жағы» болып екі топқа бөлінеді. «Бағзы уақытта жырынды әйелдер қызды қашырып әкетіп, жігіттердің аузын аппақ та қылады» (Қ.Тәкежанұлы). Қызды тартып әкете алмайтынын «байқаған» жақ қызқашар кәде-сыйын беріп құтылады (қ. *Қызтартыс*). Сөйтіп, қазақтың байырғы үйлену салт-дәстүріндегі қызқашар сауық ойыны тұрмыс құрушы, тұрмысқа шығушы екі жастың естерінде қалатындай қимас қызықты шағындай болып өткен.*

ҚЫЗТАРТЫС *Күйеу жігіттің қайын жұртына алғаш ірге көруге барғанда ұрын той кезінде өткізілетін салттық ойын.* Этнографиялық деректер мен зерттеулерде айтылғандай, *қызтартыс* әдетте күйеу жігіт тарапынан алдын-ала *қызқашар* кәдесі (ат, шапан) берілген үйде өтеді. Кеш түсе әйелдер сол белгіленген үйге қалыңдықты алып келеді. Жиналған жұрт қалыңдық жағын қолдайтын топ және күйеу жігіт жағын қолдайтын топ болып, қарама-қарсы екі жаққа бөлінеді. Қалыңдық жағындағылар қызды жасырып қояды, ал күйеу жігіт жағындағылар оны іздеген болып, тауып алады. Сөйтіп, екі топтың арасында *қызтартыс* «айқасы» басталады. Қыз жағындағы топ қалыңдықты бермеуге, ал күйеу жағындағылар қалайда тартып алуға күш салады. Ойынды қыздыра келген шақта біреулердің қолы жараланып, біреулердің бет-аузы даладай қан болып, киімдері жыртылғаннан кейін, әдетте, әрқашан күйеу жағы жеңеді, олар қызды тартып алып, оны жеңгейлерінің қолына береді, қызды күйеуге алып барады» (Ы.Алтынсарин). Сонымен, «қызтартыс» айқасында қалайда болмасын күйеу жақ «жеңеді». Өйткені бұл салттық ойынның халық санасындағы онтологиялық болмысы «қыз – жатжұрттық, ол болашақ ана. Табиғаттың заңы солай. Оған ешқандай күш қарсы тұра алмайды» дегенге саяды.

Қызыл жылқы. *Құрық, жүген тимеген, бұла өскен жылқы түлігі.* *Қызыл жылқы* бұладан өсетұғын, Көкейін қыз-жігіттің тесетұғын (айтыс, 2-т., 347-б.)

ҚЫЗЫЛ КӨТЕРУ *Бір гана ауылдағы ағайын-туыстардың қатысуымен шектелетін көмектің бір түрі.* Күн көріп отырған малынан айрылған кедей туысына ауылдастары бір мал сойып, оны он екі жілікке бөліп, таратады. Әр жілік үшін бір-бір қозыдан береді. Кедейленген үйді туыстары ата-бабаның ізгілік жолымен қатарға қосады.

Қызыл нар. *Нардың ең таңдаулысы.* *Қызыл нар* қыздан қымбат (Бабалар сөзі, 4-т., 103 б.).

Қызыл нар. *Нардың ең таңдаулысы.* *Қызыл нар* қыздан қымбат (Мақал).

ҚЫЗЫЛ ОТ *Бағалы жемдік от санатына жататын мал азығындық шөп, қылтықсыз арпабас деп те аталады.*

ҚЫЗЫЛДАТУ: ҚЫРАНДЫ ҚЫЗЫЛДАТУ с а я т ш ы л ы қ. *Құсбегінің қыран бүркіттің түскен аңын шеңгелінен дереу босата салып, жылы-жұмсақ етін құсқа қарбыта жұтқызып жіберуі.* Аңшылар, сөйтіп, қыранын құмарынан шығарады. *Қызылдатып қыранын, Өзі де басып құмарын Көкбұйраны атқаны* (Мадияр, 425). деген өлең жолдарында аңшының да, құстың да құмарларынан шығатын ерекше бір сәті айтылған.

ҚЫЗЫР АТА *Халықтың діни танымында ақ сақалды қария кейінде жүретін әулие.* Оның назары түскен жанға бақ қонып, Қыдыр дариды, Қыдыр ата алыс жолдағы жолаушыны жебеп жүреді деседі. Қойшының діни түсінігінде қызыр Ата таң ерте өріске бара жатқан қойдың алдында, кешке өрістен қайтқан қойдың соңында жүретін көрінеді.

ҚЫЛАУ *Жас бұзаудың іші өтіп тоқтамауы.*

ҚЫЛҚҰЙРЫҚ ШЫҒАРУ көне әскери. Хан жарлығымен атқа мінуге жарамды азаматтарды жаппай әскер қатарына алып, майданға шығару. Патшалық мемлекеттерде тұрақты әскер болса, дала дәстүріндегі хандық мемлекеттің ордасында тұрақты әскер болмаған, өйткені бауырын көтерген еркек кіндіктілер қару-жарақ ұстайтын дайын әскер саналған. Ер бала ашамайға мінгеннен бастап ат үстінде өседі. Сондай-ақ қазақтың халықтық спорт ойындарының *жамбы ату, аударыспақ, көкпар тарту* т.б. сайыстары әскери дайындықтан өтудің негізгі түрі болған. Қылқұйрық шығару жарлығы болған сәтте жауынгер өзінің қару-жарағымен, ат әбзелімен қосынға қосылып, әскер сапына шығады.

ҚЫЛҚҰРТ Қой тұлғінде кездесетін ауру; ішекке түскен құрттың салдарынан болатын ішек ауруының бір түрі.

ҚЫЛША Қыршаңқы болған жылқыны емдеуде қолданылатын қылша өсімдігінен жасалған дәрулік.

ҚЫМЫЗ БАЙЫДЫ І т і л д і к к о д. Қымыз түгеді, қымыз таусылды. П м ә д е н и к о д. Қадірлі ас, әрі көптің асы болғандықтан, қымызды бітті деп ашық айтуға болмайтын, сондықтан, қымыз байыды деп кері мағынада тұспалдап түгелені туралы хабар беретін.

ҚЫМЫЗАЯҚ Қонақтарға қымыз ұсынатын әшекейлі ыдыс. Жүзі айдай, бұғағы судай толқыған періште сынды бір қыз бала белі талдай майысып, дастарқан жайып бармағы жіп алтындай майысып, *қымызаяқтарды* жүргізе бастады (Ғ.Қараш, 163-б.).

ҚЫМЫЗМАСЫ Қымыз қызулығы, әсері, қымызға қызғандық. Құдалықпен аяқталатын даулар да, даумен аяқталатын құдалықтар да көбінесе осы қымызмасы жайлауда туады. Достар айырылысып, қастар табысып жатады (Ғ.Мүсірепов, «Ұлпан», 131-б.).

ҚЫМЫЗМАСЫ Қымыздың қызуына қызғандық. Құдалықпен аяқталатын даулар да, даумен аяқталатын құдалықтар да көбінесе осы қымызмасы жайлауда туады. Достар айырылысып, қастар табысып жатады (Ғ.Мүсірепов, «Ұлпан», 127-б.).

ҚЫНА ө с. Әртүрлі бояу алынатын өсімдік. Діни эпсанада қына жұмақтан қуылған Хауа Ананың көз жасы тамған жерден өскені айтылады.

ҚЫР КҮЙЕГІ/ҚЫР КҮЙЕК Аша тұяқ қыр жануарларының, - қоңыр аңдардың (бөкен, қарақұйрық, тауешкі т.б.) үйірге түспей, «күйекке» байланған кезі. Осыған орай күздің бас кездері қыр күйегі, қыр күйек шағы делініп, аталса керек. Осымен байланысты қырдағы қоңыр аңдардың күйекашарға дейінгі мезгілінің бас кездері қыркүйек деп аталып, ай атауына негіз болған деуге болады. Қоңыр аңдардың күйті келіп, күйекашар кезі әдетте қарашаның аяғы, желтоқсанның басына тура келеді. Бұл кезде шағылысқан қырдың ашатұяқ қоңыр аңдары сәуірдің аяғы мамырдың басында, анық бес айдан соң, жаппай төлдей бастайды.

ҚЫРАҢ зат. Қырдың аса биік емес тұсы. Осы ауылдың желойнақ, қыраң шетінде, нағыз желдің өтінде, әлімсақтан бері шешек шығып жатқандай оңаша тұрған жер үйге, жер үй емес-ау, көп балшықтан үйе салған

кара сарттың моласына келейік..., бірақ кірмейік!.. (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 116-б.).

ҚЫРБАСТЫҢ ҚЫЗЫЛЫ 1. Желтоқсанның басында өтетін амал. 2. «Кей жылдары желтоқсанның басында-ақ қай жиілей түседі. Түнімен жауған қардан соң ертеңіне таң ата бұлт сейіліп, аспан шайдай ашылады. Бірақ ілешала басталған аяз кешке қарай мыс табақтай қызара батқан күнмен таласа күшейе түседі, алайда аяз аса ұзаққа созылмайды. Бұл амалды есепшілер қырбастың қызылы дейді. Қызыл сөзінің мағынасы «аса ұзаққа созылмайтын демі қатты аяз» дегенді меңзейді. Сондай-ақ екі-үш күннен соң-ақ беті қайтатын қатты аязды қызыл шұнақ аяз, ал 10-12 күндей беті қайтпай тұрып алатын аязды сары аяз(сақылдаған сары аяз) дейді».

ҚЫРҒА ШЫҚТЫ *Өзен-су бойындағы қыстаудағы ел жайлауға көшті.* Терістіктегі елдің жайлауы қыстауға жақын 60-80 шақырымдай қашықтықта болады. Қырға шыққан ел өзен-су бойындағы төменгі қоныстағы маса-сонадан құтылып, қыр самалынан мал-жан тыным алады.

ҚЫРҒАУЫЛДЫҢ ЖҰМЫРТҚАЛАУЫ 1. Адал құсқа жататын қырғауылдың жұмыртқа салуы. 2. Қырғауылдың аз немесе көп жұмыртқа салуына қарап қазақтың шалдары, есепшілер алдағы қыстың жайлы немесе жайсыз өтетінін тіпті жұттың болатынын болжаған. Қырғауыл он-он бестен не одан да көбірек жұмыртқа салса ол жылы қыс жайлы болады екен. Ал әр қырғауыл 2-3 жұмыртқадан ғана салса, қыс қатты болып, аяғы жұтқа айналады деп есептеген. Қырғауылдың жұмыртқасы аз болған жылы Сыр бойындағы көнекөз қариялар алдын ала ескертіп, малдың қыстық жем-шөбіне ерекше дайындық жасатқан. Ол үшін қамыстан бастап күйреуік, көде, жантақ, сораң, көкпек болсын – қолға іліккенін шауып алып, қыста тасымалдауға қолайлы жерге маялап қойған. Қырғауыл – ауа райын сезумен бірге зілзаланы да күні бұрын сезетін ерекше құс. Қырғауылға байланысты бұндай қасиеттер қазақ және Орта Азия халықтарының орнитологиялық білімінен хабар береді.

ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ *Қыр жануарларының (киік, тауешкі, арқар т.б. қоңыр аңдардың) үйірге түспейтін, табиғи «күйектегі» кезі.*

ҚЫРҚЫНАН ШЫҒАРУ э т н. Сәби дүниеге келгеннен кейін қырық күн өткенде орындалатын ғұрып. П м ә д е н и к о д. Қалыптасқан дәстүр бойынша нәрестенің қарын шашын ер кісі алған, ұрпағы өсіп-өнген қария әже 40 қасық суды баланың үстіне құйып тұрып 30 омыртқаң жылдам бекісін, 40 қабырғаң жылдам қатсын деп тілек айтқан.

ҚЫРШАҢҚЫ *Жылқыда ұшырасатын тері ауруы.*

ҚЫС ҚЫЗЫЛ, ЖАЗ ҚЫМЫЗДАН ТАТҚАН ЕМЕС 1. Қысты етке, жазда қымызға жарымады. 2. Етқоректі, сүтқоректі көшпелі қазақ үшін қыста еттің, жазда ағарғанның жеткілікті болуы оның өмір сүруінің кепілі болды. Бейнелі сөз орамы малшы - жалшының мүшкіл, аянышты халін білдірумен байланысты қалыптасқан. Бұл «Байда мейір, кедейде бейіл жоқ (Абай)» деген сөз емес, сөз ара- тұра кездесіп қалатын сараң байлар туралы болса керек, яғни бұл сөздің тасасында экономикалық және әлеуметтік қатынастар жатқаны байқалады.

ҚЫС ШІЛДЕСІ Қаңтардың соңғы күндеріндегі аяз. **П м ә д е н и к о** д. Қыс күшіне еніп, түкірік жерге түспейтін сақылдаған сары аязды қазақтар «қыс шілдесі» деп атайды].

ҚЫСТАУ *Жаз бойы жайылым отына мал тұяғы тимеген, қамыс-құрақты өзен-су бойына жақын, қары қағыл күнгеілі өңірлердегі малды ауылдың қыстағы қонысы.* Малшы ауыл қыстауға келісімен, қар бекігенге дейін малды теріскей беттегі жайылымға бағады. Қыстың қиындығын ескерген малшы қыстаудан бөлек жерлерді қорыққа сайлап қояды, оны *келте қыстау* немесе *жалған қора* деп атаған.

ҚЫСЫРЫҚ *м а л ш ы л ы қ.* Құлындап жүріп тоқтап қалған бие.

ҚЫТЫҒЫМЕН ТУҒАН *Ертеректе үйелменді үйдің ұл-қызы аралас балалары осылай аталған.* Бұрынғылар әйел тек қыз туа берсе, ұл тілейді, ал ұл туа берсе, қыз болса деп үміт еткен. Ұлдан кейін туған қыз баланы *Тәттігүл, Тәттібала, Оңлыбала* т.б. есімдермен атаған.

ҚЫШЫМА ҚОТЫР *Қара малдың (түйе, сиыр, қой-ешкінің) шап, қолтық, құлақтың түбі, ауыз, құйымшақтың айналасында болатын тері ауруы.*

ЛАҚСА *х а л ы қ. б о т.* Қара отқа жататын, түйеден басқа мал жсемейтін қыр шөбі.

ЛАҢЫЛАҢ *Топалаң індетінің түстік аймақтардағы бір атауы.*

ЛОҚҚЫ *Іріңдеп асқынып кеткен жауырдың түрі.*

МАЗҺАБ *Имамның діни бағыты мен көзқарасы, идеясы.*

МАЙ: СҮЙЕК МАЙЫ *Соғымға сойылған малдың қу сүйектерін жинап, содан қайнатып алған май.* Сүйек майын сабын қайнатуға, бөртпе, қышыма, қотыр тәрізді тері ауруларын емдеуде қолданылған.

МАЙҒАРА *Қара от, малдың күзде, суық ұрған соң көктемге дейін жейтін маусымдық оты.*

МАЙҚАРА *х а л ы қ. б о т.* Шөлейт жерлерде өсетін, жусан тұқымдас тұз оты. Майқара әсіресе қара малдың сүйсініп жейтін оты.

МАЙЛАУ: АТ МАЙЛАУ *к ө н е.* Біреуден жалға ат алып міну. *Қора жасап Бекей жүр, Өзгелерден бүйірсіп. Ат майлап мініп әлі жүр, Малтапқыш асқан ұрысып* (І.Жансүгіров, «Біздің күз»).

МАЙЛЫӨЗЕК *Қой түлігі үшін аса бағалы күздік жайылым.* Жайылымның бұл түріндегі төмендеу жердегі өзекте ащы-тұщысы болатын көкжусан, изен, мортықбоз т.б. шөптер болады. Топонимдік атауға айналған «май» сыңарлы *Майлыөзек, Майтөбе* жайылымдары қойдың ет алатын, құйрық майын жинайтын күздеудегі жайылымдық жері, сондықтан малшылар бұндай жайылымды «жер түгінен май шығып тұр» дейді.

МАЙТӨБЕ *Қой түлігі үшін аса бағалы күздік жайылым.* Қойдың аталмыш күзгі жайылымында қара жусан, кекіре, майқара тәрізді ащы шөптер басым болады. Қой құйрық майын жинайды.

МАЛ СІДІГІ *Кедейдің еркек малын уақытша пайдаланған адамның мал иесіне беретін ақтығы деп, заттай беретін нәрсесі.*

МАЛ СІЛЕКЕЙІ ҚАЙТТЫ *қ ұ қ ы қ т ы қ.* Даумен өндіріп алған малдың тұяғы орнына келді.

МАЛ СІЛЕКЕЙІ ҚАЙТТЫ Қызға берген қалыңмалдың жасау-жабдығы толығымен болыпты.

МАЛ СІЛЕКЕЙІ ҚАЛДЫ Қолында бұрынғы малдан азын-аулақ тұяқ қалды.

МАЛ СІЛЕКЕЙІН АЛДЫ ы р ы м. Қолдан шығып бара жатқан малдың аузына орамал салып, малым азаймасын, мал тұяғы үзілмесін деп ырымдады.

Мал сілекейін жағу. Байырғы салт-дәстүрде Құдай жолына, аруакқа бағыштап құрбандық шалғанда түліктің құты деп түйеден ақ түйе, жылқыдан бозқасқа, қошқардан ақсарбас атаған. Кейде ондай құт нышаны бар түлік төлбасы, таңдаулы болғандықтан, оның орнына сілекейін алып, жай малға жаққан. Мал сілекейін түйенің мойын шудасынан, жылқының құйрық қылынан, қошқардың бел арқа жүнінен, сиырдың құйрық ұшынан кездікпен кесіп, сілекейін құрбандыққа шалатын малдың аузына жаққан. Сондай-ақ мал иесі «мал сілекейі үзілмесін» деп, сататын малының сілекейін алып, сақтап қоятын болған.

МАЛ ТҮЛІГІН БАҒАТЫН ЖАС 1. Ер баланың 10 жастан бастап мал бағуға жарайтын жастық кезеңдері. 2. Мал шаруашылығымен байланысты қалыптасқан көшпелі өмірдің ерекшелігіне орай қазақта ұл баланың жасын оның айналысатын кәсіп түріне бөліп қозы жасы, қой жасы, жылқы жасы, патша жасы деп ажыратқан. Қозы жасы 10-15 жас аралығында қозы баққан балаларды, қой жасы 15-25 жас арасында қой бағатындарды, жылқы жасы 25-40 жас арасында жылқы бағатындарды білдіреді. Ал қырық жасты патша жасы деп таныған. Өйткені осы жастан бастап ер-азамат ел басқару жұмыстарына араласа бастайды.

МАЛ: АҚ МАЛ Күйіс қайырмайтын мал, жылқы.

МАЛ: ҚАРА МАЛ Күйік қайыратын түйе, сиыр, қой-ешкі.

Малдың құлағы көрініп тұр. Оты мен суы мол нағыз жайылымдық жер екені білініп тұр. Малдың құлағы көрініп тұрған кең шұрайдан кетпедік... (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 120-б.).

МАМЫР АСЫП БАЙ БОЛДЫ Дүние-мүлікке кенелді. Мамыр асып бой болдың, Несібенді жұрттан тіледің (Дулат Бабатайұлы).

МАМЫР Дүние-мүлік.

МАМЫР Құлық ауруының бір атауы.

МАНДАМ Маңқа тектес жұқпалы аурудың бір түрі.

МАНЖАНАҚ к ө н е; ә с к е р и. Қамал-қорғанды бұзуға арналған серіппелі тасатқыш құрал.

МАНЖАНЫҚ к ө н е; ә с к е р и. Тас ататын серіппелі қару. Шайтан келіп манжанық жасауды үйретті. Одан бұрын жер бетінде манжанық деген жоқ еді (Рабғузи, 69-б.).

МАНШУР Қытай үкіметінің ел билеуге рұқсат ететін арнайы қағазы.

МАҢҚА Көп мінілген жылқыда ыстық-суықтан болатын жұқпалы ауру.

МАҢҚАСҚА. МАҢҒЫЛ ҚАСҚА *Маңдайы мен тұмсығына дейін ақ болып келген жылқының түр-түсі. Бұндай белгіні жылқы төлінің айрықша нышаны деп те таниды.*

Матастыру *Жорық-жортуыл кезінде мініс аттарын бірінің басын арт жағына қарата, екіншісін бас жаққа қарата айқастыра байлау тәсілі. Атымызды құрғақ арнаға матастырдық та, жотаға көтерілдік, үшеуміз жотаның үш қапталына жайғасып, төңірекке көз салдық («Бабырнама», 139).*

МАХШАР Мұсылман діні ұғымы бойынша өлгеннен кейінгі адам баласының күнәсі тексерілетін жер. **П м ә д е н и к о д.** Құран кәрім бойынша Ысрайыл періште сұр үрлегеннен кейін қиямет қайым басталып, бүкіл өлілер тіріліп, қабірлерінен шығып, амал дәптерлері иесіне тапсырылатын бүкіл жаратылыс Алла тағала алдында есеп беретін алаң].

Мәздәк. *Ир. Зәрдөш (заратуштра) дініндегі ең жоғарғы құдай.*

МӘЗІН Арабша «муаззин» сөзінен алынған – азаншы.

МӘНДАҚ БАҚСЫНЫҢ КҮПІСІ

Мәстихат араб. діни.

Мәсіһ араб, діни. *Христиан діні; сол діндегі адам.*

МӘТЕЙ ж е р г. *Аласалау, түбі кең күбі.*

МӘТҚАПЫЛЫҚ *Айтылатын сөздің дер кезінде айтылмай, өкініште қалдыруы.*

МЕГІР: **мегір ару.** *Мегір арудың бұл мұңды һәм нәзік даусы шырт ұйқыда жатқан жігіттің басын көтеруге әлі жетіпті (Ғ.Қараш, 160-б.).*

МЕҢДУАНА *Өкпе дертіне шалдыққан қой-ешкіні емдеуде қолданатын дәрулік.*

МИЗАМШУАҚ *Күздің бас кездерінде болатын қоңырқай шақ, ыстықтың таңға қарай қайта бастаған уағы. Бұл кез әсіресе шыбын-шіркей, маса-сона азайып, мал-жанға жайлы болғандықтан мизамшуақ аталған. Халықтық метеоронимнің бұлай аталуының бір себебі халықтық астрономиямен байланысты. Этнографиялық деректерде бұл шақты Лақ мизанның аяғы, Теке бақылдақтың басы дейді. Ал мизан арабша шоқжұлдыздың және сол шоқжұлдыздың атымен аталатын айдың (қыркүйектің) атауы. Мизан шоқжұлдызы иран тілдерінде Таразы деп аталады. Жер бетіндегі метеорологиялық құбылыстар түнгі аспан шырақтарымен, яғни олардың тууы, батуы сияқты әртүрлі көріністермен байланысты қаралады. Халықтық метеоронимнің мизамшуақ деп аталуының тағы бір себебі бұл кезде жіпше шұбатылған ақшыл сілбі ұшып жүреді, шөп басына ілініп шұбатылып тұрады. Мизам ұшқан осы шақ мизамшуақ кезінің жердегі табиғи белгісі іспетте ұғынылады.*

МИХРАБ Арабша «альтар», соғысатын жер. Екінші ұғымы намазда тұрған адам, әдетте ойына әр нәрсе келіп бөліне береді, сайтанның азғыруына ұшырайды деген сөз. Демек, намазда ештеңе ойламауға тырысып өзі күреске түседі. Осы жер де «соғыс алаңы», яғни намаз орны.

МИЯ: **АҚ МИЯ/ЕСЕК МИЯ** *Сортаң жерлерде, өзен жағалауларында өсетін шөп. Мияның бұл түрлерін малшылар жайылым*

сапасын төмендетеді деп таниды. Қой түлігі қара күзде, қыста жапырағымен қоректенеді.

Мойнақ *Таулы жерлердегі түйе мойнына ұқсас биік иір асу.* Олар тәуекел деп сол *мойнақты* аспақ болды да, атқа қонды (Бабырнама», 175-б.)

МОЙНЫНА АРҚАН САЛУ 1. Ұсталған ұрының мойнына арқан салып әйгілеу. 2. Ұсталған ұры ұрлаған малды сойып жеп алған болса, оның арқан салып, арқанның ұшын мал мал иесіне ұстатқан. Одан әрі атқа мінген мал иелері «арқандалған ұрыны» белгіленген жерге дейін сүйрей жөнеледі. Ұры атпен шауып сүйрелегеннен өлмей қалса салауат (кешірім) деп, жазалауды тоқтатқан. Ұрыны осылай жазалау ел ішіндегі ұрлықты тыюдың жолы болған. Сол арқылы елдің бейбіт, тыныш өмір сүруін қамтамасыз еткен.

МОЙНЫНА БҰРШАҚ САЛДЫ *«Жаратқан Иеге көгендеулі қозыңмын, құрбаныңмын» деп жалбарыну, тілеу.*

МОЙЫНЖУАР: КИІКТІҢ МОЙЫНЖУАРЫ

Мойынқауға. *Түйенің мойын терісінен жасалған қауғаның түрі.*

МОЛДА Түркі сөзі, жай ғана молда, намаз оқи аларлық қана жетер-жетпес білімі бар, яғни діни шала сауатты, сондықтан оларды халық арасында дүмше молда деп те атайды.

МОРТЫҚ *Жусанды, сексеуілді жайылымдық от.* Көктемде жылқы мен қой жақсы ет алады. Әсіресе жаз кезінде қой, жылқы түлігі сүйсініп, жақсы жейді.

МОРТЫҚ РАҢ *Құмайт, шөлейт, шөлді жерлердегі тақырларда өсетін жайылымдық от.* Ерте көктемдегі жайылымда қой, сиырға жұғымды келеді, ал құраған, кезінде сүйсініп жемейді.

МУДАРРИС Оқытушы, дәріс беруші діни мұғалім – ұстаз.

МУКРИ Құранды оқытуға арнайы рұқсат алған адам. Араб тіліндегі мағынасы «оқытушы», Құранды оқытушы.

МУМИН Арабша сенген, иман келтірген адам.

МУРИД Арабша белгілі бір кісіні ұстаз тұтып, өзі қалаған адамға ерген, қол созған адам. Бұл атау оңтүстік өңірде өзгермей қолданылады да, Сарыарқа өңірінде «пірадар» деп аталады.

МУСЛИМ Арабша «мұсылман».

МУФТИ Шешім (фатуа) шығарушы. Муфти қазидың үкімін орындатпай, іске асырмай тастауға да еркі бар.

МУХАЖИР Дін үшін өмірлерін сарп етіп, мал-мүлік, туған-туысқандардың бәрін тастап Меккеден кеткен сақабалар.

МҰҒАУИН Көмекші, муфти мен қазидың арасындағы қызметші.

МҰҒЖИЗА д і н и. *Алла Тағаланың пайғамбарларға жіберген ерекше кереметтері.* Діни танымда мұғжиза деп аталатын бұл ұғым, түсінік адам мүмкіндігінен мүлдем тысқары, Уақыт пен Кеңістіктен тыс, пайғамбарлардың дұға-қалауымен, Алла Тағаланың құдіретімен жүзеге асатын кереметтер болып саналады. Алла Тағаланың жалғыз екенін, пайғамбарлардың ел жұртын Хақ жолына бастау үшін жіберген құдіретті жаратушының елшісі екенін мойындамаған пұтқа табынушылар мен Аллаға

серік қосушылар олардан кереметтер көрсетуді талап етіп, мәжбүрлеп отырған. Діни кітаптарда осы айтылғандай пайғамбарлар небір кереметтер жасаған. Мысалы, үйілген отынның үстіне байлап, өрт салғанда Ибрахим пайғамбардың еш жері күйместен сау шығуы; Мұса пайғамбардың Аса таяғы жыланға айналып, өзге сиқыршылардың жыландарын жұтып жоқ қылғаны; Иса пайғамбардың салған демі өлген адамды тірілтіп, су қараңғы соқырдың көзін шырақтай ашуы; Мұхаммед пайғамбардың тоғыз қат көкке көтеріліп, Алла Тағаланың дарғаһына барып қайтуы т.б. жүздеген, мындаған кереметтер Алла Тағаланың өз елшілеріне жіберген мұғжизасы деп аталады. Мұғжизалардың сиқыршылыққа еш қатысы жоқ. Өйткені жадылау, сиқырлау арқылы адамдардың санасына теріс әсер ету Мұхаммед пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) хадистерінде зиянды әрі күнә деп есептеледі. Бұлар шайтанның азғыруымен, араласуымен болатын әрекеттер деп ұғынылады. Мұғжизамен байланысты айтылатын *Дәуіттің қоржыны, Сүлейменнің жүзігі, Исаның демі* деген діндегі кереметтер халық тіліне сіңісіп, фразеологиялық тұрақты сөз орамдарына айналған.

Мұқаррабин араб. діни. *Аллаһқа жақындықта әулие деңгейіне жеткен ізгі жандар.*

Мұсаның аса таяғы. діни. мифол. *Мұса пайғамбардың небір кереметтерге ие асасы.*

МҰСЫЛМАНДЫҚ ПАРЫЗ Ислам дінін қабылдаған Аллаға мойынсынған адамның орындауға міндетті парызы, борышы. **П м ә д е н и к о д.** Мұсылман адамның парызы көп, солардың ішінде иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, ғұмыр-зекет беру, қажыға бару].

Мұхаддис ар. діни. *Хадис білімін жетік білуші, хадистаушы.*

МҰХАММЕДТІҢ НҰРЫ Дүниедегі барлық тіршілік иесінің нәр алатын Мұхаммед пайғамбардың мәңгі жасайтын жаны туралы ілім. **П м ә д е н и к о д.** Мұхаммед (с.ғ.а.) – Ахметбин Әбд Аллах (570-632 ж.) – Ислам дінінің негізін салған, Алладан қасиетті кітап – Құран түскен мұрсал пайғамбар, жер бетіндегі соңғы елшісі].

Мүдіуар. ескікіт. *Біреуге мүдделі, тәуелді болу.* Енді мені тасала, Таса жерге бетімді *мүдіуар* боп қатынға, Қазы-екем солай өтінді (Бабалар сөзі, 4-т., 82-б.).

Мүжтахид араб. діни. *Мәстихад етушілер.*

МҮЙІЗ СОРПАСЫ 1. Оталған бұғының мүйізін қазанда ұзақ қайнату арқылы дайындалған сорпа. 2. Мүйіз сорпасына екі апта бойы бес минуттан шомылған адам белдің құяң ауруынан құлан-таза жазылады, жүйке жүйесіде де қалпына түседі.

МҮЙІЗКӨК *Жас түйенің жыныс мүшесінің сыртқа шыға берісінде өскен шеміршектен болатын ауру.* Бұндай кеселдің салдарынан түйе боталамай қалады.

МҮҢГІР к ә с і б и; б а л ы қ ш ы л ы қ. *Балықтың бір түрі.* Мүңгір жайын емес қарағай қайың емес (Мақал).

МҮШЕЛІК БЕРУ (Дала уалаяты)

МЫҚАН АҒАШЫ **І** т і л д і к к о д. Мифтік танымда тіріге тірек болып, жәрдем көрсететін, өліні қайта тірілтіп, өмір беретін қасиетті ағаш. **ІІ** м ә д е н и к о д. Мықан ағашы атауы «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырының көне нұсқасында кездеседі: *Мықан іздеп, жігіттер, кел кетелі, Ортасында Көктөбе белгі етелі. Азаматтар, ерінбей тыңдасаңыз, Қозы-Көрпеш-Баянды тербетелі*, деген жолдар бар. Жырдың аталмыш жолдары қасиеті Мықан ағашын іздеп, өлген Қозы Көрпештің аруағын «тірілту» мағынасында айтылған.

МЫЛТЫҚ **І** т і л д і к к о д. Сүмбесі, дүмі бар, оқпен атылатын соғыс қаруы. **ІІ** м ә д е н и к о д. Әдеби мұралар тілінде кездесетін *үш тосарлы қанды ауыз* (І.Жансүгіров), *кер мылтық* дегендер мылтықтың сирағына (аяғына) байланысты айтылса, құндағының көлеміне қарай *әукелі құндық ақ перен* (Нұрхан Ахметбекұлы) деп те қолданылған. Ал мылтықтың қысқалауы – *ақшолақ* (Н.Ахметбекұлы), ұзындауы – *ақ сырық* мылтық («Қыз Жібек»), *шаңғыл* (винтовка), *самқал* деп аталған. Оғы алысқа ұшатындары *қозыкөш* (Шоқан Уәлиханов), ал алысқа ататын мылтықтың тағы бір атауы – *қорама мылтық* деп аталған: *Желп-желп еткен ала ту Жиырып алар күн қайда? Орама мылтық тарс ұрып, Жауға аттанар күн қайда?* Осындағы *орама мылтық* жоғарыда аталған *қорама мылтықтың* нұсқасы болуы ықтимал.

Мың жыл жасаған Зая патшадай. діни. мифол. *Ең ұзақ жасады деген аламның өмірі әп-сәттік қана.* Діни шығармаларда кездесетін кейіпкерлер қазақ ақын-шайырларының өлеңдерінде этикалық таным мен байланысты пайымдалып, нақыл түрінде айтылған: Ақыры келмегендей қылады өлім, Мейілім, *Зая патшадай мың жыл жаса.* Дүниеде кейбір адам қалынбайды, Жанын жарлы, - бай қылар малын қайғы (Майлықожа). Ақын айтқандай, мың жыл жасаса да жан-дүниесі таяз адамның малдан басқа білері жоқ.

МЫРҒАЙ/МЫРҒАМ м а л ш ы л ы қ. *Жайылым оты қалың, құнарлы жер.*

МЫРЗА 1. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы ауқатты, беделді әлеуметтік топ өкілі және соларды мадақтау мәнәндегі сөз. 2.Ескілікті деректердің айтуынша, «бір ғасырдағы билікке атасы бөлек жұрт қолпаштап, Шыңғысханның ұрпағын тура деді. Әмір Темір тұсында жұрт иелерін мырза деп атады. Есімхан дәуірінде билік рәсім атақ болып, Қоқан дәуірінде датқа деген атаққа ие болды» (Байболұлы Қ. Еңсегей бойлы ер есім, 2005, 179-б.).

МЫРЗА ЖЕЛ х а л ы қ т ы қ м е т е о р о л о г и я. а) жаздың соңын ала бұлтсыз ашық күндері баяу соғатын жайлы жел; ә) е г і н ш і л і к. *Қырман қызылдаған кездегі бидай суаруға қолайлы баяу, оқтын-оқтын соғатын желдің түрі.*

МЫРЗАША з а т. *Байырғы қоғамдағы мәртебесі төмендеу әлеуметтік жік; кішігірім мырзалар, бай мырза-сымақтар.* Мұрындыққа хан киімін, хан белгілерін кигізуден бұрын әуелі өз киімдерін шешіндіріп, басты киімдерін *мырзашалар* бөлісіп алып, ішкі киімдерін жұртқа жыртқы етеді (Ғ.Мүсірепов, Күнделік, 32-б.).

МЫРЫҚ *Қаз-үйректің жайылатын оты.* Мырықтың қуаты жоқ, мал жемейді. Қазақы тұрмыста қолынан ештеме келмейтін жігітті «мырқымбай» дейді.

НАБАТ *Көгеріш, көгорай-шалғын, орман-тоғай.* Көктен нұрын көшірген, Жерден набат өсірген (Ғ.Қараш, Замана, 112-б.).

НАЗБЕДЕУ *Нағыз жүйрік шығатын нышаны құлын немесе тай кезінен байқалған ұрғашы жылқы баласын әдейі құлындатпай қолдан бедеу етіп баптаған жүйрік.* Бабына келіп әбден жараған назбедеу шапқан сайын шабысы бөкендей үдей түсетін қас жүйрік. Халықтың иппологиялық танымындағы *назбедеу* ұғымының тілдік бейнесі Базар жыраудың: *Қизан қамыс құлақты, Қашқан бөкен сияқты. Талаулатқыр назбедеу Ол ерін жауға берер ме?! –* деген мына бір өлең жолдарында кездеседі.

НАЙЗА Қымы (ұшы) істік темірден істелген, ұзын ағаш сабы бар ұрыс қаруы. **П м ә д е н и к о д.** Халық тілінде найзаның *алты құлаш ақ найза, қималы найза (Махамбет)* т.б. түрлері кездеседі.

Намазғақ. діни. *Қаладан тыс сырт жердегі намаз оқитын арнайы ашық алаң.*

НАСАТ: НАСАТ ТАС *Гранит, гранит тас. Таулардың насат тасындай, Берік-ақ еді сүйегім (Ы.Алтынсарин, 86-б.).*

НӘЗІР: НӘЗІР ЕТУ **д і н и.** *Шаригатта Алла Тағаланың атымен ант етіп, өзіне белгілі бір құлшылықты міндет етіп алу (Рабғузи, 465).*

Нәсір араб. *Дос, жолдас.*

Нәсір. **е с к і к і т.** *Қара сөз.* Бұ кітап *нәсір* екен назым емес, Нұсқа қылған кітабым жазым емес. Көрген соң бәйіт қылып шығарсам деп, Бір азырақ көңіліме салдым кеңес (Бабалар сөзі, 4-т., 118-б.).

НӘУРІЗЕК. НӘУРІЗЕК ҚАРЫ *Ерте көктемде жауып, еріп кететін қар, жыл құсы нәурізектің келер нышаны.* Халықтық метеорологияда көктем шыға жауатын қар, суық жел жыл құстарының келуімен орайластырып *нәурізек қары, құс қанаты, көкқарғаның суығы* деп атайды. Бұлай болатын себебін халықтық танымда «қар», «суық», «жел», «жылылық» сияқты күн райындағы құбылыстар мен құс, жан-жануарлардың жаратылысында табиғи байланыс бар деген түсінікпен орайлас деуге болады. Нәурізек құсының ерте келуін осы түсінікке орай түстіктегі қазақтар күннің жылып, жаздың ерте шығатын нышаны деп біледі. *Нәурізек көжесін* береді. Сөйтіп, табиғаттағы бұл байланыс туралы халықтың түсінік *нәурізек – жыл басы; нәурізек береке бастауы* сияқты символдық мағынаның туындауына негіз болған. Сол сияқты *«шағала келмей жаз шықпас, Әзірейіл келмей жан шықпас»* дегендегі *шағала* ойдағы қазақтарда жаздың, ал қыр қазақтарында *бозторғай* – дала бұлбұлы атанып, дала символына айналған.

НЕМЕУРІН *Шығынға ұшыраған адамға ел қатарына қосылу үшін ағайын-туыс, жекжат-жұрағаттарының беретін көмегі. Немеурін кей жерлерде жылуқан* деп те аталады.

НЕШЕ ҚАР БАСҚАН? 1. Неше жаста? 2. Ертеректе жан-жануарлардың жасын қыстың ауысуымен есептеген. Мәселен, қозықасынан

қолдан оттаған бұғының туғанына төрт қыс өтсе, төрт жасар дейдің орнына төрт қар басқан деп айтқан.

НОҒАЛА *Көз шарасындағы жұқа ет арасынан ұзынша шеміршектің ұлғаюынан болатын жылқының көз ауруы.*

НЫСАНАЛЫ ЖЕТІ ЖҮЛДЫЗ х а л ы қ т ы қ а с т р о н о м и я. Есепшілер (халық астрономдары) нысаналы жеті жұлдызға Қоңыр Жұлдыз (Сатурн), Қызыл Жұлдыз (Марс), Есекқырған (Юпитер), Шолпан (Венера), Болпан (Меркурий) деп аталатын аспан шырақтарын және Ай, Күнді айтқан.

ОЙКЕШТІ сын. *Ойшыл, пайымдаушы.* Бірқатар адамдар Отан, ұлт мәселесімен тек жоғары лауазымды және *ойкешті* адамдар айналысса болар дейді. Отан, ұлт мәселесі баршаға ортақ. Әркім үлкен де, кіші де бұл жайлы ойласа керек (Ғ.Қараш, 168-б.).

Ойкешті: ойкешті болу. *Әрқилы ойға батқандық, ізденіс.*

ОЙКЕШТІЛІК

ОЙСЫЛҚАРА, СУҒА САЛСА БАТПАЙДЫ ЕСКІ САБА Бұндағы *Ойсылқараның* түйе түлігі екені белгілі. Төрт түліктің ең үлкені - түйе болса, ыдыстың көлемдісі де, үлкені - саба. «Үлкендігі», «көлемдігі» жағынан *түйе* мен *саба* семантикалық бір қатарда тұр. Түйе мен сабаның семантикалық бір қатарда тұруы «ескі» ұғымымен байланысты: сабаның да, түйенің де ескі заманнан бері ел тұрмысында ежелден келе жатқаны қазақтың көші-қон көлігіне «ең қолайлысы» түйе болса, саба (*ескі саба* немесе *қара саба*) - көште алып жүруге ең «оңтайлы», міне екі түрлі затқа тән ортақ ерекшелік арқылы семантикалық бір қатарға енген. Аталмыш фразеологизмнің құрамындағы *суға салса батпайды* деген тіркесті сөздің ақиқат өмірмен байланысты жағы бар: жаздың ыстық күндерінде қымызды салқындату үшін сабаны ағын суға салып ұстайды. Торғай өзеніне құятын бір судың аты *Сабасалды*, ал екінші бір саласы *Қарынсалды* деп аталады. Суға салса да сабадағы қымыз батпай, ұзақты күнге шыдайды. Бұлай болу себебі саба жасаушы шебердің теріні технологиялық өңдеуден өткізуімен байланысты болса керек. Түйе де 30 күнге дейін су ішпестен шөлге шыдайтыны, небір аптапқа сыр бермейтіні белгілі. Бұл тұста да «шыдамдылық», «төзімділік» тәрізді қасиет түйеге де, сабаға да ортақ. Сонымен фразеологиялық бірліктің құрамындағы атаулардың мән- мазмұнындағы ортақтық оларды мәдени семантикалық бір өрісте қарауға мүмкіндік береді.

Ойталқы зат. *Мәселені сындарлы ой елегінен өткізгендік.*

Ойтаным зат. *Сезімдік қабылдаудың санада қортылуы.*

Ойтолғам. зат. *Терең ойға шому, ой-сезімге бөлену.*

Ойтүзілім. зат. лингв. *Зат, құбылыс, уақиғаның мәнді жақтарының қорытылып, ұғымдық, концептілік құрылымға айналу үрдісі.*

ОЙТҮРТКІ зат. *Ойға қозғау салардық, ойлануға себеп боларлық жасайт.*

ОЙЫНШЫДАН ШОТАЛ Бір үйге жиналып, ұтыс ойынына қатысып, ұтқан адамдардың қызмет көрсетіп жүргендерге, сондай-ақ ойын барысын қызықтап отырғандарға тапқан табысынан беретін сыйы. Иран тілдерінде ойынға қатысушылардың ортаға салатын жалпы сомасының (ақшасының)

белгілі бір келісілген пайызы чутал (тәжік тілінде) деп аталған. Чутал ойынхана иесіне тиісті болған.

ОҚТАСЫНДА үст. *Кезегінде, ретінде? Оқта-текте.* Асыл сөзді күңіреніп, *Оқтасында* толғансаң, Жел шайқаған теңіздей, Толқып жүрек қозғалар (Ғ.Қараш, Замана, 73-б.).

ОЛАМИЕНИ-АҒЛАМ Ғалымның ең терең білімді, ең жоғарғы оқымысты атағы, қазақша «ғұлама» атауына сәйкес. Бұл атаулар араб-парсы тілдерінде қолданылады.

ОН ЕКІ ҚҰЙРЫҚ, ҚЫРЫҚ ШАЛҒЫ қ ұ с б е г і л і к. *Құсбегілердің қыран құстың алғырлығын қанат-құйрық қауырсындарынан бағалайтын белгілерінің бірі.* Ақсұңқар құстан аң кетпес, *он екі құйрық, қырық шалғы,* Бәрі бірдей тең болса (Базар жырау).

ОН ЕКІ МҮШЕ І т і л д і к к о д. Адамның, жануарлардың дене мүшелерінің топтастырылған атауы. **П м ә д е н и к о д.** «Дүниеде бір ағаш бар түбі жуан, Он екі ұл, алпыс екі қыз бір күн туған», дейді халық жұмбағы. Мұндағы «12» ұл – он екі мүше, «62» қыз – алпыс екі тамыр (алпыс екі мүшеге тараған тамыр»), «ағаш» - адам. Төрт мүше (екі аяқ, екі қол), жеті мүше тәрізді он екі мүше адамның дене бітіміне байланысты айтылады. Әлі күнге дейін қариялар алыстан келген ер-азаматтармен «Он екі мүшең аман ба? Төрт мүшең түгел оралдың ба? – деп амандасып жатады. Он екі саны қандай мүшелерді білдіретіндегі қазіргі кезде ұмыт бола бастады. Ал ел ішіндегі қария кісілердің он екі мүшені санамалап айтуының негізгі бір нұсқасы мына тәрізді: *бас (1), омыртқа (1), жамбас (2), жауырын (2), тоқпақ жілік (2), асық жілік (2), қары жілік (2).* Он екіде бір нұсқасы жоқ; он екіде бір гүлі ашылмаған тәрізді сөз орамдары әуелден он екі мүшеге қатысты айтылған. Бастапқыда бұлар он екі мүшеде бір нұсқасы жоқ; он екі мүшеде бір гүлі ашылмаған тәрізді толық күйде қолданыла келіп, «мүше» сөзін түсіріп айтуға байланысты ықшамалдаған. Мысалы, сөйлеу тілінде «сексен жасқа толды» дегенді «сексенге толды» деп жинақы түрде қолданыла береді. Олай деуімізге дәлел: сандық ұғымды білдіретін сөздер өзімен қатар келетін кейбір есімдердің қызметін өзіне қаратып алуға бейім болады. Қызметсіз қалған ондай сөз тіркестің құрамынан шығып қалуға икем тұрады. Мысалы, сексен жасқа толды – сексенге толды; жүз жыл жасады – жүз жасады. *Он екі бір нұсқасы жоқ* (түгел емес, дайын емес, ұқсамайды) деген бейнелі сөз орамының де кілтін осылай ашуға болады. Мұндағы он екі де он екі мүше ұғымын, басқашалау айтқанда, «он екі мүшеде бірді-бірі келісіп, сайма-сай болып тұрған жоқ» деген тұспалды аңғартады. Он екі де бір нұсқасы жоқ деген тіркес әуелде тек адамға қатысты айтылса, қолданыла келе бұл фразаның өрісі кеңейіп, өзге де зат, құбылысқа орай айтыла беретіндігі байқалады. «Күліп отыр, әзіл етіп отыр-ау» деуге тіпті он екіде бір нұсқасы ұқсамайды. Жүзінде күлкінің нысанасы да жоқ (М.Әуезов, «Үш күн»).

ОН ЕКІ МҮШЕ. э т н. *Дене бітімі, бар тұлғасы, тұтас дене [бас, омыртқа, екі жамбас, екі жауырын, екі тоқпақ жілік, екі асық жілік, екі қары жілік].*

ОҢ БОСАҒАДА ОТЫРҒАН ҚЫЗ 1. Ұзатылмаған қыз туралы. 2. Көне наным-сенім бойынша босаға – үйді сыртқы әлеммен байланыстыратын шегара. Әлі тұрмысқа шықпаған қыз – қонақ, ертең-ақ ұзатылып, өзінің туған үйін қалдырып, басқа елге келін болып түседі.

ОҢ ЖАҚ I бойжеткен қыздың ұзатылғанға дейін болатын туған үйі, төркіні. **П м ә д е н и к о д.** Байырғы салт бойынша бой жетіп отырған қыздың өз үйіндегі орны оң жақта болады да, қыз осы оң жақта отырып, күйеуге кеткенше ойнап-күлу, қызықтау салтын жасайды.

Оң жақта отырған қыз. *Ата-анасының үйіндегі, бірақ айттырылып қойған қыз.* Қазақтың байырғы тұрмыс салтында оң жақтағы қыз ата-анасының үйінде еркін бұла өседі, қызықты күндерін өткізеді. Су әкелу, бала жұбату сияқты қолғабысқа болмаса, үй шаруасына араласа бермейді, үй шаруа жайын барған жерінде енесінен үйренеді.

ОРАМАЛ ТОНҒА ЖАРАМАЙДЫ, ЖОЛҒА ЖАРАЙДЫ Кішігірім сый кәденің орнына жүретін сый. *Үйлену тойы, шілдекүзет* т.б. той-томалақтарда ауылдың алты ауызы айтылып, меймандар өз кезегінде қонақ кәдесін жасаған. Осындайда ойын-сауықтың ажары - қайым айтысқа да кезек келеді. Жеңгесі қайын сіңлісін, апасы сіңлісін ілестіріп, не дос құрбы-қыздар жұптасып алып, қонақ әріптестерімен айтысады. Жеңілген *жақ тоғыз тартуым* деп торғын орамалдың шетіне күміс жүзік (не күміс теңге) түйіп, жеңгендерге сый-құрмет көрсетеді. Бұл тарту - тоғыздың нақ өзі болмаса да, кәдесі. «*Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды*» деген сөз орамы осындай орайда қалыптасқан.

ОРМАН АЗАНШЫСЫ 1. Қарасайрақ деп аталатын құстың бейнелі атауы. 2. Қарасайрық мамырдың аяғы – маусымның басында таңғы бестен бастап төрт сағаттан аса уақыт аралығында сайрайды. Құсбегілер олардың осындай қасиетіне қарап, «орман азаншысы» деп ат қойған. Бұл қазақ құсбегілерінің құстанушылық тәжірибелік білімін көрсетеді.

ОСАЛ-ОҢТАҒАЙ *Қиын емес, оңай.* Өзге қиыншылықтарды да *осал-оңтағай* демеймін (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 196-б.).

ОСПА (ОСМА) *Қыз-келіншектердің қасты өсіру әрі қарайтып әдемілеу үшін оспа (осма) өсімдігінен алынатын бояу.* Аталмыш бояулық затты алу үшін бау-бақшаларда өсетін осма жапырағын езіп, селін алады. Одан қаракөк түсті бояу шығады. Оспа бояуын әртүрлі жастағы әйелдер қасы-көздерін әрлеу үшін пайдаланады. *Осма жақты* дегенді *осма қойды* деп те айтады.

ОСПА/ОСМА ө с. *Қасты өсіріп, әдемі көрсету үшін қыз-келіншек, әйелдердің жапырақтарын суға езіп, пайдаланатын бақшалық өсімдік.* Діни әпсанада *оспа (осма)* жұмақтан қуылған Хауа Ананың көз жасы тамған жерден өскені айтылады.

ОТ: АЩЫ ОТ Ащы отқа қара барқын, жантақ, күйреуік, жыңғыл, тораңғы(л), торғай оты, балықкөз, кекіре, алабота, жалманқұлақ, боздыбас, көкпек, шыртылдақ, шытыр, теріскен, дүзген, ақбас, текесақал т.б. шөптер жатады. Иреуік, қарасораң ащы отқа жатқанмен, көктем кезінде зиянды деп, түйешілер түйеге жегізбейді.

ОТ: ӘР АЙДЫҢ ОТЫ БАСҚА *Жер түгінің көгеруінен бастап, қурағанға дейінгі жұғымдылығы әр түлік үшін әртүрлі болатыны жыл мезгілімен байланысты деген ұғымға саяды.*

ОТ: ЖЫЛҚЫ ОТЫ *Жылқы түлігінің отайтын шөбі.* Жылқы жайылымының маусымдық отына көктем айларындағы құрақ, беде, қияқ т.б. шөптер; қыстан көктемге дейінгі аралықта бұйырғын, ебелек, көкпек, ши т.б. қыр оты, ал жыл бойғы отына бетеге, тарлау, көде т.б. қырдың құнарлы оты жатады. Бұндай құнарлы отқа жайылған жылқы, жылқышылардың айтуынша, еттенудің үстіне желденіп тұрады.

ОТ: КИІК ОТЫ *Жасылкөк, хош иісті қыр шөбі.* Малшы деректерінде айтылғандай, күйекке түсер қошқарларды күйлендіру үшін киік отына жайып алады. Үй тұрмысында керегеге жайып кептірген киік отымен кіндігі тез катады деп жас нәрестені шомылдырады.

ОТ: ҚҰМ ОТЫ *Құмда өсетін ащы шөптердің жалпы атауы.* Құм отына шағыр жусан, құртқашаш, құмаршық, күйреуік, кеурек т.б. шөптер жатады.

ОТ: ТҮЙЕ ТҮЛІГІНІҢ ОТЫ *Түйе малының жайылымдық жеріндегі ащы шөптер.*

ОТАР *Ауылдан күншілік жерде қос тігіп отырып, мал жаятын жайылымдық жер.*

Отаю ет. *Жерге көк шығу, жайылымдық жердің көктеуі.* Жер отайса, ала тайға жал бітеді, Ерінбеген жігіттің есігіне мал бітеді (мақал).

ОТТЫҚТЫ: ОТТЫҚТЫ ҚАРУ

ОТЫЗ БИЕ САБАСЫНДАЙ 1. Өте үлкен саба тәрізді деген мағынада. 2. Халық ауыз әдебиеті мен көркем шығармаларда, әдетте, бес биенің сабасындай деген теңеу сөздің шығу төркінін бір зерттеушілер бес биенің терісінен тігілген саба, кейбір зерттеушілер бес биенің сүті сыятын, ашытылатын саба деп түсіндіреді. Дұрысы – кейінгі пікір. Биенің сүті сиырдікіндей көп болмайтыны белгілі. Күніне 4-6 рет сауып алғанда таза қанды қазақы биелер 3-5 литр сүт берсе керек. Сондықтан «Саумал ішсең, қымыз жоқ, Байтал мінсең, құлын жоқ», «Бір бие үйдікі, Екі бие елдікі», «Екі бие – ел асы, Үш бие – бұлақ басы, Бір бие жоқтың қасы» тәрізді мақалдар бие сүтінің аса мол болмайтынына орай айтылса керек. Қазақ совет энциклопедиясында сабаны 30 литрден 200 литрге дейін сұйықтық сыятын ыдыс деп түсіндіреді. Бес биенің сабасындай сөз орамсы толық, семіз адамды бейнелеу үшін айтылса, отыз бие сабасындай фразеологизмі жиын-тойға келген көпшілікке арнап дайындалатын «тайжүзген» деп аталып, көп биенің сүтінен ашытылатын, ат үстінде тұрып пісетін қымыз сабасына байланысты қалыптасқан. - Бәйбіше айдын көлдің қоғасындай, Алтынды асыл тонның жағасындай. Халықты қайырымымен қандырушы ед. Ортаймас отыз бие сабасындай. Өлшемдік ұғымда қолданылатын отыз бие сабасындай бейнелі сөз орамы халықтың тәжірибелік таным-білімінің негізінде пайда болған.

Ошақ үш бұтында қайнайды, жігіт үш жұртында жайнайды. Жігітке үш жұрты да, - өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты,- жат, бөтен

емес. Жігіт осы үш жұртты жарастырап дәнекер деген этикалық таныммен байланысты ұғымды білдіреді.

ӨКПЕҚҰРТ *Қой-ешкіде болатын өкпе қабынуы, жұқпалы ауруы.*

ӨКІЛ ӘКЕ *Баланың туған әкесі емес, дос-тамыр әкесі.* Қазақы ортада дос-тамыр адамдардың балалары әкесінің досын *әке, өкіл әке* деп те атай береді. Ал оның әйелін *өкіл шеше* дейді. Дос-жар адамдардың өзара жақын сыйластық қатынасын бекіте түсу үшін бала туғанда оның кіндігін дос-жар адамның әйеліне кестіреді. Бұдан былай ол *кіндік шеше* ғана емес, баланың *өкіл шешесі* деп те аталады. Әдетте *өкіл әке* өзінің *өкіл баласына* ерекше қамқор болып, басқа балалардан гөрі оны іштартып жүреді. Дәстүрлі ортада кездесетін *өкіл ата* салты туыс емес адамдардың арасындағы жақындықты, сыйластық қарым-қатынасты бекіте түсетін дәнекерлік мәнге ие болған. Бұндай салт әдетте баталасу жолымен жасалатыны байырғы жыр мәтіндерінде кездеседі. *Айман қыз елден, сөйтіп, алды бата, Ісінде болмаған соң зарре қата. Өзіне Әлібекті күйеу қылып, Қылады Көтібарды өкіл ата* («Айман-Шолпан»).

ӨЛТІРІ *Қалыңдықтың үйіне күйеу жақтан әкелетін қой.* Әдетте қызды да, күйеуді де құрбандыққа шалынған өлтіріден ауыз тигізбейді.

ӨЛТІРІСІН БЕРУ «Өлген күйеуді тірілту» деп те айтылады. Өлтірісін берген соң, күйеу жігіт қайын жұртында адам қатарына қосылып, ашық, еркіндеу жүреді. Мақалда: «өлтірісін берген соң, өлі күйеу жатар ма?!» - дейді.

ӨЛІ ЕТ *Малдың бұрын, қонақ келерге дейінгі сойылған еті.* Жаңа келген қонақты пышақ қандамай, өлі етпен аттандыру ауыл үй иесіне мін болып саналады [қара: **пышақ қандау**].

ӨЛІ ЖЫЛАН ЖҮТҚЫЗУ *Жылқының ішек құрты ауруында қолданылатын ем-домның бір түрі.*

ӨЛІ КҮЙЕУ Байырғы қазақ дәстүрінде өлтірісі берілмеген кезге дейінгі күйеу жігіт. Қалыңдықтың ауылына келгенде, күйеу жігіттің құқығы тым шектеулі болған. Қыз әкесінің өзге де жасы үлкен адамдардың көзіне түспеуге тырысқан. Қыз жеңгелерінің айтқандарын істеп, дегендеріне көнетін болған. Тек өлтірісін бергеннен кейін дұға оқылып, некесі қиылған соң өлі күйеу «тірілетін» болған. Өлтіріге берілген малдың етінен күйеу жігіт пен қыз ауыз тимейді.

ӨЛІ ТИЮ *Жылқыда болатын ішек ауруы; малдың іші кеуіп, қуық тұтылуы.*

Өмірлік жүрім берсін (Бабалар сөзі, 5-т., 339-б.).

Өндір. зат. *Орнықты сабаның мойны.*

ӨНДІР. зат. *Орнықты үлкен сабаның мойны.*

ӨРКЕН Жаңа туған төлдің жеткілікті уыз ембегенінен, іштен түспей қалған нәрі (мәйегі). Әдетте, жеткілікті мөлшерде уызбен ауызданған төлдің өркені өз уақытында түседі. Бұны төл *өркен тастады*, төлдің *өркені түсті* дейді. Төлдің *өркен тастауы* үшін малшы әлсін-әлсін оған уыз еміздіріп отырады. Төлдің кешікпей өркен тастауы күйінің жақсы екенін байқатады. Өркені түскен төлді малшы оңай ажыратады. Белгілі тілші ғалым

Ә.Ермековтің зерттеу мақаласында айтылғандай өркені түскен құлынның жүні жалтырап, көз жанары нұрлы, қимылы ойнақы болып келеді, ал өркені түспеген болса, керісінше, көз жанары өлеусіреп, жүні ұйысып, қимылы сылбыр тартып тұрады. Қазақ диалектологтарының Қызылорданың Жаңақорған жерінен жинаған экспедиция материалдарында: «*Жас ботаның өркенін түсіру үшін туғанына екі күн болғанда оның аузына бір кесе жылқы майын, не шыжғырылған құйрық май құяды. Өйтпесе, ботаның іші кеуіп, бұдан өлуі де ықтымал*» дейтін дерек бар. Малшылық лексикада өркеннің сыртқа шыққан түрі тоңғақ деп аталды, түсі сарғыш қоймалжың болады деп көрсетілген.

ӨРКЕН ЖАЮ Кез-келген жанды заттың өсіп-өнуінің бастау көзі, негізі деген ауқымды ұғым. Халықтың дәстүрлі дүниетанымында өркен - *мақлұқат, нәбәтат, адамзат* деп бөлінетін он сегіз мың ғаламдағы тіршілік иелерінің өсіп-өнуіне тән ортақ қасиет. Мысалы, нәбәтаттардың, яғни өсімдіктердің бүршік-бүрлерінен таралып желі тартуын *өркен жаю* дейді. Жануарлар тұқымының құрсақтағы тіршілік сипатына негіз болған бастау көзі де өркен болып табылады. Олардың құрсақтағы өсіп-жетілуі өркенмен байланысты. Сонымен, тірі табиғат дүниесіндегі өсіп-өну, көбею, таралудың түп негізі өркен болса, сол тәрізді адамзат қоғамы аясындағы өсіп-өнудің, дамудың негізі халықтың дүниетанымда өркен ұғымымен байланысты болып келеді.

ӨРКЕНІҢ ӨССІН а л ғ ы с. Үйленіп, отау тіккен жастарға айтылатын аналардың ақ тілегі. Аталмыш сөз орамының халық тілінде *өркенің өссін, көсегең көгерсін, көрпең ұлғайсын* деп те айтылатын нұсқасы бар.

ӨРНЕКТІ ХАН, ҮЛГІЛІ ҮШ БИ Халықтың тарихи жадында сақталған атақты Әз Тәуке хан мен оның әйгілі Төле, Қазыбек, Әйтеке билері. Халықтың тарихи жадында «Қой үстінде бозторғай жұмыртқалаған заманның» тарихи тұлғасы *Тәуке хан* болғаны белгілі. Тек ауызша деректерде ғана емес, тарихи жазба деректерде солай. Билер билігіне арқа сүйеген Тәуке хан халық тілінде *Әз Тәуке* деген тұрақты эпитетпен аталған. Тәуке хан халық тілінде *өрнекті хан* деп те аталған. Образды ойлау тәсілімен берілген бұндай бағалауыш сөз, саяси-қоғамдық терминмен айтқанда, «қазақ қоғамына, әсіресе оның құқықтық қатынастар жүйесін реформалауға ұйытқы болған тұлға» деген ұғымды аңғартатын атау. Атап айтқанда, «Қазақтың дала заңы» атанып кеткен «Жеті жарғы» Әз Тәуке заманында жасалған еді. Сол заманда да, одан кейінгі кезеңдерде де «Жеті жарғының» қоғамдық қатынастар жүйесіндегі орны мен маңызы ерекше болды. «Жеті жарғы» елдің бәсиесі болған Тәуке ханның есімімен орайластырылған.

ӨРТ Су басынан тұнады, *өрт* алдынан сөнеді (Мақал) (Ғ.Қараш, Замана, 84-б.).

ӨРІС м а л ш ы л ы қ. *Төрт түліктің жайылымдық жері.* Дала малшылығы мәдениетінде, - кентгі жерлердегідей емес, - төрт түліктің өсіп-өнуі мал өрісімен, әр түліктің өрісі әр басқа екенімен, оларды тиімді пайдаланудың жолдарымен байланысты болып келеді. Халық тіліндегі *мал бақсаң, өрісің кең болсын; қоныс алғанша өріс ал; мал өсірсең, өрісін тап;*

жаман қойшы өрісін бір күн жейді, жақсы қойшы өрісін мың күн жейді

дейтін мақал форматындағы пайымдаулар төрт түліктің өсіп-өнуі өріспен, өрісті мерзімдік отты мен уақытына қарай тиімді пайдаланудың жолдарымен байланысты ұғынылатыны дала малшылығына тән таным-білімдік тәжірибеден туындаған.

ӨРИС: КЕҢ ӨРИС Жылқы түлігінің ауыл-аймақтан алыс жерлердегі ақ отты жайылымы. Жылқышылар аяқты малды ауылдан бірнеше күншілік жерде қос тігіп бағады.

ӨРИС: ҚОЗЫ ӨРИС Саулық қойлардан бөлініп бағылатын қой төлінің жайылымы. Қозы өріс әдетте ауыл маңына жақындау жерде болады. Жақын жерлерді малшы ауыл қозы өрісіне балап, қашықтық өлшемді қозы көш жер дейді.

ӨРИС: ҚОЙ ӨРИС Саулық қойлардың жайылатын жайылымдық жері.

ПЕЛДЕ-ПЕЛДЕ үст. Қатар-қатар?. Оқымыс, өнерлі зор білікті елде, Тізілген жас балалар пелде-пелде. Мектепте ғылым оқыр бәрі бірден, Жүрмейді нешбіреуі жаман жерде (Ғ.Қараш, Замана, 67-б.).

ПЕНДЕ Арабшадан өткен түркі тіліндегі атауы. Парсыша «байлаулы құл», дінге кірмей Құдайға сыйынбағандарды құлшылық еткізу осы «құл» сөзінен алынған.

ПҰШТЫ з а т. Ұзақ жолдан келген аттың ұйысқан жүнін жазу үшін қолданылатын аттарақтың тісі шағындау түрі.

ПЫШАҚ ҚАНДАУ Құдайы қонақтың қонағасына арнап мал (қой) сою. Дәстүр бойынша үй иесі «қона жатар қонаққа, пышақ қандар салтымыз бар» деп, құдайы қонақтан бата сұрайды. Алайда қонақ күйек малы жаппай төлдеп жатқан кезде, я болмаса таң біліне аттанатын болса, өлі етке де разымыз деп, пышақ қандатпайды [қара: өлі ет].

ПҮДИЯ Құрбан шалу, яғни пида қылды, алла тағаланың ақысын мал есебімен шығару, қарыздан құтылу.

ПІР Парсыша «шал», шайхтың дәл мағынасы.

РАҢ Далалы тақырларда, шөлді, құмды жерлердегі жайылымдық от. Раң құмды жақсы ұстайды. Каспий, Арал, Балқаш, Мойынқұм, Бетпақдала өңірлерінде раң оты кең тараған.

РАҢ Маусымдық тұщы шөп. Малшы қауым танымында раң шөптің нілі деп аталады. Раң отына аузы тиген жылқыны ат раң етін алды дейді. Ат раңдап, ер тыраңдап деген мақал раң отына жайылған жылқы түлігінің әлденгенін, ширыға бастағанын білдіреді.

РАУҒАШ Малдың өкпе қабынуында қолданылатын дәрулік өсімдік.

САБА Қымыз ашыту үшін жылқы терісінен арнайы өңделіп жасалған көлемді, кең-мол ыдыс. Күнделікті қымыз ашытатын сабаларға, шамамен, бес биенің қымызы сияды. Осымен байланысты халықтық өлшем-мөлшер танымында саба «кеңдіктің», «молдықтың» эталоны болып саналады. Ойтанымдық түзілімдегі бұндай мәдени семантикалық мәнділікті халық тіліндегі «ет-жеңді», «орнықты» әйелге қарата айтылатын «бес биенің сабасындай» дейтін бағалауыш сөз орамының аксиологиялық мазмұнынан да

байқауға болады. Сонымен қатар *сабасына түсті, сабасына келді, сабасынан шықпады* дейтін сөз орамдары адамның «ашу, «ыза» сияқты эмоциялық күйінің қалпына түсіп, басылуын, яғни этикалық норманың сақталуымен байланысты ойтанымдық түзілімнің тілдік матрицасы болып табылады.

САБАТ м а л ш ы л ы қ. *Өзен-су тасығаннан кейін, қайтқан судың орнына шыққан нулы, шалғынды жайылымдық жерлер.*

САБАУТІС з а т. *Аттарақтың тістері ұзындауы. Ұзақ жолдан келген аттың жал, құйрығын сүзуге арналған түрі.*

Сабах садық уағы. ескікіт. *Таңғы талау шақ, таң мезгілі.* Таңға таяу боп еді, *Сабах садық уағы* «Әзілім ғой, жезде», - деп, Өкпесін қысып сығады (Бабалар сөзі, 5-т., 123-б.).

Сағыз қарағай. *Қарағайдың шайырлы бір түрі.* Мұның ең жақсысы *сағыз қарағай*, лаулап жақсы жанады, түтіні хош иісті, шоғы көпке дейін сөнбейді («Бабырнама», 166).

САҒЫМҒА САДАҚ ІЛДІРГЕН Тәңірден ерекше қасиет дарыған (адам). **П м ә д е н и к о д.** Ертедегі аңыз бойынша, Шыңғысханның арғы аналарының бірі – Алон Гаоның есімімен байланысты. Алан Гаоның қайтыс болған күйеуінен екі бала қалады. Бірде Алан Гао түс көреді. Түсінде бір ақ киімді кісі Алан Гаоның үстінен сақалымен сипап өтеді. Содан кейін аяғы ауыр болып, ұлды болады. Бір-бірімен қырғи-қабақ болған балаларына шешесі: - Үшеуіңде бір-біріңе жат емессіңдер, сенбесеңдер, мына үш садақтың оғын үшеуің аспанға атыңдар, - дейді. Сөйтіп үш баланың екеуі садақтың оғын аспанға атқан кезде оқтары ұшып барып ауада қалқып тұрып қалады. Сондықтан оны Тәңір ерекше қасиет дарытқан бала деп таниды].

Садақат араб. діни. *Ой дұрыстығы, сөз бен іс-әрекеттің туралығы, жүрек тазалығы, ақиқаттан ауытқымау.*

САДАҚАТЫМ ЖЕР ә с к е р и. к ө н е. *Шамамен сегіз жүз қадамдай қашықтық.*

САДАҚАТЫМ ЖЕР К ө н е. ә с к е р и. *Садақтың оғы жетер қашықтық өлшем (Қ. Жебежетер жер).*

Садақатым өлшем. *Садақ оғы жетер аралық.* Бұл адамдар Ноянның сүйегін шарап ішіп, тамашалап отырған жерден *садақатым* қашықтықтағы терең шұңқырынан тауыпты («Бабырнама», 119).

Садыр айғыр. *Қарлы боранда үйірлі жылқыны бастап соңынан ертетін, итқұсқа алдырмайтын кәнігі, сақа айғыр.*

САДЫР: САДЫР АЙҒЫР *Қарлы боранда, жау шапқанда т.б. төтенше жағдайда үйірлі жылқыны соңынан ертетін, қауіп-қатерді дер кезінде сезетін, итқұсқа үйірін алдырмайтын мықты, сақа айғыр.* Мына тәрізді өлең жолдарын танытатын тілдік референті деуге болады. *Білдірсек тоқтап енді сабыр етіп, Садыр айғыр сілкінді дүр-дүр етіп. Кісінеп, жалын тарап, жер тарпыса, Шұбырып түгел жылқы келер жетіп* (Қазанғап Байболұлы, «Ер Есім»).

САЙ *Ойлы-қырлы жерлерде, тау етектерінде кездесетін ойпаң жыралы жерлер.* Сайдың табаны, беткейлері мал жайылымдық жерлер

болады. Шөбін шабындық ретінде жаз кезінде шауып алады. Мал-жанға жайлы, қыста ықтасын, жазда сая болатындықтан сай-саланың маңына малшы ауыл қоныстанады. Сайдың далалы жерде табанында жаңбыр, қар суынан ағып жататын жырлар кездеседі. Ал таулы жерлердің сай-саласында бастау, бұлақ ағып жатқан жерлер халықтық географияда *ақсай*, ал сайдың көктемде жаңбыр, қар суынан аққан жылғалары бар, жерасты су көздері бар сай *қарасай* деп аталады. Бұндағы *қара* «өзен» деген мағынаны білдіреді. Халық тіліндегі «*сай – сайға құяды, бай – байға құяды*» деген мақалдағы *сай* бастау, бұлақтары бар тау етектеріндегі сай-саланы аңғартса керек. *Сайдың тасындай* деген тұрақы теңеудің прототипі *ақсай* сияқты ағынды суы бар жерлердің тасына байланысты деуге болады.

САЙСАҢ зат. *Аса үлкен емес кішігірім сай.* – Жар қабағында жалғыз түп шеңгел қалған су ағар бір *сайсаң* бар, соның сол жағынан қаз-қатар қылып барақты сала беріндер (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 247-б.).

Сайыпкер әскери. көне. *Әскер ісіне шебер, машықтанған сарбаз.* [...] бұрын қасымда қызмет еткен, жақсы *сайыпкер*, аласапыран кезде Хұсрау шаһты паналап қалған Ерәлі Біләл бірнеше сарбазбен маған қайтып оралды [...] (Бабырнама, 144).

САЙЫПҚЫРАН Қыдырма жұлдыздардың (планеталардың) бір түзудің бойына келгенде туған (бала туралы). **П м ә д е н и к о д.** Діни аңыз бойынша, осындай астрономиялық құбылыс сәтінде туған бала ержүректік, алғырлық, асқан батырлық сияқты ерекше қасиетке ие болады. Тарихта осы себепті Ақсақ Темір сайыпқыран аталды].

САҚАУ *Тіл мүкісі бар, ақауы бар бала.*

САҚПАН: СЕРІШПЕЛІ САҚПАН (М.Мағауин) *Катпульта.*

САҚСЫР – қой терісінен жүнін ішінде қарата жасалған шалбар. **П м ә д е н и к о д.** Доспанбет жырауда: Сақ етер тиді саныма, Сақсырма толды, қаныма Жара бір қатты, жан тәтті, Жара аузына қан қатты, деген жолдар бар.

САЛАУАТ қ ұ қ ы қ т ы қ т а н ы м. *Кешірім.* Он екі жылда ердің құны – салауат делініп, кешіріледі. Алайда жер дауымен байланысты айтыс-тартыс салауатқа жатпаған.

Салық. көне. *Барымташылардың барымта шығарында керек-жарақтарын, бұйымдарын қойып кететін жасырын жерлері.*

Салықшы. көне. *Барымташылардың барымтаға шығарда қойып кеткен керек-жарақтарын, бұйымдарын күзетуші.*

САМАРҚАННЫҢ САР ЖОЛЫ, БҰЛАНАЙДЫҢ ТАР ЖОЛЫ Шыңғыс ханның әскери жорығын көрсететін тарихи атау. Бабырдың тарихи жазбаларына («Бабурнаме»), Шағатай жазба ескерткіштерінің деректеріне сүйене келіп, Ұлы Абай «*Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгер тоғыс болды*» дегені, «*Самарқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы*» дегені - бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз» деп топшылайды. Сонымен қатар *Бұланай* деп *Гималайды* айтқаны ма? Үндүкеш тауы ма? Әйтеуір, бір тауды айтқан сөз екені «*Бұланайдан үлкен тау болмас, Бұланнан үлкен аң болмас*» деген мақалынан мағлұм. Шындығында, басынан бұлт асырмас, әлемдегі ең биік Гималайдың Бұланай

болып аталуы тарихи дыбыс алмасу емес, ұйқасты дыбыстардың жаңғырығы деп жорамалдауға болады. Этностың дүниетанымдық санасында *Бұланай* асу бермес, тар жол тайғақ кешуі көп ең биік таудың эталоны болса, *Бұлан* ең үлкен аңның эталоны. Ал *Самарқанның сар жолы* «ең ұзақ, алыс сапар» дегенді аңғартады.

САПЫРМА СҮТ *Қойдың сүтінен жасалған қойытылған сүт.* Қазанға қойдың сүтін құйып, астына от жағады. Оған жарты шөміштей айран қосады. Сүтті әбден араластыра сапырып отырады. Қайнаған сүтті азғана уақыт (5 минут) отта ұстап қазанды оттан түсіреді. Сөйтіп, дәмі мен иісі жағымды қойытылған қой сүтін алады.

САРТАБАН АТ *Бәйге атының бір түрі.* Аға буын этнограф Жағда Бабалықұлының дерегінде айтылғандай сартабан атты бәйгеге жаратқанда күніне 70-80 шқырымға дейін жүріп отыру керек. Сартабан аттың еті бірте-бірте қызады. Еті қызған сайын шабысын үдете түседі. Сартабан ат семіз болмайды, қазысы болмаса да, жалы жұмыр, қара етті болып келеді.

Саруакта. үстеу. *Таң сарғая бере.*

САРЫ АЛА [ШЕН ТӨСІН КЕРДІ] ЖЕЗ ТҮЙМЕГЕ МАҚТАНДЫ Мәнсапқор болды, шен-шекпен қуды, мәнсабына мас болды. **П м ә д е н и к о д.** Шен шекпендері сары ала түсті Патшалық Ресейдің қазақ жерін отарлау кезіндегі дәстүрлі әкімшілік жүйені бұзып, күшпен телінген басқару лауазымдарына ел ішінен сайланған, халықтың мүддесін аяққа таптағандар туралы].

САРЫ ОРЫС Қазақ жеріндегі орыстар. **П м ә д е н и к о д.** Бұған қарама-қарсы қара орыс деген ұғым қазақ тілін білетін, қазақ жұртымен етене араласып кеткен орыс ұлтының өкілдері дегенді білдіреді].

САРЫБӨРТПЕ 1. Туралған соң екі-үш мәрте суға жуылып, сығымдалып, сөлінің жартысынан арылған, түсі бозалаңдап, қызыл сары түске енген ет. 2. Сарыбөртпе құнарсыз болғандықтан, құсты шымырландырады, азғана күш-қуат береді.

САРЫКІДІР. *Егде жастағы ер адам.* Елу мен алпыстың аралығында орта жастағы ер адамды *сарыкідір тартқан*, ал алпысқа таянған кезін *мосқал тартқан* деп атаған.

САРЫКІДІР: САРЫКІДІР АТ *Орта жасар жылқы түлігі.* Малшы танымында жылқы түлігі жасына қарай *жас ат*, *сақа ат (айғыр)*, *кексе ат (бие)*, *сарыкідір ат*, *сары тісті ат*, *кәрі ат* деп бөлінеді. Сондай-ақ қылшық жүнінің тарғылдана бастаған кезін *тарлан тартты*, тоқтаған кезін *кәрі тарлан* деп атаған.

САРЫҚАРЫН Орта жастағы әйел. Байырғы қазақы ортада гендерлік таныммен байланысты орта жастан асқан бала-шағалы әйел *сарықарын бәйбіше*, *бабасал бәйбіше* атанған.

САРЫП х а л ы қ т ы қ в е т е р и н а р и я. *Сарып болған қой аяғынан ақсайды. Ондай қойды құрғақ жердегі жайылымға жаяды.*

Сауын сұрау. этн. *Жұтшылыққа ұшыраған жандардың ауқатты жсекжат-жұрағаттарынан сауын ішер мал алуы.* Бикен ақын (керей қызы)

мосқал тартып келгенде бір жұттан кейін Естемір дейтін байдың үйіне *сауын сұрауға* келіпті (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 391-б.).

САУЫН Үлкен ас, ұлы той сияқты үлкен жиындар туралы ел-елге жариялап хабар беруді білдіретін қазақтың салтының рәсімі. **П м ә д е н и к о д.** Сауын айтылған жақ сол үлкен жиынға өз үлесін, өз қатысын көрсетуге тиіс болған, сондықтан сауын кез келген адамға емес, жағдайы бар, ауқаттыларға беделді, белділерге айтылатын, ал олар сол жиынға өз үлестерін әкелетін].

САХАБА Пайғамбарды көзімен көріп мұсылман болған адамдар. Енді сахабаларға еріп дінге кірген кісілерді – табиғи, табиғиларға еріп дінді қабылдағандарды – табаға, табаға еріп дінге кіргендерді – баб деп атаған.

САЯҚ м а л ш ы л ы қ. *Үйірге қосылмай оқшау, шет жүретін ат.* Жылқы ішінде *саяқ* жүрмес (Мақал).

САЯСАТНАМА *Политология, саясаттану ғылымы.*

СӘБИ *Нәрестенің буыны бекіп, бесіктен шыққан кезінің атауы.* Сәби араб тілінен, *нәресте* иран тілдерінен енген атау. Аяғы бесіктен шығып жататын нәрестені бөлей бермей бесіктен шығарады, ол бұдан былай сәби атанады. Халықтық түсінікте баланың нәрестеден сәбилік кезеңге өтуінің физиологиялық, анатомиялық белгілеріне баланың *өз аяғына жалынуы*, емшек сүтімен қатар тамақ жей бастауы, *тіс жаруы*, *еңбегінің қатуы*, «төбесіндегі бас сүйектің жабылуы» тәрізді т.б. белгілер жатады. Әуелде анасының бауырынан шықпай, етегіне оралып, қасынан ұзап шықпайды, Бірте-бірте сәби ойынға алдана бастайды. Инстинкт бойынша сәби ұл болса, қозы-лақ, құлыншақ болып, ал қыз болса, қуыршаққа үйір болып, жапырақты ыдыс, бұта сынығын қасық, ожау қылып, «қазан-ошақ» ойынын ойнайды. Бұдан әрі қарай сәбидің сүт тісі түсіп, тілі анық шығады. Физиологиялық бұл ерекшелік халық танымында баланың *қарақанат* болуы, яғни сәбилік шақ пен балдырған шақтың аралығы делінеді. Баланың бұдан бұлайғы кезеңін *қолғанат* болған шағы дейді. Ұл баланы енді бұдан былай қолғанатқа жарайтын болды деп, ырым етіп, ашамайға мінгізеді.

СӘЛЕМ: СӘЛЕМ САЛДЫ э т и к е т. *Келін қайнағаларына әдеппен тізе бүгіп сәлем берді.* Этикет бойынша келін оң жақ тізесін бүгіп, екі алақанын тізесіне қойып иіледі. Ер адамның жолын кесіп өтпей сонау жерден күтіп тұрып сәлем салады. Тізе бүгу, иілу кішілікті, құрмет тұтуды танытатын семиотикалық көпмәнді таңбалардың бірі саналады.

СӘЛЕМДЕСУ Әдеп жолымен амандық білісу, амандасушылық. **П м ә д е н и к о д.** Ұлттық дәстүрде сәлем әдебі сәлемдесетін адамдардың жасына, қоғамдық мәртебесіне, жынысына, олардың бір-бірімен отбасылық, ресми, құрдастық және т.б. қатынас ерекшеліктеріне қарай әртүрлі болып келеді].

СӘУКЕЛЕ Бұрынғы кездегі дәстүр бойынша қазақ қыздарының ұзатыларда киетін төбесі биік, асыл тастармен әшекейленген сәнді баскиімі. **П м ә д е н и к о д.** Сәукелені қалыңдық келіншек болғанға дейін, яғни бала сүйгенге дейін киіп жүрген, оның арнайы күмістен жасалған төбелдірігі, маңдайшасы, екі жағында тізілген маржаннан салпыншақ бет жақтауы, алдында бет моншағы және артқұлағы болады, ақ киізден тігіліп, өнбойы

кымбат күрең немесе шымқай қызыл барқытпен қапталып, жиегіне құндыз, кәмшат терілерінен жұрын ұсталады, оқамен оюланып, түрлі-түсті моншақтармен шашақталып, көркем жіптермен кестеленіп, алдыңғы жағы көзді тастармен қапталып, түрлі тағым, алтын, күміс теңгелермен безендіріледі, төбесіне үкі тағылады, бұл баскиім қалыңдықтың тек өзіне ғана тиесілі меншігі болып саналатындықтан, ол өлгеннен кейін сәукелесі төркініне қайтарылады].

СӘУРІК м а л ш ы л ы қ. *Төртжасар, бесжасар үйірі жоқ айғыр.* Сәуріктер жылқылардың шетінде аттарға қосылып жүреді. Сәурікті қысырықтың айғыры өз үйіріне жолатпайды.

Сәхаба араб. діни (Қара: асхаб)

СЕГІЗ ЖҰМАҚ, ПЕЙІШ Діни түсінік Алла тағаланың рақымы түскен сүйікті құлдарының о дүниедегі рақат орны; пейіш. **П м ә д е н и к о д.** Сегіз жұмақтың атауы: *Даралыхнан* гауһардан салынған; *Дарис салам* саф алтыннан салынған; *Жаннат Мәуі* зұбаржаттан салынған; *Жаннат Нағим* ақ күмістен салынған; *Жаннат Ғадин* жақұттан салынған; *Даралхилу* сары маржаннан салынған; *Дарил қарар* ақ інжуден салынған; *Фирдауис* лағылдан салынған. *Тозақтың* жеті, ал *жұмақтың* сегіз болуы бұ дүниеде адамдар арасында жамандықтан гөрі жақсылық көп семантиканы аңғартады.

СЕГЗАЙЛЫҚ; СЕГЗАЙЛЫҚ БАЛА *Ана құрсағынан тоғыз айға толмай туған бала.* Бала босандырып жүрген тәжірибелі кіндікшешелердің айтуынша, жеті айлыққа қарағанда *сегізайлықтың* тірі қалуы екіталай көрінеді (Қара: Жетіайлық: жетіайлық бала).

СЕЗІКТІ СЕКІРЕДІ 1. Ұрының арты қуыс деген мағынада. 2. Сезікті секіреді деген фразеологизмнің ұрлыққа байланысты қалыптасқандығы, күнәлі адамның психологиялық күй-жайы этномәдени деректердің бірінде былайша түсіндіріледі: «Естей Қалдыбайұлының айтуынша, үш бидің қиял билігі мынандай деп айтушы еді. Екі адам ат ұрлап, біріне-бірі сілтеп, мойнына алмаған. Екеуін екі бөлек үйге қамап, зекіріп, үйде басын тесіктен шығарып тұрғанда, сыртынан айқайлап мынадай депті: Тесіктен тұрса екеуі бас шығарып, Сонда билер сөйлейді айқай салып. Сылтаулатып біреуге дыбыс берді, Шапшаң кел деп ұрының басын алып. Қауіп ойламай біреуі тұра берді.

СЕЙІТТЕР *Мұсылман діни ұғымында Аллаһ Тағаланың ең сүйікті құлы һәм елшісі Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) сүйікті қызы - Ғазіреті Ғалидың жұбайы - Фатима анадан тараған ұрпақтарға тән титул.* Әуелде сейіт (сәйід, сәйіт) атауы араб тілінде «қожайын», «мырза», «басшы» деген жалпыесімдік мағынада қолданыла келіп, дінисламның таралып, қанат жая бастауымен байланысты канондалып, титулға айналған. «Сейіттер мұсылман қоғамындағы әлеуметтік иерархияда оқшау бір жікті құрап, ежелден айрықша құрметке бөленіп, көптеген артықшылықтарды пайдаланып отырған. Мұсылмандар ұғымында сейіттер көбіне әулиелермен теңестіріледі. Олар мұсылмандықтың діни идеяларын таратушылар деп есептеліп, өлім жазасына бұйырылмайтын. Тек солар ғана мұсылман билеушілеріне шындықты айтып, кейде тіпті олардың мінін бетіне басып отырған»

(Т.Сұлтанов). Аса көрнекті тарихшы ғалым Т.Сұлтанов өз зерттеулерінде әскерилердің сейіттерді, дін ғұламаларын тонауға, тұтқындауға мұсылман елдерінде тыйым салынғанын, сейіттердің қара халықтан қыз алғанмен, өз қыздарын басқаларға бере бермейтінін айта келіп, «Өйткені сейіт қызынан туған бала, ата-тегіне қарамай, Мұхаммед Пайғамбар әулеті сейіттердің барлық құқығы мен артықшылығына ие болып отырған. Сейіт болу құрметі қымбат бағаланғаны, олардың өз қатарына өзгені жолатпауға тырысқаны соншалық, ХҮІІІ-ХІХ ғасырларда тіпті Шыңғыс тұқымына жатпайтын Түркістан билеушілерінің кейбірі өз ұрпақтарының дәрежелері мен құрметті теңеулеріне «сейіт» деген жоғары атақты қосу үшін Мұхаммед Пайғамбар әулетінен зорлықпен қыз алып отырған», - дейді. Мұхаммед пайғамбардың (с.ғ.с.) сүйікті қызы Фатимадан туған *Хасан, Хұсайын* атты Ғазіреті Ғалидың ардақты ұлдарының ислам тарихындағы орны ерекше болғаны мәлім. Қазақтың діни дастанында Хасан, Хұсайын есімдері *сейіт, сейітзада* деп құрметтеліп, аталып отырады. *Сейітзада шақырды жолдастарын, Ағызып көздерінен қан жастарын. Жар-жолдасы қоштасып, бақұлдасып, Өлімге байлап тұрды өз бастарын.*

СЕКЕМАЛ зат. *Күдік, кұман келтіретін іс.* Көкжал жоғалған күні Сәрсеннің аты да жоғалуы, ер-тоқымы шашырап даладан табылуы *секемал* тудыратын (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 31-б.).

СЕКСЕУІЛ х а л ы қ. б о т. *Діңі мен бұтақтары бұралып өсетін, құмды жерлерге бауыр басып өсетін, шөлге төзімді, жапырақсыз ағаштың ерекше түрі.* Шөлдегі аң-құс, түрлі жәндіктер сексеуілді паналайды, сондықтан халық танымында сексеуіл «шөл патшасы» атанған. Халық тілінде жас сексеуіл *жігер* деп аталады. Жігердің отқа жаққандағы қызуы аса жоғары, шоғы тәулік бойы сөнбейді. Жігердің мықтылығы, қызулық қасиеті мәдени семантикалық өрісте *жігерлі жігіт, жігерлі жан* деген ойтанымдық түзілімнің атауына негіз болған. Сексеуілдің жігері жай оғын қайтарады деп, жауынды күні бір-екі тұтам сексеуілдің жігерін киіз үйдің желбауына байлаған. Ел аузында *шымға су тоқтайды, сексеуілге құм тоқтайды* дейтін де сөз бар.

СЕКСЕУІЛ: АҚ СЕКСЕУІЛ *Бұйратты құмдарда, Қарақұм, Мойынқұм, Балқаштың түстігінде кездесетін өсімдік.* Ақ сексеуіл түйенің жыл бойғы жейтін азығы. Қой-ешкі ақ сексеуілмен күз кезінде азықтанады.

СЕКСЕУІЛ: ҚАРА СЕКСЕУІЛ *Топырағы сортаң, құмды жерлердің өсімдігі.* Сексеуілдің бұтақшаларын, бүршіктерін қой-ешкі, түйе күз айларында жақсы жейді. Сексеуіл, теріскен, шоғайна аралас өсетін мал жайылымы негізінен түстік өңірлерде құмды жерлер болып келеді сексеуілді жайылымда жерасты су жақсын болады.

СЕКІРТПЕ *Топалаң індетінің терістік аймақтардағы бір атауы.*

СЕЛЕУ: ҚЫЛТАН СЕЛЕУ *Көктемде жапырағын малдың бәрі жейтін қыр шөбі.* Селеудің бұл түрін гүлдеген кезде мал жемейді.

СЕЛЕУ: НАР СЕЛЕУ *Қойдың жақсы жейтін қыр шөбі.*

Семіз арығанша арық өледі. Қоңды мал арыққа қарағанда жем-шөп тапшылығына да, суыққа да төзімді.

СЕРЕКТАС *Оқшауланып тұрған тікше биік тас.*

СИЫР ЕГІЗ ТАПТЫ Сиыр әдеттегідей жалқы бұзауламады. **И м ә д е н и к о д.** Сиыр егіз тапқанын қазақ жақсы ырымға санамайды. Егіз бұзаудың бірін бөтен біреуге беріп жібереді].

СҚАУЫР *қ о л ө н е р. Үй ағашты тезге түзеткенде тез кертiгiне бiрге салатын қармау ағаш.*

СОҒЫСБАСЫ әскери. *Соғыс-ұрыс ісіне басшылық жасаушы.* Қарагерді шекітіп аяңдатып, соғысбасыларға келді (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 186-б.).

СОЛ ЖАҚ Киіз үй кеңістігінің дәстүрлі бөліктерінің бірі. **И м ә д е н и к о д.** Еуразиялық көшпелілердің (қазақ, моңғол, тыва, алтай, түрікмен, қарақалпақ, ноғай, қырғыз т.б.) дуалистік дүниетанымы бойынша киіз үйдің іші екі бөлікке – ер және әйел (төрден қарағандағы оң және сол) жақтарына бөлінеді].

СОЛАМАЙ БЕЛСЕНДІ *ж а ғ ы м с ы з. Барып тұрған белсенді.*

СОРДАЛАҢ зат. *Әуре-сарсаң, берекесі жоқ кез.* Сақал-шашымды ағартқан қайран заман, Таңмен талас көрінді-ау бір ағалаң. Қысқа күнде қырық айнып, қырық түзелген, Заман емес әуре ғой бір *сордалаң* (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 391-б.).

СОРҚАҢБАҚ *х а л ы қ. б о т. Сортаң, сорлы жерде өсетін тұз шөбі.*

Сөз фасылы. *Сөз жүйесі.* Алтыншы әйелдерге рет келсін, Қыз балалар шешесіне рет берсін. Атадан бала соң-ды, анадан – қыз, Бұлайша *сөз фасылы* реттелсін (Ғ.Қараш, Замана, 65-б.).

СӨЛЕРГЕН сын. *Дұдамал, анық емес, бұлыңғыр.* Заманымыз шағында Надандықтың балалап, *Сөлерген* бір жол туды (Ғ.Қараш, Замана, 81-б.).

СУ – КІРІСТІҢ КӨЗІ *Қазақтың байырғы наным-сенім дәстүрінде суды ысырап қылмау деген ұғымды аңғартады.* Қазақта қолды жуып болған соң, қолын сілкімейді, сілкісе сумен бірге су иесі Сүлейменнің көмегімен кіретін кірістің көзі сарқылып, бітіп қалады дейді. «Судың ағысын бұзбайды», «судың да сұрауы бар» деген ұғым атаулары этностың табиғатпен тіл табысу деген таным-білімді аңғартады.

СУ ИЕСІ СҮЛЕЙМЕН *Діни аңыз әпсаналарда патшалық құрған пайғамбарлардың бірі.* Патшалық Сүлеймен пайғамбарға әкесі Дәуіт пайғамбардан мирас болып қалған көрінеді. Фольклорлық аңыз-әңгімелерде Сүлеймен пайғамбар қасиетті жүзігімен аңызға айналған. «*Жүзігі барда – Сүлеймен, жүзігі жоқта сүмірейген*» деген сөз сол аңызға байланысты айтылған. Аллаһ Тағаланың ешкімге белгісіз, дыбысталмайтын өте құпия аты жазылған сол жүзік арқылы Сүлеймен пайғамбар жындарды бағындырған, құрлықтағы да, судағы да күллі жан-жануардың, балықтың тілін білген. Деректерде айтылғандай, балықшылар: *Қабандай қап, балық, Қармағымды тарт, балық,*– деп, су иесі Сүлейменге балық аулаудың алдында сыйынып алады. Құрлықтағы да, судағы да байлықтан жиналған Сүлейменнің патшалық қазынасы теңдесі жоқ аса бай болғандықтан, Сүлеймен пайғамбарды фольклорлық материалдарда «*патшалықтан мүйіз шыққан пайғамбар*» деседі. Теңіз түбіндегі небір қымбат інжу-маржан, асыл

тастармен безендірілген патша сарайы, інжу-маржандармен көмкерілген патша тағы теңіз байлығынан жасалған көрінеді. Шамасы, теңіз байлығын жете игерген патша болғандықтан, *Су иесі* – *Сүлеймен* деп аталса керек. Сүлеймен пайғамбар туралы бұл айтылғандар, бір жағынан діни таныммен, екінші жағынан мифологиялық түсінікпен ұштасып жатады. Сүлеймен патшаны *су иесі* деу теонимдер санатына қосқандық болса, ал *пайғамбар* деу агионимдер (әулие-әнбиелер) санатында қарағандық болып саналады. Ал Сүлеймен пайғамбардың патша мәртебесін білдіру үшін *тақ Сүлеймен* деп атайды.

Су: су жүргізді. қолөнер. *Жабдық-жасаудың шет-шеттері мен жиектеріне әшекей, өрнек салды.* Баланы тұлдап жасады, Ақ кекіл тұлпар мінгізіп. *Су жүргізіп* гауһардан, Тілләдан жабдық тұрғызып (Бабалар сөзі, 5-т., 96-б.).

Сунзан араб. діни. *Біреу жайлы сыртынан жаман ойлау, теріс пікірде болу.*

СУННИ Пайғамбар жолымен айтқан өсиеттерін мойындап, Құран аяттарының барлық нұсқауларын бұзбай орындайтын дін басшылары. Сүннәт, жол атауының мағынасы.

СУСОҚТА 1. Бір тәулік бойы суға салып жасытқан семіз ет. 2. Сусоқта бүркітті ширектіру үшін беріледі.

СУТҰЛПАР м и ф. *Қанатты ат.* Мифтік аңыз бойынша қанатты аттардың қонысы теңізде болады. Сутұлпардың күйі отыз жылда бір келіп, теңізден шығып диюмен шағылысатын, одан туған жүйрікті *суын* деп атайды деседі.

СУШЫЛҚАРА 1. Балалардың шомылуға барғанда ойнайтын ойыны. 2. Сушылқараның бір атауы – сүңгіме-сүңгі. Ойынның тәртібі бойынша суға сүңгіген бала су астында неғұрлым ұзақ уақыт болуы керек. Бала суға сүңгігенде жағада қарап тұрғандар оның қанша уақытқа шыдайтынын есептеу үшін санап тұрады. Кейде тек сүңгіп бір жерде тұрмай, су астымен ұзаққа жүзіп те жарысады. Ойын атауы сушылқара деп аталатын құстың атынан алынған. Сушылқараның бір қасиеті : ол – сүңгуір құс. Судан құрт немесе шабақ балықты аулау үшін су астына сүңгіп, жиырма шақты метрге дейін жемін іздеп табуға шыдайды. Оның қанат-құйрығы майлы болғандықтан су сіңбейді екен. Балалар ойынының атауы сүңгуір құстың табиғатын жергілікті тұрғындардың жете танып-білуінен пайда болған. Топырақ айдап келу 1. «Өлім, ажал айдап келу» деген мағынада. 2. Жаңа жерді, бөтен ел-жұртты көруге жазса дәм-тұз айдады, дәм-тұз тартты дейді. Ол тірі адамға байланысты айтылады. Алыс сапарға шыққан адамға Топырағыңды жеріңнен бұйыртсын [жазсын] деп тілек айтады. Ол «Өз жеріңде дүние сал» дегенді білдіреді. Дәм-тұз емес, топырақ айдап келу фразеологизмі денесі келген жердің топырағында қалуды, яғни жат жерде қазасы жетуді түспалдағаны.

СУЫН *Асқан жүйрік тұлпар* (Қара: Сутұлпар).

СУЫТ ЖҮРІС. СУЫТ ЖҮРІСТІ ЖОЛАУШЫ *Алыстан әлдеқандай шұғыл хабармен келе жатқан тым асығыс, үртіс жүрісті хабаршы.* Келе

жатқан жолаушының әдеттегідей емес, суыт жүрісінен ауыл-ел тұрғындары қандайда жайсыз бір хабардың белгісін байқағандай болады. Жайсыз хабарға кісі өлімі, барымта, шапқыншылық, қуғын-сүргін т.б. сияқты ел-жұртқа ауыр тиетін тосын жаманат хабар жатады. Бұндай шұғыл ресми хабардың міндетті адресаты болады, сондықтан хабарды жеткізуші суыт жүрісті жолаушы рәсім бойынша алдымен ауыл иесі ақсақалға ақпаратты арнайы жеткізеді. Қажет болған жағдайда хабаршыға жедел хабарды әрі қарайғы тиісті жерлеріне жеткізу үшін тың ат әзірлетіп, мінгізеді. Ал ауылдың рубасы ақсақалы айналасындағы ауыл-аймағын хабардар етуді өз міндетіне алатын. Міне, бұл айтылғандар бір-бірінен алшақ жатқан аймақтағы ел-жұрттың бір-біріне хабар беріп, ақпарат алысудың жүйеге түскен ежелгі каналдарының бірі болып саналады.

СҰҚСЫР **I** жалпақ тұмсықты; жарғақ табан ағы бар; мойны аққудай имек, ұзын емес жұмыр үйрек. **II м ә д е н и к о д.** сұқсыр қамысты, қоғалы көлде мекендейтіні, сонда ұя салып, балапан ертетіні, сымпылдаған дауыс шығарады. Сұқсыр басқа қанаттастарына қарағанда өте сақ үйрек, дене тұрқы шағындау, аса ұшқыр, күндіз қамысты көлдің тереңінде жүреді, жайылуға тек іңір қараңғысында көл жағасына шығады. Көлдің тереңінде жүрген үйректі қаршыға ешуақта іле алмайды, лашын теуіп ала алмайды.

СҰРАУЫ ЖОҚ МҮШЕЛ *Адамның алты мүшелден, 73-тен асқан әріқарайғы жас мәлшері.* Қазақы ортаға тән этикалық стереотип бойынша сұрауы жоқ мүшелдегі адамды құрмет тұтып, қария атандырады. Үлкендердің кейбір қылығы бала сияқты деп, оларға түсіністікпен қарайды.

СҰРҚЫЛТАЙ. ӘР ХАННЫҢ ТҰСЫНДА БІР СҰРҚЫЛТАЙ деп хандық қоғамда хан қасындағы өткір тілді әрі шешен, әрі ақын, жұртшылыққа кеңінен танымал кеңесші, ақылмандары болған. Фразеологизмдегі *сұрқылтай* атауы осыны меңзейді. Бұлар ханның дұрыс істерін жұртшылыққа дәріптеп, ал бұрыс кеткен тұстарын бетке айтып, тайсалмай сынап отырған. Сонымен қатар хан ордасында әйгілі абыздар болған.

Сүйекшатыс *Бағзы бір кезде қыз беріп, қыз алысқан, жақындығы алыстан қосылатын туыстық.*

СҮЙЕМ Бас бармақ пен сұқ саусақ аралығымен өлшенетін халықтық өлшем. **II м ә д е н и к о д.** Бір сүйем 4 елі - бармақ пен саусақты керіп, оған төрт саусақты қырынан қатар қойып өлшеу).

СҮЛЕ: **сүле жол.** *Үйреншікті, дағдылы бағыт, жол-жоба.* Жұрт білгенді біз біліп, Жұртпен қатар күн көру *Сүле жолға* жат па екен? (Ғ.Қараш, Замана, 82-б.).

Сүлейменнің жүзігі. діни. *Сүлеймен пайғамбардың жын-перілерді бағындырған небір кереметтерге ие қасиетті жүзігі.*

СҮЛЕЛЕУ: **сүлелеу жүрген.** *Сүлесоқ, бейжай күн кешкен.* Осы жолға кіргендер *Сүлелеу* болып *жүргендер* Артынғаны тас болды, Ғылымның төте жолымен Өлердей араз, қас болды (Ғ.Қараш, Замана, -б.).

СҮМБІЛ ө с. *Хош иісті өсімдік.* Ертеректе *сүмбіл* деген өсімдік жайлы естігенім бар-ды, осы қоныста оны өз көзіммен көрдім («Бабырнама», 268).

СҮМБІЛ ө с. *Хош иісті шөптесін өсімдік.* Діни әпсанада жұмақтан қуылған Хауа Ананың көз жасы тамған жерден сүмбіл өскені айтылады.

Сүндетке отырғызу. 5-9 жастағы ер баланың жыныс мүшесінің ұшындағы терісін кесу. Сүндетке отырғызу мұсылмандықтың белгісі болып саналады. Сүндеттелген балаға арнап сүндет тойын жасап, сүндет аты деп тай атайды. Жыл құстары қайтып жатқанда құс көті болады деп, баланы сүндеттетпейді, сондай-ақ сүндетке тақ сандарды сакральды деп танумен байланысты 5, 7, 9 жаста отырғызған.

СҮРЕГІ АРЫҚТАН СЕМІЗ ШЫҚПАС *Арық-тұрықты қанша баптағанмен мал болып жарытпайды деген ұғымды аңғартады.*

СҮРЕК *Мал түлігінің ет пен сүйегінің күйі.*

СҮРЕК. *Мал түлігінің ет пен сүйегі.*

СҮТ: ЖЕБЕЙ САУҒАН СҮТ *Қосақтағы қойға қозы салып, екі не үш қайтара сауған сүт.*

СҮТ: ИІНДІ СҮТ *Енесіне төлін еміздіріп, идіріп сауған сүт.*

СҮТ: ҮРІП СҮТ *Қосақтағы қойды бір айналып сауған сүт.*

СҮТ: ҮРІП СҮТ *Қозысыз сауылған сүт, төлсіз сауылған сүт.*

СҮТТЕ= ет. *Сүт қосып, сүтке араластыру.* Құлын күннен ардақтап, *Сүттен* сұлы жем берген Тұлпарларым сендерсің (Ғ.Қараш, Замана, 86-б.).

СЫҚЫРЛАУЫҚ *Киіз үйдің есігінің бір атауы.*

СЫҢАРТЫҚ: **сыңартық бұқа.** *Сыңар ен, бір ені жоқ, шала піштірілген бұқа.* Алымнан басқа аңы жоқ, Жұрт жайында қамы жоқ. *Сыңартық бұқа* пішімді Әкімге қалған күн құрсын (Ғ.Қараш, Замана, 110-б.).

СЫРҒАСЫ ТАЮ *Бақай буынның шығуы.*

СЫРТТАН (бриония) *Қозылардың өкпе қабынуында қолданылатын дәрулік өсімдік.*

ТАБАҚ ТАРТУ *Дәстүрлі ортадағы байырғы мәдениетте 200-500-дей үй тігілген аста-төк тойда епті қызметші жігіттердің жорға атпен жүріп тойтабақ тарту салты.* Жорға мініп табақ тарту ас-судың суытылмай уақтылы жеткізілуін қамтамасыз етуге, сонымен бірге аста-төк тойдың ерекше сән-салтанатын да аңғартады. Жорға үстінде табақ тартушылардың киімі де бірдей, сыпайы ықшам болып, тойдың сәнін келтіреді.

Табан елі. *Бес елі.*

ТАБАН *көне. өлшем, сан-мөлшер. Бес.* Анау күні болыс арқылы *табан* арба кітап алдырыпты (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 25-б.).

Табиін араб. діни. *Сахабаларды көріп, олардан хадис тыңдағандар.*

Табиін: **табәту табиін.** араб. діни. *Табиіндерді көзі көргендер, олардан хадис тыңдағандар.*

Таблиг араб. діни. *Дінді толық айтып жеткізу.*

ТАҒАНАҚ КЕҢЕС *к ө н е т а р и х и.* Хан билігін жүзеге асыруда билер мен бектердің, ел ағаларының қатысуымен өткізіліп тұратын, ұжымдық институт түріндегі жиын. Тағанақ кеңестің сыртқы, ішкі саясатты ұйымдастырушылық, реттеуіштік, үйлестірушілік, құқықтық функциясы болған.

ТАҒЫ *Индеттің бір түрі, чума.*

ТАЗША БАЛА. ТАЗШАНЫҢ ҚЫРЫҚ ӨТІРІГІ Тазша бала – қазақ фольклорындағы типтік сипат алған кейіпкер. Өтірік әңгімелердің ел ішіне кеңінен тараған небір қызықты түрлері қара халықтың өкілі тазша баланың атынан баяндалады.

ТАЗША БАЛАНЫҢ ҚЫРЫҚ ӨТІРІГІ *Фольклорлық дәстүрде тазша баланың атынан баяндалатын қиял түріндегі өтірік әңгімелердің жалпылама атауы.* Аталмыш атау «Газшаның қырық өтірігі» атты өлең түріндегі прецедентті мәтін негізінде қалыптасқан. «Өтірік өлең қалай шыққанын сөйлейтін ертегі бар: ол ертегінің қысқаша мазмұны – қырық ауыз қисын келтіріп, өтірік өлең айтқан адамға бір хан қызын берем деген» (А.Байтұрсынұлы). Әр кезеңдердегі ел ішінде айтылатын өтірік әңгімелердің небір қызықты түрлері Тазша баланың атына таңылып, фольклорлық жанрдың бір түріне айналған.

ТАЙЫ: Тайы келмес. *Адамзат ақылының жеткен жерінен әрі қарайғы шама-шарқы жетпес, оңтайы келмес (нәрсе).* Мұнан әрі оқуға Адамның тайы келмес-ті. Тайы келмес нәрсеге Хәлін біліп адамзат Қатыспауы керек-ті (Ғ.Қараш, 117-б.).

Тақуадар. сын. *Аса тақуа, аса діншіл.*

Тақуадарлық. з а т. *Құдайшылық, діншілдік.* Бұл түрлі мархабатыңды есіткенде, Тоқтаусыз айтар едім атымды онда. Жомарттық, тақуадарлық жұмыс қылмас, Дүниеде сізден өтіп ешбір пенде (Бабалар сөзі, 5-т., 196-б.).

ТАЛАБА *Ғылым жолындағы шәкірт.*

ТАЛДЫРМА *Шала басылған жұқа киіз.*

ТАНА ТАҒУ Дәстүрлі қазақ қоғамындағы жас баланың қуанышын үстемелейтін жора. **П м ә д е н и к о д.** Жақын туысқаны немесе көрші-қолаңның жас баласы алғаш рет өз бетімен іс тындырса, үлкенге тән ақылдылық танытса, оның осы көшелілігін құптап, әспеттеп, ерекше ескеру белгісі ретінде баланың киім-кешегіне тананы (түйме, күміс түйме) әйел адам өз қолымен тағып: «Бәрекелді, азамат екенсің, ақылды екенсің», - деген сөздермен қолпаштайды].

ТАНАУ МАҢҚА *Маңқа ауруының бір түрі.*

ТАНАУ ШӘК. *Жылқының мұрнына салатын ен.*

Таңдайжапырақ *Бау-бақшалы жерлерде өсетін өсімдік.* Бақ ішінде өскен таңдайжапырақ құды кілем сияқты («Бабырнама», 284).

ТАҢЛАҚ *Жылқы таңдайын ісік шалуы, зілсіз ауру.*

ТАҢНЫҢ АТЫСЫ, КҮННІҢ БАТЫСЫ Тәуліктің таң мезгілінен кеш батқанға дейінгі бөлігі. Шаруа адамына еңбек характерімен байланысты ең белсенді тынымсыз шағы *ертеден қара кешке дейін* деп те аталады. Малдың жағдайымен байланысты малшы қойын таң біліне өріске шығарады. Өйткені қойдың ащылайтын жусан оты түнгі салқын ауадан бойына ылғал жинайтынын тәжірибелі шопан жақсы білді. Әсіресе төрт түліктің ішінде жылқы малы таң қылаң берместен жайылымға шығады. Олай болатыны жылқы баласы, өзге түлікке қарағанда, күн ұясынан көтерілер мезетке дейін бір жусап алады. Бұл – жылқының таңғы жусауы деп аталады. Сондай-ақ

«таңертеңгі суарылған су – су, түстегі су – бу» деп, дән өсіріп, дақыл баптаған егінші, мақташы, қызылшашылар да күн шығар-шықпастан-ақ арық ашып, атызға су жібереді. Күн бата, кеш түсіп, ел орынға отырғанға дейін қой қоралау, қозы жамырату, мал сауу шаруа жайғастырудың тым қарбалас шағына жатады.

Тапсырық. зат. *Орындауды қажет ететін іс, жұмыс.* Және бір тапсырық іс бар-ды сізге, Жан балам, ырза болғын енді бізге. Досыңмен өзің біліп ойнап-күлгін, Дуадан дәйім бізді етпе кемде (Бабалар сөзі, 5-т., 279-б.).

ТАРАЗЫ Жыл мезгілдерін айқындауда және соған сәйкес маусымдық шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыруда бағдарға алынатын, «туатын» және «бататын» жұлдыздар санатындағы аспан шырақтарының бірі. Халықтық астрономияда «Үш Арқар-Таразыдағы» (көк жұлдыздары) арақашықтығы бірдей, баданадай жарқыраған үш жұлдызды Таразы деп атаған. Таразы мамыр айының ондарында батыс көкжиектен «батып», шілденің соңын ала таң сыз бергенде шығыс көкжиектен «туады». Жаздың күзге қарай ауған бұл шағын Таразы туса, таң суиды; Таразы туғанда тары піседі; егін бас алып, қаулап көтеріледі, шөптің қуаты бойына шыға бастайды деп сипаттайды. Бұлар Таразы жұлдызының таңғы тууымен байланысты айтқан байқаулары. Ал қазан айының орта шеніне таман ел жата шығыс көкжиектен көрінуі Таразының кешкі тууы деп аталады. Таразы бұл кезде қоңыр күз бен қара күздің арасын «таразылап» тұрғандай көрінеді. Малшы қауым үшін күзем жүн алу науқаны басталады. Егіншілер қырмандағы астығын қапқа, қамбаға салып, қырманын сыпырып-сиырады.

ТАРАҚ БИДАЙЫҚ Маусымдық жайылым оты. Гүлдегенге дейін мал жақсы жейді, гүлдей бастағанда сүйектеніп кетеді де мал онша сүйсініп жемейді.

ТАРАҚБОЗ Шөл, шөлейт жерлердегі жайылымдық от. Күздегі жаңбыр шайған соң жемшөптік сапасы арта түседі.

ТАРҚАҚ сын. Дарақы, мақтаншақ, даңғой. Алайда әуезімді артық созып, Әдепсіз тарқақ жандай таспайын деп. Әр сөзді өз жолымен айта келіп, Ақырын бұра беріп, тастайын деп (Ғ.Қараш, Замана, 61-б.).

ТАРҚАҚТЫҚ зат. Дарақылық, даңғойлық. Сыйлағанға есіріп, Тарқақтық талай етсе де. Сүйекке өтіп жетсе де, Көңілі жүдеп кішіріп, Көнбеске көнер күн болар (Ғ.Қараш, Замана, 48-б.).

ТАРЛАУ – I әртүрлі шөп аралас өскен шалғынды жер. П м ә д е н и к о д. тарлауды әсіресе жылқы түлегі сүйсініп жейді, тарлауға жайылған малдың еті аса дәмді болады. Халықтың қара өлеңінде: *Дүниеде не тәтті, тарлау тәтті, Тарлау жеген жылқының еті тәтті. Жылатып қыз баланы малға сатқан, Ата менен ананың діні қатты,* – дейді. Кейбір этномәдени тілдік деректерде тарлау деп бір ғана өсімдіктің атауын, кей ретте әртүрлі ащылы-тұщылы шалғынды қыр оты бар жерді айтады.

ТАРЛАУ Жылқы оты. Жазға қарай бас жарып пісетін малға, әсіресе жылқы түлегін жұғымды қыр оты. *Дүниеде не тәтті тарлау тәтті, тарлау жеген жылқының еті тәтті* (Айтыс).

ТАРЛАУ *Тастақты жердегі ши түбінде өсетін аса құнарлы шөп.* Тарлауды жылқы мен қой түлігі теріп жейді. Қыс кезінде де тарлау түсін бермей көгеріп тұрады. Тарлау жеген жылқының еті аса дәмді болатыны фольклорлық мұралар тілінде: «*Дүниеде не тәтті тарлау тәтті, Тарлау жеген жылқының еті тәтті. Қыз байғұсты жылатын малға берген, Ата менен ананың діні қатты*», - дейді.

ТАРЛАУЫТ *м а л ш ы л ы қ.* *Тарлау қалың өскен жер, жылқының жайылым оты.*

ТАРТҚЫ: *садақтың тартқысы.* Садақ адырнасы жасауда пайдаланылатын қайыс немесе кейбір өрме бау. Ерте заманда садақтың тартқысы екеу: қайыстан, кендірден. Күн ашықта қайыс тартқыны, күн жауғанда кендір тартқыны пайдаланады екен. Екеуі де өрме тартқы (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 47-б.).

ТАРТПАЛЫ: *Тартпалы бесік.* *Таңғыш, орағыштары бар бесік.* Арулар не етсе жарасар? Перзент берсе Құдайым, *Тартпалы бесік* таянып, Бөпе сүймек жарасар (Ғ.Қараш, Замана, 108-б.).

ТАРТЫҚ *сын.* Дене бітімі жинақы, *тартыңқы.* Алыстан шапқан аттың бауыры *тартық*, Сырнайшының қолында мүйіз қарнақ. Аузына келген сөзді қайта айтпайды, Сенен де қасағалы жеңгем артық (Айтыс, 2-т. 346-б.)

ТАСАТАР *к ө н е; ә с к е р и.* *Тас атқыш серіппелі қаудың түрі.*

ТАСБҰЙЫРҒЫН *Жылқы малының күзде, қыста жейтін маусымдық оты.*

ТАСӨКПЕ *Мал өкпесінің беріштеніп, семіп кеткен түрі.*

ТАСПА ҚҰРТ *Қойда ұшырасатын әшек ауруын қоздырғыш аса ұзын құрттың бір түрі.*

ТАСТАМАБАУ *Шаңырақтан тасталып, есіктің маңдайшасына байланатын киіз есіктің бауы.*

ТАУ *х а л ы қ т ы қ г е о г р а ф и я.* *Жер бетінен жоғары, көтеріңкі болып өркештеніп тізбектеліп созыла жатқан шың-құзды құзартты биіктік.* Бұл – этномәдени ұжымның тілдік санасындағы таудың аңғырт бейнесі. Тау тізбектерін құрайтын бөлікшелерінің өзді-өзіне тән ерекшеліктерін байқататын *кереге, жал, қырқа, шоқы, серек, доңғал, заңғар, тектүр, шақпақ* тәрізді т.б. атаулар бар.

ТАУЛЫ ЖЕР *х а л ы қ т ы қ г е о г р а ф и я.* *Таулы жердің бедері.*

ТАУЫҚ БІР ШАҚЫРҒАНДА *Таңға әлі бір ұйқы бар деген мағынада.*

ТАУЫҚ ЕКІ ШАҚЫРҒАНДА *Таң атып қалды, таң атты деген мағынада.* Тауық екі шақырғанда малшы, егінші қауым шаруаларына қамдана бастайды.

ТАУЫҚ ЖЫЛЫ *Он екі жылдық жыл санау жүйесінде мешін мен ит жылының арасындағы жыл атауы.* Тауық жылы туғандар, халықтық пайымдауда, таңмен таласып ерте оянады, таңғы ұйқыға сергек болады, тауық жылғылар әр нәрсені шұқылап ізденгіш болады.

ТАУЫҚ ҚИЫ *Қайнатындысын қыршаңқы малды емдеу үшін қолданатын дәрулік.*

ТАУЫҚПЕН БАЙЫҒАННЫҢ КЕДЕЙ БОЛУЫ ҚИЫН Тауық, басқа да үй құстарын асырау аса көп бейнетті керек етпейді; еті, жұмыртқасы азық, мамығы төсек болып игілікке айналған соң, дағды алған құс асыраушылар одан қол үзе қоймайды деген ұғымды білдіреді.

Тәліп. ескікіт. *Өнеге, үлгі.* Құлыным, мұндай істен сіздер жирен, Жаманнан аулақ болғын жаны күйген. Жақсылық жақсылыққа *тәліп* болар, Өлген соң сөз сөйлемес менің мүрдем (Бабалар сөзі, 5-т., 279-б.).

ТӘУБЕТ діни. Жасаған бар ғалымды жалғыз ием, Көліңе *тәубет*, тауфих өзі берсін. Әйтпесе пендесінің халі мүшкіл, Нәпсіге болып қожа қалай жүрсің? (Ғ.Қараш, Замана, 65-б.).

ТӘУЕКЕЛ: тәуекел – ердің жолдасы (Мақал).

Тәуелдер. сын. *Тәуелді, бағынышты.* *Тәуелдер* болып залымға, Тартармыз жапа көбіміз. Мәуеніз піссе түсінде Ер жетер өсіп ұлыңыз (Бабалар сөзі, 5-т., 82-б.).

Тәфәккур араб. діни. *Ғаламдағы жаратылыстарға көз жіберіп, Жаратушының құдіреттілігін ұғына түсу, пікір тую.*

ТЕБІН *Тұяқты түліктің қыста тебіндеп жайылатын өрісі.* Тебінге шыққан жылқы, қой-ешкі түлігі қар астындақалған шөпті тұяғымен тарпи теуіп жайылады.

ТЕБІН: АҚТЕБІН *Кезек-кезегімен, алдымен жылқы тебіндеп, қары аршылған, соңынан сиыр, түйе, ең соңында қой-ешкі жайылып, шөбі түгесілген өріс.*

ТЕБІН: АЛАТЕБІН *Қары қалыңдау түскен тебіндік жерге жылқыны бір жайып өткендегі тебіннің түрі.* Жылқы түлігінің тұяғы тиген жер қардан біршама аршылып, өзге түліктің тебіндеп жайылуына оңтайлы болады.

ТЕБІН: ҚОЙТЕБІН м а л ш ы л ы қ. *Қары жұқа қағыл болып, қой-ешкінің тебіндеп жайылуына оңтайлы қойөрістің түрі.*

ТЕКАУЫР АТ э с к е р и. *Сарбаздардың жорық-жортуылға мінетін аты.*

ТЕКТҮР *Жартастың текшеленіп келген түрі.*

ТЕКТІ сын. *Тегі, шыққан жері жақсы қыз.* Көріп алған көріктіден көрмей алған *текті* артық (Мақал).

ТЕЛ: ТЕЛ ЕМГЕН *Қысыр қалған екі биені қатар емген жылқы төлі.* Жылқышылық кәсіпте жүйрік шыған нышаны бар құлынды қолдан қысыр қалдырылған екі биені құлын, тай кезінде еміздіріп, әдетте түр-түсіне қарай *Төлішұбар, Телқоңыр, Телторы, Телқызыл, Телкүрең* деп атаған.

ТЕЛ: ТЕЛ ҚҰРБЫ *Жастайынан, бала кездерінен ерекше тату-тәтті, қатар өскен құрбыластар.* Қара өлеңде: *Теңбір де теңбіл телішұбар, Тебінсең аттан тер шығар. Тел құрбым іздеп келгенде, Теңселе басып кім шығар,-* дейді. Дәстүрлі мәдени-этикалық контентте жастайғы бұндай құрбыластар есейе келе бір-бірінің қуанышына ортақ, қиындықта бір-біріне қол ұшын беретін өзара қимас жандар болып өседі; әлеуметтік ортада дос-жарандарға айналады.

ТЕМІРҚАЗЫҚ: ТЕМІРҚАЗЫҚ ЖАҒЫ х а л ы қ т ы қ а с т р о н о м
и я. *Терістік тұсы.*

ТЕМІРҚАЗЫҚ: ТЕМІРҚАЗЫҚ ЖАСТАНДЫ *Мәйтті лақатқа қойғанда басын Темірқазыққа, бетін қасиетті Қазбаға қаратып қойды.*

ТЕНЕКТЕЙ *Жалпақ, аласа күбідей.*

ТЕНТЕК *Қойдың айналмаға шалдығып бір жағына қарай айнала беретін бас-сүйек ауруы.*

ТЕҢ АТАНЫҢ БАЛАСЫ ТЕҢДІККЕ КӨНСЕ ДЕ, КЕМДІККЕ КӨНБЕЙДІ *Ата-тегін, руын кемсітіп адамды қор тұтығу болмайды деген этикалық мағынада.*

ТЕҢІЗ АШУ а й м а қ т ы қ. *Қатты, қаһарлы ашу, бірақ тез қайтатын ашу.* Теңіз табиғатын меңзеп, «теңіз ашу қатты, бірақ тез қайтады» деп адам мінезіне қарата айтылған тұрақты сөз орамы.

ТЕРІСКЕН х а л ы қ. б о т. *Далалы, шөлейтті, құмайт, құмды жерлерде өсетін, қара отқа жататын қыр шөбі.* Түйе, қой-ешкі бас көтермей сүйсініп жейді.

ТЕРІСКЕН Шөл, шөлейт аймақтардағы жайылымдық жерлерде жиі кездесетін ащы от. Теріскеннің сұр теріскен, мүйіз теріскен деген түрлері арнасы кеуіп кеткен тастақ, қайыршақты жерлерде өседі, құрғақшылыққа төзімді. Түйе, қой-ешкі сабағы мен жапырағын; жылқы, сиыр жапырағын жейді. Жайылымды дұрыс пайдаланбай қой өрістете берсе, селдіреп, мүлде азайып кетеді. Малшы қауым теріскен аралас өскен жайылымды жақсы деп бағалаған.

ТИДЕҒАШ *Мәйектің бір түрі.*

ТОБЫЛҒЫ БҮРШІК ЖАРҒАН 1. Көкек айының соңғы екі-үш күнінде соғатын суық жел, амал. 2. Бұл кезде «өрік, шие, алма ағаштары күннің алғашқы алдамшы ыстығына алданып, бүршік жарып гүл ашса, тобылғы, қарағайлар олай емес, өздерінің бүршік жаратын кездерінен эсте жаңылмайды дейді назалбек сынды ел ішіндегі күн райының тамыршылары.

ТОБЫЛҒЫ ЖЕБЕ *Садақтың тобылғыдан жасалған оғы (жебесі).* Тобылғыдан жебе, қамшы тәрізді құралдар жасау, бір жағынан тобылғының түзу өсетініне, мықтылығы мен беріктігіне және суықта ылғал тартпайтын, ыстықта кеберсіп жарылмайтын төзімділігіне байланысты болса, тағы бір жағы, оны қасиеттендіретін наным-сенімге орайлас деуге болады (**Қ.: Тобылғы, қамшы**). Бабыр Захир ад-дин өзінің «Бабырнама» атты тарихи жазбасында тобылғының кез келген жерлерде өсе бермейтінін, одан қамшыға сап, жебе, құсқа тор жасайтынын, тобылғыдан май алатынын айта келіп, «Бұл бір қасиетті ағаш, мұны алыс жерге барғанда базарлық ретінде сыйға тартады», - дейді. Тобылғының қалың өсетін жері болады, оны *тобылғысай* дейді. Байырғы нанымда тобылғысайда жын-шайтан жүрмейді дейді.

ТОҒА з а т. к ө н е. *Жылқышы қосының қола қазаны, бақырдан үлкендеуі.*

ТОҒАЙ х а л ы қ. г е о г р. *Өзен-су бойларында бұта аралас өсетін әртүрлі ну ағаш.* Ақ малдың (жылқының) алты ай қысқы паналайтын жері. Әсіресе тоғайлы жазықтың малшылықтағы орны айрықша. Сапырған сары

ожаумен сары қымыз, Ысталған сары местен дәрі қымыз. Қарасаң, қалың *тоғай* толған жылқы, Түн тұрмақ таба алмайсың қарап күндіз (К.Әзірбаев, Таң. шығ.).

ТОҒЫЗ БЕРУ Қазақтың байырғы тұрмыс-салтында сый-сияпат беруде тоғыз затқа байланысты қалыптасқан сөз тіркесі. **П м ә д е н и к о д.** Әсіресе бұрынғы жыр-өлеңдерде, ертегі, аңыз әңгімелерден тоғыз беру салтының әр қилы жағдайлары кездеседі. Тіпті қазақтың байырғы салт-дәстүріне тоғыздың «араласпайтын» жері жоқ тәрізді. Бірақ тоғыз берудің өз жолы, өз жүйесі бар. *Тоғыз* қадірлі қонаққа, сыйлы кісіге сый-құрмет жолымен беріледі. *Апалар, мұны ешкім көрмес пайда, Ойланбай іс қылсақ осындайда. Бір тоғыз сәлемдеме бердіңіз-ақ Келген адам сый-сияпат жолы қайда?* («Қозы Көрпеш-Баян Сұлу»). Тоғыз – жол-жоралғы жөнімен беріледі. Соның бірі мысалы мына тәрізді: «Бастығы Сүйіндік, Байсалдар болып: «Азаға салғаным», «қосқаным», «аруағына арнағаным» деп шеттеріне қос ат, інген, жамбы, тай тұяқ, қой тұяқ сияқты бұйымдар атасты. Сөйтіп кеңес аяғында підиясының өзі талай тоғыз болып саналады. (М.Әуезов). Сондай-ақ, үйлену салтына тоғыз беру жоралғысы болған. Алайда тоғызды кез келген тұста емес, күйеу ұрын барған кезде «*құрмаласқан құда болдық*» деп атайды. *Тоғыз* берудің тағы бір жолы-қызды жігіт құдалық жолмен емес, алып қашқан жағдайда жігіт жағы айып-ажы ретінде үш тоғыздың бірін атайтын болған. *Тоғыз* айып-ажыға беріледі (құн төлеу, әр түрлі айып төлеу т.б.). *Тоғыз* бас бәйгеге тігіледі (ат жарыс, балуан күрес, сүре айтыс т.б.). *Тоғыз берудің* байырғы шарты бойынша «тоғыздың» құрамында тоғыз түрлі зат болуы қажет. Осымен байланысты «тоғыз» үш топқа бөлінеді. *Бас тоғыз.* Түйе бастаған тоғыз түйе, құлынды бие, қос ат; жамбы, жағалы киім, тұтас құндыз, қылыш т.б. Бас тоғызды кейде қасқа тоғыз деп атайды (С.Мұқанов). *Орта тоғыз.* Бие бастаған тоғыз мал және әртүрлі бұйымдар. *Аяқ тоғыз.* Бұзаулы сиыр бастаған тоғыз тайынша, қозылы қой және басқа бұйымдар. Әр тоғыз өз ішінде екі топқа бөлінеді: *жанды тоғыз* немесе *тірі тоғыз* (түйе, бие, бұзаулы сиыр, қозылы қой т.б.) «жансыз» тоғыз немесе «өлі» тоғыз (жамбы, кілем, ішік, т.б.) *Тоғыз берудің* салты бойынша «жанды» тоғыз төртеу болса, «жансыз» бесеу болу шарт. Тоғыздың ішінде *бас жақсы* дегені болады. Бас жақсысына қарап, әдетте *түйе бастаған тоғыз, жамбы бастаған тоғыз, бие бастаған тоғыз* деп отырады, яғни қандай тоғыз аталғанын әрі қарай сұрамай-ақ *бас жақсыға* қарап ажыратады. *Тоғыздың толымды түрін* беру, әрине, бай мен бағыланның ісі. Тіпті олар дүбірлі той өткізіп, бас бәйгеге тігілер *тоғыздың бас жақсысына* жасау жиһазымен киіз үй жасайтын болған. Киіз үйдің бұл түрі *өлі отау* деп аталады. *Тігіпті бас бәйгеге елу бие Өлі отау, бір бас тоғыз, тоғыз түйе, Жабулы қара нарға қалы кілем, Аты озған болды бір зор олжаға ие* (Нұрқан Ахметбекұлы). Л.Будагов сөздігінде *тоғыздың* құрамына бір немесе екі «жетім», «жесір» (бұл сөз бұрын «күл», «күн» дегенді білдірген) атайтынын айта келіп, кедейлердің беретін тоғызды әлдеқайда жұпыны екендігін көрсетеді. Сондай-ақ, тоғыздың құрамына енетін «жанды» мен «жансыз» үйлесімді болу жағы да ескеріледі. Мысалы, бұзаулы сиыр бастаған жанды тоғызға жансыздан *қалы кілем* немесе *алмас*

қылыш атау үйлесімсіз. Қара нарға жансыздан қалы кілем, құлынды биеге жансыздан тұтас құндыз жарасады дейді. Ауыз әдебиетінен өзіміз көп естіп жүрген қалы кілем, қара нар фразеологизмді осындай салтқа байланысты айтылса керек. Үйлену тойы, шілдекүзет т.б. той-томалақтарда ауылдың алты ауызы айтылып, меймандар өз кезегінде қонақ кәдесін жасайды. Осындайда ойын-сауықтың ажары-қайым айтысқа да кезек келеді. Жеңгесі қайын сіңлісін, апасы сіңлісін ілестіріп, не дос құрбы-қыздар жұптасып алып қонақ әріптестерімен айтысады. Жеңілген жақ «тоғыз тартуым» деп торғын орамалдың шетіне күміс жүзік (не күміс теңге) түйіп жеңгендерге сый-құрмет көрсетеді. Бұл тарту – тоғыздың нақ өзі болмаса да, кәдесі. «Орамал тонға жарамайды, жолға жарайды» деген сөз орамы осындай орайда қалыптасса керек.

Тоғыз қарыс қазан. э т н. *Жиын-тойда, ас бергенде асылатын үлкен қазан.*

ТОҒЫС. ТОҒАМ *Халықтық күнтізбеде Айдың Үркер шоқ жұлдызын басып өтуі, тоғысуы.* Ал Айдың келесі тоғысқа дейінгі аралық айдың тоғамы деп аталады. Әр тоғамда жеті күн болады. Мысалы, айдың бірінші тоғамы «айдың бірінші аптасы», айдың екінші тоғамы «екінші аптасы», айдың үшінші тоғамы «үшінші аптасы», айдың төртінші тоғамы «төртінші аптасы» деген ұғымдарды білдіреді. Сөйтіп, бір тоғыс айында 28 күн, төрт тоғам, яғни төрт апта болады. Тоғыс айының бірінші тоғамында Үркерден өте шыққан Ай Үркерге жақын болады, ал екінші, үшіншісі, төртіншісінде Ай мен Үркердің арасы қашықтай береді. Халықтың қара өлеңінде аспан шырақтарының арасындағы бұл көркем көрініс: *Жүруші едік балдай боп, Құлын менен тайдай боп. Арамыз кетті қашықтап, Үркерден қашқан Айдай боп,* - деп сипатталады. Айдың Үркермен тоғамы халықтық астрономияда үш кезеңнен тұрады. Табиғат аясындағы бұл құбылыс халық тілінде *ауыл үй қонды, қойындасты, қырбай болды* деп, бейнелі түрде айтылады. Бірінші күні *Ай Үркермен ауыл үй қонады*, яғни «Ай Үркерге жақындайды», екінші күні *Ай Үркермен қойындасады*, яғни «Ай Үркермен бетпе-бет келеді», үшінші күні *Ай Үркермен қырбай болады*, яғни «Ай Үркерге сырт беріп, қашықтайды».

ТОЙТАБАҚ *Дәстүрлі дала мәдениетінде аста-төк тойға келген қонақтардың әлеуметтік орны мен ерекшеліктеріне қарай тартылатын, этикалық мәнге ие ас жасалған табақ.* Тойтабақта он екі мүше/жеті жіліктің өз орындары болады. *Тойтабақ* аса тәжірибелі, білімпаз ауыл ағаларының бірінің тікелей басқаруымен, қатысуымен жасалады. Қай табақтың қай үйге, қай қонаққа тарту етілетінін өзі айтып, этикалық норманың бұзылмауын қадағалап отырады.

ТОЙТӨБЕ топоним. *Аста-төк, дүбірлі той өткізетін биіктеу келген дөңес жер.* Көзшалымға қолайлы бұндай жерлерде той салтанаты, ат бәйге, балуан күрес, ақындар айтысы т.б. думанды шаралар өткізіледі. Тойтөбе ел жадында игі нышандардың тілдік бейнесі ретінде мән алып, көптеген жерлерде топонимдік атауға айналған.

ТОҚАЛ жағымсыз қарап сөйлеу тілі. *Ер адамның бәйбіше үстіне алған екінші немесе одан кейінгі әйелдері.* Қазақы дәстүрде бәйбішеден кейінгі әйел сәукеле кимеген. Сәукеле – ер адамның бірінші әйелінің мәртебесін көрсететін нышаны (атрибутикасы). Кейінгі әйелдің тоқал атануы – тоқал ешкінің ауыспалы атауы. Әдетте тоқал ешкі деп мүйізсіз ешкіні айтқан.

ТОҚСАН: ЖАЗТОҚСАНДА үш ай, әр айда 30 күн болады. Мамырдың 13-15-терінен маусымның 13-15-теріне дейінгі мезгіл жазтоқсанның бірінші айы; маусымның 13-15-терінен шілденің 13-15-теріне дейін жазтоқсанның екінші айы; шілденің 13-15-терінен тамыздың 13-15-теріне дейін жазтоқсанның үшінші айы болып саналады. Мамырдың 10-12-лерінде батқан Үркер қырық күн жерде жатып, маусымның 22-лерінде таң біліне шығыстан көрінеді. Мамыр-маусымда Үркердің жерде жатуы, маусым-шілдеде таң біліне оның шығыстан көрінуі, тамызда Үш Арқар-Таразының таң ата шығыстан көрінуі есепшілердің күнтізбелік жүйесі бойынша жазтоқсан айларының жұлдыздық (астрономиялық) белгілері болып табылады. Бұдан әрі қарай *күзтоқсан* айлары басталады [Қара: **Күзтоқсан**]. Тоқсан: Жазтоқсанда үш ай, әр айда 30 күн болады. Ақпанның 13-15-терінен наурыздың 13-15-теріне дейін жазтоқсанның бірінші айы; наурыздың 13-15-терінен сәуірдің 13-15-теріне дейін екінші айы; ал сәуірдің 13-15-терінен мамырдың 13-15-теріне дейінгі мезгіл жазтоқсанға, яғни көктем айларына жатады. Осы мезгілді әдетте есепшілер *көктемтоқсан, жазғытұрым* тоқсан демей, *жазтоқсан* деп атаған. Бұл дерек Б.А. Куфтиннің қазақ календары жөніндегі мақаласында көрсетілген. Бұл мезгілдің астрономиялық белгісі: Үркер жұлдызы жазтоқсанның бірінші айында иықтан бүйірге түседі; екінші айында бүйірден етекке түседі; ал үшінші айында етектен жерге түседі. Сөйтіп, Үркер батады. Үркердің батуы – жаздың шығуы. Бұдан әрі қарай *жазтоқсан* басталады [Қара: **Жазтоқсан**].

ТОҚСАН: КҮЗТОҚСАН Күзтоқсанда үш ай, әр айда 30 күн болады. Тамыздың 13-15-терінен қыркүйектің 13-15-теріне дейінгі мезгіл күзтоқсанның бірінші айы; қыркүйектің 13-15-терінен қазанның 13-15-теріне дейін күзтоқсанның екінші айы, қазанның 13-15-терінен қарашаның 13-15-теріне дейін күзтоқсанның үшінші айы болып есептеледі. Күзтоқсанның бірінші айында кеш қараңғысында туған Үркер етекте, екінші айында Үркер бүйірде, ал үшінші айында иыққа жақындайды. Үркер жұлдызының бұл қозғалысы күзтоқсанның жұлдыздық белгілері болып табылады.

ТОҚСАН: ҚЫСТОҚСАН Байырғы кезде есепшілердің, – халық астрономдарының, – қолданған үш ай қыстың күнтізбелік атауы. Есепшілердің күнтізбе жүйесі бойынша қыстоқсанда үш ай, әр айда 30 күн болады. Үркер жұлдызының қозғалысын негізге алған күнтізбелік жүйе бойынша қарашаның шамамен 13-15-терінен желтоқсанның 13-15-теріне дейін қыстың бірінші айы. Желтоқсанның 13-15-терінен қаңтардың 13-15-теріне дейін қыстың екінші айы. Қаңтардың 13-15-терінен ақпанның 13-15-теріне дейін қыстың үшінші айы, яғни қыстоқсан айлары болып есептеледі. Қыстың бұл аталған бірінші айында (қараша-желтоқсанда) Үркер иыққа

шығады; қыстың екінші айында Үркер көтеріліп төбеде тұрады; қыстың үшінші айында Үркер төбеден ауып, иыққа түседі.

ТОҚСАН: ТӨРТ ТОҚСАН *Жылонекі айдың мезгілге қарайғы топтамасы.* Сонымен есепшілер бір жылда 12 ай, әр айда 30 күннен 360 күн болады деп күнтізбе түзген. Алайда есепшілер Үркердің жерге түскенін жаздың жұлдыздық белгісі және жылбасы ретінде ала отырып, оның келесі батқанға дейін 360 емес, 365 күн болатынын жақсы білген. Кәріауыз қариялар *есепшілердің есебі кісеқалтасында болады* дейді. Олай дейтіні Үркер жерге түсіп, батыс көкжиектен көрінбей кеткеннен келесі батқанға дейін күніне бір құмалақтан кісеқалтаға салып отырған. Сонда құмалақтың саны 365 болады. Жыл ішіндегі айларды теңестіру үшін есепшілер бұл төрт-бес күн айырманы не ескі, не жаңа жылға қоспай *қалыс күндер (балақ күндер)* деп те атаған. Сонымен қатар есепшілер бір жылдағы төрт тоқсан, әр тоқсанында күн райында болатын тұрақты метеорологиялық құбылыстардың қалай өтетінін болжап, малшы, егінші қауымға ақыл-кеңес беріп отырған.

ТОҚТЫ *Қозы бір қырыққаннан кейін маусымның аяғында Үркер туа тоқты аталады.*

Толайы: толайынан толды. *Толығынан, артығынан болды.* Көрмеген адам қалмады, Бермеген пенде тамымы. Теңге салған дорбасы *Толайынан толады* (Бабалар сөзі, 4-т., 61-б.).

ТОЛАС: АЙ АРАСЫ ТОЛАС БОЛДЫ х а л ы қ . м е т е о р о л о г и я . *Ескі Ай мен Жаңа туған айдың арасы жауын-шашынсыз болды.* Әдетте өліара деп аталатын Ескі Ай мен Жаңа Айдың арасы көбіне жауын-шашынды болып келеді. Ал өліараның кезінде Ай арасының толас болуы күн райының әдеттегіден өзгеше болғанын аңғартады.

ТОМАЛАҚ ТОЙ Томалақ тойдан соң екі жақ тағы да кеңес қылуға отырады. *Бата малдың* (бұдан былай қалың мал демейді) қанша бөлігін беретіні, оны қыз әкесінің қашан келіп әкететіні, күйеу жігіттің қайын жұртына *ұрын баратын* уақыты; қыз ұзату тойының қай шамада өтетінін ақылдасып кеңеседі.

ТОПАЛАҢ КЕЛГІР! қ а р ғ ы с .

ТОПАЛАҢ *Қой түлегінде болатын зілді індет.*

ТОПАЛАҢ *Малға келген ауыр індет.* Топалаң тиген малды әулиеге түнетеді. Топалаң келген жерді құтсыз жұрт деп, одан дереу басқа жерге көшеді.

ТОПАЛАҢ ОЙ. *Жер атауы. Халықтық ономастикада қой індетіне байланысты қойылған атау.*

Торғауыл әскери. көне. *Қарсы жақты торушылық, барлаушылық.* Мен *торғауылда* едім, айқас бастамасымен сол жерге жол тарттым (Бабырнама, 113).

ТОТИЯЙЫН *Оташы қолданатын дәрулік.*

ТӨЛ. ҚОЙ ТӨЛ. ҚОЗЫ ТӘРБИЕСІ Жаңа туған қозыны алдын-ала дайындалған жылы орын, жұмсақ шөп төселген орынға жайғастырады. Киіз үйдің канаттарынан құралған жылыжай, жылы қора пайдаланылады. Ішті қойларды көбіне қорада ұстайды, түні бойы малшының бақылауында болады.

Қоздаған қойдың қозысын енесіне теліп, уызымен ауыздандырады. Төл төгіні кезінде іші жақындаған саулықтарды жақын жердегі өріске жаяды. Өрісте қоздаған қойлардың қозыларын қоржынның екі басына салып, күтілетін орынға алып келеді. Шарананың ісін алған сақа саулықтар қозыларынан қалмай ілесіп отырады. Ал алғаш қоздаған тұсақтар өз қағанағынан жерімес үшін оған қозысының қағанағын (шаранасын) әбден жалатып, иіс алдырып үйретеді.

ТӨЛ: ЖЫЛҚЫ ТӨЛІНІҢ ТӘРБИЕСІ Жылқы түлігінің жаппай құлындайтын мезгілі – көбіне көкек-мамыр айларының аралығы. Қолдағы қолбала биелерден басқа табындағы биелер ашық далада құлындайды. Бие құлындасымен құлынның қағанағын жарып, *«аузын үріп, тұяғын сүріп»* дегендей, аузын үрлеп, аяқтарын қу шөппен сүртіп, шаранасынан тазартады. Жылқы төлі басқа түліктерген қарағанда тез аяқтанып, енесіне еріп кетеді. Құлыншақ көп ұзамай-ақ енесінің бауырында жүріп тез отығады. Құлынның құлыншақ кезіндегі құлақ ішінің бозғылт майда түгі бірте-бірте қарайып, қарақылшықтанады. Биелер көктемде құлындап болған соң, құлындары *қарақұлақ* болғанша енесінің бауырында жүреді. Ондағысы құлындар енесін еміп тойынсын, қонды болсын дегені. Әдетте сауылатын биенің құлыны қарақұлақтанған соң желіге байланады. *«Болар бала бесігінде бұлқынар, болар құлын желісінде жұлқынар»* дегендей, алғашқы кезде *қытығы алынбай* бұла жүрген құлын, деректерде айтылғандай, желі тәрбиесіне көндікпей бұлқынып, асаулық танытатыны болады. Сондықтан желі қазығын қатты ағаштан сыртқа қарай шалқайта мықтап қағып, құлынның нөқта жібін тұқырта байлайды. Үш-төрт күнде асау құлын жуасып, желіге көндіге бастайды.

ТӨЛ: СИЫР ТӨЛІНІҢ ТӘРБИЕСІ Сиыр малының төлдеу мерзімі, шамамен, ақпан мен сәуір айларының аралығы. Сиыр бұзаулар кезінде сарпайы қалындап, одан ақшыл сұйық білінеді, желіні ұлғайыңқырайды. Бұндайда сиырды күндіз аулада ұстап, кешке қарай қораға кіргізеді, өріске жібермейді. Мал иесі мерзімі келген малды түге қарай, таң ата екі-үш мәрте қарап, бақылап отырады. Өйткені енесі төлінің шаранасын жалап отырып, түскен шуын жеп қоюы мүмкін. Ондай сиырдың желіні тартылып, сүті азайып кетеді. Жаңа туған сиырдың уызын төліне тойдыра емізіп алады, қақтап саумайды. Жас төлді алғашқы күндері шөп төселген жылы орында ұстайды. Дымқыл, ылғалды жерде жас төл *бұзау таз* ауруына тез шалдығады. Күн жылына бұзау ашық аулада болады. Сиырды сауар алдында бұзауын жіберіп, иітіп алады. Кейде төлін екі мәрте жіберіп *иінді сүт* алады. Оттығып үйренген бұзауды табынға қоспай, ауыл маңындағы өріске жібереді. Өрісте бұзауды ересек бала бағады. Оны бұзаушы бала дейді. Есейіңкіреген бұзаулар еміп қоймас үшін мұрнын тесіп, *сірге тағып* енесімен бірге табынға қосып, өріске жібереді.

ТӨЛ: ТҮЙЕ ТӨЛІНІҢ ТӘРБИЕСІ Бота туысымен оны жабулап ұстайды. Басқа түліктің төлдеріне қарағанда, жаңа туған бота өте әлсіз болады. Бота туысымен оның тұмсығын, денесін жұмсақ, таза матамен сүртіп тазатып, құрғатады. Жас төлдің кіндігін де сүртіп құрсағынан екі-үш елідей

аралықта кеседі де жіңішке жібек жіппен байлап тастайды. Көп жағдайда мал иесінің қолын қажет етеді. Өз бетімен ауыздана да алмайды. Сондықтан мал иесі оны бауырынан көтеріп, қолмен сүйеп тұрып еміздіреді. Емуге қауқары жоқ ботаны енесін сауып алып, уызын аузына құяды (Х.Арғынбаев). Уыз емген ботаның тоңғағы түспей, қаталап қалмас үшін оған жылқының кесек майын жұтқызып жібереді немесе қойдың шыжғырған құйрығын аузына құяды. Ботаға ене сүтін әбден тойғанынша еміздіреді. Ботаның жақсы өсіп жетіле түсуі үшін енесін суалтпай еміздіре береді. Түйешілердің айтуынша, ботаны төрт сағатта бір еміздіріп тұрады. Тайлағына дейін еметін төлдер болады. Түйе түлігін баптап күтуде оны алғашқы екі апта уақыттай шимен қоршап, бөгде көздің тиюінен сақтайды. Бота ширай түскен сайын тайрақтап, ойнақтай бастайды. Екі-үш апта шамасында ботаны енесімен бірге ілестіріп өріске жібереді. Өрісте жүріп боталар бірте-бірте отығады. «Ботаның шыққан тегінің тұқымы қосақталып айтылады. Мысалы, *үлек бота, нар бота, айыр бота* т.б.» (Ә.Диваев). Тұмса боталаған інген 18 айлығында, ал боталып жүрген інген 7-8 айлығында төлінен ажыратылады («Шаңырақ»).

ТӨЛДІҢ КҮТІМІ Малшының төрт түлік төлдерін күтіп-баптау амалдары малшы қауымның тілінде *төл тәрбиесі* деп те аталады. Әр түліктің бағып-қағуда өз ерекшеліктері болатыны сияқты қой, түйе, жылқы, сиыр төлдерін табынға ілестіргенше күтіп-баптаудың өзді-өзіне тән ерекшеліктері малшы қауымның төл алуға дейінгі аса жауапты ең бастапқы кезеңі болып саналады, өйткені төрт түлікті төлдетіп, мал басын өсірудің нәтижелі болуы ең алдымен мезгіл-мерзіммен (халықтық астрономия), жер жағдайы мен күн райы (халықтық география мен экология), төлді күтіп-баптау (халықтық ветеринария) тәрізді малшы қауымның жүйелі әрі бір-бірімен тығыз байланысты өмір тәжірибесінен жинақталып жүйеленген эмпирикалық білім-таныммен тығыз байланысты. Осы білімдер жүйесіне орайлас *інгенге бура шөктіру; үйір жасақтап, айғыр қосу; қошқарға күйек байлап, күйек ағыту; сиырды бұқадан шығару* ең бастапқы науқанға жатады. Бұдан кейінгі кезең Х.Арғынбаев айтқандай, *буаздың ішін сақтау* деп аталады. Төл алғанға дейінгі мал күтімі барлық түлік үшін *буаздың ішін сақтаудан* басталады. Іш тастамас үшін буаз малды тонды, сызды жерге жатқызбайды, қатты айдап ендіксіздейді, шөп басына мұздақ сірке қатқан жайылымға өрістетпейді, ашқарынға айдап кеп суармайды т.б.

ТӨЛЕҢГІТТЕР Хан, сұлтан ордаларында шаруа жайын атқаратын қызметшілер. Жаугершілік кездерде қолға түскен тұтқындар төлеңгіт атанып кеткен, тегі жағынан қазақтың ру-тайпаларына жатпайды. Олардың арғы тегі қалмақ, естек, ебенек (ебене) болған. Хан-сұлтан ордалары тараған кездерде төлеңгіттер қазақ ауылдарымен қоңсы қонып, бірге болған. Бұларды бөлектеп, қоңсы-қолаң, көрші-қолаң деп атаған, ал олар өздерін төлеңгітпіз деген. Әлеуметтік мәртебесі жағынан қазақ ауылдарынан төменірек болған. Қазақтар, антропонимдік деректерге қарағанда, төлеңгіттердің қызын алып, одан туған балаларды Қалматай, Қалмақан, Ебентай, Ебеней деп атаған.

ТӨЛЕҢГІТТЕР Хан, сұлтан ордаларындағы шаруа жайын атқаратын қызметшілерді *төлеңгіттер* деп атаған. *Төлеңгіттер* -

жаугершілік кездерде қолға түскен тұтқындар. Тегі жағынан төлеңгіттер қазақтың ру-тайпалық бірлестіктеріне жатпайды. Олардың арғы тегі қалмақтар, естектер, ебенектер т.б. болған. Хан-сұлтан ордалары тараған кездерде төлеңгіттер қазақ ауылдарымен қоныс қонып отырған. Бұларды қоныс-қолаң, көрші-қолаң деп атаған. Әлеуметтік мәртебесі жағынан қазақ ауылдарынан төмендеу болған. Антропонимдік деректерге қарағанда, қазақтар төлеңгіттердің қызын алып, одан туған балаларды Қалмақан, Қалматай, Ебелей, Ебентай деп атаған.

ТӨРТ ДАУА Әйтеуір бір қиындықтан шығудың жолы бар дегенді білдіретін тіркесті тәмсіл сөз. Халықтың байырғы өмір тәжірбиесіндегі түсінік бойынша қиын нәрсе дауасы бар және дауасы жоқ делініп екіге бөлінеді. Соның бір мысалы: *Даудың дауасы - мақұлдасу, Ұрыстың дауасы - татуласу. Білмегеннің дауасы – ақылдасу* Бөтендіктің дауасы - жақындасу, - *дей отырып, кәрілікке дауа, өлімге дауа іздемей-ақ қой деп ой түйеді.*

ТӨРТ МАЗҒАБ Дінмұсылмандағы басты бағытты ұстанатын сүнниттер Әбу Ханифа, имам Мәлік, имам Шафиғи, Ахмед ибн Ханбал сынды ислам ғұламалары негізін салған «жол», «бағыт», «көзқарас». Қазақтар өздерін Имам Ағзам Әбу Ханифа мазһабындамыз дейді. Себебі төрт мазһаб ішіндегі діни қағидалардың табиғатына, әдет-ғұрыптарына үйлестіріліп орайластырылғандықтан, байырғы бабаларымыз Имам Ағзам Әби Ханифа мазһабын таңдаған. Діни түсінікте төрт мазһаб бір-біріне қарсы қойылмайды және дұрыс не бұрыс деп бағаланбайды. Өйткені күлшылық амалдары, іргелі ұғымдары бірдей болғандықтан алауыздық пен жат пиғылға жол бермейді. Сондықтан дін ұстаушыларымыз төрт мазһаб та дұрыс дей отырып, әр мазһабтағылар өз мазһабын абзал тұтады.

ТӨРТ ТҰРМАНЫ ТҮГЕЛ. ТҰРМАНЫ ТҮГЕЛ – I ешнәрсеге мұқтаж емес. Төрт тұрманның ертеректегі мағынасы басқашалау. **II м ә д е н и к о д.** Байырғы кезде ел қорғаған батырдың алдымен *төрт тұрманы түгел* болуы керек. Атақты Шернияз ақын: *Сағынам ауызға алсам Исатайды Жігіт ед төрт тұрманы түгел сайлы, – дейді.* Әдетте төрт тұрманы сарбаздардың 1. ер-тұрманы (ер, құйысқан, өмілдірік, қамшы, үзеңгі т.б.); 2. мүкәммалы (кісе, дәнәку, кемер, белдік, күдері белбеу т.б.); 3. жау жарағы, қару қаттауы (сауыт, дулыға, қалқан т.б.); 4. бес қаруы жатады. Байырғы өлең-жырларда ер-тұрманға байланысты *«Құйысқаны құйма алтын, үзеңгісі үзбе алтын, қоңыраулы құйысқан» тәрізді тұрақты сөз орамдары жиі кездеседі. Жазасы алтын, жеңі кез, шығыршыға торғай көз* (Ақтамберді Сарыұлы), *береңгілі бек сауыт, шығыршықты көк сауыт* («Шынтасұлы Төрехан»); *ақсырмалды сауыт* («Ер Төстік») дегендері – сауыт, көбенің түр-түріне байланысты айтылатын тұрақты сөз орамдары. «Бектен белгі-белге медет» деген мақал жау-жараққа қатысты айтылады. Сондай-ақ, қалқанның түрлеріне де қатысты айтылатын тұрақты сөз орамдары, әсіресе, эпос тілінде жиі кездеседі: *құрамы болат дулыға, айдарылы алтын дулыға, кереуке көзді қалқан, шарасы алтын ақ қалқан* т.б.

ТӨРТ ТҮЛІК – I түйе, жылқы, қой, сиыр сияқты үй малдарының жиынтық аты. **II м ә д е н и к о д.** жылқы үйірімен, қой отарымен, түйе

келесімен, сиыр табынымен бағылатындықтан, төрт түлікке жылқыны, қойды, түйені, сиырды жатқызған. Ал ешкі малы жеке бағылмайтындықтан, қойға қосылып аталатын болған.

ТӨСЕК КЕЗЕГІ *Байырғы кездегі көпнекелі отбасында ерлі-зайыптылардың төсек қатынасының реті мен жолын сақтаудың тәртібі.* Көпнекелік жағдайдағы отбасында ері әйелінің төсек кезегін сақтауға әдет-ғұрыптық салтта ерекше мән берілген. Көпнекелік жағдайында әйелдері арасында дүрдараздық болмас үшін, әр әйелдің басына тігілген жеке үйі болады. Ал әл-ауқаты, аса жоғары санаттағылардың әр әйелінің өзі жеке ауыл болып отырады. Ер адам некедегі әйелдерінің қай-қайсы болмасын, төсегін суытпай, табиғи қажетін өтеуге тиіс. Ері некедегі әйелінің біреуіне ғана көңілі ауып төсек кезегін себепсіз сақтамаса, ол әйел ауыл ақсақалына, билердің біріне адам салып, шағымдана алады. Ал шынтуайтына келгенде, көпнекелік қазақ қоғамында жаппай үрдіс алған құбылыс емес. Кей жағдайда көпнекелік әмеңгерлік жолмен байланысты болса, қайсыбір жағдайда әкенің Тәңірден мұрагер болатындай ұлды тілеуі, ұрпақ жалғастығын көксеуі себеп болады. Ұлы жоқтар өзін ұлы көптерден зәбір көріп, жапа шеккендей сезінеді. Бұндай мотивтер әсіресе фольклорлық материалдарда жиі ұшырасады. Кей тұста отбасы тірлігіндегі төсек кезегі байыпты бәйбішенің қатысуымен реттеліп отырғанын да жоққа шығаруға болмайтыны байқалады. Көпнекелік отбасында әйелдері жеке үй немесе жеке ауыл болып тұрса да, төсек кезегінің сақталу дәстүрі әдет-ғұрыптық жолмен реттеліп отырған деуге болады.

ТУЫСТЫҚ *Бір атадан тараған әулет, үрім-бұтақ, өрен-жаран, зәузат деген күрделі ойтанымдық ұғымға тән мәнділіктің атауы, қандастық.* Семантикалық жақтан бір өріске жататын зәузат, өрен-жаран дегендердің туыстық жақындығы ең соңында мүлде көмескіленіп кетеді. Қандас туыстыққа байланысты қалыптасқан атаулар: **өз елі бойынша** – *баба, ана, ата, әке, шеше, аға, іні, апа, қарындас, ұл, қыз, немере, шөбере, немене (шөпшек), немере апа, немере аға, немере қарындас, немере іні, шөбере аға, шөбере іні, шөбере апа, шөбере қарындас; нағашы жұрты бойынша* – *нағашы ата, нағашы әже, нағашы, нағашы аға, нағашы апа, нағашы іні, нағашы қарындас, жиен, жиеншар, туажат; неке құру бойынша* – *күйеу (ер, бай, жұбай), әйел (қатын, бәйбіше, тоқал, зайып, жұбай), жезде, балдыз, қайын іні, қайын аға, қайынбике, қайын ата, қайын ене, қайын сіңлі, қайын жеңге, нағашы жеңге, нағашы келін, жиен келін, жиен күйеу, абысын, бажса, бөле; құдалық бойынша* – *құда, бауыздау құда, жанана құда, құдағи, құдаша, құда бала* т.б. Ұрпақ пен үрім-бұтақ атаулары мағына жақындығына қарай бірінің орнына бірі қолданыла береді. Бұндағы *үрім* сөзі әуелде «бұтақтың ең ұшындағы енді-енді жапырақ жаятын бүршігі» деген мағынаны білдірген.

ТҮЗСЫРЫҚ Қыздырылған тұзбен бесік ағаштарын ысқылау ырымы. Бесік ағаштарына екі бөгені, белағашы, жақтау және шабақ ағаштары жатады. Әдетте бесікті тұтынбас бұрын отқа қыздырылған көсеумен белағаш, бөгенін әр жерден қариды. Кей аймақтарда, этнологтардың

көрсетуінше, бесік ағаштарын қыздырылған тұзбен ысқылайды. Бұл ырымды *бесік сырықтау* деп те атайды. Байырғы наным-сенім бойынша *от, темір*, сондай-ақ *тұзда* нәрестені зиянды сырт күштерден қорғайтын қасиет бар деп сенген. Тұзды қазақтар «кен» деп те атаған. Мысалы, халық тіліндегі *қызды сөкпе, кенді төкпе* деген мақалда *кен* тұз мағынасын білдіреді. *Жалпы түркі халықтарының діни-мифологиялық дүниетанымындағы кейбір ырымдарда үш компонент: от, темір, тұз қатарласа жүреді. Бесікті отпен аластау, темірмен қару, тұзбен сырықтау дін мұсылманишылыққа дейінгі күні кеше ғана ұмыт бола бастаған наным-сенімнің сарқынды бір көрінісі.*

ТҰЛ АТ *Байырғы салт-дәстүрде иесінің асына (жылына) сойылғанша ешкім мінбейтін, құйрығы кесіліп, кекілі төбесіне түйілген ат.* Символдық мәнге ие осы семиотикалық белгісіне қарап, бөгде адамдар жануардың *тұл ат* екенін байқайды. Ауыл-ел көші кезінде, ертеректегі зерттеулерде айтылғандай, *тұл атқа* ертоқымды теріс ерттеп, қарақан жабу жауып, иесінің киімдерін артып, марқұмның жесірі не туған қызы қолына қара ту ұстап, *тұл атты* жетекке алып, көш алдында жүретін болған.

ТҰЛПАР *Асыл айғырды назбедеуге шаптырғаннан туған, кеуделі, белі бекем қас жүйрік; батырлар мінетін ат.*

ТҰҢҒЫЫҚ Тамырларында бармақтай жаңғағы бар сулы жерде өсетін өсімдік. Дәнін су қатқанда алады, тағамдық зат ретінде қолданылады. Ел аузында ұшырасатын деректерге қарағанда, Ертіс бойындағы жұрт ашаршылық жылы қорек еткен.

ТҰҢҒЫШ *Ата-ананың алғаш көрген баласы, балаларының ең үлкені.* Қазақтың байырғы отбасылық дәстүрінде әсіресе баланың тұңғышы мен ең кенжесінің орны ерекше саналады. Тұңғыш ұл өз ата-анасының емес, ата-әжесінің бауырында өсіп, атасының баласы атанады. Қазақтың дәстүрлі әдет-ғұрыптық салтында тұңғыш ұлды бөлек шығарып, *басына шаңырақ көтеріп, бауырына қазан асып беру* әкесінің әкелік парызы саналады. Ал сүткенжесі қарашаңырақтың иесі деп есептеледі. Әкесі тұңғышын *көгенбасым*, кенжесін *көгентүбім* деп ерекше атаса, анасы тұңғышын «*емшек сүтімді иіткен тұла бойы тұңғышым, сүт қаймағымды тауысқан; сүтқаймағым, «көзімді ашып көргенім, ауымды ашып өпкенім»* десе, ал кенжесін *емшек сүтімнің қаспағы, емшек сүтімді сарыққан қаспағым, сүтқаспағым* деп еміренеді. Әрине, отбасылық қатынастағы дәстүрлі бұндай ұстанымды өзге ұл-қыздарын ата-аналардың елеусіз қалдырғаны деп түсінуге болмайды. Баланың үлкені кішіге аға – «*ағасы бардың жағасы бар»*, ал баланың кішісі үлкеніне іні – «*інісі бардың тынысы бар»* деп, олардың бір-біріне сүйеу болатынына ерекше мән береді. Сонымен бірге *қыз – қонақ* деп, оны қонақты құрметтегендей әрдайым құрметтеуін де талап етеді. «Бауырым деп, төркіндеп келгенде атын байлап, қолына су құясың, сендер *қыздың атбайларысыңдар*, қатындарың оны сексенге келіп селкілдеп отырса да «*қыз-ау»* деп тұратын болсын» дейді. Бұл – байырғы ата-аналарымыздың жазылмаған жарғысы, отбасының әдет-ғұрыптық ұстанымы.

ТҰРЫМТАЙ КЕҢЕС к ө н е т а р и х и. Хан ордасында елдің сыртқы, ішкі жағдайларды үйлестіру, реттеумен байланысты билер мен бектердің, ел ағаларының қатысуымен жедел өткізілетін жиын.

ТҰЩЫ: ТҰЩЫ ШӨПТЕР Мал жайылымдық шөптің ақ отқа жататын түрлері. Раң, шалғын, қияқ, құрақ т.б. тұщы шөптер санатына жатады. Малшы бағымындағы түлікті ащылатып, тұщылатып жаяды.

ТҰЯҚ: ТҰЯҚ ТОЙЛАП, ҚҰЙРЫҚ МАЙЛАУ Бәйгеден келген жүлделі жүйрікті салт-дәстүр бойынша қуаныш етіп, арнайы дастарқан жасайып, томалақ той өткізу.

ТҰЯҚ: ТҰЯҚ ТҮРЛЕНБЕЙ ҚОЙ КҮРЛЕНБЕЙДІ м а л ш ы л ы қ. Қыстай қорада бағылған қоралы қойды жазға салым тұяғын тазарту үшін сазды, сорлы жерден арнайы айдап өткізу шаралары. Малшы қауымның тәжірибесінде тұяғы түрленген (тазарған) қой тұяқ ауруына шалдықпай, күрленеді, яғни қонданады.

ТҰЯҚШАЙЫР зат. Мал тұяғынан шөбі тапталып, өспей қалған (жер). (Ғ.Қараш, Замана, -б.). Тұяқшайыр болмаған, Ақырған жеді түскенше. Байлар баса қонбаған, Жылдана жатқан ту болар (Ғ.Қараш, 107-б.).

ТҮГЕЛ СӨЗДІҢ ТҮБІ БІР, ТҮП АТАСЫ – МАЙҚЫ БИ Билер сөзі, шешендік сөз Майқыдан басталады деген мағынада. **П м ә д е н и к о д.** Майқы – Шыңғысты хан көтерген он екі бидің бірі. Қазақтың билік, шешендік сөз дәстүрінің ережелері мен принциптерінің негізін қалаған қайраткер].

ТҮЙЕ ЖОҢЫШҚА Құрғақшылыққа, суыққа төзімді, жағымсыз иісті шөп. Түйе жоңышқаның жағымсыз исіне үйренбеген мал жемейді.

ТҮЙЕМҰРЫНДЫҚ СҰРАУ Ұзатылып келе жатқан қыздан сұралатын ырым.

ТҮЙЕСОРАҢ х а л ы қ. б о т. Сортаң, сорлы жерде өсетін тұз шөбі.

ТҮЙЕСІҢІР х а л ы қ. б о т. Шөлде, шөлейтті жерлерде түп-түп болып өсетін тұз шөбі.

ТҮЙЕТАБАН х а л ы қ. б о т. Сазды, өзен-су бойында тікенді, тырбиып өсетін, малға жарамды шөп.

ТҮЙЕШОҒЫР х а л ы қ. б о т. Шөлейт аймақта өсетін сораңның бір түрі.

ТҮЙНЕК Қой түлігінде ұшырасатын ішек ауруы: іш кебу, қуық тұтылуы.

ТҮЛЕУ Этностың дәстүрлі дүниетанымы бойынша белгілі бір уақыт аралығында табиғи нысандарда биологиялық, физиологиялық жақтан болатын өзгеріс, жаңару, жаңғыру. Халық тілінде құсқа байланысты құс қауырсынынан түлейді, ит бауыр жүнінен түлейді, түйе, қой, сиыр жүнінен түлейді, жылқы түгінен түлейді, жылан терісінен түлейді, бұғы мүйізінен түлейді дейді. Ал адамға қатысты айтылса, бесіктегі бала бес түлейді делінеді.

Түнем: екі-үш түнем. сан-мөлшер. Екі-үш қонып баратын қашықтық. Ланғар-и, Мир-Ғиястан екі-үш түнем жерге жеткізгенімізде, рамазан айы туды («Бабырнама», 246).

ТҮНСАТ *Жасырын түңгі сауда-саттық.* Жас қызды он үштегі қыз әкесі, *Тұнса*т қып жіберіпті байға беріп. Ойда жоқ жынды адамдай болып қалдың, *Жолдастық*, махаббаттың шамы сөніп (Айтыс, 2-т., 351-б.).

ТЫНЫШТЫҚ, АРЗАНШЫЛЫҚ э т и к е т. *Ауыл тұрғындары базардан қайтқандармен амандасқанда, олар «Тыныштық!», «Арзанишылық!» деп, әдепке жататын дағдылы сөзбен жауаптасуы.*

ТЫРНА КӨШТІ, ТЫРНА ҚАЙТТЫ 1. Тырналар жылы жаққа қарай топтанып ұшты. 2. Күзде құстардың бәрі жылы жаққа бір мезгілде ұшып кетпейді. Құстардың түріне байланысты олардың қайтатын уақыты да әртүрлі. Ең алдымен қайтатыны – әнші құстар. Бұлар тіпті қыркүйектің соңына дейін қалмайды. Одан кейінгі кезекте қаршыға мен қырғидан қорқып күндіз емін-еркін ұшпайтын, тек түнде ұшатын үйрек, жылқышы, бөдене тәрізді құстар қайтады. Ең соңында тырна, аққу, дегелек, құтан тәрізді үлкен құстар ұшады. Тырналардың келу-қайтуына қарап есепшілер ауа райын болжаған. Тырналардың төмен ұшуына қарап, ұзамай күннің суытатынын, жоғары ұшса күздің жайлы болатынын, кеш қайтса, қыстың жылы болатынын білген. Ал, асығыс топталып, үздік-создық болмай тас түйін топтасып қайтып бара жатса, ол алдағы аптада боран соғып, қар түсетінің белгісі деп саналған да, малдың жем-шөбін қораға кіргізіп, арық-тұрақты сақтауға қам жасаған. Қазақ тырнаның етін жемейді, оны қасиетті санайды, қадірлейді. Тек қазақ халқында емес, көп елдерде ақ тырна бақыт құсы, киелі құс деп саналады. Тырналардың келуі мен қайтуы халықтың экологиялық, орнитологиялық таным-білімінің көкжиегін кеңейте түскен.

ТЫШҚАН ТҮЙЕ *Шықшыт безінің шошынып, білеуленуі; өлі тиюдің бір түрі.*

ТЫШТЫМА 1. *Бесіктойда баланың несібесі мол, тоқ болын деп жасалатын ырым.* 2. *Жаңа туған нәрестені бесікке бөлер алдында бесігінің шүмек тұратын тесігінің астына қолдарын қойған тойшылар, той иесі, баланың шешесі “тыштыма” деп бидай, тары немесе тойдың тәтті дәмін қолын тесіктің астынан өткізіп таратады].*

ТІЗЕТАЛҚЫ қ о л ө н е р. *Көнді тіземен илеуге арналған ағаш құрал.*

ТІКЕНЕГІҢ АМАН-ЕСЕН СЫРТЫҢА ШЫҚСЫН т і л е к с ө з. *Аяғы ауырлап, ай-күні жақындап қалған, алғаш босанатын жас келіншектерге қарата әйелдер айтатын феминистік мәндегі аталмыш тілек сөзді «шеңгел, тікенді жерлер әулиенің аяғы тиген, ізі қалған, түнеген орын» деген мифологиялық наным-сеніммен байланысты деуге болады.*

ТІКЕНЕК ө с. *Кейбір қыр отында болатын майда тікен.*

ТІЛ КЕСТІРУ *Баланы байырғы наным-сенім бойынша, тіл-көздің аса ауыр сұғынан емдету.* Ел ішінде нәрестеге, жас балаға тіл-көз тигіш болады деп, әртүрлі ырымдар жасау бұрын-соңды жиі кездесіп отырған. Нәрестенің маңдай тұсына бармақтай етіп күйе жағу, киімінің иығына, бас киіміне көзмоншақ, үкі тағу т.б. баланы көз сұғы аса ауыр назаркерде жандардың тіл-көзінен сақтау ырымдарына жатады. Бала шошына берсе, бесігін қызған темірмен қарып, басына пышақ жастап қояды. Бұндай ырымның себебі, дерек берушілердің айтуынша, сәбиді теріс күштерден сақтандыру деген

түсінікпен байланысты. Баласы тұрмай шетіней берсе, жаңа туған нәрестені жасы үлкен үш кемпірдің бұтынан өткізіп, жын-шайтанды адастыратын көрінеді. Ал баланың атын әлгідей ырыммен байланыстырып, *Үшкемпір* деп қояды. Ондай баланың жасы ұзақ болады деседі. Тіл-көздің ауыр түріне шалдыққан баланың әлі кетіп, аяқ асты сұлық түсіп нашарлай берсе, тіл-көзге жын-шайтан араласқан деген түсінікпен молдаға қаратып, дұға оқытқан. Кейбір кездері баксының еміне де жүгінген. Бұндайда дертке шалдыққанды емдейтін баксы ауруды жеке ұстап, дұға оқып, хабаршы рухтардың көмегімен ешкімге көрсетпей емдейтін болған.

ТІЛБАС *Аусылдың түйеде болатын түрі.*

Тілін кесті. *Айтқызбады, сөйлетпеді.*

ТІРНЕК ЖИНАУ *Жаздай жинап, қысқа сақталған сүт өнімдері.*

ТІРІНІ СЫЙЛАҒАН БИ БОЛАДЫ, ӨЛІНІ СЫЙЛАҒАН БАЙ БОЛАДЫ 1. *Би әділ, білімді жаннан шығады. 2. Бай о дүниенің де бар екенін ұғынған жаннан шығады деген мағынада.*

ТІСШҰҚЫҒЫШ. *Мәсуек, тістазалағыш.* Өз қолымызбен *тісшұқығыш* жасау үшін аршаның тамырын қазып алдық («Бабырнама», 280).

У СОЙҚЫ *Қыршаңқы ауруында қолданылатын дәрулік.*

УА *Жылқының сан жіліктерінің буынына түскен құрт ауруы.*

УАҚ МАЛ м а л ш а р. *Қой-ешкі.* Малшы қауым қой-ешкіні бөліп-жармай, төрт түліктің біріне жатқызған. Себебі қой мен ешкінің өрісі бір, оты бір, жусауы мен күйсеуі бір

УӘЛИ Арабша жақын, ие деген ұғымды береді. Сондықтан өздерін құдайға жақынбыз деушілерді «әулие» тұтқан. Әулие-уәли атауының көпше түрі, қолданылуы бірдей.

УЫЗҚАҒАНАҚ *Көктемгі төл төгіні кезде жаңа төлдеген қойдың желіндегі уызын төлдің сыпырылып алынған қағанақ «көйлегіне» пісіріп дайындалған тағам.* Ең алғашқы сары уызын қозыға еміздіріп, ауыздандырып алған соң, қозының қағанағын әбден жуып, тазалап, оған қойдың сауылған уызын құяды да, аузын буады. От жағып, жанған от сөнген соң, оның қоламтасына уыз құйылған қағанақты көміп қояды. Сүт пісірім шамасындай уақытта уызқағанақ пісіп дайын болады. Уызқағанақты кей жерлерде *қағанақ* деп те айтады.

УЫЗҚАҒАНАҚ *Көктемгі төл төгіні кезде жаңа туған қойдың желіндегі уызын сауып алып, төлдің сыпырылып алынған қағанақ көйлегіне пісіріліп дайындалатын тағам.*

УЫЗҚАҒАНАҚ *Қойдың төлдегенде қағанағын алып, уыз құйып пісіретін тағам; қойшының өрістегі ас тағамы.* Қойдың төлдегенде қозы қағанағын алып, суға жуып, оған қойды сауып, уызын толтырады. Қағанақтың аузын байлап, оны жанған оттың қозына салады. Сүтпісірімдей уақыттан соң қоздан қағанақты алып, сыртын сыпырып тастап жейді.

ҰЗЫНҚҰЛАҚ *Байырғы қазақ қоғамында ауызша түрде ат шаптырып жеделдете хабар берісіп, хабар алысудағы кеңінен тараған коммуникативтік жүйенің бір түрі.* Аса маңызды хабарды ауыл ақсақалы

жақын ауылдарға, ол ауылдар өз кезегінде маңайдағы ауылдарға ат шаптырып бірден-бірге іліп әкетіп, жедел таратып отырады. Аса маңызды хабар, ел құлағы елу дегендей, жан-жақтағы жұртшылыққа тез тарайды. Ақпарат, хабар таратудың «ұзынқұлақ» тәсілі әсіресе қуғын-сүргін, шапқыншылық кезінде кеңінен қолданылған.

ҰЗЫНСАРЫ *Күннің едәуір ұзарған кезі, көктемнің көкөзек шағы.* Малдың тісі көкке тие қоймаған, жұрттың аузы аққа жари қоймаған өтпелі бұл шақ *жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер тұсы* деп те, *талма шақ* деп те аталады. Ұзынсары атауының мазмұнындағы кодқа салынған этномәдени ақпараттарды ашар болсақ – «күннің талма шақта талаурап тұрып алатыны», «қыстағы жинаған азық-түлік қорының сарқыла түсіп», «жұрттың аш өзегі тала бастағанын» аңғартады. Алайда бұндай өтпелі қиын шақтың келерін білетін ел ішіндегі бабасал бәйбішелер қамсыз отырмай, кебежелерінің түпкіріне, қаптың түбіне қысқы соғымнан алып қалған кәделі, асыл мүшелерді *ұзынсары келгенде* деп сақтап қояды. Ел ішіндегі әңгімелердің бірінде енесі жолға шығып бара жатып, қолындағы келініне әлгі сақтағандарын көрсетіп, *«мыналар ұзынсарының сыбағасы, сол келгенде асарсыңдар»* деп *мұқияттан тапсырады.* Енесінің бұл *айтқандарын өзінше ұққан келін үйіне ұзын бойлы, түсі сары адам келгенде, енем айтқан сый қонақ, қадірлі кісі осы болар деп, кебежені тықырлап, қаптың түбін қазып, қазанға бар асылын салған екен дейді.* Көкөзек шақтағы күннің ұзарған кезіндегі танымдық бейнесі байырғы қазақы танымда «ұзынсарының», яғни «ұзарған күннің» мәдени семантикалық спектрі табиғи-экологиялық ерекшелікпен тығыз байланысты екені аңғарылады.

ҰЛАРПИЯЗ 1. Таулы жерде өсетін сарымсақтың түрі. 2. Ұлар аршаның бүрін, таудың сарымсағын, тіпті қынаны да қорек етеді. Ертеректе осыған орай жергілікті тұрғындар таусарымсақты ұлаприяз деп атаған.

ҰМАЙ АНА м и ф. *От, ошақ иесі (құдайы); аналар мен балалардың жарылқаушысы, пірі.* Ежелгі наным-сенімдегі таным-түсініктерге сәйкес қазақы ортада *от, ошақ* және *май* ұғымдары синкретті бірлікке айналып, *Май ана* деген де атауға ие болды (**қ. Май; Май ана; От**). От жағып, қазан көтеретін адамның әйел болуы – оттың тіршілік символы ретіндегі қызметін айғақтай түсті. Сөйтіп, дәстүрлі ортада әйел – *ошақ басының* иесі деген түсінік қалыптасты. Ілкі мифтік танымдағы антропоморфтік түсінік бойынша, *Көк Тәңірі* - бабалық бастау да, *Ұмай* – аналық бастау. Яғни Аналық бастау дәуіріндегі идеологияда жаңаны жаратушы, дүниеге ұрпақ әкелуші *Ана құдайы* үстемдігі *Көк тәңіріге* қарағанда әлдеқайда басым болған болса керек. Бертін келе матриархаттық үстемдік бірте-бірте Баба құдайға «көше» бастап, екі идеология тепе-теңдікті бетке ұстады. Отбасындағы ер адам мен әйелдің рөлі енді «үстемдікке» емес, «үйлесімділікке» құрылып, жарасты өмір сүріп, ұрпақ өсірудегі бірлескен қатынасы наным-сенімде көрініс тапты. Қазақы танымда майды *береке-байлықтың, құттың* символына балайтыны мәлім (**қ. Май**). Дәстүрлі ортада үйдің, шаңырақтың құты әрі иесі саналатын майды және барлық азық-түлікті, ішіп-жемді ұқсатушы әйел адамды да үй құтына балады. Сондықтан тағам әзірлеуші ана – барлық жаңаны өндіруші әрі

осылардың барлығының иесі саналды. Осыдан келіп отқа тәу ету, от арқылы ем-дом жасау, ұшықтау сияқты шараларды әйел адам атқарды. Яғни отпен аралас май қоңырсыту, желі майлау, айғырдың сауырына, биенің желініне май жағу сияқты басқадай ырым-жоралғыларды «*Май ана, От ана жарылқай гөр!*» деген жалбарыну сөздерін айта отырып, ауылдағы бабасал бәйбіше жасайтын салт қалыптасты. Ұмай анаға жалбарынудың сарқындысы өзгеріске түсе отырып, бертін келе *Май ана* деп аталып кетсе керек. Ұмай ана тек ана, әйел пірі ғана емес, сәбилердің де желеп-жебеушісі саналады. Сонымен бірге, аяғы ауыр әйелдердің иесі деп есептеліп, Ұмай ана әйел босанарда оң жаққа келіп отырады-мыс.

ҰРАН Жауға шапқанда сарбаздардың жігерін жұмылдырып, рухын көтеру үшін айқаймен аруақ шақырып айтылатын киелі сөз. Аруақ шақырып ұрандағанда жауға шапқандардың арқасы қозады, ондайда үрей болмайды. Өйткені аруақ оларды желеп-жебейтін күшке айналады. Баршасы бір дауыспен аруақ шақырып атойлап жауға шабуды сүрен салу дейді. Жорық кезінде әр тайпаның, оның ішінде белгілі бір рудың жауынгерлік ұраны болады. Жаудың құтын кетіріп, қашырған сарбаздардың қай тайпа, қай рудан екенін жауынгерлік ұранына қарай ажыратады.

ҰРАН ОТЫ. ҰРАН САЛУ. АРУАҚ ШАҚЫРЫП, ҰРАН САЛУ. к ө н е. Рухтандыру, жігерлендіру. Байырғы қазақ тұрмыс салтында әр рудың адамдары ат бәйгесінде, ақындардың сүре айтысында, палуан күресте де аруақ шақырып өз ұранын салатын болған. Аруақ шақырып, ұран салу бәйге атының делебесін, ақынның арқасын қоздырса, палуанның рух күшін үстеп, қарсыласының мысын басады деп түсінген. Бұл аталмыш жайт халықтың байырғы наным-сенімінде аруақ культінің ерекше орын алғанын көрсетеді. Сондай-ақ күш атасы Әзірет Әліге сыйыну, Рүстем Дастанды, баба Түкті шашты Әзізді пір тұту қазақтың батырлық жырларында жиі кездесіп отыратын жайт.

ҰРЛЫҚ ТҮБІ – ҚОРЛЫҚ Біреудің зат-мүлкін жасырын жолмен иемденудің аяғы жапа шектіріп, жазаға ұшыратады.

ҰРЛЫҚ: ЖЫЛҚЫ ҰРЛЫҒЫ Мал иесіне құқық бойынша ұрланған жылқыға қоса бір түйе беріледі.

ҰРЛЫҚ: ҚОЙ ҰРЛЫҒЫ Мал иесіне құқық бойынша ұрланған жылқыға қоса бір жылқы беріледі.

ҰРЛЫҚ: ТҮЙЕ ҰРЛЫҒЫ Мал иесіне құқық бойынша ұрланған түйеге қоса бір күн беріледі.

ҰРШЫҒЫ ТАЮ Жамбас пен ортан жіліктің ұстасқан жеріндегі буынның шығуы, ойнамалы болуы.

ҰРЫ ТІС Жылқының азуы түбінен ұртқа қарай шыққан тіс. Жылқыны ашықтырып жүдетеді.

ҰРЫН ТОЙ Қалың малын түгелдей немесе жартылай бергеннен кейін күйеу жігіттің қайын жұртына алғаш ұрын барғанда өткізілетін той. Қалыңдығымен алғаш кездесуге келген күйеу жігіттің қасында жөн-жосықты жақсы білетін күйеу жолдас және төрт-бес өнерпаз жігіт болады. Күйеу

жігіттің ұрын бару салтында беретін кәделері аз болмайды. Күйеудің едәуір жерде тұрып тәжім жасау әдебінен кейін қыз (қалыңдық) жеңгелеріне еңтікпе (еңтікбасар), балдыздарына балдыз байғазы (көрімдік), қалыңдықтың әкесіне ілу, шешесіне сұтақы кәде сыйлықтарын береді. Күйеу жігітке арнайы үй тігіледі. Оған кірерде күйеу шатыр көрімдігін береді. Той кәде-сыйларымен қызық. Осындай тиісті күйеу кәделері берілген соң, ойын-сауық басталады. Оны кей жерлерде қынаменде деп те атайды. Екі-үш, бес күнге созылған тойда ән шырқалып, күй тартылады, жұрт қаумалаған ақындар айтысы тойдың тамашасына айналып, мақтау өлеңдер айтылады, жамбы ату, теңге ілу, ат жарыс, аударыспақ сияқты халықтық спорт сайыстары өткізіледі.

ҰШПА Топалаң ауруының терістік аймақтардағы атауы.

ҰЯТ Адам бойындағы ізгі сезім. Ұят, ұялу сезімі адамгершілік, ар-ождан, жауапкершілік тәрізді т.б. этикалық ұғымдарымен байланысты болып келеді. Осы айтылған ұғымдармен үйлеспейтін қандайда бір теріс, оғаш, жағымсыз, ұнамсыз қылықтар жасалғанда адам бойында ұят сезімі пайда болады. Ар-ожданы, намысы бар адам өзі істеген ұнамсыз қылығына, теріс ісіне ұялып, ұятты болып, іштей ыңғайсыз күй кешеді. Бұдан ұят ұғымының ар-ождан, намыс, адамгершілік сияқты этикалық-моральдық нормалармен байланысты екені аңғарылады. Халық түсінігінде ұят сезімі адмгершілігі мол адамдарға тән ізгі қасиет деп бағаланады. Ондай жандарда ұятты істер істемесе де, «осы мен ұятқа қалған жоқпын ба? Жұртшылық алдындағы қылығым ұят болмады ма екен?» дейтіндей нәзік, сергек сезім иірімдері болады: Мініп ем, есімде жоқ, атқа қашан? Болмас-ау, басылмасам, тоқтамасам. Жасаған жылдарымнан ұят болар, Ер жетіп, ер қарызын ақтамасам (Т.Молдағалиев). Ұят – аса күшті сезім. Адамның өз істеген істеріне, қылықтарына қатты ұялып, «ел алдында масқара болдым-ау, ұяттан аттадым-ау» деп қапалану ар-намысы күшті жандардағы ұяттың буырқанған сезімге айналып, сыртқа шыққандағысы. Бұндай күйді халық «өлімнен ұят күшті», «бетінен оты шықты», «ұялғаннан жерге кірді» дейді. Халық түсінігінде «ұят – ар-намыстың қосшысы» болып, ар, намыс, ождан тәрізді абзал, қасиетті құндылықтар қатарында жүреді.

ҰЯТ: ЖАЙ ҰЯТ Болмашы нәрсеге ұялатын ұят. Абай ұят ұғымын «болмашыға ұялатын жай ұят» және «шын ұят» деп этикалық категория тұрғысынан бөле қарайды.

ҰЯТ: ҚАЗАҚЫ ҰЯТ Қазақтың байырғыдан келе жатқан әдет-ғұрпы салтында көрген жерде сәлемдеспеу, үйге бөтен кісі келгенде төрге шақырмау, ас-дәм бермеу, бір нәрсені сұрамай алу, үйге келген қонақты шығарып салмауды тәрбиесіздік, әдепсіздік деп ұятқа жатқызады (Ә.Т.Қайдар). Сонымен қатар жасы кішілердің жасы үлкендердің; әйел әдебінде ата-енесінің, қайын-қайнағаларының, қайын сіңлілерінің атын атамау қазақы ұят ұғымымен байланысты ерекшеліктер.

ҰЯТ: ШЫН ҰЯТ Ұлы Абай надандықтан туатын ұяттың, сондай-ақ жағымсыз іске-қылыққа ұялудан туатын ұяттың бар екенін, ал шын ұят – ақыл-парасаттың, ақыл – ар-ұяттың күзетшісі екенін айтқан. Шын ұят – сондай нәрсе, шарифатқа теріс, я ақылға теріс, я абұйырлы бойға теріс... я

адамшылыққа кесел қылы, қатеден, яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады. Мұндай ұят қылық қылғандығыңды бөтен кісі білмесе де, өз ақылың, өз нысабың өзінді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіңе жаза тарттырады. Кірерге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай бір түрлі қысымға түсесің. Мұндай ұяты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар. ...Ұят деген адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойныға салып, сөгіс қылған қысымның аты (Отыз алтыншы сөз).

ҰЫРЛІ-ШҰЫРЛІ г е н е т. к о д. Ұрпақ жалғастығы: ата, әке, бала, немере, шөбере одан әрі қарайғы тарағандар.

ҰЗБЕ қ о л ө н е р. Күміс, алтын белбеудің ұшына бастырған темір бастырғы.

ҰЗБЕНАН Сүтке салып пісірілетін жайылған камыр.

ҰЗЕҢГІ ЖОЛДАС Көп уақыт бірге, қатарлас жүрген замандас, сыйлас, өзара жақын адамдар. Этномәдени дәстүрде ақсақалдық, ағалық жолы үлкендер мен олардың қасына ергендер үзеңгі қағысып қатар жүрмей бір мойын, шылбыр ұшындай кейіндеу жүреді.

ҰЗЕҢГІ: ҰЗЕҢГІ ҚАҒЫСТЫ х а л ы қ т ы қ с п о р т. Ат жарыста ат үстіндегілер мәреге қатарласа келді.

ҰЗЕҢГІСІН СҮЙДІ. Кешірім сұрау ишарасын білдірді. Әнжарды уәзір көріп көп қуанып, Орқаның үзеңгісін сүйді барып. – Орқажан, баһадүрлік іс қылдыңыз, Әнтарды пенде қылып ұстап алып (Бабалар сөзі, 5-т., 162-б.).

ҮЙЕЛМЕН Қазіргіше отбасы (семья) деген ұғымның халық тіліндегі көне атауы. Бұл атау үй сөзімен, сондай-ақ үйелмелі-сүйелмелі/үйелменді-сүйелменді қос сөзімен түбірлес екені дау туғызбайды. Үйелмен ертеректе «үй іші» («отбасы») деген мағынаны білдірсе, үйелмелі-сүйелмелі деп «анасы емшек сүтімен көтерген, арасы бір жас, бір жарым жастағы тете туған балаларды» айтады. Ал «өз алдына от жағып, түтін түтетіп отырған үйді» үйелмен дейді. Ш. Уәлиханов жазып алған қазақ халқының әйгілі «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының бір нұсқасында үйелмен «үй іші» деген мағынада қолданылған: Құлақ кәрі, бой кіші, ақыл дана, Ту жығылса болмай ма қас масқара? Жұрт иесі ханымға жара салып, Үйелменіңмен өртенгір тазша бала.

ҮЙЛЕНУ Ер баланың шаңырақ көтеріп тұрмыс құруы. Байырғы қазақ тұрмысында әке баласын үйлендіріп, үй етіп ірге көтеріп беруі әкенің Құдай алдындағы парызы саналған.

ҮЙСЫНЫҒЫ Әйелі өлген үйі сынық адамның екінші рет үйленгенде қайын атасына беретін қалыңмалынан тыс «үстеме ақы». Әдетте үйсынығы деп аталатын үстемақы белгіленген қалыңмалдың мөлшеріне жуықтау болады. Алайда үйсынығының нақты кесімді мөлшері болмайды. Бұл жөнінде Ы.Алтынсарин 1879 ж. жарияланған этнографиялық очеркінде «Әйелінен айырылып қалған қазақ екінші әйел ала алады, алғанда екінші қайын атасына айып төлеп алады, бұл айыптың белгілі мөлшері жоқ, бірақ солай бола тұрса да, көбінесе, қымбатқа түседі», - дейді. Кейбір деректерде

үйі сынық күйеудің қалың мал есебінде беретін малы шоқ бата түрінде болатыны айтылады (Қара: **Шоқ бата**).

ҮЙІ СЫНЫҚ Әйелі қайтыс болып, үйленбеген (ер адам). Қазақ дәстүрінде әйелі қайтыс болған ер адам марқұмның жылын бергенше үйленбеген. Ондай адамның үйіне қашан екінші бір әйел алып үйленгенше «үйі сынық» деп, жолаушы, жүргіншілер түсе бермейді. Ал бұндай адамға «үйі сынық» деп қыздар бара қоймайды. «Қазақ қызы әйелі өлген адамның айттыруын өзіне мін санайды. Әйелінен айрылып қалған қазақ екінші әйел ала алады, алғанда екінші қайын атасына беретін қалың малдың үстіне үстеме ретінде беретін қосымшасы болады» (Ы.Алтынсарин). Бұны үйсынығы деп атайды (Қара: **Үйсынығы**).

ҮКІ ТАҒУ 1. Күйеу жігіттің әке-шешесі, туыстары құдаласқан күні қалыңдықтың бас киіміне үкінің жүнін тағып, қызды айттырып қойғанының белгісін жасауы. 2. Үкі тағылған қыз сол күннен бастап айттырылған болып, оған басқалар құда түспейді].

ҮКІЛІ ҚАМШЫ 1. 1) тілдік таңба, 2) заттық мәдениеттің таңбасы, 3) эстетикалық мәнділіктің таңбасы, 4) әлеуметтік мәртебенің таңбасы, 5) мифологиялық наным-сенімнің таңбасы. 2. Тары дақылын көк егіске жатқызудың себебі тары көк сақалданып піседі, сондықтан оны көк сақал күйінде орып алады. Тарының көк сақал күйінде орып алмай, сарғыш тартқан кезде оратын болса, масақтағы дәні төгіліп, ысырап болады. Тарының сабағы мал азығы үшін өте құнарлы болып келеді. Тарының осы орайда қазақ мақалы тарыны көксағалында ормасаң, сақалыңды сипап қаларсың деп ескертеді.

ҮЛГІЛІ ҮШ БИ, ОРНЫҚТЫ ХАН с а я с и-қ о ғ. Қазақ хандығының билік жүйесі әз Тәуке хан және Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би.

ҮРКЕРЛІ АЙДЫҢ БӘРІ ҚЫС Үркердің шығыстан қазан айында қас қарая туғаннан мамыр айында батыстан көкжиек асып жерге түскенге дейінгі аралық.

ҮРКІН-СҮРГІН/ҰЛЫ СҮРГІН т а р и х и. Кенеттен, күтпеген жерден жалпақ жұртты сергелдеңге салған қиыншылық, ел басына түскен ауыртпалық. Ел-жұрттың үркін-сүргінге ұшырауы соғыс, жаугершілікпен байланысты. Бұндайда мал-жан, бас амандығын амалдап, шапқыншылыққа ұшырамас үшін жедел жиналып, қауіпсіз жаққа ел жағалап, жер сағалап үдере көшеді. Жау таянып қалып, үркін-сүргін болып, үдере көшкен елдің жұртында қазан-ошақ, ұсақ-түйек бұйымдары, көшке ілесе алмайтын ақсақ-тоқсақ малдары қалып жатады. Үдере көшіп үлгермегендері қырғыннан аман қалмаған. Жоңғар шапқыншылығымен байланысты айтылатын Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама; қазақ қайың сауғанда, қырғыз Ғисар ауғанда дейтін аталы сөз орамдары – халықтың тарихи санасындағы ұлы сүргіннің тілдік үзіктері. Әсіресе «Елімай» сияқты қайғылы өлең, зарлы ән ұлы сүргіннің ел жадындағы ұмытылмас ескерткішіне айналды. Әуелде бастары бірікпей сүргінге ұшыраған ел-жұрт ес жинап, бір-бірімен қанаттаса келе тұтасқан қарсы күшке айналғаны өлең-жырларда, дастандарда М.Әуезов,

Ғ.Мүсірепов сынды қаламгерлердің тарихи прозалық шығармалар санатындағы көркем әдебиет типологиясында ерекше орын алады.

ҮРМЕЖЕМІС Шөлді, шөлейтті жерлерде кездесетін, мал біршама тоқтап жейтін жайылымдық от.

ҮРІМ-БҰТАҚ г е н е т. к о д. Ата – «кешегі», әке – «кешегі мен бүгінгі», бала – «бүгінгі мен ертеңгі, немере – «ертеңгі», одан арғысы – «бұлдыр».

ҮРІМДІ МЫЛТЫҚ 1. Пистонмен атылатын мылтық. 2. Халық тілінде үрімді мылтық өзі атып, өзі түзейді деген тұрақты сөз тіркесі бар. Осындағы үрімді мылтық атауы Руми мылтық, яғни Византиялық мылтық дегенді аңғартады.

ҮШ КҮНДІК ЖЕР х а л ы қ т ы қ ө л ш е м. Атпен жүргенде үш күн шамасында жететін қашықтық. Сөйлеу тілінде – күндік жер, бір-екікүндік, үш-төрткүндік жер деп жүретін жол қашықтығына байланысты айтылатыны белгілі. Ал үшкүндік жер дегеннің мағыналық құрылымында бұлардан өзгеше этномәдени астырт мән бар. Байырғы қазақ тұрмысында аруаққа бағыштап ас бергенде немесе дүбірлі жиын-той өткізгенде бұндай мәдени әлеуметтік шараларды ас, той иелері ауыл-аймақ көлеміндегі елмен шектелсе, ондай жиын-тойдың мәртебесін тым төмен деп біледі де «әйтеуір өткізе салыпты» дейді. Әсіресе жоғары деңгейде өткізілген ас ат бәйгесінсіз болмайды, ат жарыс болмаса, аста өткізілетін рәсімдер орындалмайтындықтан, оны ас деп те атамайды. Жоғары деңгейдегі жиын-тойда ат бәйгесі, палуан күрес, ақындар айтысы тәрізді шаралар ұйымдастырылады. Астың да, жиын-тойдың да өткізілетін уақыты кемінде бес-алты ай бұрын сауын айтып, жан-жақтағы алыс-жақын елге хабаршы жібереді. Өйткені шақырылғандар ат бәйгесіне ат жаратуы, палуан дайындауы, айтысқа түсетін ақынын белгілеуі шарт. Қазақтың құда-жекжаттары, нағашы жұрты, қайын жұрты ерте шықса түс қайта баратындай ауыл-аймақ төңірегінде болмайды. Сонау жерлердегі жатқан жегжат-жұраттары, елдің игі жақсылары алдымен шақырылады. Бұлардың бәрі, түптеп келгенде, шамамен аз дегенде қашықтығы үшкүндік жерлерде болады. Халық тілінде осындай этномәдени дәстүрмен байланысты үшкүндік жер деген тұрақты сөз орамы қалыптасқан.

ҮШ ҚУАТ Адамның жас шамасына қарайғы қуаты үш түрлі деген мағынаны білдіретін тіркесті тәмсіл сөз. Бала кездегі қуат - аяқта, Жігіт кездегі қуат - белде, Қарт кездегі қуат - ауызда. Бала кездегі қуат аяқта дейтіні - ойын баласы тыным таппайды, жай жүргенінен де жүгіргені көп; жігіт кездегі қуат белде дейтіні - осы кезде балалы-шағалы болады, білек сыбанып еңбек ететін қажырлы шағы; қартайғандағы қуаты - ауызда дейтіні - қажыры қайтады, бірақ көрген-білгенін, көңілге түйгенін айтқыш келеді. «Айтайын десем, тыңдарға құлақ таппадым» деп отырады.

ФАҚРАНА з а т. а р. Пақыр, пенде. Ері – канат, әйел – құйрық, бірігісіп, Күнелту жөн дегенім, бұл бір кеңес. Күнелту жөн болған соң бірігісіп, Қалайша лайық болар күнде егес?! Күнелтсе екі зайып фақрана Сын тағып һешкім де оны жөнсіз демес (Ғ.Қараш, Замана, 69-б.).

ФАСЫЛ а р. Жүйе, рет

Фәтанат араб. діни. Пайғамбарға тән озық парасат.

ХАЖЖУЛ Харамайн, болмаса хажж-эль-харамайн – екі харамды («Мекке мен Мәдинәдегі екі мешітті) қатар зиярат етіп келген кісіні айтады.

ХАЖЫ Мекке мен Мәдина қалаларындағы пайғамбарлардың орындарына ерекше Қағбаны тауап (айналып) зиярат еткен кісіге берілетін атақ.

Халалзада. Адалтекті, таза жан. Мен айттым: - Өзің патша, ақыл,- дедім. Қызыңыз халалзада болған болса, Иә тақсыр, құп болады, мақұл,- дедім (Бабалар сөзі, 2-т., 118-б.).

ХАЛИФА Орынбасар, бірақ пайғамбардың төрт жаршысы болған: Әбу Бәкір, Омар, Оспан, Ғалидан басқаларға қолданылмайды. Егерде «халифа» атауын басқаларға қолданса, онда тарихтың бұрмалануы деп түсіну керек.

ХАЛФЕ Ұстаз жоқта орнын басатын шәкірт.

Халық ауыз әдебиеті үлгілерінде, қысылып-қиналған негізгі кейіпкерлерге бөрі көмекке келеді, жол көрсетеді, бастап алып жүреді. Қаза тапқан батырды тірілтіп, кек алуына көмек береді. Батыр туар әйел қасқырдың жүрегіне жерік болады және т.б. Өздерін көк бөрінің ұрпағымыз деп білетін қауым бөріні наным-сенімдерге негіз етіп, ерекше әспеттеген. Дәстүрлі ортада «атын атама, пәлекет келеді» деп ырымдап, атын тура атамай, ит-құс, қарақұлақ, серекқұлақ, ұлыма деп т.б. жанама атаумен атайды. Осылайша қасиетті саналып, елдің тотемдік белгісіне айналған бөрінің атын тура атамай, табу сөздермен атау орын алған. Сырттан, Бөрте, Құртқа, Арлан сияқты бөрінің жынысын, жасын білдіретін атаулардың есім ретінде адамға қойылу үрдісі бөрінің киелі қасиетіне байланысты қалыптасқан қорғаныс магиясына негізделген. Бөрі мәрттіктің, еркіндіктің, алғырлықтың символы болып саналады. Батырлардың ішіндегі елден ерек, өзгеше бітімді белдісін көкжал деп атап көтермелейді. Бөрі тектілікті, өрлікті білдірумен бірге магиялық қасиеті бар өсіп-өнгізуші тіршілік иесі ретінде де танылады.

ХАНБАЗАР көне. Сауда-саттықпен қатар әртүрлі ойын-сауық, жүлделі жарыстар өткізілетін үлкен базар. Ханбазар жәрмеңке деп те аталған. Ханбазар әуелде жылдың жылы бір мезгілінде хан ордасына таяу жерде өткізіліп тұрған.

ХАНТАЛАУ Ел сенімін ақтамаған, дарынсыздығымен емес, қорқаулығымен жексұрын болған, ақылсыздығын ғана емес, арамдығын, аярлығын танытқан, түзелмейтін әміршінің мал-мүлкін тігерге тұяқ қалдырмай бөлісіп алу әрекеті. **И м ә д е н и к о д.** Зорлық емес, барымта емес, жамағат шешімімен жүзеге асатын жаза; дәстүрге сыйымды, заңды іс саналған].

ХАССА. араб. Өзгелерде кездесе бермейтін ең кәміл деңгейде адамның бойынан табылатын хас қасиет.

ХАТТАТ Мемлекеттік орындардағы үлкен лауазымдағы хатшы, болмаса кітап басып шығаратын жауапты редактор. Арабшадан аударғанда тура мағынасы «көп жаза беретін адам».

ХАФИЗ Құранды жатқа білетін кісі.

ХОЖАСАРАЙ. ескікіт. Сарай иесі. Хожасарай бұл сөзін қабыл алды. Қасына жігіттердің жетіп келді. Падиша жүзі жарық жігіт екен, Алдына тағзым білән сәлем берді (Бабалар сөзі, 2-т., 19-б.).

ХУСНУЗАН араб. діни. Біреу жайлы сыртынан жақсы ойлау, оң пікірде болу.

НИЖРАТ Пайғамбардың Меккеден Мәдинәға кеткен күні. Ансарлар үш рет арнайы келіп Мұхаммедті өздеріне кел деп шақырып, Мәдинәға барған соң оған көмекші болып, дінді таратқан.

ШАБЫРАН БЕДЕУ Түрі алашабыр бедеу ат.

ШАҒАЛА Балықшы құс. Шағала жаздың символдық мағынасы. Шағала келмей жаз шықпас, Әзірейіл келмей жан шықпас (Мақал). Шағала қыз балаға қойылатын дәстүрлі есім.

ШАҒАН 1. Тауда өсетін ағаш, ерен. 2. Шағанды ертеректе кей-кейде үйдің белағашына, ұстынға (тіреуге) қолданумен бірге, негізінен, қабығын жиірек пайдаланған. Шағанның қабығынан қара, қоңыр, көк бояу алған. Бүгінде ол ұмыт болған.

ШАЙХ (ШЕЙХ) Арабша «шал», кейде ұстаз, кейде пір, кейде әулие ретінде, қазақта ауыл ақсақалы мағыналары ауысып қолданылады.

ШАҚПАҚ Таудың төрт қырлы болып келген биіктеу бедері.

ШАЛ Ауыл-аймақ, ел ішіндегі әлеуметтік істерден сырт қалып, көбіне бала-шаға, отбасындағы ұсақ-түйек шаруаны күйттеп жүретін едәуір жасқа келіп шау тартқан ер адам. Шал атауының әуелдегі түп мағынасы «ақ» деген ұғымды білдірген. Сақал-шашын ақ басқан адамды шал деп атауы оның осындай биологиялық күйімен байланысты деуге болады. Алайда әлеуметтік белсенділігінің төмендігіне қарамастан, шалдардың орны әрдайым төрде болады. Жасы үлкен адамдарды қария, ақсақал деп құрметпен қарау дәстүрлі қазақ мәдениетінде этикалық қатынастың нормасына айналған. Кейбір халықтардың мәдени дәстүрінде қарт адамдарды биологиялық жақтан күш-қуаты әлсіз, қоғамның, айналасының қолдауына, жәрдеміне мұқтаж мүсәпір жан есепті түсінік, аяушылық сезім басым болса, қазақы ортада, керісінше, «аяушылық сезім» емес, қарттарды ақылгөй, көпті көрген жан деп білетін және өздерін олардың алдында қарыздар санайтын түсінік стереотипке айналған. Бұндай түсінікті гуманист ақын Мұқағали Мақатаевтың өлеңге түскен сөз өрнегінен де айқын аңғаруға болады. Осыншама ақылды кімнен, балам, үйрендің? Ішіндегі шалдардан анау қараша үйлердің. Бірін төре, бірін би етсем деген ойым бар, Бабам қолдап, бір кезде маған билік тиген күн. Ескере айтарлық жайт - шал атауының мәдени-семаникалық спектрі әралуан болып келеді. Қарым-қатынас ырқына қарай сөйлеу тілінде шал сөзі бірде «шал-шауқан», бірде «қария» делініп, «ұнамсыз, ұнамды», құрметтеу, әспеттеу, кемсіту, әзіл-оспақ түрінде айтылып, мағыналық реңкі құбылып отырады.

ШАЛУ Адырлы, жонды аймақтарда қар суынан жиналған көлдердің жаздың соңын ала құрғаған жерлері және соның орнына шыққан бозот. Шалудағы бозотты әсіресе жылқы түлігі аса сүйсініп жейді. Бозотты жерлер жылқы үшін аса құнарлы жайылым. Бозот атаулыға боз, қаудан, бетеге,

бидайық, көде (садақкөде емес), қияқ т.б. қыр шөптері жатады. Шалулы жайылымға сиыр, түйе, қой-ешкі түліктері көп жайылмай, азғана тоқтап өте шығады.

ШАҢБАСАР к ө н е. э к о л о г и я л ы қ. Ауыл сыртындағы жайылымдық жерден бөтен рудың үйірлі жылқы, қоралы қойын өрістете жайып айдап өткені үшін беретін алым-салығы. Қазіргіше айтқанда, алым-салықтың бұл түрі жайылымды тұяқ кесті жасатпаудағы экологиялық шектеулердің бір түрі деуге болады.

ШАҢЫЛТАҚ: Шаңылтақ шілде. Шілде айының құрғақ, шөп құраған аса ыстық кезі. Шаңылтақ шілде күн туса, Тамылжып тамыз түн туса, Қызыл аңыз жел соқса, Сарқыраған жазғы су Сонда қадірі білінер (Ғ.Қараш, Замана, 114-б.).

ШАҢЫРАҚ Дәстүрлі қазақ қоғамында шаңырақ – ауылдың әлеуметтік құрамындағы ең тұрақы «орталық» бөлік. Бұлай дейтініміз ауыл болып отырған үйлердің бәрін «шаңырақ» демейді. Шаңырақ деп ата (әке) отырған үйді айтады. Атаның (әкенің) кенжесінен басқа ұлдары енші алып, «оты басқа, ошағы бөлек» үй атанып, жеке-жеке тұрады. Ал ата отырған үй қазақ салтында мәртебелі саналып, кейіннен қара шаңырақ аталады. Қара шаңырақта отырған кенже ұлдың үлкенді-кіші ағалары өзді-өзімен бір-бір ауыл болып кетеді. Қара шаңырақ отырған жер үлкен ауыл атанады. Міне, бұл айтылғандар қоғамның құрамындағы ауыл, шаңырақ, қара шаңырақ, үлкен үй, үлкен ауыл деп аталатын әлеуметтік субъектілердің арасындағы этикалық, құқықтық қатынастар ауыл ақсақалы немесе ауыл ағасының қатысуымен реттеліп отырады. Ауыл ақсақалы, ауыл ағасы шаһарлы, кентті елдердегідей тағайындалып қоятын лауазым емес. Олардың ақсақалдық, ағалыққа тән таным-білімін жұртшылықтың өзі мойындап, алдына барған адамдар.

ШАҢЫРАҚ ТҮЙЕ Киіз үйдің шаңырағы артылған түйе. Шаңырақ түйені байдың әйелдерінің бірі немесе бақташық әйелі жетектеген.

ШАҢЫРАҚТЫ ОТҚА ЖАҒУ 1. Өте сирек кездесетін жағдайға байланысты шаңырақты амалсыздан отқа тастап өртеп жіберу. 2. Байғыздың шаңыраққа қонуы – қазақ түсінігінде жаман ырым. Өйткені ол өлім шақырады деп түсінеді. Ондайда ол үйді тез басқа жерге апарып тіккен немесе үйдің шаңырағын отқа жаққан.

ШАРА-БҰРА Ұсақ-түйек, оны-мұны, майда-шүйде. Бірақ сендер жалғыз көк үйді сөз қылып, айналасындағы шара-бұраны ескермей отырсыңдар (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, 19-б.).

ШАРТАРАП Төрт тарап, түстік, терістік, шығыс, батыс тараптағы кеңістік.

ШАРШЫ СӨЗ Шаршы топ алдында сөйленетін шешендік сөз. Шаршы топ атқарылу реті мен мақсат-мүддесіне қарай төрт түрге бөлінеді. Біріншісі, әлеуметтік-саяси, ғұрыптық, шаруашылық-экономикалық өзекті мәселелердің ортақ шешімін табу мақсатында өткізілген жиын; екіншісі, этностың тіршілік циклындағы ахуалдық сипаттағы шараларды өткізуге жиналған жиын (қыз ұзату, келін түсіру), шілдехана, ас беру т.б. тәрізді ғұрыптық және мерекелік

шаралар; үшінші, жүгініс пен билер кеңесі барысында жиналған «жанкүйер» топ; төртінші, хан көтеруге байланысты үш жүздің игі жақсылары бас қосқан ашық алаңда сөйленетін алқалы топ. Шаршы сөз, түптеп келгенде, шаршы топ ұғымымен тікелей мағыналық жақтан өзара байланысты. Шаршы атауының құрамындағы шар «төрт» деген мағынаны білдіреді: мысалы, шар қой «төрт жастан асқан кексе қой»; шар тарап «төрт тарап»; шаршы орамал «төрт бұрышты орамал». Ал шаршы топ әуелде «төрт тараптан (шығыс, батыс, түстік, терістіктен) жиналған топ» дегенді білдірген. Оның құрамында елдің игі жақсылары мен жайсаңдары, ығайы мен сығайы болады. Олар шаршы топтың алдында дөңгелектене алқа қотан қарап отырады. Сондықтан құрметті орында отырып, шаршы сөз айтатын шешендерді алқалы жиын «алқалы топ» деп ерекшелеп атаған.

ШАРШЫ: ШАРШЫ СӨЗ Дүбірлі жиындағы жиналған жұрт алдында айтылған шешендік сөз, шешендік сөзсаптам.

ШАРШЫ: ШАРШЫ ТОП Дүбірлі жиынға төрт тараптан, жан-жақтан жиналған жұрт.

ШАРШЫТӨС х а л ы қ т ы қ г е о г р. Тік қия беткей.

ШАШЫРАТҚЫ Алты, жеті айлық тоқты сәтіммен қошқардан шықса, берілетін ырым. Сол тоқты көктемде бірінші қоздаған кезде де шашыратқы ырымын жасаған.

ШӘҢГІШ Аса биік, тым жуан да емес, діңі бунақты, әрі шымыр келген, түзу өсетін бұталы өсімдік. Шәңгіштің бауыр басып, көп өсетін жері Алтай атырабы, әсіресе Қотан Қарағай аймағы дейді. Сол аймақтың тұрғындары «Бұл бір қасиетті ағаш болғандықтан ертеректе бір болыс ел Шәңгіштай деп аталған» деседі. Шәңгіш/шәңкіш атауы, қазақ диалектологтарының көрсетуінше, Семейдің Үржар, Аягөз аймақтарында және ҚХР-дағы қазақтардың тілінде де кездеседі. Жергілікті адамдар шәңгішті, байқауымызша, қурай деп те, шәңгіш ағашы деп те атай береді. Іші қуыс болғандықтан қурай десе керек. Қарттардың айтуынша, ерте кезде сәнқой кісілер шәңгішті сабау етіп ұстайды; біреуден-біреу шәңгіш таяғынды бер деп қалайтын көрінеді (С.Бегалин).

ШӘҢГІШ СЫБЫЗҒЫСЫ Шәңгіш ағашының ел аузында қасиетті деп танылуын өнерпаздың одан сыбызғы жасап, алуан түрлі небір күйді күйқылжыта ойнағанда шәңгіштің үнге үн қосатын құдіретіне байланысты деп те пайымдауға болады. С.Бегалиннің келтірген дерегінде сыбызғышы шәңгіштің сәл балғындау қурайын кесіп алып, бас-аяғын қырқа тұжырып, шәңгіштің төрт жерін бірінен-бірін қиғаштау келтіріп өлшеп теседі. Қурайдың ішіндегі үлдірігін жіңішке шыбықпен сыдырып тастайды. Содан кейін қурайдың бір жақ басын ерінге жымдасып тұратындай етіп, түйетайлылап қиғаштай жонады. Сөйтіп бір-екі рет ерніне үйлестіріп ысқырып көреді. Қурайға тіл бітіп, дыбыс береді (С.Бегалин). Сыбызғышының айтуынша, балғын қурайдан жаңа жасалған сыбызғыны біршама уақыт көлеңке жаққа қойып сартап етеді. Шәңгіш жеңіл, одан жасалған сыбызғы үнді келеді, үнге үн қосады дейді.

ШӘНГІШ СЫБЫЗҒЫСЫНДА ОЙНАЛҒАН КҮЙЛЕР Шәңгіш сыбызғысында бәйге аты «Балжынкер», нәзік, аянышты «Жетім қыз», асау өзен «Аққабә», «Жорға аю» сияқты сыбызғы күйлерін Оспанғали Қожабергенұлы (1906 ж.т.) кезінде Қытайға қараған кедейлерден келген Мұса деген кісіден үйренгенін айтады. Сонымен, өткен ғасырдың елуінші жылдарының басында атақты Бұқтырма су электр станциясы жаңадан салына бастаған тұста Қотан Қарағай жеріндегі бір сапарында этнограф жазушы Сапарғали Бегалин ел адамдарының арасында жүріп жазған «Сыбызғышы» деген деректі көркем әңгімесінде шәңгіш ағашы, одан сыбызғының қалай жасалатыны, сыбызғыда ойналатын күйлердің аттары мен мазмұны, сыбызғышының кім екені, сыбызғышылық өнерді кімнен, қашан үйренгені жөнінде деректері этномәдени мәнділік ретінде танылып, назарға алынды. Халық қаламгерінің этнографиялық деректері атап айтқанда, шәңгіш турасындағы халықтық таным-түсінікті мәдени, рухани құндылықтар қатарында қарауға мүмкіндік береді деуге болады.

ШЕГЕШАПАН Құдалық жолда екі жақтың ниетін жарастырғаны үшін жаушыға жапқан шапан.

ШЕЙІЛ= Шиеленген қиын істің шешімін табу. Ханның көркі не болар? Шейілгенді шешуге, Шешілісті кесуге Өресі жеткен би болар (Ғ.Қараш, 107-б.).

ШЕКЕКҰРТ Біржақ мишығы ісікке шалдығудан болатын жылқының бас-сүйек ауруы.

ШЕМІРШЕК ҚАТА Мініс аттарында ыстық-суықтан болатын ішек ауруларының бір түрі.

ШЕШІЛІС зат. Шиеленісті қиын істің шешімін шығару, ала жіптің кесілуі. Ханның көркі не болар? Шейілгенді шешуге, Шешілісті кесуге Өресі жеткен би болар (Ғ.Қараш, 107-б.).

ШИ Жылқы түлігінің маусымдық оты, шиді қыстан көктемге дейін жейді.

ШИ: АҚ ШИ Шөл және шөлейт жерлердегі жайылым оты. Малдың қыстық жайылым оты.

ШИИТ орысша. Арабша – шиға бөлім, топ, қауым деген мағынада. Сол топтың адамы «шйғй» деп те аталады.

ШОҒАЙНА Шоған түйе, қой-ешкі жақсы жейтін тікенекті шөп.

ШОЙЫРЫЛМА Түйе, жылқыда болатын қарақапталдың бір түрі.

ШОҚ БАТА Әйелі өлгендердің, тоқалдыққа қыз алатын бай-бағыландардың, сондай-ақ баладан мұқтаж ер адамдардың қыз әкесіне қалыңмал есебінде бретін малы. Бұндай шоқ бата мөлшері, деректерде айтылғандай, қыздың әкесінің жағдай-жайына қарай болады (Қ.Тәкежанұлы). Шоқ бата малының басы – аяғын тік басқан қырық-елу қара, орташасы – жиырма-отыз қара; ең төменгісі – он бес-он жеті қара болады. Шоқ бата малында бүкпе, балама мал болмайды, бәрі де кем-кетіксіз, кәрі-құртаңы жоқ «аяғын тік басқан» қара (жылқы) болуға тиіс. Осындай деректерді айта келіп, Т.Тәкежанұлы шоқ батада қолма-қол алыс-беріс жасалатынын; ал жасау-

жабдық, сұтақы, той мал, ілу және басқа да кәделердің жүрмейтінін атап жазған.

ШОҚПАР – Ырғай, тобылғы, қайың сияқты қатты ағаштардан жасалатын бір басы дөңкиіп жұмыр келген, кейде басына темір немесе қорғасын құйылатын сойылдан қысқа қол қаруы; батырдың бес қаруының бірі. **П м ә д е н и к о д.** Шоқпардың төсжара қайың шоқпар, сегіз қырлап жонған қайың шоқпар дегендерді М. Әуезовтің тіл кестесінде кездеседі.

ШОРЫ к ө н е. Жаугершілікте қолға түскен, олжаға, сыйға берілетін сұлу жүзді қыз-келіншектер.

ШӨЛКЕ жерг. Қыстық отынға деп кесілген ағаш кеспектері. Мен енді мықшындап кесілген ағаш шөлкелерді бірінен соң бірін жаруға кірістім («Көкжиек», 208).

ШӨҢГЕЛЕДІ Аттар ұзақ жүрістен шалдықты. Аттардың жорық-жортуыл, аңшылық-саятшылық кездеріндегі ұзақты жүрістен кейінгі күйін білдіреді. Бұндай күйдегі аттардың белін босатып аз-кем тынықтырып алады.

ШҰБАРАҒАШ – I тал, терек, жиде, қарағаш аралас, сай-саланы қуалап өсетін түрлі ағаш, бұтасындардар өскен жер. **П м ә д е н и к о д.** әртүрлі ағаш-бұтасындардың «ордасы» болған мұндай жер малға өте жайлы, қыста ықтасын, онда өсетін түрлі өсімдіктер малға азық болған.

ШҰБАРАЯҚ. Ағаштың ұрасы, безінен жасалған аяқ, ағаш ыдыс.

ШҰБЫРТПА Мандамның тағы бір атауы.

ШЫҒУ Мандамның тағы бір атауы.

ШЫЖЫҢ Малдың зәр шығаратын несеп жолындағы тамырдың қабынуынан болатын ауру.

ШЫМ БҰЛАУ Ішек ауруына шалдыққан жылқының екі бүйіріне шым қыздырып басу.

ШЫНЖАРА Мініс аттың ыстық-суыққа ұрынуынан болатын шықшыт, қолтық, омырау т.б. жұқалтаң жеріне шығатын жараның түрі.

ШЫТЫР Шөл, шөлейт аймақтардағы жайылымдық от. Көк кезінде улы болатындықтан малды шытыр отына құрғаған кезде жаяды.

ШІЛДЕ: ШІЛДЕНІҢ КҮНІ – ШІЛ АДЫМ 1. Шілдеде күн ұзақ болады, күн кеш батады. 2. шіл деп кекілікке ұқсас кішкене құсты айтады. Құс, әдетте, ұшса жылдам, жерде баяу қозғалады. Өйткені олар ұшуға жаратылған. Жер басып жүруі уақытша ғана әрі олардың ұшатын қанатына қарағанда аяқтары қысқа болады. Қазақта қарға адым жер өте жақын қашықтықты айтады. Қарға адым жерді қарыс жер деп те қолданады. Шілдің адымы да алыс емес. Мақалда жаздағы күннің ұлы бесінге дейін өте баяу қозғалатыны, шілдедегі шақырайған күннің «жүрісі өнбейтіні» орнитологиялық білім негізінде шілдің адымы қысқа жүрісімен салыстыру арқылы қалыптасқан.

ШІЛМАН. Ихтиол.

ШІЛМАНДАЙ Ұзынша, кішкентай.

ЫҢЫРШАҚ Ірі қара малға жүк артуға арналған жабдық.

ЫРЫС Адамдардың күн көрісі, береке-байлық, молшылық, игілік ұғымдарының жиынтық атауы. Халықтық танымда ырыс – адам талайына

жазылған, бұйырған несібесі деген діни түсінікпен байланысты ұғынылған. Діни түсінікте адамды жаратушы Хақ Тағала алдымен оның несібесі – «күн көрісін» жаратқан. Әйгілі Дулат Бабатайұлы несібе, ырысты аузына алып айтқан бір өлеңінде: Аягөз, сенің бойыңда Несібе, ырыс тегіс қой. Сай-салаң толған жеміс қой. Қырың – малдың кіндігі, Ойың – өнім егіс қой, – дейді. Бірақ сол ырысты, несібені, күнкөрісті адам мал бағып, дән өсіріп дегендей еңбекпен теріп жеуге тиіс. Міне, адамның осындай еңбекпен тапқан материалдық игілігі ырыс деп аталады.

ЫРЫС БАҚҚАНДАР Малшы, егінші қауым, материалдық игілікті өндіруші әлеуметтік жік. Әсіресе мал баққан малшыларды, егін еккен егіншілерді кәрі ауыз қариялар ырыс баққандар деп, ерекше құрметпен атап отырады.

ЫРЫС: ЕРТЕ ТҰРҒАН ЕРКЕКТІҢ ЫРЫСЫ АРТЫҚ, ЕРТЕ ТҰРҒАН ӘЙЕЛДІҢ БІР ІСІ АРТЫҚ Халықтық танымда ырыс адамдардың еңбек әрекетінің нәтижесімен, халық тілімен айтқанда тірлікпен байланысты. Тірлікпен тапқан күн көрісі, байлық, молшылық, дәулет т.б. ырыс ұғымының материалдық игілікпен байланысты қырлары болып табылады.

ЫРЫС: ЫРЫС АЛДЫ ЫНТЫМАҚ Ынтымақсыз ырыс болмайды. Алайда ырыс ұғымының мәдени-семантикалық өрісі тек материалдық игіліктермен шектелмейді. Ырыс, атап айтқанда, рухани құндылықтармен де тығыз байланысты болып келеді. Ырыс этномәдени түсінікте ынтымақсыз, бірліксіз болмайды. Ырыстың негізі ынтымақта, сондықтан ырыс алды – ынтымақ, ынтымақ – ырыс қазығы, ынтымақты елдің ырысы ортаймайды деп атап көрсетеді. Ырыс, осы тәрізді, бірлік ұғымымен де байланысты. Тірлік (еңбек) етіп тапқан ырыс бірлік бар жерде игілікке айналады. Тірліктің күші бірлікте, тірлік түбі – бірлік деген мақалдың мазмұны осыны аңғартады. Ырыс, сондай-ақ, берекет (береке) ұғымымен де мағыналық бір өріске кіреді, яғни этнокогнитивтік түсінікте тірлікпен (еңбекпен) тапқан ырыс ынтымақ, бірлік болған жерде берекеге айналады. Ондайда тапқан-таянғаныңның берекесін берсін деген тілек айтылатыны да сондықтан. Сонымен, ырыс тұжырып айтқанда тірлік (еңбек), ынтымақ, бірлік-татулық тәрізді ұлттық құндылықтармен мағыналық бір өріс құрайтын концептосфераға жатады.

ЫРЫСБАҚҚАНДАР. Малшы, егінші, балықшы қауым, заттық игілікті өндірушілер.

ІБІЛІС д і н и. Өзезілдің жұмақтан қуылғаннан кейінгі атауы. Ібіліс адамдарды азғырумен айналысады.

ІЗШІ 1. Изге түсіп іздеуші және жолсыз бағытынан адаспай жүретін адам. 2. Ертеде хандардың жер жағдайын өте жақсы білетін, тастай қараңғы түнде, қалың тұманда, жауын-шашынды күндерде де жолсыз жерден жол тауып межелі жерге адаспай қолды (әскерді) бастап алып баратын арнаулы адамдары болған. Бұл халық арасында географиялық, экологиялық білім, танымы жоғары адамдардың болғанын көрсетеді.

ІЛМЕК-СІЛМЕК: ІЛМЕК-СІЛМЕК БОЛУ Біресе анда, біресе мында байыз таппай жүру. Екі ортада байыз таппай жүрді.

ІНІ Бірге туғандардың жасы кішісі, ер адам. Сонымен қатар іні ұғымының этносқа тән туыстық жүйедегі тағы бір ерекшелігі – бірге тумаса да, ағайын-туыс адамдардың да жасы кішісі іні деп аталады. Қазақы ортадағы әлеуметтік қатынаста ешбір туыстық байланысы болмаса да этикеттік норма бойынша жасы үлкен жасы кіші ер адамға інім деп қаратпа атауышпен сөйлейді, яғни іні туыстық емес, әлеуметтік қатынастың субъектісі болады. Іні атауының лексика семантикасы бірге туған бауырластар аға – іні, апа – іні түрінде дихотомиялық қатар құрайды. «Аға» болмаса, «іні» де болмайды, «іні» болмаса, «аға» да болмайды. Қазақтың халықтық паремиологиялық қорында аға-іні үнемі жұптық «қарама-қарсылық» тұрғыда қолданылғаны байқалады: ағаға қарап іні өсер; ағасы бардың жағасы бар, інісі бардың тынысы бар т.б.

ІНІ: АҒА ӨЛСЕ, ІНІ МҰРА Әменгерлік байырғы салт-дәстүр бойынша іні өлген ағасының бала-шағасын, жесірін қаңғыртпай, мұрагер болады.

ІНІ: АҒАҒА ҚАРАП ІНІ ӨСЕР Іні ағадан үлгі-өнеге алады, не нәрсе болса да ағадан үйренеді.

ІНІ: АҒАСЫ БАРДЫҢ ЖАҒАСЫ БАР, ІНІСІ БАРДЫҢ ТЫНЫСЫ БАР Аға мен іні бір-біріне сүйеніш, бір-біріне көмек және сүйеніш.

ІНІ: АҒАСЫ БОРДАН, ІНІСІ ЗОРДАН Ағасы нашар, әлжуаз болғанмен інісі мықты, ондай ағаның кем-кетігі біліне бермейді.

ІНІ: ІНІСІ ЖАМАН БОЛСА ДА, АҒАСЫ ЖАҚСЫ, ЖЕҢІ ЖАМАН БОЛСА ДА, ЖАҒАСЫ ЖАҚСЫ Аға жақсы болса, інісінің нашарлығы білінбейді.

ІНІ: ІНІСІ СОДЫРЛЫ БОЛСА, АҒАСЫ ҚАДІРЛІ Тентек-тебіз інісінің ағаға пайда тигізетін кезі де болады, ондайда төбелескіш, сотқар інісі бар деп, тартынып жүретіндер болады.

ІҢІР Кештің күн батып, қараңғы түсе бастаған бір уағы. Іңірдің өзі, уақыт жағынан, бірнеше кезден тұрады. Қызыл іңір «күн ұясына кіріп, қызылы әлі сөнбей тұрған кез». Іңірдің бұл кезін ақ пен қызылдың арасы деп те атайды. Ұшықтау, үшкіру сияқты ырымдарды «батып бара жатқан күнмен кет» деп, осы кезде жасайды. Іңірдің бұдан кейінгі уағы – іңір қараңғысы, «күннің қызылы көрінбей кеткен кез». Оны апақ-сапақта дейді. Бұл кезде «жын-шайтан көшеді» деп, ешкімді ұйықтатпайды. Іңір қараңғысына дейін мал өрістен келіп болады. Іңір қараңғысынан қалдырмай, шаруа адамы малын жайғастырып үлгереді. Іңір қараңғысы өте, мал-жанын жайғастырып болған соң ел орынға отырады. Халық тілінде ел орынға отырды деп «елдің кешкі ас-суын ішуін» айтады. Бұдан соң ел жатар орынға қамдана батайды. Ел орынға отырған кез бен ел жатар шақтың аралығын екі кештің арасы дейді. Екі кештің арасын бейуақ деп те айтады. Байырғы қазақы түсінікте екі кештің арасында бейсауыт жүрген адамды «бейуақта, екі кештің арасында неғып жүрсің?» деп ұната қоймайды. Ал ел жатқан шақ, ел ұйқыға жатқан шақ «түн мезгілінің басталған кезін» білдіреді.

ІРІ ҚАРА малшылық. Түйе мен сиыр түлігі. Қой-ешкі уақ мал (қ. Уақ мал) деп аталған. Кей аймақта қой-ешкіні уақ жан деп те атаған (Қ. Уақ мал).

ІРІҢ-КЕЗЕКТІК ЖОҚ. Ала-құла, ырың-жырын емес. Өңкей кедей, батрақтардан құралған: мүшелері сай, ірің-кезектік жоқ (Ғ.Мүсірепов, Тұтқын қыз, -б.).

ІСМЕТ араб. діни. Күнәдан пәктік.

ІШ КЕБУ халықтық ветеринария. Көктемгі жайылымда құрғақ шөптен жас шөпке көшкен қойда болатын ауру.

ІШЕКҚҰРТ Жылқы, сиыр малында кездесетін ішек ауруларын қоздырғыштар.

АГИОНИМДЕР

ПАЙҒАМБАРЛАР. Агионимдердің ең жоғарғы санатына Құран Кәрімде (5) айтылатын жиырма бес пайғамбар жатқызылады. «Қиссас ул - әнбиәде» (6) айтылғандай *пайғамбарлардың* негізгі міндеті мен қызметі Алла Тағаланың жарлығын адамдарға жеткізу еді. *Жүз жиырма төрт мың пайғамбардың*, яғни *Адаматадан* Мұхаммед пайғамбарға дейін әрбірінің өз кезеңі, өз дәуірі болды, өз заманына қарай міндеттелген ісін атқарды. Байырғы қазақы ортадағы түсінікте ең әуелі отбасын құру, мал өсіру, егін салу, баспана жасау тәрізді *тіршілік қамын үйлестіру* Адамата пайғамбардан басталған деседі. Өз кезінде тоқыма тоқу, киім тігу өнері, қала салып, теңізде кеме жүргізу, ұсталық өнерін дәуірлеткен пайғамбарлар болған. Қазақтар да діни таным бойынша ең соңғы *Мұхаммед пайғамбар жүз жиырма төрт мың пайғамбардың мөрі, күллі пайғамбар атаулының тәжі* деп ұғынады.

Діни әдебиетте, эзогеттік пайымдауларда мұсылмандар барша пайғамбардың болғанына иман келтіреді. Бірін мойындап, екіншісін терістемейді. Пайғамбарлардың:

- *күнәдан пәк жаратылуы;*

- *адамдарды Аллаһ Тағаланың хақ жолына бастап, құлшылық жасауға шақыруы;*

- *құлшылық жасаудың дұрыс үлгісін көрсетуі;*

- *оларды жұмақпен қуантып, тозақтан сақтандыруы;*

- *мұғжизадалардың болуы*

- *пайғамбарларға салауат айтылуы* тәрізді тілдік дискретті бірліктер когнитивтік санадағы діни руханиятпен байланысты мәдени семантикалық өрісте олардың (пайғамбарлардың) Алла Тағала міндеттеген **діни тұлға ретіндегі болмысы мен қызметін (функциясын)** көрсетеді.

Пайғамбарлар жаратылыс иесі болғандықтан:

- *өзге де адамдар тәрізді отбасын құратыны;*

- *бала сүйетіні;*

- *киінуге, баспанаға мұқтаж екені;*

- *ішіп-жсейтіні;*

- *ауыратыны;*

- *дүние салатыны (бірақ жай адамдардағыдай емес, жандары өздерінің келісуімен алынатыны);*

- *пайғамбарларда тәңірлік құдірет болмайтыны, сондықтан оған құлшылық етілмейтіні;*

- *пайғамбарлардың тек ер адамдардан шығатыны (өйткені әйелдердің табиғи ерекшеліктеріне байланысты құлшылықты уақытша тоқтата тұратындықтан, олар пайғамбарлар бола алмайтыны)* атап айтылады.

Дүниауи руханиятқа қатысты бұл көрсетілген тілдік дискретті бірліктер этностың когнитивтік санасында өзара тұтаса келіп, пайғамбарлардың бәріне тән адами (**антропонимдік**) болмысын танытады.

Сондай-ақ пайғамбарлар діни руханиятты (религиозная духовность) дүниауи руханиятпен (светская духовность) ұштастырып отырады:

- *асқақтау емес аласару;*
- *сабырсыздық емес, сабырлылық;*
- *«мен білем» емес, «менен де көп білетіндер бар» деу;*
- *кешірім сұрау мен қиянатты кешіру;*
- *өр кеуделікпен емес, көркем мінезбен қарсыласын мойындату;*
- *шынышылдық пен шүкіршілдікті бек ұстану;*
- *торықса да, түңілмеу;*
- *дәулет пен патшалыққа мастанбау және т.б.*

когнитивтік санадағы тілдік дискретті бұл бірліктер этностың мәдени семантикалық өрісінде өзара тұтаса келіп, пайғамбарлардың жай ғана социум мүшесі ғана емес, қауымы мен үмбетін адамгершілік қасиетке, имандылыққа үйретуші ұстаздық ұлы тұлғасына тән сипаттарын да танытады.

Пайғамбарлардың бәріне тән 1) антропонимдік болмысы, 2) ең жоғарғы діни тұлға ретіндегі құзіреттілігі, 3) пайғамбарлардың социум мүшесіне тән болмысы тәрізді үш типтегі дискретті тілдік бірліктер, түптеп келгенде өзара тұтаса келіп, этностың когнитивтік санасындағы пайғамбарлар санатына жататын агионимдердің с е м и о т и к а л ы қ с т а т у с ы н белгілейді.

Діни руханиятқа тән түсінік бойынша, Аллаһ Тағала пайғамбарларды әуелден күнәдан пәк жаратқан. Олардың пайғамбарлығын, елшілігін қуаттау үшін Аллаһ Тағала *мұғжизалар* берген. Елшілігін, пайғамбарлығын дәлелдеуді талап еткен қауымға олар *мұғжизалар* мен *кереметтер* көрсете алған.

Байырғы қазақы ортада агионимдермен байланысты *Нұхтың кемесі, Жүсіптің сұлулығы, Жүсіп пайғамбардың түсі, Дәуіттің қоржыны, Ер Дәуіт соққан ақ сауыт, Сүлейменнің жүзігі; Жүзігі барда Сүлеймен, Жүзігі жоқта сүмірейген; Мұсаның асатаяғы, Исаның дем, Ибраһим пайғамбарға көктен түскен қошқар, Мұхаммед пайғамбарға көктен түскен төрт қылыш; Пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған* (Мұхаммед пайғамбарға байланысты айтылған) тәрізді т.б. агиофразеологизмдер кеңінен тараған.

Бұндағы *кеме, сауыт, асатаяқ, жүзік, қоржын, қылыш* тәрізді қолөнерлік, ұсталық, заттар жай ғана денотаттар емес, Хақ жолындағы күресте пайғамбарлардың мерейін үстем ететін тәңіриялық материалдар (божественный материал) ретінде ұғынылып, бұлардағы мәдени-коннотациялық мағына пайғамбарлардың когнитивтік санадағы семиотикалық статусын толықтыра түседі.

Нұх пайғамбар және оның кемесі жайында халық шығармашылығында, сондай-ақ авторлық шығармашылық үлгілерінде, діни мазмұндағы аңыз-әңгімелер, мифтік сюжеттер, тұрмыс-салт өлеңдерінде жиі кездеседі. Нұхтың кемесін қазақтар Қазығұртқа қайырлатады. Сөйтіп, Нұх кемесі қайырлаған *Қазығұрт* жай ғана табиғат объектісі емес, киелі орынға айналады.

Қазығұрттың басынан бұлт айналғанын жергілікті тұрғындар ерекше нышанға балайды.

Мифопоэтизмдердің семантикасында дүниауи руханиятпен байланыста кодқа салынған мәдени ақпараттар болу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Мысалы, Жүсіп пайғамбардың құрғақшылық болатын жылдарды байырғы астрономиялық тұрғыдан болжайтын есепшілігі болғанға ұқсайды. Байырғы қазақы ортада көрген түсің пайғамбардың түсі болсын, жоруың пайғамбардың жоруы болсын деген агиофразеологизмдер осыған орай айтылған. *Дәуіт пайғамбардың қоржыны* деген тұрақты сөз орамының тілдік семантикасындағы фразеологиялық мағынасы «қанша жесе де, қанша адам жесе де таусылмайтын мол тағам» дегенді білдіреді. Аталмыш тіркестің фразеологиялық мағынасынан басқа дүниауи руханиятқа қатысты мәдени фактімен байланысты семантикасы да бар. Дәуіт пайғамбардың патшалық құрған кезінде қоғамдағы теміршілдік өнері дамыған сипатта болуы әбден мүмкін. Ертедегі Евфрат, Тигр өзендері бойындағы Шығыс елдерінде, сондай-ақ Ніл бойындағы Мысыр жерлерінде ағаш тесемен жер жыртудың мүмкіндігі тым шектеулі болды. Ылғалды, топырағы жұмсақ жерді өңдеуде ағаш тесе қолданылғаны белгілі. Ал мыс пен қоладан қорытып қалайы алуды, бұдан соң темірді игерудің барысында егіншілікте *темір тесені* пайдалану – топырағы қатқыл жерлерді де игеруге қолайлы болып, егіншілік мәдениетінің дамуына, еңбек өнімділігін көтеруге ықпал етсе керек. *Дәуіт пайғамбардың қоржыны* егінші ел азығының молдығын білдіретін имплицитті мағынаны аңғартады.

Теміршілік, ұсталық өнердің дамуы *қару-жарақ, сауыт-сайманның* да сапасын жақсартта түскендігі мәлім. Дәуіт пайғамбар соққан ақсауыт жөнінде әртүрлі аңыз-әпсаналар бар: Дәуіт пайғамбардың қасиетті ақсауыты өзінен кейін *Үзейір (Гүзейір)* пайғамбардың қолында болған деседі. Ал *Үзейір пайғамбар* кезінде *Таураттың* ұмыт болған жолдарын түгелдеген, Тауратты бастан-аяқ жатқа білген пайғамбар деп ерекше аталады. Ер Дәуіттің ақсауытын *Үзейір пайғамбар* өз шәкірті *Зәрдәшқа* (Заратуштраға) берсе керек. Алайда Зәрдәш Хақ жолынан адасып, отқа табынып кеткен екен. Сөйтіп, әйгілі ақсауытты ирандықтардың қолынан Тұран батырлары қолға түсірсе керек. Дәуіт пайғамбардың әйгілі ақсауыты жөніндегі әпсана Тұрмағамбет Ізтілеуұлының (1882-1939) Фирдоуси «Шахнамасының» желісімен жазылған қаһармандық жырында (8, 208.) айтылған:

*Зәрдәште болушы еді болат сауыт,
Өзге емес, өз қолынан соққан Дәуіт.
Оған оқ өтпеуші еді атқанменен,
Киіліп болғанменен көне сауыт.*

Басқа да аңыз-әпсаналарда Ер Дәуіт соққан ақсауыт қазақ батырларының біріне мирас болып қалған екен деседі.

Атамнан қалған ақсауы

Беркітіп соққан Ер Дәуіт, – дейді ескілікті жыр жолдарында.

Байырғы қазақы ортада ұсталар мифтік санада Дәуіт пайғамбарды

дінмұсылманшылыққа дейінгі дәстүрлі түсінігі бойынша өздерінің желеп-жебейтін пірі деп білген. Мифопоэтикалық агиофразеологизмнің мәдени семантикасында кодқа салынған ақпараттар теміршілік, ұсталық өнердің дамуын байқатады деуге болады. Осылайша халықтық дүниетанымда діни руханият пен дүниауи руханият бір-бірімен астасып жатады.

Сүлеймен пайғамбарға байланысты айтылатын *Су иесі Сүлеймен* деген мифопоэтикалық агиофразеологизмнің семантикасында кодқа салынған мәдени ақпараттарды ашатын болсақ, «Сүлеймен патша өзен-суларда кеме жүргізіп, су жолдарын өз иелігіне қаратып алған» деген имплицитті мағынаны аңғаруға болады. Ал қазақы ұғымда Сүлеймен патшаны *судың иесі* деп, дінмұсылманшылыққа дейінгі түсінікпен ұштастырады. Бұндай түсінік бойынша тау-таудың, шөл мен шөлейттің, өзен-судың жеке-дара өз иесі болған. Осылайша қазақы мифтік танымда Сүлеймен пайғамбар жалпы су көздері атаулының иесіне айналған. Бұлақ көздерін ашу, суға дәрет сындырмау, суды ластамау, суға қоқыс төкпеу; сондай-ақ дәстүлі егіншілік мәдениетінде жаңа қазылған тоғанға, арыққа су жібергенде, құрбандық шалып, *арық қандау* ырымы болған. Әуелде су иесі жөніндегі мифтік түсінікке орай қалыптасқан бұл түсінік трансформацияланып, дінмұсылманшылықпен ұштастырылған. Яғни су иесі Сүлейменнің киесімен байланысты ұғынылатын, бұндай мифтік түсінік дүниауи руханиятта бірте-бірте халықтың экологиялық біліміне айналып, рационализмдік арнаға түскен.

Прецедентті мәтінде Мұса пайғамбардың таяғы ерекше қасиетке ие екені айтылады. Ол израилдықтарды Мысыр перғауынының құлдығынан алып кетуге тырысады. Оларды перғауынның қалың қолы өкшелей қуып, теңізге жақындап келгенде сілтеген таяғының қасиетімен теңіздің суы лықси екіге жарылып, Мұсаның қауымы арғы бетке өтіп кетеді де, перғауын әскері теңіз суының астында қалып қырылады. Өзін Құдай санаған перғауынның шексіз билігіне Мұса пайғамбардың қарсы тұруы, түптеп келгенде, *халықтың билеушілер үшін емес, керісінше, билеушілердің халық үшін жаратылған* деген дүниауи руханиятқа қатысты астарлы ойды меңзейтіні байқалады. Шексіз билікті тежеу идеясы адамзат қоғамында әр кезде әр тараптағы өркениетті елдерде әлсін-әлсін бой көрсетіп отырғаны тарихтан мәлім. Мысалы, ежелгі қытай өркениетінде Кунфуздың ізбасары Сюнь-цзи (б.д. 313-238 жж. шамасында) әділет туралы айта келіп, «Аспан қара халықты әмірші үшін жаратпайды, ол әміршіні қара халық үшін таққа отырғызады» дейді (9, 69.). Қазақ қоғамында да хандардың тежеусіз, шексіз билікке бой алдырмауының өзіндік кепілі болғаны мәлім. Мысалы, қазақ хандығында хан билігінің тежеусіз кетпеуін бақылайтын *Тағанақ кеңес* (4, 5-том, 318), *Тұрымтай кеңес* (4, 5-том, 508) тәрізді саяси ұйымдасудың институтционалдық формалары болды. Қазақ халқының паремиологиялық қорында осыған орай айтылған *халық қаласа, хан жалғыз атын сояды* дейтін мақалдың имплицитті мағынасы «халық ханынан жоғары» дегенді аңғартады.

Қызыр антропонимі агионимдердің қай санатына жататындығы оншалықты айқындала қоймаған. *Қызыр* (Қыдыр) атаның бірде пайғамбар, бірде әулие атануының өз себебі бар. Әуелде пайғамбар болған Қызыр (Қыдыр) ата өлместің суын ішкеннен соң, пайғамбарлық міндеті тоқтатылып, Ақыреттің күніне дейін тірі қалған дейді, сондықтан өлмей, мәңгілік тірі жүргендіктен пайғамбар емес, әулие санатына жатқызылған (10). Қазақы ортада таралған аңыз-әңгімелерде *Қыдыр баба* (*Қызыр ата*) әулиелердің ең жоғарғы санатына жатқызылады. Қыдыр ата көбіне қазақы түсінікте *Бақпен* бірге жүреді, өйткені *Бақта* «көз» болмайды дейді. Сондықтан Бақ жақсыға да, жаманға да, адалға да, арамға да қона береді, бірақ баянсыз болады. Ал Қыдыр әулиемен бірге жүріп, оның көзі түскен жанға Бақ қонса, ол баянды болады. Қыдыр ата мифологиялық түсінікте өзін танытпас үшін жасы үлкен ақсақал кейпінде, кейде кәріп-кәсір, жарым-жан, арып-аршыған жолаушы түрінде де антропонимдік сипатта бейнеленеді. Тарыққан жандарға, жол үстіндегі жолаушыға қол ұшын берген адам Қыдыр әулиенің батасын алады. Сөйтіп, бұл агионим дүниауи руханиятта адамдар арасындағы этикалық қатынастың, адам мен табиғат арасындағы байланыстың ізгілікті сипатта болу функциясын атқарған.

Жоғарыда аталған этикалық іргелі ұстанымдар этномәдени ортада пайғамбарлар туралы агиографиялық мұралардағы деректер мен түсініктер арқылы қалыптасып, дүниауи руханиятта моральдық-этикалық, құқықтық қатынастардың нормаларына ықпал етті. Айталық, ел ішіндегі руаралық шешімі қиын дау-жанжалдарды әрі қарай өршітпей, оны тоқтату үшін *Мұхаммед пайғамбарға салауат* айтылады. Салауат айтылған соң, дау қайта қаралмайды, ал дауды қайта өршітпек болған жақ айыпты деп саналады (4, 5- том, 142 б.). Бұдан қазақ билері өз кезінде қоғамдағы құқықтық қатынастарды реттеуде пайғамбарлардың рухани болмысына тән ізгілікті қасиеттерді өз ісінде бағдарға алып отырғаны байқалады.

Қазақы ортада қайын жұртына барған күйеуді сын тезіне салатын дәстүр болған. Әсіресе жастардың күйеу мен арадағы әзіл-оспақтың тым шектен шықпасы үшін, *пайғамбар да күйеу баласын сыйлаған* деп, жасы үлкен адамдар этикеттік норманың бұзылмауын ескертіп отырған.

Сөйтіп, тілдік және мәдени семантикалық өрісте діни руханият пен дүниауи руханият өзара астасып отырады.

ӘУЛИЕЛЕР. Агионимдердің келесі тобына әулиелер жатады. Түсіндірме сөздікте «әулие ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгенімен Алланың ризалығына, халықтың сеніміне ие болған, қасиетті рухы өлгеннен кейін де биік саналатын адам» делінген (1, 514.). Сондай-ақ Қазақы ортада әулиені «діндар, тақуа, әрі емшілік қасиет пен көріпкелдігі бар, белгілі бір қауымды руханият жолына бастаушы ерекше тұлға» деген ұғымда түсінеді. Әулие ұғымындағы:

- *Алланың мейірі, шапағаты түскендік;*
- *Аллаға пайғамбарлардан кейін, бір табан жақындық;*
- *діндарлық;*

- көріпкелдік;
- емшілік;
- тақуалық;
- көркем мінезділік;
- ынсап пен қанағатшылық;
- олардың пайғамбар еместігі;

- кереметтер көрсете алатындық т.б. когнитивтік санадағы дискретті бірліктер тілдік мәдени семантикада өзара тұтаса келіп, этномәдени кеңістікте агионим санатына жататын әулиелердің семиотикалық статусын белгілейді.

Әулиелер пайғамбардан бір саты төмен тұрады, әулиелік қасиет пайғамбарларда да болады, яғни пайғамбарлардың баршасын әулие деуге болады, ал әулиелердің бәрі пайғамбар емес. Қазақтардың мифологиялық түсінігінде *Баба түкті шапты әзіз, Ғайып ерен, қырық шілтен, Жеті әулие* туралы түсініктер кең тараған. *Ғайып ерен, қырық шілтен* көбіне батырлардың сыйынатын пірі делінеді. Ал Құдай жолында шексіз билеушіден қысым, қиындық көріп, қуғынға түскен, *қытымыр қызыл ит ерткен Жеті әулиеге* бағыштап, қазақы ортада *жеті нан (жеті шелпек)* үлестіру кеңінен тараған. Садақа түріндегі бұл ырым *жеті нан* деп аталғанымен, нанның (шелпектің) санын сегіз етіп пісіріп, үлестіргенде, сегізіншісін итке береді. Жетінан ырымының діни түсінікпен ұштасқан тілдік мәдени семантикасында қайырымдылық, ізгілік жасаудың нышаны байқалады.

Діни түсінікте пайғамбарлардан соң, әулиелер - Аллаға бір табан жақын, Алланың мейірі түскен жан және Құран аяттары мен Мұхаммед пайғамбардың хадистері жөнінде ілім-білімге аса қанық, кемелденген тұлға. Әулие санатындағы агионимдердің айрықша тобына *төрт шарияр - Әбубәкір, Омар, Осман, Әзірет Әлі* және *отыз үш мың сахаба* жатады. Мұхаммед пайғамбардың ең жақын жәрдемшілері, әрі ізбасарлары болғандықтан, пайғамбар дүние салғаннан кейін, елге рухани басшылық жасап, жөн-жоба көрсеткен төрт шарияр туралы ел ішінде ауызша тараған әртүрлі әпсана-аңыздар бар. Қазақ емшілері адыраспан жинауға дәрет алып, таң атысымен ерте аттанатын болған. Оны киелі деп түсініп, былай деп сәлем берген:

*Ассалаумәләйкум, адыраспан,
Бізді сізге жіберді Омар, Осман.
Кеселге жеті түрлі ем болсын деп,
Әкім Лұқпан пірлері ақыл қосқан.*

Бұдан тіршілік нысандарын (өсімдіктерді) жаны бар деп, киелі санау сияқты ең байырғы наным-сенімдердің қазақы ортада дінмұсылманшылықпен үйлестіріліп отырғаны байқалады.

Байырғы эпикалық шығармаларда батырлар Әзірет Әліні ерекше пір тұтып, өзінің желеп-жебеушісі деп түсінген. Мұхаммед пайғамбарға Көктен түскен төрт қылыштың бірі *Зұлтықар* Әзірет Әліге мирас болып қалған.

Зұлпықар аса таңдаулы қылыш ретінде ақын-жазушылардың шығармашылығында, сондай-ақ кісі есімдерінің атауы ретінде қазақтар арасында кеңінен тараған. *Зұлпықар* қылышты *Зұлперен* деп те атаған. Зұлпықардың тағы бір атауы – *берікәлі*. Бұл атау байырғы жыраулар тілінде кездеседі:

*Дүниенің білдім жалғанын,
Көтердім басқа салғанын.
Сол болды жалғыз арманым.
Берікәліні шалмадым.*

Мұндағы *берікәлі* сөзінің *берік* және *Әлі* сөздерінен бірігуінен жасалғанын байқауға болады. Сонымен, *берікәлі* – «Әліге мирас болған зұлпықардың» баламасы, Әзіреті Әлі ұстаған аса таңдаулы әрі мықты қылышы деген мағына аңғартады. Зұлпықардың халық тіліндегі тағы бір нұсқасы – «*Зұлперін*» атауын І. Жансүгіровтің образды сөз өрнегінен ұшыратамыз:

*Шалғыны шыңғырлатып жанып-жанып,
Жоңқабай жоңышқаға қалды салып
Әлінің кеуір қырған зұлперіндей,
Үйіріп қырып-жойып кетті жарып,*

Сонымен, Мұхаммед (с.ғ.с.) пайғамбардың Әзіреті Әліге мирас болған төрт қылыштың бірі – Зұлпықар (*зұлпері*, *берікәлі*) жауға салса жүзі тойтарылмайтын өткірлік пен өжеттіктің символы іспетті болған. Ал Әзіреті Әлінің әулиелер санатына тән семиотикалық статусы кей ретте көмескіленіп, дәстүрлі халық шығармашылығындағы эпикалық қаһарманға тән сипат алып отыратыны да байқалады.

Осылайша, қазақы ортада кең тараған әртүрлі аңыз-әпсаналар әулие культін діни санада орнықтыра түскен. Бір ерекшелік, бір жағынан әулие культі дінмұсылмандықпен үйлесім таба дамыған болса, екінші жағынан халықтың байырғы наным-сенімімен, салт-дәстүрімен, ырым-жоралғыларымен үйлесімді байланыста болды. Әулиелер культі *үңгір*, *шипалы бұлақ*, *кенді жер (тұзды жер)* тәрізді табиғи нысандар, *әулиенің аяғы тиген жер*, *әулиенің ізі қалған жер*, *әулиенің шанышқан таяғынан аққан бұлақ* деп, өздері өмір сүрген табиғи орта нысандарымен әулиелерді байланыстырып отырады.

Әуелден дінмұсылманшылыққа дейінгі таным-түсінікте табиғат объектілеріне тәнірлік сипат беріп, олардың Иесі болады деп түсінген. Бірақ Иенің қандай бейнеде болатыны белгісіз: - антропоморфтық па, зооморфтық па, немесе ежелгі өркениет елдерінде кездесетіндей, антропозооморфтық па? – бұл жағы нақты айтылмаған. Ал әулиелер агиониміне байланысты табиғат объектілерінің тәнірлік сипат алуын байырғы мифтік танымның трансформалануы деп пайымдауға болады, яғни табиғат объектілерінде әуелде тәнірлік сипат болмаған, олардың қасиетті, киелі орынға айналуы әулиелердің аса таяғы тигендіктен, аяғының ізі қалғандықтан, көлеңкесі

түскендіктен, тыным алып демалған орын болғандықтан киелі саналып, тәу етудің объектісіне айналған.

Әулиелер санатына жататын агионоимдердің бір тобына қазақ сахарасында ислам дінін таратушы *Хазіреті пайғамбардан* тараған *Арыстан баб*, *Әзіреті сұлтан* (*Қожа Ахмет Яссауи*), *Масат ата*, *Укаша ата* сынды тұлғалар жатады. Бұлар бұрынғы қазақ қоғамында қожалар деп аталатын ақсүйектерге жатқызылған. Олардың арасында *Әзіреті Әлидің Фатимадан* тараған ұрпақтары *сейіт қожалар*, ал қыздары *саида* деп ерекше аталған. Ерте кездегі қазақ әйелдері босанарда тәуе еткен *Бибатма*, *Палуан қыз* (аңыз бойынша *Әзіреті Әлінің Дариға* атты әйелі, одан *Мәді* туған) әулиелер санатындағы агионимдердің ерекше тобы деп есептелінеді.

Әулиелер санатындағы агионимдердің тағы бір қатары бұқара халықты имандылық жолына бастауға үндеген, Алла Тағаланың ақ жолымен жүруді уағыздаған қара халықтан шыққан Әулие ата (*Сатық Боғра хан*) *Баһауиддин Нақишбанд*, *Бекет ата*, *Науан хазірет*, *Марал ишан*, *Қалжан ахун*, *Мәшһүр Жүсіп Көпей* сынды тұлғалар болған. Әртүрлі аңыз-әңгімелерде әулиелер көбіне намазға жығылған сәтте қас дұшпанның қанды қол қылышынан қаза табады. Әулиелердің қаны тамған жерден қасиетті бастау, бұлақ тәрізді табиғат нысандары пайда болады.

АРУАҚТАР. Агионимдердің тағы бір санатына бабалар культімен байланысты аруақтар (рухтар) жатқызылады. Әртүрлі мәдени тілдік ақпараттардан:

- *аруақтардың ата-баба культімен байланыстылығы;*
- *туысы жақын адамдарды желеп-жебеп жүретіні;*
- *жаугершілік ұранға айналатыны;*
- *бейіттері қасиетті саналып, зиярат етудің объектісіне айналатыны;*
- *ант беруде, уағдаластықта аруақтардың «кепіл» ретінде ауызға алыналатыны;*

аруақ атауының этикеттік формулалардың құрамында айтылатыны тәрізді дискретті тілдік бірліктердің өзара мәдени семантикалық тұтастығы агионимдер санатына жататын аруақтардың семиотикалық статусын айқындайды. Аруақ – о дүниелік болғандардың бұ дүниедегі жақын адамдарын желеп-жебеп жүретін рухы. Халықтың дәстүлі дүниетанымында адамның тірі кезіндегісі – рух, өлген кезіндегісі – аруақ делініп, рух пен аруақ бөлек қаралады. Сондай-ақ қазақтардың байырғы түсінігінде жан мен рух бір емес, әрбасқа ұғымдар. Осыған байланысты *жаны шықты* («өлді») дегенмен, *рухы шықты* деп айтылмайды.

Халық түсінігінде рух дем берген адамды *арқасы бар*, *арқасы қозды*, *арқалы адам*, *аруақты адам* деп рухпен байланысты пайымдалып, шабыт үстіндегі қызба, елергіш, адуынды жандарға қатысты айтылады. Бір жағынан, рух ерекше қабілет, дарынды жан иесіндегі қабілет іспетті көрінеді. Рух тек дарын иелерінде ғана емес, сонымен қатар жай адамдарда да болады. Бірақ, дарындылармен салыстырғанда, олардағы рухтың әрекеті аса белсенді түрде көріне қоймайды. Бұған қарағанда әр адамның өзінің жеке рухы болады. Ол

адамды демеп, желеп-жебеп отыратын сипатта болады. Мифтік санада адам өлгенмен, оның рухы өлмейді, әулеттің, рудың рухымен астасып, аруаққа айналады. Бұларды ата-бабалар аруағы дейді. Ал аруақ қолдаған адамның мысы басқалардан басым болады.

Көшпелі ортадағы байырғы наным-сенім бойынша тірі кезінде әулие деп танылған атақты адамдардың – хан, сұлтан, рубасы, ақсақалдардың, билер мен батырлардың, ақыл- атағымен ел ішінде даңққа бөленген ақын-жырау тәрізді тұлғалардың аруағы айрықша киелі, бек пәрменді болады деп түсінген (4, 1-том, 197 б.). Бұндай тұлғалардың бейіттері зиярат етудің объектілеріне айналған. Алладан бала сұрап, тілек тілеген жандар осындай қасиетті орындардың басына түнеп, құрбандық шалатын болған. Ондай рух Жасаған ие мен қатардағы пенденің тілегін жеткізе алатын «байланыстырушы» (медиатор) деп сенген.

Аруақтар санатына жататын агнионимдердің бірқатары әулие, батыр бабалардың, ру-тайпа бірлестігінің жауынгерлік ұранына айналған. Қол бастап, жауға шапқан батыр өз ру-тайпасының ұранын айтып, атой салған. Мысалы, М. Тынышпаевтың көрсетуінше (11, 28-30) *Байтоқ* сарыүйсіндердің, *Байсуан* суандардың, *Бақтияр* жалайырлардың, *Райымбек* албандардың ұраны болса; *Ақжол* арғындардың, *Қаптағай* наймандардың, *Ойбас* қыпшақтардың, *Ошыбай* керейлердің, *Жаубасар* уақтардың, *Алатау* қоңыраттардың; *Қожахмет* кердерілердің, *Бекет Ата* адайлардың, *Дөйт* шөмекейлердің, *Дәуқара* байбақтылардың, *Дулат* рамадандардың, *Алдияр* төртқаралардың, *Баймұрат* жаппастардың, *Қарабура* тамалардың жауынгерлік ұраны болған (бұл деректер қысқартылған түрде берілді).

Ант берудің, уағдаластықтың бірден-бір кепілі ретінде аруақ ауызға алынған. Ант бұзғандар, серттен тайғандар аруақтың қарғысына ұшырайды деп сенген (4, 1-том, 197 б.). Аруақ ұғымы наным-сенім сипатындағы томағатұйық күйде емес, құқықтық қатынасқа, моральдық-этикалық нормаларға қатысты болған. Бата бұзғанды, ант аттағанды аруақтың кәріне ұшырайды деп сенген. Жасы үлкен адамдардың тілдік қарым-қатынасында *аруақ разы болсын, аруақ қолдасын, аруақ жар болсын* деген этикеттік сөз орамдары қалыптасқан.

- Байырғы қазақы түсінікте ата-баба аруағы өз ұрпақтарын әрдайым қолдап, желеп-жебеп жүреді делінеді. Бұндай түсінік ізгілікті, ниеті түзу жандарға қатысты болып келеді. Ал жын-шайтан иектеп, күнәға батқан, қылмыс жасаған, ата-бабаның ақ жолынан адасқан жанды аруақ қолдамайды. Адамның қылмыс жасауы жын-шайтан иектегендіктен, сондықтан қылмыскер тиісті жазасын тартуы керек. Ал олай болмаса, *аруаққа шет қылық* деп танылып, ондай орта, қауым аруақтың кәріне ұшырамақ деген түсінік аңғарылады. Тағы бір айта кететін жайт, байырғы қазақы ортада өтетін дүбірлі той, *алқалы жиындағы ат бәйгесінде, палуан күресте*, аты әйгілі ақындардың *сүре айтысында* ата-бабаларға сыйынып, өз руының *аруағын шақыру* тәрізді ғұрыптар болған (4, 4-том. 579.). Осындай алқалы жиындағы жеңімпаздарға берілетін *олжа* аруақ шақырғандарға жөн-жосығы,

өз жолымен үлестіріледі. Тігілген бәйгенің жол-жоралғысы бұзылса, аруақ шақырғандардың оны міндетті түрде даулау құқығы болады. Мәселенің байыбында дүниеге қызығушылық емес, аты аталған **аруақтың бетін қайтармау** материалдық ынталандырудан әлдеқайда жоғары тұрады.

Жоғарыда айтылғандардан аруақ агионимінің діни руханиятпен және дүниауи руханиятпен өзара байланыстылығы аңғарылады. Мысалы, жағымсыз істерге аруақ арқылы тыйым салу, берген анттан аттамау, келісілген уағдаластықты орындау, этикеттік формулаларда аруақ сөзін қолдану адамдар арасындағы этикалық қатынастағы дүниауи руханиятқа жатады. Сондай-ақ батырлардың жаугершілікте аруақ айтып, ұран шақыру арқылы арқасының қозуы, яғни физикалық қуат (энергия) алуы; классикалық көркем туындыларды оқығанда, оқырманның эстетикалық әсерге бөленуі; ғұлама ғалымдардың шығармашылығын оқыған адамдардың интеллектуалдық қуат алуы тәрізді психологиялық күй кешуі аруақ агионимінің дүниауи руханиятпен байланысты жағы деуге болады.

Абылхаят [әбілхаят] суы Мифологиялық ұғым бойынша, бұл фраза мұхиттың қиыр шетінде терең, тұңғық үйірім болады, мұның суын ішкен адам өлмейді-міс, мәңгі өмір сүреді-міс деген нанымнан туған. (Түрлі әдеби шығармаларда фразаның лексикалық өңі өзгеріліп, «асқан, асыл, мейлінше қымбат су» ұғымында да қолданыла береді. Араб-иран тілдерінде аб деген «су» мағынасындағы, ал һаят деген «өмір» мағынасындағы сөз). Бәйшешек, балауса гүл, балдырғандай, Қаратып шырайына талдырғандай Суындай әбілхаят шөлдеп ішкен, Лебізі сусыныңды қандырғандай (І.Жансүгіров).

Адам ата • Адам ата-хауа ана 1. Діни ұғым бойынша, Адам, ата – дүниедегі бірінші ер, ал Хауа – бірінші әйел, (Басқа сөздермен тіркесіп, баяғы атам заманғы деген мағынаны да береді). [Сара] Адамды топырақтан жаратты хақ, Надандығың білінсін бұ сөзге бақ. Хауаға бұрын барған Адам ата, Есіткенің жоқ па еді мұны да ақымақ (Айтыс). 2. Жарық дүние, өмір, тұрмыс. Адам ата дүниесінен Алшақ, алыс қалдым неге? Жермен шөгіп тар қуыста, Қалармысың қайран дене (А.Жұм.).

Алдыңа Құдай келтірсін! қ а р ғ ы с. Қылған жамандығы өзіне келсін. Алдыңа Құдай келтірсін, Маған қылған ісіңді («Қыз Жібек»).

Алла [Құдай, тәңір] жарылқасын т і л е к - б а т а. Құдай ондасын, тілегіне жеткізсін.

Алла [Құдай, тәңірі] жар [демесін] болды Құдай қолдады, сүйеді. Алла маған жар болса, Еліме алып жөнедім, Артымнан келіп жатқан соң, Неғылып жүрген адам деп, Білейін сені деп едім («Қыз Жібек»), Көзін ойып барады, Күнде тесіп төбесін. Ақсақалдан әл кетті, Болмаса тәңірім демесін (Шортанбай).

Алла [Құдай] бағын ашты Жарылқады; жолы, дегені болды. Базарбайдың Төлеген Енді белін түйінді, Асыл киім киінді, Бағымды Алла ашқын деп, Пірлеріне сиынды («Қыз Жібек»).

Алла [Құдай] нәсіп етті [айлады] Құдай бұйыртты. Алла нәсіп ойласа, Бір сұлу қызды аламын. Алла нәсіп етпесе, Ендігі сөздің қысқасы, Мекеге таман барамын («Қыз Жібек»).

Алла [Құдай] оңғарды [ондады] • Алла [Құдай] рақым қылды *Мейірі түсті; Құдай жарылқады, сәтін, орайын келтірді. Құдай істі оңдаса, Ісім жөнге келгенде, Қамалаған көп дұшпан, Әлі де болса қойдай қылып айдармын (Махамбет). Көріскен соң бір дидар, Алла оңғарып келгенде. Сынаушы сонда табылар, Мұнда жатқан елден де (Абай). Алла, рақым қылмасаң, Қорлықпен күнім кешіпті («Мұңлық-Зарлық»).*

Алла [Құдай] сақтады *Аман қалды. Ғарыптардың панасы Өзің сақта Аллаһи («Боз жігіт»).*

Алла [Құдай] тағала *Құдіреті күшті Құдай. Алла тағала өлшеусіз, біздің ақылымыз өлшеулі (Абай). Құдай тағаланың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықпын демек те орынсыз (Абай).*

Алла [Құдайдың] салғаны • Алланың [Құдайдың] салғанын [басқа салғанын] көрді [көтерді] *Басқа түскен нәрсеге, көресіге шыдады. Көтердім Алла салғанын. Тістеулі кетті бармағым. Мыстан кемпір, қайтейін, Кесір болдың келдің де... Ішімде кетті арманым («Мұңлық-Зарлық»).*

Алла деп арақ ішіп, Құдай деп қуырдақ жеді *Маскүнем туралы айтылады. - Халің қалай, бауырым? - дедім аузыма сөз түспей. - Қалай болушы еді, Алла деп арақ ішіп, Құдай деп қуырдақ жеп жүріп жатырмыз (Б.Қыдырбекұлы).*

Алла тұзын көтерді *Сапарға шықты, тұз-дәм алыстан бұйырды. Тұзымды Алла көтерсе, Ниет қылдым алыс жол («Қыз Жібек»).*

Алла[-ның, құда, Құдайдың] әмірі [үкімі, бұйрығы] *Басқа салды, тағдыр бұйрығы, жазмыштың қалауы, Құдай ұйғаруы деген мағынада. Құдай бұйрығы болса, құрықтағың құтылып кетеді (Ауызекі тіл). Бала анадан тумақ бар. Алла әмірін білмек жоқ («Боз жігіт»). Жібегім неге қорқады. Жаман, жақсы болса да Алланың болар әмірі («Қыз Жібек»), Келін, құда бұйрығы, шариғат пиғылы. Жақынды жат көрмеңіз, Бұрынғы, соңғының жолы (І. Жансүгіров).*

Аллаға [Құдайға, тәңірге] жазды • Құдайға шет болды *Діни түсінік бойынша, «Алла жолынан ауытқыды», «күнәкар болды», жазықты болды» деген мағынада айтылады. Бірінші тілек тілеңіз: Бір Аллаға жазбасқа. Екінші тілек тілеңіз: Пиғылы пасық залымның **Тіліне еріп**, азбасқа (Бұқар жырау). Бақсы да, сірә, болмадың. **Өлең** айтып оңбадың. Ел ішінде азыпсың. Бір Құдайға жазыпсың (**Жамбыл**). Құдай жазбасын да, есіткенде иманың түршігеді (Б. **Майлин**). **Тәңірге жазып**, мінбей-түспей арып, шөмендеп, **дуаналықпен** бір күн болған буралық неге жарайды? (Абай).*

Аллаға [Құдайға] мінажат етті *Сиынды, жалбарынды. Құбылаға қарай бас қойып, Мінажат етіп Аллаға, Сәждеге басын салады («Қыз Жібек»).*

Аллаға [Құдайға] шүкірлік қылды *Құдайға тәубе қылды, ризалық білдірді. Бір жеп алып, шүкірлік Қылайын деп Аллаға, Тұмсығында ірімшік, Ойланyp қарап тұр еді (Абай).*

Аллаға [тәңірге] тәуекел [нар тәуекел] қылды Аллаға арқа сүйеді, сенді, үміт артты деген мағынада. *Тән жаратқан, жан берген* Тәуекел қылдым Аллаға («Боз жігіт»).

Аллаға мақұл болсын Орынды, лайық, жөн іс болсын. *Болмайды енді тұрысым, Мақұл болсын Аллаға* Менің бұ қылған жұмысым («Мұңлық-Зарлық»).

Алладан парман [пәрмен] тіледі Көмек, қуат сұрады. *Базарбайдың Төлеген Жайыққа қарап жол тартып, Алладан пармен тілеген* («Қыз Жібек»),

Алланың [Құдайдың] кәрі тиді Құдайдың қаһарына душар болды.

Алланың [Құдайдың] сүйген құлы Құдайдың жарылқаған пендесі. Адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, *Алланың сүйген құлының бірі* боласың (Абай).

Алланың жазған парманы • Алланың жазуы *Алланың әмірі, тағдырдың жазуы, бұйрығы деген мағынада.* Шырағым, мына баланы жақсылап бақ, сені де осындай шағында баққан едім, серік болсын, бағып күт, бұл да *Алланың жазуы* шығар («Қаз. ертегі.»).

Алты айдаһар, жібек шашты • Алты айдар, қалам қас • Алтын айдар, шоқ белбеу Қисса-дастандар кейіпкеріне тән суреттеу дәстүрі, сұлулық өлшемі. Ақылың, Манат, сенің жұрттан асты. Қыз едің алтын айдар, жібек шашты. Қасқитып, күрек тісің күлімдетіп, Қылмады-ау құдай душар сіздей жасты (М.Б.). Мысал сөз алтын айдар жібек деген, Қыз едің сөз қадірін білед деген. Сөзімді гәуһар деген қош алмасаң, Сен де бір тесік тассың мірге өтпеген (М.Б.). Алтын айдар, қалам қас, Қадірге жетер замандас (ХӨ).

Алты бас айдаһар Айбарлы да, күшті, дүлей. (Бұл фраза «жеті басты жалмауыз» түрінде де айтыла береді). Ондай жағдайда, алты басты айдаһар болса да, Қоңырқұлжа, Ахметтерден өш алу оңайға түседі (І.Е.).

Аңқау елге арамза молда Қоғамдағы өзгерістерден хабары жоқ ортаны билеу, басқару оңай деген мағынада. **Аңқау елге арамза, Молда** боп жүрген сұмдар көп Бейхабар шама-шарқынан. Барлығын білем дейтұғын, Аз емес әуре-сарсаңда, Құр босқа кеулі талпынған (Базар жырау, Шығ.).

Асан қайғыға түсті [салынды] Уайым жеп отыр; күдер үзіп, торығып отыр. Саған не болды; уайым жеп, асан қайғыға түсесің де отырасың (Ауызекі тіл).

Асан қайғынды айтпай отыршы Сары уайымды айтпа, тарта берме, қайғыға салынба деген мағындағы тіркес. Қайдағы бір асан қайғынды айтпай отыршы (Н.Т.).

Атымтай (-дай) жомарт «Тай» - араб елінің руы; «һатым» - сол рудан шыққан (ескі ертегі бойынша) жомарт кісінің есімі. (Сері, қолы ашық кісі туралы айтылады). Бұрынғы уақытта Атымтай жомарттың мырзалығына ешкім жете алмаған («Қаз. Ертегі»). Сен Атымтайдай жомарт бола алмайсың,

неге десең, Атымтай туғанда он үш күндей жылап, емшек ембеді... («Қаз. ертегі»).

Аюдың өті. м и ф. Ескі наным бойынша тотемдік аңның бірі ретіндегі аюдың өтін сақтау ырымына байланысты қалыптасқан қасиетті мирас, зат ұғымы. Қабаққа біткен қайыңның Беріші еді, безі еді. Ө т і н д е й а қ а ю д ы ң Әкемнен қалған көз еді (І. Жансүгіров, Шығ. жин.).

Өзірейіл [жебірейіл] періште д і н и. Жан алушы періште.

Баба [бабай] түкті шашты әзіз м и ф. Қазақ фольклорында қолдаушы, қауіп-қатерге ұшыраған адамға көмек көрсетуші аруақ түрінде бейнеленген әулие. Байға қыдыр дарыды, суға кетіп бара жатсаң. Ілияс пайғамбар қолдайды, баланы Б а б а т ү к т і ш а ш т ы ә з і з береді, сиырды Зәңгі ата бағады, қойды Шопан ата сақтайды (Ж. Аймауытов, Шығ.). Сол Құмкенттің жанында дәл бұл күнде Құмкент совхозының қасында Б а б а т ү к т і ш а ш т ы ә з і з д і ң моласы тұр (М. Әуезов, Шығ.). Б а б а й т ү к т і ш а ш т ы ә з і з, Баламды сізге тапсырдым (Қыз Жібек).

Бабай түкті Шашты азиз д і н и. Ескі ұғымда қолдап-жебейтін әулие туралы айтылған. Бабай түкті шашты Азиз Баламды сізге тапсырдым (ҚЖ).

Бибатима [Бибібатпа] пірімнің қолы м и ф. Әйелдер науқастанғанда, босанарда, алғаш рет бір істі қолға алғанда айтатын, менің қолым емес, демеуші пірімнің қолы деп назарды басқа жаққа аудару үшін айтылатын сөз.

Бибатима [Бибібатпа] пірімнің қолы м и ф. Әйелдер науқастанғанда, босанарда, алғаш рет бір істі қолға алғанда айтатын, менің қолым емес, демеуші пірімнің қолы деп назарды басқа жаққа аудару үшін айтылатын сөз.

Бибібатпа [Бибісара] пірімнің қолы • Бибатпаға [Бибі Фатима, Қадишаға] сыйынды • Бибі Батпа пірім Ескі діни сенім бойынша, Бибатпаны (бұл сөз «Фатима» дегеннен шыққан) – әйелдердің пірі етіп тұтынған. (Бұл фразаны әйелдер науқастанғанда, босанарда демеуші кемпірлер қолданған. «Бұл менің қолым емес, Бибатпа пірімнің қолы» деп келеді. Қырғыз тілінде бұл фраза «менин колум эмес, Умай энемдин колу» деп айтылады «Ұмай ене» дегенді ескі ұғым бойынша сәби балалардың қамқоршы періштесі деп түсінген). Бір кемпір сәби балалардың қамқоршы періштесі деп түсінген). Бір кемпір басты «тәңірім, қи атпаға», Біреулер сиынды Бибатпаға. Маған жер-көк сілкініп, сатыр-күтір, Жатқандай боп сезілді қирап дала!... (С.М.). Бибі Сара піріміз, Мен бишара сорлысын, Қолынан сүйреп алмаса, Қалдым жалғыз тоғайда, Көз жасым қабыл болмаса, Бибі Фатима, Қадиша, Жақсылық назар салмаса (МЗ).

Бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс м и ф. Ертегілерде кездесетін ергежейлі кейіпкер. Менің күйеуім б о й ы б і р қ а р ы с, с а қ а л ы қ ы р ы қ қ а р ы с. Ол қазір адам іздеп, әрі малын бағып далада жүр (Қазақ ертегі.).

Бір Құдайға сыйынды д і н и. Алласына шүкіршілік етті, тәубасына табынды. Жатыр ұйықтап барша халық Бір Құдайға сиынып,, Қайғы-қасірет бәрі қалып, Шаруасы жиынып (Б.Күлеев).

Ғайып ерен қырық шілтен м и ф. Қысылған шақта демеу беретін пір. Шын тілеуім, шөберем, Сапарыңды оңдасын, Ғ а й ы п е р е н қ ы р ы қ ш і л

т е н Әулие жар боп қолдасын, Танып апсың, қарағым, Өмірлік бөртең жолдасың (Дулат Бабатайұлы, Замана.). **Ғ а й ы п е р е н қ ы р ы қ ш і л т е н** қыдыр әліксалам шылауыңнан кетпесін, – деп қол жайып берген батасынан кейін ғана құлжаны ас үйге алып кетісті (Е.Тұрысов, Құралай жолы).

Ғайып ерен, қырық шілтен м и ф. Жебеп, қолдап жүретін көзге көрінбейтін киелі бейне. Біз түгіл, өтті дүниеден Құданың досы Мұстапа, **Ғ а й ы п е р е н, қ ы р ы қ ш і л т е н**, Ойсыл қара, Зеңгі баба (А.Байтұрсынов, Шығ.). Шын тілеуім, шөберем, Сапарыңды оңдасын, **Ғ а й ы п е р е н, қ ы р ы қ ш і л т е н**, Әулие жар боп қолдасын, Танып апсың, қарағым, Өмірлік бөртең жолдасың (Дулат Бабатайұлы, Замана.). Әулиелерден медет сұрап тілерім, **ғ а й ы п е р е н, қ ы р ы қ ш і л т е н** г е аманаттарым жалғыз ұлымның амандығы (О.Бөкеев, Өз отың.)

Дәуіттің қоржынындай Діни ұғымда үш пайғамбардың (Сүлеймен, Мұса, Дәуіт) үш заты (жүзік, аса қоржын) кереметке ие болған. Ол тастың Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның асасындай, Дәуіттің қоржынындай қасиеті бар (ҚЕ).

Дәуіттің қоржынындай м и ф. Діни ұғымда үш пайғамбардың (Сүлеймен, Мұса, Дәуіт) үш заты (жүзік, аса, қоржын) кереметке ие болған. Ол тастың Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның асасындай, **Д ә у і т т і ң қ о р ж ы н ы н д а й** қасиеті бар (Қазақ ертег.).

Дәуіттің қоржынындай м и ф. Діни ұғымда үш пайғамбардың (Сүлеймен, Мұса, Дәуіт) үш заты (жүзік, аса, қоржын) кереметке ие болған. Ол тастың Сүлейменнің жүзігіндей, Мұсаның асасындай, **Д ә у і т т і ң қ о р ж ы н ы н д а й** қасиеті бар (Қазақ ертег.).

Диқан баба м и ф. Егіншілерді қорғаушы әулие. Сақыш түсінді де күліп: – Ал ек бүгін! Жақсылап ек, **Д и қ а н б а б а** жәрдемшің болсын, бисмылда алдауакпар! – деп жұртты ду күлдірді (М.Әуезов, Шығ.).

Дихан дарысын! Егіннің өнімді болсын, береке болсын деген мағынада егіншілерге, жер айдаушыларға айтылатын тілек. («Дихан» – парсы сөзі: о бастағы мифологиялық мағынасы – «жер атасы». Орта Азия халықтарында ертеде жерге бай ақсүйек, алпауытты «дихан» деген, бертінде бұл сөз «қара шаруа» мағынасына ие болған).

Екі басты самұрық құс Аңыз бойынша ерте кезде екі басты алып құс болған; ертегілерде көп кездеседі. Келе-келе бұл тіркес зорлық көрсетер күш иесінің баламасына айналды.

Екі дүние Діни ұғымда екі дүние бар деп есептейді: бірі тірліктегі кез, бұл – жалған дүние, екіншісі, адам өлгенмен кейінгі кез, бұл – шын дүние. *Екі дүниенің қайғысына, пәлесіне хауің, екі дүниенің жақсылығытына рақатың бәрі бірдей екен (Абай).* Дін де осы *шын ойласаң, тағат та осы, Екі дүние Бұл тасдиқ – хақтық досы. Осыларды бұзатын және үш іс бар: Пайда, мақтан, әуесқой – онан шошы (Абай).*

Есекқырғанды Шолпан деп Түн ортасы ауа шығыс жақтан туатын жарық жұлдыз. Есекқырғанды Шолпан деп ерте көшкен керуен барлық көлігін – есегін қырып алыпты-мыс. Содан ол жұлдыздың аты ескі аңыз

бойынша Есекқырған аталыпты. Беймезгіл у да шу, дүркірей жөнелу мағынасында айтылады.

Есімханның Ескі жолы Есімхан деген қазақ ханының атына байланысты атанып, ертеде қалыптасқан салт-тұрмыс заңы, көне дәстүр жиынтығы. Кеңгірбай, Қараменде, Құнанбайлардың айтуларынан жазылып алынған «Қасымханның қасқа жолы», «Есімханның ескі жолы»... дейтін орта ғасырдағы қазақ қауымның жұртшылық заңдарымен орыс ғалымдарын таныстырмақшы болады (Ә.М.).

Жаппар Алла д і н и. Жаратушы, жасаған. Қоштасып халқыменен жүріп кетті, Жар бол, – деп, – Ж а п п а р А л л а, өткен аруақ (Т.Ізтілеуов, Рүстем.). Келімсектер Ж а п п а р А л л а м өзі өлмейтін мәңгі тірі қып жаратыпты (С.Бердікүлов, Жұмыр жерде теңбіл доп).

Жаппар ием д і н и. Жаратушы, жан беруші. Не шара бар, жазу солай болған соң, Ол дүниеде назар салып құлым деп, Ж а п п а р и е м сапарыңды оңғарсын (С.Дөнентаев, Шығ.). Кезіндегі кейбір ақындар сияқты қуатты Құдайдан ғана тілеп, Ж а п п а р и е г е жалбарына бермей, шарап пен көк сия шөлмектерін шер тарқатар, қуат берер күш сияқты сипаттауы ол заман үшін үлкен батылдық сияқты («Қаз. мектебі»). Ж а п п а р и е м жар болып, Өзің сақта, жасаған (А.Хангелдин, Өткен күн.).

Жаппар Құдай д і н и. Баршаны бар етуші, Алла. Қасымда жолдас-жұбайым, Жар болсын Ж а п п а р Қ ұ д а й ы м (Батырлар жыры). Не пиғылымнан таптым деп, Жат қылып Ж а п п а р Қ ұ д а й д ы (Батырлар жыры).

Жаппар құл Құдайдың құлы, Құдайға жалбарынушы, пенде. Жап аузыңды жалп етек, Жалынып өскен ж а п п а р қ ұ л! Қоблаң тұрғанда, Алшағыр ма еді айдынды! (М.Әуезов, Танд.).

Жаппар Хақ д і н и. Шын қамқоршы, сүйеуші. Ашуына тығылып Көз жасы, демі буылып, Қалтыраған даусымен Деді сұлу «Ж а п п а р Х а қ!» (Б.Майлин, Шығ.). Налимын жеке отырып Ж а п п а р Х а қ қ а, Қара түн туғыздың деп біз бейбаққа, Отырған жерде жауды жоқ қылсам деп, Кей-кейде көз саламын шатыр жаққа (Бес ғасыр.).

Жаратқан Алла [Құдай, Тәңір] жар болды д і н и. *Жаратушы, жасаған жебеп, қолдады, жақтасты деген мағынада.* Құдай-ай, қайдан ұқсатқан, Көкесіне сияғын, *Жаратқан Алла жар болып, Жанды ма өшкен шырағым («Қыз Жібек»).* Жаратқанға [жасағанға] жалбарынды [жалынды] д і н и. *Құдайдан тіледі, Аллага жалынды, мінажат етті.* Жанымды жаппарға тапсырып, *жаратқанға жалбарынып* ел кезіп кеттім (*Ауызекі* тіл). Ай жүремін түзде, жыл жүремін, Күнің болар мені сағынар, Жатсаң-тұрсаң ойлап құлыным деп, *Жасағанға жылап жалынар* (Б. Күлеев).

Жаратқан жаппар Құдай д і н и. *Алла тағала, жасаған ие.* (Діни жалбарыну мағынасында айтылады). Болды ма менің ақордам, *жаратқан жаппар Құдай-ай,* Құс ұшпастың аралы («Мұңлық - Зарлық»).

Жаһаннамға кетті • жаһаннамға қамалды. Дүниеден қайтты, өлді, о дүниеге кетті, қазаға ұшырады. Мен көрдім соқыр ағаш басын иген.

Жаһаннамға кетеді оған тиген, Зәһәр деп, жас алманы дұспан тұтып, Мисыздар улы ұрмақ деп барып сүйген (С.Торайғыров). Аман-есен кетпессің, Жаһаннамға қамалмай. Алдап алған малыңның Есебіне жете алмай (Д.Бабатайұлы).

Жеті басты дәу Ертегілерге тән кейіпкер, жеті басы бар таңғажайып мақұлық. *Ең әуелі жеті басты дәу кездеседі (ҚЕ).*

Жеті бүзірік [мүдірік] әулие Жеті түрлі әулие, жеті қилы әулие.

Жеті дария [жері] Алыс, қиыр шет. Аялап, ақырын ұстап, алып ұшып, Бауырға басып алып кетсем қысып. Жерінен жеті дария арман өтіп, Апарып алтын тауда жатсам құшып (І.Жансүгіров).

Жеті қараңғы түн • Жеті түн Тастай қараңғы түн, түн іші, беймезгіл уақыт. Айнала көзге түртсе көргісіз, Жеті қараңғы түн (С.М.). «Жеті қараңғы түнде мына күймен қолға түссем, алдымен ұры деп ұрады ғой» – деп ойлады баспалдақтың жанында бұғып тұрып (Х.Е.). Кім істегені белгісіз, әйтеуір, жеті түнде, барлық жұрт ұйқыда жатқан шақта, ояз жатқан үй лау етіп өртене бастады (М.Ә.).

Жеті шәріп д і н и. 1) Кәлем шәріп, 2) Мұшқат шәріп, 3) Һидан шәріп, 4) Байтулла (һәрәм) шәріп, 5) Шам шәріп, 6) Хүдіс шәріп, 7) Бұхар шәріп.

Жолдасың қыдыр болсын Қадамыңа нұр жаусын; бақытты бол! – Қайда жүрсең, ж о л д а с ы ң қ ы д ы р б о л с ы н, қарағым, – деді Мақпал үні баяу шығып (Ш.Мұртазаев, Интернат.). Қазақтың ұлы, Олжасым! Аруақтар сені жебесін, Құдайдың өзі қолдасын, Қиын-қиын сапарда Қ ы д ы р б о л с ы н ж о л д а с ы ң (Ғ. Қайырбеков, Көнсадақ).

Жолдасың қыдыр болсын Қадамыңа нұр жаусын; бақытты бол! – Қайда жүрсең, ж о л д а с ы ң қ ы д ы р б о л с ы н, қарағым, – деді Мақпал үні баяу шығып (Ш.Мұртазаев, Интернат.). Қазақтың ұлы, Олжасым! Аруақтар сені жебесін, Құдайдың өзі қолдасын, Қиын-қиын сапарда Қ ы д ы р б о л с ы н ж о л д а с ы ң (Ғ. Қайырбеков, Көнсадақ).

Жортқанда жолың болсын, жолдасың қыдыр [қызыр] болсын Сапарға я жорыққа аттанған кісіге берер бата-тілек. – Ж о л ы ң б о л с ы н, ж о л д а с ы ң қ ы з ы р б о л с ы н! Дұшпаның жерге қарасын...- деп кемпір-шал, құрбы-құрдас бірауыздан тілеу тілеп, арбаны қоршап тұр (Ғ.Мұстафин). Ж о р т қ а н д а ж о л д а р ы ң б о л с ы н, ж о л д а с ы ң қ ы д ы р б о л с ы н («Мәдениет және тұрмыс.»).

Жүз жиырма төрт мың әнбие [пайғамбар] д і н и. Күллі пайғамбар деген мағынада. Жүз жиырма төрт мың әнбие, Баршаңыздан тілеймін (МЗ). Бәрі де өлген ойласаң Жүз жиырма төрт мың пайғамбар, Бұрынғы жаннан бірі жоқ, Өлмей тірі кім қалған (ҚЖ).

Жүсіп пен Зылихадай Бір-бірін жақсы көретін, сүйетін ғашық адамдар туралы айтылады. («Жүсіп-Зылиха» қиссасындағы кейіпкер ғашықтардың есімдерінен алынған). Қадірін кім біледі мұндай сөздің, Түсі оңбас, шірігенше мыс пен жездің. Жүсіп пен Зылихадай шын ғашықтың, Мысалы, сол сияқты сіз бен біздің (АӘ).

Зәмзәм суы (суындай) д і н и. Қасиетті, шипалы су. («Зәмзәм» – араб сөзі. Ол Меккеге барар жолдағы құдықтың аты. Аңызда оның бір тамшысын өлер алдында ауызға тамызса, «тозақ» оты жеңілдейді міс. «Зәмзәм суы» бұл жерде тәтті, мөлдір, шипалы мағынасында әсірелене айтылып тұр). Әп-зәмзәмнің суындай, Аузынан шыққан сөздері Сары алтынның буындай (ҚЖ). Осы таулардың жықпылынан сылдырап, сегіз бұлақ ағады; Айман, Қатпас, Шоқай, Мойылды, Қапар, Көшет, Малай, Кетен бұлақтарының суы зәмзәм суындай мөп-мөлдір, көкпенбек, ішсең сусыныңды қандырады, жусаң бетінді жасартады (З.Ш.).

Зеңгі баба а) м и ф. Сиыр малын қорғаушы әулие, соның иесі, пірі. Қазақ... әр түлік малдың өз алдына бөлек-бөлек «бақташы иелері» бар деп сенетін. Қойдың «Шопан ата» деген иесі бар. Түйенің «Ойсыл қара» деген, сиырдың «З е н г і б а б а» деген, жылқының «Жылқышы ата» деген «иелері» бар деп нанатын (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) а у ы с. Сиыр. Әсірепов Керімжан, З е н г і б а б а баққаның. Колхозымда көріп ем, Сүт бұлағы аққанын (К.Әзірбаев, Шығ.).

Кең Құдай д і н и. Кешірімі, рақымы мол тәңір. Ахиретке керектіні алмай, кең Құдай өзі кеңшілікпен келтіреді-дағы, мына кезі келіп тұрғанда, мұны жіберіп болмас деп (Абай).

Кербаланың шөлі Опат мекен. (Діни қиссаларда Әзірет Әлі балалары Асан, Үсеннің өлген көлі осылай жалпылық мағына алған). Әзірет Әлінің үрім-бұтағы түп-түгел шаһид боп қырылып кететін, әлгі.. Кербаланың шөлі осы емес пе? (Ә.Нұрпайісов).

Көк иесі Қамбар к ө н е. Киеліге табыну ретінде айтылады. Аллаға әуел қарағым, Екінші пірге тапсырдым, Көл иесі Қамбар-ай, Жол иесі Қамбар-ай, Қарағымға көз сал-ай («Қыз Жібек»).

Қайда барсаң да Қорқыттың көрі Қайда барсаң да, құтылмас бір бәле. (Сары уайымға түсіп, қиындықты төндірген кісі туралы да айтылады). Қайда барса да, алдынан Қорқыттың көрі шығады. Қазулы көрден, өзіне құрылған өлім торынан қайтсе құтылмақ? (ҚЕ).

Қап тауы. Қойқаптың тауы. к ө н е. Алыстық, тылсым күш өлшемі, биіктік өлшем-межесі болған мекенжай. («Қап» - араб сөзі, ұшы-қиыры жоқ, бүкіл әлемді орап алатын тау деген ұғымды береді). Басынан Қап тауының қора қылдым. Бітер деп бес мың жылқы жора қылдым. Топан су басына дамыл бермей, Қылмаса енді қора тоба қылдым. («Қаз.ертегі»). Кеудесінің кеңдігі Қойқаптың тауы сыйғандай (Ауыз әдебиеті).

Қарабайдай қаныпезер [сараң] Мейірімі жоқ, сараң адам туралы айтылады.

Қарға [қатын] бұтты қараазбан [қара кемпір] м и ф. к е н е. Дене тұрқының үстіңгі жағы мен астыңғы жағы екі түрлі кейіпте болатын жамандықтың, қара күштің иесі ретіндегі мифологиялық кейіпкер. Қара халқым, қазағым аман болсын! Тіфу, пәлекет! Бір уыс топырақ соңыңа! Өне жолың! Тарт жөніңе, көзге сүйел болмай, еркек бітті, қ а т ы н б ұ т т ы қ а р а а з б а н (Б.Аманшин, Жар мұңы). Қ а р ғ а б ұ т т ы қ а р а а з б а н

Кішімішпен жемдегем. Тартып едім ішімді Ел шетіне келгеннен («Едіге»). Едіге Нұралыға айтты: Бұл тау – Тоқтамыс ханның қарауыл қарайтұғын тауы. Күндік, түстік жерде, – деді, – Тоқтамыстың қ а р ғ а б ұ т т ы қ а р а к е м п і р і осы қара таудың басына торғай қонса да көретұғын («Едіге»).

Қоңыр аң м и ф. Киелі аң. Тау тағылары, дәстүрлі түсінікті белгілі уақыт өткен соң өлген адамның қайта жанданған рухы арқар, бұғы, тау ешкі, елік қатарлы тағыларға көшеді, оларды қоңыр емес киелі аң деп атайды. “Мұндай киелі аңдарды қазақта “Қ о ң ы р а ң,” “Құдайдың малы” деп сенген (Қаз. әдет-ғұрып.). Бұл кезде елік, күдір сияқты қ о ң ы р а ң д а р етекке, ұсақ адырлы тепсеңге түседі (С.Бегалин, Шығ. жин.).

Қордың [қызы] қызындай д і н и. Жұмақтағы (пейіштегі) ең сұлу қыз деген мағынада. Бас жағымда ертегіде айтылатын қ о р д ы ң қ ы з ы н д а й қаздыған бойы бар бір сұлу отыр (Ж.Жұмақанов). Лизочка, қандай көріктісіз. Сіздей қ о р д ы ң қ ы з ы, атақты адамның қызы осындай далаға келе ме? – деді Кулебакин (С.Ерубәев).

Қорқыт [-тың] көрі Жаманшылық, сәтсіздік деген мағынада. Сондағы қоштасуымның екі ауызы қазір де есімде: Сен де аман бол, Сарысу, Қаратауым, Жеңе алмадым, Қоқанда кетті дауым. Қорқыт көрі алдымда қазулы екен, Ақырында, мінекей, жеңді жауым (І.Е.). Алдында қазулы Қорқыттың көрі, артында қуалаған бейнеттің соры деп түңілген екен сол шақта (ҚЕ).

Қорқыт атам қобызындай Зар илеу, сарнау мағынасында айтылады. Надандықтай жартасты соқ, қалсын жартас қаңсылап! Қорқыт атам қобызындай, Талмай тартып күйінді (Ғ.М.).

Қорқыттың зары м и ф. Киелі қобыздың үні (немесе Қорқыт әулиенің өз зары, мұңы). Шықпаған кеудесінде шыбын жаны, Қасықтай кеуіп, бітіп қалған қаны: Аяндап, аруақ боп Алтайына Күңіреніп, қайтты Қ о р қ ы т, жерді з а р ы (М.Жұмабаев, Шығ.).

Қорқыттың қазулы көрі м и ф. Қайда барса да бейнет пен азап, итқорлық. Неғылса да мені бір қырсық айналдырды биыл. Қайда барсам да Қ о р қ ы т т ы ң қ а з у л ы к ө р і үңірейіп алдымнан шыға келеді (А.Нұрманов, Құлән.). [Ол] Қайда барса да алдынан Қ о р қ ы т т ы ң қ а з у л ы к ө р і шығады (Қаз. ертегі.).

Құдай [Құдай басқа] салмасын! д і н и. *Тәңір бақа жазбасын, душар етпесін. Құдай басқа салмасын,* сен секілді Желмен жерге тығылып, жар сүзбекті (Абай).

Құдай [Құдай тағала] мүсіркеді [есіркеді] д і н и. *Жаны ашыды, аяды жар болды.* Ел қамын ойлар артымда тұяғым жоқ па деп қынжылатын едім. *Құдай тағала мүсіркеген* екен. Мұнына да шүкір (І. Есенберлин). Сен мені есіркесең, *балам,* сені *Құдай есіркеген,* Құдайдан қайтсын жақсылығың! (Ауызекі тіл).

Құдай [тәңір] тілеуің берсін! д і н и. *Мақсатыңа жет, ойыңдағың орындалсын, жолың болсын* деген мағынадағы алғыс. Мынау аяз қойды ғана

қинап тұрған жоқ. Өстіп, міне, өзімізді де арқадан бүріп бүрсендетіп тұр. Қолдарыңнан келсе, *Құдай тілеуің берсін*, осы бүгін оралыңдар (М. Әуезов).

Құдай абырой берді. д і н и. Иіні келіп, сәтін түсірді. *Құдай абырой берді*, сәл кешіккенде, суға кетіп қалатын еді (Ауызекі тіл).

Құдай айдады д і н и. *Өздігінен келді*. Түрегел, барайық, сен қағаздарын көр. Бұл *Құдай айдап* келген олжа ғой. Бізге не қылады (С. Сейфуллин).

Құдай алды д і н и. *О дүниеге әкетті; құрыды*. Өзі жаратқан пендесін *Құдайдың* өзі алды, жылама, күпірлік етпе! (Ауызекі тіл).

Құдай артының жақсылығын берсін! д і н и. *Өлген кісінің үй ішіне ескіше көңіл айтудың түрі. Құдай артының жақсылығын берсін, шырағым*. Құдай берем десе, баласы жоқ па, үмітсіздік шайтанның ісі (Ауызекі тіл).

Құдай атқан [атты] д і н и. *Ант ұрған, оңбаған деген мағынадағы кейіс сөз*. Соқыр қариды *Құдай атты*. Маған қас ойлағаны үшін, «Кәлем шариф» ұрды, – деп сүйсініп қалды (М. Әуезов). *Құдай атқан* қу молда, Берекенді ұшырып, Кетірейін пұстыңды (Жамбыл).

Құдай атымен ант ішті д і н и. *Қарғанып, серт берді*. Ол ханның сықағын естіп, бұл хан әбден ыза болып: - *Құдай атымен ант ішемін*, осы істерді істеген қу кім болса да, кінәсін кешемін, маған келіп мәлім болсын, - дейді («Қаз. ертегі.»).

Құдай басқа салды д і н и. *Тағдырдың ісіне, амалсыз шараға мойын ұсынды*. Мен сырымды сізге айтайын, *Құдай басқа салған соң*, Сізге айтпай қайтейін («Қыз Жібек»).

Құдай берген Жасаған ие жарылқазған, тәңір берген. Міндім де жасыл қоңыз сона кудым, Басынан мұнар төбе сағым будым. Дәулеттің *Құдай берген* арқасында Қанменен көйлегімнің кірін жудым («Қаз. ертегі.»).

Құдай берді [берсе] д і н и. *Жолы, дегені, ойлағаны болды*. Аз уақытта Ербол қайта кеп, Абайды қолынан алып сыбырлап: - *Құдай берді!* Асылбек бүгін үйде жоқ екен! Қазір соның отауына кіреміз! - деді (М. Әуезов).

Құдай бетін көрсетпесін! д і н и. *Көрмегенім сол болсын, жолата көрме*. Оның зұлымдығы әркімнің-ақ шымбайына батты, *Құдай* оның бетін көрсетпесін (Ауызекі тіл).

Құдай бұйыртпасын! қ а р ғ ы с. Жақсылық көрмесін, тәңір жарылқамасын.

Құдай бұйыртса д і н и. *Нәсіп айдаса, тәңір жазса*. Біздер *Құдай бұйыртса*, сол жыланды өлтіріп, бұл қызды және қаланың адамдарын бұл жыланнан құтқарып аламыз («Қаз. ертегі.»).

Құдай білсін *Неғайбіл, белгісіз*. Оның келер, келмесін *Құдай білсін* (Ауызекі тіл).

Құдай бір, пайғамбар хақ д і н и. Діни ұғым бойынша, дінге сенімді уағыздаушының «Алла деген біреу, пайғамбардың барлығы шын» деген қағидасы.

Құдай жарылқады [иді, ондады] • Құдай жарылқап [иіп, ондап, қалап] д і н и. *Жолы болды, ісі оңға басты; сәті түсті*. Сыздықтың *Құдайы жарылқады*, Әбен болып қарнын қампита, аузын салақтата, қойқаң-қойқаң

жүреді (Ғ. Мұстафин). *Жарылқап* не береді, *Құдай* маған, Жақсы боп қайта тумас анау жаман. Менін барлық тілегім жалғыз сенсің, Бақытты өмір бергей де тәңірім саған (С. Торайғыров). Бас иіп айдынына ауыл-аймақ, Қоясың қоғамыңды жіпсіз байлап, *Құдай иіп* құлқынға түсе қалсаң, Есілдей есіп, шалқып, алақайлап! (С. Торайғыров).

Құдай кешсін! д і н и. Аллаһ жазғымасын, тәңірім кешірсін. **Асылық болса,** Құдай кешірсін (**Ауызекі тіл**).

Құдай қаласа [Құдай қосса] д і н и. *Алла сүйсе, сәті түссе, жол болса* «*Құдай қаласа, бай-мырзаның бір сәйгүлігі біздің тақымға түскен шығар*» деп ойлап, Судыр Ахмет мұртынан күліп қойды (Ә. Нұрпейісов). Кетермін *Құдай қосса* қызыңды алып, Бола бер бұл сөзіңнің ізінде анық. Деген соң Мәһрабтың көңілі тасып, Көркейіп кетті жүзі қызылданып (Т. Ізтілеуов).

Құдай құлқын алды д і н и. *Пейілін тарылтты, аранын ашты, ашкөз етті.* Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың, Оның да алған жоқ па *Құдай құлқын,* Бірлік жоқ береке жоқ шын пейіл жоқ, Сыпырылды байлығың, баққан жылқың (Абай).

Құдай сақтасын д і н и. *Алла жар болсын. Құдайдың өзі сақтасын,* адам жүрер жер емес екен (**Ауызекі тіл**).

Құдай салды, мен көндім *Басқа туған күн болса, өз мойнымен көтерем; тәңірім жазса, өз пешенем деп білем.* Сен екеуміз атқа жүруге мықты болушы ек. Бірақ даңғыл қара жол болса, бетті түзеп қойып, әйтеуір, «*Құдай салды, мен көндім*» деген ұзақ-сонар, қара жортуылға тәуір едік, - деп Ербол қалжың айтты (М. Әуезов).

Құдай сүйер қылығы жоқ *Қылыш теріс, мінезі шәлкестеу адам жайлы айтылады.* Рас айтасыз, Абай, бұ қаланың Есберген, Кәріпжандай саудагерлерінің де *Құдай сүйер қылығы жоқ.* Қырдың момын керуені кездесе, «*Құдайға қарайық*» деп біз де тұрмаймыз деп қалжың айтқан (М. Әуезов).

Құдай табады *Тәңір жазғырады.* Момынның есебін қу табады, қудың есебін *Құдай табады* (Мақал).

Құдай тапсын! д і н и. *Жасаған ие жазаларыңды берсін!* Осы отырған қалың би, сендерді *Құдай тапсын* (М. Әуезов).

Құдай тас төбеннен ұрғыр! • **Құдай ұрғыр [жазаңды бергір, жүзін көрмегір, сілегір, қарғағыр]!** қ а р ғ ы с. *Алланың қаһарына ұшырағыр, тәңір атқыр!* Шық көрінбе көзіме, қуарған. *Құдай төбеңнен ұрғыр!* Тек төбеңнен *Құдай ұрсын.* Айуан шошқа! - деп айдап шықты (М. Әуезов). Бай қартайса, малына берер шылбыр, Мал өмірді жаңғыртпас, *Құдай ұрғыр.* Біреудің қызын алып, малға сатып, Баяғыны іздеген қандай құрғыр (Абай). Дәл Абайлар кіре бергенде, Байдалы бір кішкене кара пұшық қызды май құйрықтан шапалакпен ұрып: «*Құдай сілегір, кетші былай, Құдай сілегір! Тыныштық бермедің ғой сен-ақ!*» – деп, жылатқан бойында, итеріп тастады (М. Әуезов).

Құдай тілеуінді бермесін! қ а р ғ ы с. Үмітің ақталмасын деген мағынада.

Құдай ұрды Қырсық шалды, тәңір атты. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, *Құдай ұрады* (Абай).

Құдайға ақсарыбасын айтты [атады] д і н и. *Тәңірді атап мал садаға берді.* (Ауырған кісінің айытуына, не сапар шегіп кеткен адамның есен-аман оралуына, т.б. құрбандыққа мал атау ұғымын білдіреді). Мен Абайға кінә қойдым. Елде қатын-бала сені уайымдап, түн ұйқысын төрт бөліп, *Құдайына ақсарыбасын айтады...* Сен болсаң, шалжиып жатқаның мынау, – деді (М. Әуезов).

Құдайға жалбарынды [жалынды] • Құдайға құлшылық қылды [етті] д і н и. Аллаға жалбарынып, рақымын тіледі. Құдайға құлшылық етуден *не береке табасың?* (Ауызекі тіл).

Құдайға сиынды д і н и. *Жаратқан иенің қолдап, қуат беруін тіледі.* Құр, тек, *Құдайға сиынғанша*, екі қолына, қуатына сиынсаң нетті, жазған (Ауызекі тіл).

Құдайға тапсырды д і н и. *Тәңірдің бір өзінің қарауына тапсырды, аруаққа тапсырды.* (Есен-аман болуға тілек білдірді). Төлеген сонда сөйледі: «Мен Жайықтан қайтқанша, Жүзінді есен көргенше Ата- анамды, мал-жанды *Тапсырдым Алла Құдайға*» («Қыз Жібек»).

Құдайдан қайтсын! д і н и. *Қайыры тәңірден қайтсын.* (Қылған жақсылығыңның есесін Құдай қайырсын деген мағынадағы айтылар тілек). Бізден қайтар демеймін, лайымда *Құдайдан қайтсын* (С. Мұқанов).

Құдайдан мойнына бұршақ салып сұрап [тілеп] алды • Құдайдан тілеп [сұрап] алды д і н и **Құдайға мал, жан атап жүріп тапты.** Жамал қыз ед, қыздың Шолпан жұлдызы ед, Шашы қолаң, қасы қара құндыз ед. *Бұршақ салып тілеп алған Құдайдан*, Есекеңнің ұл қып сүйген бір қызы ед (І. Жансүгіров).

Құдайдан сұрап алған жалғызы д і н и. **Әлпештеген сүйіктісі.** Біреу ашу үстінде тентек ұлына «қарғайын десем жалғызым, қарғамайын десем жалмауызым» деген екен. *Құдайдан сұрап алған жалғызына* дөнеңе дей алмағаны ғой (Ауызекі тіл).

Құдайды құлағынан ұстады Масайрады, көкіді. **Я, ол Құдайды құлағынан ұстадым деп жүр ғой (Қ. Жармағамбетов).**

Құдайдың [құданың] құдіреті д і н и. *Алланың әмірі, тәңірдің күші сияқты діни ұғымды білдіреді. Құданың құдіреті,* сендер бір жайсыз уақытта келгендерінді қарашы. Басқа уақыт табылмағандай, нағыз қауырт уақытында кеңсе шақыра қойыпты, – деді Төлеубаев (М. Иманжанов).

Құдайдың ала танасын ұрлаппын ба? к е й і с. Тәңірге не жазыппын, еш кінәм жоқ деген мағынада.

Құдайдың зарын қылды [Құдайға зар етті] д і н и. *Безек қақты, шыр-шыр етті, азар да безер болды, зар иледі. Шыдай-шыдай* келіп ем, көзім жетейін деді ғой. Осы тұқымды екпейік деп, *Құдайдың зарын қылмап па ем?* – деді Сәрсек (М. Әуезов).

Құдайдың кенже ұлындай *Құдайдың өзі мұра еткендей. Ерке Құдайдың кенже ұлындай* боп, кара жер мен көк теңізді қоса билеп отыр (Ә. Нұрпейісов).

Құдайдың қазанына симе! Қырманды былғама, қырманды балағаттама деген мағынада айтылады.

Құдайдың құлағы сүйсінсін деп Істеген ісі ұнасын, қылығы жақсын деп, жұмысы көңілге қонсын, риза болсын деп.

Құдайдың құтты күні *Күн сайын, әр күні, күнде.* Бәтестен хат келмегелі *Құдайдың құтты күні* почтаға барам, кей күні *әлденеше* рет барам, бірақ хат жоқ (С. Мұқанов).

Құдайдың салғанын көрді д і н и. *Пешенесіне жазғаны болды.* - Балам, бекем бол! *Құдайдың салғанын көрерсің!* – деп, қызын жұбатпақ боп отырып, көңілшек шал қосыла жылады (Ә. Нұрпейісов).

Құдайы қонақ *Жол-жөнекей түскен қонақ, кездейсоқ келіп қалған жолаушы.* Мен білмейтін байың жоқ, Қайыры жоқ малынан, Зекеті жоқ жанынан Байдың несін мақтайсың? *Құдайы қонақ* келмеген, Бір аяқ, ас бермеген, Бөтен түгіл, өздері Мал рақатын көрмеген (Н. Байғанин).

Құдайы қылды д і н и. *Құрбандыққа мал шалды, садақаға мал, дүние атады.* Ақ Айман әлде айла, ақыл тапты, Көңілімді алпыс күнге жабырқатты. Айманға аман-есен жолықтырса, Шалар ем *Құдайы қып* кара ала атты («Айман-Шолпан»).

Құдайын ұмытты *Асқақтады, кеудесіне нан пісірді, көкіді.* Асқан екен Құнанбай баласы. *Құдайын ұмытқан* мына Құнанбайлар. Ит болайық, енді қыбырламасақ! – деп Оразбай қанын ішіне тартып сөйледі! (М.Әуезов).

Құдая тоба [тәуба] д і н и. *Түңілуде, не ашу үстінде, не көңілі жай тапқанда айтылады.* Сен күшік не деп оттап тұрсың, а! – *Құдая тәуба!* Қанден қатты састы, Құты қашты (С. Сейфуллин).

Қыдыр баба м и ф. Қолдаушы аруақ, демеуші әулие. – Аумин! – деді Құрбан орнынан ытып тұрып. – Жортқанда жолың, Қ ы д ы р б а б а жолдасың болсын деңдер (Р.Райымқұлов, Түйелі адам). Көрсетпек болды Дотан бір қайратты, Қаракөк мініп алды тұлпар атты. – Я, Алла, Қ ы д ы р б а б а м, медет қыл деп, Ер Дотан көп қалмақты қуып кетті (Батырлар жыры).

Қыдыр дарыды [шалды, орнады, қонды] Бақ қонды, ісі ілгері басты. Ақыры үміт үзілуге айналғанда, тұрмыс құрғандарына бес-алты жыл толғанда, қ ы д ы р д а р ы д ы (М.Мағауин, Бір ата.). Кейбіреу қ ы д ы р д а р ы п, қараса бақ, Бейне бір осы айтылған – Көлеңке нақ. Қайрылмай қарағанда бақ-дәулетке, Артынан қуалайды қайтарып ап (А.Байтұрсынов, Шығ.). Атамды ш а л ғ а н қ ы д ы р Абылайдан, Жақсының көңілі жұмсақ сары майдан, Шөл жыланы түстенген сары жігіт, Сұраймын руыңды келдің қайдан (Айтыс). Әсіресе, «қалың қарауылдың қ ы д ы р о р н а ғ а н ордасы» – Шөбек балалары (М.Жұмабаев, Шығ.). Жарға жетсем болғаны, Суалған көңіл толғаны. Басыма қ ы д ы р қ о н ғ а н ы, Ақсамдағы миллион жыл! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.). Үйге кір, құдайдың пендесі, табалдырығын аттаған үйіңе қ ы д ы р қ о н с ы н (Ә.Әлімжанов, Махамбет.).

Қыдыр қонған м и ф. Қыдыр дарыған, берекелі. Жиюшы ең жәрмеңкеде қойды мыңдап, «Ақша бар, – дейді ғой жұрт, сенде бір қап» Сол ақшаң жетер!.. Қ ы д ы р қ о н ғ а н малды, Құрытпа, тілімді алсаң, түнде ұрлап! (С.Мұқанов, Шыңнан.). Мен өзім әрі баймын, әрі молмын, Әуелден қ ы д ы р қ о н ғ а н шалқар көлмін. Айтайын төрт уезден құтым санап, Төрт-төрттен сегіз уез берген балап (Айтыс).

Қырманына қыдыр дарысын Астық берекелі болсын, түсім мол болсын деген мағынада айтылатын тілек.

Лә иләһа иллә Алла д і н и. Мұсылманның Құдайға құлшылық ету ишараты, бұл араб фразасы: «Бір Алладан басқа Құдай жоқ» деген ұғымды білдіреді. «Лә иләһа еллә Алла!» – деп, Ашып едім бұл өмірдің есігін... (Ғ.Мүсірепов).

Нұқ пайғамбардың кемесіндей д і н и. Бұл жерде қатер дариясында қалу деген мағынада. Адам баласының келешегі тұйыққа тіреліп, топан су ортасында Нұқ пайғамбардың кемесіндей бір талшық іздеп тұра ма? (Ә.Н.).

Нұқ пайғамбардың кемесіндей м и ф. Бұл жерде қатер дариясында қалу деген мағынада. Адам баласының келешегі тұйыққа тіреліп, топан су ортасында Н ұ қ п а й ғ а м б а р д ы ң к е м е с і н д е й бір талшық іздеп тұра ма (Ә.Нұрпейісов.).

Нұқ пайғамбардың кемесіндей м и ф. Бұл жерде қатер дариясында қалу деген мағынада. Адам баласының келешегі тұйыққа тіреліп, топан су ортасында Н ұ қ п а й ғ а м б а р д ы ң к е м е с і н д е й бір талшық іздеп тұра ма (Ә.Нұрпейісов.).

Он сегіз мың әлем [ғалам] Жер жүзі, барлық әлем. Жаратушы құдайым, Өзіңді тілге алайын. Алымдар айтқан кітапта, Он сегіз мың әлемнің Біледі дейді әл-жайын (М.Сұл.). Он сегіз мың ғаламды жаратыпсың, Мекен-мекеніне таратыпсың (Б.Ж.). Көңілін ханымыздың сұраймыз деп, Ғаламнан он сегіз мың жан аттанған. Қасқайып қабақтары қарашыңның Той қылып ойда-қырда сантатталған (Ш.Ж.). Он сегіз мың бұл ғаламның, Бар тынысы күнде тұр. Мен сықылды сорлы адамның Ықтияры сенде тұр (Абай).

Пайғамбардың (Алланың) жолындамыз д і н и. Пайғамбар ұстаған дін жолында; мұсылманшылық шарттарын бұзбай, дін ұйғарған жөнмен жүрді деген мағынада. Алланың, пайғамбардың жолындамыз, Ынтамызды бұзбастық иманымыз. Пайда, мақтан әуесқой – шайтан ісі, Кәні, біздің нәпсіні тыйғанымыз? (Абай).

Пайғамбардың жасына келген кісі • пайғамбар жасында д і н и. Шашына ақ кіріп қартая бастаған кісі; жасы алпыстан асқан кісі. (Діни әдебиетте Мұхаммед пайғамбар 63 жасқа келіп өлген, ал осы жас мұсылмандарда «киелі» болып есептеледі. Осы наным «пайғамбар жасына келді», «пайғамбар жасынан асты» деген жас өлшемін туғызған). Пайғамбар жасындағы түрі мынау. Бала кезінде қандай болды екен? Анасы сорлы ошакқа түсіріп, отқа құлатып алмай, қалай өсірді екен десейші (Ә.Нұрпейісов).

Пәрмені күшті Құдай-ай д і н и. Құдіретті күшті жаратқан деген мағынада. («Пәрмен» – араб сөзі; жарлық, бұйрық мағынасында). Пәрмені күшті Құдай-ай, өзің есіркеп, рахметінді төкпесең мына пендеңнің күні қараң! (Ауызекі тіл).

Пәруардігер жар болды д і н и. «Жаратқанның», жасағанның өзі қолдады. Пәруардігер жар болса, Алыс жолға барамын («Қыз Жібек»).

Пері қақты [шалды, соқты] Жынданды, есі ауысты. Әкім жаман қорықты, ауылда п е р і қ а ғ ы п т ы деген ауруды жұрт жиі айтушы еді, өзінше солма деп ойлады (К.Қазыбаев, Ызғар). – Тілі күрмелген... – Не дейді?.. П е р і ш а л ғ а н ба? (З.Шашкин, Өмір.). Егер ми зағып болса, яки зиянданса, адамның жан тұрмысы дұрыс болмайды. Мидың белгілі бір жері зиянданса, адамның қол-аяғы қозғалмай қалады, яғни “паралич” болады. Мұны біздің қазақ п е р і с о қ қ а н дйді (М.Жұмабаев, Шығ.). Жігіттің ыңыранған үні шықты, Дәл сегіз күн дегенде тілі шықты. Жын ұрды, п е р і с о қ т ы деген адам, Жазылып ел көргендей жігіт бопты (К.Әзірбаев, Танд. шығ.). Қолында сіріңке, екі көзі төбеде, п е р і с о қ қ а н кісіше алақтап келеді (Ғ.Мұстафин, Өмір.).

Пері қақты [шалды, соқты] Жынданды, есі ауысты. Әкім жаман қорықты, ауылда п е р і қ а ғ ы п т ы деген ауруды жұрт жиі айтушы еді, өзінше солма деп ойлады (К.Қазыбаев, Ызғар). – Тілі күрмелген... – Не дейді?.. П е р і ш а л ғ а н ба? (З.Шашкин, Өмір.). Егер ми зағып болса, яки зиянданса, адамның жан тұрмысы дұрыс болмайды. Мидың белгілі бір жері зиянданса, адамның қол-аяғы қозғалмай қалады, яғни “паралич” болады. Мұны біздің қазақ п е р і с о қ қ а н дйді (М.Жұмабаев, Шығ.). Жігіттің ыңыранған үні шықты, Дәл сегіз күн дегенде тілі шықты. Жын ұрды, п е р і с о қ т ы деген адам, Жазылып ел көргендей жігіт бопты (К.Әзірбаев, Танд. шығ.). Қолында сіріңке, екі көзі төбеде, п е р і с о қ қ а н кісіше алақтап келеді (Ғ.Мұстафин, Өмір.).

Пері мінді Періні ырқына бағындырды, көндірді. Қойлыбай жын жүгендеп, п е р і м і н ғ е н, Алдында жорғалаған шашты шайтан. Қойлыбай қобыз алса-ақ қалбалаңдап Қақаман жетіп келеді әлдеқайдан (М.Жұмабаев, Шығ.).

Перінің салқыны тиді Жын ұрды, есуас болды. – Құлтай ағайға п е р і н і ң с а л қ ы н ы т и ғ е н дейді қойда жүргенде, әйтеуір ауруын емдетті (Е.Оразақов, Қайта соқ.).

Періште аузына салды Жөн сөйледі дұрыс айтты. Бара да қоймас, ұзай да қоймас сендерден, Сендермен бірге тағдырын тәңір тең бөлген. Өз атын өзі ұрандағанның несі айып? А у з ы н а с а л ы п п е р і ш т е шығар дем берген (М.Мақатаев, Шығ.).

Періште қақты Құдай сақтады, оңдады. П е р і ш т е қ а қ т ы ма, әйтеуір бір жазымнан қалдым (К.Ахметбеков, Ақдала).

Періштеден таза Кіршіксіз, пәк, адал. Басында жас бала едің сен. Ойың бұзымаған, көңіл! П е р і ш т е д е н т а з а едің сен. Қиянат қылмаған, көңіл! (Ш.Құдайбердиев, Шығ.).

Періштенің құлағына шалынсын д і н и. Айтқаның келсін, тілегің орындалсын деген мағынада. Айтқаның келсін. Осы сөзің п е р і ш т е н і ң к ұ л а ғ ы н а ш а л ы н с ы н (Қ.Байсейітов, Беу қыздар-ай). – Ілайым, сөзің п е р і ш т е н і ң к ұ л а ғ ы н а ш а л ы н с ы н. Жердің сәні су ғой, сонсын айтып отырмын (Ә.Сараев, Бозқырау).

Періштенің құлағына шалынсын діни тілек. Айтқаның келсін деген мағынада. Періштенің құлағына шалынсын, шырағым. Аузына май, астыңа тай, – деді (Ауызекі тіл).

Пырақ мінді / пырақты дүлдүлін мінді / дүлдүлімен ұшты / пырақтың жел жетпесін мінді [мініп ұшты] д і н и. Пырақ-періштелер (Бұл жерде періште ат, періштелер мініп жүретін ат мағынасында). Ақ жүзінді көргенше Аман болғын, Мұңлығым. Шөлдің тарттым жырағын, Шілтендер мінер пырағын және айналып келгенше («Мұңлық-Зарлық»).

Пір тұтты Бұл жерде ақын мейлінше құрмет ету, бас иіп, өзіне үлгі ету мағынасында қолданылып отыр. Қазақта ақын бар ма Сүйінбайдай? Сөздері таудан тасқын құйылғандай. Білмеймін қайда барын күшті аруақтың, Пір тұттым Сүйекемді сиынғандай (Ә.Тәжібаев).

Пірге қол берді м и ф. а) Пір тұтты, жолын қуды. а) Пірге сыйынды, жалбарынды. Әулиеге дем берген, Айтар сөзге ем берген. Жеті өлікке жан берген, Жеті п і р г е қ о л б е р г е н (С.Сейфуллин, Шығ.). ә) Жолын қуды, пір тұтты. Кейбіреуі – законшік, Оңдырмасып, берсе арыз. Кейбірі п і р г е қ о л б е р г е н, Іші залым, сырты абыз (Абай, Тол. жин.).

Сайтаны [шайтаны] ұстады Жыны қозды, ашуы келді. Сен жоқ жерде қатынды сонша меншіктеніп, сені Балуан Шолақтың сонша басынғанына сайтаным ұстап кетті (С.Мұқанов).

Сайтанын [шайтанын] қақты [басты] Жуасытты, желігін тыйды. Төре сайтан болғанда көп періште Бір сайтанды қаққандай пері емес пе? Жазы-қысы жегенің ұрлық еті, Бұл жегенің боқпенен тең емес пе? (Сүйінбай).

Сегіз бейіш (жұмақ, ұжмақ, ұшпақ) д і н и. "Күнәсіз" жан- дар о дүниеде мекен ететін жай, онда барғандар хор қыздарын, аруларын сүйеді- міс. Кез сипатын қарасаң *Сегіз бейіш* ішінде Хорлардың жаққан шырағы (ҚЖ). Жолшора өзің атың, әкең Қамай, Параны бұрап жедің елден талай. Алдында *сегіз жұмақ*, отыз тозақ, Барарың қайсысына екі талай (Ш.С.).

Су аяғы – Сүлеймен. м и ф. Су біткеннің бәрі құятын ең алыс жер. С ү л е й м е н – с у а я ғ ы Көкше теңіз, Өсімтал байдың малы табады егіз (Базар жырау, Шығ.).

Су иесі Сүлеймен • Су Сүлеймені • Су патшасы Сүлеймен д і н и. Ескі сенім бойынша су пайғамбары деген ұғымда. Алысқа барып, түнде суға түспес болар, су иесі Сүлеймен суға тартып кетеді (АТ).

Су иесі Сүлеймен м и ф. Мифтік наным бойынша судың пірі, жебеушісі. Алысқа барып, түнде суға түспес болар, с у и е с і С ү л е й м е н суға тартып кетеді (С.Торайғыров). – Кім болушы еді. С у и е с і С ү л е й м е н де! – деді киіктің шүкейтіндей жылтың қара («Қаз. әдеб»).

Тасаттық берді діни. миф. Көктен жаңбыр тілеп, құрбандық шалып, садақа берді. **Тасаттық беріп** сол халық, Жалынды шулап «жаңбырлап!» Құдайға арыз жолданып, Қазан-ошақ қаңғырлап (Ж.Молдағалиев, Жес).

Тәңір ием діни. Жаратушы, жасаған, Құдай. Сол себепті **Тәңірі ем** әр дертін жіберумен бірге шипасын да жаратқан (М.Әуезов, Таңд. шығ.).

Тәңірден тап! қарғыс. Жазанды Құдай берсін деген мағынада.

Топан су Ескі діни ұғым бойынша «жер жүзін сел басу» мағынасында айтылады. («Топан» – парсы сөзі, тасқын, сел). Әне, топан суы дүние жүзін қаптап, сыр әлемді ағызып, жердің жеті қабат астына түсірген (З.Шашкин).

Түйе бойына сеніп жылдан құр қалыпты [қалған] миф. Күшіне сеніп, алаңсыз болам деп істен немесе басқа да пайдадан бос қалма деген мағынада [көне аңыз бойынша жыл атауы болуға басқа аңдармен таласқан түйе, атып келе жатқан күнді көрмей ұйықтап қалып, жыл атауына енбей қалғаны туралы аңыздан қалған сөз]. Тілдің жойылуы мүмкін деп қауіп айтқан ақылман адамдар бос байбалам салып жүрген жоқ. Ел болып осы істі қолға алмасақ, бойына сеніп жылдан құр қалған түйе секілді, тәуелсіздігімізге сеніп жүріп тілімізден айрылып қаламыз. Әлем Қазақстанды алдымен Назарбаев арқылы таныды. Алдымен Президентімізді мойындау арқылы елімізді де мойындады. Бұл – шығар күндей шындық. Мұны көрмеу – көрмес түйені де көрместің кебін кию («Егемен Қазақстан»).

Түлен ата, түрте көр! Мал жоғалғанда айтылатын тілек.

Түп иесі діни. О баста жаратушы. Мекен берген, халық қылған, ол лә мәкан, Түп иесін ойламай бола ма екен? Және оған қайтпақсыз оны ойламай, Өзге мақсат ақылға тола ма екен? (Абай).

Хақ дидарын көрді көне. Діни сенім бойынша, Алла тағаланың шапағат, рақымын көру мағынасында айтылып тұр. Хақ дидарын көрерсің, Ақырет қамын қылғаның, Өлшеулі күнің жеткен соң, Бұйрық дәмің біткен соң (Шортанбай).

Хақ тағала көне. Құдай, тәңірінің лауазымы. Қаж болса біздің қазақ болды дейді, Көкірегі иманмен толды дейді, Басқадан сұрамай-ақ хақ тағала, Рақаттан ашар бұған жолды дейді (М.Қалтаев).

Хаққа жарады көне. Тәңірге ісі жақты. Хақиқат туралықпен атақ алған, Қызметі Ғали, Жәнәп хаққа жарап, Арналған тап өзіне бір тіл бітіп, Сөйлейді сонда қалам маған қарап (М.Қалтаев).

Хаққа тапсырды көне. Тәңірге аманат етті. Шалажансар жанымды, Адыра қалған малымды, Жас уыздай жарымды, Жалғыз хаққа тапсырдым (Б.Күлеев).

Хақтың жазуы көне. Бұйрықты іс, Алланың жазмышы деген мағынада. Келмес, келмес, енді көнбес, «Кел» дегенге көзсіз ер, Хақтың жазуы солай, Тағдырға кім өкпелер (Б.Күлеев).

Шолпан (жарық жұлдыз) туа Таң алдындағы мезгіл.

Шық бермес Шығайбай • шық татырмас Өте сараң кісі туралы айтылады. (Ертеде «чығай» түркі тілдерінде кедей, әрі сараң мағынасында

айтылған; «шық» атала көже мағынасын білдірген. «Шығайбай» – ауыз әдебиетте сараң бейнесіндегі кісі аты). Жер еңбексіз, еріншекке шық бермес Шығайбай тәрізді қатты, түк бермейді. Жер еңбеккерге елжіреген ас, еріншекке – тас (Ө.Тұрманжанов).

Шілтен з а т. м и ф. Желеп-жебеп, қолдайтын киелі бейне. Босатқан шілтен болса сізді анық, Құрметін ғашықтардың есіне алып. Көз жасы мазлұмдардың қабыл болып, Өлімнен құтылармыз аман қалып (Бабалар сөзі).

Шілтеннің тиіп шылауы м и ф. Желеп-жебеді, батасы тиді. Бала берсе тезінен, Пірлердің бітсе демінен, Шілтеннің тиіп шылауы Артылып туса өзімнен! (Ақтамберді).

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абылқасымов Б. Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 192 б.

2. Адилова Г. Қарақалпақстан қазақтарының тіліндегі әдет-ғұрып лексикасы // Тілтаным. 2002. №1. – 105-110 бб.

3. Ажигали С. Е. Религиозность и обрядность сельчан Казахстана в ближайшей ретроспективе: Жетысу, середина 80-х // Обычай и обряды казахов в прошлом и настоящем. Сборник статей. – Алматы: Ғылым, 2001. С.35-98.

4. Айдаров Т. Қазақ тілінің лексикалық ерекшеліктері. – Алматы: Мектеп, 1975. – 184 б.

5. Айтазин Қ. Кәсіби лексика мәселелері. – Алматы: Арыс, 2000. – 112 б.

6. Акатай С. Древние культы и традиционная культура казахского народа. – Алматы: КазНИИКИ, 2001. – 363 с.

7. Акишев А. К. Лабиринты Арта Вирази // Степная цивилизация Восточной Евразии. Древние эпохи. – Астана: Култегин, 2003. С.219-261.

8. Ақпанбек Ғ. Қазақтардың дүниетанымы. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 56 б.

9. Аққошқаров Е. Халық арасына кең тараған байырғы өлшемдер // Тілтаным. 2003. №2. – 131-137 бб.

10. Алдашев А., Әлімханов Ж. Қазақтың халық медицинасының кұпиясы. – Алматы: Қазақстан, 1992. – 160 б.
11. Алимбай Нурсан. Казахский ас как модель мира кочевой культуры. (К семиотике одной из форм ритуального моделирования действительности у кочевников) // Всесоюзная научная сессия по итогам полевых этнографических и антропологических исследований 1988-1989 гг. Ч.2. – Алматы, 1990. С.79–81.
12. Алимбай Н., Муканов М.С., Аргынбаев Х. Традиционная культура жизнеобеспечения казахов. Очерки теории и истории. – Алматы: Ғылым, 1998. 234 с.
13. Алимбай Нурсан, Хатран Д. Этикет казахского застолья – дастархан // World Discovery. 2004. №1. С.70-73.
14. Алимбай Нурсан. Мир кочевой культуры казахов // Казахстан: люди, животные и боги степей. Материалы Международной казахстанско-французской научной конференции. – Париж: Гимэ, 2010. С.17-24.
15. Алтаев Б.Ә. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының егіншілікке байланысты дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. Тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының қолжазбасы. Ғылыми жетекші Нұрсан Әлімбай. – Алматы, 1994. – 194 б.
16. Алтынсарин И. Очерк обычаев при похоронах и поминках у киргизов Оренбургского ведомства // ЗОО ИРГО. Вып.1. – Казань, 1870. С.117-122.
17. Алтынсарин И. Очерк обычаев при сватовстве и свадьбе у киргизов Оренбургского ведомства // ЗОО ИРГО. Вып.1. – Казань, 1870. С.104-110.
18. Арғынбаев Х.А. Қазақтың ер-тұрман жабдықтары // Казахстан в XV-XVIII вв.: вопросы социально-политической истории. – Алма-Ата: Наука, 1969. С.171-202.
19. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайында этнографиялық очерк. – Алматы: Ғылым, 1969. – 172 б.
20. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке (тарихи-этнографиялық шолу). – Алматы: Ғылым, 1973. – 328 б.
21. Арғынбаев Х. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Өнер, 1987. – 128 б.
22. Арғынбаев Х. Шынайы емшіліктің жөні бөлек // Зерде. 1989. №12. – 20-21 бб.

23. Арғынбаев Х. Ата-баба малды да емдей білген // Зерде. 1990. №3. – 36-37 бб.
24. Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. Қазақ шежіресі хақында. Құраст. Ә.Пірманов. – Алматы: Атамұра, 2000. – 464 б.
25. Арғынбаев Х., Тоқтабай А., Сейітқұлова Ж. Қазақтың мал шаруашылығына байланысты наным-сенімдері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 73-94 бб.
26. Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). – Алматы: Дәуір, 1996. – 256 б.
27. Ахметжан Қ.С. Қазақтардағы садақ оқтарының жасалу әдістері – көне дәстүрдің жалғасуы мен дамуы (Орталық Мемлекеттік музей қорындағы қазақ жебелерінің бір топтамасын зерттеу нәтижесі бойынша) // Орталық музей еңбектері: музей ісі, тарих, этнология, фольклортану, антропология, деректану, нумизматика. І шығарылымы (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор Нұрсан Әлімбай. – Алматы: Ғылым, 2004. – 123-136 б.
28. Ахметжан Қ.С. Қазақтың дәстүрлі қару-жарағының этнографиясы. Ғылыми редактор және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбай. – Алматы: Алматыкітап, 2006. – 216 б.
29. Әбішев Х. Аспан сыры. – Алматы: Қазақ мемлекеттік саяси әдебиет баспасы, 1962. – 252 б.
30. Әжіғали С., Байғабатова Н. Жетісу қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 176-202 бб.
31. Әлімбай Нұрсан. Қазақтың өлікті жөнелтуге байланысты жосын-жоралғыларының этномәдени проекциясы // ҚР ҰҒА-ның хабарлары. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 1994. №4. – 36-48 бб.
32. Әлімбай Нұрсан. Қазақтың дәстүрлі тіршілік циклі салт-жоралғыларының теориялық мәселелері жөнінде (этносемасиологиялық аспект) // Этнокультурные процессы на территории Казахстана. – Алматы, 1999. – 24-36 бб.
33. Әнесов Ғ. Дәстүрлі жерлеу салты // Наурыз: жаңғырған салт-дәстүрлер. Құраст. М.Қазбеков. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 109-140 бб.
34. Бабалықұлы Ж., Тұрдыбаев А. Қырандар. – Алматы: Қайнар, 1983. – 176 б.

35. Бабалықұлы Ж. Мал ауруларының қазақша атаулары. – Алматы: Қайнар, 1986. – 240 б.
36. Бабалықұлы Ж. Ер тоқым // Ер қанаты. Жинақ. Құраст. Ж.Аупбаев. – Алматы: Қайнар, 1987. – 259-278 бб.
37. Байбурин А. Семиотические аспекты функционирования вещей // Этнографическое изучение знаковых средств культуры. – Л.: Наука, 1989. С.63-88.
38. Баллюзек Л.Ф. Народные обычаи, имевшие, а отчасти и ныне имеющие в Малой Киргизской орде силу закона // ЗОО ИРГО. Вып. II. – Казань, 1871. С.45-167.
39. Бекназаров Р.А. Қазақтың дәстүрлі тас қашау өнері. – Алматы: ОП, 2005. – 160 б.
40. Бөкейхан Ә. Таңдамалы (Избранные). Ғылыми зерттеулер, еңбектер: монографиялары, мақалалары, сөздері, баяндамалары, өлеңдері, аудармалары, хаттары. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1995. – 478 б.
41. Буркитбаев А. Казахские национальные виды конного спорта. – Алматы: Мектеп, 1978. – 317 с.
42. Валиханов Ч.Ч. Собрание сочинений в 5-ти томах. – Алма-Ата: Казахская советская энциклопедия, 1984-1985.
43. Востров В.В. Материальная культура казахского народа на современном этапе. – Алма-Ата: Наука, 1972. – 236 с.
44. Востров В.В. Казахское народное жилище. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 181 с.
45. Галиев А. Традиционное мировоззрение казахов. – Алматы: Фонд Евразия, 1997. – 167 с.
46. Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы: Арыс, 2006. – 168 б.
47. Добросмыслов А.И. Скотоводство в Тургайской области. – Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1895. – 360 с.
48. Домусульманские верования и обряды в Средней Азии. – М.: Наука, 1975. – 340 с.
49. Досқараев Ж. Арал, Каспий балықшыларының тіліндегі профессионалдық лексиканың материалдары // Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. – Алматы: ҚазССР ҒА баспасы, 1958. 83-162 бб.

50. Ерназаров Ж. Семейная обрядность казахов: символ и ритуал. – Алматы, 2003. – 200 с.
51. Жанпейсов Е.Н. Этнокультурная лексика казахского языка на материалах произведений М.Ауэзова. – Алма-Ата: Наука, 1989. – 288 с.
52. Жанпейсов Е.Н. Әуезов Мұхтардың «Абай жолы» эпопеясындағы кейбір этнографиялық атаулар // ҚазССР ҒА Хабарлары. №6. 1973. – 34-42 бб.
53. Жексенбаев Т. Қазақ тіліндегі құдандалық атаулар // ҚазССР ҒА-ның хабарлары. Тіл, әдебиет сериясы. 1979. №2. – 41-45 бб.
54. Жылқыбаева А. Қымыз лексемасының салт-дәстүрдегі көрінісі (түркі тілдерінің материалдары негізінде) // Тілтаным. 2002. №2. – 49-53 бб.
55. Захарова И.В. Ходжаева Р.Д. Казахская национальная одежда: XIX – начала XX вв. – Алматы: Наука, 1964. – 178 с.
56. Ибрагимов И.И. Очерки быта киргизов // Древняя и новая Россия. Сборник. Т.III. 1876. С.51-63.
57. Ибраев М. Сарыарқа қазақтарының салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 141-151 бб.
58. Ибраева А.С. Көшпелі қоғамның құқықтық мәдениеті туралы мәселе жайында // Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 2-том. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004. – 264-269 бб.
59. Исақов М. Ө. Халық календары. Өңделіп және толықтырылып 2-ші басылуы. – Алматы: Қазақстан, 1980. – 318 б.
60. Кайдаров А.Т. Доспехи и вооружение воина-батыра в казахском эпосе и их этно-лингвистическое объяснение // ИАН КазССР. Сер. общественная. 1973. №6. С.25-34.
61. Кармышева Дж. Земледельческая обрядность у казахов // Древние обряды, верования и культы народов Средней Азии. – М.: Наука, 1986. С.181-208.
62. Карутц Р. Среди киргизов и туркменов на Мангышлаке. – СПб.: Изд. А.Ф.Девриена, 1911. – 189 с.
63. Кәмалашұлы Б. Моңғолиядағы қазақтардың салт-дәстүрлері. – Өлгий, 1995. – 342 б.
64. Кәмалашұлы Б., Ошанов О. Моңғолия қазақтарының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыпындағы ерекшеліктер // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-

ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 226-245 бб.

65. Кәмалашұлы Б. Қазақтың дәстүрлі аңшылығы. Ғылыми редакторы Нұрсан Әлімбаев. – Өлгий, 1994. – 108 б.

66. Курылев В.П. Казахские кожаные мужские пояса в собраниях МАЭ // Памятники традиционной-бытовой культуры народов Средней Азии, Казахстана и Кавказа. МАЭ. – Л.: Наука, 1989. С.85-97.

67. Кустанаев Х. Этнографические очерки киргиз Перовского и Казалинского уездов. – Ташкент: Тип. Бр. Порцевых, 1894. – 52 с.

68. Куфтин Б.А. Календарь и первобытная астрономия киргиз-кайсацкого народа // ЭО. – М., 1916. №3-4. С.123-155.

69. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. I-XV т. – Алматы. Тіл білімі институты. – 2011.

70. Қазақтың Ата заңдары: құжаттар, деректер және зерттеулер. 10 томдық. Бас ред. С.Зиманов. – Алматы: Жеті Жарғы, 2004-2009.

71. Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгіні. Мақалалар жинағы. Құраст. С.Е. Әжіғали. – Алматы: Ғылым, 2001. – 426 б.

72. Қазақтың дәстүрлі киім-кешегі. Ғылыми каталог (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде). Ғылыми редактор және жоба жетекшісі Нұрсан Әлімбаев. – Алматы: Өнер, 2009. – 344 б.

73. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. 1-5 т. – Алматы: ТОО Алем Даму Интеграция, 2017.

74. Қайдар Ә. Қазақтар: ана тілі әлемінде (этнолингвистикалық сөздік) I-III т. – Алматы. – 2009; 2013.

75. Қайдаров Ә., Ахтамбердиева З., Өмірбеков Б. Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 160 б.

76. Қартаева Т. «Туркестанские ведомости» газеті беттеріндегі қазақ этнографиясы // Гуманитарлық ғылымдар Академиясының Хабаршасы. 1999. №1. – 87-93 бб.

77. Қасиманов С. Қазақтың ұлттық тағамдары. – Алматы: Қайнар, 1977. – 104 б.

78. Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері. – Алматы: Қазақстан, 1995. – 240 б.
79. Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
80. Қасқабасов С. Миф пен әпсананың тарихилығы // Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 82-130 бб.
81. Қатранұлы Д. Ұлттық тағамның этномәдени қызметтері // Жұлдыз. 1994. №3-4. – 188-199 бб.
82. Қатран Д. Қазақтың дәстүрлі ас-тағам мәдениеті. Ғылыми редакторы және алғы сөздің авторы Нұрсан Әлімбаев. – Алматы: ҚМӨҒЗИ, 2002. – 207 б.
83. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. Он алты томдық. – Алматы: Арыс, 2008-2010.
84. Құдайбергенова А., Бекбалақ Қ. Оңтүстік Қазақстан қазақтарының әдет-ғұрпы мен салт-дәстүр ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 200-225 бб.
85. Қыдыралин У. Батыс Қазақстан қазақтарының ғұрыптарындағы ерекшеліктері // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 150-176 бб.
86. Манкеева Ж.А. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 356 б.
87. Маргулан А.Х. Раскопки погребения воина XIV века в долине реки Нуры // ТИИАЭ АН КазССР. – Алматы: Ғылым, 1959. Том 7. С. 248-260.
88. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б.
89. Марғұлан Ә. Таңдамалы. 2-том. – Алматы: Алатау, 2007. – 432 б.
90. Масанов Э.А. Домашние промыслы и ремесла казахского народа во второй половине XIX - начале XX веков // Ученые записки КазГУ. Серия историческая. 1959. №38. Вып. 4. С.167-177.
91. Масанов Э.А. Кузнечное и ювелирное ремесло в казахском ауле (вторая половина XIX – начало XX вв.) // ТИИФЭ АН КазССР. Т.12. – Алма-Ата, 1961. С.147-151.

92. Муканов М.С. Казахские домашние художественные ремесла. – Алма-Ата: Казахстан, 1979. – 120 с.
93. Муканов М.С. Казахская юрта. – Алма-Ата: Кайнар, 1981. – 223 с.
94. Мустафина Р. Представления, культы, обряды у казахов. – Алма-Ата: Қазақ университеті, 1992. – 176 с.
95. Мұстафина Р. Тасаттық // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 316-323 бб.
96. Нұрмағанбетов Ә. Қазақ тілі говорларының батыс тобы. – Алматы: Ғылым, 1978. – 216 б.
97. Оразақов Е. Қазақ халық медицинасы. – Алматы: Ғылым, 1989. – 89 б.
98. Сейітова Ш.Б. Өсімдікке байланысты тұрақты тіркестердің этнолингвистикалық сипаттамасы. Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін ұсынылған диссертациясының авторефераты. – Алматы, 1999. – 23 б.
99. Смағұлов Е. Ас // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшеліктері. – Алматы: Арыс, 2005. – 245-265 бб.
100. Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Мектеп, 1980. – 272 б.
101. Тәжімұратов Ә. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан, 1977. 96 б.
102. Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. – Алматы: Баспалар үйі, 2009. – 192 б.
103. Тоқтабай А. Қазақтардың аңшылыққа, құсбегілікке, балық аулауға байланысты жора-жосындары // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. 1-том. Біртұтастығы және ерекшелігі. – Алматы: Арыс, 2005. – 116-126 бб.
104. Тоқтабай А. Қазақ жылқысының тарихы. – Алматы: Алматыкітап, 2010. – 496 б.
105. Төлеубаев А.Т. Реликты доисламских верований в семейной обрядности казахов (XIX-начало XX вв). – Алматы: Ғылым, 1991. – 214 с.
106. Төлеубаев Ә. Қазақтың мал шаруашылығына байланысты кейбір көне сенімдері // ҚазССР ҒА-ның хабаршысы. 1984. №12. – 56-60 бб.

107. Уәлиев Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: Мектеп, 1984. – 117 б.
108. Шаймерденов К.Т. Қазақтардың диқаншылық кәсібінде кездесетін түрлі рәсім-кәде, салт-жоралғылар // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгіні. Мақалалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 2001. – 191-201 бб.
109. Шаханова Н. Мир традиционной культуры казахов (этнографические очерки). – Алматы: Казахстан, 1998. – 184 с.
110. Шаханова Н.Ж. Символика традиционной казахской культуры. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 232 с.
111. Шойбеков Р.Н. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 1993. 190 б.
112. Шоқпарұлы Д. Теріден жасалатын бұйымдарды құрастыру технологиясы. – Алматы: Кітап, 2005. – 120 б.
113. Шоқпарұлы Д., Дәркембайұлы Д. Қазақтың қолданбалы өнері. – Алматы: Алматыкітап, 2007. – 272 б.
114. Ысқаққызы Ә. Сырмақ өнері. – Алматы: Алматыкітап, 2007. – 232 б.
115. Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры. – Алматы: Арыс, 2007. – 332 б.
116. Іскендіров Ә. Қазақстанның дәрілік өсімдіктері. – Алматы: Қазақстан, 1982. – 188 б.
117. Дж. Холтон Дж. Тематический анализ науки, Что такое «антинаука»? [электронды ресурс]. 1981.
118. Сепир Э. Избранные труды по языкознанию и культурологии. – М.: Прогресс, 1993. – 656 с.
119. Карасик В. И. О категориях лингвокультурологии // Языковая личность: проблемы коммуникативной деятельности: Сборник. – Волгоград: Перемена, 2001. – 495 с.
120. Маслова В.А. Лингвокультурология. – М.: Академия, 2001. – 208 с.
121. Ахметжанова З.К. О результатах выполнения проекта «Казахстан в глобальном межкультурном и языковом сообществе» (2003–2005) // Материалы научной конференции Қазақстан Республикасы әлемдік мәдениет және тіларалық қауымдастықта (қазақ және әлем тілдері) – Алматы, 2006. – 308 б.

